Однако, хотя язык и речь представляют собой «две разные вещи», ни одна, ни другая «вещь» друг без друга не могут ни существовать, ни функционировать, поэтому нельзя делить лингвистику на две науки. На наш взгляд, попытки свести лингвистику только к изучению языка можно рассматривать как попытки упростить объект изучения ради удобства его описания. В этом плане для нас важно высказывание Р. Якобсона, призывающего преодолеть соссюровскую модель языка как «предельно упрощенный и искусственный конструкт» и добавляющего, что «любая экспериментальная редукция лингвистической реальности может привести к ценным научным выводам лишь в том случае, если мы не будем принимать намеренно суженные рамки эксперимента за безграничную лингвистическую реальность» [9,87].

Таким образом, только в совокупности своей речь и язык составляют вид человеческой деятельности, выполняющий в социуме определенные функции и имеющий средства для их выполнения. А в вопросе относительно определений речи и языка, мы должны помнить о «признаке проявления или непроявления зависимости от речевой ситуации» (в языке или речи) (по А. Леонтьеву). Здесь мы находим главное отличие языка от речи.

Мы обращаем внимание на это отличие языка и речи, так как этот вывод ученого для нас принципиально важен: ситуативная привязанность является основой понимания, а далее – и интерпретации высказывания. Ситуативная привязанность есть то главное качество речи, которым она отличается от языка. Речь отражает данную ситуацию и сама же в ней отражается. В отличие от речи язык функционирует вне и независимо от той или иной ситуации. Акт речи совершается один раз, здесь и сейчас, ввиду этого речь противостоит языку.

Проблема взаимоотношения языка и речи имеет еще один немаловажный аспект, который отчетливо проступает в генеративной лингвистике. Положительной стороной теоретической программы генеративной лингвистики является ее стремление решить проблемы взаимоотношения языка и мышления. Отрицательной стороной таких исследований является то, что они оставляют в стороне третий важнейший компонент этого триединства - речь. Только в речи находит свое выражение язык, а в языке отражается мыслительная деятельность.

Как показывает анализ многих исследований, выяснение степени и конкретного характера связи между языком и мышлением является одной из центральных проблем теоретического языкознания и философии языка с самого начала их развития.

В решении этого важного вопроса мы находим глубокие расхождения. Если прямое уравнивание языка и мышления обнаруживаем у таких исследователей, как Ф. Э. Д. Шлейермахер, И. Г. Гаман, то сближение с доминантной ролью языка находим у В. фон Гумбольдта, Л. Леви-Брюля.

Как мы знаем, итогом научных исканий немецкого языковеда В. фон Гумбольдта было создание философско-лингвистической концепции языка, сразу выдвинувшей его в число крупных европейских учёных.

Проблемы, волновавшие В. Гумбольдта в постановке философских вопросов языка, мы находим у А.А.Потебни. Русского лингвиста привлекла проблема соотношения языка и мышления, их диалектическая взаимосвязь. Для А.А. Потебни тезис В.Гумбольдта о решающей роли языка во взаимоотношениях человека с действующей на него природой послужил основой для понимания сущности «перевода» субъективных представлений в объективные данные языка. Так, в работах А.А.Потебни получает своё раскрытие идея В.Гумбольдта о неразрывной связи языка с историческим развитием народа, которая была важным достоянием классической немецкой философии. По В.Гумбольдту, народ – это главный творец и реформатор языка. Язык связан с формированием духовной силы нации, он «есть его дух, и дух народа есть его язык, и трудно представить себе что-либо более тождественное» [10, 68].

Другой важной идеей В.Гумбольдта, получившей творческое развитие в трудах А.А.Потебни, была мысль о том, что язык представляет собой основной способ мышления и познания. В.Гумбольдт пишет: «Язык есть орган, образующий мысль…. Интеллектуальная деятельность и язык представляют собой поэтому единое целое» [10, 75].

Потебня А.А. развил собственное видение места и роли языка как силы, преобразующей мысль. В своей работе «Мысль и язык» учёный делает акцент на деятельно-творческой стороне языка, отмечая, что «язык есть средство не выражать уже готовую мысль, а создавать её, что он не отражение сложившегося миросозерцания, а слагающая его деятельность» [11, 156]. Такой вывод означал осмысленное возведение здания собственной философской концепции языка, которая была новым шагом в развитии лингвофилософии.

Благодаря форме языка, по мнению В.Гумбольдта, удаётся проследить тот специфический путь, которым идёт к выражению мысли язык, а с ним и народ, видеть отличия данного языка от других, обнаружить сочетание индивидуального со всеобщим, установить родство языков.

Вместе с тем, нестрогое определение понятия «внутренняя форма языка» примиряло мышление и

язык. В целях разрешения проблем взаимосвязи мысли и языка, раскрытия их природы, исследования роли языка в познании А.А.Потебня суживает понятие внутренней формы до более частного понятия «внутренняя форма слова».

В других исследованиях встречается и отрицание тесной связи между ними, и игнорирование мышления в пользу языка в методике лингвистического исследования, например, в дескриптивной лингвистике.

Признавая различия языка и мышления, мы придерживаемся взгляда на них как на два вида общественной деятельности, тесно связанных между собой, «отличающихся друг от друга по своей сущности и специфическим признакам» [12, 606].

1. Звегинцев В.А. Язык и лингвистическая теория. 2-е изд. - М., Эдиториал УРСС, 2001.
2. Солнцев В. М. Язык как системно-структурное образование. - М., 1971.
3. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М., 2007.
4. Арутюнова Н.Д. Лингвистический энциклопедический словарь.- М., 1975.
5. Кондильяк Э. Сочинения в . В 3-х т. Т.1. - М., 1980.
6. Пауль Г. Принципы истории языка. - М., 1960.
7. Шахматов А.А. Очерк современного русского литературного языка. - Л., 1925.
8. Караулов Ю.Н., Русский язык и языковая личность. - М., 1980.
9. Jakobson R. Linguistics in relation to other sciences. «Actes du Xe Congres international des linguistes», I. - Bucarest, 1969.
10. Гумбольдт В. Избр. труды по языкознанию. - М., 1984.
11. Потебня А.А. Мысль и язык // Потебня А.А. Слово и миф. - М., 1989.
12. Мельничук А. С.. Язык и мышление. Лингв.энцикл.сл. - М., 1990.

* * *

Мақалада лингвистика ғылымы объектісінің екі қырлығы қарастырылады. Объектісі екі қырлы болса да, лингвистиканы екі ғылымға бөлуге болмайды.

*Л. Т. Алимтаева*

## КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ (ҚОЗҒАЛЫС ЕТІСТІКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Көмекші сөздердің мағынасы - қазақ тіл біліміндегі даулы мәселелердің бірі. Ғалымдардың біразы көмекші сөздердің лексикалық мағынасын таныса, енді бір тобы лексикалық мағынасы мүлде жоқ деп есептеп, грамматикалық мағынасын мойындайды, кейбірі олардың лексикалық және грамматикалық мағыналары тең дәрежеде деген пікір айтса, қайсыбіреулері олардың әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағыналары бар, олардың ара салмағы әр түрлі дәрежеде дейді.

Көмекші сөздің табиғаты туралы А. Ысқақов: "Әдетте, көмекші сөз туралы әңгіме бола қалса, бірден оның не мағына жағынан олқылығы, не форма жағынан жетімсіздігі, не қызмет жағынан шалағайлығы бар екендігі туралы немесе осылардың бәрі бірдей оның басынан түгел табылатындай бір ой я түсінік көкейге орала кетеді. Көмекші етістікті атағанда да, дәл осы ұғым ілесе туа қалады " [1, 246 б.].

Көмекші қызметке көшкен етістіктерді талдамас бұрын, ең әуелі, "грамматикалану" терминін түсініп алған жөн. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" бұл терминге мынадай түсінік берілген: "Сөздің нақтылы лексикалық мағынасының абстракциялануы, дербес мағынадан айырылып, көмекші сөзге айналуы. Грамматикаланудың нәтижесінде дербес етістіктер көмекші етістікке, дербес есімдер көмекші есімге айналады" [2, 683-6.].

Ал "Қазақ тілі" энциклопедиясында С. Исаевтың мына тұжырымы берілген. "Грамматикалану-сөздің лексикалық мағынасы жалпыланып, өз мәнінен айрылып, көмекші сөз мәніне, тіпті кейде одан әрі қосымшаға ауысып немесе сөз тіркесінің бір ғана мәнге ие болып, күрделі сөздерге, сөздердің аналитикалық тұлғаларына айналып кетуі».

Қозғалыс етістіктері де қимылдың әртүрлі сипатын беру ішін көмекшілік қызметке ауысады. Оған компонеттік талдау жасай отырып көз жеткізе аламыз.

***Түс*** етістігінің сөздікте берілген лексика-семантикалық варианттары үш түрлі:

Түс ет. 1. Биіктен төмендеу, жерге келіп тірелу.

2. Бір жерге келіп орналасу, кіру.

3. Қызметтен босау, айрылу.

Бұларға ортақ бір сема бар: ол "нысанға қатысты болу". Компоненттік анализ жасасақ: ЛСВ 1. "Биіктен төмендеу, жерге келіп тірелу":

1-сема (архисема) – "нысанға қатысты болу"

2-сема - төмендеу, тірелу.

3-сема тік бағытты қозғалыс т.б. Мысалы: "Осындай жылдамдықпен ылдиға жүгіріп түсті (Ш.Мұртаза). "Қалың жауған қарды көтере алмай дүкеннің шатыры *опырылып түсті.* (Д.Досжанов)

ЛСВ 2. "Бір жерге келіп орналасу, кіру".

1-сема - "объектіге қатысты болу".

2-сема - "орналасу, кіру".

3-сема - объект - үй, қонақүй, оқу орны. Мысалы: Ауылға іңірде бірақ келіп түсті. (Ғ.Мүсірепов).

Бұл етістіктің бағытты, көлденең бағытты

*Түс* етістігінің лексика-семантикалық варианттары өзара байланысуда "объектіге қатысты болу" архисемасын өзек етеді. Етістіктің бір мағынадан екінші мағынаға көшуі диференциялық семалардың

(әрбір ЛСВ-дағы 2-семаны айтамыз) архисема көмегімен бір-біріне ауысу процесі арқылы жүзеге асады. Мәселен, төбеден түсу, шатырдың түсуі, аттан түсу, ұшақтан түсу, көліктен түсу, жоғары қабаттан түсу сияқты сөз тіркестеріндегі түсу етістігі бірте-бірте "төмендеу, тірелу" деген семадан "орналасу, кіру" семасына ауысады. Нәтижесінде тілімізде үйге түсу, қонақүйге түсу, оқуға түсу, киімге күйе түсу, балшыққа түсу, сайысқа түсу сынды тіркестер қолданылып жүр. Ішкі мағыналық дамудың әсерінен "төмендеу, тірелу" дифференциялық семасы үшінші ЛСВ-дағы "босау, айрылу" семасына ауысады. Тілдік қолданыста тақтан түсу, қызметтен түсу, орнынан түсу деген тіркестер бар.

*Түс* етістігі көсемше етістікпен бірігіп көмекшілік қызметке көшеді де, семантикалық дербестігін жоғалтады, негізгі мағынаға көсемше етістік ие болады. -п тұлғалы көсемше етістік пен *түс*-тің тіркесуінен субъектінің қарқынын білдіретін мағына туады. Мысалы: Ағып келе жатқан ат мойнын ішіне алып *домалап түсті.* Аздан соң мамаағаштың қасына келіп әлгілер аттан ыршып *ыршып-ыршып түседі* (Б.Нұржекеев). Төбет бар қайратымен жұлқа тартып қалғанда қасқырдың оң құлағы *жұлынып түсті* (Д.Исабеков).

*Түс* көмекші етістігі көсемше етістіктің –а (-е, -й) тұлғасымен қосылып, қимылдың қалпын білдіреді. Мысалы: Соңындағы қиқу да *қоюлана түсіпті* (Ә.Кекілбаев). Жаңбыр тамшылары *ірілей түсті* (Д.Досжанов).

Бұл сөйлемдерде бірте-бірте күшейген қимылдың қалпы туралы айтылған. Келесі мысалдардан, керісінше, баяулап, бәсең тартқан іс-әрекеттің қалпына тоқталамыз: О да барған сайын *кішірейе түседі.* Қамшы бірте-бірте *қысқара түсті* (Ә.Кекілбаев). Есікке қарай шегіншектеп *аттай түскен* (С.Мұратбеков). Құдықтың ауыз жағы қылдырықтанып *жіңішкере түсті* (Ә.Кекілбаев).

Іс-әрекеттің қалпы бірде бірте-бірте күшеюді білдірсе, енді бірде, керісінше, бірте-бірте бәсеңдеуді білдіру мағынасында жұмсалады. Келер шақ көсемше етістік пен *түс*-тің жұмсалуынан туатын бұл мағына келер шақ көсемше етістіктің *бер* көмекші етістігімен бірігуінен туатын мағынаға параллель вариант болып келеді. Екеуінің де тіркесінен іс-әрекеттің қалпын білдіріп атайтын мағына мен экспрессив мағына туады. Мысалы: Мұғалім қыз *қысыла түсті* (Д.Досжанов). Сәлмен шапшаң сөйлеп, *ызалана түсті.*

*Түс* көмекші етістігіне еліктеуіш сөздер көмекші етістік *ет*-тің жәрдемімен көсемше тұлғаны алып тіркеседі: ду ете түсті, жарқ ете түсті. Бұл тіркестерден іс-әрекеттің қарқынын білдіріп атайтын мағына туады. Әрекеттің қарқыны тез болғанын білдіруге интонацияның да қатысы болады. Мысалы: Тұла бойы тұтас *ду ете түсті* (Ғ.Мүсірепов). Келіншек жанары танадай *жалт ете түсті.* Яғымус сіріңкедей *шырт ете түсті* (Д.Досжанов). Пістекүл бұдан әрі төзе алмай *бұрқ ете түсті* (Д.Исабеков).

***Бар, кел, кет*** етістіктерінің лексикалық мағыналарында ұқсастық бар. Ол-қимылдың бағыты. Бұл топқа субъектінің құрлықтағы, сұйықтағы, газды ортадағы көлденең бағытты қозғалыс етістіктері кіреді. Негізгі семантикалық белгісі – бағыттылығы. Нақты бағытты қозғалыс етістіктері **жақындау-жету** дифференциалды (қатыстық) семасы арқылы анықталады.

1. Нақты бағытты қозғалыс етістіктері **жақындау-жету** дифференциалды (қатыстық) семасы арқылы анықталады.

1.1. Бұл топтағы негізгі доминант етістік *кел* етістігі. Аталмыш етістік стилистикалық жағынан бейтарап және «белгілі бір нысанға жақындау» семантикалық компонентінің инварианты.

*Өзің келсін деген соң мен де келдім* [Б.Тілегенов]. *Сүйтіп жатқанда әйелі екінші рет келген.* [Қ.Мұханбетқалиев]. *Тобықты ішіне сонау Көкшетаудан келген, сирек, сый қонақ* [М.әуезов].

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай архисема кеңістіктегі қозғалыс, орын өзгерту, диффренциалды семалары – көлденең қозғалыс, бағытты қозғалыс, нысанға жақындау, жанды субъектінің қозғалысы, жылдамдығы – бейтарап, мақсатты қозғалыс т.б.

Қозғалыстың сипаты, құралы (аяқ, көлік), жылдамдығы тәрізді семантикалық компоненттер контексте нақтылауыштар арқылы айқындалады. Мысалы: *Поезд Қызылордаға түсте келді* [С.Мұқанов]. *Екеуі аяңдап бекет басына келді* [Ж.Жұмақанов]. *Олар барын салып безек қағып мектепке жылдам келді* [М.Иманжанов].

Кел етістігі нысанға жанды субъектінің жақындауымен қатар, жансыз объектілердің де осы процесін білдіреді. Бірақ қозғалыс иесінің жанды-жансыз болуы тек ақпараттық, мазмұндық айырмашылығы болмаса бұл етістіктің семантикасына онша әсері болмайды. Мұндай жағдайда субъектінің типі ғана актуалданады.

Бұл лексика-семантикалық топқа *жақында, жет* етістіктері кіреді.

*Өзің келсін деген соң мен де келдім* [Б.Тілегенов]. *Сүйтіп жатқанда әйелі екінші рет келген.* [Қ.Мұханбетқалиев]. *Тобықты ішіне сонау Көкшетаудан келген, сирек, сый қонақ* [М.әуезов].

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай дара етістік қызметінде архисема кеңістіктегі қозғалыс, орын өзгерту, диффренциалды семалары – көлденең қозғалыс, бағытты қозғалыс, нысанға жақындау, жанды субъектінің қозғалысы, жылдамдығы – бейтарап, мақсатты қозғалыс т.б.

Нақты бағытты қозғалыс етістіктері ***алыстау*** дифференциалды (қатыстық) семасы арқылы анықталады.

Бұл лексика-семантикалық топқа алыстау, ұзау процесін білдіретін: кет, алыста, ұза, қаш, бар, т.б. Орталық өрісі, ядросы – кет етістігі. Келу және кету етістіктері антонимдік жұп құрайды. Өзара жақындау-алыстау дифференциалды семалары негізінде ерекшелінеді. Бар ет. 1. Жақында, жуықта, жет. Кел ет 1. Өзіне қарай шақыру. Белгілі бір орыннан бері қарай жүру, бет алу. Кет ет. 1. Бір арадан қашықтау, алыстау, ұзау [2, 133-582-5 бб.].

*..қандай қиындық болса да бірге кеттік* [М.Дүзенов]. .. *қаладан біржолата кетті.* [М.Дүзенов].

Архисемасы - кеңістікте орын ауыстыру, көлденең бағыттағы қозғалыс;

Дифференциалды семасы – нысаннан алыстау, жасалу тәсіліне қарай бейтарап, белгілі бір құралдың көмегі арқылы іске асады (жаяу, көлік), қозғалыстың уақытқа қатысты ішкі өту ағымы, жасалу ұзақтығы – бейтарап (котексте нақтыланады).

*Жарқын кеше үйіне қайтуға рұқсат алып түс кезінде автобуспен кетті. Үйіне асығыс кетті.* [М.Ғабдуллин].

Бұл лексемалардың ортақ мағынасы - "субъектінің бағыты". Салыстырсақ: Асықпай, ақырын *шауып барады* (Ғ.Мүсірепов). Бақтығұлдың боз аты сауыры бүлкілдеп, үрікпей-қорықпай, әр аяғын өлшеп, дәлдеп, нық басып, өз *өнерін көрсетіп келеді* (М.Әуезов). Өзі жетелеп жүрген Есенейдің "Мұзбел" дейтін торы төбел атын қара жорғамен бірге жетелеп алып, Кенжетай *жөнеліп кетті* (Ғ.Мүсірепов).

Әдетте, субъектінің белгілі бір объектіні нысанаға алатыны белгілі жай. Дегенмен, бұл сөйлемдерде субъектінің бағыты бар да, оның қайда бет алғаны белгісіз. Мысалы: Атпен бірге жаралғандай *ұшып барады* (Ғ.Мүсірепов). Қатты кекпен түйіліге *куып барады.* Ауыл үстінен шудасын шұбатқан қоңырқай бұлттар тез-тез *жылжып барады* (Ғ.Мүсірепов). Қаланың мазаң өмірді сүйрей келетін таңы *тақап келеді* (Д.Досжанов). Ортасы кез ағаш доңғалақты сықырлатып қыл арқан жыландай *жылжып келеді* (Ә.Кекілбаев). Жаңа келген бала қызараңдап *теріс айналып кетті* (С.Мұратбеков). Демежан қоштасып *шығып кетті* (Қ.Жұмаділов). Кей сөйлемдерде субъектінің нендей объектіге бағытталғаны айқын көрінеді. Мына сөйлемдерге көз жүгіртейік: Садақ қасқырдың *ойысқан жағына қарай* жолын кесе, қиыстай *тартып барады* (Ғ.Мүсірепов).

*Бар, кел, кет* көмекші етістіктері -а(-е, -й) формалы көсемше етістікпен бірігіп те, субъектінің бағытын білдіретін мағынада жұмсала береді. Мысалы: Бақтығұл ең соңғы тосқан қауіп-қатерден сытылып шығып алып, аса қатты шаппай, жолды болжай желе, текірекпен алдағы тасты айналып, қарағайға *кіріп кете барды* (М.Әуезов). -Бағана почтаға бұрылмай, ұмытып кетіпсің ғой, газетінді *ала келдім* (О.Бөкей). Диірмен ішінен Бибі де *шыға келді* (С.Мұратбеков). Табалдырық түбінен құманды *іле кетті* (Д.Досжанов).

-а(-е, -й) формалы көсемше етістікпен қатар жұмсалған *бар* көмекші етістігі аяқталмаған қимыл-әрекетті мегзейді / Мысалы: Ағараңдаған ойпат, қыраттар сонадайдан бір-бірін қуа жарыса жалғасып *кете барған ... кете барған* (О.Бөкей). Қазақ түгіл, шаруа баққан орыстың өз ұлы түсіне алмайтын сөздермен жазылған актының өзгесі Байжанның құлағына соғып өткен бір дыбыс күйінде *қала барды* (Ғ.Мүсірепов).

*Бар, кел, кет* көмекші етістіктері -п формалы көсемше етістікпен бірігіп басқа мағыналарда да жұмсалады. Мәселен, қимыл-әрекеттің (субъектінің) қарқыны: Қасар мерген екеуі желе жортып қасына *жетіп барды* (Ә.Кекілбаев). Өстіп жүргенде көктем лезде —ақ *өтіп кетті* (Д.Досжанов). Байлық екпіні кедей ауылдарды *құйындай ысырып келеді* (Д.Досжанов). Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп *жығып кетті.* Артынша жауын да *құйып кетті* (Д.Досжанов).

*Кел, кет* көмекші етістіктері өткен шақ көсемше етістікпен бірігіп, қимыл-әрекеттің нәтижесін білдіретін мағынаны тудырады. Мысалы: Өз үйінің бір жанындай болып *үйренісіп кетті.* Машинаның есігі қол тигізбей *ысып кетіпті* (Д.Досжанов).

Сонымен, жұрт бұл үңгірді де "Байжан құдығы" деп *атап кетті* (Ғ.Мүсірепов). Қасқырдың аузы тиместен бұрын *өліп кетті.* Сол үшін кәрі әжесінің *қойнынан да шығып кетті* (М.Әуезов). Бұрын бытырап жүрген өз руларынан басқа, шекара бойынан қоныс аударып келген Диқанбай ауылы сияқты қаймана қазақтың талайы Төртуыл тобына *қосылып кетті* (Қ.Жұмаділов). Жол бойы Сеит Жабайға үлкен *жан-ашырлық көрсетіп келді* (Ғ.Мүсірепов). Хан аз кідіріп:

- Е, Жаманның не білгені бар екен?! . *Алып кел,* сұралық/ -деп бұйрық етті. Жаманды ханға *алып келді* (Ертегі). Алтынбала бірінші рет жұмысқа *кешігіп келді* (Д.Досжанов).

*Кел, кет* көмекші етістіктері келер шақ көсемше етістікпен бірігіп те, қимылдың, әрекеттің нәтижесін білдіре алады.- Мысалы: Ертеңіне таңертең алып алма ағаштың түбінен бөктерге қарай өтіп бара жатқанымызда Қарақаншық көзімізге оттай басылып *ұшырай кетті* (С.Мұратбеков). Сұңғақ бойлы, бұйра шашты балуан жігітті өзі ұнатып, мен қатысар жарыстың бірде-біреуінен қалмай, жымия күліп гүл ұсынып тұратын ақ сары қыз айналдырған он жылдың ішінде жалзыз көзді жалмауызға *айналып шыға келді* (С.Мұратбеков).

*Кет* көмекші етістігі кейде енді ғана басталған қимыл-әрекетті білдіру мағынасында жұмсалады. Мысалы: -Денім сау, Кәкітай! -деп, ауыл-аймақтың, әкесінің амандығын *сұрап кетті.* Енді біразда, әйелдердің жылауын баспақ болып, "Сүннатаны" мақамдап *оқып кетті.* Сол орайда, Әбіш ұсынған скрипканы алған Мұқа, өзінше бір сезімді *күй тартып кетті* (М.Әуезов).

*Сұрап кетті, оқып кетті, күй тартып кетті* тіркестерімен сұрай жөнелді, оқи жөнелді, күй тарта жөнелді тіркестерін параллель вариант ретінде қолдануа әбден болады. Себебі *жөнел* көмекші етістігінің грамматикалық мағынасы да енді ғана басталған қимыл-әрекетті мегзейді.

*Кел, бар* көмекші етістіктері өткен шақ көсемше етістікпен қатар жұмсалып, іс-қимылдың қалпын білдіреді. Мысалы: Бұрын да мұндай қонақасынада екі-үш рет болған, шарапты да қанша ішуді белетін хан өзін *жақсы ұстап келеді* (І.Есенберлин). Ол сан жылдан бері осы үйдің босағасында *шіріп келеді* (М.Әузов). Сол Бибінің манадан бері сонау теріс-тіктегі Тарбағатай жоталарынан неге көз алмай қарап отырғанын да Демежан іштей *түсініп келеді* (Қ.Жұмаділов).

Қимыл-әрекеттің қалпын білдіру *кет* көмекші етістігіне де тән. Алайда *кет* көмекші етістігі бұл функцияда келер шақ көсемше етістікпен бірігеді де,

негізгі етістік көбінесе *отыр, жат, құла, қисай* сөздер / түрінде келеді. Мысалы: Жанәділ шал дөңгеленіп *отыра кетті.* Әбділәзиз аяқ-қолын созып шалжайып *жата кетті* (Д.Досжанов). Онан соң киімімізбен отырған орнымызда қатар-қатар *сұлай кетеміз* (С.Мұратбеков). Мырза енді күлкіден көгал жерге *құлай кетті* (Ғ.Мұстафин).

*Кет* көмекші етістігі өткен шақ көсемше етістікпен бірге жұмсалуда экспрессивтік мәнге ие болады: Мына қылығың *батып кетті,* көкешім (Д.Досжанов). Жұман *күйініп кетті.* Абайсыздағы мінезінен ұялып қалғандай енді көрместей боп *түңіліп кетті* (Ә.Кекілбаев).

Қозғалыс етістіктерінің көмекші қызметте қолданылғанда мағыналарының кеңейетіндігіне көз жеткізіп отырмыз. Көп жағдайда бұл қызметте келуі қимылдың өту сипатына қатысты болса, кейде экспрессияны білдіру мақсатында келеді.

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: Мектеп, 1991. 381 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, - 1974.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы: Ғылым, 1967. - 264 б.

* * *

В статье рассматривается полисематичность вспомогательных глаголов.

*У. А. Амирбекова*

## АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілдік құрылымның маңызды бөлігін құрайтын кісі есімдері тілдің тарихына ғана қатысты көптеген қызықты мәселелердің басын ашуға көмектеспейді, сонымен бірге халықтың тарихына, оның этнографиясына байланысты мәселелердің де шешімін табуға көмектеседі. Мұның бәрі кісі есімдерін зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық мәні бар екенін білдіреді.

Антропонимдер басқа тілдік жүйенің құрылымдық бірліктеріне қарағанда экстралингвистикалық ортамен тығыз байланыста, өйткені қоғамдағы өзгерістердің барлығы антропонимдер жүйесінде де көрініс тауып отырады.

Тілдегі сөздік қордың үнемі өзгерісте болуы статикалық тұрғыдан да, динамикалық тұрғыдан да зерттеуді қажет етеді. Қоршаған орта мен тілдің лексикалық жүйесінің өзара сәйкестігі, байланыстылығы лингвистердің ғана емес, сонымен бірге қоғамдық, әлеуметтік саладағы ғалымдардың да назарынан тыс қалмаған.

Кісі есімдері халықтың материалдық және рухани мәдениетімен тікелей байланыста бола отырып, барлық этномәдени ерекшеліктерді бойына жинақтайды. Сондықтан қазақ және парсы тілдеріндегі кісі есімдерін салғастыра қарастыру - ұлттық менталитеттің, мәдениеттің ерекшеліктерін көрсете алады.

Кісі есімдері – көне замандардан бері ғылым мен мәдениеттің зерттеп келе жатқан нысандарының бірі. Тіл білімінің бұл саласы маңызды әрі көлемді бола отырып, ұдайы даму және жетілу үстінде. Кісі аттары тіл ғылымының қалыптаса бастаған кезінен-ақ өзіне назарын аудартып келе жатқан тілдік бірлік. Көне заман ғалымдарының зерттеу нысанына айналмаса да, пәні болған. Ал, антропонимика XX ғ. 30-жылдарынан бастап қана ғылыми зерттеу нысанына айналып, ғылыми мәртебесін алды. Алайда антропонимика ономастиканың құрама бөлігі.

Антропонимияның зерттеу нысанына адамға қатысты түрлі атаулар жатады: кісі аттары, әкесінің аты, тегінің атауы, ру аттары, лақап аттар, бүркеншік аттар, криптонимдер.

Қазақ ономастикасына қатысты зерттеулердегі қол жеткізген жетістіктерге қарамастан, әлі зерттеуді қажет ететін, шешімін таппаған мәселелер баршылық. Соның ішінде, қазақ ономастикасы мен парсы ономастикасындағы кісі есімдерін салғастыра зерттеу әлі қарастырылмаған тың мәселе қатарына жатады.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қарастыру барысында ұлттың мәдени-тарихи ерекшеліктерін танытуға қабілеті бар тілдік бірліктер ішінде антропонимдер ерекше орынға ие. Кісі есімдері күрделі жүйені құрайды, олар тек лингвистикалық факторлар негізінде қалыптаспайды, сонымен бірге олардың қалыптасуына ұлттық-мәдени және әлеуметтік факторлар да мәдени тұлғаға ат беруде өзіндік әсерін тигізеді. Лингвомәдени тұрғыдан антропонимдік бірліктерді талдау барысында, ең алдымен, әлемді қабылдаудағы ұлттық ерекшелігі (менталитет) бар тілдік және мәдени сипаттағы бірліктер басты назарда болады. Жеке ұлттың менталитеті ұлттық әрі әлеуметтік сипаты бар жалпы адамзаттық сипатта шоғырланып, қалыптасады. Ұзақ уақыт бойы белгілі бір ұлтқа тән ерекшеліктерді қалыптастыратын ұлттық орта ұлттық сипатта көрініс тапса, ұлттық құндылықтарға қарамастан қай кезеңде де өмір сүрген кезеңнің бейнесі әлеуметтік сипатта көрініс табады. Антропонимдік бірліктердің пайда болуына осындай екі жақты сипаттың әсері мол. Сол себепті осы мәселе лингвистердің де, философтардың да, мәдениеттанушылардың да назарына ілігіп, гуманитарлық бағыттағы зерттеудің нысанына айнала

бастады. Бүгінгі күні түрлі халықтардың есімдеріндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға көп көңіл бөлініп отыр. Антропонимдер лингвистер үшін, біріншіден, тіл заңдылығына сәйкес дамитын сөз, екіншіден, тілдің лексикалық жүйесіндегі тілдік бірлік, үшіншіден, белгілі бір қарым-қатынасты жүзеге асыратын номинативті белгі. Жалқы есімдер де жалпы есімдер сияқты уақыт пен кеңістікте өзгеріске түседі. Олар мәдени-тілдік ортада өтетін өзгерісті жылдам қабылдайды.

Қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі – тілдің сөздік құрамындағы бірліктерді салғастырмалы түрде зерттеу. Өйткені әр халықтың басынан өткен өмір шындығына, болмысына, әлеуметтік жағдайларға, дінге, мәдениетке, шаруашылыққа және т.б. қоғамның әрбір саласына қатысты лексемалар заман талабына қарай өзгеріп, жаңа мәнге ие болып отырады. Соған сәйкес олардың құрылымы мен мағыналарының қалыптасуында әр тілдің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері қалыптасады. Сонымен қатар олардың өзара ортақ қасиеттері де болуы мүмкін. Мұның бәріне салғастырмалы зерттеу арқылы ғана көз жеткіземіз. Әр халықтың дүниетанымы, қоршаған ортаны қабылдауы - оның өткен тарихы мен бүгінгі тұрмысы, тыныс-тіршілігі арқылы таразыланатыны анық. Ал ұлттың рухани және материалдық мәдениетінен, тарихы мен әдебиетінен, жалпы тұрмыс-тіршілігінен толық ақпарат беретін құрал оның тілі болып табылады. Осыған байланысты кез келген тілдің лексикалық қорының мәнді бір қабатын жалқы есімдер құрайды. Оларсыз адамзат қоғамының қарым-қатынас қызметі іске аса алмайды.

Ономастиканы (кісі аттарын, жер, су, ру, тайпа аттары және т.б.) зерттеудің теориялық негіздері мен тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін түркі тіл білімінің ғалымдары В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Н. Катанов, А.Н.Самойлович, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, қазақ ғалымдары Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Т.Жанұзақов, Ә. Абдрахманов, Е. Жанпейісов, Қ. Рысбергенова, Г.Мадиева, Е. Керімбаев, Б. Тілеубердиев және т.б. өздерінің еңбектерінде жан-жақты көрсетті.

В. Воробьев лингвомәдениеттануға мынандай ғылыми анықтама береді: «Лингвокультурология – это комплексная научная дисциплина синтезирующего типа, изучающая взаимосвязь и взаимодействие культуры и языка в его функционировании и отражающая этот процесс как целостную структурную единицу в единстве их языкового и внеязыкового (культурного) содержания при помощи системных методов с ориентацией на современные приоритеты и культурные установления (система норм и общечеловеческих ценностей)» [1, 37 б.].

Тіл ғылымында лингвомәдениеттану – тіл білімі мен мәдениеттанудың ортақ мәселесін қарастыратын жаңа ғылым. Сонымен, лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, этникалық, танымдық, эстетикалық, адамгершілік, тұрмыстық қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізуді зерттейтін тіл ғылымының саласы. Лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін, рухани мәдениетін тіл деректері мен ұлттың танымдық ерекшеліктері арқылы танытып, олардың қызметі мен мағынасын анықтау. Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымы пәніне қатысты деректер Ш. Уәлиханов, М. Әуезов еңбектерінен бастап, Ә. Марғұлан, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жұбанов, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақов, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, А. Жылқыбаева, Қ. Рысбергенова, Р. Шойбеков және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрсетіледі.

Г. Смағұлова өз еңбегінде лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін былайша көрсетеді: Лингвомәдениеттану бұл *тіл – ұлт – мәдениет* дейтін үштік (триада лингвомәдениеттану пәнін зерттеу нысаны болмақ) [2, 196 б.], – десе, А. Салқынбайдың пікірі бойынша, тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадами, гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт әлі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады [3, 309 б.].

Сол сияқты тіл мен мәдениеттің сабақтастығының көркем мәтіндегі көріністері А. Алдашева, А. Сейсенова, Ш. Елемесова, Г. Абдрахманова, Ф. Қожахметова, А. Әмірбекова және т.б. зерттеулеріне арқау болған.

Б. Тілеубердиев: «Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этика-эстетикалық, рухани және тұрмыстық қатынастар мен олардың заңдылықтарын тілдік құралдар арқылы зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Осы тұрғыдан алғанда лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың мәдениетін таныту», – дей келе [4, 37 б.], қазақ ономастикасының да этностың мәдениетімен тығыз байланысты екенін айтып өтеді.

Парсы және қазақ антропонимдеріндегі лингвомәдени жүйенің барлық болмысы мен ерекшелігін зерттеу мүмкін емес, сондықтан біз екі тілдегі линвомәдени жүйенің қалыптасу үрдісін, олардың даму жолындағы сипатын көрсетуге талпындық. Зерттеудің констративті және типологиялық әдісіне сүйене отырып талдағанда, әмбебап және идеоэтикалық қабаттардың қалыптасқанын көруге болады. Салғастырмалы талдаудың негізгі мақсаты – тілдердің бір-бірінен айырмашылығындағы тілдік құбылыстардың ерекшеліктерін анықтау. Әдістің негізгі ұғымы – лакуна мен уникалия. Лакуна – зерттеліп отырған тілдерде сәйкесі болмауы. Уникалия – салғастырылып отырған тілдердің бірінде бар тілдік дерек, оған екінші тілдегі лакуна сәйкес келеді. Парсы тілдеріндегі антропонимдік лакуна бір-бірімен салыстырылады және керісінше. Зерттеліп отырған тілдердегі уникалия мен лакунаны табу және анықтау салғастырмалы әдіс арқылы жүзеге асырылады, нәтижесінде парсы және қазақ антропонимдеріндегі

лингвомәдени жүйенің идиоэтикалық қабатын анықтауға болады. Алайда оларды анықтау әмбебаптықты айқындауға кедергі келтірмейді.

Тілдердің бір-бірімен қатынасын зерттеуге бағытталған әдістер ішіндегі типологиялық әдіс - жалпы тіл біліміне жатады. Ол түрлі тілдердің туыстығына, орналасу тәртібіне және уақытша факторларға қарамастан салғастыра қарастырылады. Ортақ және түрлі ерекшеліктерді анықтауға және типологиялық тұрғыдан салғастыруға әлемдегі тілдердің барлығы да қатыса алады.

Әлемдегі тілдер әлем табиғаты сияқты сан алуан және оның барлық деталін көрсету де мүмкін емес. Кез келген таным үшін маңызды фактор – идеолизация керек. Типология – шынайы өмірде «таза» ұқсастығы жоқ қоршаған ортадағы түрлі нысандарға қатысты түсініктер мен категориялардың пайда болуымен байланысты идеолизация процесіндегі ойлау акті. Мұндай нысан идеолизациясы біртекті заттар мен құбылыстарды олардың екіншілік белгілері бойынша, кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, бір топқа топтастыруға мүмкіндік береді.

Типологиялық жіктемені жасау лингвистикалық типологияның мақсаты болып есептеледі. Әрбір тілдің белгілі бір типологиялық мәртебесі болады. Типология – түрлі деңгейлік жүйедегі тілдік құбылыстар типтері мен әлем тілдері типтері туралы ғылым. Тип – ортақ белгілері бар тілдік құбылыстардың жиынтығы. Ұқсастық пен айырмашылық – өзара байланысты тілдік құбылыс. Біртекті заттарды салыстыру кейбір жалпы белгілеріне негізделген, алайда ол түрлі (айырма) екіншілік белгілерді де жоққа шығармайды. Тілдік құбылыстар ұқсастығы – бір типке топтастыратын ұқсас белгілер саны. Айырмашылық – зерттелетін тілдегі түрлі белгілер саны. Айырмашылық екі тілдегі біртекті құбылыстардың сапалылығы туралы мәлімет береді. Ұқсастық дәрежесі (степень подобия) – салыстырылатын құбылыстардың ұқсас және айырмашылық белгілері санының арақатынасы арқылы анықталады.

Антропонимдер көне замандар жемісі. Баяғы заманнан бері қолданылып келе жатқан есімдердің кейбірі өзгеріске түссе, енді біреулері қолданыстан шығып, олардың орнын жаңа есімдер толықтырып отырады.

Г.Р. Алиев өз зерттеу еңбегінде антропонимияның халық ауыз әдебиетіне жақын екенін, барлық антропонимиялық бірліктердің қоғамдық-тарихи дамудың өнімі екенін, олардың белгілі бір тарихтың даму сатысында пайда болып, уақыт өте келе толықтырылып, өңделіп, өзгеріске түсіп, түрлі нұсқада бізге жететіндігін, антропонимиялық бірліктерде халықтың тарихи салт-дәстүрінің, діни көзқарасының, эстетикалық талғамының көрінісі бар екенін, сол себепті антропоним жүйесі халықтың ұлттық болмысын, психологиясын, ауыз әдебиетін оқыту мәселелерінде құнды материал бола алатынын айтады [5].

1. Воробьев В. Лингвокультурология. Теория и методы. – М.: РУДН, 1997. – 37 с.

2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.

3. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.

4. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 312 б.

5. Алиев Г.Р. Лингвистические и экстралингвистические факторы в антропонимии: Автореф. ... д-ра филол. наук. – Алма-Ата, 1989. – 40 с.

* * *

В данной статье рассматриваются лингвокультурные особенности антропонимов казахского и персидского языков. Сопоставительное изучение лингвокультурных особенностей личных имен дает возможность увидеть особенности национальных традиций и национальной культуры.

* * *

In this article were considered lingvo-cultural features of antroponims of the Kazakh and Persian languages. Comparison study of the lingvo-cultural features of the personal names gives possibility to see features of the national traditions and national culture.

*Б. Аралбаева*

## «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ АРАБ ЖӘНЕ ПАРСЫ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

«Еңбекші қазақ» газетінің шыққан кезеңі - еліміздегі түрлі саяси өзгерстермен, науқандармен, ел экономикасына, шаруашылығына, түрлі жаңалықтар енген кезеңмен сәйкес келеді. Қазан төңкерісінің жеңісі, ел арасындағы «қызыл керуендер», үгіт-насихат жұмыстары орыс тілінен сөздердің молынан енуіне ықпал етті. Осы кезеңде газет тілінен орыс сөздерін молынан кездестіруге болады, ал араб-парсы сөздері тілімізге жаңадан енуі осы кезеңде өріс алмаған. Әрине, бұл кезеңде тілдегі бұрыннан сіңісті болып қолданып келе жатқан араб-парсы сөздері де жойылып кетті деуге болмайды: олар халықтың сөйлеу тіліне барынша сәйкестендіріліп, өз сөзіндей болумен қатар қоғамдағы өзгерістерге байланысты жаңа мәнге ие болып жатқандары да болды. Араб-парсы сөздерінің енуі әлсіреп, тоқтауы жалпы кезеңдік сипат алды. Ол жалғыз «Еңбекші қазақ» газеті ғана емес, сол кезеңде шығып тұрған «Жаңа мектеп» сияқты басқа басылымдарға да тән.

Ғалым Б.Әбілқасымов алғашқы қазақ газеттерінің өзіндік бағыт-бағдары туралы айта келіп: «Ол программа бойынша газет жоғарғы ұлықтардың қазақ даласына қатысты бұйрық-жарлықтармен қазақтарды таныстырып тұруға, сондай-ақ олардың арасына елдің табиғаты, тұрмысы, шаруашылық жайы (мал шаруашылығы, егіншілік, айырбас сауда т.б.) туралы хабарларды таратуға» тиісті болғанын тілге тиек етеді: «Патша үкіметі сөз жүзінде осылай дей тұрса да, іс жүзінде қазақ халқын ағартуды тіпті де көксеген жоқ. Шын мәнінде оның көздегені – үкімет жарлықтарын ана тілінде тарату арқылы оның сөзсіз орындаттыруды қамтамасыз ету, жергілікті халықты басқаруды жеңілдету, қазақтың артта қалған патриархалды шаруашылығын біраз ілгері көтеріп, оны патша үкіметінің шикізат жөніндегі қажетін өтейтін дәрежеге жеткізу, сондай-ақ қазақтың өз тілін дамыта отырып, сол кездің өзінде «патша үкіметінің орыстандыру саясатына зиянын тигізе бастаған» шағатай, түрік, татар тілдерінің ықпалына қарсы күресу болды» [1, 20 б.].

Тілімізге араб-парсы сөздерінің енуі XIX ғасырдың өзінде-ақ әлсіреп, толастай бастаған. Сол сияқты ғалым С. Исаев та XIX ғасырдың аяғы XX басында қазақ тіліне араб-парсы сөздерінің енуі біршама азайғанын айтады [2, 32 б.]. М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісовтардың еңбегінде де 1920-30 жылдары «жалпы түріктік әдеби тіл (общетюркский литературный язык)» элементі болсын, қай-қайсысы да бұрынғыдан сирей түсті», – деп жазады [3, 177 б.]. Бұдан осы құбылыстың сол кезең үшін норма болғанын көреміз. Басқа тілден сөз қабылдамау, тіл тазалығын сақтау мақсатымен қазақтың төл сөздерінің (немесе қазаққа сіңісті болған сөздердің) қолданылу аясы артып, сөз мағынасы кеңейген.

Ғасырдың басында басылым беттерінде араб-парсы сөздері көп қолданылмауының екі түрлі себебі бар сияқты: біріншіден, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, М.Дулатов, Е.Омаров, Б.Байтоғаев т.б. сияқты қайраткерлер тіл тазалығын ту етіп, газет беттерінде тілімізді «бөтен сөзбен былғамауға» шақырады. Соның нәтижесінде араб-парсы сөздерінің орнына қазақ сөздері жиі қолданыла бастайды. «Милләт», «жамиғат» сөздерінің орнына «жұрт» сөзінің қолданысы кеңейді, сол сияқты «уалаят» сөзінің орнына «өлке» сөзі қолданылады т.б. Екіншіден, кеңес үкіметі орнаған күннен бастап-ақ дінге қарсы күрес етек алып, атеизм туын ұстады. Соған сәйкес араб-парсы сөздері осы кезеңде жағымсыз сипат алды. Соның нәтижесінде араб-парсы сөздерінің орнын орыс сөздері алмастыра бастады: *мектеп - школа; мұғалім – учитель; мұғалимұн - пед. училище; наху сарф - грамматика* т.б.

П.М.Мелиоранский қазақ тіліндегі шет тілдік элементтерге тоқтала келіп, араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне ену себептерін былайша түсіндіреді: «Арабские и персидские слова проникали в киргизский язык двумя путями: путем религиозной проповеди и путем торговых отношении. Некоторые из этих слов повсеместно в употреблении, так что их знает всякий киргиз, другие известны лишь муллам и грамотеям, а простому народу не понятны. Другое дело слова арабские и персидские, перешедшие в живую народную речь - эти в большинстве случаев совершенно окиргизились. Все те слова, в которых встречались звукосочетания, нетерпимые в киргизком языке, должны были изменяться сообразно с правилами киргизской фонетики» [4, 24 б.]. Ғалым Б.Әбілқасымов алғашқы қазақ газеттерінің беттерінде кездесетін араб-парсы сөздерін – халықтың сөйлеу тілінде жиі кездесетіндер және көбінесе жазба, діни әдебиеттерде кездесетіндер деп екіге бөледі де, бірінші топқа: *жай* (*орын* мағынасында), *кітаб, ғалым, сағат, мектепхана, дәфтер, адам, хат, халық, шаш, қала, таң, саудагер, мал, базар, медіресе* т.с.с. сөздері; екінші топқа: *мархамат, жтаһад, шафағат, рәсім, мәзкүр, жамағат* т.б. сөздерді жатқызады [1,187 б.]. «Еңбекші қазақ» газетіндегі кездесетін араб-парсы сөздері ғалым жіктеуінде бірінші топта қарастырылған, екінші топтағы сөздер негізінен басылым бетінде кездеспейді. Бірінші топтағы сөздердің қазақ арасына сіңісті болғаны соншалық, бұл сөздердің кірме сөз екеніне таң қалуға болады. Ж.Аймауытұлы «Әдеби тіл және емле» деген мақаласында осындай сөздердің барлық қазаққа түсінікті болып, өз сөзіндей көргенімен, олар араб-парсы тілінен енген сөздер екенін айтады [5].

«Еңбекші қазақ» газетінде бұл кезеңде араб-парсы сөздері жаңадан тіл қолданысымызға енбегенмен, бұрыннан бар, халық арасына сіңісті болған сөздер жаңа мағынаға ие болып, орыс сөздерін аударуда кеңінен қолданылған. Мәселен *кредит* сөзіне балама ретінде *несие*, *империалист - жыйангер, социализм - әлеуметшілдік дәуір, промышленность - кәсіп, литература - әдебиет, грамматика – насху сарф, правительство - үкімет, политика – саясат, представитель - өкіл, практика – тәжіріибе, сцена – сақна* т.с.с. болып жұмсалған. Орыс сөздеріне балама ретінде араб-парсы сөздерін қолдану осы «Еңбекші қазақ» газеті шыққан кезден басталады деген ойдан аулақпыз. Р.Сыздықова XIX ғасырдың II жартысында жарық көрген екі тілді сөздіктердің жаңа сөздермен толығу жолдарын сипаттай келіп, сөздік құрастырушылардың орыс сөздеріне қазақша балама іздеуде қазақ тіліне сіңіп кеткен араб-парсы сөздеріне иек артқанын айта келіп, былай дейді: «Лексика құрамын толықтырудың келесі жолы бұрыннан қолданылып келген араб-парсы сөздеріне жаңа, нақты мағына беру арқылы жүзеге асқан. Мысалы, бұл кезде *ғылым (ылм) білім, ғалым, ақы, (хақы, дарухана, хисап, ілім, кітапхана, кітапшы, өнер (көнер, мақкеме, қызмет) хизмет* деген сөздер қазақ қауымы үшін енді-енді таныс болып бастаған. *Наука, ученый, жалобанье, аптека, арифметика, библиотека, библиотекарь, исскусство, управление, служба* деген терминдердің баламасы ретінде тұрақтала бастайды. (Әрине, бұл ұғымдардың өздері бұрыннан таныс болғанымен, оларды бір сөзбен дәл айту дәстүрі жоқ екендігі аян). XIX ғасырдың II жартысында осы көрсетілгендей, араб-парсы сөздерін түрлендіріп (мағыналарын жаңғыртып, кеңейтіп, тарылтып) пайдалану, топты бұл тілдерден жаңадан сөз алу (өте актив түрде

болмаса да, әлі тоқтамаған тірі процесс болатын» [6, 235 б.]. Бұл үрдістің ХХ ғасырдың басында да жалғасын тапқаны әрі «Еңбекші қазақ» газеті де (басқа басылымдарда) жаңа сөз жасауда өзіне дейінгілердің жолдарын үлгі тұтқанын байқаймыз. Соның нәтижесінде газетте келтірілген атаулар тілімізге тұрақталып жатса, екінші жағынан, бұрыннан қалыптасқан тәсілдер арқылы қазақ тілінің лексикалық қоры көбейіп жатты. Сол сияқты «Қазақ» газетінің 1917-1918 жылдардағы сандарында жиі қолданысқа ие болған «мемлекет» сөзінің «Еңбекші қазақ» газетінде мағынасы нақтыланып, тұрақталғанын байқаймыз.

Б. Момынова «мемлекет» сөзінің 1917-1918 жылдары жиі қолданылып, жандана түсу себебін Алашорда үкіметінің дүниеге келуімен байланысты деп түсіндіреді [7, 46 б.]. «Түркістан уәлаятының» газеті тілінде *мемлекет* және *жұрт* сөздері «ел, территориялық бірлестік» ұғымында бірдей жиілікпен қолданылған. Бұл қолданыстар *мемлекет* және *жұрт* сөздерінің жұмсалуындағы варианттылықты көрсетеді.

*Мемлекет (мамлакат)* сөзі «империя», «патшалық», «ел», «жұрт» сияқты мағыналарына сәйкес «Еңбекші қазақ» газетінде де *империя, патшалық* мәнінде жұмсалған. Осы сөздің қатысуымен, *мемлекеттік ұлт тыйатыры, мемлекет баспасы, мемлекет үніберістеті, мемлекет бүджеті, мемлекет мүлкі, мемлекет мекемелері, мемлекет билеуі* т.с.с. тіркестер жасалған.

Мысалы: *Ысмағұл мен Мұстафаның (Шоқайыб) Түркістан мен Қазақстанды, Әмерике, Әнгіліие, Пырансыйа сықылды бай* ***мемлекеттерге*** *бергісі келген ғой* (№ 55 (1082); 6.03.1928).

*Жұрт тайлы-тайағына шейін қоймай* ***мемлекет тыйатырына*** *ағылатын болды* (4.04.1926).

***Мемлекет мекемелері*** *ауылдық кеңестер мен болыстық кеңес кәміитеттеріне қағазды қазақша жазатұн болсын* (3.04.1927).

Бұдан «мемлекет» сөзінің қолданылу өрісі, жиілігі, ауқымы «Қазақ» газетімен салыстырғанда «Еңбекші қазақ» газетінде біршама кеңейгенін байқаймыз. «Еңбекші қазақ» газеті шыққан тұс – тілімізге жат сөздердің көптеп еніп, оларды нормаландыру жолдары таласқа түскен, сонымен қатар араб жазуын латын жазуына ауыстыру сияқты мәселелер төңірегінде қызу пікірталастар, айтыстар өрбіген кезең болды. Соған сәйкес «орфография», «графика» сықылды сөздердің орнына «емле», «әліп» сияқты араб-парсы сөздері жиі қолданысқа түсті.

Орфография мәселесінің жиі сөз болып, ережелердің қайта-қайта өзгеруіне байланысты осы кезде «емле» сөзі көбірек қолданылып, тұрақтанды. Газет бетінде осы сөздің қатысуымен *емле мәселесі, ескі емле, жаңа емле, емле ережесі, емлені жаңғырту, емле үйрету, қазақ емлесі, емле негізі, емлені дұрыстау, емле білмеу, емле сөздігі, емле декіреті* т.с.с. тіркестер жасалған.

Мәселен*: Бұл айтқан құбылыстарды жойыб адамның жазыуға сенімін күшейтетін түбкілікті тірек* ***емле сөздігі*** *(арпагіраапішескіи ыслабар*) (№ 31 (1636); 7.02.1930).

***Емле декіреті*** *деген қазақ тіліндегі сөздерді тіл білімнің негізіменен жаңа әліппенен жазыуға нұсқаған жалпы жол ғой* (№ 75 (1620); 19.01.1930).

*Қай тілдің болса да заңына қарай* ***емла-ережесі*** *болады. Дұрыс жазыу, дұрыс оқыу үшін сол тілдің заңын,* ***емласын*** *жақсы біліу керек* (№ 56 (1083); 7.03.1928).

«Еңбекші қазақ» газетіндегі сөздердің қолданылу сипатына қарасақ, араб-парсы тілінен енген сөздердің кейде өз мағынасынан бөлек, жаңа мәнге ие болатынын байқаймыз. Мысалы, *несие* сөзінің араб тіліндегі мағынасы — «алынған не берілген қарыз» деген ұғымды білдірсе, «Еңбекші қазақ» - та ол «кредит» сөзіне балама ретінде жұмсалып, жай қарыз емес, «мемлекеттік қарыз» мәнінде қолданылған.

Мысалы: *Кійім тігетун машыйналар көб қылыб алдырылды, бір жылға* ***несіиеге*** *беріледі* (№ 289, 14.02.1925).

Бұл сөздің осылайша жаңа мәнге ие болуы жалғыз «Еңбекші қазақ» газетінде ғана сондай қолданыста болмай жалпылық сипат алған сияқты. «Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері» деген кітапта, «Айқап» журналының бетінде де *несие* сөзі «мемлекеттік қарыз» мәнінде жұмсалған. Олай болса, бұл сөздің сол кезден бастап барлық басылым бетінде «кредит» сөзінің баламасында қолданылған тәрізді.

Сол сияқты «мекеме» сөзі де араб тілінде 1) тарих, сот, судья, трибунал, 2) кеңсе деген ұғымды білдірсе, газет тілінде «учреждение» мәнінде жұмсалған.

Мысалы: *Казгосторг* ***мекемесі*** *тексеріліу керек* (№ 31 (1360); 8.02.1929).

***Мекеменің*** *қызметкерлері шығарылады, қазақыландырудың орнына ауропалықтар алынды* (№ 12 (1039); 15.01.1928).

*Ең үлкен кемшілік - әлі де болса үйез, гүбернелік* ***мекемелеріміз*** *қазақыландырыу жұмысында шабандық білдіріб отыр* (№ 34, (1061); 10.02.1928).

Бұдан *мекеме* сөзінің негізгі бастапқы мағынасына, қосымша мағынасы негіз болып тұрғанын байқаймыз.

Газет тілінде «саясат», «саяси» сөздері көп кездесумен қатар олардың тіркесу қызметі біршама артқан. *Саяси* сөзінің тіркесімділігінің көбеюі — оның қолданыс жиілігінің қандай болғанын білдіре алады. Сол сияқты бұл сөздің қатысуымен *саясиағарту, саяси-ағартушылық, саяси-шаруашылық* т.с.с. қос сөздер жасалған. Бұл да оның өте жиі қолданылғанының айғағы бола алады.

Мысалы: *Сөз жоқ, ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу жұмысының* ***сайасый маңызы*** *үлкен* (№ 51 (1380); 4.03.1929).

*Бірақ менің* ***сәйесіи бағытым, сәйесіи дүниіетануым*** *аздаб болса да жылдан жылға ілгері басыб келеді* (№ 283, 31.01.1925).

«Еңбекші қазақ» газетінің бетінде жиі кездесетін араб-парсы тілінен енген сөздерінің бірі – «үкімет»

сөзі. Ол арабтың 1) билік, үстемдік; 2) саяси хокумәт деген сөзінен алынған.

Бұл сөз газет тілінде көбінесе *билік жүргізуші (орган) ұйым* мәнінде жұмсалған.

Мысалы: *Сол болған кісілер қазақыландырыу тұуралы* ***үкімет қаулыларын*** *іске асырсын деб отыр* (№ 34 (1061); 10.08.1928).

«Үкімет» сөзі кейде «мемлекет, ел» мәнінде де жұмсалған.

Мысалы: *Осы күнде* ***кеңес үкіметінде*** *орыстың партыйада жоқ ақындары жазыушылары кеңес жолы мен қалықтың мұңын жазыб жүр* (№ 275, 10.01.1925).

*Ер қарттан кейін айыбкерлердің қорғаушыларын «Кеңестер Одағына жала жаба сөйлеб,* ***кеңес үкіметі*** *шет мемлекеттерге пәлші ақша таратыб отырады», – деді* (№ 26 (1631); 2.02.1930).

«Қазақ» газетіндегі «қоғамдық-саяси лексика» деген еңбегінде профессор Б.Момынова *үкімет* сөзінің «мемлекет» сөзіне синоним ретінде жұмсалғанын айтады.

«Еңбекші қазақ» газетінде көп кездесетін сөздердің бірі — «кесіп» (кәсіп) сөзі. Бұл сөз араб тілінде: 1. табу; 2. пайда кіріс, 3. ұтыс, ұтып алу, 4. *ауыс*. мамандық, өнер, тіршілік, шаруашылық .

Басылым бетінде *кесіп* сөзі былайша қолданыс тапқан:

*Каспіи теңізінің төмендеб сұу ала бастауы* ***балықшылық кесібіне*** *күндердің күнінде зор кемшілік келтіретүн түрі бар деседі* (№ 30 (1057); 06.02.1928).

«Кәсіп» сөзінің қатысуымен жасалған күрделі атаулар да газет бетінде жиі орын алған.

Мысалы: *Бірінші басқыш мектеб негізінде сүйеніб ауыл-поселкеде қолайлы пабірік-зауыт білімін беретін мектебтер ұзақ қол өнеріне қарай бейімделген* ***кәсібшілік мектебтері****, шаруа жастарының төменгі мектебтері ұйымдастырылуы керек* (№ 93 (1422); 25.04.1929).

*Кеңестер одағының* ***өнерлі кесіб*** *жұмысын өркендетіу жоспары құрылғанда Қазағыстан жоспарға бірінші жақтан шшікі заттың (жүн, тері, мақта, кендір жана басқалар) Қордалы жері есебінде, II жағынан, кені мол аудан есебінде кіргізуі керек* (№ 55 (1082); 6.03.1928).

Бұл мысалдан «кесіп» (кәсіп) сөзі арқылы: *кәсібшілік мектеб (профтех школа), кәсібшілік білімін (профтех образование), кәсібшілер сайозы (проф. союз), кәсіб орын (предприятие), өнерлі кесіп (промышленность)* сияқты күрделі атаулардың жасалғанын байқаймыз. «Өнерлі кесіп» пен «өнер кәсіп» сөздері жарыса қолданылып, кейіннен бұл тіркес бірігіп «өнеркәсіп» түрінде тұрақталған. Бұл жердегі «өнер» сөзінің мағынасы «искусство» ұғымында болмаса керек. Н. Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде «өнер» сөзі — «талап, талант, шеберлік, іскерлік, көркем қолөнер кәсібі» деп түсіндіріледі. Ендеше, «Еңбекші қазақ» газетінде «өнер» сөзі негізгі, бастапқы мәнін сақтап тұрғанын көреміз.

Кірме сөздер тілге бірнеше себептерге байланысты еніп жатады. «Еңбекші қазақ» газетінің бетіндегі кірме сөздер негізінен ХХ ғасырдың басындағы ғылым-білімнің дамуы, техниканың дамуы, саяси, экономикалық, идеологиялық бағыттағы өзгерістерге байланысты пайда болған. Ал қазіргі кезде тілімізге ағылшын тілінен көптеген сөздер еніп жатыр. Ондай атаулардың қатарында осы уақытқа дейін *бутерброд, лозунг, шлягер, мультипликатор, экран* түрінде қолданылып келген атаулардың орнына *сэндвич, слоган, хит, аниматор, дисплей* т.б. түрінде еніп жатқан атауларды жатқызуға болады. Шеттен енген сөздердің тілге енуінің өзіндік себептері бар. Ең алдымен ол әлеуметтік факторларға байланысты. Олар объективті және субъективті себептерге байланысты. Тұтастай алғанда, кірме сөздерді өз ішінен екіге бөліп қарастыруға болады. Бірінші топ – дұрыс, тілдің қажеттілігін өтеу үшін алынған кірме сөздер (олар тілдік үнем заңдылықтары т.с.с. ішкі заңдылықтармен байланысты болады). Мысалы, *техника, компьютер, сейф* т.с.с. Кірме сөздердің екінші тобы – тілдің ішкі даму заңдылықтарына қайшы келетін, қажеттілігі жоқ кірме сөздер. Ондай сөздердің қатарына *революция (төңкеріс), пішіндеме (геометрия), (история (тарих), историк (тарихшы)* т.с.с. сөздерді атауға болады. Ендеше, өз кезеңіндегі жат тілден сөз қабылдауда ұстанған принцип - қағидаларын ескеріп, тіл заңына қайшы келмей, тіл тазалығын сақтауға шақырған білімпаздарымыздың еңбегін зерделеп, бүгінгі күн қажетіне жарату үшін «Еңбекші қазақ» газетінің берері мол екеніне тағы да көз жеткіздік.

1. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 187 б.

2. Исаев С. О роли русского языка в формировании казахской терминологии (на материале периодической печати 20-х годов) // Прогрессивное влияние русского языка на казахский.- Алма-Ата, 1965. - 32 с.

3. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1968. - 239 б.

4. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика (казах) киргизского языка. - СПб, 1872. - С.24.

5. Аймауытұлы Ж. Әдеби тіл және емле// Еңбекші қазақ. 1926, 7 мамыр.

6. Сыздықова Р. XVIII-XIX ғ-ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 78 б.

7. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы: Арыс, 1999.- 228 б.

* * *

В статье рассматривается процесс заимствования слов из арабо-персидского языка в начале ХХ века на примере газеты «Еңбекші қазақ».

*Ш. Г. Әбдірова*

# «ОҒЫЗ ҚАҒАН» ЭПОСЫНЫҢ МОРФОЛИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ (Қ.ӨМІРӘЛИЕВТІҢ «ОҒЫЗ ҚАҒАН ЭПОСЫНЫҢ ТІЛІ» ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ)

Ұлттық тіл білімінің әр саласында қалам тартып, тіл білімінің дамуына үлес қосқан қайраткерлердің бірі – Қ.Өмірәлиев. Ғалым зерттеулерінің негізгі өзегі – көне түркі ескерткіштерінің тілі. Қ.Өмірәлиев «Оғыз қаған» эпосын лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеген. «Оғыз қағанның» фонетикалық, морфологиялық ерекшелігін, синтаксистік жүйесін талдаған. ОҚ-ның (бұдан әрі ОҚ) морфологиялық құрамын зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, етістік және оларға тән категориялардың қолданылу ерекшелігі шеңберінде талдайды.

ОҚ-да кездесетін зат есімдер негізінен екі буынды болып келеді. *Ав, ат, уд, көк, күн, жер, қыз, оғуз, қаған, теңрі, йаруқ т.б.* Үш буынды болып келетін сөздер кірме элементтер тобына жататын сөздер. Ғалымның айтуынша, зат есім түбірлер негізінен өзінің тура мағынасында қолданылған. Жасалу жолына қарай оларды үшке бөліп қарастыруға болады:

1. Етістік түбірден жасалған сөздер.
2. Есім түбірден жасалған сөздер.
3. Тіркесе жасалған күрделі зат есімдер.

Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар: **-ынч//-інч:** *севінч таптылар, севінч атты;* **-унч** // **-үнч***: тутылунч, андағ йаман болды;* **-үг//-іг:** *өліг баргу, тіріг баргу;* **-ук,** // **-үк:** *көрук, көрүклүк:* **-уш:** *уруш-тоқуш башланды;* ***-лук // -лік:*** *біллук - Бармақлуг Жосун Білліг;* **-қыч**: *ачқыч*; **-ғу:** *баргу, тіріг баргу,бергу, соғургу, йүрүгу, атлағу, чалунгу, білдүрү т.б.* ОҚ-да есім сөздерден жасалған зат есімдер де санаулы. Олар төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалған. Негізгі түбірден зат есім тудыратын жұрнақтар: **-ыг:** *урыг;* **-үт:** *өгүт;* **-кек**: *еркек оғул;* **-даш:** *қарундаш;* **-лыг:** *қағарлыг;* **-лук, -лүк:** *өңлүк, достлуқ, төрүлүк, қаганлуқ т.б.* Туынды түбірден зат есім тудыратын жұрнақтар: **-лук, лүк:** *қарангулуқ, бузгулуқ, чалунгулуқ*; **-луг, -лыг:** *бармақлуқ.* Сонымен қатар ескерткіште тіркескен зат есімдер де кездеседі.

Есім сөздердің түрленуіне талдау жасау барысында ғалым септік жалғауларының, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септіктерінің қолданылуына тоқталады. Мысалы, ілік септіктің ОҚ-да буын жағынан жуан және жіңішке, еріндік әрі езулік боп келетін **-нуң, -нүң, -ның, -нің** формалары бар екендігін айтады: *ошул оғулнуң өңлүгі, улуг түрүкнүң сөзін йақшы көрді, қатның башын урды.* Зерттеуші ескерткіште ілік септіктің жалғауы көп жағдайларда түсіріліп қолданылатынын ескертеді және оны тілдік құбылыстан гөрі бір топтағы сөздер тіркесіне тән деп санайды. Зат пен оның бөлшегі қатар айтылғанда ілік септігінің түсіріліп қолданылуын көне құбылыс деп таниды. ОҚ-да ілік септігі екі рет тікелей етістікпен байланысады: *айақалар! Йа болсун сенлернуң, ай, інілер! Оқлар болсун сенлернуң!* Бұған ғалым мынадай уәж айтады: «Бұл құбылыс түркі тілдерінің бергі дәуірлерінде қалыптасқан: *менің емес > менікі емес; менің болсын > меніңкі (менікі) болсын* түрінде келетін тіркес бірлігіне тән дәнекерлік құбылыстың алғашқы үлгісі» [1,117]. Ілік септігі жалғауы буын үндестігі заңына сәйкес түбір сөз еріндік дауысты болып келгенде, ілік септігі көбіне **-нуң** түрінде жалғанып *(оғлунуң, үйнуң, ол күннуң)* ал түбір сөз езулік боп келгенде ілік септігі **-ның, -нің** түрінде жалғанып *(анасының, йернің, қатның т.б.)* қолданылады. Бір рет керісінше жалғану байқалады. Біздіңше, бұл ғасырлар бойғы мұраны көшіру, аудару барысында кеткен қате болар деп ойлаймыз. Ескерткіште жіктеу есімдігі 19 рет *ануң* түрінде, 1 рет *аның* түрінде қолданылған. Барыс септігінің бір ғана **-қа, -ға, -ге** формасын көрсеткен. Есеркіш тілінде дыбыс үндестігі қатаң сақталған. Табыс септігі тәуелдік жалғауының III жағынан соң үнемі **-н** боп жалғанып отырады. Басқа жағдайдың бәрінде **-ны** жалғауы жалғанады. Ескерткіште М.Қашқари сөздігіне әрі «Құдатғу білігке» тән табыс септіктің **-ыг** формасының болмауын ОҚ-ға тән ерекшелік ретінде яғни бұл ерекшелік ОҚ-ды өзге ескерткіштерден бөлектейтін тілдік белгі ретінде таниды. Жатыс септігінің ескерткіште негізгі есім сөздерге жалғанатын **-да** //**-та** формасы бар. Шығыс септігінің **-дан, -ден, -дун, -дүн, -тан, -түн** формасына талдау жасалған. Зерттеуші есімдіктердің (жіктеу, сілтеу, белгісіздік, сұрау, өздік, жалпылау) септелуіне де жіті талдау жасаған. Сонымен қатар ескерткіш тіліне есімдердің тәуелденіп барып септелуі де тән құбылыс.

ОҚ көптік жалғауының қолданылуы өзіндік ерекшеліктерге ие. Сан жағынан көп болып келетін заттардың жиынтық атаулары өзінің алдында көптік мағыналы анықтауышы болса да, болмаса да көптік жалғауының **-лар, -лер** жалғауымен айтылып отырады. Мәселен, *йылқылар күтейе турур еді, көзлері ал т.б.* Көп зат бір затқа қатысты болса, әлгі заттың өзі де көптік мәнде жұмсалады *(ол бөрінің артларын қатағлап йүрүгүде турур).* Көптік қимыл есебіндегі *«урушғу»* сөзі кейде көптік формада келеді: *урушғулардан соң. Күнлерден бір күн, күнлерден соң, бірнеше күнлерден соң* секілді эпостық формулалар көптік формада келеді. ОҚ эпосыны тән тағы бір ерекшелік ретінде баяндауыш позициясындағы етістіктің көптелуін айтуға болады. Әрі баяндауыш позициясындағы кез-келген сөз көптік мәнге ие болмайды, тек сол әрекет көпке қатысты болғанда ғана әрекетті білдіретін етістік көптік формада қолданылады. Оған төмендегідей салыстырулар береді.

| **Әрекетті атқарушы субьект біреу** | **Әрекетті атқарушы субьект бірнешеу** |
|---|---|
| *Бу чебер бір қанға чапты. Оғуз қаған ануң үчүн анға Сақлаб ат қойды* | *Нүкерлернүң, ел күннүң қадағы мұны көрділер, шаштылар, қанғалар тақы чаптылар, аның учун анларға қанға ат қойдылар.* |

Тәуелдік жалғауы ОҚ-да екі жағдайда кездеседі. Біріншісі, тәуелдік жалғаулы сөз бен ілік жалғаулы сөздің қатар қолданылуы: *йернің төрт булуңының қаганы болсам керек турур. Аның көзү көктүн көкрек ерді, ануң сачы мүрен усуғы дег ерді, аның тіші үнжү дег ерді.* Екіншісі, тәуелдік жалғаулы сөзінің ілік септікті жалғаулы сөзсіз қолданылуы. ОҚ-да 170-ке жуық сөз тәуелдік формада кездеседі оның 160-қа жуығы тәуелдік формасының III жақ көрсеткішімен қолданылған.

Ескерткіште негізгі түбірлі сын есімдер *(ал, ақ, қара, йақшы т.б.),* туынды сын есімдер ( **-уғ, -үк, -ун, -үн** жұрнақтары арқылы етістіктен **-ы,**

**-лук, -лүк, -сыз, -сіз, -рақ, -рек, ғул, -ғул, -рук, -рақ** жұрнақтары арқылы есім сөздерден жасалған сын есімдер) және күрделі сын есімдер болса, сан есімдерді ғалым қолданылуы жағынан өте аз деп көрсетеді. Мағыналық жағынан есептік, жинақтық, реттік сан есімдердің қолданылуын мысалдар арқылы дәйектейді.

Сан жағынан көп кездесетін сөз табы – үстеу. Үстеуді арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған үстеулер **(-ды, -ді:** *емді Емді черіг бірле мундун атла;) және* қосынды формалар арқылы жасалған (**-қа-ча, -ке-че:** *Күн батұшығача тіккен ерді;*) үстеулер деп жіктейді.Сонымен қатар үстеулердің төмендегідей жасалу жолдарын көрсетеді:

*1.* **-кар, -ун** септік формалары арқылы жасалған үстеу: *ташқарун қалмасун, білліг болсун;*

2. **-гары, -гері** септік формасы арқылы жасалған үстеу: *ілгеру кетті;*

*3.* **-та** септік формасы арқылы жасалған үстеу: *бунда келгенлер кік, мунда Жүржіт қаганнуң ел күні.*

Сол сияқты үстеулерді тұлғасына қарай: жеке үстеу және үстеу мәнді сөз тіркестері (***тақы:*** тақы қатның анағусы ошбу турур; ***кене:*** кене күнлерде бір күн; ***ерте***: ерте болды; ***нечүк:*** нечүк кечербіз; ***каршу,*** қаршу келділер; ***йақшы:*** сөзін йақшы көрді; ***йаман:*** йаман болду урушғу; ***тағурақ***: тағурақ басуб т.б.) деп бөледі. Мұнда мезгіл мәнді үстеулер талданған және әрекеттік, сындық бейнесін білдіретін сөздерді үстеу мәндес сөздер деп қарастырған.

Етістіктердің қолданылуы жайын ғалымның өз сөзімен баяндасақ: «Қандай етістік сөздердің болуы ғана емес, етістіктің қандай категорияларының болуының өзі, олардың тіркес түрлері, тіркеске түскен сөздер тобы - баршасы әдеби шығарманың тақырыбына, жанрына, баяндау формаларына барып тіреледі. ОҚ-дағы етістік сөздер, етістік тіркестер мағынасына, түрленуіне қарай бірнеше топқа бөлінеді» [1,125]. Етістіктерді талдау барысында негізгі және туынды етістіктерге және етістіктің етіс формасына, оның ішінде бұйрық рай формасына, шақ және рай категориясына көсемше, есімшеге талдау жасайды. ОҚ - хабарлай баяндауға құрылған сөз үлгісі. Эпос тіліне тән ерекшеліктің бірі – баяндауыштардың жедел өткен шақ формасында қолданылуы. Зерттеушінің айтуынша, 370-тей етістік баяндауышты сөйлем бар. Ал осының баяндауыш шенінде келетін 218 етістік сөз ашық райда, жедел өткен шақ көрсеткіші **-ды** формасында және оның варианттарында қолданылған.

Біз бұл мақаламызда Қ.Өмірәлиевтің ОҚ-ның морфологиялық құрылымын талдаған соны пікірлеріне тоқталдық. ОҚ эпосының тілдік ерекшеліктерін өзге ескерткіш тілінің ерекшеліктерімен салыстыру, бүгінгі қалыптасқан қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес тұстары мен ерекшеліктерін анықтау ендігі жұмысымыздың мақсаты болып қалмақ.

1. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. Алматы, 1988.
2. Қалиев Ғ.Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005.

* * *

В статье рассмотрен морфологический состав эпоса «Огуз каган».

*Ж. С. Байсарина*

## СИМВОЛ- ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ АЙНАСЫ

Әрбір халық әлемді оларды қоршаған заттарды өзінше елестетіп, қабылдайды. Себебі, әр елдің тарихы, төл мәдениеті, ұлттық таным мен талғамы, тілі, діні әртектес болып келеді. Әр тіл - өз ұлтының бойтұмарындай қасиетін белгілейтін таңбалық жүйе. Тіл адам үшін қарым -қатынас және танымдық қызмет атқаратын механизм ғана емес, ақиқат әлемі туралы ақпарат беретін саналы құбылыс.

Э. Сепир мен Б. Уорф болжамы бойынша түрлі тіл өкілдері әлемді өз көзқарасы негізінде танып,

өзінше пайымдайды. Демек, тіл біздің ата бабаларымыздың «ғалам бейнесін» қалпына келтіруге көмектеседі. Кез келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: біріншіден, кез келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты, екінішіден, нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады. Нәтижесінде жеке тіл өзіндік сипатқа ие болады. Әр тілдің негізінде ерекше бір модель немесе ғалам бейнесі бар.

Дүниенің тілдік бейнесі әр этноста әртүрлі болуы, сол этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты, себебі тілдік таңбаның таңбаланушы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өміріне көрген білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады, сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санасындағы дүниенің тілдік бейнесінде айырма болады.

Этнолингвистика ғылымының негізін салушы ғалым Ә. Қайдардың негізгі көзқарастары «тіл халықтың өзін қалыптастырады», «тіл мен ұлт біртұтас» деген тұжырымы адамзатқа ортақ нәрсенің негізінде ұлттық ерекшеліктер жасалатындығын көрсетеді.

Фразеолог ғалым Р. Авакова «Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты» деп көрсетеді.

Символ дүниенің тілдік суретінің бір бөлігін құрайды. Символ дегеніміз Ю. М. Лотманның анықтамасы бойынша, «...ол ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл өткелді кешіп өтіп, өткеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ, символ мәдениеттің тұрақты элементі»[2]. Символдың түзілуіне кез келген халықтың өмір сүретін аймақтық табиғаты, жергілікті ерекшеліктері, өмір сүру салты, әдет-ғұрпы, жалпы дүниетанымы әсер ететіні сөзсіз. Белгілі бір ұлттық және ареалды мәдениетке доминантты түрдегі символдар тән. Лингвомәдениеттану саласында символдың айрықша белгілерінің бірі оның архетиптігі. Символдардың мифологияға ұласар өте тереңде жатқан тарихы бар. Фольклор мен жазба мәдениетінің үлгілеріндегі мифологиялық сюжеттер символға негізделеді. А. Голан ежелгі символдардың мазмұндық мағынасын айқындау «...помогает проникнуть в мир образа мышления глубокой древности...; культовая символика весьма стойкий элемент культуры...: символы сохраняются тысячелетиями, претерпевая лишь некоторую трансформацию, а иногда вовсе остаются без изменений» деп атап көрсетеді [3].

Кез келген тілде халық санасында қалыптасқан символдар болады, ол символдар әрқашан уәжделеді. Тіл тілдегі символдық компоненттер барлық тілдерге ортақ болып келеді. Мәселен, соматикалық фразеологизмдер кез келген тіл үшін фраземажасамның ең өнімді түрі болып табылады. Мәселен, түр түске, санға, жан-жануарға, өсімдікке байланысты және т.б. символдар әлем тілдеріне ортақ тілдік құбылыс. Бұл ортақ қасиеттер тек тілмен ғана емес, адамдардың қоршаған ортасымен, табиғатпен, қоғаммен, өмір сүру тіршілігімен де тікелей байланысты.

Тіл арқылы барлық, құбылыс, заттар яғни әлемнің тілдегі көрінісі тілдік единицаларға тән болғанымен, кумулятивтік қызмет, әсіресе, фразеологизм мен мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Оның себебі сол ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады. Қазақ тілінде бүтіндей бір ұлт сөйлейді. Бір тіл бір ұлт деуіміз де сондықтан.

Мысалы, қой аузынан шөп алмас - жуас, ақ түйенің қарны жарылу - қуаныш, бауыры езілу - туысты ерекше жақсы көру, ат кекілін кесу - реніш, барар жері Балқан тау - алыс, сақалын сыйлау - жасы үлкен адамды сыйлау, ат жалын тартып міну - ержету, есею. Осы мысалдарда, қазақ ұлтының бағалау, сипаттау ерекшеліктерін байқаймыз. Мұндағы сақал - сыйлау этика, мораль үлгісі бар; қара шаңырақ - мораль, этнография ұғымы; ақ түйенің қарны жарылу - этнолингвистикалық сипатқа ие, яғни осы мысалдардан біз қазақ халқының ойы мен тілінің ұшқырлығын көре аламыз.

Әлемнің тілдік бейнесінің әмбебап ерекшеліктеріне белгілі бір эмоцияны сақтаушы ретіндегі дене мүшелерінің байланысын жатқызуға болады. Мысалы, қазақ халқындағы *тізесі бату, бауыры елжіреу, жүрегін жаралау, жүрек тоқтату* тіркестеріндегі тізе - өктемдік, бауыр - жақын тарту, жүрек - нәзік, жан дүние, жүрек тоқтату - өзін-өзі билеу сияқты ұғымдардың арғы түсінігі символ сөздерден шығады. Мәселен, қазақ ұл жағынан ең жақын адамын бауырға балайды. Жүрек бауырдан еш кем емес, ең қажетті орган, бірақ жүрегім емес, бауырым деуіндегі символдық мағына бауыр соматизмінің ерекшелігіне байланысты болып отыр. Мұнда бауырдың бүйрек, өкпелердей емес, жалқылығы мен организм үшін қан жасаудағы рөлі бағаланаған. Бұл арада жоғарғыдағы фразеологиялық тіркестердегі атаулар метафораланып тұрған жоқ, керісінше сөз-символдың мағыналары сақталып тұр. Сонда заттардың символдық қызметінің көмегі арқылы тілдік белгілердің атымен символға айналуы фразеологизм жасауда астарлы ойдың, тұспалдың көмескі қыры ашылады.

Символдардың ерекше сипатының бірі-оның мазмұнының жинақтылығы мен мағыналарының тереңдігі. Мағыналық мазмұн құрылымы тұрғысынан алып қарағанда, символ күрделі таңба ретінде сипатталады. Ондағы мағыналар немесе концептілер бір-бірімен қосылса, сыйыса отырып, кешенді түрдегі мазмұнды құрайды. Демек, символ көпқырлы семантикалық құрылым ретінде түсініледі.

Кейінгі кезде бинарлық корреляция, олардың лексикалық семантикалық және мифологиялық мәндеріне арналған көптеген зерттеулер пайда бола бастады. Бинарлық оппозицияларның қазақтың дүниетанымдық жүйедегі орнына, олардың ерекшелігіне байланысты, ақ-қара, өмір-өлім, сүйіспеншілік-

жек көру, жақсылық-жамандық, қараңғы-жарық, еңбек-жалқаулық, байлық-кедейлік, қуаныш-бақыт, т.б. концептілер аймағына символдардың да кіретінін ескере отырып, оларды мәдени концепт аясында қарастыруға болады. Түр-түсті білдірер символдар жүйесі қандай да болмасын ұлттың дәстүрлі дүниетанымның негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады. А. И. Беляев «связь цветообозначения с определенными, культурно закрепленными эмоциональными состояниями и ситуациями позволяет рассматривать цветообозначения, как своеобразие «концепты мировидения» деп тұжырымдайды. Мәселен, көптеген халықтың дүниетанымында, символдық жүйесінде «ақ» тазалық пен пәктіктің, жаңа, тыныштық және жоғары сапалық символы екені мәлім.

Қай мезгілде де классикалық. Көзге кең көрінеді. Қорғағыш қасиетке ие. Ақ күн жарығы, сәуле, шуақ, жылу, мейірім, жақсылық ретінде де, салқын, арзандық, қарапайымдылық болып та жұмсалады. Фразеологизм құрамындағы астарлы ойға, тұспалға құрылған символдық мағынаға ие болатын сөздерге, бүтіндей тұрақты тіркестерге мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, «*ақ»* сөзіне байланысты ақ жарқын, ақ жүрек, ақ көңіл, ақ иық, ақ тілеу, ақ періште, ақ ниет, ақ бата, ақ күн, ақ түйенің қарны жарылу, т.б. Сонымен қатар қазақ жырларында «ақ» сұлулықты сипаттайды. Мысалы, ақ тамақ, ақ білек, ақ жүз, ақша бет. Біз *ақ* сөзінің оң мәндес екендігін түсінумен қатар, *ақ* теріс мәнде де қолданылатындығын көре аламыз. Мәселен, «ақ» бос, бекершілік, мақсатсызыдық, үнсіздік, ең соңында өлімді білдіреді. Поляк халқында *ақ* өлімді меңгезе, мөлшерден тыс ішімдік ішкен есуас адам «белая горячка» тіркесінде айтылады. Үндіевропалық халықтардың басым көпшілігі «ақ» *аза* деп білсе, орыс халқы өлімді хабарлау үшін үйге ақ орамал/байлауыш/ байлап қояды екен, ол қайтыс болған адам, яғни аруақ 40 күн өткенше көз жасын сүрту үшін қолданылады. Францияда да ақ жамандықтың белгісі «өлім» ұғымын береді. Кейбір дуалауларда ауру адамды *ақ* деп атаса, дені сау, мықты адамды *қызыл* деп зат есім ретінде қолданады.

Ертеде ағылшын халықтарының түсінігінде *ақ қаза* /белый траур/ тіркесі қолданылған. Ол Англияның күйеулерінен айрылып, жесір қалған ханымдары ақ киім кигендіктен айтылған; өмірдің жарқын жақтарынан қол үзу, яғни безеушілікті білдіру үшін кейбір монахтар ордендарында ақ түс таңдалған. Бұған қарамастан XVIII ғасырдан бастап Англияда Виктория ханым 40 жыл бойы киіп өткен *қара* түсі азалы күнді білдірген. Атауыш топтар құрамындағы black теріс және white оң коннотациялық мағынаға ие. Мысалы, «шіріген жұмыртқа», «қара бет» мағынасында «black sheep» – (с.с.оңбаған қой); «біреуді бопсалап, жұрт алдында масқаралау арқылы үркітіп пара сұрау» мағынасында «black mail»(с.с.: қара жәшік); «қара ниет» мағынасында «black soul» (с.с.: қара жан); «жиі көлік апатына болатын жер» black spot (с.с.: қара жер), «жерлеу рәсімі кезіндегі қолға байлайтын шүберек» мағынасында «black armband» (с.с.: қара білек бантигі); бейбітшілік, тыныштық символы ретінде «white dove» (с.с.: ақ көгершін), өзін қорғайтын «өтірік» мағынасында «white lie» (с.с.: ақ өтірік); «сүйікті» мағынасында «white hair» (с.с.: ақ шаш) сөз тіркестері өзіндік ауыспалы мәндегі ұғымды білдіріп тұрғаны анық.

Қайғы, қазада да қазақ әйелдері ақ киеді. Бұл негізінен мұсылман дінінің енуімен байланысты болып келеді. Ағылшын тілінің фразеологиялық қорынан мынадай ұқсастықтарды көруімізге болады. Мысалы, «бақытты», «залалсыз» мағынасындағы: white day (с.с.: ақ күн); white lie (с.с.: ақ өтірік); «тәртіпті, жомарт, қайырымды» мағынасында white man (с.с.: ақ адам), ұйқысыз түн мағынасында: white night- (ақ түн), т.б.

«Қара» сөзіне байланысты қара жамылды, қара қағаз, қаралы ат, қаралы ер-тұрман, қаралы болды т.б. құрамындағы қара сөзі бар тіркестер жамандықты, өлімді нұсқап, теріс мәнге ие. Бұл қарама - қайшылық тереңде жатқан бүкіл адамзатқа ортақ дүниетанымдық құрылымды көрсетеді: бұ дүние - о дүние, өмір мен өлім, т.с.с. Діни дүниетанымның тілдегі көрінісі «қара ниет», табиғат құбылыстарына қатысты «қара дауыл» ағылш.: black frost (с.с.: қара аяз); black market - «қара сауда» заңсыз, сауда; заңсыз, жалған ақша айырбастау мағынасында: black exchange (с.с.: қара айырбас); black list-жазалаушылар тізімі; black humour - көңілсіз сықақ; black comedy-түңілдіргіш, көңілсіз пьеса-сықақ; black Africa, black race - төменгі класс адамдары Америка және Европа елдерінің жұмысшы, қара халқы, т.б.

Әйтсе де, ортақ ұқсастықтарымен қатар, «қара» концептісіне байланысты ұлттық дүниетанымымызда ерекшеліктер де байқалады: «қара» *қасиетті, туған* деген мағыналарға да ие. «Қара шаңырық», «қара хан», сөз тіркестері пікірталас тудырады. Соңғысына байланысты зерттеушілер «қарадан шыққан хан» деген түсінік береді. Біздің ойымызша өте күрделі сұрыптау, яғни генеологиялық тазалыққа сүйенетін және өте жоғары талап қоятын хан сайлау жүйесінің бұған жол беруі мүмкін емес. Оған қоса тарихи деректерде мұндай жағдайлардың болмағаны белгілі. Қазақтар басқа түркі халықтары сияқты сонау ғұн дәуіріне ұласар қатаң заңдылықтағы хан сайлау үрдісіне сүйенген: тақ ағадан іниге, содан соң ағаның баласына, ал содан соң інінің баласына берілген. Бұл туралы Күлтегінде мынадай жолдар бар:

«...Одан соң інілері қаған болды,
Ұлдары да қаған болды,
Бірік інілері ағасындай бола алмады,
Ұлдары әкесіндеә бола алмады...».

«Қара шаңырық» тіркесін қарастыратын болсақ, жалпы шаңырақ атадан әкеге, әкеден балаға, яғни ұрпақ жалғастырушы «әкенің тұяғы», мирас болып, үлкен үй, әкенің түтінін түтететін кенже ұлға қалып отырған.

Киім мен оған қосалқы аксессуарлар да символ бола алады. Мысалы, ер адамға қатысты белбеу - күшті білдірсе, әйел адамға қатысты - некелік адалдық пен қыздың тазалығын білдіріп, пәктіктің символы ретінде түсініледі. Осы мәнде ағылшын

тілінде де «chastitity belt» тіркесі тек қазақ тілінде ғана емес басқа да халық түсінігінде пәктіктің белгісі екендігінің бір көрінісі. Белбеу өте жоғары дәрежеде лауазым белгісі болып та есептеледі. Мысалы, ағылшындықтардың ұғымында «Sam Browne belt» офицерлардің былғары белбеуі ретінде олардың дәрежесін білдіреді. Н. Шаханова өзбектерде бала бірінші мүшелге келгенде белбеу байланатын және ер адамдарға үй ішінде белін таянып отыруға тыйым салынатыны жөнінде жазады [1]. Қазақ мәдениеті тыйым-жоралғылар жүйесінде орын алғандықтан тіліміздегі «беліңді таянба» деген тыйым «күші кеткенді, әлсіздікті» білдіреді. «Белін таяну\бүйірін таяну» белге байланысты тірек пен қорғаныштың жоғалғандығының айғағы. Бел адам денесінің өмірілік күш, арқау берер маңызды мүшесі: *белі кеткен, бесіктен белі шықпаған, бел баласы, бел құда* сөз тіркестері осының дәлелі.

Бұл символ ағылшын тіліне де тән: «tighten one's belt» (с.с.: белін қатты қысып байлау) «бір нәрсені жоғалту» мағынасындағы фразеологизмінде бел күшті білдіреді; «hold the belt» (с.с.: белдікті ұстау) спорттың жеңімпазына \бокста, каратэда\ сыйға белдік тартқан, яғни «чемпион» жеңімпаз мағынасында. Жалпы, белдік адамның денесін, оның моральдық тазалығын қорғаушы ретінде символдық мәнге ие.

Ғаламның тілдік бейнесі адам мен оның болмысын, оның әлеммен қарым-қатынасын сипаттайтын әлемнің концептуалды бейнесімен тығыз байланысты. Ғаламның тілдік бейнесі әр түрлі әлемді айқындаумен қатар, ғаламның жалпы бейнесін де бейнелейді.

Лингвистикада символ тура және абстрактілі мағынаны біріктіретін ерекше белгі болып табылады. Символ көпмағыналылығымен, бейнелілігімен, архетиптілігімен, өткенмен тығыз байланыстағы уәжділігімен, әмбебаптығымен әр кезеңдегі әр елдің мәдениетімен жүйелі және мазмұнды түрде сабақтастығымен тілде және тіл мәдениетінде ерекше орын алады. Символ - ұлттық және бүкілхалықтық бейне, себебі уақыт ағымымен символдар түбегейлі мағынасын жоғалтып, өзгертіп, жаңартып, сақтай отырып адамзатқа нақты ой салады. Яғни әр дәуірге жаңа символдардың мифпен, тарихпен, мәдениетпен бірге пайда болып, қолданыста болуы зерттеушілер қауымын әлі де болса қызықтырары сөзсіз.

Адамзат өздерінің рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін өтеу мақсатында өздері жасаған концепттер әлемінде өмір сүреді. Тілді тұтынушы кез келген адам әлем, дүние туралы түйсінігін, жаңадан, қолдан жасамайды, өзіне дейінгі атадан балаға мұра ретінде қалдырылған ата бабасының тілінде сақталынған тәжірибесі негізінде қалыптастырады.

1. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. Алматы, 1998, 296б.
2. Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. М., 1999.198 б
3. Голан А. Миф и символ. Иерусалим-М., 1994.

* * *

В статье рассматриваются особенности слов-символов в языковой картине мира английского и казахского языков

*Ж. С. Бейсенова*

## О КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ В ТЕРМИНОЛОГИИ

Когнитивная терминология сегодня представляет собой четко очерченный подход в науке о термине, который был определен с конца 90-х годов XX века и являет собой «пятый этап развития терминоведения как ведущей научной дисциплины рубежа XX – X1 веков» (В.В. Лейчик). Следует заметить, что когнитивная терминология в своем развитии, как и каждая другая наука, взаимодействует с другими видами познавательной деятельности и стремится определить законы, в соответствии с которыми различные объекты могут преобразовываться в человеческой деятельности. Теоретическое осмысление и обобщение практического опыта привело к созданию методологических основ когнитивной терминологии. Только после того, как были определены предмет, объект, цели и задачи данного научного направления и его место в терминологии, разработаны основные методические подходы к решению задач и очерчен круг решаемых вопросов, новое терминологическое направление позволяет объяснить уже известные факты с совершенно новой позиции и осмыслить ранее не описанные стороны языковых явлений.

В широкий круг проблем когнитивной терминологии включены разнообразные аспекты, выполняемых в рамках когнитивно-коммуникативной лингвистики: построение связанной и логически стройной системы научных знаний, разработка особых методов когнитивных терминологических исследований, которые дадут возможность объяснить механизмы использования и функционирования тех или иных языковых фактов и явлений; когнитивно-коммуникативные аспекты рассмотрения терминологических единиц, терминосистем и языков для специальных целей. Когнитивная терминология выделяет важную проблему концептов и концептуальных структур. Их природа определяется научным описанием когнитивных структур, дифференцированием базовых понятий, атомарных концептов. Терминосистема строится на ключевых понятиях, и

их описанию специалист уделяет наибольшее внимание. Когнитивная карта дает представление о структуре всей науки, показывая строение системы науки, разные подсистемы, их взаимодействие. Например, одним из ключевых понятий юридической науки является отдельный концепт *законодательство*, а формирующими его концептуальную структуру являются следующие: *система (юридическая), структура (законодательства)*, *статья (закона), исполнение (физические/юридические лица) и т.д.* По разным основаниям различаются и объединяются в юриспруденции *государственное право, международное право, конституционное право, гражданское право, трудовое право* и многие другие дисциплины. Ни в одной юридической справочной литературе нет полной картины структуры юриспруденции. Формирование основных понятий когнитивной терминологии является результатом собирания опыта и накопления знаний вокруг ее основных объектов, описывающих предметную область определенной науки. Нужно особо подчеркнуть аспект преподавания языка для специальных целей, требующий от лингвиста большого профессионализма во владении определенной совокупностью знаний о необходимой ему предметной области. Когнитивный взгляд на предметы означает, что ему знакомы и известны результаты концептуализации материала в том объеме, который связан с общими представлениями о направлениях данной науки, об их общем содержании. Это возможно при условии, что преподавателю языка для специальных целей знакомы программа, цели и задачи, принципы организации данной научной системы, объект анализа. Эти сведения черпаются из учебных пособий, словарей, справочников, используемых в процессе обучения соответствующей специальности. Таким образом формируются ключевые понятия конкретной дисциплины как структуры знания. Так, например, в практике преподавания юрислингвистики для студентов переводческого направления ключевые понятия связаны с основными понятиями когнитивной терминологии, лингвокультурологии, теории судебной лингвистической экспертизы и теории речевых актов применительно к концепту «оскорбление» в казахском / русском языке. Наиболее типичным объектом презентации в этом случае являются такие ключевые понятия как *юридические аспекты языка, лингвистические аспекты права, лингвистическая экспертиза текстов, оскорбление чести и достоинства, защита чести, достоинства и деловой репутации, лингвистическая детекция, правовая диагностика оскорбления* и др. В данном случае термин *понятие* употребляется для обозначения концепта, который возник «на основе выделения и осмысления существенных характеристик предметов и явлений в результате постепенного отвлечения от их второстепенных индивидуальных признаков, то есть в результате теоретического познания» [1,с.24].

Привлечение отраслевых терминологических словарей дает возможность решить проблемы отбора ключевых понятий, хотя и здесь возникают свои трудности, так как при составлении терминологических словарей не всегда успешно проходит работа по отбору материала по степени его релевантности, важности, да и терминологические словари не дают полный объем знаний о терминах, не предоставляют возможности получить картину реальной когнитивной структуры системы знаний. Информация о предметных когнитивных структурах заложена в учебниках, научной и справочной литературе. Но при анализе специальных текстов обнаруживается, что представленные знания различны и не всегда очевидны. По этой причине преподаватель фактически сам различает и дифференцирует рассматриваемые понятия, сопоставляет дефиницию термина и соответствующую ему когнитивную структуру знания. При этом на этом этапе выделения ключевых понятий важным представляется аспект идентификации места термина в существующей иерархии уровней, которые квалифицируются как суперординантный и субординантный относительно базового [2].

Представление о когнитивной сущности термина связано с особенностями структуры представляемого им знания. Она является результатом когнитивного знания специалиста, которые представляют собой взаимосвязь нескольких видов знаний: знания о научном фрагменте мира, знания о ментальных формах его отражения в сознании, о языковых нормах его репрезентации, знания о языковых единицах, выполняющих функцию хранителей, фиксаторов и трансформаторов научных знаний в научном и образовательном пространстве. Таким образом, термин как языковой знак, репрезентирующий знания в той или иной научной сфере, информирует социум об определенном опыте взаимодействия человека с миром, подчеркивая его профессиональный опыт и специальные знания.

В когнитивный аспекте терминологические единицы должны быть описаны концептуально как определенные когнитивные структуры. Концептуальная система любой науки формируется через категории и категориальные признаки. Категоризация является базисом для организации науки как системы знаний. В процессе исторического развития изменяется видение научных объектов, что способствует появлению различных ключевых понятий. В концептуальную структуру наблюдается постепенное вхождение новых элементов, при этом новые концептуальные признаки входят в когнитивную структуру совершенно логично. Например, с одной стороны, такие слова как *юриспруденция, лингвистика*, а с другой - такие понятия как появившиеся на новом этапе развития данных наук *юрислингвистика и лингвоюристика* легко осмыслены и поняты субъектами научной сферы и участниками практических юридических и лингвистических отношений.

Наиболее полную картину об организации терминологической системы дает когнитивная карта, включающая все основные дисциплины и на-

правления науки. Когнитивная карта представлена в виде фреймов. Способы репрезентации фреймов зависят от целей и задач исследования. В словарной статье В.Ф. Новодрановой «Когнитивное терминоведение» показана модель взаимосвязи между структурами знания и их языкового выражения в виде сценария (фрейма), отражающего фрагменты концептуальной научной картины мира. Также интерес представляют помещенные в словаре описания вопросы семантического и морфологического терминопорождения, многозначность термина, замена понятийного подхода к термину на категориальный, многоаспектность изучения термина, наличие разных определений одного и того же концепта и др.

Таким образом, концептуальные терминологические системы, стоящие за ключевыми понятиями у представителей научного сообщества, не всегда одинаковы, хотя концептуальные признаки сгустка концептосферы отдельно взятой науки должны присутствовать. Иначе не будут возможны взаимопонимание и коммуникация в научном сообществе. Формирование когнитивной терминологии как «пятого этапа» ее развития (В.В. Лейчик) и являющего собой составляющую когнитивного подхода в современной науке подчеркивает объективность мысли о формировании данного направления, обогащающую когнитивную науку в целом. Завершая рассуждения по поводу когнитивного направления терминологии подчеркнем, что на сегодняшний день пока нет обобщающих книг по когнитивной терминологии и процесс ее формирования далек от завершения.

1. Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика. – Тамбов. – 2000. - С. 24
2. Манерко А.А.Язык современной техники: ядро и периферия: монография. – Рязань. – 2000
3. Кубрякова Е.С. О современном понимании термина «концепт» в лингвистике и культурологи // Реальность, язык и сознание: Тамбов. – 2002
4. Шеллов С.Д. Термин. Терминологичность. Терминологические определения. – СПб. – 2003
5. Лейчик В.М. Место терминов в процессе вербализации концептов // Проблемы вербализации концептов в семантике языка и текста. - Волгоград. – 2003
6. Дроздова Т.В. Проблемы понимания научного текста. – Астрахань. – 2003.

*Ж. С. Бейсенова*

## ЭВОЛЮЦИЯ ПРОБЛЕМ И АСПЕКТОВ ИЗУЧЕНИЯ ОТРАСЛЕВОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Не подвергается сомнению тенденция к быстрому увеличению объемов специальной лексики в связи с научно-технологическим прогрессом. Социальные изменения, вызывающие радикальную перестройку понятийного аппарата многих научных дисциплин и возникновение новых отраслей знания и новых понятий, значительно увеличивают потребность в номинации. Это приводит к массовому возникновнию новых терминов и целых терминологических систем, а также привносят существенные изменения в уже существующие терминологические системы. Объяснение причин резкого увеличения объема специальной лексики на современном этапе становится в полной мере убедительным, если обратиться к рассмотрению теории языков для специальных целей. Эта теория ведет свое начало от концепции Пражского лингвистического кружка о функциональных языках, представляющей языки для специальных целей как функциональные разновидности современных развитых национальных языков, как подсистемы этих языков, которые используются в специальных сферах общественных отношений. Перечень специальных сфер деятельности и знания, характерных для современного общества, достаточно широк (наука, экономика, политика, управление, производственная инфраструктура, культура и спорт, оборона, здравоохранение, ветеринария, средства массовой информации и др.). Любая из этих сфер обслуживается языком, и, конечно, не может существовать и функционировать без общения людей. Языки для специальных целей (ЯСЦ) в данном случае представляют собой средство общения в каждой из специальных сфер. Формируются теоретические и прикладные направления изучения терминов и терминологий.

В лексикологических исследованиях вопросы развития и формирования отраслевых терминологических систем занимают важное место. В 30-е годы XX века из лингвистики выделилась и начала складываться новая прикладная научная дисциплина, имеющая объектом исследования термины и терминологические системы – терминология. Свой исторический вклад в развитие этой дисциплины внесли такие выдающееся ученые, как А. Байтурсынов, К. Жубанов, С. Кенесбаев, У. Айтбаев, В.В. Виноградов, Д.С. Лотте, Г.О. Винокур, А.А. Реформатский, Р.А. Будагов, О.С. Ахманова, выделявшие в своих исследованиях актуальные направления изучения терминов, как номинативный, нормативный и функциональный. С тех пор ситуация с описанием терминологий кардинально изменилась. Имеются необходимые теоретические издания (У. Айтбаев, Б. Калиев, Ш. Курманбайулы, В.С. Гринев, Г.П. Мельников, А.В. Суперанская,

В.М. Лейчик) и теоретические журналы по терминоведению: «Терминологический вестник», «Терминологиялық хабаршы».

В настоящее время можно говорить о создании общей теории терминологии – одной из важнейших частей теории общего языкознания. Внимание к научному языку, к терминам предопределен прогрессом естественных и технических наук, социологии и психологии, философии, лингвистики, искусства, культуры, сопровождаемых появлением специальных слов для обозначения изучаемых объектов. Хотя этот процесс происходит в разное время в разных концах света, само по себе это явление универсальное. Можно с полным основанием считать, что на рубеже XX-XXI вв. в русском и казахском языках выработана терминология почти для всех ведущих отраслей науки и техники. Об этом свидетельствует ряд русско-казахских/казахско-русских отраслевых терминологических словарей, справочников, научных публикаций.

Терминология как специальная область знания возникла вскоре после первой мировой войны. Развитию ее во многом способствовала начавшаяся еще до войны стандартизация, связанная с именами таких видных зарубежных терминологов как О. Вюстер, Х. Фельберг, долгое время стоявших во главе Австрийского центра терминологии.

Исторически об аспектах изучения термина с постановкой вопроса, как замечает В.А. Татаринов, в науке начали говорить, начиная с 1972 года, когда произошла институализация терминоведения как самостоятельной научной дисциплины. Первой научной работой по систематизации аспектов терминологических исследований в таком понимании была кандидатская диссертация В.А. Татаринова [1]. Теория терминологии, обобщая опыт терминологической науки, способствует созданию и совершенствованию терминологических систем отдельных дисциплин, выявляя те черты, которые свойственны любому термину, и отграничивая их от черт, свойственных словам-нетерминам. Но несмотря на большие различия в специфике предметных знаний некоторых областей науки и техники, обслуживающие их терминосистемы имеют и общие черты, поскольку формируются из лексического материала того языка, на котором говорят создающие данную терминологию народы.

Черты, свойственные терминологиям различных отраслей, заслуживают специального изучения, ибо вопросы построения терминологических систем неизбежно возникают в работе любого исследователя-лингвиста, терминолога и нуждаются в комплесном решении. Терминосистема любой научной дисциплины, отражает, с одной стороны, ее современное состояние, а с другой – является инструментом ее дальнейшего развития.

В настоящее время в работах по исследованию терминологических проблем показано, что терминология как наука возникла на стыке лингвистики, логики, онтологии, информатики и предметных наук. Для современного терминотворчества в области отраслевой терминологии основной проблемой стали унификация и стандартизация терминологии на разных уровнях ее развития и практического владения, решение таких задач, как теория термина и терминологии, когнитивное терминоведение, термины в лексике языков для специальных целей, лексикография, термины в профессиональной деятельности, организация научно-терминологической работы. Главными точками решений этой проблемы являются создание новых терминов, перевод иноязычных терминов на родной язык, выделение синонимичных рядов и выбор основного термина, возвращение народных терминов к жизни в связи с возрождением национальной терминологии в государствах СНГ, возникших после распада СССР. Несмотря на все трудности, связанные с давлением русского языка в советский период, наблюдаются определенные успехи в этой работе. Казахстанскими учеными интересно решены лингвистические и логические проблемы термина, реального соотношения термина и понятия, прикладные вопросы унификации терминологий, изданы монографии по лингвистическим, социолингвистическим аспектам терминологии и терминографии, сборники статей, посвященные проблемам и перспективам развития современной терминологии в Казахстане (У. Айтбаев, А. Кайдаров, Ш. Сарыбаев, Р. Сыздыкова, Б. Калиев, Ш. Курманбайулы, К. Бухарбаева, А. Жумабекова, М. Евтеева, А. Бижкенова, Е. Абдрасилов, А. Азаматова и др.).

Обобщение опыта отдельных исследователей и школ, поиски общих универсальных задач и пути их решения представляют значительный научный интерес. Все это составляет круг проблем теории терминологии. В него входит также изучение возможностей отдельных языков для построения терминологических систем научных дисциплин, соотношения национальных и интернациональных элементов в отраслевых терминологиях, например, ветеринарной медицины, целесообразности формирования их развития в сторону их национализации или интернационализации. Типологическое терминоведение как научное направление обосновывается в работе С.Г. Казариной [2, с. 272], где предпринимается попытка описать систему филиационных процессов в языкознании с учетом сохранения предмета языкознания: лингвистика – терминоведение – типологическое терминоведение. Сопоставление терминологических объектов дает возможность выявить их типологические свойства с тем, чтобы проследить формирование научных типов мышления и реализовать полученные результаты в номинационной деятельности. Значимым является вопрос, нужно ли начинать с детального изучения терминологии отдельной отрасли или создать некую сетку характеристик, которую можно использовать как матрицу для терминологической системы. В отраслевой терминологии намечены такие направления в подходе к термину, как изучение отраслевых терминологий как основного компонента профессионально-отраслевого языка и места отраслевых

терминологий в структуре языкознания. В русской лингвистике Л.В. Ивина подошла к изучению отраслевых терминосистем на примере венчурной лексики экономической терминологии с лингвокогнитивной позиции. Л.С. Рудинская определила современные тенденции гематологической терминологии. Экономическую лексику с разных научных позиций описали М.В. Китайгородская, Е.А. Коновалова, Н.М. Карпухина. О проблемах компьютерной терминологии размышляет Ж. Токебаева-Буланбаева. Семантизация земледельческой терминологии рассматривается в работах А.К. Нуркасымовой. На страницах периодической печати, в средствах массовой информации наблюдается тенденция к вариативности при переводе терминов. Это явление отрицательно сказывается на создании отраслевой терминосистемы в целом и затрудняет работу специалистов-переводчиков. О неоднозначности термина рассуждает В.А. Татаринов и расширяет свою концепцию обоснованием амбисемии и эврисемии термина [3, с. 311]. Исследует категорию терминологичности как ингерентного свойства термина С.П. Хижняк на материале юридической литературы [4, с. 39]. Когнитивную категоризацию специальных понятий анализирует на материале цветообозначений в русском и казахском языках Ш.К. Жаркынбекова [5, с. 56], а на материале именования лиц по профессии – Е.И. Голованова, подтверждая лингвистический статус специальных единиц и их функциональную обоснованность [6, с. 330]. Онтологический статус термина в современном русском языке с общетеоретических позиций рассмотрен в книгах А.Х. Султанова [7, с. 91] и К.Я. Авербуха [8, с. 239]. О нормативности терминологической лексики пишут в своих трудах Р. Сыздыкова [9, с. 86-92], М. Ескеева [10, с. 60-67]. О заимствованных терминах пишет С. Исакова [11 с. 32-34]. Вопросы терминологической номинации – лингвистический феномен, который в настоящее время имеет широкую полиаспектность. Такую полиаспектность находим в терминологических исследованиях М.Н. Володиной в русском терминоведении [12, с. 180] и Ш. Курманбайулы в казахском терминоведении [13, с. 55]. Ученые обращают внимание на препозитивный и социально-коммуникативный характер термина, вычленяют психолингвистический и лингвопрагматический аспекты терминологической номинации, подчеркивая при этом роль метафоры в процессе номинации термина. «Без метафоры нет творческой мысли» (М.Н. Володина). Авторы обращают внимание на то, что при моделированном терминообразовании формируется собственный терминологический словообразовательный фонд, проявляющийся в создании отраслевых терминологических микротерминосистем. В основе классификации лежит языковой источник образования термина: своеязычный термин, термин греко-латинского происхождения, калькированный термин и термины аналогичного терминопроизводства в разносистемных языках. Филологические, функционально-стилистические аспекты изучения термина традиционно привлекают внимание ученых-филологов. Так, З.А. Муканова исследует природу термина в произведениях Ш. Валиханова [14, с. 27]. Проблемам когнитивного терминообразования на примере деонимизмов в сопоставительном аспекте посвящена монография А.Е. Бижкеновой [15, с. 79]. Место терминологической лексики в сопоставительном аспекте в казахстанской лингвистике рассмотрено С.А. Гонцовой [16, с. 92]. Заслуживают внимания исследования внутриотраслевых и межотраслевых терминологий учеными-лингвистами З.И. Комаровой [17, с. 391-465], В.Г. Кульпиной [18 с. 470]. Широкий интерес к терминологическим исследованиям обусловлен возросшей ролью терминологии в жизни современного общества с его сложной информационной структурой. Термин предстает как феномен речемыслительной деятельности человека.

В терминологии имеет место сознательное конструирование новых слов, которых раньше не было ни в одном языке, значительное место в общей терминологии отводится логическим проблемам. При этом, как следствие, анализируется и логика языковых отношений, и логическое деление объекта исследования с тем, чтобы выявить возможности использования параллельных языковых конструкций для обозначения аналогично воспринимаемых и осмысляемых фактов, явлений, процессов, научно обоснованных в трудах классиков теории термина А. Байтурсынова, А.А. Реформатского, Г.П. Мельникова. Эта мысль представляется особенно интересной для анализа ассоциативно-образного характера мышления в процессе терминотворчества. Например, казахское слово *шешек,* известное еще в древнетюркском как “цветок”, в XX в. приобретает терминологическое значение “название болезни” (*шешек – оспа).* Или русское слово ‘*ящур’*, известное в общеславянском языке в значении “*крыса*”, *ящерица “саламандра”,* впоследствии приобретает значение “название болезни”.

Одно из важнейших положений науковедения – различие предмета и объекта знания, науки и научной дисциплины: «Надо всегда помнить – а в методологическом исследовании это положение становится главным, – что предмет знания не тождественен объекту: он является продуктом человеческой познавательной деятельности, и, как особое создание человечества, подчинен особым закономерностям, не совпадающим с закономерностями самого объекта» [19, с. 14].

Таким образом, предметом теории терминологии в совокупности является: изучение формирования и употребление специальных слов, с помощью которых обозначаются накопленные человечеством знания; выявление общих черт, свойственных им всем; поиск оптимальных способов создания новых терминов и их систем; совершенствование уже существующих терминосистем; поиски универсальных фактов, общих для терминологий разных областей; обобщение опыта работы отдельных исследователей и школ.

1. Татаринов В.А. Лексико-семантическое варьирование терминологи-ческих единиц и проблемы терминологии: дис. … канд. филол. наук. – М., 1987. – 234 с.
2. Казарина С.Г. Типологическая характеристика отдельных терминологий. – Краснодар: КУБГМА, 1998. – 272 с.
3. Татаринов В.А. Теория терминоведения. – М.: Московский лицей, 1996. – С. 311.
4. Хижняк С.П. Формирование и развитие терминологичности в языковой системе: автореф. … д-ра филол. наук. – Саратов, 1998. – 39 с.
5. Жаркынбекова Ш.К. Концептосфера как объект когнитивного анализа // Русский язык и литература в XXI веке: теоретические проблемы и прикладные аспекты: Материалы 1 межд. конгресса. – Москва-Астана, 2007. – С. 87-92.
6. Голованова Е.И. Категория профессионального деятеля: Формирование. Развитие. Статус в языке. – Челябинск, 2004. – 330 с.
Смешение элементов двух компетенций осуществляется в речевой деятельности. Две компетенции, как бы существующие в памяти билингва, неодинаковы по статусу (компетенция $Я_1$ наиболее полно отражает существенные черты данной языковой системы, компетенция $Я_2$ – ущербная), сосуществует в памяти билингва. В процессе речевой деятельности недостающие единицы и правила $Я_2$ необходимые для интерпретации и порождения речевых произведений на данном языке, выполняются за счет единиц и правил компетенции $Я_1$ [16].

При естественном билингвизме имеются две в достаточной степени сформированные компетенции, позволяющие билингву свободно общаться на первом или втором языках. При искусственном билингвизме в достаточной степени сформирована компетенция первого языка и в недостаточной степени – второго, вследствие чего билингв вынужден обращаться к использованию второго языка через первый. Однако в начальной стадии билингвизма все же наблюдаются случаи ущербной компетентности во втором языке, когда допускаются речевые ошибки, интерферентные ошибки и порождение неправильных речевых произведений на втором языке.

Наблюдения над фонетическими особенностями немцев-билингвов показывает и случаи диглоссии, особенно в речи молодых, когда они переключаются с диалектного языка на Umgangsprache или литературный немецкий язык.

Н.Б. Мечковская относит диглоссию к одному из видов культурного двуязычия. Для этого вида двуязычия, по ее мнению, характерны следующие черты: 1) такое функциональное распределение

языков, при котором один из них используется в «высших» (небытовых) сферах и ситуациях общения (в церкви, книжно-письменной сфере, в науке, образовании) и не принят в повседневном общении; второй язык, напротив, возможен только в повседневном общении и особых жанрах письменности, например в договорах, публичных объявлениях, рекламе, иногда в низших жанрах художественной литературы; 2) престижность книжного («высокого») языка (в языковом сознании социума); 3) надэтнический характер престижного языка: ни для одной из этнических или социальных групп населения он не является родным (материнским); 4) искусственный (школьный) характер овладения престижным языком – поскольку такой язык не пользуется в обиходе, им нельзя овладеть естественным путем (от матери, в семейно-бытовом общении в детстве) [17, с. 171-172].

Понятия диглоссия и переключения языков при билингвизме в определениях Л.И. Баранниковой и Л.П. Крысина смешиваются. Данный термин рассматривается более широко. Ученые дают ему следующие определения: а) «два языка структуры, которых различаются типологически и материально»; б) два языка, имеющих типологическое и материальное сходство в своих структурах; в) диалекты, принадлежащие разноструктурным языкам; г) диалекты, принадлежащие к языкам, близким по структуре [18].

В данном случае речь идет о переключении с одного языка на другой, а также о переключении с диалектов одного языка на диалект другого языка. Во всяком случае, переключение затрагивает системы двух языков. Правильным является определение диглоссии Л.П. Крысиным, утверждающим, что при билингвизме и диглоссии имеют место сходные явления переключения. Переключение при диглоссии наблюдается в том случае, когда диглосс владеет двумя или несколькими формами языка, переключаясь с одной формы сосуществования на другую. При этом выделяются следующие разновидности диглоссии: 1) различие языковых кодов (подсистемы одного языка также различаются элементами кода и отношениями, которые существуют между этими элементами в каждом коде; 2) ситуативно-обусловленное переключение с одного кода на другой (наблюдается разделение функций между разными формами одного языка в зависимости от социальных и ситуативных условий общения); 3) интерференция кодовых элементов в процессе коммуникации (лица, владеющие разными подсистемами языка, тоже могут использовать элементы, как одного, так и другого кода в одной и той же речевой ситуации); 4) в процессе заимствования при постоянном контакте и взаимодействии двух языковых разновидностей в одном социуме может происходить заимствование кодовых элементов, при этом заимствованные элементы вступают в парадигматические связи с элементами воспринявшей их системы [19].

Пак Н.С. считает, что диглоссия представляет собой процесс контакта языков и диалектов в речевой деятельности билингвов. В зависимости от его социального статуса, различаются три типа взаимодействия: первый тип – *билингвизм* (взаимодействие двух и более разноструктурных языков), второй тип – *диглоссия* (взаимодействие двух разновидностей одного языка – литературной и диалектной при четком распределении двух и более разноструктурных языков), и третий – *амбоглоссия* (от лат. *ambo* – «оба, и тот, и другой», греч. *glōssa* – «язык» (взаимодействие двух диалектов одного языка) [14, 19].

На наш взгляд, диглоссию следует понимать более узко, как переключение существования одного и того же общенародного языка, когда носитель данного языка переходит с кода специализированной коммуникативной системы одной формы существования на код другой коммуникативной системы, относящейся к иной форме существования этого же языка. Носитель языка может быть диглоссом или моноглоссом, усваивая множество кодов разных форм существования языка.

Переключению кода с одной формы существования на другую способствует множество факторов: 1) изменение ситуации общения, когда переключение кода является не чем иным, как реакцией коммуникантов на изменение социальной ситуации речевого акта. Социально значимым в таких случаях является сам факт предпочтения одного языка или одного диалекта другому [20]; 2) смена социальных ролей участников коммуникации; 3) престиж какой-либо формы существования языка; 4) смена темы и др.

Наиболее частыми видами диглоссии являются: 1) переключение при смене ситуации, когда носитель диалекта переходит на промежуточную форму языка (Umgangssprache) или с литературного языка (Hochdeutsch) переходит на другую форму существования языка – диалект. Информант Шмидт Л.А. учитель немецкого языка г.Павлодар владеет волжско-немецким диалектом и литературным немецким языком. При разговоре она использует попеременно волжско-немецкий диалект и литературный немецкий язык, например: *Ich werde ein Gedicht aus meiner Kindheit erzählen: to owe steht e bemmchen, s hat so schene esterchen, wenn ich auf dn Himmel komme, ds ist das allerbeste* (Я расскажу стихотворение из моего детства: там наверхе стоит деревце, у него красивые веточки, когда я буду на небе, это будет самое лучшее). Информант Бишель Л.Я. из села Набережное Павлодарской области владеет швабским диалектом, говорит отлично на казахском и хорошо говорит на русском языке: Балдарыма немісше уйреніндер деген едім, тындамай қойды, қазақша бәрі де жақсы біледі. Sie schwätzen teitsch net so wie i (Детям говорила, учите немецкий язык не слушаются, по-казахски все хорошо говорят. Они не говорят по-немецки как я).

Фонетические черты швабского диалекта:

1) удлинение гласного *ā* перед сочетанием звуков *ht;*

*nicht jedes Feld trägt, jede Frūxd* (не каждое поле плодоносит). *Vielleicht deswegen gibt es hier in Aulen keine Hinterhöfe…(Возможно поэтому в аулах нет дворовых пристроек)* /Информант Рябуха (девичья фамилия Гаас) В.Ф. с.Розовка Павлодарская область/;

2) краткий гласный верхнего подъема расширяется ü>ö, при

делабилизации ē, например: *gegrößt* (приветствую), соответствуют удлинением *>ē, ō, ō (ē)* /Информант Рябуха (девичья фамилия Гаас) В.Ф. с.Розовка Павлодарская область/;

3) новый вид умляута *ei>ā*, например: *Mādel* – das Mädchen (девочка)

возникает в диалектах на основе фонетико-грамматической аналогии, не представлен в литературном языке;

5) *sā, mā* – от *sei, mein - ei>ā*, например: *Hõŋric ist der beste Koch* (Голод хороший повар); *in der Not schmeckt jedes brūt* (В нужде вкусен каждый хлеб). В данном случае происходит переход на диалект в диалоге ситуации бытового общения носителями литературного языка. Im Arbeitslager (рабочий лагерь) war sehr schlecht, *šwâe.* Dont *šwāts* (schwarz) Leben *Höŋric.* /Информант Рябуха (девичья фамилия Гаас) В.Ф. с.Розовка Павлодарская область/

6) *höŋric* (hungrig – голодный), отсутствует умляут *u* краткость перед старой геминатой *kk, gg, kx*; *šwāts* (schwarz).

7) исчезновение *r* перед переднеязычными согласными. Вокализация *r*; *brūət* – Brot (хлеб): сужение u с дальнейшей дифтонгизацией *ū>ūə*.

8) Переключение на другую форму существования языка в ситуации «свой-свой», переключение на диалект как родной язык, сближающий с земляками, позволяющий идентифицировать себя с ними в ситуации «свой-чужой», например: *Na, wer erinnert sich an Wortverbindungen mit den Wörtern:* „*Hous*“ (кто вспомнит о словосочетаниях со словом дом), „*Heim“, „Daheim“: – Ohne hois kein Mūs* (нет дома, нет мышей), *Nest ist das Best (Нет, гнездо самое лучшее).* «*der Hoind ist daheim am 'stolzesten; Daheim ist man zwei»* (дома нас двое), *Daheim ist guəd gelernt sein* (Дома и учится хорошо) /Информант: Зайбель Э.А. , г.Павлодар/.

Таким образом, анализ фонетических черт швабского диалекта показывает: 1) сохранение всех фонетических особенностей швабского говора; 2) смешение его фонетических черт с чертами других диалектов под их влиянием; 3) возникновение смешанной речи билингвов под влиянием другого языка; 4) переключение с диалектного на Umgangsprache (разговорный язык) или литературный язык (в речи лиц, которые имеют высшее образование).

Все это показывает, что швабский говор в иноязычном окружении, несмотря на сохранение основных фонетических черт, все же подвергается изменениям.


1. Домашнев А.И. Современный немецкий язык в его национальных вариантах. – Л., 1983. – 230с.
2. Korn R. Das System der Vokalphoneme der schwäbischen Mundart in Kazachstan: Entwicklungsbesonderheiten unter den Bedingungen fremdsprachiger Umgebung / Robert Korn. – Stuttgart: Steiner, 1995. – 96c.
3. В.М. Жирмунского «Ареальные исследования в языкознании и этнографии». Л., 1971. – 129с.
4. Строева Т.В. Немецкая диалектология. – Л. 1985. – 89с.
5. Жирмунский В.М. Немецкая диалектология. – М; – Л; 1956, –С.32-36.
6. Гухман М.М. Введение. Типы наддиалектных форм языка.– М., 1981. –С.502-548.
7. Бинович Л.Э., Гришин Н.Н. Немецко-русский фразеологический словарь. М., Русский язык, 1975. – 656с.
8. Jedig H. Laut- und Formenbestand der niederdeutschen Mundart des Altai-Gebietes. – Berlin: Academie – Verlag, 1966, – S. 44.
9. Гейнц В.К. Фонетический строй верхненемецкого говора в Омской области. Дисс.канд.филол.наук. – Омск, 1971. – 248с.
10. Trubetykoy N.S. Grundzüge der Phonologie. Göttingen, 1971. – S.262.
11. Bauer G. Die Mundarten im nördlichen Schwarzwald. Bd.1. – Marburg, 1967.
12. Жирмунский В.М. История немецкого языка. – М. – 1965. – 406с.
13. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. –428с.
14. Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). – М., 1969. – 160с.
15. Grimshaчo F.D. Soziolinguistik // Advandes in the sociology of Language, 1. – The Nagne, 1971.
16. Карлинский А.Е. О некоторых основных понятиях теории взаимодействия языков// Зарубежное языкознание и литература. Вып. 3. – Алма-Ата, 1973. – С.9-15.
17. Мечковская Н.Б. Общее языкознание. Структурная и социальная типология языков. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 312с.
18. Баранникова Л.И. О языковых контактах // Взаимодействие и взаимообогащение языков народов СССР. – М.: Наука, 1969. – 280с.
19. Крысин Л.П. Владение разными подсистемами языка как явление диглоссии // Социально-лингвистические явления. – М.: Наука, 1976. – С.62.
20. Auer P. Zweisprache Konversationen. Codeswitching und Transfer bei italienischen Migrantenkindern in Konstanz – 1983. – P.51.


* * *

Мақалада неміс тілінің магиялық және ритуалды символикалық кызметі қарастырылған.

* * *

Schwabian dialects of the phonetic features is considered in the article.

***З. Ержанова***

# НОМИНАТИВТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ «ӨНЕР» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ

*Өнер* сөзі қазақ тілінде мынадай мағыналарда қолданылады; 1. Бір шаруаны ұқсатып жасау қабілеті, шеберлік, іскерлік. 2. Шындық өмірді шығармашылық жолмен, көркм образдар арқылы суреттейтін көркемөнердегі жанр. 3. ауыс. Кәсіп, қарекет [1, 654].

Мәдениеттануда *өнер* сөзі тар және кең мағынасында қолданылады. Тар мағынасында алғанда *өнер* деп көркем шығармашылық процесін және оның әртүрлі бітімдерін айтады. Өнердің қазақ мәдениетіндегі алғашқы жүйелерін, түрлерін көрсеткен Жүсіпбек Аймауытов: "Атам заманғы табылған өнер, білімнің бәрі сөз арқылы бұл күнге жетіп, піскен астай даяр болып, жемісін бүкіл адам баласы пайдаланып отыр", - деп жазады. Зерттеушілер өнерді беске бөледі: 1. Сөз өнері. 2. Суретшілік өнері. Мүсіншілік өнері. 4. Үй ішілік (сәулет, үй, сарай, көпір салу сияқты өнер) 5. Музыка өнері [2, 316].

Осы өнер түрлерінің ішінде ең артық бағаланатыны – сөз өнері. Өйткені жоғарыда аталған өнер түрлерінің бәрін сөзбен суреттеп айтуға болады. Сондықтан да қазақ мақалында "Өнер алды – қызыл тіл" деп тұжырымдалады.

*Өнер* атауы кең мағынасында кез келген адамның шығармашылық әрекетінің баламасы ретінде де жұмсалады. Бұл мағына "шеберлік", "жасампаздық", "іскерлік", "таланттылық" және жалпы "мәдениеттілік" ұғымдарымен сабақтасып жатады. Қазақтың қолөнері, зерттеушілердің көрсетуінше, үй ішілік кәсібі негізінде дамыған.. Мәдениеттанымдық жағынан қарастырғанда табиғи емес, қолдан жасалған нәрселер артефактілер деп аталады. Артефактілер – мәдениеттің жемісі. Мәдениеттануда артефактілер ретінде тек денелік белгілер емес, сонымен бірге таңбалық, символдық мазмұны бар кез келген жасанды нәрсе қарастырыла алады. Мәдени артефактілерге адам қолынан шыққан заттар, бұйымдар, еңбек құралдары, киім-кешек, тұрмыстық жабдықтар, тұрғын үй, сонымен бірге қоғам өмірінің құбылыстары – наным-сенім, өнер, моральдық қағидалар т.б. жатады. Халықтың шығармашылық рухынан туған дүниелер, өнер – мәдениеттің алтын қазынасы.

Тарихи тұрғыдан алғанда қолөнер лексикасы байырғы аңшылық, малшылық, егіншілік сияқты шаруашылық түрлерімен байланысты қалыптасқан кәсіби лексикамен тығыз байланысты. Себебі қолөнері сол шаруашылықтарды құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге, адамдардың тұрмыстық қажетін өтеуге байланысты қалыптасты. Қолөнері де кәсіпке жатады. Өйткені екуіне де ортақ нәрсе: еңбектің қандай да бір түріне бейімделу, машықтану, белгілі бір істің маманы болу. Осыған байланысты тарихи-этнографиялық әдебиеттерде, мәдениеттануға қатысты еңбектерде *кәсіп, қолөнер кәсібі, зергерлік кәсіп, тоқымашылық ісі, ағаш шеберлігі яки ағаш өңдеуді кәсіп ету, қолөнеріне байланысты кәсіпшілік, қол еңбегі кәсіпшілігі, үй ішілік кәсіп* тәрізді атаулар, сөз тіркестері ұзақ уақыттар бойы осылай түрліше қолданылып, соңғы кездерде бұлардың басын жинақтап көрсететін *қолөнер* деген термин, ал оның түрлері немен айналысатынына қарай *үй ішілік өнері, ұсталық өнері, тігіншілік өнері, зергерлік өнері, ершілік өнері, тоқымашылық өнері* т.б. түрінде *өнер* сөзімен тіркесіп айтылатын болды. Этнографиялық еңбектерде басқа кәсіп түрлерінен қолөнерінің бір ерекшелігі ретінде оның белгілі бір шикізатты (материалды) өңдеуге байланысты қалыптасатындығы, өңдеу тәсілдерінің қарадүрсін емес, шығармашылықпен орындалатындығы, соның нәтижесінде көркем, мықты, сапалы т.б қасиеттерімен ерекшеленетін бұйымдардың дүниеге келетіндігі, қолөнер бұйымдарының эстетикалық, әлеуметтік жіктеу, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқарып, сондай қызметтерді атқарудың заттық құралы болғандығы айтылады. Осындай белгілеріне қарай тұжырымдай айтқанда қолөнері – ерте замандардан қол еңбегінің негізінде шығармашылықпен қалыптасқан, рухани мәдениетпен тығыз байланысты материалдық, мәдени мұра [3,138-139].

Жинақталған материалдар "*өнер*" концептісі, "еп, икем", "жұмыс", "іс", "өткір", "өңдеу", "мөлшер", "біркелкі", "қоспасыз, таза", "металл", "қару", "жаңа", "әшекейлеу", "шебер", "құрал", "бұйым", "бейімделу, мамандану", "киім" т.б. сан алуан ұғымдарды қамтиды.

Тіл - тек комуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі, өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған, өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Міне, қысқаша тоқтала кететін болсақ, қазіргі замандағы тіл, таңба мәселесіне және оның мәдениеттегі орнына деген көзқарастар осындай. Тіл – тек денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі, әлеуметтік – мәдени, идологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр. [2, 47]. Бұл айтылғандардың барлығының қолөнерге тікелей қатысы бар. Оны төмендегі мәдени, тілдік ақпараттардан табамыз.

*Етек-жеңі түргіт* – пысық, жұмысына епті адам. *Екі жапсақ, бір епсек* – бір мезгілде екі жұмысты қатар орындау. Бұл фраза халық тілінде "бір оқпен екі қоян алу" деген мағынада қолданылады. Қолөнерінде *жапсақ* – іс, жұмыс. Олай болса тұрақты тіркес шебердің епті қимылына

байланысты айтылып, “епті қимылдаудың арқасында екі жұмысты бірден бітірді” дегенді аңғартады.

*Қолының епсегі бар* – жұмысты, істі орындауға икемі бар. Бұл тіркес “қолының еп-себі бар” тұлғасында да кездеседі. *Егеулі найза* - өткір найза.

*Дем берді* – металды балқыту үшін шоқты қыздырды. *Дем беру* – тура мағынасында “жел беру” деген сөз. Ауыспалы мағынасында “демеп, күш-қуат берді, сүйемелдеді, жігерлендірді” дегенді аңғартатындығы мәлім. Мысалы: - Аламанға дем берген, Аса жұртты меңгерген (Батырлар жыры) (*Аламан*-көпшілік; шапқыншы қол; жортуылшы топ; *аса жұрт* - өз жұрты, туысқан елі. Сонда бұл тіркес “шапқыншы қолды, жортуылға шыққандарды жігерлендірді” деген ұғымды аңғартады). *Дем тарту* – кесетін, шабатын құралдар мен қару-жарақты төске таптап, жалпайтып жүзін шығару, егеумен егеп жүзін шығару. Ұсталық өнерінде қолданылатын бұл сөз “өткірлену” мағынасында Махамбет өлеңдерінде, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Мысалы: - Қарқыны күшкі көк семсер, Шапқан сайын *дем тартар*. Сусыным қанға қанар деп (Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай, 1974, 30-б.) [ 4, 24]. *Дүр екенсің* – шебер адамға қарата айтылады. *Дүр* – арабтың “асыл”, “маржан”, “гауһар” мағынасын білдіретін сөзі.

Аталған фразеологизмге байланысты академик Р.Сыздық: “Дем тарту тіркесінің мағынасы бұл күнде күңгірт, сондықтан да кейбір жерлерде ол *дом тартар* деп басылған. Бұл фразеологизм, сірә, парсының *дем* сөзінің қатысуымен жасалған болуы керек. Бұл сөздің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар: қазақ тіліне енген *дем* (“ауа жұту”) дегеннен басқа және бір мағынасы қылыш, оқ, қайшы, семсер сияқты құралдардың өткір жүзі, ұшы дегенге саяды. Осыдан барып *дем тарту* тіркесі “өткірлене түсу” деген ауыспалы мәнге ие болуы мүмкін”, - деп жазады. [5, 53].

*Жасыған жездей* - өте жұмсақ (иленген тері туралы). *Жетім қазан* – тозығы жеткен, ескі қазан. Жетім қазанға тарыдан басқа еш нәрсе қайнатпайды. *Жетім сағанақ* – керегенің бір бөлігі. *Жетім ұлтан* – ұлтаны тесілген аяқ киімге екінші рет қағылатын ұлтан, шолақ ұлтан. Жетімді ұлтанды етікті атқа шапқанда аяқты үзеңгіден алуға бөгет болады деп кимеген, ат жарысында сый табан етік киген. *Жорға табақ* – ет салатын табақ.

*Кәсібіне бару* – жұмысына бару. Кәсіпке қосылу – жұмысқа тұру. *Кәсіп сауу* – кәсіппен айналысу, жұмыс істеу. *Кереге там* – бейіт үстіне тұрғызылған төрт қабырғалы құрылыс. *Кестесі келісу* – істеген істің орайы келу, орындалу. *Көк ине* – іске шорқақ, олақ. *Көрік басты* – жұмыс істеді, іс соқты.

*Қайрауы жеткен* - әбден өткірленген, шыңдалып, бабына келген. *Бір қалыпқа салды* – бір үлгімен құйып жасады. *Бір қалыптан шыққандай* – бұйым бөліктерінің (тұтас бұйымдардың) біркелкі үлгіде жасалуы. *Қалып алды* – жұмысты орындауға төселді, дағдыланды. *Қарқ алтын* – таза алтын. – Соңғыда да сауға бар *Қарқ алтынға* малынтып, Қарлығамды алады (М.Әуезов, Шығармалар жинағы). *Қарқ болады* – аса сапалы болат. Қарқ – қырғыз тілінде “саф”, “таза”, “нағыз” дегенді білдіреді. [6,351]. Араб тілінде *қарқ* “молшылық”, “жеткілікті болу”. *Қой боғындай қорғасын* – мылтықтың оғы. *Қылауына қыл түспеген* – жүзі қылпып тұр, өткір, жап-жаңа. *Қылау* – қылыш, пышақ, балта сияқты құралдардың жүзіндегі егеуден кейін қалған ұсақ бүршіктер, ұлпа. Егелген құралдың жүзіндегі қылауды былғарыға, қайысқа жанып кетіреді, олай етпегенде құралдың жүзі қылпып тұрмайды. *Қылауы түспеген* – жап-жаңа, судай жаңа. *Қылыштың жүзіндей* - өткір, жүзі (мәселен, балтаның) қылпып тұр. *Қолдан келген өнерді шашу* – бар мүмкіндігін көрсету, жанын сала істеу. *Сары алтын* – қоспасыз, таза алтын. *Суын алу* – металды шынықтыру. *Суын табу* – металды шынықтыру тәсілін меңгеру. – Болаттың *суын тапқан* данышпаным (Қ.Өмірәлиев, Қазақ поэзиясының жанры мен стилі, 1983, 73-б.). Бұл тіркестер ұсталардың металды *суару* деп аталатын тәсілімен байланысты. *Суару* – шабатын, кесетін, түйрейтін құралдардың материалын (темірді) алма – кезек отқа қыздырып, суға батырып, т.б. сұйықтықтарды қолдана отырып шынықтыру, беріктігін арттыру. *Суы қайту* – темір аспаптардың жүзінің жапырылып, жасып қалуы.

*Сіркесін кең қондыра алмау* – істің ретін, ыңғайын таппай қиналу. *Сірке қондыру* деп зат бетіне бүршік қондырып, әшекейлеуді айтады.

*Темірге тіл, жаңқаға жан бітіретін* - өте шебер, бармағынан бал тамған, қолынан келмейтіні жоқ. *Темірден түйме түйеді* – ұста, асқан шебер.

*Іс соқты* – жұмыс істеді. – Бір қарт ұста күні-түні тынбай *іс соғып* отырады екен (Ы.Алтынсарин). *Істен шыққан* – тозған, ескірген бұйым, құрал-сайман туралы.

*Қиюын келтіру* – бөлшектерді қиюластыру, құрастыру. *Қию* – 1) тұс киіздің шетіне жүргізілетін жиек. 2) тонның сыртқы жиектеріне, жауырынына салынатын барқыт мата.

*Қобыздап жасау* – ыдысты өрнектеп жасау. Қазақта шидің өрнектеп, оралған тілін *қобыз тіл* деп атайды. Олай болса, *қобыздау* сөзі жеке тұрып “өрнектеу, “ою-өрнек салу”, “әшекейлеу” мағынасын білдіреді. *Қыдырған уық* – қатты жел болғанда киіз үй уықтарының қаламдықтан шығып қалып қисаюы, уықтың қисайыңқырауы. *Қой қазан* – қой еті сиып кететін қазан. Қазанның ұсталар жасаған *жетім қазан, тай қазан, қой қазан, түйе қазан, шүлен қазан* деп аталатын түрлері болған. *Қол білгі адам* – қолынан келетін, істің жөнін білетін адам (фразеологизм техникасыз, қолмен істеуге байланысты айтылған). *Қол қамшы* – ат қамшы, салт аттының қамшысы. *Қол қауға* – жазғұтырым судың иірімді жеріне ұстап, балық аулайтын құрал (*қауға* деп, әдетте, құдықтан су алатын құралды айтады). *Қол сандық* - кішкене сандық. Жергілікті тіл ерекшеліктері ретінде қолданылатын мұндай номинативті фразеологизмдермен (атауыштық мәнде жұмсалатын тіркестер) бірге мынадай фразеологизмдер де кездеседі: *қолы бармау* - қолынан келмеу, бір нәрсені дұрыс істей алмау. – Байғұстың киіз жиектеуге

де *қолы бармағаны* ғой, тіпті, ірікпей тігіпті (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 420-б.).

*Қолы қану* – қолы үйрену. *Қолының ұшында жасау* – оп-оңай жасай салу, қиналмай істеп алу. *Қолы түсіну* – қолы үйрену. *Қызыл қазан* – мосыға асатын кішкене қазан. *Қырық жүн* – нашар, кір жүн. *Мая жүн* – шекпен, т.б. осындай жауын-шашынға киетін киім (бұл түйе жүнінен тоқылуына орай осылай аталған).

*Мүлік болмай қалу* – түкке алғысыз болып қалу, қолдануға жарамайтын болу. *Төре төсек* – кереуеттің үстіне киізді қабаттап, оның үстіне барқытпен қаптап салған төсек. Төре төсек сыйлы адамдарға арналады.

*Тесе болу* – құрал жүзінің мұқалып, өтпей қалуы. *Тесе* – халық тілінде жер қазатын кетпеннен кішілеу, шот сияқты құрал. *Уық қыдырып кетті* - уық қисайып кетті. *Ұрғашы алтын* – саф алтын, таза алтын. *Ұрғашы күміс* – жұмсақ, ақ күміс. Қазақ шеберлерінің тілінде осы сияқты *еркек жіп, ұрғашы жіп, еркек күміс, ұрғашы күміс, еркек алтын, ұрғашы алтын* деп бейнелеп айту жиі кездеседі [7, 217].

*Шер болат* – таза болат, асыл болат. *Түйе табан* – үлкен ожау.

*Ши алтын* – таза алтын, саф алтын. Сол сияқты шеберлер жібектің түрін *ши жібек* деп те ажыратқан. – Ши жібекке бөленген, Ши алтыннан медаль тағынған, Алты қара нар жегіп, Патшаның келді қасынан (Жанұзақ жырау). *Шелек қап* – алашадан жасалған қап. *Үш аяқ* – 1) бауырсақ пісіретін үш аяқты (үш аяққа орнатылған қазан). 2) шайдың шоғын салатын ыдыс .

*Өре текемет* – текеметтің ішіндегі ең үлкені. Жүнінің молдығына байланысты ұзын және енді етіп басылған ою-өрнекті төсеніш (*өре*- 1) құр жаю үшін жасалған ағаш. 2) ау торының бойы, торының ұзындығы). *Ойран шалбар* – киіктің терісінен кең етіп тіккен шалбар. Аймақтық лексикада сұйқылттау қызылды *ойран қызыл* дейді. Біздің ойымызша, шалбардың бейнелі атауы киіктің терісінің түсіне орай қалыптасса керек. *Нар шынжыр* – мықты, үзілмейтін шынжыр. *Өнерің істесін* - өнерің тасысын. *Өнері тасыды* – асқан шеберлік көрсетті, шеберлігін танытты.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы фразеологизмдердің бойынан тілдің қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар, адам болмысының, қоғам мәдениетінің көрінісі екендігі анық байқалады. Басқаша айтқанда, қазақ халқының тарихы мен өмір тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениетіне қатысты мәдени деректер фразеология жүйесінде ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жетіп отыр.

1. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: “Дайк - Пресс”, 2008. – 968-б.
2. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы: “Қаржы-қаражат”, 2003. – 408 – б.
3. Шойбеков Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. Фил.ғыл.док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 2006.-307-б.
4. Шойбеков Р.Н.Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. –Алматы: “Ғылым”, 1991. – 89-б.
5. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. –Алматы: “Мектеп”, 1980. – 126-б.
6. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. –М: 1965. – 973-б.
7. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: “Қазақстан”, 1969. – 248-б.

* * *

В статье рассматриваются вопросы казахской фразеологии. На материале декоративно-прикладного искусства характеризуется концепт «искусство».

***А. Х. Ерімбетова***

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮБІРДІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Бүкіл адамзат болмысының қалыптасуы қаншалықты күрделі де ұзақ даму жолынан өтсе, онымен бірге біте қайнаса дамитын тілінің қалыптасуы да соншалықты күрделі тарихты басынан кешіреді. Тілдің негізін қалаушы ең кішкентай бөлшегі болып табылатын әрбір дыбыс та ұзаққа созылған тарихи дамудың жемісі. Даму барысында дыбыстар жаңа сапаға ие болуының нәтижесінде өзгерістерге түседі. Ал бұл процесс халықтың өмірімен тығыз бірлікте жүріп отырады да, өз кезегінде әр халықтың лексикалық қорының дамуына тікелей әсер етеді. Фонологиялық жүйенің құрылу механизмінің күрделілігінен және даму процесінің өте ұзақ мерзімді қамтитындығынан дыбыс сәйкестіктерінің негізгі себебін анықтау да қиын мәселе болып табылады. Кез келген халық өзінің бар болмысын тілінде сақтап, тіршілігіндегі өзгерістерін тілі арқылы жеткізіп отырған. Осындай халық тарихымен тығыз байланысты тіл сол халық туралы барлық ақпараттарды жинақтай отырып, өзіндік ішкі даму заңдылықтарымен дамиды. Бұл ішкі даму заңдылықтары тілдің барлық қатпарларын қамтиды. Дыбыстардың тарихи өзгерістері фонетикалық заңдылықтарын, ал грамматикалық формалар арқылы тілдің дамуы оның грамматикалық заңдылықтарын қамтиды. Дегенмен тілдегі кез келген заңдылықтарды сол тілді иемденуші халықтың тарихымен тікелей байланыстырып шешу мүмкін емес. Тіл үнемі өзгеріп, дамып, жетіліп отыратын тарихи категория. Қалыптасу процесі өздігінен жүрмейді, сыртқы

факторлармен қатар белгілі бір ішкі заңдылықтарға бағынады. Мұндай заңдылықтар бүкіл тілдік жүйені қамтумен қатар оның шағын-шағын жүйелерін де іске қосып отырады. Ішкі даму заңдылықтарының лексикадағы көріністері өз алдына бір шоғыр. Солардың ең негізгілері деп төмендегі құбылыстарды танимыз. Фонетика түбірлес сөздердің көптеген проблемаларын шешуге көмектеседі. Әсіресе, тарихи түбірлес сөздерді топтастыру барысында туындайтын мәселелер фонетикалық құбылыстар арқылы түсіндіргенде ғана шешімін табады. Бүгінде түркологияда тіл дамуының белгілі бір кезеңінде мағына түрлендірудің өнімді тәсілін дыбыстардың өзгерісі іске асырғандығы белгілі. Дыбыстардың ауысуы белгілі бір заңдылықтар жүйесін құрап және осы тәсілден туындаған тарихи түбірлес сөздер сөздік қорымызда сақталғандықтан, түбірдің даму барысын, сол арқылы тілдің дамуын анықтауда бұл фонетикалық заңдылықтардың тигізетін көмегі шексіз. Түбірлес сөздер өздері жасалуына негіз болған алғашқы түбір мен бүгінгі тілдік сұраныста жасалған, пайда болу үстіндегі немесе қолданылып жүрген екіншілік, үшіншілік, төртіншілік және т.б. жаңа атауды таңбалаған тілдегі барлық туынды сөздерді қамтитындықтан, фонетикалық заңдылықтардың түбірлес сөздердің қорын анықтауда пайдасы зор. Фонетикалық жолмен жаңа сөз жасау қазіргі сөзжасамда белсенді қолданылмағанымен, тілдің тарихи дамуында белсенді рөл атқарғандығына тілімізде кездесетін тарихи түбірлес сөздерді топтастыру барысында көз жеткіземіз. Дыбыстардың алмасулары белгілі бір семантикалық жүк арқалағандықтан, тарихи түбірлестерді жасауға үлес қосқан.

Түбірлес сөздер түбірдің ұзақ уақыттық эволюциялық дамуында сол кезеңнің амал-тәсілдерінен жасалатын туынды сөздер болғандықтан, түбірлес сөздер жасалуында кездейсоқ құбылыстар болмайды. Сондықтан фонетикалық заңдылықтарды тілдік фактілерді зерттеуде түбірлестердің тілдегі толық бейнесін жасап, жүйелеу барысында әрдайым есепке алып отыру қажет. Мысалы: тынық - тұнық; көлік – күлік; ауа - әуе; жұта – жүде және т.б. сөздер тілімізде көптеп кездеседі. Бұлардың әр қайсысы тілдің тарихи даму барысыда бір-бір түбірлес сөздер парадигмасын жасауға негіз болады. Тектес, әр тектес сәйкестерді әңгіме еткенімізде протезалық, эпентезалық дыбыстарға соқпай өте алмағанымыз белгілі. Енді сол дыбыстардың сыналық, қыстырмалық қызмет атқарған элементтердің лингвистикалық жай-күйіне тоқтала кетелік.

**й.** Бұл ежелгі дәуірде таза дауысты **и**-ден пайда болған сонор фонема. Аллофондары жоқ, ең тұрақты дыбыс. Мұның протеза, эпентеза бола алатыны анық.

Етістің **–ур//-үр** жұрнағы да дауыссыздан аяқталған түбірлерге тікелей жалғанды да (**бар+ур, бер+үр**, т.б) дауыстымен аяқталған түбірлерге й эпентезасы арқылы қосылады. Мысалы, *Билиглиг кераглиг сөзин сөзайлур Кераксиз сөзин көмүп кизлайур Билигсиз не айса айур уқмадин Аның өз тили өз башыны* ***йейүр (***Білімді керек сөзді айтады керексіз сөзін көміп жасырады Білімсіз не айтса ұқпай-түсінбей айтады (Йүгінеки, 1985, 27). «Сөзла», «кизла-», «йе-» түбір- негіздері мен **–үр** жұрнағының аралығындағы **й** эпентезасы екендігі екінің біріне түсінікті болса керек.

Сыналық, қыстырмалық дыбыс ретінде қызмет ету-й-дің табиғатынан пайда болған өзіне тән қасиет. Осыдан да болу керек сөз құрамындағы белгілі бір дауыссыз дыбыс айтылуда сәл-пәл қиындық тудырды дегенше, немесе ол әлдеқандай себептерден редукция, элизияға ұшырады дегенше, **й** эпентезасы орнына барып тұра қалады. Турасын айтқанда, ол алфавиттегі барлық дауыссыз дыбыстарды алмастыра алады. Атам заманнан басталған осы процесс біздің заманымызға дейін жалғасын тауып келеді. Мысалға тарихи жазба ескерткіштеріндегі **сөзле-** (говорить, рассказывать) (ДТС, 512), өг (разум, мысль) (ДТС, 378), **қод-** (класть) (ДТС,451), **қутад-** (становиться счастливым) (ДТС 472) есімшенің жұрнағы **-мадын** (ДТС, 657), **қанда (**қайда**), қарар-** (қарай) (1, 1983,130-131 бб.) **еб** (жилище, становище) (ДТС, 162) формалары қазіргі қазақ тілінде – «сөйле-», «ой», «қой», «құттай», «-майын», «қайда», «қарар-», «үй».

Бұл мысалдардан **й**-дің **з, г, д, н, р, б** дыбыстарын ауыстырып тұрғанын көреміз. Бұл шамамен алғанда соңғы бір-екі мың жылдың көлемінде болған өзгерістер.

Біз бұларды тарихи жазба ескерткіштердің көмегі арқасында ғана анықтап отырмыз. Тарихқа белгісіз дәуірде дауыссыздарды алмастырған й эпентезасы қазір әбден қалыптасып сіңісіп кетті. Оның сына, қыстырма дыбыс екені аңғарылмайды да.

Сондай-ақ «сайра-» сөзінің түбірі «саб» (сөз) екендігі, «жайна-» деген. Сөздің түбірі- «жаз» (жыл мезгілі), «түйне-» деген сөздің түбірі «түг» (түйін) екендігі қазіргі қоғам мүшелеріне беймәлім. Осы типтегі толып жатқан түбірлерді этимологиялық зерттеулердің негізінде ғана анықтауға болады.

Жоғарыда келтірілген фактілер мынадай қорытынды жасауымызға мүмкіндік береді: й-дің сөз құрамындағы (әсіресе бір буынды түбірлердегі) кезкелген дауыссызды алмасытру қасиеті оның сыналық, қыстырмалық табиғатныан пайда болған ерекшелік. Бұл құбылысқа келешекте тиісінше назар аударылуы қажет.

У Бұл дыбыстың в аллафоны қазіргі тілдерде протезалық қызмет атқаруға бейім. У сонары ежелден протезалық, эпентезалық қызмет атқарып келеді. Бірақ бұл дыбыс п, б дыбысына өзгеріп қалыптасып кеткендіктен байқалмайды.

Ақ деген мағына беретін «үрің» сөзі ескерткіштерде дауыстыдан басталған. Ал семантикасы осыған жуық «бор-бөз» сөздерінде дауыстыдан басталған. Б-ның сапалық сын есімдерінің түр-түсті білдіретін тақырыптық семантикалық тобына қатысы жоқ. Демек, «бор», «бөз» сөздері құрамындағы б - протезалық фонема

Өрілген шашты бұрым деп атайды. Кейде өрім дейміз. Арқан сөзіндегі ар түбірі мен өрім сөзіндегі

өр сөзі варианттас. Ар да өр де дауыссыздан басталмайды. Ұрым сөзінің құрамындағы б-протеза.

Тілдік дамуға әсер ететін үнемдеу құбылысы. Бұл тілдің жүйесін қамтиды. Фонетикада «элизия», «апакопа», гаплолия, лексикада «метонимия», морфологияда «сіңісу» кіріккен сөздер т.б.

Кейбір фонетикалық жағдайда дыбыстардың түсіп қалуы элизия деп аталады (2, 16). Мысалы, торы ат - торат, қайын аға –қайнаға. Ал тарихи тұрғыдан кейбір дыбыстар әр түрлі себептермен элизияға ұшырайды да, бірте-бірте айтылмайтын дәрежеге жетеді. Элизияның бір түрі – апакопа. Мұнда сөздің соңындағы дыбыс түсіп қалады.Тілдің даму барысында қазақ тілінде аталған сөздің соңындағы – ғ дыбысы айтылмайтын болған. Ұлығ-ұлы, кішік-кіші.

Сөйлеуші дыбыстау органдарына күш түсірілмеуін көздеуі салдарынан дыбыстарды ғана емес буындарды да түсіріп айтады. Мысалы,болып-боп, келіп-кеп, барамын-барам.

Туысқан түркі тілдеріндегі лексикалық айырмашылықтар ең алдымен ықшамдалу ,қысқару нәтижесінде пайда блоған. Мысалы Оғуллақ сөзінің-лақ болып өзгеруі т.б. осыны көрсетеді. Түбірлес сөздер парадигмасының жасалуы тіл дамуының ұзақ процесін қамтиды. Сөздің құрамындағы дыбыстық алмасуларды, дыбыстар сәйкестігін, фонетикалық варианттарды, эпитезаны, метатезаны және т.б. құбылыстарды фонетикалық заңдылықтар негізінде ғана түсіндіре аламыз. Бұлар фонетикалық жағынан дамыған түбірлестерді айқындауда елеулі қызмет атқарады.

1. Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы, 1983. –148б

2. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. Алматы, 1967. –264 б.

3. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар Алматы, 2009. -502 б.

* * *

В статье рассматриваются факторы воздействия звукового соответствия в тюркских языках. Звуковых соответсвий в языковой природе множество. Развитие языка по определенным характерным закономерностям порождает изменения во всех элементах звуковой системы. В результате возникновение личностных вариантов в определенных словах, а также влияние языкового развития, осуществляющего новую семантическую значимость данных вариантов, показывают множество разных сторон звуковых соответствий.

* * *

In article it is considered factors of influence of sound conformity in Turkic languages. Sound conformity in the language nature set. Language development on certain characteristic laws generates changes in all elements of sound system. As a result occurrence of personal variants in certain words, and also influence of the language development which are carrying out the new semantic importance of given variants, show set of the different parties of sound conformity.

***А. Д. Жакупова***

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА: СОПОСТАВИТЕЛЬНО-МОТИВОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ

Система ценностей и представлений об окружающей действительности, совокупность знаний о мире, исторически сложившиеся в определенном этносе, другими словами, «картина мира», накладывает отпечаток на восприятие другой культуры, уклада жизни, традиций, взглядов. Сопоставительное исследование языковой картины мира (ЯКМ) как совокупности представлений народа о действительности, зафиксированных в единицах языка и отраженных в языковом сознании индивида, дает возможность выявить особенности национальной ЯКМ.

Проблема национального своеобразия ЯКМ, понятие «национальной картины мира» вызывают пристальный интерес со стороны ученых-языковедов. В большинстве случаев национальная ЯКМ противопоставляется концептуальной картине мира. Концептуальная картина мира едина для всех наций, национальный характер присущ ЯКМ, посредством которой выражается концептуальная картина мира: «язык окрашивает через систему своих значений и их ассоциаций концептуальную модель мира в национально-культурные цвета» [1, с.173]. Г.В.Степанов, исходя из определения картины мира как акта интерпретации образа мира, акта миропонимания и мировидения, национальную картину мира определяет как картину мира, присущую той или иной нации – русской, немецкой, французской и т.д. – в период сформировавшегося национального языка [2, с.326]. Развивая идеи коммуникативной лингвистики, З.Д. Попова и И.А. Стернин считают, что «национальная картина мира обнаруживается в единообразии поведения народа в стереотипных ситуациях, в общих представлениях народа о действительности, в высказываниях и “общих мнениях”, в суждениях о действительности, пословицах, поговорках и афоризмах» [3, с.11]. Г.Д.Гачев при определении национальной картины мира исходит из понятия «единого мира», который каждый народ видит по-разному «через призму своего языка» [4, с.78].

Исследование национальной ЯКМ с точки зрения того, каким человек видит окружающий его мир, как он его осознаёт и интерпретирует, может

проводиться на разных уровнях языка. Мотивологический уровень исследования является, на наш взгляд, наиболее благоприятным, поскольку сама природа мотивированного слова непосредственным образом связана с языковым сознанием говорящих и позволяет выявить те «языковые средства, в которых запечатлевается всё то национально-культурное богатство, которое накапливается языковым коллективом в процессе его исторического развития» [1, с.173].

При сопоставительно-мотивологическом исследовании картины мира, закрепленной в языке, важно выявить не только общие принципы отображения в языке предметов, образов, представлений, но и закономерности того или иного языка, обусловленные как самой структурной организацией, так и национально-культурным сознанием носителей. В настоящей статье представлен фрагмент сопоставительно-мотивологического исследования лексики природы (наименования птиц и растений) на материале славянских (русский, польский, болгарский) и тюркских (казахский, татарский) языков.

Сопоставительно-мотивологическое исследование ЯКМ проводится по двум направлениям: 1) исследуется восприятие человеком мира природы путем его антропоцентрической интерпретации; 2) исследуются способы членения (классификации) объективной действительности метаязыковым сознанием. Другими словами, автора интересуют вопросы: как человек представлен в лексике природы и какие фрагменты окружающего мира оказываются доминирующими для носителей того или иного языка?

Рассуждая об антропоморфности человеческого языка, Б.Норман заметил, что «человек воспринимает и осознает объективную действительность через призму своего “я”, а человечество в целом – через призму своего самосознания, в основе которого лежит опять-таки изначальный и наивный антропоцентризм» [5, с.10].

Антропометричность восприятия окружающего мира находит свое яркое воплощение в орнитологической и фитонимической мотивированной лексике. Суть антропометричности состоит в том, что выбор того или иного признака для наименования связан со «способностью человека соизмерять всё новое для него (в том числе и реально несоизмеримое) по своему образу и подобию или же по пространственно воспринимаемым объектам, с которыми человек имеет дело в практическом опыте» [1, с.182].

Показания метаязыкового сознания (МЯС) позволяют заметить, что при восприятии наименований птиц и растений индивид дефинирует значения, исходя из собственного опыта приобретенных знаний, в первую очередь, «примеряя» их к самому себе (знаком ли он с той иной реалией, какую значимость она имеет в его собственной жизни), описывает её в соизмеримости с собой, с человеком вообще, с обществом.

Особенностью лексики природы сопоставляемых языков является её антропометричность, т.е. в мотивировочных признаках большинства наименований растений и птиц содержится непосредственное указание на внешние признаки человека, его действия, социальные функции, а также на атрибуты бытовой сферы деятельности человека, его жизненного уклада, несущие печать национально-культурного наследия. «Соизмеримость универсума с понятными для человеческого восприятия образами и символами» [там же, с.177] реализуется в сопоставительной мотивологии при помощи принципа антропометричности, наиболее отчётливо проявляющегося на уровне семантики образных лексических единиц. Мотивационно-сопоставительный анализ фито- и орнитолексики разных языков позволяет выявить многообразие образов, антропометричных по своей природе, и тем самым обнаружить общие и специфические особенности восприятия лексики флоры и фауны представителями разных лингвокультурных сообществ.

Представители всех народов достаточно трепетно и с большим вниманием относятся к миру флоры, ведь растения не только украшают землю, но они выполняют целительскую функцию, полезны и питательны, а в большинстве наименований растений запечатлен либо сам человек, либо то, что его окружает. Так, фитонимы русского языка в сознании его носителей часто связываются с предметами домашнего обихода: ***ремнецветник*** – *«растение, длинные и плотные листья которого напоминают ремень»*, ***наперстянка*** – *«растение, у которого головка похожа на напёрсток»*, ***мыльнянка*** - *«растение, сок которого напоминает мыльную воду», «это растение можно использовать вместо мыла»*, ***манжетка*** – *«листья этого растения в виде манжета»*, ***иглица*** – *«стебель его острый и тонкий, как игла»*, ***гвоздика*** – *«растение, стебель которого напоминает гвоздь»*, ***зубянка*** – *«листья растения похожи на зубы человека»* и т.д.(всего 35%). Высокая степень антропоморфизма лексики русского языка прослеживается в наименованиях растений, связанных с физическими признаками человека и его деятельностью (*многоножка, белоус, черноголовка, чистотел* и т.п.). В показаниях метаязыкового сознания носителей болгарского языка отражено отношение к растению как к живому (человекоподобному) существу, способному лениться (***ленивче*** – *«расте давно, като лениво», «предполагам, че много дълго, лениво време му се разтварят цветчетата», «като билка предизвиква отпуснатост, вялост, леност»)*, любить (***обичниче*** - *«цветчетата приличат на малки висящи сърчица, което е символ на обич»*), обманывать (***лъжичина***), быть мудрым (***мъдрица*** - *«сигурно листата му изглеждат набръчкани и стари като мъдри», «многогодишно растение като мъдри»*), злым (***злина***) (всего 30%). В восприятии носителей польского языка окраска растения чаще ассоциируется не напрямую с оттенком какого-либо цвета (голубой, желтый, белый), а через характерные цвета отдельных предметов, находящихся в окружении человека: ***złocień*** – *«растение, по цвету напоминающее цвет*

*золота»*, ***słonecznik*** *– «растение золотисто-жёлтого цвета, как солнце»,* ***śnieżyczka*** *– «растение белого цвета, как снег»* (38 %). В сознании носителей казахского языка мир растений и мир животных предстаёт как неразрывно связанное, единое целое, свидетельством этого служат следующие показания метаязыкового сознания: ***итмұрын*** *– «растение, похожее на нос собаки»*, ***касқыржидек*** *– «этой ягодой питаются волки»*, ***торғайбас*** *– «растение, напоминающее голову воробья»*, ***қоянбеде***, ***түлкі-құйрық***, ***кірпібас***, ***аюбалдырған***, ***қойбүлдірген***, ***ешкіқоңырау*** и под. В представлении носителей татарского языка отдельные части растения ассоциируются с частями тела человека: ***сакалтамыр*** (сакал - борода), ***балтырган*** (балтыр – голень), ***күзлут*** (күз - глаз), ***бүре тырнагы*** (тырнак - ноготь). Все эти примеры подтверждают мысль Е.А.Юриной, о том, что «свойство образности изначально присуще не самим фактам действительности, а их восприятию и интерпретации языковым сознанием» [6, с. 9].

В формировании национальной ЯКМ ведущая роль принадлежит метафоризации. Это убедительно показано при сопоставительно-моивологическом исследовании образных языковых единиц на уровне их внутренней формы. Доля лексических единиц с метафорической внутренней формой, отражающей образное восприятие и познание мира, в славянских и тюркских языках примерно одинаковая (рус. - 40%, болг. - 38%, польск.- 35%, каз. – 45%, татар. – 40%): рус. ***ноготки*** ‘растение с мелкими желтыми лепестками, напоминающими ногти (человека)’, ***горицвет*** ‘растение с яркими словно горящими цветами’, ***ежевика*** ‘ягодный кустарник с колючими, как иглы ежа, шипами’; болг. ***алтънче*** ‘растение ярко-желтого цвета, как золотая монета’, т.к. алтън – золотая монета, ***стрелолист*** ‘растение с острыми листьями, напоминающими стрелу’, ***шапиче*** ‘растение, соцветия к-рого напоминают шапку’; польск. ***koniczyna*** 'растение с четырьмя лепестками, как ноги коня', ***rącznik*** 'растение, стебель которого, как> ручка', ***kozibród*** 'растение, похожее на козью бородку', ***starzec*** 'серого цвета растение, как бы старое'.

Интересен пример, отражающий особенности восприятия одного и того же растения носителями разных языков. Так, слово ***костяника*** в сознании носителя русского языка соотносится с ‘косточка’ (*«в ягодах есть косточки»*). При осознании эквивалентного наименования ***сумница*** носители болгарского языка тоже обращают внимание на наличие косточек (*«в этой ягоде много косточек»*), однако акцент ставят на их большом количестве (сума – много, масса), а носители польского актуализируют признак твердости косточек, сопоставляя его со свойством камня (***kamionka*** - *«ягода, у которой косточки твердые как камень»*). Носители казахского языка акцентируют свое внимание не на физическом свойстве ягоды, а на её пригодности для овец (***қойбүлдірген*** «*қой жейтін өсімдік*» (34) «трава, которой питаются овцы», «*қой бүлдірген жерлер*» (9) /«место, которое испортили овцы», «*қойға ұнайтын өсімдік шығар*» (5)/ «наверное, растение, которое нравится овцам»), носители татарского языка - на окраске листьев (***кызылбөрлегән*** *«чәчәге кызыл төстә булганга» /* «потому что цветки красного цвета»).

Растения вообще, лекарственные растения в частности, играют огромную роль в повседневной жизни человека. «Фитонимическая лексика национально специфична, она связана с культурой народа и отражает особенности национального сознания» [7, с.4].

Преимущество образных единиц в выражении ЯКМ состоит в том, что «они, демонстрируя ассоциативный способ мышления, характеризуют обозначаемое через его сопоставление с другим денотатом, реальным или воображаемым, расширяя тем самым представление о связях и соотношениях концептов картины мира» [8, с.200].

Как справедливо замечает О.И. Блинова, «при исследовании национальной ЯКМ следует обращать внимание не только на своеобразие, но и на общность мировидения разных народов» [8, с.198]. В сознании носителей славянских языков названия биофактов чаще ассоциируются с предметами быта и орудиями труда: рус. *венечник, копеечник, борщевик, дудник, гвоздика, серпуха, кувшинка*; болг. *ралица*, *мече грозде* (меч - меч; грозде - виноград), *весларка* (весло), *лопатка*, *луличка* (лула – трубка); польск. *mieczyk* (miecz – меч), *strzałka* (strzała - стрела), *mietlica* (mietla -метла), *sierpik* (sierp - серп), *gwoździk* (gwoźd – гвоздь), *iglica* (igła – игла, иголка). Большинство мотивированных орнитонимов отражают антропоцентризм мировосприятия, поэтому концепты, выявленные в ходе анализа, связаны, в основном, с теми сферами жизнедеятельности человека, которые являются актуальными в ценностном отношении (рус. *галстучник*, болг. *свирец, калугерица,* польск. *zmierzchnik*). В сознании носителей польского языка внешний облик птиц чаще вызывает ассоциации с историческими реалиями общественной жизни.

При этом следует обратить внимание, что набор артефактов не совпадает в сопоставляемых языках. Обилие "культурно окрашенной" лексики, связанной с отражением национальных особенностей хозяйства и быта славян и тюрков, возможно, свидетельствует о закреплённом в национальном менталитете прагматическом отношении к окружающей живой природе. В результате сопоставительно-мотивологического исследования очерчиваются те специфические сферы национальной картины мира, которые наиболее широко представлены в названиях биологических объектов славянских и тюркских языков, а значит, являются наиболее значимыми для каждой языковой общности, демонстрируются существенные различия в "семантическом картировании" действительности каждым из языков и выявляются особенности отражения семантического континуума национальными картинами мира каждого из языков.

Выявление особенностей формирования национальной ЯКМ славян как отражения их миро-

воззрения и миропонимания на примере семантического континуума наименований птиц и растений в сопоставлении с аналогичными фрагментами ЯКМ народов-носителей тюркских языков позволяет представить систему универсальных и национально-специфических образов языкового сознания говорящих на разных языках людей. Изучение способов членения (классификации) национальным языковым сознанием семантического континуума наименований растений и птиц как фрагмента ЯКМ позволяет определить те понятийные сферы, которые привлекаются для обозначения птиц и растений в разных языках, а также выявить образы и понятия, закрепленные в их внутренней форме. В целом отмечается относительная однородность распределения наименований по семантическим зонам, однако каждый из сопоставляемых языков проявляет в этом отношении свои особенности.

Специфика орнитологической и фитонимической лексики сопоставляемых языков - наличие большого числа наименований, в той или иной степени отражающих представление о человеке, его физических признаках и деятельности, социальном статусе. Высокая степень антропоцентризма характеризует лексику всех сопоставляемых языков.

Примечательно, что по сравнению с носителями славянских языков представители казахской и татарской языковых культур чаще обращались к знаниям легенд и поверий: каз. ***бақ-бақ*** *«кезінде қазақ халқы «қара сиырым бақ-бақ...» дей отырып, осы гүлге үрлегенде, оның мамықтары жан-жаққа ұшатын, мүмкін сол себепті солай атанған шығар»* / «когда-то казахи дули на этот цветок, приговаривая: "Мою черную корову паси-паси...", а его пух разлетался во все стороны, может, поэтому так и назвали», ***күнгелді*** *«мүмкін, ерте кезде күннің келуін білдіретін өсімдік болған шығар»* / «возможно, в прежние времена это растение предвещало о появлении солнца, ***қарлығаш*** *«бұл құс - адамдардың досы. Бұл құс бұрын бір жас баланы жылан шағайын деп келе жатқанда, осы құс баланы құтқарады. Сол арада айдаһар қарлығаштың құйрығын айырып жібереді»*/ «эта птица - друг человека. Когда-то она спасла годовалого малыша от укуса змеи. А хвост ее двоится, потому что дракон хотел ее поймать» и др.

Все особенности, характеризующие явление мотивации слов в сопоставляемых языках, рассматриваются как результат комплексного взаимодействия основных факторов, формирующих национальную языковую специфику: культурно-социального опыта, национальной психологии, языковой традиции и языковой системы, индивидуального и коллективного языкового сознания.

Выявление национальных особенностей мотивационной рефлексии носителей славянских и тюркских языков, которые находятся под непосредственным влиянием внеязыковых факторов, определяющих национальную языковую специфику – совместного культурно-социального опыта и особенностей национальной психологии (менталитета) языкового коллектива - основная задача лингвокультурологического направления, изучающего язык в его отношении к культуре.

Знание о ЯКМ разных народов облегчает взаимопонимание и взаимопроникновение в духовные миры друг друга и способствует формированию толерантного языкового сознания.

1. *Телия В.Н.* Метафоризация и её роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. - М., 1988. – С. 172-184.
2. *Степанов Г.В.* Национальный язык // Лингвистический энциклопедический словарь. - М., 1990. – С. 325-326.
3. *Попова З.Д., Стернин И.А.* Язык и сознание: теоретические разграничения и понятийный аппарат // Язык и национальное сознание. Вопросы теории и методологии. Научное издание. – Воронеж. Воронеж.гос.ун-т, 2002. – 314 с.
4. *Гачев Г.Д.* Космо-Психо-Логос: Национальные образы мира. - М.: Академический проект, 2007. – 511 с.
5. *Норман Б.Ю.* Об антропоморфности человеческого языка // Лексика, грамматика, текст в свете антропологической лингвистики. - Екатеринбург, 1995. - С.10-12.
6. *Юрина Е.А.* Образность как категория лексикологии: дисс. … канд. филол. наук. - Томск, 1994. – 240 с.
7. *Панасенко Н.И.* Когнитивно-ономасиологическое исследование лексики: автореф. …докт. филол. наук. - М., 2000. – 24 с.
8. *Блинова О.И.* Языковые средства выражения языковой картины мира // Европейский интерлингвизм в зеркале литературы (картина мира в немецкоязычной поэзии): Материалы российско-германского семинара. - Томск, 2006. – С. 198-203.

***Э. Жанысбекова***

## ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТЕКСТА В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

Современная лингвистика полностью изменила свой облик, перешла из разряда догуманизированных наук к разряду гуманизированных, или точнее антропологических. Этот научный факт объясняется отходом языкознания от статического, исключительно системно-структурного описания языковых единиц к описанию динамическому, одухотворенному человеческим фактором. Кроме того, современные лингвисты, не ограничиваясь собственно языковым материалом активно, используют достижения смежных человековедческих наук: логики, психологии, философии, социологии, литературоведения и др., т.е. идет усиленная интеграция гуманитарных знаний. Представители одной из

новых синкретичных наук, когнитивной лингвистики, занимающиеся семантико-логическим анализом языка декларируют: «Всякая наука имеет свою логику развития, есть она и у науки логики. Разработав языки высокой степени обобщенности, логика вернулась к материалу естественных языков с их нерегулярным разнообразием… обозначившийся поворот логической мысли совпал с аналогичным периодом в развитии лингвистики, которая, достигнув высокой научной абстракции и сделав единственным объектом изучения язык (в соссюровском понимании этого термина), резко расширила круг своих исследований, включив в него все аспекты речевой деятельности и речевого взаимодействия»

Опорным понятием антропоцентрической лингвистики, наряду с понятием языковая личность, выступает понятие «текст». Как отмечает Е.И.Диброва: «Мысль Ж.Деррида: «Ничего нет, кроме текста» [Derrida,47] – феноменологический постулат речевого общения. Ибо все мы живем в вербализованных/невербализованных (музыка, живопись, архитектура и др.) текстах, которые означают тысячелетние человеческие знания. В каких бы формах не существовал текст (письменная, устная: монотекст, политекст: проза, поэзия и т.д.) он выступает как феномен кристаллизации деятельности, творчества культуры поколений, является тем резервуаром знаний, из которого последующие поколения приобретают будущее» (Диброва 1996: 130) [1,87]

Будучи объектом деятельности переводчика, текст, его сущность и особенности входят в круг проблем, интересующих науку о переводе. Понятие «текст» нередко сводят к произведению речи, зафиксированному на письме [4]. Произведением речи можно назвать и простой набор слов, если это соответствует авторскому замыслу [7,89]. Впрочем, такое мнение противоречит другим взглядам на сущность текста. Вот, например, точка зрения известного психолога Н.И.Жинкина: «Если в одном из предложений нет ответа на вопрос, поставленный в другом предложении, следует признать, что оба предложения не связаны друг с другом, т.е. они не составляют единого текста» [6,216]

Одним из заметных достижений современного языкознания является бурное развитие в течение последних десятилетий его новой отрасли – лингвистики текста. Эта новая лингвистическая дисциплина, объектом которой является связный текст – законченная последовательность высказываний, объединенных друг с другом смысловыми связями, поставила перед собой задачу выявить сущность этих связей и способы их осуществления, обнаружить систему грамматических категории текста с ее содержательными и формальными единицами, описать на материале текста сущность и организацию условий человеческой коммуникации [2, 112]

Из этого краткого перечня целей и задач нового направления становится ясной его близость к теории перевода.

Связь между лингвистикой текста и теорией перевода одним из первых отметил Ю.Найда. По его мнению, теория перевода должна учитывать некоторые общие признаки текстов, которые он назвал «универсалиями дискурса». К ним относятся: 1. различные способы маркирования начала и конца текста, 2. способы маркирования переходов между внутренними подразделениями связного текста, 3. темпоральные связи, 4. пространственные связи, 5. логические отношения (например, причина и следствие), 6. идентификация участников дискурса, 7. различные средства выделения тех или иных элементов для фокусирования на них внимания или для эмфазы и 8. сопричастность автора, т.е. его позиция и точка зрения.

Сопричастность автора может быть двух типов – автобиографическая (реальная или фиктивная), маркером, которая является местоимение 1-го лица, и оценочная, маркером которой являются оценочные лексические единицы (this was an ugly scene «Это была безобразная сцена»).

Характеризуя указанные черты как «универсалии дискурса», Ю.Найда в то же время отвечает, что в разных языках для их выражения используются далеко не одни и те же средства [4,132].

Таким образом, для перевода представляется важным, каким образом реализуются «универсалии дискурса» в контактирующих друг с другом в процессе перевода языках и какие из этого вытекают последствия для структурирования конечного текста.

Одной из проблем лингвистики текста, традиционно связанных с теорией перевода, является актуальное членение, или в другой терминологии, функциональная перспектива предложения. Плодотворной для теории перевода является, в частности, восходящая к Ф.Данешу идея тематической прогрессии, согласно которой темы цементируют текст, тогда как ремы служат для передачи новой информации.

Роли и месту функциональной перспективы предложения в перевод посвящена книга Л.А.Черняховской «Перевод и смысловая структура» [8, 128]. В ней рассматриваются некоторые особенности выражения функциональной перспективы предложения в английском языке в сопоставлении с русским и предлагаются модели преобразования речевых структур при переводе с русского языка на английский. К сожалению, рассматривая эти преобразования, Л.А.Черняховская, как правило, не выходит за рамки предложения и не касается текстообразующих функций коммуникативной структуры высказывания. С лингвистикой текста ее работа соприкасается вплотную лишь в главе, посвященной членению и объединению предложений внутри высказываний объемом более предложения.

Проблема текста – одна из центральных проблем теории перевода. Именно текст является предметом анализа на первом этапе перевода, связанном с интерпретацией оригинала, и именно текст является предметом синтеза не его заключительном этапе.

Поэтому эта проблема привлекает к себе пристальное внимание теоретиков перевода.

Анализируя исходный текст, переводчик ставит перед собой вопрос: какую цель преследует отправитель и какие он использует для этого языковые средства? Понимание текста основывается на осознании его целостности с обязательным учетом прагматических правил его построения. При этом важно не только сказанное, но и подразумеваемое. Отсюда возникает необходимость в обязательном учете пресуппозиций, которые должны включать не только сказанное ранее, но и просто известное, «я» говорящего, его социальный статус, фоновые знания и др.

В этой связи уместно вспомнить слова И.Р.Гальперина о роли подтекста, сосуществующего с вербальным выражением, сопутствующего ему и запланированного создателем текста. Выдвигаемое им положение о «содержательно - подтекстовой информации» как об органической части смыслового содержания текста имеет самое непосредственное отношение к переводу [9, 42].

На основании сказанного выше об эксплицитных и имплицитных компонентах смысла текста, о роли прагматических факторов в его формировании Р.Штольце делает важный для теории перевода вывод о многоплановости и «сверхсуммарности» смыслового содержания текста. При этом под сверх суммарностью подразумевается несводимость смысла текста к сумме смыслов его конституентов. Отсюда, однако, не следует что анализируя исходный текст как сверхсуммарное целое, можно в какой-то мере пренебречь семантическим анализом его коституентов. Дело в том, что раскрывающие содержание текста рекуррентные смысловые признаки (семантически связанные друг с другом лексемы) образуют изотопические плоскости текста, в которых реализуются многоплановая структура его смысла. Именно в результате интеграции отдельных элементов в языковом и внеязыковом контекстах образуется то «приращение информации», которое лежит на основе «сверхсуммарности» смысла текста.

Учет семантики текста ставит по-новому для теории перевода и вопрос об учете значений отдельных лексем. Их значение рассматривается не как фиксированный срез определенного набора семантических признаков (как это имеет место в жестких моделях структурной семантики), а как «гибкая совокупность сем и прагматических параметров, изменчивые сочетания которых проецируются в плоскость текста».

Наряду с семантикой текста существенное значение для теории перевода имеет и стилистика текста. Разработкой проблем связи типологии текста с теорией перевода занимается К.Райс, посвятившая этим проблемам ряд работ, в том числе написанную совместно с Г.Вермеером книгу «Обоснование общей теории перевода», в которой используется концептуальный аппарат теории информации, лингвистики текста и функциональной стилистики.

В основу разрабатываемой К.Райс теории перевода положена теория жанров текста, основными понятиями которой являются «тип текста» и «жанр текста». Понятие типа текста используется для классификационного выделения универсальных, базисных форм текста в человеческой коммуникации. На основе выполняемых ими самых общих коммуникативных функций – репрезентативной, выразительной и апеллятивной вычленяются три типа текста – информативный, экспрессивный и оперативный.

Жанр текста – это класс вербальных текстов, выделяемых на основе общности структуры, пределов вариативности и использования в однотипных коммуникативных контекстах. Конкретные признаки дифференциации жанров связаны с тремя семиотическими измерениями – семантикой, прагматикой и синтактикой и относятся к отражению мира в тексте, к выполняемой текстом коммуникативной функции и к внутренней структуре текста. Это определение К.Райс называет признаки жанра, но не раскрывает его сущности.

В этом отношении представляет интерес социальная интерпретация речевого жанра, предлагаемая К.А.Долининым, который полагает, что «каждый сколько-нибудь канонизированный, устоявшийся речевой жанр (приказ по учреждению, постановление суда, научная статья, роман, передовая в газете и т.п.) – это не что иное, как особая социальная роль, в которой речевая деятельность выступает как ролевая деятельность» [10,26].

Таким образом, в жанровой вариативности текстов находит свое проявление социальная норма, определяющая специфику выбора языковых средств при порождении текстов тех или иных жанров. В практике перевода сталкиваются три типа социальных норм, отражающих традиции данного общества и данной культуры: 1) нормы построения текста на исходном языке, 2) нормы построения текста на языке перевода и 3) нормы перевода.

Принципиально новый подход к проблеме типологии текстов в теории перевода выдвигает А.Нойберт. Расценивая функционально-типологические модели текстов как чрезмерно грубые и статичные, он предлагает для анализа процесса перевода модель «текстов-прототипов», исторически и социально обусловленных способов организации знания в письменном и устном дискурсе. Опирающийся на социальный опыт и воплощающий наиболее существенные признаки конкретных текстов, текст-прототип обнаруживает специфические сочетание параметров текстуальности (коммуникативной интенции, ситуативности, информативности, согласованности смыслов, связности), а также специфическую конфигурацию общества для коммуникантов фонда знаний. Он представляет собой глобальную схему того, что сказано, кем, кому, когда и как. Благодаря их комплексной детерминации тексты-прототипы отличаются значительно большим разнообразием, чем типы текстов. В про-

цессе перевода переводчик реализует избранный прототип конечного текста, оценивая при этом удельный вес его детерминантов.

В этом отношении от схемы К.Райс выгодно отличается схема, разработанная Ю.В.Ванниковым и положенная им в основу ориентированной на перевод типологии текстов [3, 56]. Эта схема основана на 14 главных типологизирующих признаках, обобщающих существенные с точки зрения переводческой практики свойства текста: 1) лингвистическая организованность, 2) функциональный стиль, 3) функциональный подстиль, 4) речевой модус, 5) доминирующее логическое содержание, 6) предметное (тематическое) содержание, 7) форма речевой презентации 8) жанровая дифференциация 9) информационная первичность – непервичность 10) экспрессивно- стилистическая отмеченность 11) основные прагматические функции 12) конкретные целевые установки 13) типы адекватности текста 14) типы адекватности перевода.

К лингвистической организованности относится противопоставление текстов с жесткой структурой (например, научно-технических) и с мягкой структурой (например, художественных). Этот признак учитывает также степень связности текста. Функциональные стили выделяются в зависимости от сферы общения (научно-технический, социально-деловой и др.)

Под стили более отчетливо противопоставлены коммуникативным установкам и прагматическим функциям (например, подстиль технических текстов внутри научно-технического стиля). Речевой модус – это способ изложения, характерный для текста (экспликативный, дескриптивный и т.п.). К доминирующему логическому содержанию относятся: тип рассуждения (например, цепочка умозаключений), тип доказательства (по существу, по аналогий, от противного и т.п.) смысловая структура вывода, различные виды определений. Предметное содержание научного текста строится на основе классификации наук (философские, естественные и технические, социальные). Форма презентации тесно связана с функциональными подстилями и жанрами (устный текст, письменный текст). Каждый функциональный подстиль характеризуется жанровой дифференциацией (жанры учебного подстиля – учебник, учебное пособие, лекция). Информационно-первичные тексты включают монографию, статью, диссертацию и др., а информационно-вторичные – реферат, аннотацию, перевод, рецензию. По признаку экспрессивно -стилистической отмечености тексты делятся на стилистически отмеченные и стилистически не отмеченные.

Главные прагматические функции лежат в основе изначальной ориентации текстов на носителей исходного языка или носителей языка перевода, а конкретные функции – в основе выделения информирующих, предписывающих, ориентирующих и систематизирующих текстов. Наконец, адекватность текста определяется по его соответствию коммуникативной установке.

* * *

Мақалада қазіргі тіл білімінің ілкі жетістіктерінің бірі саналып отырған - тың сала мәтін лингвистикасының мәселелері сөз болады. Аударма теориясындағы мәтін мәселесінің орны анықталып, мәтін лингвистикасы мен аударма теориясының ара байланысын ашуға талпыныс жасалған, мәтін жанрлары, түрлері, мән-маңызы мен ерекшеліктері айқындалған.

1. Диброва Е.И. Коммуникативно-когнитивная модель текстопорождения // Семантика языковых единиц. Доклады 5 международной конференции. М.: 1996.

2. Николаева Т.М. Лингвистика текста: современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. М., Прогресс 1978 Вып. 8 Лингвистика текста.

3. Ванников Ю.В. Типы текстов и их научно-технические особенности. М., 1985

4. Nida E.A. Taber C. The theory and practice of translation. Lei den, 1969

5. Stolze R. Grundlagen der Textübersetzung . Heidelberg, 1982

6. Дридзе Т.М. Язык информации и язык реципиента как факторы информативности. – В кн.: Речевое воздействие. Проблемы прикладной психолингвистики. М., 1972

7. Миньяр-Белоручев «Теория и практика перевода» М., 2002

8. Черняховская Л.А. Перевод и смысловая структура. М., Международные отношения 1976.

9. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. М., Наука 1981.

10. Долинин К.А. Стилистика французского языка. Л., Просвещение, 1978

***Х. М. Жоқанасова***

## БҰҒЫ-МАРАЛҒА ҚАТЫСТЫ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамзат тіршілігінде өсімдіктер дүниесінің маңызы өте зор. Ерте кезден бастап-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, ат қойып, олардың жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, ал жапырағын, сабағын, гүлі мен тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, бояу дайындауға пайдаланып келген.

Жер беті өсімдіктер дүниесіне өте бай. Дүние жүзінде олардың 500 мыңдай түрі өседі. Адам соның жартысына жуығын пайдаланады. Республика ға-

лымдарының мәліметтеріне қарағанда қазақ жерінде өсімдіктердің 6 мыңнан астам түрі өседі. Өсімдік атауларын зерттеуші Б.Қалиев үш мыңдай өсімдік атауларын жинастырып, зерттеген. Ғалым олардың ішіндегі 2800-і нағыз халықтық атаулар дейді [1;28].

Өсімдік атаулары тілімізде кең қолданылып, тиісті грамматикалық формалармен түрленіп, әр түрлі сөздермен тіркесе келіп, сан қилы мағыналар туғызады. Олардың ең көбі – екі сөздің бірігуі арқылы жасалған атаулар. Бұл өте кең тараған, аса өнімді тәсіл. Сондықтан да ол тілімізде айрықша орын алады. Екі сөзден тұратын өсімдік атауларының көпшілігі негізінен бір затты екінші затпен ұқсастыру, метафоралық теңеу негізінде жасалынады. Өсімдік атауларының екінші сыңарлары көбінесе оны не нәрсеге теңеп, салыстырып тұрғанын көрсетеді. Мысалы, атқұлақ, балқарағай, итмұрын, қазтамақ, қойбүлдірген, түйетабан және т.б. екі сөздің бірігуінен жасалған өсімдік атауларының бірінші сыңары көбінесе төрт түлік мал атаулары болып келеді. Тілімізде бірінші сыңары көбінесе түрлі аң атауларының атымен келетін өсімдік атаулары көп ұшырасады: аюбадам, бөріқарақат, түлкіқұйрық, елікшөп, киікоты, суыроты. Сол сияқты бұғы-маралға байланысты атаулар да кездеседі: маралоты, маралқурай, маралшөп. Мұндай өсімдік атауларының көбінесе екінші сыңарлары бейне ретінде алынады, ал предметі: бұғы, марал т.с.с. сөздер болып келеді. Олардың бірінші сыңарлары екінші компонентті айқындап, анықтап тұрады.

Өсімдік атауларының уәждемелері де әр түрлі. Өсімдік атаулары оны азық қылып жейтін аңдарға, жан-жануарларға байланысты және де дәміне, бір нәрсеге ұқсастығына, түсіне, өсетін жеріне байланысты.

Қазақ тілінде бұғы-маралға қатысты төмендегідей өсімдік атаулары кездеседі: маралшөп тамыры, маралоты, маралқурай, маралқұлақ, бұғы мүгі немесе бұғы қынасы, көкемарал не киікоты, марал балдырған, бұғымүйіз, маралжусан.

Бұғы-марал атаулары күрделі өсімдік атауларының, көбінесе, біріккен сөздердің бірінші сыңарында кездеседі. Мысалы, бұғымүйіз, маралоты. Маралоты – сарғалдақ тұқымдас ақсары түсті ұсақ гүлді, тік сабақты көпжылдық шөп тектес өсімдік. Түр-түсіне байланысты сары маралоты, жалған күлте маралоты, бұйра маралоты деп аталады. Ол улы өсімдік. Маралоты шөбінің кейбір дәмі ащы түрлерін мал жемейді. Маралоты, киікоты лексемаларының құрамындағы екінші сыңарлары – от сөзінің мәнмағынасы анық. Азық дегенді білдіреді, демек, маралоты – маралдың азығы болса, киікоты - киіктердің қорегі. “Малшылық кәсіпке байланысты қазақтар жер бетінің түгіне, әсіресе, мал азығына қажетті шөптерге ерекше мән беріп, оларды жан-жақты таныған. Неше алуан шөп тектес өсімдіктерді әртүрлі қасиетіне қарап-ақ от, боз от, жасық от, көк от, қара от деп бірнеше топқа бөліп қарайды. Ақ от – тұщы шөптердің жалпы атауы. Қазан ұрып, күздің ақ жауынына шайылған күзеудің шөбі. Жылқы малының сүйіп жейтіні – бидайық, бетеге, қоңырбас, ебелек, изен сияқты шабындық шөптер – боз от. Қара от жусан, көкпек, баялыш, кекіре, мия, соран, теке сақал, итсигек т.б. ащы шөптердің жалпы атауы. Ал көк от – көктемде көгеріп, құлпырып тұратын көк балауса, көкорай шалғын, көк майса, көрпекөк іспетті шөптердің жалпы атауы” [2;122]. От лексемасына байланысты атты отқа қойдым, жердің оты қашты, отын оттап, суын ішті, атын оттатты, оттан қалды, әр айдың оты басқа т.с.с. фразеологизмдерге Ш.Сейітованың жұмысында жан-жақты талдау беріледі. Жоғарыдағы мысалдардан бұғы-маралға қатысты өсімдік атауларына тек бұғы және марал сөздерінің ғана ұйытқы болып келетіндігі байқалады. Бұғы-маралға қатысты басқадай сөздер өсімдік атауларында кездеспейді. Киікоты, көкемарал атауларына қазақ тілінің сөздігінде жеке реестр сөздер ретінде анықтама берілген. Біздіңше көкемарал киікоты лексемасының жалпыхалықтық атауы болуы мүмкін.

Ал маралшөп тамыры – аралас тәсілмен жасалған атау. Маралшөп тамыры – тау басында жабайы өсетін көпжылдық шөп тектес өсімдік. Тамыры қысқа, ірілеу, шашақталған. Бұғылар күз, көктем айоарында бұл өсімдіктің тамырын қазып жейді, сондықтан оны маралшөп тамыры деп атайды. Оның маралдың жүйке жүйесін тыныштандыратын, қан қысымын көтеретін қасиеті бар. Маралшөп тамыры – тұтасымен алғанда тіркестіру тәсілімен жасалған. Бұл күрделі атаудың бірінші компоненті сөзқосым тәсілімен жасалған біріккен сөз. Марал және шөп сөздері өздерінің әу бастағы дыбыстық құрамын толық сақтай отырып, біріккен. Аталған лексеманың мәні – марал жейтін шөптің тамыры.

Маралшөп тамыры атауының шығу тарихына байланысты ел арасында бір қызықты аңыз-әңгіме тараған. Қар қалың жауған қыстан кейін бір аңшы биік таудан маралдың бұқасының ізіне түседі. Жануар әбден зорығып, ілбіп келе жатады. Аңшыға оны атып алудың ешбір қиындығы жоқ еді. Бірақ бұғының оғаш қылығына ол аң-таң қалады. Тұяғымен жерді теуіп-теуіп жеберіп әлдебір қурап қалған ұзын сабақты шөптің тамырын жеген бұғы өріс қуалай жайыла береді. Кәрі бұғының сыртынан ұзақ қадағалаған аңшы өзінің көз алдында оның әл жинап, тыңая бастағанын байқайды. Арада бірнеше күн өткенде жануар адам танымастай өзгеріп, өзінің бір кездегі күш-қуатын қайта тапқандай ойнақтап шыға келеді. Аңыздың айтуынша, аңшы бұғыны аяп атпай, әлгі шипалы тамырды көп етіп жинап алады да, оны маралшөп тамыры деп атайды.

Бұғы-маралға қатысты күрделі өсімдік атауларының көп жағдайда бірінші компоненттері бұғы-марал атаулары, ал екінші сыңарлары өсімдік атаулары болып келеді: бұғы мүгі, маралжусан, маралқурай. Ал кейде екінші сыңарларына от, шөп, тамыр т.с.с. жануарлар азығының жалпы атаулары негіз болады: маралшөп тамыры, маралоты. Енді бір топ өсімдік атауларының екінші сыңарларына бұғының дене мүшелерінің атаулары арқау болған: бұғымүйіз, маралқұлақ. Бұлар өсімдікті бұғы-маралдың дене мүшелеріне ұқсату арқылы жасалған

атаулар. Бұлардың барлығы да бейнелеу арқылы, яғни бір затты екінші бір затпен салыстыру арқылы жасалып тұр. Бәрінің де берер мағынасы түсінікті. Қазақ тілінің сөздігінде маралқурай, маралқұлақ, маралшөп тамыры, марал балдырған атаулары кездеспейді. Маралқұлақ, маралқурай – синоним сөздер. Ғылыми тілдегі баламасы – лобель тамырдәрісі (чемерица Лобель). Ал марал балдырған – марал жейтін балдырғанның бір түрі. Осы атауға ұқсас өсімдік атауларының ішінде елік балдырған, аю балдырған, сасық балдырған және т.б. [3; 322].

Э.В.Севортян өзінің "Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде" балдыр, балдырған сияқты көпшілік түркі тілдеріне ортақ бірқатар өсімдік атауларына этимологиялық талдау жасап, олардың түп төркіні – көне түркі тілі екендігін айтады. Автордың зерттеуінше, балдыр, балдырған сияқты өсімдік атаулары тіліміздегі балауса, балғын, балқаш, балшық, балық сөздерімен түбірлес. Бұл сөз көне түркі тілінде "дымқыл, сулы" деген мағынаны білдірген Демек, балдыр, балдырған, балауса, балғын лексемаларының ортақ мағынасы – жас, жаңа жетіліп келе жатқан, жасыл (көк). Бұдан шығатын қорытынды – марал балдырған лексемасының мағынасына дымқыл, сулы жерге шығатын, үлкен жапырақты, қуыс сабақты өсімдік және марал сүйіп жейтін шөптесін өсімдік деген семалар енеді.

Бұғы мүгі (бұғы қынасы) – тундрада, торфты, батпақты жерлерде кездесетін сұр түсті майда бұта. Шығыс Қазақстанда бұғы мүгінің жасыл түстісі кездеседі. Ол негізінен тасты, сулы жерлерде өседі. Бұл шөп бұғылардың негізгі азығы болғандықтан да болса керек, бұғы мүгі атанып кеткен.

Қорыта келе, қазақ тілінде өсімдік атауларының синтаксистік сөзжасамы өте өнімді, сол сияқты бұғы-маралға қатысты өсімдік атауларының басым бөлігі синтаксистік тәсіл арқылы жасалған. Қазақ тіліндегі бұғы-маралға қатысты өсімдік атаулары толығымен сараланып болған жоқ. Олардың мағыналарын ашу, көркем мәтіндегі, тілдегі қолданысын, әдеби, жалпыхалықтық баламаларын анықтап, зерттеу сөздік қорымыздың толығуына өз үлесін қосары анық.

1. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым. – 1988. – 160 б.

2. Сейітова Ш.Б. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы. Фил. ғыл. канд. ғыл. дәр. алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 141 б.

3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1978ж.

4. Иващенко А.А. Қазақстанның өсімдіктер әлемі. – Алматы: Кітап, 2004.

* * *

В данной статье рассматриваются семантико-грамматические особенности названий растений, связанных с названиями животных «марал» и «олень».

* * *

The article considers the semantic and grammatical peculiarities of the words denoting plants connected with the name of the animal «maral» and «deer».

***Ж. Қ. Ибраева***

## САЯСИ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

Қазіргі лингвистика толық мультипәнділігімен сипатталады. Бұдан басқа лингвистиканың ерекше қасиеттері оның экспансионизмі (лингвистикалық ізденістер саласының кеңеюіндегі үрдіс) және функционализмі болып табылады, яғни тілді іс-әрекетте, дискурста, өз қызметін жүзеге асыру барысында қарастыру. Ғылыми зерттеулердің басым көпшілігінде орталық назарда адам, тілдік құбылыстарды жан-жақты талдау үшін жіберу нүктесі ретінде тілдік тұлға тұрғандықтан лингвистиканың бұл қасиеттерінің барлығы көптеген шектес бағыттарды тудырады. Қазіргі тіл білімінің мұндай өзекті интегративті бағыттарының бірі, атап айтқанда, саяси лингвистика. Ал саяси лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны саяси коммуникация болып табылады. Ол қазіргі ғылымда сөйлеу әрекеті түсініледі, қандай да бір идеялардың насихаттауға, елдегі азаматтарға эмоционалдық әсер ету және оларды саяси әрекеттерге оятуға, қоғамдық келісімге келуге, қоғамдағы көп көзқарастар жағдайында әлеуметтік-саяси шешімдерді түсініп, негіздеуге бағытталған. Саяси коммуникация мүдделерінің аясына саяси ақпаратты беруді ғана емес, сондай-ақ коммуникативтік іс-әрекет үдерісінде саяси ақиқатты қабылдап, бағалауға қатыстының барлығын да жатқызу керек.

Саяси коммуникацияның негізгі қызметі – коммуникативтік іс-әрекетті қолдана отырып, саяси билік үшін күресу: саяси коммуникация билікті бөлуге (сайлау, тағайындау, қоғамдық пікір тудыру және т.б. жолдар арқылы) және оны қолдануға (заңдар қабылдау, жарлықтар, қаулылар шығару және т.б.) тікелей немесе жанама ықпал ете алады. Саяси коммуникация саяси ақиқатты көрсетеді, онымен бірге өзгеріп, оның қайта құрылуына қатысады.

XXI ғасырдан бастап отандық ғылымда саяси комммуникацияның тұтас теориялық зерттеулері пайда болды, бұған қоса бүгінде отандық лингвистикада әртүрлі әлеуметтік гуманитарлық пәндер тоғысында пайда болған жаңа өзіндік бағыт – саяси лингвистика қалыптасып келе жатыр. Егер әлемде, оның ішінде Батыста *тіл – билік*, *тіл –идеология*

оппозициясы бұрыннан бері қызықты ғылыми-зерттеу мәселелерінің қатарында болғандығын ескеретін болсақ, Қазақстанда аталмыш мәселе салыстырмалы түрде жақында ғана белсенді түрде қарастырыла бастады (Б.А. Ахатова, И.Г. Оразбекова, Ю.Д., Ю.Д. Куличенко, Ж.О. Сағындыкова, Б.С. Каримова).

Дегенмен де бүгінгі таңда саяси лингвистиканың қазіргі тіл білімінің өзіндік бағыты ретіндегі «жас мөлшерінің» салдарынан зерттеудің тұтас әдіснамалық базасы әлі де болса қалыптаса қойған жоқ. Біріншіден, бұл саяси лингвистиканың концептуалды-терминологиялық негізіне қатысты, себебі лингвистикалық ғылыми әдебиетте жалпы қабылданған *саяси дискурс* (Е.И. Шейгал, А.Н. Баранов, Б.А. Ахатова, Ю.Д. Куличенко) ұғымымен қатар *саяси тіл* (О.И. Воробьева), *қоғамдық-саяси тіл* ( О.Н. Паршина, Т.В. Юдина), *үгіттік-саяси тіл* (А.П. Чудинов) терминдері қолданылады. Жоғары айтылған тұжырымнан саясат тілінің мазмұндық «толтырылымдылығы» жайлы сұрақ туындайды, Е.И. Шейгал саяси іс-әрекеттің жеке терминологиясы мен риторикасын қосуды ұсынады [1, 19]. Ал, мысалы, АҚШ лингвистері саяси тіл саласына саяси нақтылықпен және тіл тазалығы үшін күреске байланысты барлық мәселелер аясын саяси тіл саласына жатқызады.

Жоғарыда айтып кеткендей, саяси лингвистика мультипәнаралық сипатымен ерекшеленеді. Өйткені, саяси лингвистика мүлдем жаңа бағыт және оқу пәні ретінде өзінің зерттеу нысаны бойынша психикалық үдерістермен байланысты сөйлеу механизмдерін (сөйлеудің қабылдануы және туындауы) және олардың тіл жүйесімен арақатыстылығын зерттейтін психолингвистикаға жақын. Психолингвистиканың пәні ретіндегі сөйлеу іс-әрекетінің жалпы құрылымында оның жүзеге асырылуының негізгі формалары сөйлеу (диалогтік, монологтік және полилогтік) болып саналады, оның мақсаты ақпаратты беруге бейімдеу және ардесат санасындағы саяси әлем бейнесінің қайта жасалуына ықпал ету. Саяси коммуникация қандай да бір идеяларды насихаттауға, қоғамдық келісімге келу үшін және қоғамдағы көп көзқарас жағдайында шешім қабылдау үшін ел азаматтарына эмоционалдық ықпал етуге және оларды саяси әрекеттерге оятуға бағдарланған сөйлеу әрекеті. Шындығында да саяси коммуникациядағы іс-әрекет субъектісі адам болып табылады, оған билікті бөлуде тікелей және/немесе жанама ықпал етіледі. Саяси коммуникация саяси ақиқатты бейнелеп, оның қайта жасалуына қатысады, бұл үдерісте тіл мен қоғамды олардың себептік өзара айқынылықда зерттейтін саяси коммуникацияның әлеуметтік лингвистикалық мінез-құлқы айқын көрінеді. Саяси лингвистика мен әлеуметтік лингвистиканың байланысы айдан анық. Әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысаны социум болып табылады, онда тіл мәселелерінің әлеуметтік қырлары, тілдің қоғамда қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. У. Лабов әлеуметтік лингвистиканы «тілді оның әлеуметтік аясында» зерттейтін ғылым ретінде анықтауды ұсынады [2, 14].

Саяси лингвистика саласындағы зерттеулерде мемлекеттің тіл саясаты саласындағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерді шектеу ұсыналады. Саяси лингвистика мен әлеуметтік лингвистиканың зерттеу мәселелері, біздіңше, өте дәл және А.П. Чудин оларды айқын мазмұндап береді, ол бұл білім салаларын жіктей отырып, саяси лингвистика бойынша мамандарды саясаткерлердің қалай сөйлейтіндігі қызықтырса, ал тіл саясаты мамандары тілдің тиімді қолданылуы үшін не істейтіндігімен (немесе не істеулері керек екендігімен) айналысатындығын атап көрсетеді [3, 8].

Дегенмен де тілдік жоспарлау және тілдердің қолданылу мәселелері тікелей байланысты және белгілі бір дәрежеде саяси коммуникацияға және билік өкілінің сөйлеу мінез-құлқына ықпал етеді. Бұл тұжырымды қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаяты аясында қарастыруға болады.

Қазіргі Қазақстанның тұрғындары көптілді социумды құрайтындығына қарамастан демографиялық және функционалдық тұрғыдан күшті тілдер қазақ және орыс тілдері үстем тілдер болып қалып отыр. Бұл факті аталған мажоритарлы тілдердің республика кеңістігіндегі (әлеуметтік, мәдени және тілдік тұрғыда) толерантты өзара қатынасын айқындайды, бұл тілді қолдану саласында неғұрлым айқын көрінеді, олардың қатарында неғұрлым маңыздырақ қоғамдық-саяси іс-әрекет көрінеді.

Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзгеруі табиғи түрде қазақ тілінің қайта бағалануына және қолданылуына (қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуі) әсер етті, бұл, бірінші кезекте, республиканың тілдік жоспарлауының негізгі нысандарының бірі ретіндегі билік өкілдерінің сөйлеу мінез-құлқынанда көрініс тапты. Міне сондықтан билік өкілдерінің кәсіби тілін мемлекеттік қызмет айқындайтын қоғамдық-комммуникативтік маңыздылық ерекшелендіреді, онда тілдің функционалдық бағыттылығы өзгереді, тіл биліктің аса пәрменді құралы және мемлекеттік аппарат іс-әрекетін идеологиялық қамсыздандыруда, тұтас мемлекеттік идеологияның жасалуына бірінші дәрежелі рөл атқарады.

Егер саяси коммуникацияны этнолингвистикалық зерттеу ракурсында қарастыратын болсақ, бұл жерде бірінші кезекке ұлттық саяси сананың маңызды элементтерін бейнелейтін концептілер шығады. Концепт, Д.С. Лихачевтің пікірінше, адам санасында мүмкін мағыналарға емеурін ретінде ғана туындамайды, сонымен қатар алдыңғы тұтас тілдік тәжірибеге –поэтикалық, прозалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи және т.б. отклик ретінде пайда болады [4, 5]. Бұл жерде, В.А. Маслованың пікірі бойынша, жекелеген тілдік тұлға үшін де, тұтас лингвомәдени қауымдастық үшін де экзистенционалдық маңыздылығы бар [5, 24].

Саяси дискурс басқа дискурс түрлерінен негізгі концепттерімен ерекшеленеді. Педагогикалық дис-

курстың орталық концептілері «білім», «мұғалім» болса, діни концептке «сенім», «Құдай», ал саяси дискурстың орталық концептілері «билік», «саясаткер» болып табылады.

В.И. Карасиктің пікірінше, қоғамдық институттардың негізін құрайтын орталық концептілер үлкен генеративті күшке ие болып жанында мағына шоғырланады және оларды сипаттауға көлемді сөздік құрастыру қажет болады. [72, 6]. Саяси дискурстың семиотикалық кеңістігі саяси қарым-қатынас саласындағы таңбалар жүйесін құрайды. Ол таңбалардың семантикасында саясат әлемінің лингвомәдени қауымдастықпен байланысты шындығы көрініс тапқан. Тілден тыс шындықты түсіндіруінің нәтижесі ретінде, Шейгалдың Е.И. пікірінше, оның категорияланyы болып табылады.

Қазақ халқы мәдениетінің кілт концептілері біздің бақылауларымыз бойынша *әділет, тәуелсіздік/бостандық, ар/намыс, қадір, отан/отабасы/жанұя* болып табылады, олардың жиынтығы ұлттың саяси мәдениетін біріктіретін (концентрирующую) саяси концептаясын құрайды. Қазіргі ғылымның антропологиялық мәселеге назар аударуы дәл осы этнолингвистикалық тұрғыдағы көптеген мәселелерді алға тартты, бұған ұлттық мәдениет, халық менталитеті мен психологиясын білдірудің тілдік формалары мен құралдарын талдайтын саналуан лингвистикалық зерттеуге мысал бола алады.

Саяси дискурстың семантикалық кеңістігі табиғаттың түрлі вербалды, бейвербалды және аралас таңбаларымен қалыптасады. Вербалды таңбаға тұрақты тіркестер мен сөздер, прецедентті айтылған сөздер мен мәтіндер, ал бейвербалды таңбаларға ту, эмблема, портрет, мүсін, символикалық әрекеттер және ең бастысы символикалық тұлғалар – саясаткерлердің өзі жатады. Аралас таңба ретінде әнұран (поэтикалық мәтін мен әуен) мен елтаңба (геральдикалық символ мен вербалды девиз) болып табылады.

Саяси лингвистиканың гендерлік мазмұн тұрғысынан интегративті зерттелуі маңыздылығы күмән туғызбайды. Гендерлік лингвистика айрықша лингвистикалық пән ретінде тілдік құралдарды тіл иелерінің жынысы бойынша айырмашылықтарына байланысты қарастырады. Осыған байланысты лингвистикалық тұрғыдан ерлер мен әйелдердің тілдік/тілдік емес мінез-құлқындағы негізгі айырмашылықтар туралы гендерлік стереотиптер мәдениетінде қалыптасқан зерттеулер қызықты болып саналады. Қазақстанда ұзақ уақыт бойы патриархалдық үстемдік (устои) сақталып келгендігін айта кету керек, бұл *әйел/билік/саясат* оппозициясында көрініс тапты. Бүгінгі таңда қазақстандық басым көпшілігі «еркектік» Парламентте соңғы сайлаулардан (тамыз, 2007 ж.) кейін аздаған, бірақ көрнекті өзгерістер болды – әйел депутаттардың саны ұлғайды. Саяси коммуникация гендерлік дифференциацияда төменгі өрістерінде көрінеді: *логикалылық/интуитивтілік, саналылық/бейсаналылық, билік/бағыну, тәуелсіздік/ұжымдылық, активтілік/пассивтілік*.

Жан-жақты зерттеудің келесі бір маңызды аспекті саяси және бұқаралық коммуникацияның өзара әрекеті мен өзара ықпалы болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның саяси көзқарастарының қалыптасу және белгілі бір саяси көшбасшыны алға жылжыту үдерістерін басқаратындығы дәлелденген. Саяси оппоненттердің бірбіріне және қоршаған әлеуметтік ортаға билік, биліктік-басқару қатынастар бойынша әлеуметтік ақпараттық ықпалы ретінде түсінілетін саяси коммуникация саяси іс-әрекеттің ажырамас белгісі екендігі маңызды болып табылады.

Отандық ғылымның қазіргі даму кезеңінде бірінші кезекте кеңестіктен кейінгі барлық кеңістік қоғамында болып жатқан саяси өзгерістермен байланысты тіл өзгерістері белсенді талданатындығы жалпыға белгілі. Бұл жерде саяси пиардың тілдік және жанрлық ерекшеліктерімен, саясаткердің тілдік мінез-құлық сипатына, саяси іс-әрекеттегі стратегиялар мен тактикаларға байланысты, сонымен қатар саяси мәтіндерді пайда болу және қолданылу механизмдерін айқындау мәселелері алдыңғы жоспарға шығады. Көптеген лингвистер саяси дискурстың басым қызметін саясаткердің негізгі және ақырғы мақсаты ретінде билікті иеленуіне тура және жанама ықпал ететін коммуникативтік іс-әрекетті қолдану негізінде жететін сендіру (убеждения) қызметін атайды.

Сөйтіп қазіргі саяси лингвистиканың жетекші постулаты саяси жағдаят контексінде қарастырылатын саяси мәтіндерді зерттеуге дискурсивтік бағдар болып шығады. А.П. Чудинов атап көрсеткендей, бұл жерде автордың мақсатын, саяси көзқарастар мен тұлғалық қасиеттерді, мәтінді әртүрлі адамдардың қабылдау ерекшелігін ескеру қажет. Бұдан басқа саяси мәтіндер жүйесіндегі және басқа да елдің саяси өмірі жүйесінде бұл мәтіннің атқаратын рөлін де ескеру қажет [1, 8].

Сонымен, саяси лингвистиканың интегративті сипаты қазіргі тіл білімінің жаңа өзекті бағыты ретінде теориялық және қолданбалы мазмұндағы міндеттерді шешуді көздейді. Біздің ойымызша, саяси қатынастар мен Қазақстанның қостілді саяси қарым-қатынастағы қазақстандық билік өкілдерінің мәдени-сөйлеу сипатын лингвокогнитивті және вербалды-грамматикалық деңгейде қарастыру ғылыми тұрғыдан қызық болмақ.

1. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. М.: Гнозис, – 2004. – 326 б.
2. Labov W. The social stratification of English in New York City. – Washington, 1966. – 200 p.
3. Чудинов А.П. Политическая лингвистика. – М.: Флинта: Наука, – 2006. – 256 б.
4. Лихачев Д.С. Культура как целостная динамическая система // Вестник РАН. – 1994. - № 3. – 23 бб.
5. Маслова В.Н. Лингвокультурология – М.: Академия, – 2004. – 208 б.
6. Карасик В.И. Язык социального статуса. – М.: Ин-т языкознания РАН, *1992*. – 330 б.

* * *

В данной статье представлено описание политической лингвистики как нового междисциплинарного направления современного языкознания.

* * *

The article presents the description of political linguistics as a new inter-disciplinary aspect of modern linguistics

***Н. Ә. Ильясова***

# ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Тілдік қатынас — тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы. Адам ақыл- парасат, сана – сезім иесі болғандықтан айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білуге ұмтылады, олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі. Осыған орай, адам таным иесі ретінде белгіленеді. Адамға тән танымдық қасиет тілдік қатынастың мәні мен мазмұнын айқындауға негіз болады. Тілдік қатынас — сөйлеу процесінің көрсеткіші. Сөйлеу процесі адамның танымдық қасиетіне қарай ақиқат болмыстың шындығын хабарлауды білдіреді. Ол екі түрлі жағдайда орын алады: 1) өмірде адаммен байланысты болып жатқан нақты жағдаятты хабарлайды; 2) адамнан басқа мақұлық, жан-жануар, табиғат құбылыстары туралы хабарлайды.

Қоғамдық қатынастардың дамуы нәтижесінде адамның, халықтың тыныс тіршілігінде болып жатқан оқиғалар тілде көрініс тауып, адаммен байланысты нақты жағдаят сөйлеудің объектісіне айналады. «Жеке адам тарихи әлеуметтік қоғамдық прогресстің туындысы. Жеке адамның әр түрлі ерекшеліктерінің дамып, қалыптасуы оның өзі өмір сүретін ортасына, ондағы қоғамдық қатынастарға (экономикалық, идиологиялық) тәуелді» [1. 54.] Қоғамдық қатынастардың дамуынан қалыптасқан сөйлеу тілі әлеуметтік сипатта жұмсалады. Ол тек жеке адаммның, халықтың жалпы алғанда, адамзат баласына қатысты сөйлеудің түрі болып табылады. Сондықтан сөйлеудің бұл түрін ішкі сөйлеу деп атаймыз. Ішкі сөйлеу өмір сүру, іс-әрекет жасау барысында адамдардың алдына үнемі шешуін талап ететін мәселелер мен міндеттерден туындайды. Осы мәселелер мен міндеттерді шешу үстіндегі сөйлеу әрекеті адамдардың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін, сөйлесуін қамтамасыз етіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Ішкі сөйлеу таным иесі мен қоғамдық тәжірибенің қозғаушы күші болып табылады. Сөйлеудің бұл түрінде адамның болмысы, қасиеті, тыныс тіршілігі, мәдениеті, салт дәстүрі, білімі т.б сияқты ішкі дүниесі сөйлеу объектісіне айналады. Мысалы, *Маған қызық кітаптар ұнайды* десек, осы сөйлемде адамның ішкі жан-дүниесінен хабар беріледі. *Ол кино көруге жиі барады* десек, адамға тән қасиет туралы хабар аламыз. *Асқар — өте ақкөңіл жігіт* десек, адамның болмысы туралы хабар айтылып тұр.

Адам танымының өзінен тысқары тұрған объектіге негізделуінен сөйлеудің тысқары түрі қалыптасады. Тысқары сөйлеуде адамнан басқа мақұлық, жан-жануар, табиғат құбылыстары сөйлеу объектісіне айналып, адамға тән рухани дүниенің табиғатпен байланысы көрініс табады. Сөйлеудің бұл түрі материалистік таным теориясымен (гносеология) сабақтасады. Мұнда адам өзін емес, өзін қоршаған ортадағы әлемнің шынайы көрінісін танып біледі де, сол танылған заттар мен құбылыстар туралы хабар береді. Мысалы, *Бүгін жаңбыр жауып тұр* десек, табиғаттың белгілі бір мерзіміне тән құбылыс туралы, *Биыл егіннің түсімі мол болды* десек, табиғи өнім туралы, *Түн ортасы ауды* десек, табиғи болмыс туралы, *Қасқыр — жыртқыш аң, Қой — үй жанауры* десек, жануарлар мен хайуанаттар туралы хабар беріліп тұр.

Бұл тілдік қатынастың коммуникативтік-танымдық моделін айқындап, оның субъективті және объективті модельге тәуелді екенін көрсетеді. Тілдік қатынастың субъективті моделінде берілген хабарға адамның әсер ету ұстанымы тән. Бұл ұстанымда берілген хабар тек адаммен байланысты болады. Мысалы, *Мен қызық кітап оқыдым, Сен қызық кітап оқыдың, Ол қызық кітап оқыды, Маған (саған, оған) мектепке бару керек, Менің балам жақсы оқиды, Сенің балаң жақсы оқиды, Оның баласы жақсы оқиды* десек, қызық кітапты оқу туралы хабардың иесі де, мектепке бару туралы хабардың иесі де, баланың жақсы оқитыны туралы хабардың иесі де — адам. Адаммен байланысты берілетін хабарда сөйлеуші мен тыңдаушының өзіне тән моделі болады. Ол жақ категориясы арқылы 3 жақта көрініс табады. I жақ бойынша, сөйлеуші моделі: сөйлеуші — хабар иесі; сөйлеуші — хабарды жеткізуші. Мысалы, *Мен қызық кітап оқыдым* деген сөйлемде хабардың шығуына себепкер I жақтық субъект (мен) және сол хабарды жеткізуші де сол I жақ субъектінің өзі. Дәлірек айтқанда, I жақ субъект өзінің іс-әрекеті туралы өзі хабар беріп тұр. Яғни сөйлеуші де I жақтық субъект, іс-әрекеттің иесі де I жақтық субъект. Тыңдаушы моделі: тыңдаушы — хабарды қоздырғыш күш. Себебі тыңдаушы болмаса сөйлеуші ол хабарды айтпас еді. Тыңдаушы жасырын тұрады, көзге айқын көрінбейді.

II жақ бойынша, сөйлеуші моделі: сөйлеуші — басқа адам; тыңдаушы моделі: тыңдаушы — хабар иесі. Мысалы, *Сен қызық кітап оқыдың* деген сөйлемде хабардың шығуына себепкер болып тұрған II жақтық субъект (сен) себебі, ол сөйлемде айтылған хабардың (іс-әрекеттің) иесі, бірақ хабарды жеткізуші емес. Хабарды жеткізуші басқа адам. II жақтық субъект берілген хабардың иесі және тыңдаушы. Мұнда белгілі бір іс-әрекеттің иесінің өзіне сол іс-әрекет туралы басқа адам хабар беріп тұр.

III жақ бойынша сөйлеуші моделі: сөйлеуші — бөгде адам. Тыңдаушы моделі: тыңдаушы — бөгде адам. Хабардың иесі — агенс. Агенс хабарды жүзеге асырушы, әрекет жасаушы адам. Мысалы, О*л қызық кітап оқыды* дегенде хабардың шығуына себепкер болып тұрған III жақ субъект (ол) агенс, себебі, ол — айтылған хабардың, іс-әрекеттің иесі. Бірақ хабарды

жеткізуші де, тыңдаушы да III жақтық субъект (ол) емес, бөгде адамдар.

Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: тілдік қатынастың субъективті моделі берілген ақпараттың адамға қатысты екенін айқындап, сөйлеуге тыңдаушы, басқа адам, бөгде адам, агенстің қатысатынын көрсетеді. Тілдік қатынастың субъективті моделі адамның ішкі болмыс бітімімен байланысты болғандықтан, халықтың ұлттық рухани құндылықтарымен, мәдениетімен, ой-әлемімен, психикалық ерекшеліктерімен, жалпы алғанда, адамның, этностың болмысымен тікелей байланысты болады.

Тілдік қатынастың объективті моделінің коммуникативтік бағдарына берілген хабарға адамнан тыс табиғаттың әсер ету ұстанымы тән. Бұл ұстаным бойынша, берілген хабар тек табиғи құбылыстармен және адамнан басқа табиғи жаратылыстармен байланысты болады. Адамнан тыс табиғи құбылыстар туралы берілетін хабарда сөйлеуші мен тыңдаушының моделі басқаша болады. Сөйлеуші моделі: сөйлеуші хабарға өзін қатыстырмай, өзінен тысқары оқиғаны хабарлайды. Тыңдаушы моделі: берліген хабарды қабылдап алады, оған өзінің қатысы болмайды.

Тілдік қатынастың коммуникативтік- танымдық моделі тікелей адаммен байланысты қарастырылады. Адамға тән танымдық қасиет тіл иесінің (тіл субъектісі) өзіне тән қасиеттері мен белгілерін айқындайды. Тіл иесіне тән басты қасиеттер мен белгілер — байқау, сезу, ойлау, сөйлеу. Байқау, сезу, ойлау процесі түйсіну, қабылдау арқылы шынайы болмысты белсенді зерттеп, қандай да құбылыс не заттар жөнінде түсініктердің пайда болуын қамтамасыз етеді. Осы түсініктер негізінде қорытындылар жасалып, сөйлеу әрекеті іске асады. Сөйлеу әрекеті танымға түскен құбылыстардың жалпы белгілерін анықтауға, түсінік, пікір, ұғымдарды игеруге, зат не құбылыстар арасындағы мәнді, қажетті де тұрақты байланыстарды ашып, заңдар мен заңдылықтарды өрнектеуге мүмкіндік береді. Бұл тіл иелерінің сөйлеу актісінде алатын орнын айқындайды. Сөйлеу үстінде тіл иелері баяншы (сөйлеуші) және қабылдаушы (тыңдаушы) болады. «Баяншы — сыртқы объективтік әсерді өмірді сезінуден, пайымдаудан туған санадағы ойды түрлі тілдік амал құралдардың, бірліктердің көмегімен екінші біреуге баяндауды, хабарлауды жүзеге асыру үшін тілдік байланысқа қатысушы, тілдік қарым-қатынасқа түсуші», «қабылдаушы белгілі бір хабарды қабылдап алып, оның мәнін тілдік бірліктер арқылы түсініп, ой мен пайымдау арқылы өз санасына өткізіп, ұғынудың нәтижесінде тілдік қатынасты әрі қарай іске асырушы» [2. 232 ]

Сөйлеуші нені хабарлағысы келсе, сол туралы ақпарат береді. Берілген ақпаратта сөйлеушінің өзіндік көзқарасы айқын көрініс табады. Бұл сөйлеушіге модальдық қасиеттің тән екенін көрсетеді. Мысалы, *Бүгін қатты жаңбыр жауды* дегенде сөйлеуші хабар бере отырып, табиғатқа деген өзіндік көзқарасын білдіріп тұр. *Мен қызық кітап оқыдым, Сен қызық кітап оқыдың, Ол қызық кітап оқыды* десек те, сөйлеуші хабарды бере отырып, өзінің эмоционалдық көзқарасын білдіріп тұр. Тыңдаушыға модальдық қасиет тән емес. Ол коммуникативтік мақсатты жүзеге асырушы және тілдік қатынастың қалыптасуына ықпал етуші болып табылады.

Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынас таным процесіне тәуелді. Таным процесі материалдық не рухани нысандарды қабылдауды талап етеді. Олардың шынайылығы сөйлеу актісінде дәлелденеді. Сөйлеу актісінде сөйлеуші мен тыңдаушы өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білім аясы кеңейіп, тереңдей түседі. Сөйлеуші мен тыңдаушы заттар мен құбылыстар және өздері туралы ақпарат береді. Ол тіл субъектілерінің жүйелі, шынайы білімді игеріп, рухани байығанын көрсетеді. Тілдік қатынастың коммуникативтік-танымдық моделінде когнитивтік сипат айқын көрініс табады. Ол танымның мәні мен мазмұнына қарай ажыратылады. Таным сезімдік және рационалдық болып екіге бөлінеді. Танымның сезімдік деңгейіне түйсік, қабылдау, елестеу, ал рационалдық деңгейіне ұғыну, пайымдау, ой қорытындылау жатады. Танымның осы деңгейлері арасында диалектикалық өзара байланыс болады да, таным иесі шындық болмысты абсолютті және салыстырмалы түрде қабылдайды. Нәтижесінде танымның деңгейлері айқындалып, ол ғылыми таным және қарапайым, діни, көркемдік танымның түрлерін көрсетеді. Ғылыми таным еш күмәнсіз дау тудырмайтын, дәлелденген, объективті шынайылығы басым хабарды береді. Қарапайым таным күнделікті тыныс-тіршілікте белсенді (спонтанды) қолданылатын әлеуметтік кеңістіктегі хабарды береді. Діни таным наным-сенім туралы хабар береді. Көркемдік таным шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарды бейнелі тұрғыда қарастырады. Танымның түрлері сөйлеушінің танымдық деңгейін анықтайды, айтылған хабарды түсіну, қабылдау, бағалау процесі тыңдаушының танымдық деңгейін көрсетеді. Тілдік қатынастың коммуникативтік-прагматикалық мүмкіндіктері белгілі бір тақырыпты, уақытты және тілдік бірліктерді талап етеді. Олар коммуникативтік мақсатты өтейтін факторлар болып табылады. Тақырып сөйлеушінің санасында бұрыннан танылған заттар мен құбылыстардың және олардың элементтерінің арасындағы байланыстан туындайды. Уақыт сол тақырыптағы хабардың белгілі бір шақта орындалатынын көрсетеді. Тілдік бірліктер хабардың сол ортаға түсінікті түрде жеткізілуін қамтамасыз етеді. Мысалы, *Бүгін жаңбыр жауып тұр* деген хабарда тақырып — *жаңбыр,* уақыт — *осы шақ,* тілдік бірліктер — сөйлем. Олар тұтасып келіп, сөйлеуші мен тыңдаушыға ортақ лингвистикалық құрылымды түзейді. Себебі «кез келген сөздің, хабардың негізгі идеясына (прагматикалық мақсатына) қоса ішкі мазмұны, бұл идеяны құраушы дыбыстар, сөздер мазмұны (идеясы) болады. Уәжді, бейнелі сөз жағдайында немесе сөйлемге кіретін сөздердің бәрі түсінікті болса бұлар адам санасында көрініп, байқалып тұруы мүмкін, ол көбінесе түйсікпен ғана қабылданады. Алынған мәлімет негізгі тікелей хабарланған ой бойынша ғана емес, хабарлаушы

бірлікті (сөз, сөйлем, мәтін) талдау, қорыту арқылы да қалыптасады». [2. 86]

Сонымен, тілдік қатынас теориясы мынадай қағидаларға сүйенеді: 1) тілдік қатынас - әлеуметтік процесс; 2) тілдік қатынас ақиқат өмірдегі табиғи болмысты тану; 3) тілдік қатынас таным процесінің қозғаушы күші; 4) тілдік қатынас – қоғам – табиғат ─ адам үштігінің жалпы өлшемі; 5) тілдік қатынас ─ тақырып – уақыт ─ тілдік бірліктер жиынтығы.

1. Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе. Алматы, 2005.- 192
2. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Алматы, 2009.-368
3. Ақаев С.Т. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. Ф.ғ.д дисс. Алматы, 2002. – 291

* * *

В статье рассматриваются некоторые модели языковой коммуникации.

* * *

This article discusses a model of linguistic communication.

***Ұ. К. Исабекова***

## ТҮРКОЛОГИЯДАҒЫ ТҮБІРТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Түркітану ғылымындағы түбір сөз проблемасының зерттелуі өзіндік дәстүрі мен қағидалары қалыптасқан, мақсат-мүддесі айқындалған классикалық сала болып табылады десек те, тілдің негізін құрайтын бір буынды сөздердің табиғаты толық ашылып болмағаны белгілі. Түбір проблемасының күн тәртібінен түспей отыруы алғашқы дыбыстық тілдің сұлбасы байқала бастаған кезден бастау алатын түркі түбірінің бірнеше сатылы даму жолы мен қайшылыққа толы қат-қабат күрделі табиғатына байланысты. Түркі сөздері тұлғасының қарапайымнан күрделіге қарай дамуы басты ерекшелік болғанымен, фонетикалық заңдылықтарға орай кезеңкезеңімен кері процестерді де (ықшамдалу, редукция, элизия т.б.) басынан өткізуі, одан қайта күрделенуі тәрізді мәселелер де түбір табиғатын айқындауда қиындықтар туғызады. Фонетикалық құбылыстар таплалогия мен редукция үнемдеу принципі бойынша жаңа дыбыс тіркесімін, жаңа фонологиялық жағдайды тудырады. Бұл дыбыстардың позициялық ауысуына, дыбыстардың түсіп қалуына, екі дыбыстың орнына жаңа бір дыбыстың пайда болуына алып келеді, ал дыбыс өзгерістерінің қордалануы коммуникативтік дербестікті сақтау принципі бойынша фонетикалық жүйенің жаңаша қалыптасуына арқау болады. Осы процестің нәтижесінде дыбыс сәйкестіктерінің екінші дәрежелі фоно-морфо-семантикалық қырлары қалыптасады. Кез келген тілдің лексикалық жүйесінің даму жолын, басқа тілдермен туыстық деңгейін анықтау ең алдымен түбір құрылымын айқындап алуға негізделетіндіктен түркі түбірлері жайлы алғашқы зерттеулер де түбір құрылымын анықтауға бағытталып, түркі, кең көлемде алғанда алтай тілдері бойынша түбірдің дыбыстық құрылымы жайлы екі бағыт қалыптасты: 1. Моносиллабтық (В.В.Радлов, Г.Вамбери, Дж. Клосон, В.Котвич т.б.); 2. Дисиллабтық (В.Банг, К.Менгес, Б.Я.Владимирцов, Н.К.Дмитриев т.б.) түркі тілдері деректері негізінде морфемдік, компоненттік, семантикалық, логикалық талдау әдістері арқылы дисиллабтар мен полисиллабтар құрамындағы алғашқы буынды бастапқы тұлға ретінде қарауға теориялық негіз бар. Сондықтан моносиллабтық бағыт көптеген ғалымдар тарапынан (Н.Сауранбаев, Б.Юнусалиев, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.В.Сенортян, А.Н.Кононов, Ә.Т.Қайдар, Ә.Ибатов, М.Томанов, Б.Сағындықұлы, т.б.) қолдау тауып, зерттеу нәтижелері түркі тілдері бойынша түбір және түбір-негіздер жүйесін құрайтын 6 құрылымдық модельді – V, VC, VCC, CV, CVC, CVCC – негізгі тұлғалар деп танығанмен, осы модельдердің қайсысы алғашқы (этимон түбір, этимологиялық түбір, архетүбір, өлі түбір, ілкі түбір, бастапқы түбір, т.б.) деген мәселе үлкен пікірталас өзегі болып отырғаны белгілі. Б.М.Юнусалиев сөздік қордағы екі буынды, көп буынды сөздермен бірге бір буынды лексемалар құрамында да өлі түбілер сақталып қалатыны жайлы «Омертвеншие корни не исчезают бесследно. Они лишились лишь лексической самостоятельности, но их звуковая материя продолжает жить в той или иной форме в основе новообразованных корненых слов» дей отырып, тіпті «... туынды тұлғалар да дербестігін жоғалтуы мүмкіндігін» айтады [1,63]. А.Хасенова түркі тілдерінде сөз ішіндегі дыбыстардың орын алмасып қолданылуы (*үйрек, урган, өрән, ургат, өрәт; қапуг, қапуг, қапқа, қақпа* т.б.), түбірлердің тек соңғы дыбыстары емес алдыңғы дыбыстарының да саны артық немесе кем болып келуі (қаз. *нану, сену;* өзб. *инон-моқ, илон-моқ* т.б.) қалыптасып кеткен тілдік ерекшелік екенін, қазақ тіліндегі *п* дауыссызына бітетін етістіктердің қосымша жалғану барысында деформацияланып *б, у, м* дыбыстарына ауысуы кездесетінін (*жап: жабады, жауып, жамыл, жапқан* т.б.) негізге ала отырып, А.Зайончковский мен Б.М.Юнусалиев ұсынған теориялық қорытындыға күмән келтіреді. Ғалымның пайымдауынша «Бұл құбылыс сөз ішінде не сөз аяғында кейбір дыбыстардың айтылуда түсіп қалуға икемділігімен де тікелей байланысты» [2,72]. Кейінгі жылдарғы зерттеу нәтижелері ғалымның көзқарасына қарсы

фактілерді де айқындап отыр. Қазақ тіліндегі *қарт, қария, кәрі; айт, айтыс, айқай* т.б. сөздерінің құрамынан *қар, ай* тұлғаларын түбір морфема ретінде ажыратып, *-т, -йа, -і, -т, -ыс, -қай* тұлғаларын түбір құрамына қатысы жоқ элементтер ретінде таныған М. Томанов " ... осы аз ғана фактілер тобына жасалған талдаудың өзі де (және тек бір тіл ыңғайында) қазіргі тіл нормалары бойынша бөліп-жаруға келмейтін жалаң түбір деп қаралатын сөздердің недәуір тобы "мағынасыз" түбірлер мен "белгісіз қосымшаларға ажырайтындығын көрсетеді" деп қорытады [3,140]. Сондай-ақ ғалым түбір құрылымын анықтауда біраз дау-дамай туғызып жүрген протезалық дыбыстардың, «екінші дәрежелі дифтонгілер мен созылыңқылардың қалыптасуы да түбір құрамын фонетикалық басқа сипатқа алып келгені мәлім» [3,141] деп бастапқы түбір құрамына аталған құбылыстардың аса қатысы жоқтығын меңзейді.

Түркілік түбір табиғатын қазақ тілі аясында әр қырынан жан-жақты қарастырған академик Ә.Т.Қайдар ұзақ жылдар бойы түркі тілдеріндегі түбір, негіз терминдерінің ара-жігі толық ажыратылмай келгеніне ерекше мән беріп, аталған ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерімен сараланатын ғылыми анықтамасын ұсынады. Ғалым нақты тілдік деректер мен В.В.Радлов бастаған белгілі лингвист-түрколог ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, «... разложимость односложных корней-основ в тюркских языках ... вполне реальный факт» [4,28] деген қорытындыға келеді. Түркі тілдері бойынша ғалым пікірінің негізділігіне дәлел бола алатын, дисиллабтармен қатар моносиллабтардың да біразы тіл дамуындағы ұзақ мерзімді қамтитын агглютинативтік процестің жемісі екенін көрсететін тілдік деректер қоры жинақталып, маңызды теориялық тұжырымдар дәйектелді. Түркі тілдеріндегі гомогенді моносиллабтарды етіс-есім омонимиясы тұрғысынан зерттеп синкретизм құбылысының теориялық сипаттамасын ауқымды тілдік дерек негізінде дәйектеп берген Е.Қажыбек «...түркі тілдеріндегі сөз таптары синкретизмінің іздері грамматикалық деңгейде де – дериваттардың етістік–есім омонимиясы немесе сөзжасам аффикстері негізінде де аңғарылады» дей отырып, соңғы құбылысқа аса ыждаһаттылықпен қарау қажеттігін, яғни аффикс арқылы жасалған етістік, есім мәнді моносиллабтар құрамында кездейсоқ сәйкестіктердің де кездесіп қалуы мүмкін екенін көрсетеді [5,244]. Моносиллаб синкретизмдер табиғаты негізінде түбірлердің көп функционалды болу құбылысын жалғамалылық кезеңге дейін қолданыста болған сөзжасам моделі ретінде қарастырған зерттеуші «Семасиологиялық тұрғыдан қарағанда түркі түбірінің синкретті семантикасы ең ежелгі тектілдің семантикалық жүйесінің сілемі. Сондықтан түркі тілдері лексикасын диахрондық негізде саралауда түркілік сөз мағынасының жалпыдан нақтылыққа қарай даму бағытына ерекше мән беру қажеттігін» айтады [6,245]. Аса ежелгі дәуірлерде қолданылған түбірлер мен қосымшаларды мүмкіндігінше бастапқы қалпына келтіруді өз зерттеуінің басты мақсаты етіп алған қазақ ғалымы Б.Сағындықұлы қазіргі түркі сөздерінің ежелгі тұлғасын реконструкциялауда дәстүрлі салыстырмалы-тарихи әдістер жиынтығымен қатар математикалық амал-тәсілдерге де, атап айтқанда теңдеу теориясына жүгінеді. Ғалым математикалық амалды тілдік деректерге қолдану барысында компоненттік талдау әдістерінің нәтижелерін пайдаланады. Тек өлі түбірлер ғана емес қазіргі қосымшалардың да кезінде дербес мәнді лексемалық дәрежеде қолданылғаны туралы гипотезалық идеялардың негізділігін қолдайтын ғалым «Түркі тілдері флексиялық құрылым дәуірін басынан өткізген. Ішкі флексия қалдықтары бір буынды түбірлер көлемінде едәуір дәрежеде қазірде де бар. Бұдан кейін полисинтетикалық құрылым (түбір тіл) дәуірі келген. Түркі тілдері мұндай құрылымды өз басынан кешіргенін белгілі түрколог-тардың көпшілігі мойындайды. Қазіргі агглютинативті қалпы бүкіл жұртшылыққа белгілі» [7,5] деп түркі тілдері дамуындағы жалғамалылыққа дейін флексиялық, синтетикалық кезеңдердің негізділігін көрсетеді. Флексиялық құрылымның басты ерекшелігі түбірлердің бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан жасалған силлабофонемалардан тұратынын жалпы түркі тілдері континуумында да, қазақ тілі аясында да дәйектеп көрсеткен зерттеуші, «Бірнеше силлабофонема өзара омонимдес болғандықтан, силлабофонеманың құрамындағы дауысты да, дауыссыз да қытай тіліндегідей әр түрлі сапада айтылған. Белгілі бір дауысты дыбыстың дауыссыз дыбыстың алдында, яки соңында келуі, түсіріліп айтылуы тағы басқа комбинациялық өзгерістері ұғым, түсінікті жеткізуде шешуші роль атқарған. Қай дыбысқа қаншалықты акцент берілуі ішкі флексия реттеп отырған. ... Жеке-дара дауыссыз дыбыстар заттардың, нәрселердің, қимыл-қозғалыстың, күйдің, сын-сапа, қасиеттердің атауы болған. Ал дауысты дыбыстар әр түрлі семантикалық өзгерістерді, реңктерді жеткізген» [7,157] деген тұжырымға келеді. Ғалым соңғы мақалаларының бірінде силлабофонемаларды *түбіртек* деп атауды ұсынады және «Кез келген сөзде қанша дауыссыз болса, сонша түбіртек болатындығын» [8,199-205] көрсетеді. Б.Сағындықұлының көзқарастары жалпылама алғанда лингвистикадағы фонология теориясының қағидаларымен, императив теориясындағы идеяфондық идеялармен үндесіп, жалпы лексикадағы фоно-семантикалық құбылыстарды нақтылай түседі.

Түркі түбірлерінің құрылымдық сипаттамасын жасау үш деңгейлі (фонологиялық, морфологиялық, семантикалық) зерттеу аясында жүргізілгенде ғана нәтижелі болады. Түркі лингвистикасындағы түбіртану мәселесі бойынша айтылған ой-пікірлер, түбірлер мен түбір-негіздердің жекелеген аспектілерін қарастырған зерттеу нәтижелері де, кешенді түрде жүгізілген зерттеулер де тілдегі түбірлік деңгейдің қалыптасуы мен дамуы фонетика-фонологиялық, морфологиялық, семантикалық, ономасиологиялық құбылыстардың өзара тығыз байланысына негізделетінін, түбір табиғатын тереңірек тани түсу үшін моносиллабтардың сыртқы тұлғасы мен ішкі

мазмұнын сабақтастыра қарастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Себебі, жалпы лексикалық байлықтың өзегін құрайтын моносиллабтар адамзат өміріндегі тілдің маңызын айқындайтын сан қырлы руханифункционалдық сапаны қамтамасыз ететін лингвоонтологиялық құрылым. Үнемі даму үстінде болатын тілдік жүйенің өзгермелі, икемді табиғаты моносиллабтардың құрылымдық модельдерінің даму бағытымен, оның құрамындағы фоно-корреляттардың өзара сәйкестік түзу мүмкіндігімен, таралу аясымен, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық, идеофондық, идеосегменттік қырларымен сипатталады. Түркілік түбірдің табиғаты күрделі болғандықтан, бұл категория лингвистикамен ұштасатын басқа да ғылымдар тоғысында кешенді зерттеудің ерекше амал-тәсілдерін қажет етеді.

1. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. Ч. I. –Фрунзе: Киргиз уч.педгиз. -320 с.
2. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. –Алматы: Ғылым, 1971. -306 б.
3. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 2002. -614 б.
4. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. –Алма-Ата: Наука, 1986. –323 с.
5. Кажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. –Алма-Ата: Наука, 1986. –270 с.
6. Кажибеков Е.З. Семантика тюркского слова. Проблемы межуревневой сопряженности. Автореф. дисс... докт.филол.наук. – Алма-Ата, 1988. –63 с.
7. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. –Алматы: Санат, 1994. -166 б.
8. Сағындықұлы Б. Түбіртек – тілдік бөлшек // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. Екінші халықаралық түркология конгресі. I б. –Түркістан: Тұран, 2006. -199-205 бб.

* * *

В тюркологии корневая концепция имеет свою длительную историю изучения. Несмотря на всесторонние исследования, вне поля зрения всегда оставались вопросы о разграничении структурных типов корневых слов. Сложная природа тюркских корней может быть четко разграничена только при комплексном рассмотрении структурных особенностей гомогенных моносиллабов, а также первичных звуковых фоно-коррелятов и идейного описания.

* * *

In тюркологии the root concept has the long history of studying. Despite it is comprehensively investigated, out of sight always there were questions on differentiation of structural types of root words. The difficult nature of Turkic roots can be accurately differentiated only by complex consideration of structural features homogeneous моносиллабов, and also primary sound fono-korreljatov and the ideological description.

*М. И. Кадеева*

# О ХАРАКТЕРЕ НОРМОЗАДАЮЩИХ МЕХАНИЗМОВ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЯЗЫКА

Своеобразие коммуникативно ориентированных установок и методов изучения современного языка не только в соответствии с постулатами постсоссюровского языкознания, но и в более широком мыслительном контексте с возможно более активным привлечением внеязыковой реальности выдвигает на первый план вопрос о *коммуникативной целесообразности* категории «нормы» и о характере *нормозадающих механизмов*, формирующих нормы того или иного типа. В настоящей работе делается попытка обратиться к понятийному и терминологическому наследию нормативно ориентированной античной и средневековой грамматики и риторики с целью выявления возможных интерпретаций древней формулы «*отклонение от обычного способа выражения*», но не в филологическом исследовании и не в культурном проекте, а в плане прагматических возможностей, которые могут послужить ориентиром в выработке стратегии современной нормологии.

Понятие «нормы» возникло – и притом достаточно поздно (впервые термин употребляется в статье Е.Альмана [1], вышедшей в Анналах финской академии наук в 1926 году) – с введением в научный оборот категории «системы» (от греч. *sýstēma* – ‘целое, составленное из частей’; ‘соединение’) как совокупности взаимно обусловленных элементов, хотя усилия по нормализации языка, в частности связанные с античными категориями *аналогии* и *аномалии*, были известны давно. Норма – это есть, в сущности, обычное (узуальное, привычное, принятое или узаконенное, кодифицированное, установленное) проявление идеальной формы языка, показывающее, какими и как обычно являются ее элементы в речи, тогда как *отклонение от нормы* (несоответствие норме), окказиональное, аномальное и т.п., – это необычное, иногда даже случайное, проявление языкового сознания. Зачастую установить норму становится возможным лишь на фоне фиксации неких отклонений, девиаций: «В естественном мире природы и языка ненормативность помогает обнаружить норму и правило» [2, 79]. В этом плане в оппозиции «норма – аномалия» информативной, семантически нагруженной, выступает именно *аномалия* как маркированный коррелят нормы.

Несмотря на то, что норма представляет собой недавнее изобретение, однако само представление о нормативном уходит корнями в античность, когда древние мыслители и философы стали разрабатывать свои нравственные учения на базе конкретных, наглядно-эмпирических фактов различных откло-

нений, в том числе и в развитии человека. Так, Аристотель изучал уродства человеческого развития, рассматривая влияние подобных отклонений на выживание организма. Но областью медицины изучение аномалий не заканчивалось, не менее часто эта проблема возникала в этике, где вопрос о критериях прекрасного, совершенного и того, что таковым не является, проходит через всю систему ее представлений.

Относительный и конкретно-исторический характер представлений о *норме* и языковой *аномалии* отмечался не раз и в истории мировой лингвистической мысли. (Ср. продолжавшуюся веками в среде нормализаторской деятельности древнегреческих «грамматиков» и «риториков» полемику о *правильности имен*, которая, подчиняя себе все другие рассуждения о происхождении языка и об отношении между формой и значением слов, перешла позднее (примерно во II в. до н.э.) в знаменитый, философский в своей основе, спор «аналогистов» и «аномалистов» по поводу существования в языке закономерностей, которых следует придерживаться вследствие установления теоретиками языка единообразных правил, или же «языковой правильностью» считать формы, практически употребительные в разговорном и литературном языке. Первого взгляда придерживались «аналогисты», второго – «аномалисты» [3]).

Вместе с тем представления о «языковой правильности», уходящие корнями в античные теории аномалии и аналогии, имеют принципиальные различия от констатируемой в современных ортологических теориях тесной связи *нормы* с дискретной категорией *варианта*, предполагающего выбор из предоставляемых системой исчислимых единиц, из которых осуществляется селекция. Такая сопряженность варианта с понятием селекции, отбора настолько тесно срослась с идеей нормы [4, 83], что даже отсутствие варианта вписывается в общий ряд нормативных явлений на правах нулевой реализации. Там, где выбора нет, говорят о «реализующей» стороне нормы, там, где он есть, – о «селективной» [5, 563]. Модель этого синонимического мышления, возникшего как результат нормализаторских усилий и углубленного пониманием системы сначала в соссюровском, а затем в функциональном, «пражском», смысле, и лежит в основе современных представлений о норме, которая описывается через выбор нужного варианта из закрытого списка (обычно две-три возможности), предлагаемого языковой системой [6].

На игре аналогии и аномалии, либо на чистой аналогии строится *риторическое мышление*, которое сегодня, в связи с принципом коммуникативной целесообразности, обнаруживает принципиально другой взгляд на норму вообще и способы ее кодификации в частности. Представления о правилах, нормах общения и его эффективности как критерия оценки результативности взаимодействия, составляя элемент коммуникативной компетенции человека, являются центральными при построении любой риторической системы. В связи с этим происходит своего рода «риторизация» языковой нормы, когда норма, в связи с установкой риторической программы на убедительность и эффективность взаимодействия в сиюминутных, контекстуально обусловленных и слабо типизируемых ситуациях, оправдывается успешностью коммуникации. Именно здесь кроется источник давления на современную норму литературного языка, дрейфующую в сторону риторической нормы. Однако риторическая норма устанавливается путем закрепления и терминологизации прецедентов, а не путем расширения сферы действия пометы «*допустимое*».

В современной коммуникативистике тезис о «риторизации» норм последовательно обосновывается в исследованиях Г.Г.Хазагерова и его школы, согласно которым лежащее в основе современного понимания категории «нормы» стилистико-ортологическое мышление не является единственно возможным способом описания нормы. «Риторическое мышление, в отличие от мышления стилистического, предполагает опору на другую категорию. Правда, это мышление, зафиксированное в нормативных риториках и поэтиках, недостаточно отрефлексировано в современной риторике» [6].

*Риторическая норма*, по самому своему определению обращенная именно к коммуникации, имеет объективно другую природу, связанную с идеей преобразованной формы, и восходит исторически к античной декорум-риторике, или риторике приличий, обучавшей, по словам М.В.Ломоносова, «пристойному» речевому поведению. Из четырех, предложенных Теофрастом и разбираемых Цицероном в трактате «Об ораторе», коммуникативных качеств (достоинств) речи, как *правильность*, *уместность* («приличие», соответствие языкового выражения предмету речи), *ясность* (быстрое и правильное понимание речи) и *красота*, декорум-риторика делала акцент на уместности и чистоте – в ущерб ясности и красоте. Из них с содержанием *нормы* напрямую связана *правильность*, тогда как *уместность* (связана со стилистической нормой), *красота* (связана с эстетической нормой) и *ясность* (связана с риторической нормой) участвуют в обеспечении нормы, мотивируют ее [6]. «Риторическая конвенция устанавливалась наиболее искусственным путем, нуждающимся во внешней регламентации, а жить такая риторика могла только в тепличных условиях придворной культуры. Механизма демократизации, трансляции норм в более широкую среду она не имела» [7, 30-35].

Античная риторика, которая задавала не выбор вариантов языковой единицы, а некий принцип (своего рода «вертикальную норму»), касающийся прежде всего концептуализации языка, играла огромную роль в культивировании языка, особенно до письменной кодификации языковой нормы. Если нормативная описательная грамматика латинского или греческого языков учила замечать части речи, то риторика – фигуры речи. Так, наиболее вострее-

бованной в интерпретации вопроса об аномалии и «другой норме» оказывается заимствованная из античных и средневековых теорий грамматики формула «*отклонение от обычного способа выражения*» и термин «*метаплазм*» (в неориторической трактовке – *преобразований формы*), которым могли быть подвергнуты правильные грамматические формы. Под влиянием семиотических идей новая риторическая теория, усваивая представления об оппозициях, вариантах и инвариантах, позволяет существенно расширить контекст понимания языковой нормы путем экстраполяции античных представлений о риторической норме на условия современной реальности. В частности, теоретически возможным становится использование другого способа, кроме как через понятие *вариантности*, описать норму и отклонение от нормы, опираясь на категорию *аномалии*, предполагающую целый континуум «метаплазмов» [8].

В основе грамматического и риторического термина «метаплазм», этимологически восходящего к греческому глаголу μεταπλασσω – ‘преображать, переделывать, превращать’ [9, 1083], производному от существительного πλασμα – ‘вымысел’, ‘лепное изображение’, ‘подделка’ [9, 1322], лежит не идея выбора, а идея трансформации, некоего преобразования, «лепки» речи. Ср. современное толкование термина *метаплазм*: «Обобщенное обозначение разнообразных изменений, претерпеваемых словами, т.е. таких, как протеза, эпентеза, парагога, аферезис, синкопа, апокопа, элизия, стяжение, синерезис, ложное сандхи» [10, 230]. Таким образом, категория *метаплазма* диаметрально противоположна готовому *варианту*, так как представляет собой результат некой «лепной» работы, преобразования, искажения правильной формы, которому может быть подвергнуто слово, в некую новую форму. Так, иконически растягивая гласный в слове *ура*! в целях экспрессии, можно написать и «ура-а», и «ура-а-а», однако это не означает выбор одного из этих вариантов: варианта с растяжением и варианта без растяжения.

Истоки риторического мышления, тесно связанного с античными представлениями об аномалии и аналогии, обнаруживаются и в употреблении риторических фигур и тропов. Этимология термина «троп», восходящего к глаголу ‘поворачивать, направлять’ [9, 1641], нашла отражение в древнем определении, сформулированном александрийским грамматиком Трифоном, автором первого трактата о тропах, где троп именуется *уклонением от кириологии* (или обычной речи). Отношение к норме было заложено, наряду с тропом, и в определении *риторической фигуры*: «Фигура изначально определялась через три аксиомы (фигура соотносима с нормой, фигура есть отклонение от нормы, фигура необходима для «услаждения» слушателя)» [11, 124]. Тропы и фигуры как «уклонение в мысли и выражении от присущей им природы», «изменение выражения от обычного в более сильное на основе какой-нибудь аналогии» [12, 276], «поворот», «преобразование» и т.п. не предполагают списка дискретных возможностей, поэтому списки фигур и тропов в античных классификациях носили принципиально открытый характер. Разумеется, предпринимались специальные усилия по исчислению и описанию фигур, однако сам характер этих усилий еще раз подчеркивает различие между поздней (стилистической) и древней (риторической) парадигмами» [6].

Анализируя выстроенную классической риторикой на принципах осознанного и неосознанного триаду «обычное» (кириология) – «метаплазм-варваризм» – «метаплазм-фигура», Г.Г.Хазагеров отмечает далее, что в неориторике *обычная речь* (кириология) стала восприниматься как норма, или «нулевой вариант», «*варваризм*» – как ошибка, отклонение от нормы, а *фигура* – как интенциональное, сознательное отклонение от нормы, устанавливающее новую норму. Фигуре как аномальной форме обычно соответствовал солецизм (варваризм), фигуре как аналогии соответствовало прецедентное употребление (парадигма) [6]. Таким образом, обращение к античным представлениям о правильности, сыгравшим роль в становлении риторической нормы, опирается на иную парадигму. *Риторическая норма* мыслилась как отклонение (через преобразование) от грамматической нормы и создание новой риторической нормы через закрепление прецедентов таких отклонений на базе риторических текстов и через школу, где закрепление прецедентов состояло в именовании метаплазма (фигуры) и снабжения его примером образцового употребления (парадигмой).

Такое понимание риторики «подверстано» под современную научную парадигму [6] и вполне совпадает с тем, что связано с современным представлением о сознательном отклонении от языковой нормы, проявляющемся в интенциональных и стихийных отклонениях от нормы, языковой игре, паранимической аттракции, контаминации. Ср.: «Противопоставление “норма – антинорма” носит, разумеется, относительный характер. Важнее подчеркнуть, что они предполагают друг друга, и то, что называют отступлением от нормы, столь закономерно, что для языкового механизма является нормативным: это тоже норма, хотя и отрицающая норму в обычном смысле слова. Отсюда и термин антинорма» [13].

Таким образом, гетерогенность национального языка (языковой коммуникации), наличие внешних лингвистических контактов, взаимодействие собственно языковых феноменов с внеязыковыми сущностями и т.п. дают возможность расширить контекст исследования природы самой категории «нормы» и связанных с ней современных научных представлений о плюралистичности норм. Многомерность и разноплановость проблемы нормы «определяются факторами объективно-историческими, культурно-социологическими и собственно-лингвистическими, т.е. внутриязыковыми» [14, 16]. В норме, являющейся одновременно и собственно

языковой, и ярко выраженной социально-исторической категорией, отражаются как непосредственные внутриструктурные законы и закономерности языка, так и явления социальной природы. В первую очередь, это касается проявлений онтологических языковых свойств: системности, непрерывности поступательного развития, принципов языковой экономии и аналогизации, закономерностей полевой организации и градуальности языковой системы. Более опосредованно норма коррелирует с социальными феноменами, включающими этикет, социальную престижность, аксиологические и прагматические приоритеты и т.п.

Рассмотренные в статье прагматические возможности интерпретации выделенной античной наукой древней формулы «отклонение от обычного способа выражения» позволяют выявить адекватные способы мотивирования нормы, когда «отклонение – это не то, что противостоит некой единственной абсолютной норме, а взаимное отношение двух норм. Отклонение – это тоже норма, но только оцениваемая с точки зрения другой нормы» [15, 9]. Описанные тропы и риторические фигуры, образующие традиционную «систему полезных отклонений от нормы», «антинорму» античной и средневековой теории, могут служить доказательством того, что «представление о сознательном отклонении от нормы зародилось на две тысячи лет раньше, чем возникла современная теория нормы и мысль о том, что нарушение нормы создает другую норму, была известна уже во времена Аристотеля. Иное дело, что языковая и риторическая нормы, во-первых, имеют объективно разную природу, во-вторых, исторически связываются с двумя разными подходами. Риторическая норма определялась через «уклонение», «метаплазм» и т.п., что в принципе предполагает наличие континуума возможностей. Языковая норма описывается через выбор варианта из закрытого списка» [6]. Принципиальное отличие риторической нормы от языковой заставляет лингвистов-нормализаторов обратить внимание на позитивные черты самой риторической нормы как средства культивирования языка через прецедентные употребления, но в то же время должно настораживать при выборе стратегии кодификации нормы и проведении языковой политики.


1. Ahlmann E. Das normative Moment im Bedeutugsbegriff «Annales Academiae scienciarum fennicae». – Helsinki, 1926, ser. B, t.X.
2. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1999. – 896 с.
3. Гаспаров М.Л. Цицерон и античная риторика // Марк Туллий Цицерон. Три трактата об ораторском искусстве / Под ред. М.Л.Гаспарова. – М.: Наука, 1972. – С.4-73.
4. Крысин Л.П. Современная литературная норма и ее кодификация // Русский язык в школе. – 2002. – №2. – С.82-87.
5. Семенюк Н.Н. Норма // Общее языкознание. Формы существования, функции, история языка. – М.: Наука, 1970. – С.549-596.
6. Хазагеров Г.Г. Метаплазм и вариант // Седьмые Виноградовские чтения «Русский язык в многоаспектном освещении». – М., 2004.
7. Хазагеров Т.Г., Ширина Л.С. Общая риторика. – Ростов-на-Дону, 1999. – 168 с.
8. Хазагеров Г.Г. Диффузия риторических и стилистических норм в современном русском дискурсе. Московский городской педагогический университет. Khazagerov@mtu-net.ru
9. Дворецкий И.Х. Древнегреческо-русский словарь: ок. 70 000 слов. – М.: ГИС, 1958. – Т.2. – 1904 с.
10. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Сов. энциклопедия, 1966. – 608 с.
11. Маркасова Е.В. Представления о фигуре речи в русских риториках XVII – начала XVIII века. – Петрозаводск, 2002. – 204 с.
12. Античные теории языка и стиля / Под ред. О.М.Фрейденберг. (собр. текстов со вступит. ст. И.М.Тронского и С.В.Меликовой-Толстой). – 2-е изд. – СПб.: Алетейя, 1996. – 368 с.
13. Мурзин Л.Н. Норма. Речевой прием и ошибка с динамической точки зрения // Речевые приемы и ошибки. Типология. Деривация, функционирование: Сб. научн. трудов. – М.: Изд. центр «Академия», 1989.
14. Скворцов Л.И. Норма языковая // Русский язык: Энциклопедия. – М.: Большая российская энциклопедия: Дрофа, 1998. – С.163-165.
15. Борухов Б.Л. Стиль и вертикальная норма // Стилистика как общефилологическая дисциплина. – Калинин: Калининский университет, 1989. – С.3-12.


* * *


Бұл мақалада норманы уәжілеу тәсілдерін айқындау үшін ерте заман ғылымындақ бөле қарастырылғын «қалыпты айтылу тәсілінен аутқу» көне формуласы интерпретациясының прагматикалық мүмкіндігін қарастыруға талпыныс жасалды.


* * *


An attempt to discuss the pragmatic possibilities of the formulum «discrepancy with the regular way of expression» interpretation (it was defined even by the antient science) has been made in order to state the norm motivation ways.


*С. Қасымова*

## САН КОМПОНЕНТТІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ

Сан атаулары - өте көне заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есімдердің көнелігіне байланысты тілдегі барлық сан атауларының қалай жасалғаны анық көріне бермейді. Ал марксизм-ленинизм қағидасы бойынша жалпы сандық ұғымның қалыптасуы ақиқат өмірмен байланыстырылды. «Понятие числа и фигуры взяты не откуда – нибудь, а только из действительного мира. Десять пальцев, на которых люди учились считать, т.е. производить первую арифметическую операцию, представляют собой все, что угодно, только не продукт свободного

творчества разума. Чтобы считать, надо иметь не только предметы, подлежащие счету, но обладать уже способностью отвлекаться прирассматривании этих предметов от всех прочих их свойств кроме числа, а это способность есть результат долгого, опирающегося на опыт, исторического развития», - дейді Ф.Энгельс [1,38]. В.В.Виноградов осы қағидаға негізделе отырып, - орыс тіліндегі сан атаулары зат есім мен сын есімнен бөлініп шыққан,-дейді [2]. Түрколготарда да осы пікір кездеседі, Н.А.Баскаков: «Сан есімдер – есімдерден бөлініп шыққан сөз табы, олар сын есім, үстеу сияқты белгі мағынасын білдіреді», -деген [3,225]. Қазақ тілінде сан есімді зерттеген Ә.Хасенов осы пікірді қуаттай отырып: «Түркі тілдеріндегі негізгі сөздік қор жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған, яғни зат есімдерден шыққан. Әрине, бұл жалпы сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуымен байланысты, адамзат қажеттігінен туды деген пікірге ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі. Екіншіден, белгілі бір құбылыстың өткен тарихын қазіргісімен салыстыра, оның қазіргі формаларын зерттей отырып ашуға, тануға болады дейтін марксистік қағиданы басшылыққа алсақ, қазіргі тілдік фактілер, мәселен сандық семантикалық есімдер мен сөз тіркестері, түрік тілдеріндегі негізгі сан атаулары зат есімдерден бөлініп шықты деген жорамалымызды жоққа шығармайды, қайта растайды»,- дейді [4,20]

Сан есімдер де - өзіндік сөзжасамдық жүйесі бар сөз табы және сан есімнің сөзжасамдық жүйесі өте ертеден қалыптасқан. Сан есімнің сөзжасам жүйесінің өзіндік сөзжасам элементтері, модельдері, типтері бар. Сан есім сөзжасамында тілде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдердің біразы қолданылады, бірақ бәрі емес. Мысалға сан есімде семантикалық тәсіл қолданылмайды, синтетикалық тәсіл өте өнімсіз, ал сөзжасамның аналитикалық тәсілі сан есім сөзжасамында негізгі қызмет атқарады.

Қазақ тілінде сандарға негізделген мақал-мәтелдер дені көбінесе сан есімнің барлық семантикалық топтарын қамтиды десек әрине қателеспейміз. Дегенмен көбіне сан есімнің реттік, есептік, жыйнақтық түрлері көптеп кездеседі. Енді соларға мысал келтіре көрсететін болсақ, ¤ *Мың қайғы бір борышты өтемейді.* ¤ *Жақсы кісі қырқында толады, жаман кісі қырқында солады.* ¤ *Екі жүзді пышақтан сақтанба, екі жүзді адамнан сақтан.* ¤ *Ер бір рет өледі, ез мың рет өледі.* ¤ *Екі қарбызды жалғыз қолмен көтере алмайсың.* ¤ *Жүз дімкеске бір лепес* т.б. Мақал-мәтелдердегі сан есімдер мағынасы жағынан есептік сан есім. Есептік сандар нақтылы сандық ұғымды білдіреді, нақтылы сандық ұғымдарды атайды. Сан есім сөз табының негізін есептік сандар құрастырады. Олар сан есімнің басқа семантикалық топтарының жасалуына да негіз болады. Сондықтан сан есім құрамында есептік сандар ерекше орын алады, олардың атқаратын қызметі зор.

Тілдегі есептік сандар да құрамын толықтырып, байып отырған, ол басқа тілден сөз қабылдау жолымен байланысты емес. Қазақ тіліне орыс тілінен енген миллион, миллиард сөздерінен басқа сан атаулары кірмеген. Қалған есептік сандардың бәрі тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы жасалған. Сан есім өз құрамын басқа сөз таптары арқылы байыта алмайтын болғандықтан, есептік сандар жаңа сандық ұғымдарды атауға өздері негіз болып, ішкі мүмкіндіктері арқылы жаңа сандық атаулар жасалып, толығып отырған.

Есептік сандар жасайтын қосымшалар жүйесі тілде қалыптаспаған сандық атаулар бір санмен екінші санның тіркесі арқылы жасалған. Басқаша айтқанда, тілде есептік сан атауларының аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы қалыптасқан. Сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл негізгі орын алады дейтін болсақ, ол негізінен есептік санға қатысты.

Есептік сандар ішкі құрылысы жағынан сан алуан. Есептік сандарда көзге түсетін ерекшелік олардағы сандық қатарлар. Сандық қатарлар сандардың белгілі дәрежесіне байланысты. Мысалға бірлік, ондық, жүздік, мыңдық, миллион, миллиардтар сияқты сандық қатарларды көрсетуге болады. Әр сандық қатардың аумағы барған сайын өсіп отырады.

Есептік сандардың әр қатарының аттары - тілде ертеден келе жатқан сандық атаулар. Олардың жасалу ізі бірлі-жарым жағдайда ғана диахрондық аспектіде байқалғаны болмаса, қазір олар негізгі түбір ретінде танылып жүр. Сондықтан есептік сандардың сөзжасамы олармен байланысты емес. Есептік сандардың сөзжасамы екі сандық қатардың арасындағы сандарға қатысты. Ал олар үнемі бір санмен екінші санның тіркесі арқылы жасалады. Осыдан келіп, есептік сандардың сөзжасамы күрделі сандар туғызады. Есептік санның сөзжасамында нақтылы сандардың аты жасалады. Нақтылы санның аты жасалу- тек сандарға ғана ерекшелік. Сан есімнің басқа семантикалық топтарында нақтылы сан атаулары жасалмайды. Сан есімнің семантикалық топтарында үстеме мағына қосылады. Есептік сан есімдер мақал-мәтелдерде жиі кездеседі және сөйлемде әр сөз табының қызметін атқарады. Мәселен: ¤ *<u>Бір</u> жылға қоян терісіде шыдайды* беретін мағынасы ауыспалы мағынада шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеуде және бұл жерде нақты қоян терісін салыстырмалы түрде мысалға келтіріп алу, басқа аң терілеріне қарағанда қоянның терісі өте нәзік, жұқа және тез тозады, күтім талғайды сондықтан қанша қиыншылық, үстемдік болса да әр нәрсеге шыдау керек мағынасында беріледі.* ¤ *Бөспе <u>бір</u> оқпен <u>бес</u> құсты бірден атып түсірер* мағынасы мақтаншақтық, бөспе көп сөзділік. Бұл жерде бір санының сапасын бес санымен күшейтпелі түрде арттырып тұр. Себебі бір оқпен бес құсты бірдей ату мүмкін емес. ¤ *<u>Алпыс</u> қарсақ ат болмас* – ауыспалы мағынада беретіні жалпы адамның қалыптасқан жаман қасиеттері немесе әдеті, мәселен айталық бір дана адамның орнын он жай адам толтыра алмайды. Яғни мақалда салыстырмалы түрде қарсақ пен ат алынып тұр. Тура мағынада әрине қарсақ саны нешеу болса да, атқа жетпейді. Оны көзбен көлемі

жағынанда суреттеп, салыстыру мақалдың айтар, берер мағынасын күшейтіп тұр. ¤ *Арсызға алты күн мейрам*- тура мағынада арсыз адамның ештеңені ойламай, дайынға ие болып, дәурен өмір сүруі, сондай жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу мәнісінде берілген. Алты санының алынуы аптаның алты күніне байланысты. ¤ *Періштенің де бес міні бар* – мағынасы жалпы адамдардың ешқайсы мінсіз болмайды, яғни қандай керемет жақсы адам болса да, оның да бір қателескен, қалт кеткен кезеңдері, мінездері болады. Жалпы қазақта «періште» мифологиялық бейне, тұлға. Ол адамдарды қорғаушы, қолдаушы, еш күнәсіз таза, пәк. Халқымызда осы тұрғыда бата, тілек айтқанда «періштенің құлағына шалынсын» деген ізгі ниет айту бар, сонымен бірге жас нәрестелерді періштелер қорғайды, түсінде періштелер ойнатып, бала содан күледі немесе жылайды деген нанымдар бар. Міне осылардың барлығы періштенің құдіреті мен қасиетін білдіріп, мақалда салыстырмалы түрде құдіреті күшті періштеде де мін болатынын мысалға келтіреді және бұл мақал көбіне адам қателесіп, ағаттық істеп сол ісіне өкініп, налыған кезде жұбаныш ретінде айтылады. ¤ *Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы* – берер мағынасы ер жігітте әрқашан бірінші кезекте ар, намыс, абырой болу керек. Егер намысы мен ары болмаса ол жігіт түкке тұрғысыз. Бұнда да жүз бен мың күшейтпелі түрде салыстырылып алынған. ¤ *Болар бала он бесінде бас болар* – адамның талпынысы, жігерлігі мен ынтасы, жітілігін дәріптеу мағынасында берілген. ¤ *Жалқауға мың сылтау*- тура мағынада жалқау еш нәрсе істемеу үшін небір сылтау табады. Бұл жерде мың сан есімі көптік мағынаны білдіруде алынған. ¤ *Ердің екі сөйлегені өлгені* – ауыс мағынада, ер жігіт ешқашан айтқанынан таймай, екі етпей орындау керектігін тәрбиелеу мәнісінде, ердің екі сөйлегенін өліммен бірдей қойып айтылған. ¤ *Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан*- мағынасы отан, туған жер, ел-халық туралы яғни жыл өткен сайын ел, қауым, халық дамып, заман талабына сай өзгеріп, ары қарай жетіліп отырады. ¤ *Жігіт бір сырлы, сегіз қырлы болсын*- мағынасы тәлім-тәрбие, өнеге. Яғни ер азаматтың бойындағы жақсы мінез-құлық, өнерді дәріптеп, тәрбиелеу мағынасында. ¤ *Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз* – берер мағынасы ғылым, өнер, білім туралы яғни бір нәрсені білдім деп шектелмей жан-жақты ары қарай іздену, оқыптоқуға тәрбиелеу мағынасында. Бұл жерде күрделі сан есімдер бір мен тоқсан тоғыз күшейпелі салыстырмалы түрде және екеуінің қосындысы жүзді құрайтынымен яғни білгенің мен білмегеніңді оқыптоқысаң толыққанды жүз пайызға жету мәнінде айтылған. ¤ *Бес саусақ бірдей емес*- тура мағынады алатын болсақ, әрине бес саусақ әр түрлі бірі үлкен, бірі кіші көлемі жағынанда бірі жуан, бірі жіңішке сондықтан бұл мақал ауыспалы мағынада салыстырмалы түрде қоғамда, жанұяда болсын адамдар әртүрлі. Бірінің мінезі жақсы болса, екінші қатал, қайрымсыз, жауапсыз т.б.

Сан есімнің синтетикалық сөзжасам жүйесіне жататын қосымшаға -ыншы, -інші, -нші жұрнағы жатады. Бұл жұрнақ есептік сан есімнен реттік сан есім жасайды, дара, күрделі есептік сан есімдердің қайсысынан да реттік сан есім осы жұрнақ арқылы жасалады. Мысалы: ¤ *Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - ақ жаулық, үшінші байлық - он саулық* - тура мағынада адамға ең бірінші зор денсаулық қажет, себебі денің сау болса бар нәрсеге қол жеткізуге болады. Байлықта, оқуда, табыста денсаулықтың арқасында. Яғни денсаулығың жоқ болса, сен оны ешқашан сатып ала алмайсың, ол сатылмайды. Екінші жалпы адамзаттың дүниеге келіп, өмір сүруі ақ жаулықты асыл анаға байланысты яғни сүйген жар, ұрпақ сүю. Сол себепті екінші байлық ауыс мағынада беріліп отырған ақ жаулық. Үшінші осылардың барлығы болса, яғни зор денсаулық, ана, жар, жолдас үшінші байлық материалдық жағдай – дүние, мал т.б. болады. ¤ *Бірі аспан дейді, екіншісі арқан дейді* – мағынасы бірліктің жоқтығы, бір ауыздылыққа, ынтымақбірлікке тәрбиелеуде қолданылады. ¤ *Бірінші әйел – шекер, екінші әйел – бекер*- тура мағынада отбасы, жанұядағы қарым-қатынас бір-біріне деген адалдық, сыйластық, түсіністік, әдептілікті дәріптеу, тәрбиелеу мағынасында. ¤ *Еңбек - адамның екінші анасы*- мағынасы еңбекке баулу, еңбектің адам өміріндегі маңызы.

Реттік сан есімнің -ншы, - ыншы жұрнағы көне замандардан келе жатыр. Академик А.Н. Кононов көне түркі жазба ескерткіштер тілінде реттік сан есімнің үш түрлі қосымша арқылы жасалғанын көрсетеді: 1) -нч (токузунч); 2) -нті (-екінті -екінші); 3) -кі (ілкі-бірінші) [5] -нті, -нч, -ынч, -інч аффикстері арқылы реттік сан есімдердің жасалуын Ғ.Айдаров та көрсеткен [6]. Қазақ тілінде осы аффикстердің біреуі (-ншы, -нші, -ыншы, -інші) ғана сақталған. Реттік сан есімнің бұл жұрнағы басқа түркі тілдерінде де сақталған және өте актив, өнімді. Академик А.Н.Кононов көрсеткен жұрнақтардың соңғы екеуі біздің тілімізде реттік сан есімнің қосымшасы ретінде қызмет атқармайды. Ал ол келтірілген ілкі сөзі біздің қазіргі тілімізде бар, ол алғашқы, бастапқы мағыналарында қолданылады. Керісінше алғашқы, әдепкі, бастапқы сөздерінің де бірініші деген мағынада қолданылуы бар. Бұл, әрине, осы сөздердегі -кі,-қы қосымшаларының байланысын көрсете алатын сияқты.

Реттік сан есімдер заттың нақтылы сандық мөлшерін емес, заттың реттік санын, тәртібін білдіреді. Мысалы: ¤ *Екі уыс алтын берсең, үшіншісін қоса сұра*- мағынасы сұрамшақтық, қанағатсыздық. Халқымызда осы мағыналас ¤ Кедейге жымисаң, жыртығына жамау сұрар деген мақал-мәтел бар. ¤ *Екі әйелдің басы қосылса, үшінші әйелдің соры* мағынасы әйелдер арасындағы әңгіме өсек.

¤ *Біреу* әзіл айтса, сен әділ айт. ¤ *Бір* адам машақатпен мал жияды, *біреу* оны олжалап, шалжияды деген мақалдардағы сан есімдер мағынасы жағынан жинақтық сан есімге жатады.

Жинақтық сан есім жасаушы аффикс -ау, -еу. Бұл аффикс бірден жетіге дейінгі бірлік сан есімдерден жинақтық сан есім жасайды. Ол сандық ұғымды мүлдем өзгертпейді, бірақ есептік санға жинақтау мәнін қосып, оның мәнін абстракцияландырып, заттық ұғым да қосады. Мысалы: ¤ *Біреу жаныңа жолдас*, *біреу малыңа жолдас* - мағынасы адамдар арасындағы достық қарым-қатынас нағыз жолдас байлыққа, бір-бірінің бойындағы кемістікке қарамайды, қашанда, қандай жағдайда болмасын жаныңнан табылар арқа сүйер қолдаушы, қорғаушы. Ал адам байлығына, дәулеті мен табысына ғана қызығып дос болған адам кез-келген уақытта сатып кетуі мүмкін. ¤ *Өзінің түйедей мінін көрмей, біреудің түймедей мінін көрер* – мағынасы әркімнің ең елдымен өз қателігін түсіну, мойындау, өз мінін табуға тәрбиелеу. Сонымен бірге біреуге пәле-жала жабу, кішкентай қатесін яғни түймедейді түйедей етіп көрсетуді сынау мағынасында. ¤ *Екеуге иық көрсеткен біреу - өзінің соры, біреуге иық көрсеткен екеу - елінің соры*- мағынасы менмендік, көпке қарсы келу, қарым-қатынас мәселесі. ¤ *Ағайын – алтау, ана – біреу –* мағынасы біріншіден, анаға деген сыйластық, қамқорлықты тәрбиелеу болса, екіншіден ағайындар арасындағы татулық, қандастық, кішіпейілділікті дәріптеу. ¤ *Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді*- мағынасы өмірдегі кездесетін тұрмыстық хал-ахуал, біреудің тұрмысы жалпы күй-жайы жақсы болып, (бұл жерде байлық, дәулет, атақ, лауазым барлығы) не істерін білмей әр іспен айналысады. Екінші керісінше амалсыздан еш шарасы болмай қалайда барлығын толтырам немесе жалпы айтқанда күн көріс үшін қам-қарекет жасайды. Яғни салыстырмалы мағынада қолданылады ¤ *Жақсылық біреуден қайтпаса, біреуден қайтады*-мағынасы қайырымдылыққа, парасаттылыққа, ынтымақ-бірлікке тәрбиелеу. Яғни біреуден жақсылығынды аямай қол үшін беру, бұл жерде адамның моральдық және материалдық жағдайына көмек жатады. Жақсылықты түсінетін де, түсінбейтіндерде болады. Түсінген адам өзіне қылған жақсылығын ешқашан ұмытпай, реті келсе қайтарады. ¤ *Дұшпан көзі төртеу* - мағынасы сақтық, қырағылық бұл жерде төртеу жыйнақтық сан есімі салыстырмалы яғни дұшпан қастық, жамандықты жан-жақты ойлап, барлап жамандық жасау үшін бар мүмкіндігін пайдаланатыны мағынасында берілген. Екі көзді төртеу жыйнақтық сан есімімен күшейтіп ауыс мағынада беріп тұр.

Қазіргі түркі тілдерінің көбінде жинақтық сан есімнің -ау,-еу,-у дыбыстық варианты қолданылады. Мысалға татар, башқұрт, қарақалпақ тілдерін келтіруге болады. Сонымен бірге басқа түркі тілдерінде ол қосымшаның -ав,-ов,-ев,-гу,-игу,-оо,-өө сияқты т.б. дыбыстық варианттары да кездеседі. Бірақ қандай дыбыстық вариантта қолданылмасын, олардың түп негізі бір.

Жинақтық санның өзі жасалған есептік саннан айырмасы – олардың зат есімнің алдынан келіп, оны анықтаушы сөз ретінде тіркеспеуінде. Бұл қасиет басқа тілдеріне де ортақ. Ал жинақтық сан есімдердің зат есіммен тіркеспеуі оның өзінің заттық ұғымды білдіруімен, заттық мағынасымен байланысты. Жинақтық зат есімнің жинақтық, заттық мәнін оның түрленуі де растайды. Жинақтық сан есім зат есім сияқты түрленеді. Әсіресе тәуелдік, септік жалғауларымен жиі түрленеді, сөйлемде де түрлі орында қолданыла береді. Мысалы: ¤ *Құдайдың өзі бермейді, біреудікін біреуге ауыстырып береді*. ¤ *Біреудің қолымен от көсеме*. ¤ *Көмбенің иесі екеу, біреуі көмген, біреуі көрген*. ¤*Жақсылық біреуден қайтпаса, біреуден қайтады*. ¤ *Біреудікі біреуге қыздай көрінеді*. ¤ *Біреуді азаптағаның - өзіңді мазақтағаның*. ¤ *Біреуге деп ор қазба өзің түсерсің*. ¤ *Үшеудің бірі шарана, бір күнде - кедей*. ¤ *Алтаумын деме, жетеуге жолығасың, Жетеумін деме, сегізге жолығасың.*

Сан есім мағыналы сөздерді негізгі екі топқа бөлуге болды. Біріншісі - сан есімнің тура мағынасындағы, яғни белгілі бір дәл сан мағынасын білдіретін және солар арқылы жасалған сөздер. Бұған ең алдымен мына сөздер жатады: егіз, қос, жарты, жарым, жеке, жалқы, сыңар, жалғыз, дара. Паремиологияда аталған сөздер қатысуымен көптеген мақал-мәтелдер бар және олардың ішінде әсіресе егіз, қос, жалғыз сөздерінің қатысуымен. Мәселен: ¤ *Диқан болсаң қос егізің тең болсын, шаруа болсаң, қос етегің кең болсын*. ¤ *Қорыққанға қос көрінер*. ¤ *Егіз аттан жығылса, басын сүйер ағасы, жалғыз аттан жығылса, неге келер шамасы*. ¤ *Ер егіз еңбек жалғыз.*

Интенсивность (напряженность) также считается основным показателем словесного ударения, но не важнейшим, так как интенсивность является акустической разновидностью громкости, и она во многих случаях является зависимой от окружающей среды. По словам некоторых ученых, изменение интенсивности никогда не имело и не будет иметь коммуникативную значимость из-за простой причины: интенсивность уязвима и во многом зависит от окружающей среды (шум, движение головы, расстояние между ртом и микрофоном и т.д.). Поэтому рассмотрение интенсивности как фонетического коррелята словесного ударения бессмысленно [3]. Это взгляд зарубежных исследователей, с которым наши фонетисты могут не согласиться, т.к. по их мнению, интенсивность, как и тональность, рассматриваются в качестве основных фонетических коррелятов в тюркских языках [8]. Хотелось бы отметить, что не смотря на то, что интенсивность хоть и считается одним из основных коррелятов, по сравнению с другими признаками словесного ударения ее роль менее значима.

**Качество гласного**

Другим основным фонетическим коррелятом словесного ударения является качество гласных. Известно, что многие исследователи (тюркологи) особо отмечали качество гласных и специально рассматривали их функцию.

По словам ученых, гласные звуки должны рассматриваться не только как фонетические единицы, которые образуют слог, но и как важнейшая фонологическая единица, которая выполняет множество функций. Все три вышеназванные фонетические корреляты словесного ударения могут зависеть от качества гласных. Например, от качества гласных (широкая или узкая) зависит движение тона или интенсивность, т.е. широкий гласный всегда интенсивнее узких гласных; на широком гласном может повышаться тональность и т.д. Однако далеко не всегда в ударном гласном реализуются все четыре компонента. Иногда выделение гласного лишь по единственному компоненту позволяет перцептивно верно определять место ударения в слове. Это возможно определить с помощью специальных компьютерных программ, которые предназначены для синтеза звуковых файлов.

Однако измерение любого из перечисленных физических коррелятов ударения для определения места ударения в слове может привести к ошибочным выводам, если не учитывать другие специфические свойства речи:

1. Для многих языков действует закон: 1) в начале синтагмы интенсивность (энергия) больше, чем в конце; 2) в конце синтагмы длительность больше, чем в начале. Это определяется физиологией дыхания человека при речепроизводстве.

2. Необходимо учитывать собственную длительность и интенсивность гласных, зависящую от физиологических причин. Для широких гласных (типа *а*) длительность и интенсивность (при прочих равных условиях) больше, чем у узких (типа *и*, *у*). Эта закономерность применима ко многим языкам.

3. При измерении частоты основного тона надо учитывать тот фактор, что в речи движение тона в большей степени подчинено реализации определенной фразовой интонации, нежели словесной просодике [11]. Поэтому ожидаемый значимый перепад тона на ударном гласном слова может быть нивелирован фразовой просодией, что также было отмечено выше.

Перечисленные факторы могут привести к тому, что выделенные по каким-то параметрам гласные могут оказаться не ударными. Поэтому актуален вопрос исследования словесного ударения экспериментальным путем, на основе которого полученные осциллографические и спектрографические картинки могут указывать на выделенный, т.е. ударный, слог. Однако надо заметить, что некоторые фонетисты утверждают, что «установление экспериментальным путем каких-либо различий в физической характеристике гласных слова еще не свидетельствует о наличии словесного ударения. Электронная аппаратура может показать тот или иной гласный в составе дву- и многосложных слов сильнее (или более выше по тону, или длительнее), чем другой, но она никак не может продемонстрировать ударность данного гласного или неударность другого» [12].

В заключении можно сказать, что в русском языке словесное ударение является средством фонетического объединения слова в одно целое. Эта объединяющая функция словесного ударения осуществляется за счет выделения одного из слогов в слове (ударного), которому "подчинены" остальные (безударные). Какую же функцию может выполнять словесное ударение в казахском языке и какие фонетические корреляты являются основными? Эти вопросы в настоящее время не получили должного освещения и требуют своего исследования экспериментальным путем.

1. С. Оде Что такое тональный акцент? На примере интонации русского языка. Жизнь языка и язык в жизни. Сб.статей. – Алматы: Қазақ университеті, 2005
2. D.B. Fry Duration and intensity as physical correlates of linguistic stress. Acoust. Soc. Am. 1955
3. M.E. Beckman Stress and non-stress accent. Foris, Dordrecht 1986.
4. Agaath Sluijter "Phonetic correlates of stress and accent" The Hague: Holland Academic Graphics, 1995
5. Peter Ladefoged Phonetic data analysis. Blackwell publishing, 1990
6. С. Кодзасов, О. Кривнова Общая фонетика. М.: 1998
7. M. Kirchner Kazakh and Karakalpak. In Johanson, Turkic Languages. London and New York: Routledge, 1998.
8. Т.А. Баданова Словесное ударение в алтайском языке в сопоставительном аспекте. Дисс. Горно-Алтайск – 2007
9. Зиндер Л.Р. Общая фонетика: Учеб. пособие. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Высш. школа, 1979
10. С.Б. Жанабаева Сингармонизм и просодия слова (экспериментально-фонетическое исследование на материале казахского языка) дисс.на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Л.: 1985
11. Л. М. Захаров, О. А. Казакевич Инструментальные исследования словесного ударения (на материале русского и селькупского языков). 2005
12. Жунисбеков А. Введение в сингармоническую фонетику. – Алматы, 2009

* * *

Мақалада әр түрлі тілдердегі сөз екпінінің фонетикалық корреляттары (тоналдық, интенсивтілік, дыбыстың табиғаты) жайлы мағлұмат беріледі.

* * *

Review: this paper describes phonetics correlates of word stress such pitch tone, intensity, duration and vowel quality. There are some information about features of word stress in other languages.

***Ж. Т. Көпбаева***

## ЖҰРНАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ тіл біліміндегі жұрнақтар жайлы алғашқы пікірлер түрітанушылардың еңбектерінде жарық көрген сөз тудырушы тұлғалар жайлы пікірлерден бастау алды. Түркітанушы ғалымдардың, әсіресе, орыстілді түркітанушылардың пікірлері бүгінгі күнде де маңызын жойған жоқ. Дегенмен, тілді туғаннан бойына сіңіріп, мол тілдің мейірінен қанып ішкен адам ғана өз тілінің терең қырларын ашып, сипаттарын көрсетіп бере алады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілдес ғалымдардың жазғандары тек жұрнақтарды бөлумен ғана емес, олардың мағыналары мен қызметтерін талдауында да ерекше мәнділік, тереңдік байқалады.

Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінде қазақ тіліндегі жұрнақтар жекелеген мақала түрінде, орта және орталау мектептерге арналған оқулықтардың морфология бөлімінде сөз болып келсе, кейіннен арнайы зерттеліп, жан-жақты баяндала бастады. 1930 жылы "Жаңа мектеп" журналының алтыншы санында Қ. Басымовтың "Қазақ тілінің жалғау-жұрнақтары" деген көлемді мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада сөз тудыратын жұрнақтар варианттарының санына қарай топталып, кейбіреулерінің мағынасы ашылған [1].

Қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Қ. Жұбановтың 1936 жылы жарық көрген "Қазақ тілінің грамматикасы" атты оқулығының бір тарауы сөз тұлғаларына арналған. Автор сөздерді тұлғалық ерекшеліктеріне қарай алты түрге бөліп, олардың әрқайсысының жасалу жолдарына тоқталады. Түбір сөзге, қосымшаға ғылыми анықтама береді. Мысалы, жұрнаққа берген анықтамасы: "Сөздің түп мағынасына үстеме мағына қосатын қосымшаны үстеу дейміз" [2, 22 б.]. Бұдан ғалымның жұрнақты үстеу деп атағанын көреміз. Бұлай атауының өзіндік қолданылу ерекшелігі бар екені анық. Жұрнақтың үстеу деп аталуында біріншіден, оның түбірге үстеліп жалғануы, екіншіден, мағына үстеу ерекшелігіне байланысты болса керек. Оның үстіне түркітанушы ғалым И.Г. Гигановтың да жұрнақты "частица" немесе "наращение" деп атағаны белгілі.

1954 жылы қазақ тілінің тұңғыш ғылыми курсы жарық көрді. Бұл "Қазіргі қазақ тілі" деп аталатын еңбекте грамматика саласы мен лексикология, фонетика салаларын қамтыған алғашқы сол кезеңнің толыққанды еңбегі болып саналды. Ы. Мамановтың, С. Исаевтың, Е. Шаяхметовтердің пікірінше, қазақ тіліндегі қосымшалар сөз тудырушы және форма тудырушы деп екіге бөлінетіндігін жазады. Сөз тудырушы қосымшалар, негізінен, жаңа мағыналы сөздер тудыратындықтан біздің зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы болмақ.

Қазақ тілінің морфологиясын зерттеп, оқулық жазған А. Ысқақов жұрнақтарды сөз тудырушы, сөз түрлендіруші деп екіге бөледі [3, 28 б.]. Сөз тудыратын жұрнақтар өзі қосылып айтылған сөздеріне жаңа мағына үстеп, жаңа туынды сөз жасайтындықтан, лексика-грамматикалық категория қатарына жатқызылады. Сонымен қатар ғалымның мына пікірі ғылым үшін құнды: "…қазақ тіліндегі жұрнақтар

арқылы өз тудыру грамматикамен де тікелей байланысты. Ол байланыс жұрнақтардың мынадай екі түрлі ерекшеліктерінен айқын көрінеді. Біріншіден, жалпы грамматикалық категорияларға тән аса абстрактілік қасиет жұрнақтардан да табылады; екіншіден, грамматикалық категорияларға тән тиісті ереже бererліктей жүйелі заңдар жұрнақтарда да бар. Мысалы, есім, я етістік тудыратын жұрнақтардың әрқайсысы топ-топ сөздерді қамтиды да, солардың бәріне де ортақ мағына үстеп, олардың жалпы көрсеткіші ретінде қызмет етеді" [3, 28 б.]. Автордың айтқан пікірінен шығатын қорытынды – жұрнақтар түрлі сөздерге жалғанғанда олардың беретін мағыналарында ортақтық болады. Себебі жұрнақтардың беретін мағыналары бір.

Қазақ тілінде силлабофонемалар теориясын зерттеген ғалым Б. Сағындықұлы "Түбірлердің мыңдаған жылдар бойы қосымшаларға айналу процесін ашып-айқындау арнайы әрі ыждағатты зерттеуді талап етеді. Тілімізде шылау, жұрнақ, жалғау болып кеткен, грамматикаланған қанша сөз бар? Олардың әрқайсысының өзгеру, қалыптасу жолдары қандай?" деп толғанады. Ғалымның пікірінше, -ар, -ер, -р жұрнақтарының түп-төркіні *ур жеке сөзі. Жеке сөз ғасырлар аясында көмекші етістіктің де, жұрнақтың та қызметіне ауысқан дейді. Бұл күндері етістік тудырушы жұрнақтардың тіпті түбірге сіңісіп кеткен тұлғалары *тапсыр, топыр, шыжғыр* секілді сөздердің құрамында түбірге сіңісіп кеткендігін дәлелдейді. *Бедіз ур, құрақ ұр, б+ур, көзге ұр, дем ұр* секілді мысалдар арқылы дәйектейді. "Хусрау уа Шырын" ескерткішінде "қазғу урды" (қайғыға түсті) фразеологизмі кездеседі. *ур= көмекші етістігінің –ыр жұрнағына айналу процесін бұл мысал әдепкіден де айқынырақ байқатады. Екі сөз біріккеннен кейін у дауыстыларының біреуі қысқарған, әрі ол қыпшақ тілдерінің фонетикалық заңдылықтарына орай қысаңданған. Нәтижесінде "қайғырды"сөзінің пайда болғандығын айтады [3. 111 б.]. Қорыта келгенде, аса ежелгі *ур= етістігінің даму жолы мынадай болған: тірі түбір>өлі түбір, негізгі етістік> көмекші етістік; көмекші етістік > тірі жұрнақ > түбірге сіңісіп кеткен өлі жұрнақ; көмекші етістік > өзгелік етіс; көмекші етістік > шақ көрсеткіші деп даму сипатын көрсетеді. Осылай түбір мен қосымша арасындағы сабақтастықты зерделейді [4. 113 б.]. Ғалымның пікірімен келіскендіктен, оны толық келтіруге тура келді.

Қазақ тіліндегі сөзжасамдық мәселелерді тарихи-семантикалық аспектіден қарастырып жүрген ғалым А.Б. Салқынбай "Қазіргі қазақ тілі" оқулығында дара етістіктердің түбір етістіктерден және сөз тудырушы тұлғалар арқылы жасалған туынды етістіктерден тұратындығын, туынды етістіктер есім сөздерге және еліктеуіш сөздерге, етістіктерге жұрнақ жалғану арқылы жасалатынын айта келіп, есім негізді туынды түбірге -ла, -ле; -лан, -лен; -лас, -лес; -лат, -лет, -а, -е; -ар, -ер, р; ық, -ік; -сы, -сі, сыра, -сіре жұрнақтары жалғану арқылы жасалатындығын көрсетеді. Сонымен қатар етістіктерге -н, -л, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -қыз, -ғыз, жұрнақтары жалғану арқылы жасалады дей келіп, *ойлан, босат, босан, оқыт, үйлендір, басындыр, бағындыр, күлгіз, ойнақтқыз* деген мысалдар арқылы түсіндіреді. "Бұл сөзжасамның негізгі мәселесі болғандықтан, морфология саласында емес, сөзжасамда қарастырылады" деген пікірін қоса келтіреді [5, 266 б.].

Ал қазақ тілінің морфологиясын арнайы зерттеп, оқулық жазған А. Ысқақов Жоғарыдағы жұрнақтарға қоса, -қар,-ғар, -ай, -ей, -ал, -ел, -сын, -сі, -ыра, -ырай –шы, -ші, -ан, -ен, -ын, -н, -ырқа, ырқан, -ына, -қа, жұрнақтарын қоса келтіреді. Бұл еңбекте жоғарыдағы -дыр, -дір, -тыр, -тір, -қыз, -ғыз жұрнақтары кездеспейді. Бұл жөнінде ғылымда әлі шешімін таппай келе жатқан етіс жұрнақтарынынң сөз тудыра алу және алмау қабілеті жайлы мәселелер екі жақты көзқараста қалып отыр. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда етіс жұрнақтарынын да бір кездері сөз тудыра алу қабіретінің болғандығын көрсетеді. Бірақ уақыт өте келе жұрнақтар етістік тудыра алу қабілетінен айрылып, жай ғана етістіктің бір категориясы ғана болып қалғандығына тіліміздің қарыштап дамуы жауап бере алатын сыңайлы. Мысалы, *бағын* етістігінің түбірі *бақ* – бүгінгі тілімізде толық лексикалық мағынадан айрылған сөз ретінде танылады. Ал осы сөздің қазірдегі қолданысындағы *бағын* тұлғасындағы –ын етіс жұрнағы түбірге тікелей, ажырамастай болып жалғанып, түбір сөз құрамын толықтырып тұр. Сол секілді үйлен, үйрен етістіктері туралы да осындай пікір келтіруге болады

Мысалы, зерттеп отырған тақырыбымызға сәйкес, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінен мынадай мысалдар алып түсіндіруімізге болады:

Худадын сөз-лә-сә иман пиринләр (4. 8а) (194 б.).

Сахар уақты қолұм бағ-ла-б ду'а қылсам (1, 13 а) (198 б.).

Хизмәтігә белім мәхкәм бағ-ла-сам мән (10. 13 а) (198 б.).

Хасрәтіда йүрәгімні дағ-ла-сам мән (11, 13 а) (198 б.).

Йол үстідә тофраг сифат чаң-ла-б йатсам (11, 13 б) (199 б.)

Азыб қалған бұталар дек йүз-лә-б тұрсам (12, 14 б) 200 б.).

өләр уақтда мың бір атың сөз-лә-б тұрсам (13, 14 б), 200 б.

Кечә күндүз хақны ес-тә-б йығла мудәм андын соң хақдын йеткәй сәңә пәйам (4,5, 16 а), 200 б

Көне түркі және орта түркі дәуірінде кездесетін бұл тілдік бірліктің *еске алып,* яғни *ес +та* зат есімнен етістік тудырушы жұрнақ арқылы сөз туындап тұр.

Уммәтләрің хәуа-ла-сын қылғын мәңә (5, 18 а), 202 б.)

Шайда болуб өзін із-лә-б йүрәр ерміш (4, 19 б), 203 б.

Пир-и муған хизмәтіндә белің бағ-ла (6, 19 б), 203 б.

Күйүб пішіб дәрді бірлә йүрәк да-ла (7, 19 б), 203 б.

Хикметтердегі *бағла, дағла, йүзлə, сөзлə, чаңла, естə* етістіктері туындағанда оларға жалғанған жұрнақтар тек жаңа сөз туғызып қана қоймай, жалпы абстрактілі қасиеттерін байқататын мағына туғызады, бір грамматикалық категориялағы сөздерді екінші грамматикалық категориядағы сөздерге алмастырады. Осы жағынан алып қарағанда сөз тудырушы жұрнақтардың грамматикалық категориялар құрамын толықтырар қызметінің ерекше екені көрінеді.

Туынды сөз жасауға қатысып тұрған –ла жұрнағы мен түбір сөздің мағынасы қосылып жаңа туынды атау тудырып тұр. Екеуінің құрылымы бір бүтіндік сипат алып, лексикалық бірлік есебінде тұтасады. Тілдің тарихында туынды етістік екені көрініп тұрғанымен, бір бүтін лексикалық бірлік ретінде танылатын *мықта, бауызда, тоқта, тоқыра, байла, ұйықта* секілді етістіктердің негізгі мағыналары көмескіленген. Мықта етістігінің түбірі мық – шеге мағынасындағы сөзге етістік тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалған. Себебі босаған нәрсені шегемен мықтауға, нықтауға болатын себепті объект арқылы қимылды іске асыру үшін мықта (шегеле) сөзі пайда болған. Тілімізде мық-та, мек-ем (болу), бек-ем (болу) секілді фонетикалық өзгеріске ұшыраған ұқсас мағыналы сөздер қалыптасқан.

Осы секілді қазіргі тіліміздегі *жасыр, опыр, обыр, қопар, түкір, жытыр, отыр, сүр* т.б. етістіктердің біразы түбір деп қарастырылып келеді. Көне түркі тілі тұрғысынан қарағанда да, қазіргі тіл тұрғысынан алып қарасақ та бұл сөздер негіз деп танылады. Олардың түбір болуы үшін алғашқы дауысты-дауыссыз (ГС) немесе дауыссыз-дауысты (СГ), сонымен қатар дауысты (Г) тұлғаларын ғана шартты түрде қарастыруға болады. Ал қалған жағдайдың барлығында олар негіз деп танылуға тиісті.

Қазақ тіл білімінде жалпы жұрнақтар жайды пікірлер көп, Ал етістік жасаушы жұрнақтар бүгінгі күнде толық, тарихи тұрғыдан зерттеу нысаны болғанда ғана түбір мен қосымшалар арасындағы сабақтастық ашылады.

1. Басымов Қ. Қазақ тілінің жалғау-жұрнақтары // Жаңа мектеп, 193 , №6.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі грамматикасы, А., 1993.

3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі . Морфология. А., Ана тілі, 1991.

4. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этмологиялық негіздері. А., 1994.

5. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. А., 2009.

* * *

В статье рассматриваются исследования аффиксов (суффиксов) в казахском языке.

***Ж. Т. Көпбаева***

## ТҮРКІТАНУДАҒЫ ЕТІСТІК ТУДЫРУШЫ АФФИКСТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Түркі тілдерінде қосымша атауын аффикс деп атау дәстүрі қалыптасқан. Бұл ұғымға жұрнақтармен қоса жалғаулар да қоса кіретіндіктен, терминнің мағынасы өте кең. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында “мағынасы мен қызметіне қарай жұрнақтарды сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар” деп екі салаға бөлу үрдісінің бар екені де айтылады [1, 181 б.]. бұл зерттеу жұмысындағы басты міндет сөз жасап, жаңа мағына туындататын сөз тудырушы, оның ішінде етістік тудырушы жұрнақтар туралы мәліметтер беріп, қарастыратын зерттеу болғандықтан әңгіме бағытын сөзжасаушы жұрнақтарға арнаймыз.

Түркі тілдеріндегі сөз тудыратын жұрнақтар жөнінде жазылған әдебиеттерге шолуды жасау М. Қашқари еңбегімен тығыз байланысты. Алғашқы тілші, түркітанушы М. Қашқари еңбектерінде сөз тудыру жолдары, жұрнақтар, жалпы түбір сөз бен туынды сөздің мағыналары кеңінен қарастырылады. Түркі тілдерін салыстырмалы түрде зерттей отырып, түркітанушы – баба тіліміздегі сөздердің жасалуы туралы алғаш пікір айтқан ғалым. Ол жаңа сөздердің жасалуында етістік тудыратын әріптердің (жұрнақтың) саны он деп көрсетеді: а, т, с, ш, қ, к, л, м, н, и [2, 44 б.]. Сонымен қатар: “Мен істі оңайлату әрі кітапты ықшамдау үшін, мен бұрын ешкім түзбеген уа ешкімге мәлім болмаған өзгеше бір тәртіпте түзіп шықтым. Бұл жазған еңбегім талапқа сай болсын, пайдаланушыларға анық, қолдануға қолайлы болсын деген ниетпен бірқатар қағидаларды түзіп, өлшем үлгілерді жасадым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алдым. Сондықтан, сөздің қысқасы жақсы, ілгері кеткендерге тура нышан көрсетіп, кең жол ашып беру үшін өрлеп асу ниетіндегілерге саты қойып беру үшін осыларды істедім” [2, 33 б.]. М. Қашқари сөздігінің екінші бір жерінде “Бұл тілде етістіктер бұйрық етістіктің соңына әр түрлі қосымшалардың жалгануы арқылы жасалады”, – деп жазады. Бұйрық райлы етістіктер, әдетте, түбір тұлғасында көбірек келетініне байланысты айтылған. Шындығында қазіргі қазақ тілінде түбір тұлғалы етістік пен бұйрық райлы етістіктің арасында дау-дамай бар. М. Қашқаридың “Сөздігінің” өн бойында есім және етістік түбірлеріне жалғанып, жаңа сөздер тудыратын басқа да жұрнақтар бар. Түркітанушы ғалым егер жұрнақтың

беретін мағынасы бірнешеу болатын болса, нақты мысалдар арқылы дәлелдер келтіріп отырады. Кейбір жұрнақтарды өзге туыстас тілдердегі формаларымен салыстыра көрсетеді.

Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысын тереңірек зерттеу Россияда XIX ғасырдан басталады. Ол кезеңде сөзжасаушы тұлғалар арнайы сөзжасамдық жұрнақтар деп аталып зерттелмегенмен, онда сөз жасаушы жұрнақтар беріліп, мысалдар арқылы дәйектеледі. Қазақ тілі грамматикасының зерттелуі де осы ғасырдан басталады. И.Гиганов, М.А. Казем-Бек, П.М. Мелиоранский, Н.Ф. Катанов, А.К. Боровков, Н.А. Баскаков, Н.К. Дмитриев сынды түркітанушылар, әрине, таза түркі тілдерін білетін грамматист болмағанмен, жалпы тілдің ғылыми даму жүйесін білетін еді. Осы жүйе арқылы олар түркі тілдес халықтардың грамматикасын жазып шыққан болатын. Алғаш рет И. Гиганов "Татар тілінің грамматикасын" шығарды. Ол туынды сөздердің есім, етістік сөздерге жұрнақ жалғану арқылы жасалатындығын айтса, XIX ғасырдың бірінші жартысында жазылып, "Общая грамматика турецко-татарского языка" деген атпен жарық көрген М. А. Казем-бектің еңбегінде И. Гигановтың ізімен сөздерді негізгі түбір, туынды түбір деп екіге бөледі. Туынды түбірлер етістіктен және есімдерден жасалатындғын сөз ете отырып, етістіктен жасалған есімдерді: қимыл иесін білдіретін есімдер (имя действуюшего) және қимылдың атын білдіретін есімдер (имя действия) деп екіге бөледі. Ал жұрнақтарды кейде "наращение", кейде "частица" деген терминдермен атайды.

Қазақ тілінің грамматикасын жазған П.М. Мелиоранский "Краткая грамматика казахско-киргизского языка, ч I, Фонетика и этимология, СПб., 1894, Ч II синтаксис, СПб., 1897" еңбектерінде туған тіліміздегі барлық лексикалық бірліктерді семантикалық және морфологиялық белгілеріне сүйене отырып сегіз түрлі сөз таптарын көрсетеді. Есім және етістік тудыратын бірнеше жұрнақтарға тоқталып, нақты мысалдар арқылы мағыналарын ашады. Есім және етістік тудыратын жұрнақтарды арнайы мысалдармен дәйектейді. Мысалы, осы еңбегінде П.М. Мелиоранский *тепкіле* сөзіндегі *-кіле* қосымшасын етістік түбірлерге жалғанып, дүркінділікті, қимылдың бірнеше рет қайталанғандығын білдіретін форма деп көрсетеді [3]. Расында біздің тілімізде осы жұрнақ арқылы *ұрғыла, себезгіле* секілді етістіктер жасалған.

Түркі халықтарының әдебиетін, этнографиясын, мәдениетін, тілінжан-жақты зерттеген, біраз еңбектер қалдырған түркітанушы Н.Ф. Катанов "Опыт исследования урянхайского языка" (Казань, 1907) атты грамматикасы түркі тілдерін салыстыра зерттеуде етістіктерге арналған бөлімде арнайы есім және етістік тудыратын жұрнақтарды береді.

Сондай-ақ А.Н. Самойловичтің "Краткая учебная грамматика современного османско-турецкого языка" (Ленинград, 1925), А.К. Боровковтың "Учебник уйгурского языка" (Ленинград, 1939), В.М. Насиловтың, Н.К. Дмитриевтің "Грамматика башкирского языка" (Москва-Ленинград, 1948) атты еңбектерінде сөз тудырушы жұрнақтар беріліп, олардың мағыналары ашылады.

А.Н. Кононов өзбек және түрік тілдерінің грамматикаларында сөз тудыру проблемаларына арнайы тоқталып, кеңінен сөз етеді. Мұнда есім және етістік тудыратын әрбір жұрнақтың мағынасы ашылып, олардың шығу тегі мен өзгеру, даму, қалыптасу жолдарын нақтылы тілдік фактілер негізінде дәлелденіп көрсетіледі.

А.Г. Гулямов өзбек тіліндегі сөз тудыратын жұрнақтарды тарихи тұрғыдан зерттеп, докторлық диссертациясын арнады [Гулямов, Проблемы исторического словообразования узбекского языка Аффиксация, ч. I, ташкент, 1955]. Бұдан өзге А.Г. Гулямовтың "Об аффиксе –ла в узбекском языке" // Ученые записки ташкентского гос-го пединститута, 1947, Вып. I". Деп аталатын біздің зерттеу жұмысымызға тікелей қатысы бар көлемді зерттеу мақаласы аталған жұрнақтың тарихи негізін, беретін мағынасының сан қырлы екенін ашып көрсеткен [4].

Жекелеген тілдердегі жұрнақтардың сөз тудыру мәселелерін қарастырған еңбектің ішінде башқұрт тілінің маманы Т.Н. Гариповтың да еңбегі бар болатын. Оның 1959 жылы жарық көрген монографиясында башқұрт тілінің есім сөздерінің жасалуы жан-жақты қарастырылса [5], әзірбайжан тілін зерттеуші ғалым Э.В. Севортян есім сөздер мен етістік сөздердің сөзжасамына арналған үлкен екі еңбек жазады. Бұл еңбектердің бұрынғы еңбектерден ерекшелігі туыстас тілдердің материалдарымен салыстырыла, сонымен бірге көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік материалдарымен қатарластыра қарастырылады. Тілдің тарихи даму барысындағы құбылыстардың сырын ашуда негізгі қайнар көздердің біріне саналатын диалектілік ерекшеліктер де бұл зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Соның нәтижесінде түркі тілдеріндегі жұрнақтар арқылы сөз тудырудың түйінді мәселелері өз шешімін дұрыс тауып отырған. Мұнда Э.В. Севортянның еңбектері мен олардың ғылыми салмағының басымдығын атап өткен жөн. Э.В. Севортянның түркі тілдеріндегі сөз тудыру мәселесіне байланысты бұрын жекелеген мақала көлемінде айтылып келе жатқан көзқарастары мен идеялары осы екі монографиясында жинақталып берілген. Жұмыстың жазылу барысында ғалымның еңбектеріне оралып, олардан дәйектемелер алып отырамыз [6].

Қарашай-балқар тілінде есім сөздердің бес түрлі тәсіл арқылы жасалатынын көрсеткен ғалым М.А. Хабичевтің бағамдауынша, морфологиялық тәсіл. Тілдің ертеректегі даму сатысында түбір сөздердің құрылысы мынадай болған деп көрсетеді:

С+Г+С

С+Г

Г+С. Ол кезде түбір сөздер мағыналық жағынан есім және етістік болып нашар дифференцияланғандықтан, кейбір жеке сөздер түбірге тіркесіп, айтыла келе көмекші сөзге, одан аффикске айналған [7]. Аталған еңбекте қарашай-балқар тіліндегі есім тудыратын жұрнақтар мағыналық және туыстығы

жағынан топтастырылып берілген. Зерттеу нысаны болып отырған тілдің материалдары көне және қазіргі түркі тілдерінің материалдарымен салыстырыла талданады. Салыстыру ретінде кейде моңғол, угро-фин, тунгус-манчжур және кавказ тілдері де пайдаланылады. Жалпы алғанда тіл білімінде жекелеген тілдік бірліктердің алғашында толық лексикалық мәнге ие сөз болып, қолданыла келе тілдегі үнемдеу процесі арқылы көмекші сөздерге, одан аффикске айналғаны туралы пікірді көптеген ғалымдар, айтып, жазып жүр. Қазақ ғалымы Б. Сағындықұлының "Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері" деп аталатын еңбегінде ұр етістігінің, соң шылауының, шекейін– шейін–ша тұлғаларының дамып, қосымшаға айналғаны туралы пікірлер келтіріп, бұлтартпас дәлелдермен нақтыланады [8]. Сонымен қатар қарашай-башқұрт тілдерінің материалдарын генеологиялық жағынан өзге тілдер тобына жататын тілдермен салыстыра зерттеудің өзіндік мәні бар. Түркі тілдері мен олардың тілдік бірліктерінің арасында мағыналық байланыс болса, онда барлық тілдердің түп-төркіні бір болған деген пікірдің жаны бар.

Соңғы жылдары көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтар да арнайы зерттеле бастады. Мысалы, А. Есенқұловтың еңбегінде Орхон-Енисей және Талас ескерткіштеріндегі сөз тудырушы жұрнақтар түгел қамтылып, олардың беретін мағыналары мен қолданылу ерекшеліктері жан-жақты баяндалған [9]. Ал орта ғасыр ескерткіштеріндегі жұрнақтар, әсіресе, етістік жасаушы жұрнақтар сол дәуірдегі жекелеген ескерткіштердің зерттеу барысында жолай сөз етілгені болмаса, арнайы зерттелген емес. Бірақ осыған байланысты бұл жерде Ә. Нәжіптің, А.М. Щербактың, Э.М. Фазыловтың, Ә. Құрышжановтың еңбектерін атап көрсетуге болады.

А.М. Щербак ескі өзбек және шығыс түркі тілдерінде жазылған ескерткіштерде кездесетін көптеген сөз тудырушы жұрнақтарға тоқталып, мағыналарын ашады. Қолданылу ерекшеліктерін, даму жолдарын көрсетеді. Кейбір жұрнақтардың этимологиясы туралы айтылған құнды пікірлері де бар [10, 105-142 бб].

Чуваш тілінің тарихи морфологиясын қарастырған Л.С. Левитская етістік жасаушы жұрнақтарды генетикалық жағын ескере отырып бірінен бірі туындаған жұрнақтарды топтап береді. Ғалым етістік және есім сөздерден етістік тудырушы жұрнақтарды бөліп беруге көп жағдайда мүмкіндік болмайды, себебі олардың біразы универсалды, әмбебап жұрнақтар дейді. Бірақ ғалым омоним-аффикстерді бөліп беруге тырысады. Чуваш тілі сөзжасамында кездесетін кірме жұрнақтарды да қосып береді. Л.С. Левитская –ла, -ле, -лан, -лен, -лат, -лет, -лас, -лес жұрнақтарын генетикалық жағынан бір-бірімен байланысты деп есептейді. –ла, -ле есім және етістік, одағай, еліктеуіш сөздерден етістік тудыратын өнімді аффикстер қатарына жатқызады. Кезінде Б.А. Серебренников, В.Г. Егоров, И.П. Павлов түркі тілдеріндегі –ла жұрнағының сөз жасау қабілетін қарастырған болатын. Бұл зерттеулерде де –лан, -лен, -лат, -лет –лас, -лес жұрнақтарының түп негізі –ла, -ле морфтары екендігін ғалымдар атап көрсеткен болатын. Ал -н, -т, -с жұрнақтарын кіріккен етіс жұрнақтары деп түсіндіреді. Қазіргі түркі тілдерінде -лан, -лат, -лас аффикстері бөлшектенбейтін аффикстер құрамында кездеседі. Мысалы, үйлен, қазақ тілінде *үйле* етістігі жоқ. Басқаша айтқанда, -лан, -лен, -лат, -лет, -лас, -лес формалары есім сөздерге жалғанып етістік тудырады. Кей жағдайда –лат формасы ауыспалы мағына да тудыратындығы чуваш тілінің деректері арқылы түсіндіреді: –илемелет – илемле украшать т.б.

-ан, -н аффикстері туралы Э.В Севортян етіс жұрнағымен сәйкес келеді деп көрсетеді [6, 317 с.]. Есім сөздерге -н жұрнағы жалғанып барып жасалған етістіктерді туынды етістік деп атай алмаймыз. Себебі тілімізде етіс жұрнақтары академиялық грамматикада сөз тудырмайтыныдығы жазылған. Дегенмен, кейінгі жылдары кейбір етіс жұрнақтарының сөз тудыру мүмкіндігінің болғанын деректер арқылы келтіріп жүр. Бұл туралы чуваш тілін зерттеуші ғалым Л.С. Левитская мынадай пікір айтады: "Не все из отыменных глаголов на *–п,* перечисляемых в руководствах по чувашскому языку могут быть безговорочно причислены к производным с этим аффиксом. В ряде случаев мы имеем, вероятно, омонимичные показатели" [11, 166 с.]. Мысалы, tutan – дәмін көру, tut – дәм сөзінен шыққан, М. Қашқари еңбегінде татған – дәмі кіру, ұнау мағынасында жұмсалады. өзірбайжан тілінде Dadan – құшырлану, пристраститься, повадиться мағыналары бар. *Дадайлап шауып келді*, *дадайлап жүр* етістіктері осы әзірбайжан тіліндегі мағынасымен сәйкес келуі мүмкін. Сонымен қатар puran – "жить", "проживать" мағыналы сөз "пур" *наличие, существование* сөздерімен сәйкес келеді. Енді тіліміздегі *бар* сөзімен байланыстыруға болады. Бұдан өзге чуваш тіліндегі pusan – бастау, кірісу, pus –басы, бастау; asan – еске алу, ас – ес сөзінен шығып тұр.Сондай-ақ pusan – босану, бос болу, asan – греться, ыстықтау, қызу, sivan – суыну етістіктері чуваш тілінде туынды етістіктер болып есептеледі. Бұл етістіктердің түбірі – *пуса, сива, ысы* түбірлері бұл күнде қазіргі чуваш тілінде қолданылмайды. Есесіне өзге түркі тілдерінде қолданылады. Мысалы, көне түркі тілінде *соғы – суы* (остывать, көне түркі тілінде боса және босан, босану, босат – босату; ысы және ысын – қыздыру, ыстықтау мағынасында жұмсалған. Бірақ бір мағыналарына қарай *ысын* етістігі есім сөздерден жасалған болуы да мүмкін. Себебі түркі тілдерінде *ыссы – ыстық* сын есімдік мағынасы да бар. "Сюда же относиться глагол jəpen – мокнуть, (но: jəpe-t-мочить) от jəpe (влажный, мокрый), ср.: тат. Диал. Jəbən – промокнуть и jəbət –промочить, japsak – влажный, болотистый секілді пікірлер осы сөздердің қазақ тіліндегі жабысу, жабы (аттың түрі, мысалы, "Жабыдан айғыр салмаңыз"). Сөздерімен төркіндес екенін байқауға болады [11, 167 б.]..

Сонымен қатар осы еңбегінде чуваш тілін зерттеуші Л.С. Левитская 16 морфтары бар етістік

тудырушы жұрнақтардың бар екенін мысалдар арқылы дәйектеп береді. Бір жұрнақтың бірнеше морфтарын, сонымен бірге құранды жұрнақтар да осы еңбекте көрініс табады. Құранды жұрнақтардың негізгі жұрнақтармен байланысын анықтаған бірден бір еңбек болып саналды. Кітап авторы өзі айтқандай: "Рукопись этой книги закончена в 1970 г. Сейчас, вероятно, многое в ней было бы написано по-иному: исследования в советской и зарубежной тюркологии последних лет значительно расширили возможности историка языка. Но и содержащееся в данной работе, быть может, окажется небесполезненным для тех, кто занимается или интересуется проблемами и состоянием тюркского, в первую очередь чувашского, исторического языкознания" [11, 3 с.]. Еңбек қай кезеңде жазылғанымен де, оның түп негізі, мысалдары, тілдік бірліктер, олардың беретін мағыналарының маңызы жойылмақ емес.

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
2. Махмуд.Қашқари. Түрік сөздігі: (Диуани лұғат иттүрік): 3 томдық, I том. А., "Сөздік-словарь", 2006 барлығы 376 б.
3. П.М. Мелиорнаский. Краткая грамматика казахско-киргизского языка, ч I, Фонетика и этимология, СПб., 1894, Ч II синтаксис, СПб., 1897.
4. А. Гулямов, Проблемы исторического словообразования узбекского языка. Аффиксация, ч. I, Ташкент, 1955.
5. М.Гарипов. Башкирское именное словобразование, Уфа, 1959.
6. Э.В. Севортян. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке М., 1962, 317 С.
7. М. Хабичев. Карачаево-балкарское именное словообразование. Черкасск, 197).
8. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этмологиялық негіздері. А., 1994.
9. А. Есенқұлов. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар, А., 1976.
10. А.М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Вост Туркестанан. М.-Л., 1961,. 172-174 бб. 175, 120-132).
11. А.С. Левитская. Морфология чувашского языка. Чебоксары, 1986.

*М. С. Құлахметова*

## ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ІШКІ ТІЛДЕСІМНІҢ КЕЙБІР МОДЕЛЬДЕРІ

Осы мақалада тіл біліміндегі ішкі тілдесім түрлеріне тоқталғымыз келеді. Тіл білімі тұрғысынан ішкі сөйлесім түрлерін модельдеу ісі алғаш рет Прага лингвистикалық үйірмесінің (ПЛҮ) мүшелері - Р.Якобсон, Н.С. Трубецкий, В.Матезиус, В.Скаличкая, Ф.Травничко, Б.Гавранек және тағы басқа да Прага функционалды лингвистика мектебі мүшелерінен басталды. Аталған ұйым мүшелері тілдің қызметі теориясын құрушы болып саналады.

Прагалықтар «ішкі тілдесім қызметі мен сыртқа шығарылған, яғни адам ойын айтып жеткізудегі сөйлесім қызметінің аражігін ажырата білу» қажеттілігін бірінші болып көтерген, себебі олардың пікірінше, «көптеген сөйлеушілер лингвистикалық формаларды сөйлеу үрдісінен гөрі ойша көп қолданады» екен [1, 107]. Тілдің интеллектуалдылық және тиімділік сияқты маңызды сипаттарын ескере отырып, және ішкі сөйлесімді ішкі және сыртқа шығарылған сөйлесім түрлері деп бөліп, оны лингвистикаға тән объекті ретінде имплициттік тұрғыдан қарастырады да, прагалық лингвистер аталған құбылысқа қатысты нақты қадам жасамай, тек жалпы жобасын ғана ұсынады.

Ішкі сөйлесімді лингвистикалық феномен ретінде көтерген Н.Хомский болды, ол генеративті (туындаушы) грамматика мәселесін де көтерген. Айта кететін бір мәселе, аталған ғалым ішкі сөйлесім моделін құрған жоқ, ол тілдік қызметтің туындатушы моделін құрды, аталған модельді түбегейлі қарастыру кезінде ішкі сөйлесімге де тоқталғанын көруге болады.

Н.Хомский ұсынған туындатушы модельге тоқтала отырып, біз автор ұсынған модельдің лингвистикадағы ішкі сөйлесім сипатына қатысын анықтаймыз. «Туындатушы модель дегеніміз әліппе символынан және сол тілде сансыз дұрыс сөйлем құра алатын, әрі әрқайсысына құрылымдық сипаттама жасай алатын аталған әліппе элементтерінің сөз құрудағы ережесінен тұратын құрылғы» екені белгілі [2]. Н.Хомский тап осы принципті басшылыққа алады да, тілдің екі қыры – тыңдалым және сөйлесім қызметін қамти отырып, модельдердің анализі мен синтезіне қатысты өз лингвистикалық моделін құрады.

Н.Хомскийдің туындатушы моделі – автордың тілді жетік меңгерген сөйлеуші мен тыңдаушының тілдік білімі мен тілді нақты қолданудағы тілдің құзырлығын салыстыру негізінде құрылған. Н.Хомскийдің пікірінше, біріншісі «сөйлеуші-тыңдаушының өз тілін білуі», ал екіншісі «нақты жағдай тілін» қолдану деп көрсетеді [2, 9].

Мұндай түпкілікті бөлу қарастырылып отырған модельдің құрылымдық сипатына тоқталудан туындаған жалғастық, ол үш компоненттен тұрады: синтаксистік, фонологиялық және семантикалық. Соңғы екеуі алғашқысының интерпретациясы болып табылады. Н.Хомскийдің пікірінше, «грамматиканың синтаксистік компоненті әр сөйлемнің түпкілікті құрылымдық сипатын көрсету керек, мұнда сөйлемнің семантикалық интерпретациясы мен фонетикалық интерпретациясын анықтайтын үстірт сипаты қамтылуы тиіс» [2, 19]. Осыған байланысты синтак-

систік компонент бірнеше «базаға» бөлінеді - ҚБ-субкомпонент (қажетті бөлшек грамматикасы) және трансформациялық субкомпонент. Түпкілікті құрылым «шектеулі (соңғы болуы да мүмкін) базалық тізбек құрушы ережелер жүйесі» «базасы» негізінде қалыптасады [2, 21]. Барлық тілге ортақ ережелер шамамен мынадай сызба құрады: Есімді топ + Етістікті топ = Сөйлем. Трансформациялық субкомпонентті қосқан кезде аталған ереже үстірт құрылымға айналады. Н.Хомскийдің пікірінше, туындату үрдісінің жалпы сабақтастығы мынадай – «база түпкілікті құрылым құрады. Түпкілікті құрылым семантикалық компонентке айналады да, семантикалық интерпретацияға ие болады, трансформациялық ережелердің көмегімен ол үстірт құрылымға айналады, одан әрі фонологиялық компонент ережесінің көмегімен фонетикалық интерпретация құрылады» [3, 14].

Бұдан біз түпкілікті құрылым аралық бағамды көрсететініне көз жеткіземіз, аралық бағам дегеніміз ойша сөйлеуден ашық сөйлеуге дейінгі аралықты қамтиды. Аралық бағам айтқан сөзді түсініп қабылдау кезінде сөйлеуден ойға апаратын көпір де болады.

Түпкілікті құрылым мәніне көңіл бөле отырып, оның тілдің синтаксистік құрылымы (үстірт құрылым) мен сөйлеудің семантикалық құрылымының аражігіндегі маңызын атап өткен жөн, себебі сөйлеу кезінде алдымен семантикалық жазба деңгейі іске қосылады, соңынан мазмұнның түсінікті болуына ықпал ететін ішкі сөйлесім звеносының көмегімен түпкілікті құрылымға алмасып, ол нүктелер арқылы бекітіледі.

Анығын айтқанда, ішкі сөйлесім құбылысы Н.Хомский ұсынған генеративті модельде эксплицитті көрінісі бола алмайды, бірақ біз оны түпкілікті сараптау кезінде ол зерттеу нысаны бола алатынына көз жеткіземіз. Ішкі сөйлесім құбылысы ядролық құрылым ережелерінен алшақ «метафизикалық ұғым» деп танылса да, ол туындаушы грамматиканың трансформациялық компоненті бола алады.

Біздің ойымызша, генеративті модель құрудағы ең маңызды ереже сөйлемді табиғи тілдің синтаксистік құрылымы мен айтылымның семантикалық құрылымы аражігінде қарастыру тиімді, мұнда маңыздысы мазмұнды көрсететін ішкі сөйлесім де көрініс табады. Бұл Н.Хомскийдің «тудырушы семантика» деп аталатын классикалық моделінде айқын көрінеді, бірақ генеративтік идеология мұнда да айқын ашылмаған.

Н.Хомский транформациялық грамматика теориясын дамыта отырып, түбегейлі және үстірт синтаксистік құрылымдарды талқылады, бірақ айтылымның семантикалық құрылымын назардан тыс қалдырған да, синтаксистің кіріптарлығына көп мән берген. Ғалым синтаксистік құрылымдар теориясын құра отырып, оған кіретін лексикалық бірліктерді сөз және сөз тіркесі таңбаларымен алмастырған. Бірақ тілді қалыпты жағдайда қолдану кезінде айтылым лексикалық бірліктерінің семантикасы анағұрлым күрделі болып келеді.

Лексикалық жүйенің маңызды бөлігі терең семантикалық деңгейде қарастырылды да, оның түпкілікті синтаксистік құрылыммен өзара байланысы анықталды. Аталған мәселе Ю.Д.Апресян, И.А.Мельчук және А.К.Жолковский жүргізген лингвистикалық эксперимент кезінде анықталған.

И.А.Мельчук пен А.К.Жолковский құрған «Мағына – Мәтін» моделін біз сөйлесім қызметінің үшінші лингвистикалық түріне (синтетикалық және туғызушы) жатқызамыз. Бұл модель аналитикалық-синтетикалық модель түріне жатады. Аталған модель авторлары тілдің вербалдану және түсіну үрдісін (синтез және анализ) нысанаға ала отырып, тиянақталған ойды білдіреді, айтылым мағынасының мәтінге айналу үрдісін көрсетеді. Екінші қырынан тұтас мәтіннің айтылымды түсіну механизмдерін, яғни мәтіннің мағынаға айналуы – тыңдаушы мен оқырманның қабылдау және бекіту кезінде ойдың тілдегі көрінісі (lingua mentalis) қамтылған.

И.А.Мельчук орыс тіліндегі түсіндірме-комбинаторлық сөздікті құру кезінде табиғи тілдің лингвистикалық моделін «Мағына – Мәтін» теориясын былай береді: «табиғи тілдің өзі қалыптасқан жүйе, ол берілген мағына мен барлық мәтіндердің арақатынасын көрсетеді, сәйкесінше, кейбір тілдердің лингвистикалық сипатының өзіне тән ережелері болады, ол сол тілдің барлық мәтіндерінің мағынасын сипаттап береді»[4,4]. Сондықтан, бір ғана ой көптеген синонимдік мәтіндермен беріле алады, аталған модельді құрушылар мағынаның мәтінге және кері айналу деңгейіне баса назар аударады. Аталған айналым үрдісінің деңгейлерін сипаттау кезінде тілдің генераторлық және селекторлық деңгейіне тоқталған жөн. Генераторлық аппаратқа түпкілікті құрылым (парадигмалық аспект) құруға қатысушы тілдік байланыстың ойдағы құрылысы, ал селекторлық аппаратқа таңдау мүмкіндігін беретін, осы мәнмәтінде қолданыла алатын, әрі үстірт құрылым түзуші (синтагмалық аспект) бөліктер енеді.

Ойдың ашық мәтінге ауысу үрдісін зерттеу нәтижесінде И.А.Мельчук пен А.К.Жолковский осы үрдістің негізгі үш деңгейін анықтаған. Олардың ең біріншісі семантикалық құбылыс немесе семантикалық жазба деңгейі. Қарастырылып отырған деңгей жекелеген мағыналық көріністен тұрады, ол мағынаның қарапайым бірліктерінен – семадан тұрады да, парадигмалық сызба жүйесі болып табылады, «семантикалық тұтастық» түзеді.

Тереңдетілген синтаксистік құрылым деңгейі өзара тәуелді лексикалық бірліктерден тұрады, ол алдыңғы деңгейдің қарапайым бірліктерінің орнына жұмсалады.

Соңғы деңгейде тереңдетілген синтаксистік құрылымның түрленуі және осы синтаксистік құрылымдардың синтагмалық (сукцессивтік), морфологиялық, фонологиялық және фонетикалық түр-сипатын қамтиды.

«Мағына – Мәтін» моделінің А.Р.Лурияның тілдік айтылымға қатысты теориясына ұқсастығына тоқтала отырып, ой мен сөйлесімнің арақатынасын

анықтауға жол ашылды. Аталған ғалымдардың пікірі Н.Хомскийдің туындау моделіндегідей ішкі сөйлесім кезеңіне мән бергенін байқауға болады. Семантикалық құбылыс деңгейінен кейін ішкі сөйлесім семантикалық жазбаның тереңдетілген синтаксистік құрылымға алмасуын және «тереңдетілген синтаксистік құрылым бекіткен мазмұнды» көрсетеді [5,21].

Бұған дейін ішкі сөйлесім тілдік қызмет аясында қаралып келді де, аталған нысана ойдың ашық мәтінге және оның кері айналуындағы аралық бағам рөлін атқарды. Енді біз ішкі сөйлесімді тікелей бақылау нысаны ретінде қарайтын тілші ғалымдардың көзқарастарына тоқталамыз.

Біздің пікірімізше, олардың ішіндегі ең бір қызғылықтысы И.Р.Гальперин ұсынған ішкі сөйлесім концепциясы [6].

Автор ішкі сөйлесімді ең алдымен адамның ойы және сезімін бейнелейтін психологиялық құбылыс ретінде қарастырады да, сөйлесім құралдарындағы адам эмоциясын сыртқа шығаратын жалғыз тәсіл – тілдің экспрессивті қызметіне баса назар аударады. Сондықтан, психологиялық категория болып табылатын ішкі сөйлесімнің өзіндік сипаты болады: ол коммуникативтік емес, фрагментті және байланыссыз. Бірақ И.Р.Гальперин ішкі сөйлесім ерекшелігін әдеби шығарма мәтіндерінің негізінде қарайды, мұнда ішкі сөйлесім тиянақталған біртұтас сипатқа ие, әдеби материалдағы ішкі сөйлесімнің екінші тілдік қызметі бар, ол – оқырманға ішкі сезімнің, эмоцияның және ықыластың қыры-сырын беруші коммуникативтік қызмет атқарады. Аталған құбылыс субъектінің ойы арқылы беріледі де, тіл білімінің категорясы болады. Сөйтіп ішкі тілдің экспрессивті қызметіне қарағанда коммуникативтік қызметі басым, ол тиянақталған сипатқа ие, ол оқырманға (ішкі тілдесімнің нақты адресаты) ақпаратты қабылдауға септігін тигізеді. Бұдан ішкі тілдесім көркем шығармада оқырманға бағыттала отырып, вербалданған ішкі тілдесімге айналады [6, 241].

И.Р.Гальперин ұсынған ішкі тілдесім концепциясын моделдеу тұрғысынан алғанда оны лингвистиканың сараптау моделіне жатқызуға болады, атап айтқанда мәтінді түсіну (лингвист зерттеліп отырған құбылысты субъект беретін ішкі тілдесім ақпаратын қабылдаушы оқырман тарапынан қарайды) моделіне жатады.

Басқа да лингвистер сияқты И.Р.Гальперин де бейнелі ішкі тілдесімді әдеби шығарма мәтіндері негізінде қарайды, ал көркем шығармада ішкі тілдесім шығарма авторының шығармашылық қиялының жемісі болып табылады, сол автордың коммуникативтік компетенциясына негізделеді. Зерттеушілер тікелей бақылауға келмейтін табиғи ішкі тілдесім ерекшелігін анықтауға тырысады. Бейнеленген ішкі тілдесім кейіпкер арқылы берілетін тілдік көрсеткіш, және осы зерттеліп отырған құбылыс кейіпкердің сезімін және ойын көрсететін құрал екендігін көрсете келіп И.Р. Гальперин оның функционалдық аспектісінің ерекшеліктерімен қоса, оның құрылымдық сипатын және автор ойының көрінісіне тоқталады [6, 238].

И.Р.Гальпериннің пікірінше, синтаксистік маркер кейіпкердің ішкі тілдесімінің бөлшектеуші жалғыз құрал емес екен. Бұған графикалық және лексикалық құралдар: ұзақ мерзімді кідірісті талап ететін нүктелі үтірді қолдану, күтпеген кідірісті білдіретін сызықша, сілтеу есімдіктерінің эмфатикалық қызметі, лексикалық қайталанулар, етістіктер қолданысы (denken, ueberlegen, glauben және т.б.) енеді.

Кейіпкердің ішкі тілдесімі автор тарапынан белгісіз өріледі, оны оқырман жоғарыда аталған графикалық маркер (нүктелі үтір, сызықша) және лексикалық маркер (сілтеу есімдігі, лексикалық қайталау) негізінде ғана байқайды. Ал ішкі тілдесімде автор ақпаратындағы кенеттен болатын өзгеріс синтаксистік маркер (лепті және сұраулы сөйлем) арқылы беріледі, мұндай жағдайда автор сөзі кейіпкер сөзімен немесе керісінше алмастырылады.

Ұсынылып отырған модель табиғи ішкі тілдесімнің лингвистикалық көрінісі бола алады, яғни тиянақталған бейнелі ішкі тілдесім болып табылады. Аталған концепция авторы бейнелі ішкі тілдесім аспектілерінің басты белгілерін былай көрсетеді: функционалдық, құрылымдық аспекті (соңғысы кейіпкердің ішкі тілдесімін автордың сөзінен ажыратуға бағытталған) және авторлық хабарлама беру тәсілдері.

Сөйтіп, біз лингвистикада қолданылып жүрген ішкі тілдесімнің кейбір модельдеріне сараптама жасадық. Ұсынылған лингвистикалық модельдер табиғи ішкі тілдесім лингвистикалық феномен бола отырып, бейнелі ішкі тілдесімнің лингвистикалық көрінісі болып табылады.

1. Апресян Ю.Д. Идеи и методы современной структурной лингвистики (Краткий очерк). – М., 1966. – 302 с.

2. Хомский Н. Язык и мышление. – М.: Изд.МГУ, 1972. –122 с.

3. Chomsky N. The formal nature of language, - in: E. Lenneberg, Biological Foundations of Language. Appendix A. – New York – London-Sidney, 1967. – P. 397-442.

4. Мельчук И.А. Русский язык в модели «Смысл - Текст». – М.: Вена: Школа «Языки русской культуры», 1995. – 682 с.

5. Лурия А.Р. Внимание и память. Материалы к курсу лекций по общей психологии. – М.: Педагогика, 1975. – 104 с.

6. Galperin I.R. Stylistics. – M.: Higher School, 1977. – 322 p.

* * *

В статье представлен анализ некоторых моделей естественной внутренней речи в лингвистике.

***Ә. М. Құнанбаева***

# СТИЛЬДІК ТЕЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

«Сөз – тіл ғимаратын қалайтын негізгі кірпіш» /1.10/. Жазушы өзі тұрғызатын ғимараттың сәнді, берік, биік болуы үшін көркем шығарманың ең бірінші құралы – сөзді таңдап, дұрыс, орынды, шебер қолданып қиюластыра білуі керек. Яғни ол өз шығармасының жанрына сай, қозғаған тақырыбын аша алатын, суреттелетін уақыт пен оқиға кезеңін таныта алатын тілдік материалдарды стильдік-шеберлік жағынан тұтастықта жұмсай алуы. Осылайша жазушы өз қаламынан туған туындысын белгілі бір қалыпқа түсіреді және жөнге келтіреді. Мұны ғылым тілінде стильдік тез немесе стильдік тезге түсіру деп атайды.

«Стильдік тез» терминін поляк әдебиеттанушысы С.Скварчинсканың көрсетуі бойынша еуропа тілдерінде пайда болып, әр кезеңде түрліше жанданып отырған. Ол бұл сөзді итальян гумманистері ойлап тауып, кейіннен итальян тілінен өзге тілдерге ауысты деген болжам жасайды» /2.164/.

«Лингвистикалық терминдер сөздігінде» стильдік тез былайша дәйектелген: «Белгілі бір дәуірдің, әлеуметтік ортаның сөйлеу стиліне, шығарманың баяндалу мәнеріне қарай, жекелеген авторлар өздеріне тән шеберліктерін қолданып, шынайылықты тудыру мақсатында қолданылатын тәсіл» /3.425/.

Стильдік тезге түсірудің амал-тәсілдері, жолдары, түрлері лингвистикада да, әдебиетттануда да қарастырылады. Әдебиет зерттеушісі көркем шығарма стилін зерттегенде жазушының шығарма жазу барысындағы бейнелеу шеберлігіне, суреткерлік қабілетіне назар аударса, тілші жазушының сөзге қандай стильдік жүк артқанына, баяндауындағы тілдік ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Бірақ екеуінің де мақсаттарының тоғысатын тұсы бар. «Әдебиетшілер болсын, тілшілер болсын көркем шығарма тілін сөз еткенде, екеуінің де негізгі объектісі – көркем шығарма. Өйткені әдеби шығарманың негізгі құралы - тіл» /4.36/.

Стильдік тезге түсіру туралы орыс тіл білімінде В.В. Виноградов, В.Винокур, В.Ю. Троицкий, А.И. Ефимов, А.В. Алпатов, Г.Г. Полищук т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылған. Олардың стильдік тез жайындағы пікірлері төмендегі анықтамаға тоғысады.

«Стильдік тез – көркем, сирек жағдайда публицистикалық мәтінді ұйымдастырудың негізгі ұстанымдарына сәйкес полемикалық мақсатта әдейілеп құру, белгілі әдеби бағытқа, қандай да бір жанрға, ресми құжатқа, белгілі бір жазушының жеке мәнеріне, еліктеудің негізгі насаны ретінде алынған тарихи дәуірдің, белгілі бір әлеуметтік топтың, ортаның тұрмыстық тілін, олардың ең көрнекті немесе соларға тән белгілерді көрсетуде тілдік материалдарды соған сай пайдалану» /5.538/.

А.И. Ефимов «Стилистика художественной речи» атты еңбегінде көркем тіл стилистикасының теориялық негіздерінің алдында тұрған он бір түрлі міндетін көрсетеді. Олардың қатарына стильдік тездің ұстанымдары мен амалдарын анықтауды да қосады. «Стильдік тез – бұл жазушының белгілі бір тұлғаға тән баяндау мәнерін көрсетуі, автордың белгілі бір әлеуметтік орта мен дәуір адамдарын танытатын стилистикалық жүйесіне көшуі. Стильдік тез әр түрлі тілдік жүйелердің өзіндік көшірмесі бола отырып, белгілі бір әлеуметтік орта өкілдерінің жақсы көретін бейнелі сөздері мен дүниетанымы арқылы өткізердей қылып, авторды осы еліктей баяндауды жүргізуге мәжбүр етеді. Стильдік тездің мақсаттары сияқты, оны іске асырудың амалдары мен жолдары да сан алуан. Осыған байланысты оның төмендегідей түрлерін анықтауға болады:

1. Тарихи стильдік тез бұл – көркем шығармада өткен кезеңнің күнделікті тұрмыста қолданылған және қоғам мен тіл дамуындағы әр түрлі тарихи дәуірлерге тән сөйлеу құралдары мен олардың қолданылу амалдарының келтірілуі.

2. Жанрлық стильдік тездің көмегімен автор өзіне ұнайтын сөз өнеріндегі әрбір жанрдың (аңыз, мысал, повесть, ертегі және т.б.) амалдары мен тәсілдеріне сүйене алады.

3. Әр түрлі әлеуметтік-тілдік стильдердің стильдік тезі, әр түрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдардың тілдік ерекшеліктерін көрсетуді мақсат етеді /6.95/.

Орыс әдебиетіндегі қаламгерлердің стильдік тезге жүгінуінің себептерін, әр кезеңде таралу және қолдану ауқымына шолу жасаған В.Ю. Троицкий «стильдік тез – образдың жекелігі мен типтенуіндегі көркемдік амал ретінде, жағдайды, баяндау сипатын (мысалы, құжаттар стильдік тезі, эпистолярлық стильдік тез) жасаудың құралы ретінде, сатиралық бейнелеудің, пародияның және т.б. тәсілі ретінде көрінеді» /2.177/.

На тесную связь сознания с деятельностью указывает и Е.Ф.Тарасов, подчеркивая большую роль, которую при этом играют общественные отношения людей. «…Сознание оказывается связанным с деятельностью, сознание, как психический образ реальной действительности, опосредуется деятельностью. Так как деятельность осуществляет общественные отношения людей, то сознание оказывается продуктом этих отношений. Постановка в одну парадигму сознания, деятельности, продукта деятельности, общественных отношений, которые все являются превращенными формами деятельности, создает методологическое основание для социально-научных теорий объяснения общности знаний коммуникантов, – общности как необходимой предпосылки речевой коммуникации» [10].

Таким образом, в работах ведущих психологов, лингвистов, философов отечественной и зарубежной науки было дано мощное подтверждение того, что язык является средством обобщения образов, которое формируется при участии сознания.

1. М.М Бахтин. Эстетика словесного творчества. – М., 1979
2. А.Н.Леонтьев. Деятельность.Сознание.Личность. – М., 1975.
3. Е.Ф.Тарасов. Тенденции развития психолингвистики. – М.: Наука,1987
4. М.К Мамардашвили, А.М.Пятигорский. Символ и сознание. Метафизические рассуждения о сознании, символике и языке. – М.: Школа: “Языки русской культуры”, 1997.
5. Е.С.Кубрякова. Роль словообразования в формировании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука,1988.
6. Г.В.Колшанский. Объективная картина мира в познании и языке. – М.,1990.
7. К.. Маркс. Сочинения. Т. 1: [1839 - 1844] – М., 1955.
8. А.Р. Лурия. Язык и сознание. – М., 1979.
9. Л.С. Выготский. Мышление и речь // Соч. в 6 т. – М., 1982.
10. Е.Ф.Тарасов. Язык как средство трансляции культуры.– М., Наука, 2000.
11. А.Н Леонтьев. Избр. психологические произведения: В 2 т. Т. 1. – М., 1983.
12. В.П. Зинченко. Миры сознания и структура сознания // Вопросы психологии. – М., 1991 – № 2.

***Қ. К. Молгаждаров***

# ШЫЛАУ СӨЗДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ЖӘНЕ ЧЕ ФОРМАСЫ ХАҚЫНДА

Жалпы тіліміздегі көмекші сөздердің құрамын анықтаған кезде, тарихи деректерге жүгінеміз. Онсыз, яғни синхронды түрде нақты нәтиже, сөздің түпкі тамырын көрсете алмайтынымыз анық. Әсіресе, көмекші сөздердің ішінде шылаулардың тілдік бөлшектерін зерттеген кезде байқалады. Себебі, олардың лексикалық мағыналары солғын, грамматикалық мағыналары абстрактылы болып келеді. Бірақ, қосымшаларға қарағанда мүлде дербестігінен айырылып қалмайды. Яғни, сөзден бөлек қолданылуын бастапқы дербестігі немесе әуел баста толық мағыналы сөз болғандығы деп түсінеміз. Алайда, олардың шығу тегі туралы мәселесі тіл ғылымында біріздiлік таныта алған жоқ. Көне түркі руника жазбасындағы шылауларды зерттеген кезде, тек түркі тілдер материалымен ғана шектеліп қоймай, Алтай теориясы бойынша тоғысатын монғол, тұңғыс-манчжұр, корей т.б. тілдерінде айтылған шылау сөздерге қатысты тұжырымдармен де салыстыруымыз керек. Негізінде сөздердің шығу тегін зерттеген кезде кез-келген тілдердің материалымен байланыстыруға болады. Соның нәтижесінде руника жазбаларындағы шылау элементтері көне дәуірде емес, Н.А.Баскаковтың (1981) бөлуі бойынша, Хун дәуірінде (мүмкін одан да әрі) қалыптасқанға меңзейді. Яғни, бұл дәуірде (*контоминация)* диффузиялық процесс негізінде қалыптаса бастаса, Алтай дәуірінде фонетикалық дифференциацияға ұшырайды. Сөйтіп, шылау сөздер жаңа сапамен көне түркі тілінің сөздік қорына енеді.

Шылау сөздердің пайда болып қалыптасуы басқа сөз таптарындай емес. Олардың шылаулану процесінде түбір мен қосымшасы бірігіп, тұтас бір бөлінбейтін жаңа тұлға болып қалыптасты. Яғни, толық лексикалық мағынасы бар сөздерге қосымшалар жалғанып, әуелгі мағыналарынан мүлде айырылып, жартылай лексикалық мағынасы бар лексемалар жасалынған. Жалпы айтқанда бұндай процесс негізінде пайда болатын туынды тұлға кездейсоқ құбылыс емес, сөз жасауда болатын тарихи заңдылық. Түркі тілдеріндегі шылаулану үрдісі – тіл дамуында ежелден келе жатқан құбылыс. Көне тілдегі шылау сөздер түгелдей өзге сөз таптарынан туындаған тұлғалар болып саналады. Бұл процес олардың сөз табы ретінде қалыптасып толығуының негізгі көзі болып отыр. Шылау сөздердің этимологиясын анықтау олардың қай сөз табы екендігін, оның құрамындағы қосымшалардың даму сатысы тілдің қандай кезеңіне дейін жеткендігін және қай дәуірде қолданыстан ығыстырылғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай талдаулар тек шылаулардың ғана емес, өзге сөз таптары мен оның грамматикалық көрсеткіштерінің пайда болу жолдарын айқындауға септігін тигізеді. Әрбір шылау сөзге жеке-жеке талдау жасап, олардың қандай жолмен және қандай формалардан жасалатындығы көрсетіліп отырды. Мағыналық, функциялық жақтан әбден сұрыпталып, ұзақ та күрделі қалыптасу жолынан өткен сөздер ғана шылаулар қатарынан көріне алады. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде етістіктің көсемше формалары жекелеген шылау сөздерді жасауда өнімді болған. Мұндай сөз жасаушылық қасиетінің барын қазіргі тіл жүйесінен де байқауға болады. Негізінен көсемше формаларымен лексикаланған шылаулар сөйлем ішінде тіркескен сөзбен бірге амал, мезгіл, мөлшер пысықтауыш қызметінде кеңінен қолданылады. Бір ерекшелігі көсемше формаларын қабылдаған сөздердің барлығы шылаулар қатарына өте бермеген. Олардың көбі етістікке және үстеулерге тән қасиетін сақтап қалған. Жалпы олардың қалыптасуына синтаксистік қатынас ықпал еткен. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі кейбір сөздер бірде шылау, бірде үстеу қызметінде көрінеді. Мұны тек синтаксистік тұрғыдан ғана анықтай аламыз. Түркі тілдерінде шылаулар - сөзбен сөз, сөз тіркесі және сөйлем аралықтарындағы байланыстырушы қасиетімен бірге, тіркес аралығын күрделі оймен ұштастырудағы грамматикалық құбылыс. Негізінен, пысықтауыш пен анықтауыштық қатынаста болуы шылауларды өзге сөз таптарынан даралайтын басты ерекшеліктерінің біріне жатады. Басқа сөз таптарынан ажыратып тұратын тағы бір белгісі – түрленбейтін, өзгеріске түспейтін сөз табы бола тұра, түрленуші сөздердің барлығымен грамматикалық қатынасқа түсуі. Сонымен біздің қарастыратынымыз – шылаулар жеке сөз табы болып, жаңа мағынаны қандай бөлшектер арқылы қалыптастыратынын анықтау. Екінші сөзбен айтқанда, морфологиялық тұрғыдан түбірдің қай сөз табынан екендігі және оған жалғанған қосымшалардың қандай мәнде болғандығы назарда болмақ. Түркітануда кейбір түбірлердің жұрнақтарға, жалғауларға айналатындығы жайлы пікір айтылған. Б.Сағындықұлы[1] бұл процестің қандай сипатта іске асатынын «соң» септеулік шылауы арқылы көрсетеді. Мысалы: «Артқы, ақыры, аяғы» деген мағынадағы «соң» дербес сөз (мысалы, соңымнан ерген жалғызым; соң болса да, оң болды; кітаптың соңы). Бір нәрседен кейін деген мағынадағы шылау (барған соң, айтқан соң, бір күннен соң). Аталған тілдік элемент ауыз-екі сөйлеу тілінде фонетикалық өзгерістерге ұшырап, жұрнақ тәріздес қолданылады (барғасын, айтқасын көргесін). Ғалым осыдан қорытынды шығарып, сөздің қосымшаға, яғни сөзден шылауға, шылаудан қосымшаға қалай ауысатындығын және екінші жағынан лексикалық мағынаның абстракцияланып, грамматикалық мағынаға ұласа алатындығын түсіндіреді. Сонымен қатар зерттеу барысында сөздердің бәрі дерлік мен мұндалап тұрмайтынын, оңай саралауға түсетін тіл

бөлшектерінің кемде-кем екендігін ескертіп, мұқият зерттеуді және бұндай құбылыс процестерін бір қалыпқа түсіру үшін лингвистердің талай тер төгу қажеттігін айтады.

Зерттеу барысында көне түркі тіліндегі шылаулардың көбі етістіктерден жасалынғаны анықталды. Олар көсемше арқылы шылаулану үдерісіне ұшыраған. Тарихи тұрғыдан оларды түбір мен қосымшаға ажыратуға болады. Ал есім сөздерден қалыптасқан шылаулардың шығу тегін анықтауда қиыншылықтар туғызатыны анық. Бұл нені аңғартады? Біздіңше, алғаш тілдік құрылымда есім сөздерден кейін етістік сөздер орын алатын сияқты. Бұл туралы да екі-жақты пікірдің бары белгілі. Бірақ, екеуінің де әлі нақты шешімі жоқ. Сонымен түбір сөздерге қосымшалар жалғанып, екі форма да тілдің белгілі бір даму процесінде алғашқы мағыналарынан алшақтап, транспозиция тәсілі арқылы қайтадан бірігіп, жаңа мағынада сөз құрап, шылау қызметіне ауысатыны және бастапқы көне формасы сәл өзгеріп, көпмағыналықтан бір ғана мағынада тұрақтану арқылы қалыптасатыны бүгінде белгілі болып отыр. Морфологиялық тұрғыдан алып қарағанда, шылаулардың мағыналық түрлері де қалыптасу жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Септеуліктердің қалыптасуы демеуліктер мен жалғаулықтарға қарағанда ерте болса керек. Орхон жазбаларында қазіргі дәрежесінде және ең көбі де септеулік шылаулар. Көне түркі тілінде бір буынды шылау сөздердің қатарына жататын қарай мағынасындағы ру/рү және шақты мағынасындағы че септеуліктер қосымша есебінде танылып келген. Алдыңғы бір мақалада ру/рү туралы жазғанбыз. Енді че мәселесіне қатысты пікірімізді ұсынамыз. Жалпы көне түркі руника жазбаларында қолданылған бір буынды шылауларға мыналар жатады: та/де, өк/оқ, ба/му, гү/гү/күк, ру/рү, че. Осылардың ішінде *че* формасы да ру/рү сияқты назардан тыс қалған. Бұл тұлғаның қолданыста сөз ретінде қосымшадан өзгешелігі байқалады және көне ескерткіштер мәтінінде өте сирек ұшырасады. Көне түркі руникалық жазба тіліндегі че формасы – қазіргі қазақ тіліндегі шақты (шамалы, жуық) мағынасындағы септеулік шылау сөз. Көне түркі мәтінінде че тұлғасын толық талдап көрсететіндей мысалдар мәз емес. Тониқұқ пен Білге қаған ескерткіштерінің тек бір-ақ жерінде ғана ұшырасады. Онда қосымша ретінде танылып, «елігче, йүзче» деп бірге жазылады. Ал біз өз нұсқамыз бойынша береміз. Мысалы: *Еліг че ер тутдумыз* (Тон.42) – *Елу шақты ерін тұтқындадық. Уйғур елтегер йүз че ерін ілге рү тезіп барды* (БҚ.37) – *Ұйғыр елшісі жүз шақты ерімен алға (шығысқа) қарай қашып кетті.* Мысалдардан көргеніміздей, че сөзінің дербес сөз екендігіне еш күмән келтіруге болмайды. Екіншіден, көне тілде болсын, қазіргі қазақ тілінде болсын шақты мағынасындағы че септеулігі тек сан есім сөздерден кейін тіркесіп келеді. Оның бастауы, осы Орхон-Енисей жазбаларынан көрінеді. Сонымен бірге, бұл сөздің XIX ғасыр жазба нұсқаларының кейбіреуінде түбірлес болып келетін шейін мағынасында жұмсалуы бар. Онда зат есімдермен тіркес құрайды. Мысалы: *Бұл күнге че бікірің қалай аман?* (Қисса-и Юсуф-Зылиха). *Бір йылға че зағфрандай болуб сарғайды* (Бозжігіт). *Қазақ осы күнге че оқұғанның байдасы жоқ деб жүрүчі еді* /Түркістан уәләяты газеті. 1878. №14). Б.Әбілқасымов[2] че шылауының «Түркістан уәләяты» газетінде жиі, ал «Дала уәләяты» газетінде өте сирек кездесетінін айта келе, XYIII ғасырдың аяғындағы қазақ хан-сұлтандарының орыс әкімшілігіне жазған хаттарында аталмыш форма шейін шылауымен жарыса жүргендігін және XYII ғасырдағы Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре-и Түрк» атты шығармасында да жиі қолданылатынын мәлімдейді. Мысалы: *Адамдын да мұғұлға че; Мұғұлдан Чыңғыз ханға че т.б..* Л.Б.Никольский[3] корей тіліндегі осы формаға қатысты қолданыс ерекшелігі мен көне элемент екендігін: «че видимо, восходит к древнему существительному, имеющему значение «время» ттэ, чок и че являются стилитическими синонимими: ттэ употребляется преимущественно в писменной речи, чок – в разговорном языке, че – носит отпечаток архайчности и наиболее часто встречается в поэзий» деп ажыратады. Е.Саурықов[4] аталмыш форманың екі түрлі семантикалық қызметін зерттей келе, бірі – уақыт, өлшем, екіншісі – салыстырмалы-ұқсату мағынасындағы формадан шыққанын сөз етеді. Бұл айтылғандардың көне түркі тіліндегі че формасымен байланысы жоқ дей алмаймыз.

Көне түркі жазба ескерткіштер тілінде -ча/-че тұлғалы қосымша да қолданылған. Мысалы: Өртче қызып келті(Тон.40) – өртше қызып (жанып) келді. Қаның субча йүгүрті, сүңүкүң тағча йатды(КТү.24) – қаның суша ақты, сүйегің тауша жатты. Көңлүңче ай(Тон.32) – көңіліңше айт. Сол сияқты көне мәтінде: *анча-сонча, бунча-мұнша, өзінче-өзінше (ерекше), отча-отша* т.б. болып келеді. Бірақ, салыстырып қарағанға, мұны *че* шылау сөзімен шатастыруға мүлде келмейді. Сондықтан қазіргі қазақ тіліндегі шақты септеулік шылауының архетипі және дәлелдей алатын ең көне негіз-дерегі ретінде көне түркі руника жазбасындағы че формасы болмақ.

Че формасының шығу тегіне қатысты айтылған көңілге қонымды пікірлер де жоқ емес. Көне түркі жазбаларындағы шылау сөздердің жасалуына негізінен көсемше формалары себеп болған. Сонымен қатар есім сөздерден шылау жасайтын басқа формалар да жоқ емес. Көсемше формаларына келетін болсақ, жалғанған сөздер бастапқыда қимыл атаулы етістікке тән іс-әркетті білдіреді. Кейіннен өзінің алғашқы мағынасы мен функциясынан алшақтап, шылауларға тән мағынаның белгісін, сипатын білдіре бастаған. Бұған себеп, аталмыш тұлғаның активті түрде екі жақты қызметке ие болып бейімделуінен. Көне жазба тілінде кейбір сөздер көсемше формаларында тұрып, бірде үстеуге тән, бірде шылауға тән функцияда жұмсалады. Кейіннен сол сөздер бір жақтылыққа ығысып, яғни басқа қызметінен алшақтап толығымен шылаулардың қатарына өткен. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, шылаулардың барлығы дерлік әуел баста басқа мағынадағы бүтін бөлшектер болып келеді. Оларға белгілі бір тілдің даму кезеңінде қосымшалар жалғану арқылы жаңа

мағынадағы туынды тұлғалар жасалынған. Сонымен қатар тіл білімінде олардың қандай түбір сөзден болғандығы жайлы көзқарас әртүрлі. Тіпті түбір түгіл қосымшалардың өзін ажыратып алуда да кереғар болжамдар айтылып келеді. Қазақ тіліндегі сөздердің этимологиясын зерттеуші ғалым Б.Сағындықұлы[1]: "Тіл тарихы зерттелмейінше оның даму, өзгеру, қалыптасу заңдылықтары ашылмайды, жүйе құрылымы да, бай мазмұны да сан-салалы әлеуметтік, қоғамдық қызметі де өз дәрежесінде танылмайды" дейді. Ғалым тіл тарихын зерттеу арқылы бүгінгі тілдің күй-қалпынан мәлімет бере алатындығына мезгейді. Ж.Вандриес[5]: "Ни одно слово не стоит одиноко в сознаний говоряшего. Наоборот, мы всегда стремимся группировать слова, открывать новые соединяющиее их связи. Слова всегда ассоциируются с каким-либо жестом слов, через свою семантему или морфему или даже через своей фонемы" деп сөздердің қандай да болсын элементі арқылы этимологиясын анықтауға болатындығын айтады. Жалпы көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі қолданылған шылау сөздердің морфологиялық құрылымын зерттеуші ғалымдар екі негізден алып қарастырады. Оның бірі -- етістіктен жасалынған шылаулар, яғни етістік негізді шылау сөздер де, екіншісі есім сөздерден пайда болған шылаулар делінеді. Ендеше че сөзіне қатысты кейбір ғалымдардың пікірлеріне назар аударалық. Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиева[6] зерттеуінде: «Представить развитие значения сравнения из первоначального лативного значения давольно трудно. По-видимому, аффикс – ча, употребляемый при сравнении, ср.др.тюрк. йүз-че «около ста» и тағ-ча «как гора» имеет совсем другое происхождение» делінсе, Л.З. Будаговтың[7] сөздігінде мұны татарлық форма (қазақша - шейін, башқұртша - чайұн, түрікшеде - же, шағатайша - жа,-ча,-че,) деп беріледі де, оның грамматикалық мағынасын орыс тіліндегі «до, пока» дегенімен мағыналас және барыс септікті қажет етеді деп түсіндірілген. С.Исаев[8] «Қазақ тілі жайындағы ойлар» атты еңбек жинағында: «Утверждение о том, что послелог ча,че (ша,ше) является усеченной формой послелога шейін не совсем убедительно, либо форма ча зафиксирована, как было показано выше, в языке древнеуйгурских и древнетюркских текстов, как юридические документы, памятники в честь Тоньюкука и др. В тот период, судя по языку этих письменных памятников, форма ча/че и как послелог, и как аффикс уже полностью оформлена и дифференцирована» деп нақтылай түседі. Ғалым одан әрі Қ.Жұбанов пікіріне сүйене отырып, көне түркі жазбаларынан бермен қарай бүгінгі түркі тілдерінде қолданылатын септеуліктер (ича/ча, шақты) чақлы, дейін, шейін мен қосымшалар (дай/дей, тай/тей және көп мағыналы ша/ше қосымшасы) тәг және шәг формалары әрі есім, әрі етістік мәніндегі көне сөзден қалыптасып дамығаны анықталып отыр деп тұжырымдайды. Э.В.Севортян[9] өткен ғасырдың орта тұсында-ақ О.Бетлингтің өлшем мен салыстыру мәніндегі ча қосымшасын чақ зат есімнен қалыптасқанын сөз етеді. Сонымен кейінгі дәуірлерде че формасынан шақты сөзінен басқа түбірлес, мағыналас шамалы, шарқы, шекейін, шақ т.б. осы сияқты лексемалар туындаған. Ал кейбір жекелеген түркі тілдерінде шейін шылауы ча/че тұлғасында қолданылып келеді. Мысалы, өзбек тілінде[10]: «Улар белига ча субга ботиб турганлар. Они стояли по пояс в воде». Алайда, қазіргі түркі тілдерінің көбінде че сөзінің күрделенген тұлғасы әртүрлі фонетикалық варианттарда қолданылып жүр. Мысалы: қазақ т. шақты, қырғыз т. чакты, башқұрт т. сақлы, татар т. чаклы, карашай-балқар т. чакты т.б. болып келеді. Бұдан қазіргі түркі тілдеріндегі шақты шылауының әртүрлі нұсқасына ча/че формасы ортақ түбір болатындығын көреміз. Яғни, шақты тұлғасын құрамына қарай талдасақ, ша түбірі – көне тілдегі өзгерген че элементі. Содан кейін ча/че, ша/ше формасына -к/к мәнді форманты тіркеседі. Ал одан кейінгі жалғанған -ты қосымшасы – «сөз тудырушы -ты/ті, -лы/лі, -ды/ді аффиксі» [11].

Сонымен бірге көне түркі че тұлғасының қазіргі түркі тілдеріндегі атау септікті меңгеретін мөлшер мағынасындағы септеулік шылауында келуіне мысалдар бере кетелік. Негізінен, қазіргі түркі тілдерінде де көне түркі тіліндегі *ча* шылауы сияқты сан есімдер мен сандық ұғымдағы зат есімдерге тіркесіп келеді.

Мысалы:

Караим тілі: *Юз йыл текли ашты*[12].

Түрікмен тілі: *Ныязбег йигитлериниң даявларындан, гөрмегейлеринден бир йүзе ченли сайлап гөтериндер*[13].

Қазақ тілі: *Әскерше киінген он шақты адам топтала қалды (К.Сланов). Сағат сайын он шақты жерден телефон соғып, есеп сұрайды (Ғ.М.).* Бұл сөйлемдерде *он, бір, жыл* деген сан есім сөзінен соң келіп, мөлшерлікті білдіреді. Көне түркі тіліндегі *че* тұлғасы қазіргі түркі тілдерінде қосымша қабылдап, тұтас бір шылау есебінде есептелінеді, бірақ мағыналары ортақ болып келеді. Мәселен, башқұрт тілінде саклы; караим т. текли; карач-балк. т. чаклы; татар т. чаклы, түрікмен т. ченли; қырғыз т. чақты т.б. [14].

Жалпы көне түркі тіліндегі че тұлғасы сан есімдермен ғана тіркесіп келіп, тіркесте болжалдық, мөлшерлік мағынаны білдіретін және көмекшілік қызметте жұмсалатын септеулік шылаулардың қатарына жатады. Осыған дейінгі көне түркі руника жазбаларына қатысты зерттеулерде қосымша ретінде қарастырылып келсе, енді көне мәтіндерде сирек қолданылғанымен, нақты септеулік шылау мағынасында болатындығына көз жеткіземіз. Сонымен бірге кейінгі дәуір жазба мұралар тілінде осы че сөзінен әртүрлі тұлғадағы мағыналас сөздердің қалыптасқандығы да сипатталынды. Қысқаша айтқанда, қазақ тіліндегі *шақты* шылауының түбірі *ча/че* және оған жалғанған -қ етістіктің формасы мен -ты сөз тудырушы жұрнақ болмақ.

---

1. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. -Алматы: Санат, 1994.-168 б.

2. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1982. -223 б.
3. Никольский Л.Б. Служебные слова в корейском языке. –М.: Изд-во вост. лит. -1962. -180 с.
4. Саурықов Е.Б. Адвербиалдану процесінің құрылымдық-семантикалық сипаты. Филол.ғ.к.диссертациясы. -Алматы: 1998. -137 бет.
5. Вандриес Ж. Язык . Лингвистическое введение в историю. – М.: Гос. соц. экономическое изд-во, 1937. –405 с.
6. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. -М.: II-издание Наука, 1986. -302 с.
7. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869–1871. I–II том –501-502 с.
8. Исаев С.М. Қазақ тілі жайында ойлар. -Алматы: Атамұра, -1997. 223 б.
9. Севортян Э.В. Категория падежа. Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. ч.II. –М., 1956. –62 с.
10. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М-Л.: Изд-во АН ССР, 1960. -446 с.
11. Исенгалиева В.А. Служебные имена и послелоги в казахском языке. -Алматы: Изд-во АН Каз.ССР, 1957.148 с.
12. Мусаев К.М. Грамматика Караимского языка. Фонетика и морфология. –М.: Наука,-1964. 344 с
13. Грамматика Туркменского языка. Фонетика и морфология. Ашхабад: Ылым, 1970. 503 с.
14. . Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. (Наречие, служебные части речи, изобразит. слов)Л: Наука, 1987. -104 с.

* * *

В статье рассматриваются особенности служебных частей речи и, в частности, послелог ЧЕ.

***Г. М. Мужигова***

# КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ҚОСАРЛЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қосарлы етістіктер өз болмысына қарай екі етістіктен құралады. Сондықтан олардың құрылымдық ерекшеліктері оны құрап тұрған жеке сыңарлардың сөздік құрамына талдаудан басталмақ. Онан кейін тұтас қос сөздің морфологиялық түрленуі, сөзжасамдық қасиеті қарастырылуы тиіс.

Қосарлы етістіктер күрделі етістіктердің бір түрі. Сол себепті етістік категориясы тұрғысынан олардың қимылдық мән-мағынасы, салт-сабақтылық қасиеті, етіс категориясына қатысты ерекшеліктері туындайды.

Жалпы түбір сөз туралы сөз болғанда, көне түркі тілінде бір буынды сөздердің басым болғандығы жайлы тоқталады. Лексикалық қордың ұйытқысы бір буынды түбірлер болуы тек қана түркі тілдерінің ғана емес, жалпы алтай тобына жататын тілдердің ортақ ерекшелігі. Сөз таптары ыңғайынан қарастырғанда, етістіктер құрамында бір буынды түбірлердің саны екі буындыларға қарағанда әлде қайда аз, алайда барлық етістіктердің негізгі ұйытқы қоры болып табылады.*

Сөйтіп байырғы түбір бір буынды, көп буынды түбірлердің қалыптасуы , түркі, оның ішінде қазақ тілінің типологиялық ерекшеліктерінен туылған құбылыс деп қаралады.

А.Н. Кононов, Э.В. Севортян еңбектерінде де қазіргі түбір деп қаралып жүрген көп буынды етістік сөздердің іштей көне түбір мен жұрнаққа ажырайтыны туралы фактілер келтірген. [1, 184-185] Сонымен қатар М. Қашқаридың сөздігінде сөздерді буынының санына қарай бөліп талдауының өзі үлкен нәтиже./35. бар/

А.С. Аманжолов бұл туралы А.А. Зайончковскийдің бір буынды түбір сөздердің «дауысты+ дауыссыз» формасында келеді деген пікірін айта келіп, қазіргі басым көп сандағы түркі тілдерінде түбір етістік деп қаралған «сы» (сыну), «айт» сөздерінің көне түркі етістіктерінде етіс мағынасында, яғни сын – өздік етіс, айт – өзгелік етіс ретінде қолданылғандығы, олардың түбірі –«сы», -«ай» екендігін көрсетеді.[2,22б] Алайда түбір сөздің барлығы бір буынды болып келмеген. Енисей ескерткішінің тілін зерттеуші И.А. Батманов ескерткіштер тілінде бір буындылармен қатар екі, үш буынды түбір сөзінің кездесуін айтса, [3, 41-42] Орхон ескерткішін зерттеуші Ғ.Айдаров ескерткіш тілінде түбір зат есімдердің көбінде бір буынды, екі буынды болып отыратындығын, үш буынды зат есімінің тек күрделі сөз ыңғайында ғана ұшырасатындығын көрсетеді. [4, 139-146] Ал біз сөз етіп отырған қосарлы етістіктер екі компоненттен құралған күрделі сөздер. Бірақ көне түркі тілдеріндегі осы күрделі сөзді құрайтын жеке компоненттерінің кейбіреуі бір дауысты дыбыстан ғана құралса, кейбіреуі қазіргі тілде түсініксіз жеке буындардан ғана құралған. Мысалы, көне түркі тілінде «біл-ө», «ө-сақын» сияқты қосарлы етістіктер бар. Мұндағы – «ө» бір сөз ретінде қосарлы етістікттің компоненті болып тұр. Мағынасы жағынан қазіргі ой, ойлау сөзінің бастапқы тұлғасы.

Сол сияқты жоғарыдағы сы – бұз, сөзле-ай, сөздеріндегі –«сы», -«ай» сығңарлары қазіргі тілімізде сөз емес, жеке буындар ретінде қаралады. Осындай қазіргі қазақ тілінде арқарай бөлшектеуге келмейтін, бірақ көне түркі тілінде көне түбір мен жұрнаққа ажырайтын сөздер қосарлы етістіктер құрамындағы жеке сыңарлардан да кездеседі. Мұны алдыңғы тараудағы жеке сыңарлардың мағынасына жасалған талдаулардан анық байқаймыз.

Мысалы, қалқы мен қалықта сөзін қазір одан ары бөлшектеуге келмейді. Көне түркі тілінде бұл сөздің түбірі қалы –ұшу, одан туындаған қалық – аспан мағынасын білдірген. Бұл екі форма қазіргі тілімізде қолданылмайды. Тек «қалық» сөзі негізіне жасалған «қалықта» етістігі бар. Мұның өзі бұрынғы бір буынды құрамның біртіндеп түрлі жұрнақтар қосылып, олар грамматикалық мән беруден қалып, түбір сөзге ажырамастай бірігіп, бір бүтін лексикалық мағына беретін бірлікке айналғандығын дәлелдейді.

Осы негізде көне түркі тілінде кездесетін қосарлы етістіктерді жалаң түбір етістіктердің қосарлануына және туынды етістігінің қосарлануымен қалыптасқан қосарлы етістіктер деп те бөлуге болады.

Жалаң түбір етістіктен құралған қосарлы етістіктер:

– сық-таң, бүт-қан, үз-кес, тол-тош, шөк-бат, йе-іч, йық-тер, өз-қач, чом-бат, ұқ-біл, ет-йарат, ер-бар, қорқ-үрк, тез-бар, тез-қач, ұр-соқ, ө-сақын, тал-йүк, сы-бұз, йап-өрт, ій-бас, біл-ө, йар-шеш т.б.

Туындыетістіктің қосарлануымен жасалған қосарлы етістік:

– ешіл-құвра, ота-емле, тіле-істе, тұтыш-керіш, үлгіле-сана, сақлан-йычан, өрте-көйүр, сықта-йоғла, сүніш-атыш, ішлет-йоңла т.б.

Алдыңғы сыңары туынды, соңғы сыңары түбір қосарлы етістік:

– сөзле-ай, бұшан-қағрұл, кізле-күт, кізле-йашұр, өрле-тен т.б.

Соңғы сыңары туынды, алдыңғы сыңары түбірден құралған етістіктер:

– йе-аша, үрк-беліңле, күн-күзет, кевіл-күчсіре, йарыл-бөксіл т.б.

Демек, көне түркілік қосарлы етістіктер – сыңарларының морфологиялық құрамы жағынан бірыңғай түбір етістіктердің не бірыңғай туынды етістіктердің қосарлануымен және туынды етістіктер мен түбір етістіктерінің қосарлануынан қалыптасқан.

Қос сөздер, оның ішінде қосарлы етістік екі сөзден құралып бір күрделі форманы қалыптастыратындықтан, оған жұрнақ қосу арқылы үшінші бір жаңа сөз жасау оңай іске аса бермейді. Сондықтан әдетте, екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған қос сөзден таза да жаңа сөз жасау құбылысы көріне бермейді. Егер басқа бір жаңа мағынаны білдіруге тура келгенде ол қос сөз құрамының өзгеруі тұрғысынан емес, мағынаның ауысуы арқылы, яғни ауыспалы мағынада жұмсалуы арқылы жаңа сөз ретінде көрінеді.

Ал көне түркілік қосарлы етістіктерден байқалатын бір ерекшелік – олардың екі сыңарының да түрлі қосымша жұрнақтар қосылып, соған қарай тұтас қосарлы етістіктердің сөз табындық қасиеті өзгеріп, басқа мағынадағы жаңа сөзге айналып отыратындығы. Мысалы:

– ет-йарат (істеу) – етістік, етіглік-йаратығлық (істелген) – сын есім, етіг-йаратығ (іс-жұмыс) – зат есім.

Біз көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктерінің осындай жаңа сөз жасау ерекшеліктеріне бірнеше мысал келтірейік:

– Йағы болып, ітінү-йаратүнү ұмадұқ, йана ічікміс./КТҮ 10/

«Жауы болып, қолдарынан түк келмей, /іштеңе істей алмай/ қайта бағынды»./табғаш еліне/. Мүндағы «ет-йарат» етістік мәнінде қолданылған.

– Кең көртлә... йұмшақ ікі еміглəрі етіглік-йаратығлық турур /ТТ.Х. 446/. «Оның кең де әдемі мүсініне екі жұмсақ омырауы сән беріп тұр». Мұнда етігліг- йаратығлық – сын есім .

– Анда баса кедмәдүк йұрұң арығ йаңы төн кеділ көп түрлүк етіг-йаратығ, үзе етүзүн ұз етміш-йаратмыш кергәк.

«Онан соң әлі киілмеген ақ таза қалат киуі, әр алуан безену бұйымдарымен өз денесін табиғи безендіру керек».

Мұнда етіг-йаратығ – зат есім

Қазіргі қазақ тіліндегі қоасарлы етістігінде де екі сыңарына жұрнақ жалғағанда қос сөздің сөз табындық қасиеті өзгеретін жағдайлар бар, бірақ актив емес. Мысалы, іш-же – ішпек-жемек, кел-кет – келмек-кетпек т.б.

– Кел-бар- етістік, келіш-барыш/келген-барған/ - есімше қазіргі қазақ тілінде

Есімшелер сөйлемдегі орнына қарай кейде сын есім, кейде етістік ретінде жұмсалады. Бұл ерекшелік көне түркі тілінде де болған. Мысалы,

Келіш-барыш, сав білмәзмен. Слов обращения и при посещения не знаю. /сын есім, анықтауыш/

Ол меңе келішті-барышты – /етістік, баяндауыш/

Көне түркі тілінде -іш/ыш қосымшасы қазіргі қазақ тіліндегі -ыс/іс

тұлғасымен ұқсас. Ол әрі сөз тудырушы жұрнақ, әрі сөз түрлендіруші

грамматикалық форма – ортақ етіс ретінде көрінеді. Мысалы,

– Ол меңе келішті-барышты. Келіш-барыш етістігіндегі -іш/ыш жұрнақ. Олардың екеуі де алысып-беріседі. /сауда жасайды/ -ыш,-іш – жалғау. Осы сияқты екі сыңарына бірдей жұрнақ жалғану арқылы әуелгі қосарлы етістік қалпынан басқа сөз табына айналған мынадай сөздер бар:

– сық-таң/етістік/, сықық-таңық /зат есім/,

– үт-йегет/ етістік/, үтмақ-йегетмек /зат есім/

– түтіш-керіш / ет./, түтішлік-керішлік /сын есім/

Жоғарыдағы келтірілген қосарлы етістітер сыңарларына жалғанған –ығ, -іг, -ұқ, -үк, не –ыш, -іш,-ы, -іт т.б. қосымшалар көне түркі тілінде етістіктен зат есім тудыратын –лық, -лік не –лұқ, -ғы, -кі сияқты қосымшалар етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар болып табылады.

Көне түркінің қосарлы етістіктеріне байланысты байқалатын үшінші бір үлкен ерекшелік, әрі көне түркілік қосарлы етістіктерге тән қазіргі қазақ тіліндегі қосарлы етістіктерінде кездесе бермейтін ерекшелік – қосарлы етістіктердің екі сыңарының бірдей жаққа , шаққа т.б. етістік формаларына қарай түрленіп отырғандығы. Қазіргі қазақ тілінде қосарлы

етістіктердің алдыңғы сыңары негізінен тұрақты бір формада, яғни көсемшелердің –ып,-іп,-п не –а, -е формасында тұрады да, соңғы сыңары ғана түрленіп отырады. Ал көне түркі тілінде қосарланған етістіктердің екі сыңары бірдей, әрі бірыңғай үүсас қосымшалар арқылы өзгеріске түседі. Мысалы,

– Бұрқанқа номқа бүсоң діндарларқа йаздым-йаңылтым ерсір.

Егер мен буддаға, будда іліміне және оны ізгі ниетпен уағыздаушыларға қарсы шығып күнаға батсам /жазып-жаңылсам/

– Иырақ ыдмаса тыдса-йығса еріг /КВ 126,4/

Ол өз әскерлерін ұзаққа жібермей ұстап тұруы керек.

Бұл мысалдағы тыдса-йығса (тыд-йығ), йаздым-йаңылтым (йаз-йаңыл) деген қосарлы етістіктің екі сыңары да түрленіп отырған, әрі екі сыңарға да дыбыс үндестігіне сай бірыңғай қосымшалар қосылған. Қосарлы етістіктің екі сыңары бірдей қазақ тілінде түрленбейді, ал көне түркі тілінде бұл жалпылық сипат алған құбылыс қосарлы етістіктің екі сыңары бірдей түрленген екен, онда онымен қоса олардың бірыңғай қосымшалар арқылы түрленуі де табиғи. Себебі тіркесе келген екі етістік мағыналық жақтан бір сөз ретінде жұмсалады да, сөйлемде белгілі бір ғана субьектінің қимылын білдіріп, соның жағын, шағын көрсетеді. Сондықтан белгілі мағынадан алғанда қатар тұрған екі етістіктің бірыңғай қосымшалармен біркелкі түрленуі олардың бір мағынада жұмсалған бір сөз (қосарлы етістік) екендігін дәлелдей түседі.

Ал қазақ тілінде қосарлы етістіктің алдыңғы сыңарының тұрақты форма да /көсемше фор./ тұрып, соңғы сыңарының ғана қажетіне қарай түрленіп отыруы көне түркілік ерекшелік емес.

Көне түркі тілінде де қазіргі қазақ тіліндей қосарлы етістіктің сыңарлары кейде орын жағынан алмасып қолданылып отырған, алайда бұл мағынасына ықпал жасамайды. (ұқ-біл, біл-ұқ, үркіт-қорқыт, қорқыт-үркіт)

Ұқсас бір етістіктің түрліше етістіктермен қосарланып келу ақуалы көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктерде де бар ерекшелік.

| | | |
|---|---|---|
| Мысалы: | тез-бар | қорқ-беліңле |
| | тез-қач | үрк-беліңле |
| | йе-іч | ел-йіт |
| | йе-аша | йітлін-бат |
| | ұлы-сығта | оз-қач |
| | сығта-йегме | озғұр-құтқар т.б. |

Мұндай ұқсас бір етістіктен түрліше етістіктердің қосарланып келуінен өзара мағыналас қосарлы етістік пйда болады. Жоғарыда аталғандар көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктердің құрылымдық қалыптасу ерекшеліктері деуге болады. Сонымен қатар, көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктердің сөйлемде етістік категорияларына қарай түрлену жолдары да қазіргі қазақ тіліндегі қосарлы етістіктермен ұқсас келе бермейді. Бұл ретте олардың салт-сабақтылық мәнде қолданылуы етіс категориясына қарай түрленуі және оларға етістіктердің болымды-болымсыздық қосымшалардың қосылуы сияқты жақтарын айтуға болар еді.

1. Севортян В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва, 1974, -184-185 б.
2. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Сана, 1996, 18-20 бб.
3. Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркских письменности. –Фрунзе, 1959, 41-42 б.
4. Айдаров Ғ. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности. – Алматы, 1971, 139-146 б.

* * *

В статье рассматриваются морфологические особенности глаголов в древнетюркских рунических памятниках.

*Г. М. Мужигова*

## КӨНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСАРЛЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

Көне түркі тілінің синтаксисін зерттеу барысында көптеген тілдік заңдылықтарға сүйену талап етіледі. Тіл үнемі даму, жетілу үстінде болатын құбылыс екенін ескерсек, әсіресе тілдің сөйлеу процесін зерттейтін синтаксис саласынан айқын көрінеді. Ал түркі тілінің сөздік қоры негізінен етістік пен есімнің өзара байланысынан сабақталады. Ал сөйлемде негізінен олар бастауыштық пен баяндауыштық қызмет атқарады. Алайда тілдік заңдылықтарға байланысты олар контекстің ішінде өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Етістік семантикалық, грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты сөйлемде негізінен баяндауыш қызметін атқарады. Қосарлы етістіктер де (қосарлама түрі) күрделі етістіктің бір түрі. Олар да сөйлемде жеке дара тұрып не басқа көмекші етістіктермен бірлесіп келіп сөйлемде баяндауыштық қызмет атқарады.

Көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктер де сөйлемде бастауыштың іс-қимылын білдіріп жаққа, шаққа т.б. етістік формаларына қарай түрленіп баяндауыш болады. Мысалы:

– **Олар барча қорқұп-беліңләпырақ таштылар- қаштылар** / suv 5 11/

«Олардың бәрі үркіп-қорқып қашты»

– **Чындан сувын соғытып бүкірділәр-сачдылар** / suv 640/

«Сандал суын суытып, бүркіп шашты»

Ескерткіш тілінде кездесетін қосарлы етістіктің баяндауыш қызметінде

жұмсалуы төмендегі бірқанша формаларда көрінеді.

1. Етістіктің рай, шақ формаларында тұрып баяндауыш болады. Мысалы:

– **Ол меңә келішді-барышды.(**өткен шақ, ашық рай)

«Ол менімен барыс-келіс жасап тұрды»/МҚ II 110/

– **Бұ ном ердініг оқытып бұ йұнұғ төрүг қылып йұнсұн-арытынсұн**.(келер шақ, бұйрық рай, III жақ)

«Осы бағалы кітапты оқып, дәрет алып, тазалансын» / suv 478 20 /

2. Етіс тұлғаларында тұрып баяндауыш болады. Мысалы:

– Анық бізінің қоп қамағ күсәміш күсүшүмүз алку сақынмыш сақынчымызны көңүлүмүзче қантұрұн-бүтүрүн тәңірім /ТТб 11 40/

«О Құдайым, осы себептен де біздің барлық талап –тілектеріміз бен ойымызды орындаңыз».

Қантүр-бүтүр /өзгелік етіс/

– **Анұнмыш пыш /рұ/нмыш номларығ ... йоқадтұрұр-йітлінтүрүр.**/КТС 273 б/

«Ол даяр, пысқан білімді жоғалтты»

Йоқадтұрұр-йітлінтүрүр /сабақты етістік, өзгелік етіс/

**– Ол аңар бұлғанды-телгенді.** /МҚ II 242/

«Ол оған бұлқан-талқан болды»

3. Есімше формасында тұрып баяндауыш болады.

а) Есімшенің –мыш, -міш формасында тұрып баяндауыш болады.

– **Бунча бодұн келіптен сығтамыш-йоғламыш**. /КТҮ 4/

«Осыншама халық келіп жылап-сықтады»

– **Төрттін сыңар орұнұғ ійміш-басмыш**. / suv 607 14/

«Ол дүниенің төрт бұрышын жаулап алды»

ә) –р, -ыр, -ір, -ұр, -үр формалы есімше түрінде баяндауыш болады. Мысалы:

– **Алқұ ада барча очәр-алқынұр**. /ТТ. 87/

Барлық қауіп-қатер өшер, жоғалар

– **Ол айыг қылынчлары барча өчүлүр-алқынүр** / suv 104 22/

«Олардың жауыздық әрекеттері жойылар»

б) –дұқ, -дүк, -тұқ, -түк өткен шақ есімше формасында тұрып баяндауыш болады.

– **Иер сайұ барлығ көп анта алқынтығ-арылтығ** /КТК 9/

«Жер-жерге бардың, әбден алқындың-арылдың»

в) Осы шақ есімшенің –дачы, -тачы, -течі, -дечі тұлғасында тұрып баяндауыш болады. Мысалы, бұзартат / бұзып-шағу/

– **Алқұ емгәлік тоғұларығ бұздачы-артатдачы**.

«Он способен уничтожить все мучительные перерождения»

4. Көсемшенің –п, -ып, -іп, -ұп, -үп формасында тұрып баяндауыш болады.

– **Ол үнүг ешітіп қорқұп-үркіп беліңләп.**

«Ол бұл дыбысты естіп қорқып-үрікті»

– **Менің бұл йүрәкім йарылып-бөксіліп...** / suv 626 23/

«Менің бұл жүрегім жарылды...»

5. Етістіктің болымсыздық формасында тұрып баяндауыш болады.

а) –мас, -маз формасында тұрып баяндауыш болады.

– **Оғрамыш ім бүтмәз-етікмәз**. /ТТ 1 76/

«Ойлаған іс іске аспас/орындалмас/»

ә) –ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе тұлғаларында тұрып баяндауыш болады.

– **Көңүлләрін егүкә айығқа ілінтүрмәдін-йапшынтұрмадын.** / suv 293 20/

«Өз ойыңды жақсыға да жаманға да байландырма»

6. Ерті, ерсәр, кергәк т.б. көмекші сөздердің тіркесіп келуі арқылы күрделі баяндауыш бола алады. Мысалы:

– **Бұ ном ердініг ешітміш-тыңламыш кергәк /** suv 303/

«Бұл бағалы кітапты тыңдаулары керек»

– Оларын барча ігінтін ағрығынтын озғұрұр-өңәдтүрүр ерті. / suv 585 16 /

«Олардың барлығын ауыру азабынан құтқарған еді.»

7. Сонымен қатар қосарлы етістіктер кейде өткен шақ есімше формасында тұрып, есім сөздермен анықтауыштық қатынасқа түсіп заттың қимылдық сапасын білдіреді. Мысалы:

– **Бүтміш-бішміш білә біліг.** / suv 205 23 /

«Кемеліне келген дана білім»

– **Тапыңча ілынміш-башламыш бодұн.** / suv 567 6 /

«Сенің ырқыңа бағынған халық»

Қазақ тілінде қосарлы етістіктердің сөйлем соңында тұрып, соңғы сыңары жақ, шақ, рай категориясына қарай түрленіп баяндауыш болуы бар да, көмекші етістіктермен тіркесіп келіп, сөйлемде негізгі етістік баяндауыш болуы бар. Мысалы:

– Танысқанның соңында-ақ тез шешіліп, осыншама әңгіме шертуге қалай құлқыны түскенін қайдам, әйтеуір бүкіл Қарабай, Қаракөл мен Тайсойған, Бүйректің арғы-бергісін жатқызып-өргізді.

Қосарлы етістіктердің осы екі түрлі формада тұрып баяндауыш болу **ерекшелігі** көне түркі тілінде де бар. Мысалы:

**– Ол меңә келішті-барышты** /МҚ II 110/

«Ол менімен барыс-келіс жасаты»

– **Нече йазылтымыз-йаңылтымыз.** / suv 153/

«Қанша жаңылдық»

Дегенмен, көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктер көмекші етістіктердің тіркесуінсіз, яғни бірінші форма бойынша баяндауыш болу тұлғасы

қазақ тіліндегі қосарлы етістіктердің баяндауыш баяндауыштық тұлғасымен біркелкі келе бермейді. Көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктердің екі сыңары да сөйлемде көсемшенің -п, -ып, -іп тұлғаларында тұрып баяндауыш болу құбылысы жиі ұшырайды. Мәселен:

– Менің бұл йүрәкім йарылып-бөксіліп...

Бұл қазақ тіліндегі қосарлы етістіктерде жоқ ерекшелік. Көсемше формалары қазақ тілінде сөйлемді аяқтайтын тиянақты тұлға болып есептелмейді. Ал есімше формасында тұрып баяндауыш та, анықтауыш та бола алады. [3, 370]

Келесі бір ерекшелік, көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктер қазақ тіліндегі қосарлы етістіктердей сөйлемнің кез-келген мүшесі бола алады. Қазақ тіліндегі қосарлы етістіктер сөйлемде баяндауыш болудан сырт, соңғы сыңарына қажетке қарай әр түрлі септік жалғаулары жалғанып сөйлемнің бастауышы толықтауышы, пысықтауышы да бола алады. Әсіресе, қазақ тіліндегі қосарлы етістіктер пысықтауыштық қызмет атқаруы дағдыға айналған актив құбылыс. Сондықтан қосарлы етістіктер сөйлемдегі қолданыс ыңғайына қарай әуелгі етістік мәнінен басқа сөз табына бейімделіп лексикалана бастаған. Көне түркі тіліндегі қосарлы етістіктерде мұндай икемдік көп көріне бермейді. Мұның өзі олардың бастақыда тұйық етістік мәнінде жұмсалғандығын, лексикалану процесіне түспегендігін көрсетсе керек.

1. Махмұт Қашқари Түркі сөздігі. – 1997-110, 242-бб
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989, 273-б.
3. Серғалиев М. Күлтегін ескерткішіндегі синтаксистік конструкция. Байырғы түркі өркениеті... -370 б.

* * *

В статье рассматриваются синтаксистические функции глаголов в древнетюркской письменности.

* * *

In this article is devoted sintax functions of verbs in the ancient turkish language.

*У. Е. Мусабекова*

## ОРФОГРАФИЧЕСКИЙ ПРЕЦЕДЕНТ: ПРАВОПИСАНИЕ И ВАРИАТИВНОСТЬ

Орфография – одна из важнейших составляющих национальной культуры, и наличие общеобязательного свода правил правописания – один из признаков культурного здоровья общества.

Но вопрос о природе языковых изменений и сегодня не потерял своего интереса, продолжая привлекать пристальное внимание лингвистов различных профилей. Среди лингвистов широко обсуждаются такие фундаментальные для русской орфографии теоретические вопросы, как: 1) соотношение кодифицируемого и не поддающегося кодификации языкового материала и возможности отражения последнего в нормативном своде правил, а также вытекающая отсюда 2) проблема двух способов орфографического описания – в формате правил и в формате словаря, их взаимодействие, взаимодополнение; 3) вариативность письменного облика некоторых слов и порождаемые этим явлением трудности кодификации; 4) проблемы правописания в связи с проблемой цельнооформленности слова, с соотношениями «слово-морфема», «слово-словосочетание», актуальность которых очевидна для отделов орфографии, описывающих слитное – дефисное – раздельное написание языковых единиц [1, с. 4].

Проблема орфографической вариативности на современном этапе развития русского языка интересует многих, особенно редакционно-издательских работников и журналистов. Связано это, прежде всего, с большим количеством новых слов и необходимостью их адаптации к русскому письму. Упорядочение написания колеблющихся в практике письма слов – прежде всего слов новых (но не только заимствованных) – очень важно с точки зрения общих задач единообразного письменного оформления слов и является определяющим при составлении нормативных (орфографических и иных словарей).

Проблему орфографической кодификации иноязычных слов можно рассматривать как самостоятельную орфографическую проблему, поскольку графический облик иноязычного слова определяется, с одной стороны, этимоном языка-источника, а с другой – системой русского письма, характерными для него принципами и тенденциями. Это усложняет процессы письменного освоения слов, определяет их своеобразие. Установлению орфографических норм должно предшествовать изучение противоречивых факторов, влияющих на написание слова. На этапе освоения иноязычных слов наблюдается письменная нестабильность, приводящая к вариативности и письменного оформления, и устного употребления.

В принципе орфография – как письменная форма языка – наиболее устойчива к вариативности. Орфографические нормы единообразны и не допускают вариантов. Правила правописания фиксируются в виде общеобязательного и официально утвержденного документа – свода правил, а единое каноническое написание слов – в нормативных орфографических словарях. Разумеется, эти документы должны периодически обновляться, пополняться,

упорядочиваться с учетом новых фактов языка и практики письма.

С точки зрения подвижности орфографических норм наиболее устойчивый характер носят нормы, определяющие употребление букв в составе слов. Нормы слитных, раздельных и дефисных написаний более подвижны и чаще изменяются, различаясь в разных словарях и в разных изданиях одного и того же словаря. Это относится и к некоторым правилам написания слов с прописной или строчной буквы, которые к тому же подвержены влиянию экстралингвистических факторов – прежде всего политико-идеологических (написание официальных названий государственных учреждений, названий, связанных с религией и др.).

Вместе с тем, и такая жесткая сфера применения языка, как орфография, не чужда вариативности, хотя и вариативности особого рода.

Во-первых, есть варианты, которые нельзя назвать чисто орфографическими: они обусловлены различиями в произношении слов (*китч* и *кич*, *андерграунд* и *андеграунд*).

Вторая группа вариантов – варианты историко-стилистические: например, написание уменьшительно-ласкательных суффиксов *-иньк-, -ичк-* вместо *-еньк-, -ечк-* (*Фединька, Ваничка*).

Третий тип орфографических вариантов, которые можно назвать интерпретационными, – когда пишущий имеет возможность написать двояко, так или иначе, в зависимости от того, как он понимает данное языковое явление, отдавая себе отчет в этом.

При наличии в практике письма колебаний, вариантов написания тех или иных слов либо типов слов (особенно это касается неологизмов) задача орфографистов – обоснованно выбрать один из вариантов в качестве кодифицированного и зафиксировать его в нормативном словаре, а при необходимости – и в правилах. При этом нельзя не учитывать действующие орфографические правила. Это относится и к отдельным конкретным новым словам: унификация их написания опирается на орфографический прецедент.

Как указывает, В.В. Лопатин: «Существует точка зрения, что орфографические варианты новых слов допустимы достаточно долгое время, пока они «улягутся» в языке, пока «утрясется» их написание. Правда, совершенно неясно, сколь длительным должен быть период, в течение которого надо ждать такой «утряски» написания слова. А с другой стороны, используя метод опоры на орфографический прецедент, на тип написания аналогичных с той стороны или иной точки зрения слов, можно, не дожидаясь какого бы то ни было срока, рекомендовать единственный вариант написания нового слова в качестве общеобязательного, канонического» [1, с. 241].

Предлагаемый подход к орфографическим вариантам, основанный на системно-языковых закономерностях и на традициях письма, находит отражение в нормативных словарях (не только орфографических), предлагающих единообразное написание слов. Но в то же время, в ряде словарей авторы стремятся отразить активизирующуюся за последние годы, в том числе и новую, лексику русского языка во всем многообразии ее проявлений, включая сюда и письменный облик слов. Такие словари изобилуют орфографическими вариантами.

Происходящие процессы в современном трансформирующемся обществе приводят к демократизации норм, которая обуславливает увеличение вариантов русского литературного языка, которые между собой конкурируют и требуют лингвистической кодификации и закрепления ортологического выбора в лексикографических источниках, пособиях, справочниках и т.д. Отсутствие ортологических справочников, отражающих современные изменения в языке, привносит реальные затруднения и в практику межъязыковой передачи новых слов, в частности, топонимов и оттопонимической лексики. Так, в российских средствах массовой информации чаще употребляются устаревшие названия казахстанских городов (*Алма-Ата* вместо *Алматы, Чимкент* вместо *Шымкент* и т.д.). Неразработанность этого вопроса вносит путаницу и создает неудобства при практическом употреблении вновь появившихся иноязычных топонимов [2, с. 126-130].

Таким образом, имена собственные являются как бы опорными точками в межъязыковой коммуникации, в изучении иностранного языка и в переводе с него. «Это ценное свойство собственных имен, однако, породило распространенную иллюзию того, что имена и названия не требуют особого внимания при изучении иностранного языка и в практике перевода. Но такой подход основан на глубоком заблуждении. Имена собственные действительно помогают преодолеть языковые барьеры, но в своей изначальной языковой среде они обладают сложной смысловой структурой, уникальными особенностями формы и этимологии, способностями к видоизменению и словообразованию многочисленными связями с другими единицами и категориями языка. При передаче имени на другом языке часть этих свойств теряется. Если не знать или игнорировать эти особенности, то перенос имени на другую лингвистическую почву может не только не облегчить, но и затруднить идентификацию носителя имени» [3, стр. 6].

В то же время, объективно сложившееся состояние сложившейся кодифицирующей базы русского языка не позволяет на практике решить проблему орфографического единообразия иноязычных слов, что связано с недостаточной разработанностью принципов нормализаторской деятельности в этой области. Задача преодоления широкой вариативности заимствований требует специального изучения. Унификация письменных вариантов может быть достигнута двумя путями: 1) установлением критериев кодификации; 2) проверкой временем в узусе.

В этой связи чрезвычайно велика роль лингвистов в языковом строительстве. С одной стороны, они создают учебники по русскому языку, грамм-

матики, стилистики, риторики и словари разного типа, которые аккумулируют сложившиеся к нашему времени культурные, преподавательские и научные знания. С другой стороны, не менее важна деятельность лингвистов в области защиты, поддержки и развития литературного языка как высшей формы существования языка в его обработанной полифункциональной стилистически дифференцированной системе.

Другой вопрос, как отражается описанная картина в теоретической и прикладной ортологии. Техника культурного речевого пользования к настоящему времени осмыслена системно-результативно: словарь и грамматика современного русского языка получили ортологическую интерпретацию и кодификацию, частично зафиксированы клишированные формулы речевого пользования. Технологическая же, процессуальная, сторона нормы остается вне поля зрения теории культуры речи и ортологической кодификации.

Выделение коммуникативного и этического компонентов культуры речи, усилившееся с развитием функционализма и антропоцентризма в лингвистике, выработка понятия владения речью восходящего к понятию коммуникативной компетенции, обещают перемены, способствуют тому, чтобы устойчивая громада уровневой ортологии перестала, наконец, быть единственным способом ортологической систематики. Вторым способом может и должна стать систематика на речедеятельностной основе. Сферы же культурно-речевой регламентации отвечают названным выше компонентам культуры речи: коммуникативному и этическому.

Этический компонент может быть описан только на основе антропоцентрической концепции в языкознании. Несомненно, что при исследовании этической стороны речевых взаимодействий в центр ортологических построений должен быть поставлен homo loquens – человек говорящий. Речевое поведение – это поведение личности, личность же, имея дело с нормой, связана обязанностями и наделена правами.

Таким образом, наличие социального заказа обнаруживает необходимость разработки интенсивных методик культурно-речевой работы специализированного типа. Особый интерес вызывает *ортологический* подход, который признан основным в методике культуры речи, где осуществляется интерпретация по цепочке речь-язык. При этом ведущей категорией является кодифицированная норма. Всем известно, что хорошая речь – правильная. Причем единицей и предметом анализа может стать любой отдельный языковой элемент.

Правильность речи – это фундаментальное качество, которое проявляется в том, что говорящий соблюдает кодифицированные нормы языка, или языковые предписания. Следовательно, отступление от правильности речи – ошибка. Правильность речи устанавливается на основании базовой дихотомии речь-язык. Сущность правильности интерпретируется с учетом исторических особенностей развития языка, наличием его подсистем и вариантов.

**Редукция -** әлсіреу,түсіп қалу, ықшамдалу деген ұғымды беретін, буын түрлерінің айтылу сазына қарай дыбыстың артикуляциялық және акустикалық сипатының өзгеруі. Әдетте редукция құбылысы дауысты дыбыстарға байланысты болып келеді. ***Кісіне*** сөзін айтқанда ***кісне*** болып дыбысталады да, екі түрлі өзгеріс жүзеге асады: 1) алғашқы буындағы ***і*** дыбысы қысқа айтылады; 2) екінші буындағы ***і*** мүлде түсіп қалады.Түркі тіліндегі бұл құбылыс орыс тіліндегі үлгімен екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың әлсіреуі немесе түсірілуі деп түсіндіріліп келді. Шындығында, қазақ тілінде редукция құбылысы сөз құрамындағы ашық, жабық буындардың айтылу сазына байланысты. Эксперименталды-фонетиканың зерттеу нәтижесі ашық буындардың созылыңқы, жабық буындардың қысқа айтылатындығын дәлелдеген. Олай болса, ***кі-сі-не*** деген сөздегі үш ашық буынның ***кісне*** болып айтылғанда алғашқы буындағы ***і***-нің қысқа естілуі жаңа пайда болған жабық буында тұруына байланысты (***кіс).*** Ал екінші буындағы і нің түсіріліп айтылуы қатар келген ашық буындардың сөйлеушінің өз ойын әрі тез, әрі нақтылы жеткізу жолындағы психологиясына байланысты. Себебі, тіліміздегі қандай сөзде болсын дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы тек қатар келген ашық буындарда ғана іске асады. Ғалым М.И. Трофимовтың редукция құбылысы тек ашық буында ғана іске асады деуі орынды, бірақ себебін ашып түсіндірмеген. Қазақ, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редукциялану жайы туралы пікірлеріне сүйенсек бір-біріне қайшы келетіндері де жоқ емес. Сөйлеу тілінде белгілі бір жүйе болу керектігін ескерсек, редукция жайы таза фонетикалық құбылыс емес, морфонологиялық тұрғыдан ғана қарастырғанда өз шешімін табуға тиіс. Морфонологиялық құбылыстардың осы кезге дейін жете зерттелмеуі, барлық дыбысқа байланысты өзгерісті фонетика саласында қарастырып, фонетика заңдарымен түсіндіруге әрекет жасау редукциялану құбылысын дұрыс шешуге кедергісін тигізді. Мысалы: мойын-мойны, бірақ шойын-шойны емес, халық-халқы, бірақ балық, салық, толық сөздері балқы, салқы, толқы болып айтылмайды. Бұл мысалдардан бірізділіктің жоқтығын әр түрлі айтылатын бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады? Редукциялану, біздіңше, тек сөйлеу процесінде пайда болатын ықшамдалу процесі. Сөйлеуші тыңдаушысына өз ойын әрі көп күш жұмсамай, әрі тез жеткізу мақсатында мағынаға нұқсан келмейтін тұста мүмкіндікті барынша ықшамдауға әрекет жасайды.[3]

Морфонологиялық ықшамдалу құбылыстарына *сіңісу, жылысу, ығысу* құбылыстары да жатады.

Сөздердің морфологиялық құрылымының өзгеруіне себепкер болатын грамматикалық процестердің қатарына сіңісу құбылысы мен жылысу құбылысы жатады. Кейбір сөздердің құрамындағы морфемалар тілдің даму барысында мағыналарынан айырылады да ондай сөздер морфемаларға ажыратып, мүшеленбейтін сөздер ретінде ұғынылады.

Сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олардың бір-біріне кірігіп кетуіне, соның нәтижесінде сөз жігінің әбден күңгірттеніп, морфемаларға мүшеленбеуіне әкелетін морфонолоиялық процесс сіңісу құбылысы деп аталады. Сіңісудің нәтижесінде сөз құрамындағы морфемалар өзара әбден кірігіп, олардың бұрынғы жігі жойылады, олардың жігін лингвистикалық анализ жасау арқылы ғана айқындауға болады.[3; 17-18]

Бәрімізге белгілі сексен, тоқсан деген сан есімдердің түбірлері қазіргі кезде сегіз және он, тоғыз және он деген бөлшектерге ажыратылмайды, бұл сан есімдерді бір бүтін сөз ретінде ұғынамыз.

Сондай-ақ қазақ тілінде қазіргі кезде әкел дегенді алып+кел деген сөздерден, апар дегенді алып+бар деген сөздерден құралған деп қарамайды, олардың шығу тегі, әдетте, еске алынбай, бір бүтін сөз ретінде қабылданады.

Қазақ тіл білімінде зерттеуді қажет ететін құбылыстар аз емес, соның бірі – жылысу құбылысы. Бұл құбылыс В.А. Богородицкийдің, К. Ахановтың, Б.Сағындықұлының еңбектерінде біршама қарастырылған.

Тілдің даму барысында сөз құрамындағы морфемалардың бірінің элементі екіншісіне ауыстырып, ол морфемелердің бұрынғы жігі мен ара қатысының өзгеруі жылысу құбылысы деп аталады. Морфонологиялық жылысу құбылысы (морфологическое явление перерозложения) түркі тілдерінде де бар. К. Аханов еңбегінде В.А. Богородицкийдің мынадай пікірін келтіреді: «Жіктеу есімдіктері мен сілтеу есімдіктеріне жалғанатын ілік септік жалғауының алғашқы түрі –ың, -ің түрінде болған. Бұл бастапқы форма (–ың, -ің) менің, сенің, оның деген есімдіктерінің құрмаында сақталған. Тілдің даму барысында морфологиялық жылысу процесінің нәтижесінде есімдіктердің соңындағы н дыбысы жалғауға ауысқан да, ілік септіктің жалғауы ұлғайып, (бір дыбыс қосылып), **-ның, -нің** түрінде айтылып қалыптасқан»[4] Профессор Б.Сағындықұлы бұл жылысу құбылысын жіктік жалғауының есебінен емес тәуелдік жалғауының есебінен қалыптасқандығын былай түсіндіреді: «Жалпы алғанда н-ның морфологиялық ығысу жолымен ілік септігінің құрамына ауысқаны рас. Бірақ ол жіктеу, сілтеу есімдіктеріндегі н емес, тәуелдіктің 3-жағының толық формасы құрамындағы –н еді. Бұл дыбыс атау септігінде сөз соңында элизияға ұшырап мүлдем түсіп қалғаны мен сөз ортасында өлі формаға айналды, соның салдарынан әр түрлі грамматикалық күйді басынан өткерді. Ең алдымен, жоғарыда айтылғандай, ілік септігінің құрамына ауысып, бекіді. Өйткені ілік септігінің жалғауы тәуелдік жалғауынан кейін қосылады. Бұрынғы **–н** құранды **н+ын**-ға айналды. Түркі тілдерінде **ң** фонемасының қалып тасуына байланысты бірте-бірте **-ның** түріне енді. [5]

Түрікі тілінде жылысу құбылысы мен қатар **ығысу** құбылысы да кездеседі. Ығысу құбылысын танып білуде этимологияық ізденістер маңызды рөл атқарады. Бұл құбылысты алғаш аңғарған профессор Б.Сағындықұлы кейбір сонор дыбыстардың сөз құрамында, атап айтқанда, сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында бұрыннан қалыптасқан дауыссыздарды әртүрлі лингвистикалық, экстра лингвистикалық себептердің салдарынан ығыстырып жіберіп, ол дауыссыздардың орнына өздері тұрақтап қалатынын нанымды дәлелдейді. Автор еі белсенді ығыстырушы дыбыстардың қатарына –й, -н, -л үнділерін жатқызады. Ығысу құбылысына мынадай анықтама береді: «Сөз құрамындағы кейбір дауыссыздардың ығысып, үнді дыбыстарға орын беруін ығысу құбылысы деп атайды». Мысалы: *адыр-айыр, Нічә көп достны бу достдын адырды – Неше көп досты, бұл достан айырды.*

Қорыта келе, кез-келген сөйлеуші қашан да тілдік элементтердің айтуға жеңіл болуын, сөйлеу органдарына күш салмауын көздейтіні белгілі. Ал тіліміздегі үндестік заңы осы талапқа негізделіп, үнемдеу құбылысына тәуелді болады. Осындай заңдылықтардан барып, тіліміздегі кейбір сөздер түбір мен қосымшаға ажырамай, біртұтас айтылады. Қазақ тіліндегі жекелеген дыбыстардың түсіріліп айтылуы, буынның түсіріліп айтылуы, қатаңдардың ұяңданып кетуі немесе басқа дыбыстарға ауысуы тілдік экономияға алып келеді.

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. А.,2006,67б.

2. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А.1994, 70-71б.

3. Төлекова Г.Қ. Қазақ тіліндегі сіңісу, ығысу, құбылыстары. Алматы. 2008ж.

4. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы. Мектеп, 1993- 496 б.

* * *

В статье рассматриваются вопросы экономии языковых средств в морфологических конструкциях, а также факторы, влияющие на нее.

* * *

In article it is told about feature of economy in morphological designs and also factors influencing on it.

*Х. А. Ордабекова*

## ТІЛ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҮРДІСІ

Соңғы жылдары тілші ғалымдардың назары - адамдардың әлеуметтік, қоғамдық ортада тілдік қарым-қатынас орнатуына себеп болатын сөйлеу әрекетін жүзеге асыру процестері, атап айтқанда, айтылған хабарды тез қабылдауда, оны түсініп, оған жауап қайыруда адам жадында сақталған лексикалық бірліктердің ішінен (лексикон) айтылатын ойға сәйкес келетін сөзді дәл табуы сияқты мәселелердің шешімін табуға бағытталып отыр. Тілдік жүйе адам санасында сақталатындықтан, сөйлеу, сөйлесу процестерін, сөйлегенді қабылдау, түсіну жағдайларын психологияның қатынасынсыз шешу мүмкін емес. Санада сақталатын зат пен оның атауының байланысы, біртектес көп заттарды жинақты бір ғана атаумен атауда басшылыққа алынатын олардың барлығына ортақ ең елеулі, басты белгілерін ай-

қындау әрекеттері - психологиялық әрекеттер. Сөз мағынасындағы алуан түрлі құбылыстар, сөздердің келтірінді мағыналарда қолданылуы т.б. қасиеттер психологияның ассоциация заңына негізделеді.

Психологияның мақсаты - адамдардың психикалық әрекеттерінің обьективтік заңдарын, адамның ой-санасын, психикалық қасиеттерінің қалыптасып, даму жолдарын айқындау. Ал психикалық құбылыстарға сезу, қабылдау, түсіну, ойлау, байымдау, қиялдау сияқты іс-әрекеттер жатады. Бұлардың барлығы да мидың жемісі және барлығы да сөйлеу процесімен тығыз байланысты. Сондықтан ойлау мен сөйлеудің арақатынасы жөніндегі мәселелерде психологиялық зерттеулер маңызды орын алады. Бұл салада психологияның ерекше мән беретіні - сөйлеу процесінің қалай іске асатындығы, сөйлеудің түрлері, оның ада м психикасымен байланысы, ұғым мен сөздің, байымдау мен сөйлемнің бірлігі, сөйлеу процесіндегі мидың қызметі, мидың зақымдалуының сөйлеу әрекетіне, сөйлеу мүшелерінің қызметтеріне тигізетін зиянды әсерлері тәрізді мәселелер кеңінен қарастырылады. Бұлар тіл білімі үшін де маңызды. Осы мәселелерді шешуде психология тіл біліміне, тіл білімі психологияға қол ұшын беріп, екі жақты байланысқа, қарым-қатынасқа түседі. Сөйлеу, сөйлесу дыбыс органдарының артикуляциялары арқылы жасалатын дыбыстар тасқыны түрінде іске асып, ауа толқыны арқылы құлаққа естіледі. Сөйлеу әрекеті - физиологиялық күрделі процесс. Оған мидың, жоғары нерв жүйесінің де, сөйлеу органдарының да қатысы бар. Бұл жағынан тіл білімі физиология, физика, медицина ғылымдарымен де байланысты болады. Сөйлеу әрекеті нерв жүйесімен, сөйлеу, есту органдарымен тығыз байланысты. Бұлардың зақымдалуы сөйлеу әрекетіне де зиянды әсерін тигізеді. Олардың афазия (сөйлеудің бұзылуы) мылқаулар, кереңдер тілі жөніндегі ғылыми табыстары - тіл білімі үшін де пайдалы [1,181 б.].

Адамның сөйлеу әрекеттерінің психологиялық құбылыстармен ұштасып жататынына қарап бірсыпыра ғалымдар психологияның ролін сыңар жақ, асыра бағалап келді. Олар тілді - психикалық құбылыс, тіл білімін психологияның бір саласы деп жариялады, сөйтіп тіл мәселелерін зерттеуде психологияға сүйенді. Психология адамның сөйлеу әрекеті мәселесінде ғана тіл білімімен ұштасады. Ал тілде адамдардың психикалық құбылыстары тұрғысынан қарап шешуге болмайтын толып жатқан мәселелер бар. Оның үстіне бұл екі ғылымның ортақ нысанның өзін зерттеудегі көздейтін мақсаты да екі басқа: бірі тілдік материалдардың жәрдемі арқылы психикалық құбылыстардың сырын ашуды, екіншісі психология ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, тілдік құбылыстарды жете түсінуді, айқындауды көздейді.

Тіл білімінде психологизм бағыты XIX ғасырдың орта кездерінен бастап қалыптаса бастады. Оны қалыптастырушылардың ең бастылары қатарына Берлин университетінің профессоры Гейман Штейнтальды жатқызуға болады. Кейініректе Г.Штейнтальдың көзқарасын А.А.Потебня, неміс ғалымдары В.Вундт, Г.Пауль т.б. қолдады. Г.Штейнтальдың тіл мәселелерін психологияның заң ережелеріне негіздеп шешетін концепциялары оның «Грамматика, логика, психология және бұлардың принциптері мен өзара қарым-қатынастары» (1855), «Психология мен тіл біліміне кіріспе» (1881), «Тілдің шығуы» (1851) т.б. деген еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Бұл еңбектерінде Г.Штейнталь тілдің өзіндік сырларын жеке адамның психикалық күйін, сөйлеу әрекетін зерттеу арқылы ашпақ болады, «барлығының негізі - адам психикасы» дейді.

Тіл біліміне натуралистік көзқарасты енгізушілер Дарвин іліміне сүйенсе, психологиялық көзқарасты жақтаушылар XIX ғасырдағы көрнекті психолог Герберт ілімін басшылыққа алады. Лингвистикалық психологизм өкілдері тілдік құбылыстарды жеке адамдардың психикалық ерекшеліктеріне, олардың ой-санасындағы өзгеріс-құбылыстарға тәуелді етеді. Олардың айтуынша, тілдегі заңдылық, ондағы өзгеріс-құбылыс қоғам мүшелеріне, қоғамның дамуына байланысты емес, қоғамнан бөлініп алынған жеке адамға, солардың психикасына, тіліне, ойлау дәрежесіне байланысты, соған тәуелді. Жалпы алғанда, халық тілі, қоғам тілі деген - жалған сөз. Тіл жеке индивидуумдікі. Сондықтан тіл білімінің міндеті - индивидуумның тілін зерттеу. Жеке индивидтердің тілін, психикалық құбылысын зерттеу арқылы тұтас халықтың, ұлттың рухани өмірінің заңдылығын ашуға болады. Психологиялық көзқарастардың бұл түрі тіл білімінде индивидуалистік психологизм деп те аталады. Психологизмнің бұл түрі тілдің қоғамдық мәнін жоққа шығарады.

Психологиялық бағытты ұстанушылар арасында жеке мәселелерге байланысты көптеген қайшы пікірлер бар. Олардың бір тобы индивидуалистік психологизмді басшылыққа алса, екінші бір тобы әлеуметтік психологизмді басшылыққа алады. Индивидуалистік психологизм бағытын ұстанушы Г.Пауль: «Әрбір индивидуумның өзіндік тілі, ол тілдердің әрқайсысының өзіндік тарихы бар дейтін қағида талас туғызбайтыны шындық. Біздер қанша индивидуум болса, сонша тілдің болатындығын ажыратуымыз керек. Ал әлеуметтік психологизм өкілдері индивидуалистердің «ақиқат бар нәрсе - тек индивуумдар тілі ғана» дейтін қағидаларына қарсы: тіл әлеуметтік, оны туғызушы да, қолданушы да жалпы халық, қоғам дегенді айтады. Әлеуметтік социологизм бағытын негіздеушілердің бірі И.А.Бодуэн де Куртенэ: «Адамзат тілінің мәні тек қана психикалығында. Тілдің өмір сүруі, дамуы таза психикалық заңдармен шарттас» дей келіп: «Тіл тек адам қоғамында ғана бола алатындықтан, біз онда психикалық жақтың барлығымен қатар әлеуметтік сипаттың барлығын да әрқашан естен шығармауымыз керек. Тіл біліміне тек индивидуалдық психология ғана емес, сонымен қатар социология да негіз болады», - деп жазады [2].

Психологиялық көзқарас кейінгі замандарда пайда болған лингвистикалық мектептер тұжырымдамаларынан да ерекше орын алып отырған. Солардың бірі - жас грамматистер мектебі.

Жас грамматистер тілді жеке адамдардың психофизикалық, әрекеттерінің жемісі деп санайды. Бұл - олардың бүкіл концепцияларының негізі. Олар тілдегі өзгеріс-құбылыс атаулының барлығы да индивидуумның психофизикалық құбылыстарына, яғни сөйлеу әрекеттеріне байланысты десе, Ф.де Соссюр концепциясында тіл мен сөйлеу бір-бірімен байланысты, бірақ бір-бірінен өзгешеліктері бар, екі бөлек құбылыс; сөйлеу - тілді қолданудың нәтижесі, ол - индивидуалдық; ал тіл - қоғам мүшелерінің бәріне бірдей дәрежеде міндетті өзара байланысты таңбалардың жүйесі; тіл - әлеуметтік сипатқа ие дейді. «Тіл мен сөйлеуді бөлу арқылы, - деп жазады де Соссюр, -біз әлеуметтікті индивидуалдықтан, негізгіні көмекшіден, кездейсоқтықтан бөлеміз... Сөйлеуде ұжымдық ештеме жоқ, ол түгелімен индивидуалдық» [3, 42, 89 – бб.].

Психологиялық бағыт қазіргі заман тіл білімінде жоқ емес. Оның үлкен бір тармағы осы күнгі Америка лингвистикасынан берік орын алып отыр. 1953 жылы АҚШ-тың Блумингтон қаласында бір топ лингвистер мен психологтардың, этнографтардың университетаралық семинары болды. Екі айға жуық созылған осы семинардың қорытындысы 1954 жылы жеке кітап болып жарияланды. Онда семинарға қатысушылардың бірлесіп қабылдаған теориялық тұжырымдары мен сөйлеу әрекеттерін эксперимент арқылы зерттеудің міндеттері баяндалған. Кітапта психолингвистиканың негізі – информация теориясы, ал оның бірден–бір нысаны сөйлеу әрекеттерінің коммуникативтік сипаты деп көрсетіледі. Америка психолингвистерінің ғылыми тұжырымдамаларының негізгі межесі бойынша тіл білімінің басты міндеті - тілдік сигналдарды кодқа түсіру, сөйлеу, сөйлесу процестерінің қалай болатындығын, сөйлеу, сөйлесу әрекеттерінің сөйлеушілер психикасымен қатынасын, қабылдау, түсіну процестерін зерттеумен шұғылдану дегенді айтады. Интеллектуалды әрекеттің жоғарғы психикалық қызметін атқарушы сөйлеу әрекеті, осы сөйлеу әрекеті мен ойлау процесін жүзеге асырушы құрал ретінде тіл жүйесі XIX–XX ғг. психологтар мен лингвистердің айрықша назарына ілінген мәселелер болатын. Осы бағытта жүргізілген теориялық, эксперименталды зерттеулер шет тілдерді меңгеру, онтогенездегі адамның сөйлеу қабілетінің қалыптасуы, адамзат қоғамында сөйлеу коммуникациясын жүзеге асырудың тәсілдері бойынша жинақталған гносеологиялық, фактологиялық материалдар негізінде талданады. Осылайша, психолингвистика – адамның сөйлеу әрекетін, сөйлеу коммуникациясы мен индивидуалды сөйлеу әрекетін жүзеге асырудағы ойлау процестерін психологиялық және лингвистикалық аспект тұғысынан зерттейтін ғылым саласы ретінде өткен ғасырдың 50–жылдары екі ғылыми ілімнің, лингвистика мен психология ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде пайда болды.

Кеңестік психолингвистикалық мектептердің негізін қалаушы А.А.Леонтьев жаңа ғылым саласының пайда болуын адамзат қоғамының дамуымен, оның ішінде, адамның интеллектуалды әрекеттерінің психикалық табиғатын зерттеудегі ғылыми танымның дамуымен байланыстырады. Өйткені адамның санасы, ойы, қиялы, сезімі т.б. психикалық қасиеттері сөйлесім әрекеті үстінде көрінеді. Мәселен, ойлау психологиялық тұрғыдан әлеуметтік жағдаймен ұштасқан, тілмен тығыз байланысты психикалық процесс, сол арқылы болмыстың, дүниедегі нәрселердің адам санасында жалпы және жанама бейнеленуі болса; сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс – қиял болып табылады. Бұл бейнеленулер адам ойының талдау және біріктіру әрекеттері арқылы айқындалады.

А.А.Залевскаяның: «Ресейлік психолингвистиканың негізі – сөйлесім әрекетінің теориясы екендігі ешкімге дау туғызбайды», – деген пікіріне сүйенсек, сөйлеу әрекеті, осы әрекетті жүзеге асырушы тілдік таңбалар қызметі лингвистика мен психологияның логикалық бірлігін танытатын тілдік құбылыс ретінде психолингвистиканың зерттеу пәні болып табылады. Олай болса, адамзат баласына тән интеллектуалды іс-әрекеттердің ең жоғарғы функияларының бірі – сөйлеу әрекеті, сол сөйлеу әрекетінің психологиялық мазмұны, құрылымы, оларды жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері мен формаларын қарастыру психолингвистиканың маңызды зерттеу пәндерінің бірінен саналады.

Келесі бір психолингвистиканың зерттеу пәні – сөйлеу әрекетін, индивидуалды сөйлеудегі ойлау әрекетін іске асырушы құрылым мен мазмұн ретінде тілдік жүйе, сөйлеу коммуникациясы процесіндегі тілдік таңбалардың қызметі қарастырылса, осы сөйлеу әрекетін жүзеге асырушы тәсіл ретінде адам баласының сөйлеу қабілеті де қарастырылады. Өйткені, сөйлеу – айтылатын сөз, ой-пікірлерді туғызушы және қабылдаушы психофизиологиялық процесс болып табылады.

Кеңес және шетел тіл ғылымында психолингвистиканың көпшілік мақұлдаған белгілі бір нақты тұжырымға негізделген анықтамасы жоқ. Бұған психолингвистиканың әрі кешенді синтетикалық ғылым болуы, екінші жағынан, әлі де болса қалыптасу үстіндегі ғылыми ілімдердің бірінен саналатындығы дәлел болса керек. Дегенмен, көптеген ресейлік ғалымдар қазіргі таңда жалпы мазмұнға ие А.А.Леонтьевтің анықтамасын ұстанғанды жөн санайды: «Психолингвистика пәні – сөйлеу әрекетінің қызметі мен құрылымын, адам әлемінің бейнесін түзуші тілдік жүйемен өзара қатынаста қарастырады» [4, 19 б.].

Ал психолингвистиканың зерттеу нысаны ретінде белгілі бір тіл қолданушы ұжымдық сана және сөйлеу әрекетінің субьектісі ретінде адам баласы, адамзат қоғамындағы сөйлеу коммуникациясын жүзеге асырушы сөйлеу іс-әрекеті, сөйлеуді қалыптастыру процестерін және онтогенездік сипатта тілді меңгеру сияқты мәселелерді кеңінен қарастыруды негізгі меже етеді.

---

1. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1975.

2. Звегинцев В. Проблемы языка как предмет языкознания. -М.,1964.
3. Ф.де Соссюр. Курс общей лингвистики. -М., 1933.
4. Леонтьев А.А. Психолингвистика. –М., 1996.

* * *

В статье рассматриваются психолингвистические исследования в языкознании.

*Ж. К. Отарбекова*

## ЕТІС ЖҰРНАҚТАРЫ СӨЗ ТУДЫРА МА?

Қазақ тіліндегі грамматикалық категорияларға өте бай, күрделі сөз таптарының бірі – етістік болса, етістік категорияларының ішіндегі семантикалық сипаты жағынан қайшылыққа толы тұлғалардың бірі – етіс жұрнақтары. Оның себебі етіс тұлғаларының сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші қызметі туралы пікірлердің сан алуандығында. Қазақ тіл білімінде етіс тұлғасының қызметі мен мағынасы туралы екіұдай пікір бар. Зерттеушілердің бір тобы етіс тұлғаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына жатқызса, енді бір тобы оны етістіктің «лексика-грамматикалық категориясы» деп таниды. 1967 жылғы академиялық грамматикада етіске мынадай сипаттама берілген: «Етіс аффиксі қосылған сөздер аффикстердің санына қарамай, туынды түбір етістіктер құрамына кіреді, сондықтан да бұл категория сөз тудырудың морфологиялық әдісіне жатады /1.168/. Сөйтіп, етіс қосымшалары жалғанған етістік туынды түбір болып саналады да, етіс қосымшалары етістік негізден етістік тудыратын жұрнақ деп аталады. Осы пікірді А. Ысқақов та қолдайды: «Сөйтіп, етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты туынды етістік жасайтын қабілет барлығы және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады /2.228/.

Етістікті арнайы зерттеген ғалым Ы. Маманов етісті «түбір етістіктердің лексикалық мағынасына грамматикалық мағына үстейтін етістік формасын жасайтын модификациялық етістік тұлғалары» ретінде қарайды /3.33/.

Н. Оралбаева «Етіс жұрнақтары түбір етістікке жалғанып, оларға қимылдың иесі, қимылға түсетін объекті туралы мән қосып, түбір етістіктегі лексикалық мағынаның үстіне әр түрлі мағына қосады. Сондықтан олар *етістіктің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтар* болып саналады», - дейді /4.172/. Ал С.Исаев етіс тұлғаларын «етістіктің лексика-грамматикалық категориясы» ретінде қарастырып, етіс жұрнақтарын модификациялық жұрнақтарға жатқызған /5.177/.

Демек, етіс туралы ғалымдардың пікірі екі түрлі: А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева оны сөзжасамға жатқызса, Ы.Маманов, С. Исаев форма тудырушы модификациялық жұрнақ деп тану қажеттігін айтады. Аталған мәселеге қатысты жанжақты талдауды А. Салқынбайдың еңбектерінен кездестіреміз. «Етіс тұлғасы етістіктің лексика-грамматикалық категориясы ма, әлде сөзжасамдық мағына тудырушы жұрнағы ма деген сұраққа жауап беру үшін оның мағыналық құрылымы мен қызметін айқындау шарт» /6.358/, - дей келе, біріншіден, етіс тұлғасы барлық етістіктерге түгелдей талғамай жалғана бермейтіндігін, екіншіден етіс жұрнақтарының салт етістіктен сабақты, сабақты етістіктен салт етістік жасауының өзі де оның жаңа сөз жасауға бейімділігін айқындайды, үшіншіден, етіс тұлғасының бірінің үстіне екіншісінің жалғана алу қабілетінің болуы оның сөзжасамдық қасиетін көрсетеді, төртіншіден, етістің сөзжасамдық мағынасы бір не бірнеше субьектінің (кейде нысанның да) қимыл-қозғалыспен қарым-қатынасын айқындайды. Мәселен, өздік етіс жұрнағының мағынасы іс-әрекеттің іс істеушінің өзі арқылы ғана орындалатындығын білдіреді» /6.358/. - дей келе, жаңа туынды атауға оның қосары да осы мағына екенін *тара-таран, өт -өтін, кер –керіл* мысалдарымен дәлелдейді.

1. Сөзжасам қосымшасының сөзге талғап, таңдап жалғануы, яғни грамматикалық абстракция жасай алмау сипатына тоқталайық. Етіс тұлғалары барлық етістіктерге талғамай жалғана бермейтіні рас. Ырықсыз етіс пен өздік етіс сабақтыны салтқа айналдырса, өзгелік етіс салт етістікті сабақтыға айналдырады. Демек, бұл құбылыс бүкіл етістікке тән категориялық сипатқа ие құбылыс (шырай тұлғаларының сапалық сын есімдерге жалғанатыны секілді). Яғни етіс тұлғалары объекті мен субъект арасындағы қатынасты білдіреді. Ол қатынас арнайы тұлғалар арқылы берілгенде, етістіктің салт-сабақтылығымен тікелей байланысты грамматикалық құбылыс екендігі көрінеді. Көптік жалғау зат есімнің грамматикалық көрсеткіші дегенмен, оның да барлық зат есімдерге жаппай жалғана бермейтіні белгілі. Сол сияқты, етіс жұрнақтары да салт-сабақты етістіктерді талғап-таңдап жалғануы заңды деуге болады. Дегенмен, етіс жұрнақтары кейбір сөзжасам жұрнақтары секілді бірлі-жарым сөздерге емес, етістіктің басым бөлігіне жалғанатыны белгілі. Зерттеушілердің көрсетуінше, қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде етіс тұлғалы етістіктер бүкіл

етістіктің 33 пайызын құрайды екен /7.126/. Мұның өзі етіс қосымшасының сөзге қосылу мүмкіндігінің молдығын, оның белгілі бір етістік тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасай алатындығын көрсетеді /8.27/.

2. Етіс жұрнақтарының салт етістіктен сабақты, сабақты етістіктен салт етістік жасауы оның жаңа сөз жасауға бейімділігі ме, әлде грамматикалық абстракция жасауға бейімділігі ме деген сұрақ туындайды. Бұл қасиетті етістің сөз жасауға бейімділігі дейтін болсақ, сөйлемдегі объекті мен субъекті арасындағы грамматикалық қатынастарды да сөзжасамдық тұрғыдан қарастыру керек болмай ма?

3. Етіс тұлғаларының бірінің үстіне екіншісінің жалғана алу қабілетінің болуы оларды сөзжасам қосымшаларына ұқсатады. Оларды бірінің үстіне бірі қосылған сөзжасамдық жұрнақпен салыстырып байқайық:

| **Біл+ім+ді+лік** | **біл+дір+т+іс** |
|---|---|
| 1. Білу қимылынан «білім» дерексіз зат атауы пайда болды. | 1. Сабақтылық мән беретін «біл» етістігіне іс-әрекетті орындайтын субъектіні көрсететін мән үстелді. |
| 2. «Білім»дерексіз зат атауынан субъектінің сапалық қасиетін көрсететін сөз пайда болды | 2. -т тұлғасы арқылы тағы да қимылды орындаушы субъект көрінеді |
| 3. Субъектінің сапалық қасиетінен (білімді) дерексіз затқа қатыстық мән беретін сөз жасалған. | 3. Іс-әрекетті орындаушы тұлға (ортақтасушы, көмектесуші) көрінеді |

Сөзжасамдық қосымшалар қабаттасып келгенде, туындылардың бірі екіншісіне негіз болып, содан өрбіп отырады: *біл – білім, білім – білімді, білімді – білімділік*; етіс қосымшаларында ондай қасиет жоқ. *Біл* тұлғасы негіз болады да, *біл – білдір, біл - біліс* түрінде жасала береді. Демек, етіс жұрнақтарының жалгануында түбірдің лексикалық мағынасы емес, грамматикалық сипаты (объектілік-субъектілік қатынасы) маңызды болып тұр. Ал сөзжасамда *«білімді»* сөзі «*білім-сіз»* жасалмайды, ал *«білімділік» – «білімді»* сөзінсіз шықпайды.

Етіс жұрнақтарының қабаттасып қолданылуының тілдік-тарихи себептері де бар болса керек. Байқап қарасақ, өзгелік етістен басқа біркелкі тұлғалар қабаттасып қолданылмайды, көбінесе өзгелік етіс жұрнақтары қабаттасып қолданылатыны көрінеді. Мысалы: *жаздыр+ғыз+т.* Мұндағы үш қосымшаны синонимдес қосымшалар деуге болады, себебі, бірінің орнына бірін қолдана беруге болады: *жаздыр – жазғыз, жазғызт – жаздырт, жаздырғыз –жазғыздыр, жаздыртқыз – жазғыздырт.* Ал мағынасына келетін болсақ, «Мұндай тұлғалы етістік баяндауыш болған сөйлемде қимылды тікелей іске асыратын субъектіден басқа іс-әрекетке тікелей я жанама қатынасы бар субъектілер саны артады» /1.177/.

Ғалым С.М. Исаев «Бір сөзге етіс тұлғаларының бірінің үстіне бірінің, тіпті өзгелік етіс қосымшасының өзі бірнеше рет қабаттасып жалгануы таза грамматикалық немесе категориялық грамматикалық тұлғалар қасиеті шеңберінен шығатын белгілер болса керек. Бірақ солай бола тұрса да, етіс қосымшалары әр уақытта өзі жалганған етістік түбірдің мағынасын, лексикалық мәнін өзгертіп жібере ме немесе әрқашан жаңа лексикалық мағыналы сөз жасай ма? Мысалы*: Ол баласына хат жазды. Бұл хат кеше жазылды. Баласына хатты маған жаздырды. Ол екеуі бір-бірімен ылғи жазысады.* Осы сөйлемдегі хатқа байланысты жазу *(жазды//жазылу//жазылды// жаздыру//жаздырды//жазысу//жазысады)* етістіктері бөлек-бөлек сөздер ме? Тіпті хатқа байланысты болуын арнайы көрсетпегеннің өзінде (өлең, шығарма) т.б. жалпы жазу қимылы іс-әрекеттің өзгермегенін көрсетеді. Ал егер етістің формаларын сөзжасам қосымшасы деп алсақ, оны өзгертіп жіберер еді» деп қорытады /5.175/. Шындығында да етіс сөзжасам қосымшасы болса, сөз түбірімен жаңа мағынаға өтуі керек еді. Профессор С.М. Исаев көрсеткендей, «Бұл сияқты етістік түбірге етіс қосымшалары жалганғаннан кейін пайда болатын мағыналар мен синтаксистік қатынастар, негізінен алғанда, етістік түбірінің жалпы грамматикалық мағынасын өзгертпейді, тек сабақтылық-салттық мәнін ғана өзгертуі мүмкін»/5.176/.

С.М. Исаев етіс жұрнақтарының семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақындығын жоққа шығармайды. Мысалы, *таң асыру, қызды айттыру, бір көрген біліс, екі көрген таныс, үйге кіріп жылынды, үйді жылытты, рұқсат беруді өтінді, бұған екеуі де келісті, екі дайға келгенде ол маған болысады, оқуға берілді, аурудан жазылды, олар бәрібір табысады,* т.б. қолданыстағы етістіктер етіс қосымшалары арқылы жасалған жаңа мағыналы сөздер болып табылады. ... Сондай-ақ қазіргі кезде түбір мен қосымшаға ажырамайтын, өлі түбір деп есептелетін, бірақ тарихи тұрғыдан бір кездегі өзгелік етіс пен өздік етіс қосымшалары деп танылатын, қазір әрқайсысы жеке-жеке сөз, лексема деп танылатын *оян мен оят, үйрен мен үйрет, жұбан мен жұбат уан мен уат* сияқты жеке-жеке параллель сөздердің тіліміздің орын алуы етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипатының белгісі болса керек. /5.174-175/. Бұл туралы А. Салқынбай: «Бұл сөздердің барлығы да еркін тіркесте тұрып-ақ жаңа мағынада жұмсалып тұрғанына назар аударсақ, етістердің туынды мағына жасап тұрғанын автор дәл анықтай алған деген қорытынды жасауға болады»,- дейді /6.360/. Бірақ ғалымның олардың «жеке лексема болып, сөздік құрамнан бөлек орын алуы тек қана етіс қосымшаларының жалгану нәтижесі емес, одан да гөрі семантикалық процестің (сөзжасамның синтетикалық тәсілінен гөрі семантикалық тәсілінің)

басым болуы» /5.176/ дегеніне назар аударма ғаны байқалады.

Аталған мысалдарға назар аударып көрейік. *Қызды айттыру* тіркесінің *әңгіме, жауап айттырудан*, *таң асыру* қимылының *белден, таудан асыру* құбылысынан әлдеқайда кең, ауыспалы мағынада қолданылып тұрғаны байқалады. Ал *өп пен өтіну, кел мен келісу, бол мен болысу, жазу мен жазылу, табу мен табысу* сөздерінің арасында мағыналық байланыс үзілген десе де болады. Сол себепті де соңғылары тілімізде жеке лексемалар болып қалыптасқан. *Боса - босан* етістіктерінің дамуы да осы сатыдан өткен. Бұған сондай-ақ А. Салқынбайдың өзі талдаған *келісу, көрісу* етістіктерінің семантикалық дамуы да дәлел /6.360/.

Біздіңше, сөз туынды сөз деп танылуы үшін, ең бастысы, негіз бен форманттың бірлігінен, жиынтығынан жаңа сөзжасамдық мағынаның, одан лексикалық мағынаның пайда болуы шарт. Мәселен, *кел менен келіс* сөздерінің арасында қандай да бір мағыналық байланыс болуы (*келу* қимылымен байланысты болуы) керек. Мұндағы (өзара) *келісу* қимылының *келуден* тумағандығы көрініп тұр. *Келу* – объектіге бағытталған жүріс мәнін берсе, *келісу* – ортақ пікірге келу мәнін берген. Сондықтан келісу келу етістігінен тумаған, -іс – етіс жұрнағы емес. Ал *кел+тірді, кел+гізді* десек, олардың екеуінде де келу қимылы сақталып қалған, жаңа мағына, бөгде қимыл мәні жоқ. Сондықтан бұларды жеке-жеке сөздер емес, бір сөздің әр түрлі формалары ретінде қараймыз.

Етіс жұрнақтарының семантикасын, оның сөзжасамға қаншалықты қатысты екенін анықтау үшін олардың шығу төркінін қарастырған жөн. Түркітанушылардың көрсетуінше, өзгелік етістік ең байырғы тұлғасы **-т** болған да, оның –**тыр, -тір, -дыр,-дір** тұлғалары содан қалыптасқан, ал –**т** жұрнағы **ет** мәнін беретін көмекші етістіктен шыққан (ат-ет-т). Ал *ат - ет* көмекші етістіктері бір кезде толық мағыналы лексикалық сөз болған /9.144 /. Демек, түбірден көмекші сөз, көмекші сөзден қосымша қалыптасқан. Яғни өзгелік етіс тұлғаларының сөзжасамдық мағына тудыруға жақындығының осындай тарихи негізі бар деген сөз. Дегенмен, қосымшаның дамуы тұрғысынан алсақ та, қазіргі тіл тұрғысынан алсақ та, олар сөзжасамдық семантикасынан айрылып, етістіктің грамматикалық тұлғасына ауысқан деуге болады.

Б.А.Серебренников: «Ырықсыз етістің –л және –н тұлғасы түркі тілдерінде бұрын қимылдың қайталануын білдіретін жұрнақ болған. Бұл мағынаның кейбір қалдықтары түркі тілдерінде қазіргі дейін сақталған *(тат. сыйпа – сыйпала, буқмоқ – буқламақ).* Қимылдың көп қайталануы, дүркінділігі негізінде әдетке айналатын ұдайы болатын қимыл мағынасы қалыптасады. Қимыл-әрекет ұдайы, күн сайын қайталана берсе, оның адамның өзі үшін аса маңызы болғаны. Сөйтіп, өздік етіс қалыптасады». /10.216/. Демек, қимылдың қайталануы болсын, субектінің өзі істеуі болсын, етістіктің грамматикалық сипатын білдіреді.

Жалпы алғанда, етіс тұлғалары семантикалық жағынан, қолданысы жағынан, шығу тегі жағынан біркелкі емес. Сол себепті олардың әрқайсысының осындай ерекшеліктерін айқындау, тарихи төркінін табу арқылы ғана олардың сөз тудырушылық немесе сөзжасамдық сипатын нақты айқындауға болады. Дегенмен, қазіргі тіл тұрғысынан етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипаты жоқ деп ойлаймыз.

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы: Ғылым, 1967.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы: Мектеп,1966.
4. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
5. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан,1998.
6. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2008.
7. Мырзабеков С. Сөз таптарының статистикасы. Жинақ: Қазақ тексінің статистикасы. Алматы: Ғылым,1990.
8. Жаңабекова А. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері. КДА. Алматы, 2001.
9. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы: Санат,1994.
10. Серебренников Б.А. Вероятностные обоснования в компаративистике. Москва: Наука, 1974.

* * *

В статье рассматривается отношение залоговой формы казахского языка к словообразованию. Определяются функция и семантика залоговых форм.

* * *

The article concerns semantics of some affix –forming words.

***К. Х. Рахимжанов***

## РЕАЛИИ: К ПРОБЛЕМЕ ОПРЕДЕЛЕНИЯ И КЛАССИФИКАЦИИ

Как лингвистическое явление реалии относятся к категории безэквивалентной лексики. Они являются частью фоновых знаний и представляют собой значительный интерес при исследовании взаимодействия языка и культуры. При этом «специалисты все больше внимания уделяют социальной стороне языка, которая непосредственно отражает его взаимодействие с жизнедеятельностью народа на нем говорящего» [1, 4].

Основная проблема, с которой сталкивается переводчик при передаче референциальных значений, выраженных в исходном тексте, - это несов-

падение круга значений, свойственных единицам исходного языка (ИЯ) и переводящего языка (ПЯ). Л.С. Бархударов отмечает, что все типы семантических соответствий между лексическими единицами двух пунктов можно свести к трем основным: полное соответствие; частичное соответствие; отсутствие соответствия [2, 74].

В тех случаях, когда соответствие той или иной лексической единице одного языка в словарном составе другого языка полностью отсутствует, принято говорить о безэквивалентной лексике.

Под безэквивалентной лексикой авторы термина Е.М. Верещагин и В.Г. Костомаров понимают «слова, служащие для выражения понятий, отсутствующие в иной культуре и в ином языке, слова, относящиеся к частным культурным элементам, т.е. к культурным элементам, характерным только для культуры А и отсутствующим в культуре В, а также слова, не имеющие перевода на другой язык, одним словом, не имеют эквивалентов за пределами языка, к которому они принадлежат» [3, 53].

При этом отмечается, что характерной чертой безэквивалентных слов является их непереводимость на другие языки с помощью постоянного соответствия, их несоотнесенность с некоторым словом другого языка. Но это вовсе не обозначает того, что они совсем непереводимы.

Само собой разумеется, что возможность правильно передать обозначения вещей, о которых идет речь в подлиннике, и образов, связанных с ними, предполагает знание действительности, изображенной в переводимом произведении. За этими знаниями, как в страноведении, так и в сопоставительном языкознании и теории перевода, закрепилось определение «фоновых» знаний.

Фоновые знания – это «совокупность представлений о том, что составляет реальный фон, на котором развертывается картина жизни другой страны, другого народа» [4, 146].

Е.М. Верещагин и В.Г. Костомаров определяют их как общие для участников коммуникативного акта знания [3, 126].

Фоновые слова представляют собой значительный интерес при исследовании сложного взаимодействия языка и культуры. Так, Е.И. Шумагер отмечает, что фоновые слова – это лексические единицы, на первый взгляд, самые обычные, свободно переводящиеся на иностранные языки, которые содержат, однако, ценную информацию о специфически национальной внеязыковой деятельности [5, 124].

Для теории и практики перевода большое значение играет одна из групп фоновых знаний – та, которая относится к явлениям специфическим для иной культуры, иной страны и необходима читателям переводимого произведения, чтобы без потерь усвоить в деталях его содержание. Такой частью фоновых знаний являются слова-реалии.

В лингвистике существует несколько определений реалий.

По определению О.С. Ахмановой, реалии – это «в классической грамматике разнообразные факторы, изучаемые внешней лингвистикой, такие, как государственное устройство страны, история и культура данного народа, языковые контакты носителей данного языка и т.п. с точки зрения их отражения в данном языке» [6, 381].

По мнению Г.Д. Томахина, реалии – это «названия присущих только определенным нациям и народам предметов материальной культуры, фактов истории, государственных институтов, имена национальных и фольклорных героев, мифологических существ и т.п.» [7, 13].

Как видим, исследователь включает в понятие реалий наименования отдельных предметов, понятий, явлений быта, культуры, истории данного народа или данной страны. Как видно из определения, Г.Д. Томахин дает определение реалии в значении знака реалии-предмета, не затрагивая вопрос о переводе таких культурно-маркированных единиц.

Приведем еще одно определение реалии, которое дают болгарские ученые С. Влахов и С. Флорин: «Реалии – это слова (и словосочетания), называющие объекты, характерные для жизни (быта, культуры, социального и исторического развития) одного народа и чуждые другому, будучи носителями национального и/ или исторического колорита, они, как правило, не имеют точных соответствий (эквивалентов) в других языках, и, следовательно, не поддаются переводу на общем основании, требуя особого подхода» [8, 55].

Такое пределение дано учеными с точки зрения перевода слов–реалий, поэтому представляет для нас большой интерес, так как «в процессе перевода противопоставляются друг другу не только языки, но даже тексты, культуры и ситуации» [9, с. 148].

Реалии имею место в любом языке, им присущ ярко выраженный национальный колорит. Сопоставление различных языков и культур, по мнению Г.Д. Томахина, позволяет выделить следующие особенности употребления реалий:

1. Реалия свойственна лишь одному языковому коллективу, а в другом она отсутствует: Амер. drugstore - аптека - закусочная /Русс. аналога нет [10, 8].

2. Реалия присутствует в обоих языковых коллективах, но в одном из них она имеет дополнительное значение: Амер. clover leaf – клеверный лист; автодорожное пересечение с развязкой в виде клеверного листа.

3. В разных обществах сходные функции осуществляются разными реалиями: Амер. sponge – губка / Русс. мочалка (при мытье в ванной, в бане).

4. В разных обществах сходные реалии различаются оттенками своего значения: cuckoo’s call – кукование кукушки в народных поверьях американцев предсказывает, сколько лет осталось девушке до свадьбы, в русских – сколько лет осталось жить [7, 14].

По своим свойствам и функциям реалии близки

к терминам и именам собственным. Исследователи культурно-маркированных единиц неоднократно отмечают, что граница между терминами и реалиями весьма условна и очень подвижна. В ряде случаев достаточно сложно установить отличие языковых реалий от терминов. Но всё же есть признаки, по которым вполне отчетливо можно отличать реалии и термины.

Сфера применения терминов - это научная литература. Реалии, напротив, чаще используются в художественной литературе, где они служат не только стилистическим целям, но и воссозданию национального, местного и исторического колорита [56, с. 16].

Термины создаются большей частью искусственно для наименования тех или иных понятий и предметов, для чего иногда используются греческие и латинские морфемы. Реалии же возникают естественным путем, в результате народного словотворчества.

Термины, являясь наименованием каких-либо предметов, распространяются в ходе применения этих предметов, а реалии являются достоянием того народа, в культуре и языке которого они появились [10, 17]. Терминам, как правило, не свойственна ни эмоциональность, ни образность, а реалии, имея специфические свойства, обычно обладают этими свойствами. С. Влахов и С. Флорин также отмечают, что термины принадлежат к единицам, переводимым эквивалентам почти в любом контексте, а реалии относятся к безэквивалентной лексике.

Кроме обычных реалий, маркируемых безэквивалентной лексикой, выделяются особые реалии, называемые ассоциативными реалиями. Эти реалии связаны с самыми различными национальными историко-культурными явлениями и весьма своеобразно воплощены в языке. По словам В.С.Виноградова, «ассоциативные реалии не нашли своего отражения в специальных словах, в безэквивалентной лексике, а «закрепились» в словах самых обычных. Они находят свое материализованное выражение в компонентах значений слов, в оттенках слов в эмоционально-экспрессивных обертонах, во внутренней словесной форме и т.п., обнаруживая информационные несовпадения понятий, но сходных слов в сравниваемых языках» [11, 38].

К ассоциативным реалиям относится, например, «*зеленая луна*». Для жителей Панамы – это символ надежды, образ наступающего утра. Это слово у носителей другой культуры может вызвать недоумение. Точно так же словосочетания *сары ұайым, сары қарын әйел, сары аяз, сары бел, сары төсек, сары кідір*, распространенные в казахском языке и воспринимаемые народом в негативной или позитивной окраске, ассоциируются с понятиями о возрасте, печали, затяжной болезни и др. Для носителей иной культуры такие ассоциации непонятны, так как для них понятие «желтый» может обозначать только цвет. Появившиеся в русском языке понятия «*желтая пресса*», «*желтые газеты*» будут также непонятны представителям других лингвокультурных сообществ.

Но не только в отсутствии единого, общепринятого определения реалий заключаются трудности, связанные с этим лингвистическим явлением. Необходимо отметить, что на сегодняшний день нет и единой классификации культурно-маркированных единиц, и исследователи предлагают различные классификации реалий, основываясь на тех или иных принципах.

Представляют интерес классификации реалий, предложенные С.Влаховым, С.П.Флориным, а также А.С. Виноградовым. Так, С.И.Влахов, С.П.Флорин выделяют следующие группы реалий: 1) *географические*; 2) *этнографические* (быт, пища, одежда, жилье, транспорт); 3) *искусство и культура*; 4) *этнические объекты* (этнонимы, клики, названия лиц по месту жительства); 5) *меры и деньги*; 6) *общественно-политические реалии*: а) административно-территориальное устройство (административно-территорито-риальные единицы, населенные пункты, детали населенных пунктов); б) органы и носители власти (органы власти, носители титулов); в) общественно-политическая жизнь (политическая жизнь и политические деятели) патриотическое и общественное положение; звания, степени, титулы, учреждения; учебные заведения; сословия и касты; сословные знаки и символы); 7) военные реалии: (подраздел, оружие, обмундирование, военнослужащие) [8, 51].

В.С.Виноградов выделяет такие группы реалий, как: 1) *бытовые* (жилище, имущество, одежда, уборы, пища, напитки; виды труда и занятия; денежные знаки; единицы меры; музыкальные инструменты; народные танцы и песни, исполнители; народные праздники, игры; обращения); 2) *этнографические и мифические реалии* (этнические и социальные общности и их представители; божества, сказочные существа; легендарные места); 4) *реалии мира природы* (животные, растения, ландшафт, пейзаж); 5) *реалии государственно-административного устройства и общественной жизни* (актуальные и исторические) – административные единицы и государственные институты, общественные организации партии и т.п., их функционеры и участники; промышленные и аграрные предприятия, торговые заведения; основные воинские и полицейские подразделения и чины, гражданские должности и профессии, титулы, звания; 6) *ономастические реалии* (антропонимы, топонимы, имена литературных героев, названия компаний, музеев, театров, дворцов, ресторанов, магазинов, пляжей, аэропортов и т.п.); 7) ассоциативные реалии [11, 38].

Г.Д.Томахиным выделяются 1) исторические реалии (названия исторических событий, важнейших вех в истории страны), документов, документализмы, политических и религиозных групп, участников этих событий, историзмы, актуальные в массовом обыденном сознании носителей данного языка и культуры и историзмы, уже лишившиеся данной актуальности); 2) рекламные реалии (слова – «понятия из области

рекламы и «массовой культуры»); 3) денотативные реалии; 4) коннотативные реалии [10, 37-41].

Ж.А. Жакупов выделяет четыре группы реалий: 1) слова, обозначающие природные и этнографические понятия; 2) фольклорные реалии; 3) бытовые реалии; 4) слова, обозначающие общественные и исторические реалии [12, 51].

В этих трех классификациях реалий деление производится на основании различных критериев: тематическом принципе (С.И.Власов, С.П.Флорин, В.С.Виноградов) и экстралингвистическом-лингвистическом (Г.Д.Томахин). В переводоведении более приемлемым является классификация, основанная на сопоставлении языковых систем.

В переводоведении реалии следует классифицировать на основании критерия переводимости-непереводимости. При этом возникает вопрос: имеются ли эквиваленты этих слов в языке перевода, имеется ли понятийная соотнесенность слов, обозначаемых реалиями или возникают денотативные «ямы» - лакуны.

На наш взгляд, реалии можно рассматривать как лексические лакуны, так как реалии как безэквивалентные слова не имеют эквивалентов в другом языке. При обнаружении таких лакун следует говорить не только об отсутствии эквивалента в виде слов другого языка, но и об отсутствии эквивалента этому слову в форме устойчивого словосочетания. Появление таких лакун обусловлено тем, что каждый язык национально специфичен, поэтому, по словам А.Вежбицкой, «в языке отражаются не только особенности природных условий и культуры, но и своеобразие национального характера его носителей. Никого не удивляет, что в эскимосском языке есть много названий для снега, в арабском – для верблюда, а в китайском - для риса. Язык отражает условия существования его народа и содержит имена и реалии, специфические для данного народа» [13, 21].

Реалии, обозначающие специфические понятия, явления, характерные для быта, культуры народа, не переводятся, поэтому при переводе их имеют место «денотативные ямы» - лакуны. Ю.А.Сорокин, И.Ю.Марковина интерпретируют лакуны следующим образом: «Лакуна – это некоторый фрагмент текста, в котором имеется нечто непонятное, странное, ошибочное (нечто, что можно оценить по шкалам «непонятно/понятно», «непривычно/привычно», «незнакомо/знакомо», «ошибочно/верно» [14, 77].

Сопоставление исходного языка и языка перевода показывает, что в процессе сравнения их обнаруживаются два типа лакун: 1) смысловые «скважины» и 2) собственно лакуны.

Смысловым скважинам Ю.А.Сорокин и И.Ю.Марковина дают следующее определение: «Смысловая скважина – это некоторый фрагмент текста, где совокупность (поле) денотатов является расплывчатой за счет: 1) непредставленности тех или иных элементов денотатной структуры некоторого феномена в анализируемом тексте; 2) неадекватности образов денотатов у воспринимающего коммуникатора (формирования образцов – проекций на основе имеющихся в тексте элементов денотатной структуры некоторого феномена); 3) квазитождественности десигнатов, мешающей опознанию денотатов как принадлежащих разным понятийно-смысловым полям» [14, 76].

В переводе под термином «смысловые скважины» следует понимать собственно денотативные реалии, выражающие национально-специфические понятия, отсутствующие в других культурах. Именно их понятийная непредставленность в других культурах приводит к появлению пробелов, денотативных «ям». Собственно «лакунами» следует обозначать коннотативные реалии, имеющие коннотативные значения в семантической структуре слова. Такие лакуны сигнализируют о состоянии некоторого мыслимого мира редуцированно (неполно). К подобным неполным лакунам, их называют частичными, относят такие, которые в языке оригинала имеют полный набор сем, но в переводе значения этих сем передаются неполно.

1. Аксенова Г.Н. Язык, культура и бытийная картина мира// Язык и культура: библиографический аспект проблемы. - Уфа: РИО Госкомиздата БАССР, 1990. - С.4-5.

2. Бархударов Л.С. Язык и перевод. - М.: Международные отношения, 1975.

3.Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. - М.: Русский язык, 1983.

4. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. - М.: Высшая школа, 1983.

5. Шумагер Е.И. Фоновая лексика, ее своеобразие и связь с культурой// Лексика и культура. Тверь: Тверской государственный университет, 1990. – С. 124 –129.

6. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - М.: Советская энциклопедия, 1966.

7. Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре// ИЯШ. – 1997. - №3. - С.13-18.

8. Влахов С. Флорин С. Непереводимое в переводе. - М.: Международные отношения, 1986

9. Родионова Л.З., Левит Д.С. Роль фразеологических средств и фоновых знаний в повышении общеобразовательного уровня // Язык и культура: библиографиический аспект проблемы. - Уфа: РИО Госкомиздата БАССР, 1990. – С. 147-148.

10. Томахин Г.Д. Реалии-американизмы. - М.: Высшая школа, 1988.

11. Виноградов В.С. Перевод: Общие и лексические вопросы: Учебное пособие. – М.: КДУ, 2004

12. Жакупов Ж. А. Аударматануды аңдату. – Алматы: InnoPress, 2004.

13. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Словари русской культуры, 1996.

14. Сорокин Ю.А., Марковина И.Ю. Текст и его национально-культурная специфика // Текст и перевод. – М.: Наука, 1988.

* * *

Мақалада лингвистикалық құбылыстың бірі реалиялар эквиваленті жоқ лексика ретінде қарастырылады. Реалияларды лексикалық лакуналарға жатқызуға болады.

***Д. Б. Рскелдиева***

# ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «ЖҮРЕК» СОМАТИЗМІ

Тілімізде ғасырлар бойы қалыптасып, көркем сөз қазынасының ең бір құнарлы, мәйекті қорына айналған, әрі бай, әрі сан алуан сөз тіркестерінің ішінде соматикалық тұрақты тіркестер ерекше орын алады.

Соматизм (гр. Soma – дене) – шығу тегі мен типологиясына тәуелсіз барлық тілдерге тән адамның дене мүшелерін анықтайтын сөздер тобы.

Адам – табиғаттың тұла бойы туындысы, төл перзенті бола тұрса да, ол сол табиғаттың тылсым күштерімен бірде алысып, бірде сырын ұғысып, өмір сүріп келеді. Бұлардың бәріне дене мүшелерінің тікелей қатысы бар. Көптеген зерттеушілер мен лексикографтардың пікірінше, кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30%–ын соматикалық тіркестер құрайды екен. Адамның дене мүшесі ұйытқы болған фразеологизмдер тұрақты сөз тіркестерін тақырыптық топтастыруға байланысты туындаған атау.

Соматикалық фразеологизмдер кез келген тілдің лексика – фразеологиялық қорының құнарлы да байырғы, сан жағынан мол, табиғаты күрделі құрамды болғандықтан жан – жақты талдауды талап етеді. Осыған байланысты адамның дене мүшесі ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдерді бөліп алып, оның тілдік табиғатын арнайы зерттеудің маңызы зор.

А.Болғанбаевтың пікірінше, «анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы туынды сөз жасауға сонша бейімдігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі» [1, 87б].

Адамды физиология, анатомия, психология тұрғысынан біртұтас, сыры мол, күрделі биологиялық тұлға деп қарайтын болсақ, сол тұлғаның бөлінбес жүйесін құрайтын, бір – бірімен өзара тығыз байланысты, бір – біріне тәуелді бөлшектері мен бөліктерін дене мүше деп атаймыз.

Жалпы адам табиғатын толық білу көп жағдайда оның болмысына тікелей қатысты дене мүшелерінің табиғатын тереңірек тануға да байланысты. Дене мүшелерінің атқаратын қызметтері барлық жағдайда бірдей көрер көзге, естір құлаққа бола бермейді. Олар көп – көбіне адам санасында, қоғамдық ортада қалыптасқан бейне түрінде елестейді, ол іс – қимылдардың нәтижесі тәжірибе арқылы бағаланады. Ал, адам баласына тән бұл құбылыс ұрпақтан – ұрпаққа тек тіл (фактілері, деректері) арқылы жетіп отырады. «Тіл – халықтың тарихи жады» деген міне осыны аңғартады. Біз өзіміздің дене мүшелеріміз жайлы не білеміз? Ата – бабамыз бұл жөнінде не дер екен? Халық санасында сараланып, жадында сақталған мағлұматтарға, халық түсінігіне, ауыз әдебиет туындылары арқылы жеткен мәліметтерге сүйенсек, «бас» соматизмі – басқару, ойлау, бағдарлау, ақыл – парасат ұғымдарының символы, «көз» – дүниетаным, «бүйрек», «бауыр» – жақындық, туыстық, «өкпе» – көңіл күй, «қабырға» – қорған, беріктік, «жүрек» – сезім, махаббат, билік көздері ұғымдарымен астарлас.

Осыған байланысты, еңбегімізге арқау болған адамның ішкі ағзаларынан *жүрек* соматизміне қатысты зерттеу жүргізуді жөн көрдік. Себебі жүрек – басты дене мүше, ол адамның биологиялық, психологиялық әрі рухани орталығын сипаттайтын бірден – бір компонент.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былайша анықтама берілген: ***Жүрек*** – 1) денеге қан тарататын орталық мүше, басты орган; 2) ауысп. Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі [2, 96б].

**Жүрек** – жақсылықтың, мейірімнің де өзегі, иманның мекені. Оның тазалығы – жанымыздың, тәніміздің саулығының кепілі. Бұған дәлел ретінде Ан – Нумана ибн Баширадан жеткен хадисте былай делінеді: «Шын мәнінде, адам денесінде бір кесек ет бар, егер ол сау болса, онда бүкіл денесі де сау болады, егер ол ауру болса, онда бүкіл денесі де ауру болады. Бұл – **жүрек**».

Жүрек – айналаны тану үшін, сезіну үшін, жетілу үшін Аллаh бекіткен рухани мүше. Қуаныш, қайғы, шаттық, сенім, турашылдық сезімдер және т.б. сезімдер де жүректе мекендейді. Адам жүрек арқылы шындық пен өтірікті, дұрыс пен бұрысты айырады.

«Жүрек – адам денесіндегі ең маңызды мүше. Ол – білім мен жақсы қасиеттердің, ниеттердің, ізгіліктің мекені».

Осы орайда, жүрек туралы Абайдың сөзін келтіруді жөн көрдік: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Біздің қазақтың «жүректі кісі» дегені – батыр ...білдіреді. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді. Рахымдылық, мейірбандық, әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі, асықтық та – жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Адалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Біздің қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уәдеде тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атаның басын бұрып алуға жараған, әділетті ақын мойындаған нәрсеге қиын да болса мойындау, әділетті ақын мойындамаған нәрсеге оңай да болса мойындамау ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз» [3, 108б].

Көріп отырғанымыздай, Абайдың «жүректің» өзіне тән рахымдылық, мейірбандық, қайырымдылық, адалдақ, батылдық, батырлық, қайратсыздық, жаманшылық істеу, жақсылық жасау тәрізді толып

жатқан жақсы – жаман қасиеттерінің сыр – сипатын тек адамның нақтылы іс – әрекеті арқылы білуге, көруге, сезуге болатындығын аңғартып отыр. Осыдан артық «жүректі» жан – жақты сипаттау, суреттеу мүмкін емес. «Жүрек» статусын жалпы айтар болсақ, «сезім, қуаныш, батырлық, үрей, қорқыныш, мерттік, намысқойлық, қызулық, салқындық» сияқты сөздермен сипаттауға болады.

Жүрек – адам денесінің орталығы, өмір сүруінің негізгі күші, егер жүрек өзінің соғуын тоқтатса, адам да өз өмір сүруін тоқтатады. Жүрек – адам денесінің барлық мүшелерімен тікелей байланысты және ең басты билік жүргізуші дене мүше.

Жүрек – әмбебап құбылыс ретінде қорқыныш, қайғы, мұң, қуаныш, жақсылық, махаббат, сезім, сүйіспеншілік символы ретінде тұрақты тіркестер құрамында қазақ және ағылшын тілдерінде кеңінен көрініс тапқан. Соматизмдердің фразеологизм жасауға қатысу дәрежесінің түрлілігі дене мүшелері қызметінің адам үшін активтілігімен анықталса керек. К.Н.Жидебаетың еңбегінде бұл жөнінде былай делінген: «Конечно физиологически бесполезных частей тела нет, однако человечество в историй своего развития разделяет их на первостепные и второстепные. Далее как показали наш анализ, названия наружных частей тела более активны в образовании, чем внутренних» [4, 14б]. Алайда адам организмінің ішкі органы болып табылатын жүрек – басқа ішкі мүшелермен салыстырғанда тұрақты тіркес жасаудағы ең өнімді әрі көп кездесетін лексема. Жүрек соматизмі ұйытқы болған тұрақты тіркестердің жиілігі қазақ және ағылшын тілдерінде де жоғары екені зерттеу нәтижесінде анықталды. Қазақ, ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық сөздіктердің негізінде жүрек соматизміне байланысты шамамен қазақ тілінде 100, ағылшын тілінде 120 – ға жуық соматикалық фразеологизмдер топтастырдық. Осы фразеологизмдерді жіктемес бұрын, ең алдымен екі тілге ортақ, тікелей аударылатын, екінші тілде баламасы бар соматикалық фразеологизмдерді, яғни оларға тән тіларалық сәйкестіктерді: *a big heart – жүрегі кең (кеңпейілді); тас жүрек (қатыгез, мейрімсіз) – a heart of stone (flint); to break smb's heart – жүрек жарылу / жүрегі жарыла жаздау; шын жүректен – with all one's heart; lay one's heart bare – жүрегін жайып салу; жүрегі қарс айрылу (қайғыдан қатты күйіну, өзегі өртену) – to make somebody's heart bleed,* сондай – ақ тікелей аударуға келмейтін, екінші тілдегі мағынасы жағынан сәйкес келетін баламасы арқылы берілетін немесе сөзбе – сөз аударылатын соматикалық фразеологизмдерді де атап өтуге болады: фразеологизмдердің бұл тобына көбіне ағылшын тіліндегі предлогты соматизмді жатқызуға болады: мысалы, *in heart – көнерген фраз. – жақсы көңіл күй; at heart – жүрегінде түбінде; for my heart – өлтірсең де, ешқашан (көнерг., ауызекі тілде қолд.); out of heart – жабырқаңқы, көңілсіз;*

Жүрек соматизміне қатысты жиналған фразеологизмдерді мағыналық тұрғыда топтастырар болсақ, ең алдымен, жүрек соматизмінің түсіндірме сөздікте берілген мағыналарына назар аударайық: *жүрек* – 1) қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағында орналасқан басты ағза; 2) ауысп. Кісінің жан – дүниесі, рухани сезім; 3) аусп. Саяси – әкімшілік орын, орталық сияқты жүректің негізгі атқаратын қызметіне, білдіретін мағынасына, астарлас ұғымдарына байланысты былайша жіктеуге болады:

1. <u>Жүрек – қан айналу жүйесі көкірек қуысының сол жағында орналасқан басты ағза;</u>

- **Жүрек – ағза ретінде:**
- *Адам денсаулығын, дене қалып жағдайын сипаттаушы фразеологизмдер:* жүрегі айну – to be sick at heart; жүрегі күпті болу; жүрек тесті; жүрек қыжылдады; жүрегі көтерілу; smoker's heart; athletic heart; heart failure; жүрегі қарайды (қарны ашты); жүрек жалғады; жүрекке ас батпады; жүрегі сазды; жүрегіне тию;

<u>2. Жүрек – кісінің жан –дүниесі, рухани сезім;</u>

- **Жүрек – сезімнің көзі;**
- *Қуаныш, шаттықты білдіретін фразеологизмдер:* жүрегі жарылды/ жарыла жаздады – cheer the cockles of one's heart; жүрегі қарс айрылды (қатты қуанды); жүрегі лүп етті (кенет келген қуанышқа байланысты) – abundance of the heart; to do one's heart good;
- *Уайым, қайғы, мұң сезімдерін білдіретін соматикалық фразеологизмдер:* жүрегіне дақ түсті/ жүрегіне дерт түсті; жүрегі өрт боп жанды; жүрегі тас түйін болды – cry (weep) one's heart out; жүрегі қарс айрылды (қайғыдан қатты күйінді) – to make somebody's heart bleed,; жүректі дерт алды;
- *Қорқыныш, үрей сезімін білдіретін соматикалық фразеологизмдер:* жүрегі дауалмады; жүрегі аттай тулады – bring somebody's heart into his mouth; жүрегі алып ұшты – one's heart leaped into one's mouth\ throut ; жүрегі аузына тығылды – have one's heart in one's mouth; жүрегі дір ете қалды; жүрегі су етті; жүрегі мұздап қоя берді; жүрегі тас төбесіне шықты – one's heart sank into one's boots;
- *Ғашықтық сезімін білдіретін фразеологизмдер:* жүрегіне өрт түсті (ғашықтықтың жалыны жанды); жүрек қылын шертті – lose one's heart to; жүрекке шоқ салу – one's heart goes out to smb; жүрегі жанды (ғашықтықтан іші өртенді); жүрегіне жылу берді; imprint on somebody's heart;
- *Мейірлену, жаны ашу сезімдерін білдіретін фразеологизмдер:* жүрегі елжіреді – to have a soft (warm) spot in one's heart for somebody; жүрегіне жылу беру – one's heart warms towards her; жүрегі жылу; жүрегі тебіренді; жан жүрегін тебірентті; bring home to smb's heart – іші – бауырын елжірету; жүрегі еріді;
- **Жүрек – батырлық символы:** жүрегінің түгі бар; жүрек жұтқан – a stout heart; жүрегінде оты бар – a heart of oak; shut one's heart to fear;
- **Жүрек – қорқақтық, әлсіздіктің нышаны:** қоян жүрек; су жүрек;
- **Жүрек – кеңшіліктің, көңілі ашықтықтың белгісі:** ақ жүрек – a heart of gold = a kind heart; кең жүрек – a big heart; шын жүрекпен – with all one's heart =heart and soul; жүрегі жұмсақ – light – hearted;

- **Жүрек – жауыздық, мейірімсіздіктің символы**: жүрегі қара – harden somebody's heart; тас жүрек – a heart of stone; сұм жүрек – a hard heart (hard-hearted);
- **Жүрек – адам базарының тарқалуының белгісі:** жүрегі үзілу – break one's heart;

Сондай – ақ, жүрек соматизмі ұйытқы болған фразеологимдердің ішінде синонимдік, омониммдік және антонимдік қатар да байқалады. Мысалы: Синонимдік қатар: жүрегі алып ұшты – жүрегі аузына тығылды, жүрегі аттай тулады – *қатты толқыды;* lose one's heart to – steal smb's heart – win smb's heart (ұнату, жақсы көру); антонимдік қатарға: Keep a good heart | take heart – lose heart (мұңаю); жүрек жұтқан – су жүрек; омонимдік қатарға: Жүрегі соқты – 1) тірілді, жаны кірді (ағза ретінде, денсаулыққа қатысты); 2) белгілі бір көңіл күйге батты (сезім); to be sick at heart – 1) сағыну, қамығу (сезім); 2) жүрегі айну, құсқысы келу (денсаулыққа байланысты) соматикалық фразеологизмдерін жатқызуға болады.

Сөзге арқау, ойға тірек болып, тілдің бай фразеологиялық қорын жасауда ерекше маңызға ие соматикалық фразеологизмдердің қызметі айрықша. Сонымен қазақ және ағылшын тілдеріндегі дене мүшелеріне қатысты фразеологиялық бірліктердің ішінде жүрек соматизмімен қолданылатын фразеологизмдер тілде де, халықтың мәдени өмірінде де құнды болып келеді. Жүрек өзінің негізгі қызметі болып саналатын адам организміндегі қан айналу процесін реттеп, жоғарыда атап өткен адам бойындағы тек сезім, эмоцияны ғана білдіріп қоймай, адам танымындағы күлу, қуану, ренжу, қорқу, сезіну, ойлану секілді әртүрлі іс – әрекеттерді білдіреді. Жүрек – адам өміріндегі физикалық және рухани дүниетанымның негізгі көзі болып табылады.

1. Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер/Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 87б.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Ғылым.1986. – X Т.

3. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы, Жазушы. 2005. – 336б.

4. Жидебаев К.Н. Анатомические названия в казахском языке. Автореф. дисс.к.ф.н. алматы, 1977.

5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы, Арыс, 2007. – 800б.

6. Jennifer Seidl, McMordie W. Oxford pocket English dictionary. Oxford University press. 2003. – 317p.

7. Кунин А.В. Англо – русский фразеологический словарь. Изд. 3-е, М., 1967. – стр. 738.

* * *

В статье рассматриваются соматические фразеологизмы с компонентом «жүрек» – «heart» в казахском и английском языках.

* * *

This article is devoted to the study of phraseological units of somatism «heart» used in the Kazakh and English languages.

*Д. С. Рыспаева*

## ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ СПЕЦИФИКИ КОНЦЕПТА «ДОСТОИНСТВО» В ТЕКСТЕ

К вопросу о национально-культурной специфике языка обращались многие учёные в разных отраслях лингвистики, начиная с В. Гумбольдта и заканчивая представителями таких сравнительно молодых лингвистических наук, как лингвокультурология и теория межкультурной коммуникации, психолингвистика, этнолингвистика. Анализ теоретической литературы по проблеме изучения национально-культурной специфики языка позволяет говорить о том, что связь национальной культуры и языка происходит посредством сознания человека. Сознание как система значений, отражает весь предшествующий опыт данного общества.

Поскольку этническое самосознание базируется, прежде всего, на языке, следовательно, анализ языка позволяет исследовать менталитет того или иного народа. Единицей языка является слово, его функция – пробудить сознание, т.е. определенный концепт. Язык, являясь механизмом формирования и хранения культурной информации, дает право тексту быть носителем культуры, ведь именно в нем собираются все составляющие культуры. Однако правила построения текста, отображение экстралингвистических (этнических, индивидуально-авторских) параметров зависит от специфики культуры.

Ранее в лингвистике текст был только материалом для анализа, он рассматривался как среда, в которой функционируют различные языковые единицы. В середине XX в. текст сам стал рассматриваться как особая речевая единица, речевое произведение, соответственно этому сформировалась особая научная дисциплина — лингвистика текста, в качестве объекта которой, по мысли Т. М. Николаевой, выступают «правила построения связного текста и его смысловые категории, выражаемые по этим правилам» [1, 267].

Среда, в которой функционирует текст, — это культура и социум. Вследствие этого в последнее десятилетие стала активно развиваться мысль о необходимости выделения еще одного уровня, уровня культуры, так как она воплощается в текстах, ни опредмечивается, или, как считает Л. Н. Мурзин,

«существует в форме текстов — знаковых произведений духовной деятельности человека» [2,7]. Так, в свете новых парадигм лингвистический анализ художественного текста расширяется при помощи изучения и экстралингвистических параметров текста.

Поворот лингвистики к целостному тексту как к объекту исследования, а так же рассмотрение его в теоретической среде антропологической лингвистики и когнитологии поставили ученых перед необходимостью исследования концептуального смысла текста.

Целью концептуального анализа является выявление парадигмы культурно значимых концептов и описание их концептосферы, т.е. тех компонентов, которые составляют ментальное поле концепта. По определению Е.С. Кубряковой «концепт- сущность ментальная, прежде всего, изучается в связи с процессом говорения и понимания как процессами взаимодействия психических субъектов» [3, 3].

Предпосылками анализа концептуального пространства текста можно считать достижения психолингвистики и традиционной стилистики. Психолингвистические эксперименты, направленные на исследование смыслового восприятия речевого сообщения и текста, подтверждают, что читатель воспринимает текст концептуально, в его смысловой целостности.

Концептуализация, или методика экспликации концептуализированной области художественного текста, основана на семантическом выводе ее компонентов из совокупности языковых единиц, раскрывающих одну тему. Ключевой концепт представляет собой ядро индивидуально-авторской художественной картины мира, воплощенной в отдельном тексте или в совокупности текстов одного автора. Концептуализация мира в художественном тексте, с одной стороны отражает универсальные законы мироустройства, а с другой – индивидуальные, даже уникальные, воображаемые идеи. Это значит, что концептосфера может быть наполнена множеством личностных смыслов [4].

Важную роль в формировании концептуального пространства текста играют экстралингвистические параметры текста, куда входят имя автора, жанр произведения, время его создания и т.д. [5,28].

Концептуальное пространство входит в состав семантического пространства текста. Наряду с ним выделяют также денотативное и эмотивное пространства текста. Универсальные смыслы «человек», «пространство», «время» являются доминантами семантического пространства текста, а соответствующие им текстовые категории выполняют общие текстообразующие функции. Анализ эмотивного пространства текста предполагает интерпретацию мира человеческих эмоций на уровне персонажа и оценку этого мира с позиции автора для преобразования его.

Денотативный подход нацелен на анализ отображенного в художественном тексте объективного мира. Компонентом денотативного пространства является макроструктура текста. Она в свою очередь состоит из макропропозиций, репрезентирующих в совокупности индивидуально-авторские знания относительно описываемой в тексте глобальной ситуации, т.е. частный вариант концептуализации мира.

Глобальная ситуация имеет событийный характер и связана с раскрытием главной темы в целом тексте. Большое значение для формирования концептов имеют повторяющиеся в тексте слова, так называемые – ключевые слова, именно они формируют текстовые смысловые связи.

В качестве примера анализа нами был выбран концепт *достоинство*. Концепт *«достоинство»* относится к категории нравственных концептов, присущих любой культуре. Он является базовым в модели мира, так как принадлежит к наиболее коренным категориям культуры. Данный концепт составляется ядро национального и индивидуального сознания, а отношение к нему входит в число определяющих характеристик духовной сущности человека. Концепт *достоинство* является влиятельным фактором в формировании жизненных позиций и поведения человека, поэтому данный концепт можно считать одним из ключевых в языковой картине мира. Являясь одним из универсальных концептов, в силу этнокультурных различий концепт *достоинство* приобретает различную трактовку в контексте различных культур. Богатство средств языковой репрезентации концепта *достоинство* в языковой картине мира позволяет выявить его различные признаки, подтверждающие значимость этого концепта для менталитета любого народа: во-первых, положительное измерение, принадлежащее как объекту, событию (достоинство монеты, товара, достойный труд, достойное поведение), так и субъекту; во-вторых, осознание собственной ценности - «быть на что-то способным», «превосходным», в-третьих, статус человека, его общественная значимость, т.е. «та оценка, которую ему дает общество». Под влиянием языкового сознания того или иного народа, времени, глобализации концепт *достоинство* приобретает специфические черты, например, доминирование одних значений над другими в соответствии с языковым сознанием (остро проявляется значение – *высокая оценка общества в* казахской и русской языковых культурах; казахской языковой картине мира *достоинство* расширяется до понятий родины и народа, тогда как в русской и английской языковой картинах сужается до внутреннего мира человека).

Примеры из художественных произведений, отражающие концепт достоинство, позволяют запечатлеть и распознать основные аспекты концепта, этапы динамики его развития. Предлагаемый образ достойного человека в художественных произведениях как бы указывает пути направления для реализации лучших помыслов человека, рисует идеалы добра и благородства. Образ достойного человека предстает перед нами в виде античного

героя, рыцаря, аристократа, интеллигента, солдата, готового пожертвовать жизнью ради родины.

Чувство патриотизма, любовь к родине, к своему народу основные составляющие человека уважаемого и достойного для казахского народа. Цель жизни казаха быть достойным сыном народа, не запятнать честь семьи, посвятить себя народу, подвиг батыра принадлежит не ему, а народу. Образ достойного сына народа мы можем наблюдать в романе-диалоге Азильхана Нуршаихова «Истина и легенда» (Ақиқат пен аңыз) [6]. В произведении автор описывает молодые годы полковника гвардии Бауыржана Момышулы. Всем известен решительный смелый командир, герой войны Бауыржан Момышулы, в произведении автор не возводит нерукотворный памятник герою, а особо акцентирует внимание на человеческие качества этого человека, его умении вести себя достойно во всех жизненных ситуациях: на поле боя, в обычной повседневной жизни, в общении с людьми. Роман-диалог написан в виде интервью, прерываемом воспоминаниями автора, разговорами и размышлениями, возникающими между автором и героем. Бауыржан Момышулы был человеком глубоко порядочным, имеющим четкое представление о долге, чести, совести и не позволял себе совершать подлые поступки и того же он требовал от окружающих его людей. Азильхан Нуршаихов описывая разговоры с героем старался показать его политические, военные, философские взгляды на жизнь, показать его мнение каким должен быть человек с этической, моральной точки зрения, то как воспитание патриотических чувств влияет на развитие личности человека.

*Анализ семантического пространства текста.*

*Ключевые слова,* участвующие в формировании концептуального смысла глобальной ситуации: *намыс, ар, халықтың рухы, отаншылдық, патриотизм, адамгершілік, жастар, қазақ.*

*Базовым концептом* является концепт *достоинство*, репрезентированный в казахском языке лексемой *намыс*. Ядром концептосферы является обобщенная когнитивно-пропозициональная структура: субъект – предикат – объект. Субъектом является образ героя, патриота. Позиция предиката представлена главным образом действиями героя, его поведением. Объект является многогранное чувство любви, в частности к родине, к родному народу.

*Анализ денотатаивного пространства текста* показывает, что *макростуктура теста* – набор микропропозиций и связывающих их отношений.

*Микропропозиции*: 1. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуға жұмсадым. Оларды өлмеу үшін, өз ұрпақтарын, өз халықтарының намысын, оның өздері сүйетін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жұмсадым.

2. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам, опасыз, оңбаған адам»

3. Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.

4. Әр адамның мінезі – астындағы тұлпары.

5. Адам өлгенімен оның еңбегі өлмейді, ерлігі өлмейді, ол атқарған ұлы іс өлмейді.

6. Намыс – азаматтың алтын туы. Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады.

*Глобальная ситуация* в произведении реализуется через размышления главного героя о чувстве долга, достойном человеке уважающем и высоко ценящем свой народ и это чувство рождает уважение к другим народам.

*Лексико-семантические репрезентации* текстового события подчеркивают значимость концепта *достоинства*, репрезентированного лексемой намыс. В ходе развития романа можно наблюдать то факт, что достоинство как черта присущая герою не находится в пассивном состоянии, оно активно действует, управляя жизнью героя, являясь путеводителем во всех жизненных ситуациях, заражая окружающих его людей. Семантика концепта достоинства в данном романе-диалоге включает в себя нравственные и национальные коннотации. Чувство любви к родине побуждает человека забыв о страхе жертвовать своей жизнью, чтобы отстоять честь родной земли, не уронить достоинство свое и народа (*Өзім де жаным арымның садағасы, халқым үшін қасықтай қаным пида деп, жанып тұрған отқа талай түстім*.). Уважение же к другим народам возникает лишь у человека который любит свою землю (*... халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді/ кейбір ұлттық киімдеріміздің үлгісін сақтау, үлкенді құрметтеу, ананы ардақтау, аганы қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерімізді жандандыра беру...*). Достойный сын народа не имеет права ничем запятнать свое имя, чтобы тень не пала на его народ (*Қайда, қайда жүрсемде жүректегі ұраным қазақтың: «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалы болды. Ел намысы ер намысы деп білдім*). Патриотизм не возникает на пустом месте, это чувство воспитывается и прививается человеку. Роман написан в виде диалога, а значит и есть явный адресат, автор, и читающий невольно воспринимает слова и размышления главного героя через призму авторского понимания. Все мысли и точка зрения главного героя законченные, четко сформулированные, без намеков и направлены четко на читателя, они как установка и в конце романа словами героя автор раскрывает цель этой открытости. Роман посвящен тому, чтобы описать образ достойного сына родины, которым гордится народ, чье имя стало легендой. Устами этого человека передается напутствие молодому поколению – *Ей, жүз жылдан кейінгі, мың жылдың ар жағындағы үрім-бұтақ, жұрағат жас ұрпақ! Естисің бе менің үнімді, жете ме саған менің дауысым.*

В течении всего романа концепт достоинство не статичен, мы видим, что обладание *достоинством* это процесс и четко выделяются *этапы его развития:*

1. пробуждение чувства собственного достоинства, воспитание и развитие в человеке этого чувства (*Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін аяусыз еткен еңбек пен ерліктен туады. / Әр адамның мінезі –*

*астындағы тұлпары. / Соның ағынымен адамдар өмірден зымырап өтіп жатады ғой, әйтеуір.*);

2. обладание достоинством (*Адалдық, арлылық, принциптілік сіздің қаныңызға сіңген қасеит екен-ау. Қан құрамында мәңгі өмір сүретін ақ, қызыл түйіршіктер сияқты, бұл қасиеттер сіздің жүрегіңізде мәнгі сақталып қалған ғой./Жақсының басынан дау кетпейді. Жаманның басынан жау кетпейді* );

3. потеря достоинства, проявление внутреннего малодушия, совершение поступков пятнающих честь и достоинство человека (*Кей адамның жүрегінен бұл қасиеттер (Адалдық, арлылық, принциптілік) жойылып, жоғалып, өшіп кетіп жатады. Бірақ олар сонда да өмір сүріп жүре береді. Ал сіз осының біреуінен айрылған күні өлетін шығарсыз.../ Кейбіреулер естелік айтса өзін ғана мақтап, мадақтап шыға келеді. Жазса өзімен замандас, тұстас өмір сүрген жақсыны жамандап, даттап әуре болады./... тырнақ астынан кір іздейді, кемітіп, келекелеп көрсетуге тырысады.../ Неге қазақтын жас жігіттері ауылдан келген қыздарды алдайды? Ар, ұят, намыс қайда?).*

4. умение сохранить достоинство (*өз халықтарының намысын, оның өздері сүйетін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жұмсадым... /Арманым халқымның намысына дақ түсірмеу болды/халықтың намысы үшін соғыстым/ Адам өлгенімен оның еңбегі өлмейді, ерлігі өлмейді, ол атқарған ұлы іс өлмейді./Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. Оларды ұялтпайын, ағайын-жұртымды жерге қаратпайын дейді/ араққа үйір болмауы керек, арақ адамгершіліктің, азаматтың , ақылдың жауы. Арақ азғындыққа жетелейді*);

Лексико-семантические репрезентации указывают на бытийный уровень размышления автора. Можно обратить внимание на сюжет произведения: описания человека легендарного поступающего достойно в любых жизненных ситуациях, а с другой стороны обычная жизнь человека, где за принципы ему иногда приходилось платить многими возможностями. Данный сюжет имеет огромный культурный подтекст к которому апеллирует автор.

*Анализ художественного времени и способы его текстового воплощения.* Данное произведение написано в настоящем времени. Автор показывает текущую картину, состояние жизни героя. В тоже время он пишет о событиях, которые происходили в его жизни. Так можно говорить о сосуществовании в произведение настоящего и прошедшего. Времена тесно связаны между собой, одно взаимосвязано с другим причинно-следственными связями.

*Анализ эмотивного пространства теста.* Тема развития концепта достоинства в личности человека, основанного на чувстве патриотизма, пронизывает весь роман эмоции изменяются от положительных (*құрметтеу, сүю/ ардақтау/ жан-тәнімен жақсы көру*) до крайне негативных (*қарсы күресу/ жан-тәнімен жек көру/ жирен мұрты едірейіп, электр сымының біріне-бірін жақындатқан екі ұшындай болып, шытыр-шытыр ете қалады / менің зығырданым қайнады*), присутствуют также глобальные событийные эмоции. Рассуждения героя сопровождаются вкраплениями автора, представляющими собой положительную эмоциональную оценку.

Таким образом, в данном произведнии концепт *достоинство*, представленный лексемой *намыс* в казахском языке, включает в себя следующие смыслы: это неотъемлимая черта характера сильного человека, проявляющаяся во всех его поступках и мыслях; это чувство можно привить, оно закладывается через воспитание семьей, самим человеком через внутренние потребности. Особенность концептосферы «достоинство» в анализируемом произведении – это текстовая значимость передаваемая через образ легендарного героя, достойного сына народа.

Подводя итоги концептуальному анализу романа-диалога Азильхана Нуршаихова «Истина и легенда» (Ақиқат пен аңыз) мы видим, что индивидуально-авторские знания о мире формируют специфическую концептосферу. Ядро – когнитивно-пропозициональная структура, приядерная зона концепта представлена лексическими репрезентациями этой структуры, ближайшая периферия – образные репрезентации: а дальнейшая периферия – это эмоционально-оценочные смыслы.

1. Николаева Т.М. Лингвистика текста: Современное состояние, синтаксис и перспективы // Новое в зарубежной лингвистики. – М., 1978, вып.9.,с.263

2. Мурзин Л.Н. Язык, текст и культура // Человек – текст – культура. –Екатеринбург, 1994,с.7

3. Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика – психология – когнитивная наука // Вопр. Языкознания. 1994а.№4,с.3.

4. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста, Екатеринбург «Деловая книга», 2004.

5. Караулов Ю.Н Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – М., 1981,с.28.

6. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог., «Жазушы» – 1980, 360.

* * *

Бұл мақалада намыс концептінің әр халықтың мәдениетіне сай адамгершілік категориясына талдау жасалынған және оның ұлттық-мәдени ерекшеліктері мәтіннің концептуальдік талдауының мысалында көрсетілген.

* * *

The concept of dignity, a basic moral category that exists in any culture, is analyzed in this article. Its national and cultural specifity is shown on the example of the conceptual analysis of a text.

*Қ. Сегізбаева*

# ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫРИДІҢ «ЖЫЛНАМАЛАР ЖИНАҒЫНДАҒЫ» АРАБ, ПАРСЫ СӨЗДЕРІНІҢ ҮЛЕС САЛМАҒЫ

Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағы» - XVI ғасырдың соңында жазылған еңбек. Негізгі бөлігі Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарихынан» жасалған еркін аударма болғандықтан және сол дәуірдің дәстүрі бойынша шежіреде арабизмдер мен фарсизмдердің көп болуы табиғи құбылыс екендігін бұдан бұрын жазылған еңбектерде және біздің мақаламызда айтылды. Олардың түркі тіліне ену себептерін Б.Сағындықұлы былай сипаттайды: «...Түркі халықтарында бұрын-соңды болмаған ұғымдар мен зат атаулары ескерткіштерде араб-парсы сөздері арқылы берілген. Мұндай сөздердің көпшілігі діни ұғымдар, ел басқару істеріне, экономикаға, ғылым мен мәдениетке, қоғамдық өмірдің тағы басқа салаларына байланысты терминдер. Әрине, мұндай сөздер аударуға келмейді, аударған күнде негізгі мағынасы бұзылып кетер еді.»[1.18] Қадырғалидің шежіресінде де осы аталған тақырыптағы сөздердің бәрі бар. Араб, парсы сөздерінің зерттелу жайы сөз болған мақалада оларды: 1. Адам; 2. Табиғат; 3. Қоғам; 4. Дін, - деп төрт тақырыптық топқа бөліп қарастырған едік. Бұл топтарды кеңірек тарқатып айтсақ:

1. Адамның мінез-құлқын , психологиялық жай-күйін сипаттайтын сөздер:*таһайиуж* (а.) _ толқу, қобалжу;*таһауур* (а.)_ абайламаушылық, көзсіздік; *харис* (а.) _ құмар, ашкөз; *мутахайир* (а.) _ абыржыған, сасқан; *муафиқ* (а.) _ келіскен; *му'табар* (а.) _ сыйлы; *дуст* (п.) _дос; *душман* (п.); *хуш* (п.) _ жақсы, көңілді; *хуб* (п.) _ жақсы, қайырымды, әдемі; *бичоре* (п.) _ кедей,бейшара; *гунаһғар* (п.) _ күнәкар. *Мутахайир* және *хайран* деген сөздер араб тілінде бір түбірден тарап, бірдей мағына береді. Соның *хайран* деген варианты қазақ тіліне еніп, «қайран қалу» түрінде және өкінішті білдіретін экспрессивті мағынада қолданылады: Қалың елім, қазағым, *қайран* жұртым(Абай).Араб тілінде ғафил деп дыбысталатын сөз де қазақ тіліне енгеннен кейін «қалу» көмекші етістігімен тіркесіп, «қапы қалу» күйінде қолданылып жүр. Парсының *дос*, *дұшпан*, *бейшара* сөздері тілімізге ертекерте еніп, әбден сіңісіп кеткен. *Бейшара* сөзі парсы тіліндегі «би»( -сыз,-сіз) префиксі мен «чаре»(амал,шара, көмек) сөздерінің бірігуінен жасалған. *Гонаһкар* сөзі *гонаһ* және -кар сөз тудырушы жұрнағының бірігуімен жасалған.

2. Табиғатқа,кеңістікке және уақыт өлшеміне байланысты атаулар: *уақт* (а.); *уалайат* (а.); *замин* (п.) жер; *қал'а* (а.); *мағриб* (а.)-батыс; *машриқ* (а.)-шығыс; *маймәнә* (а.)-оң жақ; *майсара* (а.)-сол жақ; *муддат* (а.)-кезең,мезгіл; *дуния* (а.); *жануб* (а.) - оңтүстік; *жиһат* (а.)- жақ, бағыт, мекен; *шимал (*а.)-солтүстік; *иқлим* (а.) - аудан,аймақ; *марғзар* (п.)-шалғын; *дариа* (п.)- теңіз; *дәшт* (п.)- дала*; рамазан* (а.); *иакшанбе* (п.). «Арабтың *уалайат* сөзінің жалпы «ел» мағынасында жұмсалғандығын» Р. Сыздық айтып кеткен.[2.89] Ал *қал'а* (қала) сөзінің араб тіліндегі мағынасы – қамал, бекініс.

3. Әлеуметтік-қоғамдық, саяси атаулар: *тақрир* (а.)_ шешім, қарар; та' *айин*(а.) _ тағайындау; *тасарруф*(а.) _жүріс-тұрыс, өз бетінше әрекет; *туһма*(а.) _айыптау; *даулат*(а.); *хидма* (а.) – қызмет; *халқ* (а.) – халық ;*мажал*(а.) – мекен, орын, сала; *машһур* (а.); *ма' руф* (а.) – белгілі. Шежіреде қызмет деген сөздің хидмат және хизмат варианттары жарыса қолданылған. Арабтың хидма сөзі парсы тілінде хизмат түрінде жұмсалады.

4. Діни ұғымдарға байланысты атаулар: *муслим* (а.); *муртад* (а.) _ күпір, діннен безген; *'ибадат* (а.) _ ғибадат; *мунажат* (а.); *малаик* (а.)_ періште; *масжид* (а.); *ду' а* (а.) _ *дұға; кафир* (а.);*шари'ат* (а.); *ислам* (а.); *иман* (а.); *ихлас* (а.) *; хақ та'ала* (а.); *худай* (п.);*пейғомбор* (п.); *намаз* (п.); Діни ұғымдарды білдіретін араб сөздері парсы сөздеріне қарағанда, әрине, көбірек. Қазіргі тілімізде кең қолданыс тапқан, үйреншікті сөздер жиі кездеседі. Сонымен қатар, көпшілікке түсініксіз сөздер, тіпті тұтас сөйлемдер ұшырасады. Мысалы: «Та'риф ием даулаты дур, мадх исмі ишарат байаны раби ла йазал аз мулкуң уа алнас та риф»; «Уа махал зухур ол халдын ужуд шахс шариф би һамал болғай». Аталған ескерткіш тілін тұңғыш рет монографиялық ізденіс ретінде зерттеген және профессор Березиннен кейін 135 жылдан соң ескерткіш мәтінін транскрипциялап, қазіргі қазақ графикасымен жариялаған профессор Рәбиға Сыздық мұндай сөйлемдер жөнінде «... не түркіше, не түпнұсқаша, не арабша баяндау деуге болмайды, мұндағы бөгде тілдік тұлғалардың көбін не түркі жазба әдеби тіліне, не түркі халықтары тіліне енген, түсінікті сөздер деп тануға және болмайды» деген.[ 2. 69]

5. Соғыс қимылдарына байланысты сөздер: *таби'* (а.) _бағынышты, тәуелді; *харб* (а.) _ соғыс; *қатл* (а.) _ өлтіру; *ғарат* (а.) _ басқыншылық; *ма' рака* (а.) _ ұрыс, шайқас; *мақһур* (а.) _ жеңілген, бағынған*; махбус* (а.) _тұтқын; *ғасб* (а.) _ зорлық-зомбылық; *асир (*а.) _тұтқын; *һалак* (а.) _өлім; *ләшкәр* (п.)_ әскер; *сипаһ* (п.)_ жауынгер; *герефтар* (п.); *бәнде* (п.)- *шаһид* (а.) _ соғыста қаза болған адам, құрбан. *Герефтар* мен *шаһидтан* басқасы қазіргі оқырманға түсініксіз, қазақ тілінде қолданыста жоқ сөздер. Ал кіріптар сөзі *герефт* етістігіне( ұстау, алу) - ар жұрнағы (етістікке жалғанып, сол етістік білдіретін қимыл-әрекет бағытталған адамды білдіреді) жалғану арқылы жасалған, «ұсталған, тұтқын, қиын жағдайға түскен» деген мағынаны береді. *Бәнде* сөзі *бәнд*(байланыс, бау) етістігіне -е жұрнағы( зат есім, сын есім тудырушы) жалғану арқылы жасалған. Шежіреде тұтқын мағынасында жұмсалған.

6. Дерексіз ұғым атаулары: *та'алуқ* (а.) _ байланыс; *тазарру*'(а.)_ көнгіштік, бой ұсынушылық; *тафсил(а.)*-толықтық,нақтылық; *тартиб(а.)_ хақиқат(а.); хақ(а.); салабат(а.)*- қаталдық,беріктік; 'айш (а.)-өмір;'ишқ(а.)-ғашықтық; 'адауат(а.)-жаулық, дұшпандық. 'Иззат(а.)- сөзінің араб тіліндегі мағынасы:1) атақ,даңқ, абырой; 2)қымбатшылық. Ал қазақ тілінде ізет болып өзгеріп, «құрмет» деген мағынаға ие болған. Араб тілінен енген сөздердің негізінен абстракт ұғым атаулары болып келетіндігін Э.Наджип [3.142 ], Р.Сыздық айтып кеткен болатын [2.61]. Біз қарастырып отырған шежіреде де арабизмдердің дені абстракт ұғым атаулары.

7. Атақ-дәрежеге және туыстыққа байланысты атаулар : *аба*(а.) _ әкелер, *аждад*(а.) _ аталар; *бну*(а.) _ ұл; *мәлик*(а.); *султан*(а.); амир(а.); *падешаһ*(п.); *фарзанд*(п.); *шаһзаде*(п.); нәбире(п.); хашам(а.)-нөкер,өрен-жаран; *хаким*(а.), *уали ал-аһд*(а.)_ тақ мұрагері; жасус(а) – тыңшы; шаһиншаһ(п)- патшалардың патшасы.

Шежіре тіліндегі араб парсы сөздерінің үлес салмағын анықтау мақсатында белгілі түркітанушы, Э.Н.Наджиптің әдісіне сүйендік. Ол Құтыбтың «Хосрау уа Шырын» поэмасындағы араб, парсы сөздерінің жалпы санын 36,7 пайыз деп есептеп шығарды, [3;139] Б.Жұбатованың есептеуінше ХХ ғасырдың басындағы қазақ қисса-дастандарындағы араб, парсы сөздерінің үлес салмағы орта есеппен 27-28 пайызды, ал XI ғасырда жазылған Ахмет Йасауидің «Диуани хикметінде» 25 пайызды құрайды. Зерттеуші: «Демек, XIX ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қиссалар тіліндегі араб, парсы сөздерінің қолданылуы олардың орта ғасырлардағы қолданылу дәрежесімен бірдей дерлік болған», - деп қорытады[4.79].XVII ғасырда жазылған Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресіндегі» арабизмдер 7,9 пайызды, ал фарсизмдер 7,3 пайызды құрайды.[ 5.36 ]

Ал Қадырғали Жалайыри тіліндегі арабизмдер мен фарсизмдердің үлес салмағын анықтау үшін біз де лингвостатистика әдісіне жүгінеміз. «Жамиғ ат-тауарихтың» тілін зерттеген татар ғалымы З.А.Хисамиеваның есептеуі бойынша, шежіредегі түркі сөздері –58 пайызды, араб сөздері – 28 пайызды, парсы сөздері – 13 пайызды құрайды.[6.15] Ал Р.Сыздықтың пікірінше, бұл көрсеткіш сәл өзгешелеу шығуы мүмкін деген. Шежіренің көпшілік бөлігі _ Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарихынын жасалған еркін аударма, ал кіріспе бөлімі мен шежіре соңындағы бірнеше дастан Қадырғалидың өз шығармалары болғандықтан, сандық есептеуді бөлек жасадық. Сонымен қатар, шежіре тілінің ерекшелігіне сәйкес ондағы ономастикалық атаулар мен кісі аттарының көптігіне байланысты, жүргізген сандық есептеуімізде бұл сөздердің арасалмағын да ескеріп, есептен шығарып тастадық:

| | барлық сөздер саны | ономастикалық атаулар мен кісі аттары | араб сөздері | парсы сөздері |
|---|---|---|---|---|
| аударма тараулары<br>қайталанатын<br><br>қайталанбайтын | 26640 | 2621 | 2829<br>11,8%<br><br>477<br>2% | 1083<br>4,5%<br><br>134<br>0,6% |
| өзі жазған тараулары<br>қайталанатын<br><br>қайталанбайтын | 3600 | 707 | 610<br>21,08%<br><br>190<br>6,6% | 221<br>7,6%<br><br>17<br>0,6% |

Сонымен, сандық есептеудің нәтижесі З.А.Хисамиеваның пікірінен өзгеше шықты: шежіренің аударма тарауларындағы арабизмдердің үлес-салмағы қайталауларды есептегенде – 11,8 пайыз, есептемегенде_ 2 пайыз, фарсизмдердің үлес салмағы қайталауларды есептегенде _ 4,5 пайыз, есептемегенде_ 0,6 пайыз. Ал Қадырғалидың өзі жазған дастандарындағы арабизмдердің үлес салмағы қайталауларды есептегенде _ 21,08 пайыз, есептемегенде _ 6,6 пайыз, фарсизмдер _ қайталанатыны 7,6 пайыз, қайталанбайтыны 0,6 пайыз.

Кестеден көрінгендей, арабизмдер фарсизмдерге қарағанда әлдеқайда көп. Бұл есепке араб тексті кісі аттары кірмегендігін ескерсек, ол көрсеткіш тағы да өседі. Сонымен қатар, бұл араб сөздерінің барлығы дерлік парсы тіліне еніп, қазіргі тілде қолданыс тапқан. Автор көпшілік арабизмдерді парсы тілі арқылы алғандығын айғақтайтын бір дәлел – араб тіліндегі кейбір сөздердің соңындағы ة (әйел тегі және жекеше түрдің көрсеткіші) парсы тіліне енгеннен кейін ت дыбысына айналады ( ة – та марбута ت дыбысының графикалық варианты). Мысалы, араб тілінде _ حكاية // шежіреде –حكايت (хикая), ولاية // ولايت( уалайат), مدة//مدت ( мерзім), عمارة //عمارت. Қазақ тіліне енген араб, парсы сөздерін зерттеген Л.З. Рүстемов ол құбылысты былайша сипаттаған: «Парсы тілінің лексикалық элементтерінің басқа түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне ауысу процесін зерттегенде мықтап ескеретін жәйт бар. Парсы-тәжік тілдері едәуір мөлшерде араб

сөздерін өз бойына сіңіріп, біржола иемденіп алған, араб төркіндес сөздерді төл сөзіне айналдырып жіберген. Мұндай араб сөздері түркі тілдеріне парсы тілі арқылы ауысқан.»[7.45 ]

Шежіре тіліндегі араб, парсы сөздерінің барлығын бірдей кірме сөздер дей алмаймыз, өйткені олардың көпшілігі қазіргі тілде қолданыс таппаған. Р.Сыздық шежіредегі араб, парсы сөздері туралы: «...олардың барлығын кірме сөз қатарына қосу қиын: «қатып қалған синтаксистік құрылымдар» немесе дайын клишелер ретінде келген араб, парсы сөздері шығарма тіліне енген кірме элементтер емес, жапсырмалар» деген.[2.68]

Сондықтан шежіре тіліндегі арабизмдер мен фарсизмдерді екі топқа бөлдік:

1) Қазіргі тілде бар араб, парсы кірме сөздері.
2) Шежіре тілінде ғана пайдаланылып, қазіргі тілімізде қолданыс таппаған араб, парсы сөздері.

Қазіргі қолданыстағы арабизмдердің бастапқы мағынасын сақтағандары: *ислам, иман, есім, ишара, есеп, дүние, хикая, нәсіл, кәпір, сабыр, қате, саясат, себеп, қайыр, әскер, әлем, ақыл, өмір, әділ, рух, күллі, яғни* және т.б. Осы топқа жататын парсы сөздері – *перзент, немере, патша, егер, өнер, аспан, мейман, реңк, намаз, азат, зақым, құдай, әшкере* және т.б. Бұл топтағы сөздер фонетикалық тұлғасын өзгертіп, қазақтың төл сөзіндей әбден сіңісіп кеткен.

Сонымен қатар, қазіргі қазақ тілінде қолданылғанымен, мағынасы кеңейген немесе тарылған сөздер көптеп кездеседі.Араб, парсы тілдеріндегі көп мағыналы сөздердің қазақ тіліне енгенде бір мағынасы ғана еніп немесе мүлдем өзгеріп, жаңа мағынаға ие болатындығын қазақ тіліндегі араб, парсы кірме сөздерін зерттеген Л.Рүстемов те, С.Кеңесбаева да айтып өткен[8. 85 ]. Б.Сағындықұлы бұл мәселе жөнінде: « Бұл жерде айта кететін бір жайт араб, парсы сөздерінің аталған ескерткіштерде, негізінен, бір-ақ мағынада қолданылатындығы. Яғни шығарма авторлары бірнеше мағыналы сөздерді пайдаланған кезде өздеріне қажетті деген бір-ақ мағынаны таңдап алған» дейді[1.21 ]

Мысалы: арабтың *насиха* сөзі «ақыл-кеңес» деген мағына береді. Ал қазақ тіліндегі мағынасы мүлдем басқа _ « насихат», «үгіт»( пропаганда) дегенді білдіріп тұр. Араб тіліндегі *нафс* деген сөздің мағыналары: 1) жан; 2) қан; 3) адам; 4) грам. жақ; 5) ниет, ой ,тілек, әуес; 6) ынта, жігер; 7) мақтаныш, абырой; 8) мән, маңыз. Қазақ тіліндегі «нәпсі» сөзі «қомағайлық», «ашкөздік» деген мағынаға ие болған. Арабтың *жинс* сөзі: 1) биол.тек, адам баласы; 2) сұрып, түр; 3) жыныс; 4) тұқым, тайпа, нәсіл, ұлт деген мағыналар береді. Ал қазақ тіліне енгенде мағынасы тарылып, бір ғана биол. жыныс мағынасын беретін болған. *Фи'л* деген сөздің араб тіліндегі мағынасы – амал, іс-әрекет, әсер, етістік. Ал қазақ тілінде *пиғыл* деген сөздің экспрессивті - стильдік реңкі мүлдем басқа болып тұр. *Ғариб* сөзі араб тілінде 1) бөтен, өзге, жат жұрттық; 2) оғаш, әдеттен тыс деген мағына береді . Қазақ тілінде тұрақтаған мағынасы – "байғұс», «бейшара», «қарып-қасер». *Қағида* сөзінің араб тіліндегі мағыналары - база, тұғыр, негіз, түп, асты, ереже, принцип. Осылардың ішіндегі біреуі ғана қазіргі қазақ тіліне еніп, «ереже, принцип» мағынасында қолданыс тапқан.

Шежіреде қазіргі тілімізден қолданыс таппаған сөздер көбірек.Сол заманның кітаби жазба тілі дәстүріне сәйкес автор қолданған арабизмдердің де, фарсизмдердің көпшілігі тілге сіңісе алмай, шежіре беттерінде қалып қойған. Мысалы арабизмдер: *хуруж* - шығу, *шарх* – түсіндіру, *шимал* – солтүстік, *халас* – құтылу, *хайат* – өмір, *хадд* – шек, харб – соғыс, нас – адамдар. Осы топтағы фарсизмдер: бисиар – көп, дибоче – кіріспе, *хануз*- әлі, *арзу* – арман, *нам* – атақ, даңқ, *ағаз* – басы, *рузгар* – замана, тағдыр т.б.

Автор қолданған арабизмдер мен фарсизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылатын және қолданылмайтындарының үлес- салмағын анықтасақ, төмендегідей болады:

| | арабизмдер | фарсизмдер |
|---|---|---|
| барлығы | 490<br>100% | 134<br>100% |
| Қазіргі қазақ тілінде қолданылатыны | 165<br>33,7% | 38<br>28,4% |
| Қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтыны | 321<br>65,5% | 96<br>71,64% |

Сонымен қатар, Қадырғали шежіресіндегі кейбір арабизмдер мен фарсизмдер түркі эквивалентімен жарыса қолданылып, араб_ парсы, араб _ түркі, түркі _араб _ парсы синонимдік қатарлар түзген, мысалы, *хақ та ала* (а.) – *худа* (п.); *камил* (а.) – *расиде* (п.); *малик* (а.)- *патша* (п.); *амир* (а.) – *шахзада* (п.), *амр* (а.) – *фарман* (п.); '*алам* (а.) – *жаһан* (п.).

Қорыта айтқанда, Қадырғали Жалайыридің «Жылнамаларындағы» арабизмдер мен фарсизмдердің үлес салмағы Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресіндегімен шамалас, ал XIV ғасыр жазба ескерткіштеріне қарағанда азырақ болып келеді, және ол сөздердің көпшілігі қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын лексика.

шартты белгілер: а._ арабша, п. _ парсыша

1. Сағындықов Б., XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштеріндегі араб-парсы элементтерінің лексикалық ерекшеліктері туралы.Қазақ ССР ҒА хабарлары, тіл,әдебиет сериясы. Алматы, 1976, №1

2. Сыздыкова Р.Г., Язык «Жами' ат-тауарих» Жалаири. Алма-Ата, 1989.
3. Наджип Э.Н., Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. Москва, 1979
4. Жұбатова Б.Н., Қазақ қисса-дастандарындағы араб-парсы сөздері, кандидаттық диссертация, Алматы, 2001.
5. Сейтбекова А.А., Әбілғазы Баһадүр ханның Түрік шежіресіндегі араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі, кандидаттық диссертация, Алматы, 2007.
6. Хисамиева З.А.,Язык дастанов Кадыр-Гали-бека. Автореф.дис.канд.филол.наук. Уфа,1980.
7. Рүстемов Л.З., Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы кірме сөздері. Алматы, 1982.
8. Кеңесбаева С.,Қазақ тіліне араб, иран тілдерінен ауыскан сөздер. Қазақстан мектебі, 1964. №1
9. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь.Москва, 1989.
10. Рубинчик Ю.А., Персидско-русский словарь. Москва, 1970.
11. Рустемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. Алма-Ата, 1989.

* * *

В статье описываются лексико-семантические особенности арабизмов и фарсизмов в «Летописи» Кадыргали Жалаири. Сделан статистический и тематический анализ заимствований.

* * *

The article describes lexical-semantic peculiarities of Arabism and Farsism in the Chronicles of Kadyrgali Zhalairi and gives the results of statistical and thematic analysis of adopted words.

***Р. Г. Сейдахметова***

# О КОММУНИКАТИВНОЙ РЕЛЕВАНТНОСТИ КЛЮЧЕВОЙ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ

Современная общественно-политическая лексика неоднородна по своему составу и гораздо шире по своей коммуникативной востребованности, поскольку локализация общественно-политической концептосферы в языковой картине мира непосредственно связана с детерминацией системно-структурных и таксономических свойств ее концептов и, соответственно, вербализующих данные ментальные структуры слов и словосочетаний. Так определяется состав общественно-политической лексики, куда входят слова и словосочетания, обслуживающие общественно-политическую коммуникацию не только специалиста-политолога, но и среднего носителя языка.

По мнению исследователей, основу словаря общественно-политической лексики образуют слова и словосочетания, соотносящиеся с единицами общественно-политической концептосфры наивной картины мира, зафиксированные в толковых словарях современного русского литературного языка и не сопровождающиеся в них пометами. Именно эта часть составляет ядро ОПЛ или «собственно ОПЛ», единицы которой взаимодействуют в процессе коммуникации «человека общественного» с разнообразными единицами периферии. На периферии же находятся единицы пассивного запаса, маркированные: 1) пометами, отсылающими к социальной сфере: родовыми (*спец., книжн.*) и видовыми (*полит., офиц.*); 2) стилевыми и стилистическими пометами: *высок., прост,, разг., през.*; 3) конкретизаторы, которые в зависимости от их видовой функции можно обозначать как: а) идеологемы (*в теории расизма*); б) хронологемы (*в годы гражданской войны);* в) локалемы (*в Англии*); г) конфессиалемы (*в православии*) [1, с. 3-5].

Исходя из понимания того, что специальная лексика и ее ядро – терминология представляют собой активную часть лексики, отражающую поступательное движение как общественного, так и научно-технического прогресса, мы считаем, что ядро ОПЛ составляет ОПТ, поскольку терминам мира политического свойственно выходить за пределы узкоспециального употребления в силу своей природы. Очевидно, что прочные и разносторонние знания о политике и мире политического – одна из предпосылок социализации человека, формирования культуры гражданственности, утверждения политической свободы, определяющих, в свою очередь, перспективы и основные направления демократизации общества. Более того, в наши дни СМИ выступают активным субъектом политической жизни, и в таком статусе они обладают мощным потенциалом политического влияния, превратившись в один из основных инструментов политического процесса в социуме. Мир политического – единственная специальная сфера, общение в которой ориентировано на массовую аудиторию.

Бұл әдіс те алдыңғы сияқты оқушыларды ұжым болып жұмыс жасауға үйретеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге бағыттайды. Сондай-ақ әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды. Осылайша ұйымдастырылған оқу сабақтары арқылы ауызша қарымқатысын қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Қорыта айтқанда, мәтінмен жұмыс жасау арқылы салыстыру операциясын меңгерту оқу жұмысында, тіл дамыту мен ой дамытуда аса маңызды. Балалар салыстыру арқылы қазақ тілі курсынан сөз бен сөзді, сөз тіркесін, мәтін мен мәтінді, бастауыш пен баяндауышты, зат есім мен сын есімді т.б. айыра білуге үйренеді. Өзіндік белгілерін терең тануға жаттығады.

1. С. Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы: Ана тілі, 1994.
2. Н. Құрманова. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері. –Ақтөбе, 2001. -298 б.
3. М. Балақаев. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2005. -317б.
4. Ф. Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Білім. 2000. -208б.
5. К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1974 ж.
6. Ә. Табылдиев. Тәрбие өрнектері. –Алматы: Мектеп, 1989. -143 б.

* * *

В статье рассматривается развитие языка на основе текста.

* * *

This article research analysis's basic of development language with help of text.

***А. О. Тымболова***

## САХНА ТІЛІНДЕГІ ИНТОНАЦИЯНЫҢ БАҒАЛАУЫШТЫҚ-ЭКСПРЕССИВТІК ҚЫЗМЕТІ

Сахнадағы бейненің уақыт талабына сай өзгеріп отыруы да заңды құбылыс. Әр кезеңнің өз театры, өз бейнесі, өз шындығы, өз мінезі болады.

Кез келген ұлттың сахна өнері өзінің тегінен, түп-тамырынан, яғни, ұлттық өнерден бастау алады, көне ауыз әдебиетіне жүгінеді. Біз қарастырып отырған кезеңдегі сахна тілінің көркемдік қуаты, саздылық сипаты ерекше.

Сахнадағы интонация – екпін, дикция, әуен, ырғақ, дем, үн, орфопэия мәселелерін қамтиды.

Сахна тілінде сөздерді дұрыс айту нормасы бірінші орынға қойылады.

Суреткерлер тілі – қазақ тілінің бай жүйесін сөйлем құрылысын түрлендіруге, сөздің әсер ету қызметіне, ой астарының салмағын сөзге түсіруге, тілдік норманы көркем қалыптастыруға қызмет етті.

Сахнада сөзді үзіп-жұлқып сөйлеуге, сөздің аяғын жұтып, асығып-аптығып сөйуге, дауыс екпінін дұрыс қоймауға, тыныс белгілерін терең ескермеуге болмайды. Яғни, сөйлеуші тыңдаушысына сөзді айқын, әуезді-әуенділігімен жеткізе білуі шарт. Сауатты актер тілдік қатынастың сапасын көрсетуі шарт.

Сахна тіліндегі интонация мәселесінің күрделі құбылыс екендігі айқын. Өйткені драматургиядағы басты нәрсе – тіл екендігін ескерсек, ондағы сауатты сөйлеу мәселесінің өзектілігі өз-өзінен түсінікті. Сахнадағы сөйлеу кезінде интонация аса зор рөл атқарады.

Интонацияның фонетикалық, коммуникативтік, стилистикалық, синтаксистік, эмоционалды-экспрессивтік, мағына ажыратушылық қызметінің барлығы

сахна тілінде айқын көрініс табады. Тілдің супер-сегментті тәсілдері фразалардағы сөйлеу толқынын, ырғағын анықтайды. Сондықтан, бүгінде интонология саласындағы ғалымдар интонация сегменттерін глобалдық әдіспен зерттеуді қолға алды.

Сахна тілінде интонацияның жиілігі, ұзақтылығы, қарқыны, интенсивтілігі анық көрінеді. Өйткені, онда сөйлеуші мен тыңдаушы арасында жанды байланыс орнайды. Сөйлеуші жеткізіп тұрған ойына өзінің эмоциясын қоса білдіреді.

Сөйлемнің логикалық мағынасы мен интонациясы тығыз бірлікте болады. Бұл оның қарым-қатынас қызметінің негізгісі болып табылады. Ежелгі заманнан-ақ интонацияны сахна өнерімен тығыз байланыстырған. Сахнадағы сөз кейде қарқынмен, кейде бірқалыпты айтылады.

Соның ішінде, интонация – поэтикалық мәтіннің мағыналық байлығын және фонетико-әуенді қырларын ашуда маңызды рөл атқарады. Интонация мағыналық және ритмикалық паузалар, логикалық екпін, ырғақты (темп) қамтиды.

Интонацияны фонетистер, фонологтар, синтаксис мамандары, әдіскерлер, әдебиетшілер әр түрлі аспектілерде қарастырып келеді.

Сөйлеудің акустикалық және перцептивті қырларын зерттегендер Л.П.Блохина, Л.В.Бондарко, Г.И.Бубнова, М.В.Гордина, Р.К.Потапова, Н.Д.Светозарова т.б.

Қазіргі тілімізде интонациялар өзіндік лингвистикалық қызмет атқарады. Интонациялар ауызекі сөйлеу тілінде бағалауыштық қызметті белсенді қозғаушы болып табылады. Сөйлеушінің қарым-қатынастағы жағымды және жағымсыз бейнесін ажыратуға көмектеседі. Просодикалық құралдардың негізінде, негізгі тонның жиілігі мен екпіннің айқындалуына ықпалын тигізеді.

Соңғы жылдары интонациялардың сөйлеушінің бір нысанға қарым-қатынасының эмоционалды көрінісін қарастыруға баса көңіл бөлінуде. Өйткені эмоционалдылық тілдік қатынас үдерісінің ажырамас бөлігі екендігі белгілі, ал интонациялар мұнда басты орын алады. Оның үстіне интонациялар сөйлеушінің эмоциясын білдірудегі бірден-бір көрсеткіш болып табылады. Орыс зерттеушісі Е.О.Фирсова интонациялардың экспессивті-бағалауыштық қызметін қазіргі француз тілінің негізінде қарастырады. Еңбекте интонациялардың өзіндік қолданысындағы бағалауыштық-экспрессивтік қызметіне кешенді талдау (лингвистикалық, аудиториялық, электроакустикалық) жасалынады. Автор «Мы считаем, что интонация является одним из важнейших, а часто единственным средством актуализации положительной или отрицательной оценки в процессе развертывание устного высказывания. Это обозначает что положительная или отрицательная оценка должна иметь собственный набор дифференциальных просодических признаков, позволяющих разграничить положительное и отрицательное оценочное отношение говорящего к объекту речи при слуховом восприятии» (1, 8б),-деп атап көрсетеді.

Интонациядағы тілдік интерференция біршама зерттелген дедік. Ғылымда интонацияны нысан ретінде ерекше талдау әдістемесі, оның ішінде көркем интонацияны баса көрсете отырып қарастыру көзделуде.

Стилистикалық графикалық құралдар мағынаны жеткізудегі функционалды тұрғыдан, яғни мәтіннің және авторлық интенцияның берілуінде маңызды болып табылады. Тілдің бұл қызметіне мәтінді визуалды қабылдаудағы информативтілік, реципиентке эстетикалық әсер ету, эмотивтілік, ассоциотивтілік жатады.

Көркем әдебиет тілін қарастыруда, көркем интонацияны зерттеу саласы әлі де тың. Бұл құбылыс өзіндік құрылымдық ерекшеліктері бар, мәтіндегі авторлық интонациялардың өзгешеліктерін қарастыруды қажет етеді.

Ауқымды фонетикалық формадағы дүниелерді синтаксистік тұрғыдан қарастырғанда, күрделі синтаксистік тұтастықтардан, сөйлеудегі түрлі коммуникативтік типті (хабарлы, бұйрықты, сұраулы) интонемалардан құралады. Интонемалар синтагмалардың барлық түрлерінде көрініс табады, бұл интонациялық өрнектердің фразалардағы құрылымдық-семантикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Осыған орай, поэтикалық шығармалардағы интонемалар туралы ғалым З.М.Базарбаева былай деп өте нақты көрсетеді: «Направление движения частоты основного тона, тональные диапозоны и уровни, мелодические интервалы, интенсивность, пауза, темп, тембр, локализация ударениий и др. просодические средства участвуют в интонационно-ритмическом построении поэтических произведений» (2, 269).

Демек, интонациялардың репрезентациясын талдауда нормативті және авторлық, соның ішінде авторлық стилситикалық құралдарға баса көңіл бөлінеді.

Жоғарыда айтылған мәтіндегі авторлық интонация туралы М.И.Баламакова: «Осознание роли стилистической графики как особого средства выражения авторской интенции, а также знание способов ее интонационной репрезентированности необходимо для адекватной интерпретации художественного произведения, для подлинно филологического его понимания (3, 163),-деп анықтайды.

Интонациялар сахналық мәтіндерде сөйлеу әуенін, созыңқылығын, интенсивтілігін, сөйлеу қарқынын білдіреді. Сондай-ақ, сөздердің мағынасын айқындаудың маңызды құралы ретінде сөйлеуді дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді.

Мәселен, көркем мәтіндерде дыбыстардың қайталануы күрделі құбылыс. Ғалымдар өлеңде кездесетін дыбыстық қайталамаларды эвфоникалық және метрикалық деп бөліп жүр. Дыбыстардың дисгармониясының эстетикалық мәні күшті болатындығы айқын. Дыбыстық құрам әсіресе поэтикалық тілде айқын сезіледі. Ғалымдар поэтикалық тілдегі әуезді-мағыналық құрылым көркем шығармалардың қуатын арттыратын негізгі құралдарға жатады (Л. Тимофеев) десе, О.Брик шығарманың тек

дыбыстық жағын талдау, оның сыртқы әдемілігін ғана көрсетеді дейді. Осы пікірге орай, белгілі ғалым Р.Сыздықтың «Сахнадан естілер сөз жайында» мақаласындағы: «Дыбыс үйлесімі белгілі бір өлшемге сай құрылған, төгіліп тұратын шешендік типтегі монологтарда өте-мөте көзге түседі. «Еңлік-Кебек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қобыланды», «Ақан сері – Ақтоқты» сияқты қазақ драматургиясы классикалық шығармаларының көп жерлері өлең емес, қарас сөз бола тұра осындай ұйқасты-үйлесімді сөздермен келеді» (4, 167),-деуінде интонацияға да қатысты үлкен мән жатыр.

Осы орайда, Абай өлеңдеріндегі көркемдеуіш тәсілдерді қарастырған Б.А.Қалиев: «Әуезділіктің (фониканың) стилистикалық «белсенділігі» тілдің эмоциялық бояуына (реңкіне) байланысты болады. Тілдің дыбыстық жағына мән берілу үшін сөздердің дыбыстауда (оқылуда) айқын бөлінуі және мәнерлілік бейнелілікке ие болатын дыбыстардың да бөлініп айтылуы тиіс. Бұл поэзия мен жоғары эмоционалды прозада ғана болуы мүмкін айрықша дауыс ырғағын (интонацияны) қажет етеді. Мұндай шығармаларда сөздердегі интонациялық еркіндікке едәуір қол жеткізіледі»,-дейді (5, 68).

Ал Е.В.Суслова болса, өлең стиліндегі интонациялады қарастырады. Өлең құрылымы интонациясының материалы – тілдік интонация болып табылады. Көркем шығармадағы автордың дара қолтаңбасындағы интонацияларды айқындауға күш салады. Ол туралы автор былай дейді: «Базой для проявления авторской индивидуальности в интонационном стихотворном стиле является речевая деятельность, направленная на выражение авторской концепции картины мира, устойчиво соотносимой с личностным смыслом открываемом в слове и в стихах» (6, 6).

Бұл орайда тағы бір айта кететін нәрсе, дыбыстық қайталамалардың түріне жататын – ырғақ мәселесі драмалық шығармалар үшін де маңызды. Бұл поэтикалық мәтіндердің табиғатын танытуда да аса қажет тәсіл. Суреткерлер өз шығармаларында дыбыстық жүйені талғап қолданады. Яғни, ырғақ инерциясын қалыптастырады.

Сонымен, интонацияның қай тілдің болса да жалпы жүйесіндегі орнын анықтау оңай мәселе емес. Б.Мальмбергтің айтуынша, просодияның, яғни интонацияның орны – тілдің құрылымының нағыз өзегінде жатады, оны аңғармау, оның маңызын дұрыс түсінбеу – тілдің жалпы табиғатын түсінбеумен барабар.

Театрдың көркем дәстүрлі тәжірибесімен тазартылған сахна тілі, ұлттық тілдің типтік санын, әуезді сөйлеудің, яғни әуенділік, иілгіштік, үнділік, сарындылық, мәнерлілілік күшін, орфоэпиялық тазалықтың ең жақсы қасиеттерін жинақтайды.

Сахнадағы сөйлеудің типтік сапасы театр дамуының, актер өнерінің ерекшелігінің және режиссерлік ұстанымның жалпы үрдістерінің әсері арқылы қалыптасады.

Дикция, дауыс, екпін, тыныс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық-интонациялық заңдылықтары, осының бәрі – сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары. Сахнада әртістің аузынан шыққан үнге қойылатын ең басты талап – дыбыстың таза, анық болуы. Яғни, дикция дегеніміз – бұл дыбыстың анық айтылуы. Бұл ретте орфоэпиялық және логикалық сауаттылық талап етіліп, ойдың нақты, анық болуы қадағаланады.

Ұлттық театрымыздағы сахна тілі жастарға үлгі болуы тиіс. Біздің театрларымыз, ұлттық сөйлеу мектебі, сөйлеу мәдениетінің эталоны қалыптасқан театрлар.

1. Фирсова Е.О. Оценочно-экспрессивная функция интонации (экспериментально-фонетическое исследования на мат. современного французского. языка). Иркутск, 2005г.

2. Базарбаева З.М. Казахская интонация. Алматы: «Дайк-Пресс», 2008ж. – 284 стр.

3. Баламакова М.В. Авторская интонация в тексте (стилистическая графика в фонетической освещении). Иванова, 1998г. – 194стр.

4. Сыздық Р. Тіл және ұлттық мәдениет (ғылыми мақалалар жинағы). Түркістан, 2005ж. – 221б.

5. Қалиев Б.А. Абай өлеңдеріндегі қайталамалар// Қарағанды университетінің Хабаршысы. №3 (55) 2009ж.

6. Суслова Е.В. Интонация и стиль стихотворной речи (на мат. поэзии XX века). Автореф. канд. диссерт. Самара, 2005г. – 16стр.

* * *

В статье рассматривается оценочно-экспрессивная функция интонации сценического языка. Раскрывается эмоциональное состояние говорящего с точки зрения паралингвистики.

* * *

Evolation – exspressive function of theatre language is considered in the article. The emotional state of speaker from the point of paralinguistics is also dealt in it.

***А. О. Тымболова***

## ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТІЛІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СИНТАКСИСТІК МИКРОПОЭТИКА

**Микропоэтика** – негізі жеке шығарманы, зерттеу талабының ерекшеліктеріне сай топ шығарманы (бір циклды, бір автордың әдеби бағыттағы жанрдың, тарихи кезеңнің қатысына қарай) баяндап, талдап түсіндіреді. Оның тақырыптық және идеялық қалыптасуы, сөзбен зергерленуіне дейінгі үдерістің (генеративтік поэтика) қамтылуы да қарастырылады.

Демек, микропоэтика барлық аспектіде көркем шығарманы баяндап, оның табиғатын ашумен айналысады, сол арқылы шығарманың эстетикалық ықпалды қасиетінің дара жүйесін, моделін жасайды.

Микропоэтиканың басты қарастыратын мәселесі – композиция, яғни барлық эстетикалық мәні бар элементтердің бір бірімен үйлесім-үндестігі. Микропоэтикалық талдаулар барысында барлық көркемдік құралдар сараланып, шығарма құрылымындағы барлық жай айқындалады.

Микропоэтика деген ұғым әдеби шығарманың поэтикалық тілін білдіреді дедік. Поэтикалық тілде сөзді тура және ауыспалы мағынада қолдануға болады. Егер бір құбылыстың берілуінің өзі поэтикалық болып келсе, онда сөз тура мағынасында қолданылады, ал егер ойды басқаша көрсету керек болса, яғни, кейпкерлердің сезімін жетілдіру керек болса, онда сөз ауыспалы мағынада жұмсалады. Эстетикалық мағынасы зор, оқырманды толқытатын поэтикалық шығарма, жай ауызекі сөйлеуге қарағанда, бір адамға ғана емес, бүкіл көрерменге ой салады.

Драматургиядағы поэтикалық тіл сахна тілі ретінде қарастырылады, оны драматург жазып, режиссер мен актер сахнаға шығарады. Актер сахнада автордың дайын мәтінін қолданады, бірақ оны спонтанды түрде, яғни өз жанынан шығарғандай етіп жанды күйде жеткізе білуі тиіс. Яғни, актер сөзге бар өнерін салады, ол сөз арқылы кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, сезімін, қайғысын, қуанышын т.б. көрсете алады. Демек, режиссер мен актер тіл арқылы кейіпкердің көзқарасын, мінезін, оның парасатын, ой өрісін жеткізуге тырысады.

Сахна тілінде диалектизмдерді орынсыз қолдану қатаң қадағаланады.

Олар әдеби тілдің фонетикалық, лексика-морфологиялық талаптарына сай келмейтіндіктен, белгілі бір диалектік топқа мінездеме бергенде ғана, оқиғаны аша түсу үшін қолданылады. Сондай ақ кино және театр тілінде ұзақ құрмалас сөйлемдер қолданылмайды. Драмалық шығармалардың қойылуында диалогтар, монологтар, актерлардың жеке репликалары сахна тілінің зерттеу нысанына айналады.

Драмалық актерлардың тілі орфоэпиялық жағынан жатық болуы тиіс. Режиссер актердің мінез-құлқына, өмірлік көзқарасына, әлеуметтік-физикалық және интеллектуалдық деңгейіне қарай рөл береді.

Драмалық шығармалардың көркем поэтикалық стилі, басқа көркем шығармалардан гөрі өзіндік әуенділігімен, эмоционалдығымен және ырғақ әртүрлілігімен көрінетін экспрессивті-функционалды стиль арқылы ерекшеленеді. Жалпы актер тіліндегі просодиялық реңктің басым болуы сахналық әрекеттің мәнін ашып, қажетті тонды, колоритті табуға көмектеседі.

**Фонетикалық микропоэтика.** Лингвопоэтиканың нысаны болған поэтикалық тіл және біз зерттеп отырған драмадағы көркем мәтін белгілі бір элементтердің, бірліктердің жүйесі. Осы элементтер мен бірліктер, олардың арасындағы қарым-қатынас пен байланыстың көркем бүтіндік түзуінің аясында қарастырылуы қажет.

Тіл білімінде тілді жүйелік және құрылымдық бағытта қарастыру фонетикалық деңгейден басталатыны сияқты, микропоэтикалық тілді зерттеу де ондағы бастапқы элементтерді, оларға қатысты факторларды, көріністерді талдаудан басталады. Яғни, микропоэтикалық тілде бастапқы элемент сөздегі дыбыс болып есептеледі. Осының негізінде фонетикалық микропоэтикаға әр түрлі фонетикалық құралдар жатады. Атап айтқанда, актерлардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту ерекшеліктерін, сахнадағы орфоэпиялық норманың сақталуын, ассонанс, аллитерация, эвфония, дыбыстық қайталаулар, ұйқас, паронимия мәселелері, сөздегі және фразадағы екпін, тілдегі ұлттық акцент пен оның интонациядағы өзгешеліктерін, контекстегі сөздің айтылуындағы түрлі өзгерістерді т.б. көрсетуге болады.

Күнделікті қолданыстағы тілде, ғылыми, ресми, публицистикалық тілде фонетикалық көріністер автоматты түрде қабылданатындықтан, аса байқала бермейді. Ал көркем мәтінде олар таңдап, талғап қолданылатындықтан өзгеше мәнге ие болады. Алайда мұндай өзгешелік сыртқы эффект, формалық қана көрініс болмастан, поэтикалық тілде көркем мәтіннің идеялық-тематикалық, композициялық, поэтикалық, семантикалық түзілістерінде де маңызды рөл ойнайды. Мұнда фонетикалық факторлар да эмотивтік, экспрессивтік, эстетикалық, семантикалық мәнге ие болып, поэтикалық мазмұнды ашып берудің бір маңызды қызметін атқарады.

Драмалық көркем мәтіндердегі фонетикалық факторларды жалаң ғана эвфония, үндестік, дыбыстық жақтан сәйкестікпен ғана шектеп қарастыруға болмайды. Эстетикалық бүтіндік деп саналатын көркем мәтіннің фонетикалық жақтан қолданысы да эстетикалық түрге ие болуы шарт. Сондықтан сыртқы әсерлер фонетикалық көріністердің негізгі міндетін түзбейді, ол мәтіннің немесе контекстің мән-мазмұнымен бірлікте қарастырылуы қажет. Демек, драма тілінің дыбыстық жақтан зерттелуі мазмұнмен бірлікте қарастырылғанда және эстетикалық мәнге ие болғанда ғана маңызды болмақ.

Драма тіліндегі фонетикалық факторларды мәтіннің семантикалық және композициялық түзілісімен байланыста талдаған жөн. Дыбыстар лексика семантикалық сөздің құрамында орын алғанда ғана функционалдық жақтан мәнге ие бола алады. Яғни дыбыстың орналасуы, жиілігі, позициялық өзгешелігі сөзге көшіп, көркем мәтінде олар дыбыстық түзілісі бойынша белгілі бір топтарға бірігіп, өзара байланысқа түседі. Кей жағдайларда фонетикалық түзіліске негізделген байланыстар грамматикалық (синтаксистік) байланыстардан да мықты болуы мүмкін.

Көркем мәтіннің түзілісіндегі фонетикалық семантикалық байланыстарды тудыратын қолданыстарға дыбыстық қайталаулар, аллитерация, ассонанс, рифма (ұйқас) кіреді дедік.

Драма тіліндегі қайталамалар белгілі бір тәртіпке, міндетке бағынып, мәтіннің жалпы мазмұнына

жеке бір психологиялық-эмоционалдық ассоциациялармен байланыс түзіп, семантикалық өрістерге бірігеді. Мұндай семантикалық өрістер мәтіндегі, мәтін астарындағы деректік мәліметті де, олардың негізінде концептуалдық мәнді де ашуға жәрдемдеседі.

Сөйлей білу – эстетикалық тәрбиенің бір бөлігі десек, айтатын ойынды дұрыс жеткізу, әр сөзді анық айту, дауысты меңгеру – бұл да мәдениеттіліктің белгісі.

Сахнада актердің аузынан шыққан үнге қойылатын ең басты талап – дыбыстың таза, анық болуы. Егер сөйлеп тұрған сөзіңізден бір дыбыс естілмей немесе күңгірт, шала естілсе, бар сөйлемнің мән, мағынасы бұзылады.

Сөздің екпінін бұзып айту тіліміздің орфоэпиялық нормасына зиян келтіреді.

Қазақ тілінің орфоэпиясына сәйкес персонаждардың тілінде дауыссыз дыбыстардың прогрессивті және регрессивті құбылыстары бақыланады.

Сонымен қатар, ассимиляция мен диссимиляциядан басқа әдеби тілді көркем қолдану мақсатында метатезалар жұмсалады. Олар омофондар мен каламбурлар т.б. туғызады.

Дикция – бұл дыбыстың анық айтылуы**.** Таза да айқын дикция сахна тіліне қойылатын басты талаптардың бірі.

**Сахна тіліндегі қарқын мен ырғақ. Репликалардың интонациялық-әуезділікпен берілуі. Дауыс тембрі.**

Сөйленістің негізгі мәні интонациялар арқылы беріледі. Ол белгілі бір экспрессияны, түрлі эмоцияларды, сөйлеушінің субъективті қатынасын, оның өзіндік мінездемесін бір мезгілде сипаттайды.

Арнаулы әдебиеттерде негізгі интонациялық құралдарға сөйленістің қарқыны (интенсивтілігі, ұзақтығы, мелодика, тембр) жатады.

Актер дауысының динамикалық диапазоны персонаждардың тебіренісі, сахналық әрекеттің ширығуымен байланысты. Ауызша және логикалық екпін түсетін буындар қатты естіледі. Сөздердің дыбысталуының ең үлкен ұзақтығы фразалық екпіндегі сөздің буынына түседі.

Сөйлеу мен дауыстың өзіндік ерекшелігі адамға табиғаттан беріледі. Яғни адамның психофизикалық ерекшелігі, сыртқы келбеті, мінез-құлқы, т.б. оның сөйлеу ерекшелігін қалыптастырады.

Акцент жасалатын сөйлеу актілері баяу қарқында түрлі ұзақтықтағы паузалар арқылы беріледі. Паузалар персонаждардың эмоционалды, психологиялық жай күйін білдіреді. Психологиялық паузалар бір нәрсені күткенде, ойды аяқтамай, сөйлемді толық айтпаған кезде, бір жағдайларды еске алудың алдында қолданылады.

Бұдан басқа, физиологиялық (дем тартуда, шаршаған адамды суреттеуде) және ритмикалық паузалар (өлең және прозалық шығармаларда) болады.

Тембр (әуезділік) – бұл дауыстың эстетикалық сапасы. Дауыстың жағымды тембрі репликалар, монолог пен диалогтардың эмоционалды әрекетін күшейтеді.

Сахна тіліндегі акцент жасауда (логикалық екпіндерде) дауыс тоны жоғарылайды. Фразалық екпіндер (негізінен логикалық екпіндер) дауыс тонының төмендеуінен, ал тактикалық (көмекші логикалық екпін) жоғарылығымен ерекшеленеді.

Дауыс тонының өзгеруі персонаждардың мәтін астарын ашуға көмектеседі. Сөйленістің әуезділігі (тембр, мелодика), сөйлеудің бірнеше синтаксистік құралдары қарсыласу, бұйыру, сұрау, көлгірсу, тікелей кінәлау, тұжырымдау, ирония, юмор т.б. арқылы беріледі.

Сөйлеудің эмоциялылығында дауыс – «вокалды канал», ал дем – эмоционалды ақпаратты беру көзі ретінде маңызды рөл атқарады.

**Синтаксистік поэтика.** Драмалық шығармалардың мазмұнын жоғары көркемдік деңгейге жеткізуде, көрерменнің ойы мен сезіміне айрықша әсер етуде драматургтер синтаксистік поэтиканы да орынды қолданып отырады. Автордың тілдік қорына байланысты сөйлемдер кейде қысқа, ұзақ, жай, күрделі, кейбірі контексте түсінікті болса, кейбір сөйлемдер түсіп қалады (анаколуф) немесе сөйлемдегі кейбір бөліктер әдейі бұрмаланып (солицизм) қолданылады. Кейде тілдің поэтико-эстетикалық табиғатын ашу мақсатында персонаждардың сөздері бір-бірімен қабыспай да жатады.

Көркем мәтіннің құрылымдық-фундаменталдық белгісі болып оның өзгеше ырғақтық түзілісі есептеледі. Көркем мәтіндегі **ырғақ** тілдік бірліктердің, оның ішінде синтаксистік бірліктердің семантикасына, функцияларына, қарым-қатынасына әсерін тигізеді. Егер шығармадағы ырғақ мәселесі ескерілмесе, шығарма ішкі күрделілігінен ажырап, тек сыртқы фактілік мәліметті ғана беріп көркем мәтін болудан қалады. Сондай-ақ шығармадағы ырғақсыз мәтіннің терең мәні, мәтін астарындағы және концептуалдық мәліметті жинақтайтын екінші коммуникативтік жүйе де болмайды.

Көркем мәтіндегі ырғақтың семантикалық рөлі шығармадағы интонациялық өзгешелікпен байланысты. Көркем мәтінді талдағанда екі интонациялық жүйе ескеріледі. Біріншісі, мәтіннің ырғағы, екіншісі, синтаксистік түзілістер мен элементтерді мағыналық жақтан қарастыру. Мағыналық интонация ырғақтық интонациямен функционалдық жақтан да, семантикалық жақтан да сәйкес келмейді. Мағыналық интонация мәтіндегі сыртқы мағынаны вербалдық түрде көрсетеді. Сондықтан көркем мәтінде шешуші рөлді ырғақтық интонация ойнайды. Ол мәтіннің ішкі терең астарын ашуға көмектеседі.

Диалогтар құруда драматург түрлі экспрессивті құралдарды пайдаланады. Диалог конструкциясы драматург шығармашылығының жалпы бағытына байланысты. Шығармашылықтың мұндай бағыты драматург тіліне белгілі дәрежеде синтаксистік поэтикалық реңк үстейді.

Кейбір драматургтер бір персонаждың мінез-құлқын, оның ішкі дүниесін көрсету үшін, екінші персонаждың аузына сөз салып, соған айтқызады. Бұлар қысқа да, терең мағыналы репликалар арқылы жүзеге асады.

Кейбір драмалық шығармалардағы персонаждар тілінде өте қысқа берілетін фразалар жекелеген фактілерден ғана хабардар етеді. Спектакльдегі бұл тәсіл көрерменге өте күшті әсер етеді. Ал аса күрделі синтаксистік поэтика кейбір жағдайларда ғана, яғни персонаждардың көңіл-күйін, лирикалық сезімін көрсету үшін қолданылады.

Синтаксистік поэтиканың негізін құрайтын ұзақ диалогтар мен монологтар, біз талдап отырған XX-ғасырдың бас кезіндегі авторларға тән болды.

Ал қазіргі драматургтер заман ағымына, көрермендер талабына орай қысқа фразалы, бір актілі пьесалар жазуда.

Драматургия тілінің жалпы құрылысы персонаждардың мінез-құлқын, олардың арасындағы қақтығыстарын, ойлары мен сезімдерін түрлі образ-құбылыстар арқылы жарқырата көрсетуден тұруы шарт. Сахнадағы түрлі әрекеттерді беруде драматург бір сөйлеммен ғана шектеліп қала алмайды. Сондықтан, бұйрық райлы етістікті лепті сөйлемдерсіз, шылауларсыз, жалғауларсыз, қайталамаларсыз, тілдік конструкциядағы себеп-салдарлы сөйлемдерсіз сахнадағы ширыққан тартысты, түрлі қақтығыстарды беру де мүмкін емес.

Персонаждар мінез-құлқының үздіксіз дамуын көрсету үшін драматургтер лексика-композициялық (акромонограмма, т.б.) қолданыстарды қолданады. Мұндай жағдайда алдыңғы сөйлемнің соңғы сөзі немесе сөз тіркесі келесі сөйлемнің басында қайталанып отырады. Мысалы:

*Ақтоқты. Мен, өзім.*

*Ақан. Өзім?! Енді не қалды?!* (Ғ.Мүсірепов. Ақан сері Ақтоқты) (103)

Көрермен назарын болып жатқан оқиғаға, ондағы көтерілген мәселеге аудару үшін драматургтер ежелден-ақ риторикалық сұрақтарды пайдаланған. Мұндай риторикалық сауалдар көрермендерден жауап алу үшін емес, қойылған сұрақтың маңыздылығын баса көрсету үшін қолданылады.

Сюжет барысында драматург ауыр тартыстар мен қақтығыстарды көрсетуде эпифораларды пайдаланады. **Эпифора** – әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөздің бірнеше мәрте қайталанып отыруы. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» Қодар: Елім шалғай... Жерім де шалғай... Кімім бар арқа сүйерлік!.. немесе Жантық: Жылама, бәйбіше, жылама!.. Мен жыласам қатыннан да аырар едім, пайда не?.. (43б). Мұндағы Қодардың да, Жантықтың да іштегі күйзелісі сөз қайталау арқылы еселене түскен.

Сахна тілін зерттеуде драмалық шығармалардың лексикалық және авторлық фонетико-грамматикалық ерекшеліктерін де ескеруге тура келеді.

Ұлттық тілдің қаймағы болып саналатын образды фразеологиялық қолданыстар да – метонимия, метафоралар персонаждардың репликаларында өте әсерлі естіледі.

Драмалық шығармаларда көрініс табатын адамның рухани әлемі өзге сөз өнеріндегі шығармалардан гөрі анағұрлым нәзік және көпқырлы. Бұл туралы Г.С.Нуриев: «Драматурги описывают душевное состояние, образ мыслей человека, которые могут быть высказаны, не могут оставаться невысказанными и которые понятны всем окружающим»,-[1, 20]деп дәл көрсетеді. Актердың ішкі ұмтылысы сөйлеу әрекетінің әсерін арттырады. Қысқа уақыттың ішінде-ақ кейіпкердің ішкі сезімдері, ширыққан тартыс, табиғи қабілеті, білдірейін деген ойы мен көзқарасы т.б., оның сыртқы бейнесі арқылы танылады.

Актерлық микропоэтикада көптеген тілдік қолданыстар жұмсалады. Ол үшін драматургтер тілдегі синтаксистік және лексикалық ерекшеліктерді, кейіпкерлердің сөздік қорын, образдың негізгі бейнесін ашатын сөйлеу мәнерін, актердың ішкі әлемі мен мінез-құлқын, т.б. қасиеттерін пайдаланады.

Осы тұста проф. Б.Шалабайдың тілдегі көріктеуіш құралдар жайлы: «Қай шығарма болмасын, ол өз тұсының тілдік бет-бейнесінің көрінісі. Сол сияқты көркем шығармаларда тілдің әр деңгейіндегі құрал, амал-тәсілдерінің жүйесі таңбаланады [2, 42б],- деуі де өте орынды деп білеміз.

Сондай-ақ драмалық шығармалардағы эпизодтық көріністердегі тілдік қолданыстар да ештеңемен алмастыруға келмейтін міндетті құралдарға жатады.

Актер тілі сенімді сахналық образды жасаудың құралы, ол мазмұнды қалыптастыруда, оны терең қабылдауда, нақты түсінуде белсенді рөл атқарады.

Сахнадағы әрекет ету, нормативтілік, шешендік, сөзді мәнерлі жеткізу, осының барлығы актердің тілдік шеберлігімен анықталады. Бұл сондай-ақ театрлық педагогиканың міндеті болып табылады.

Сонымен, микропоэтикада өзіндік тілдік конструкциялар – синтаксистік фигуралар, синтаксистік құрылымдар – тілді көркемдік тұрғыдан суреттеу қызметін атқарады.

1. Нуриев. Г.С. Орфоэпия и дикция. Казань: Мәгариф. – 1996. № 8. 19-22 с.

2. Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері. Алматы, 1997.

* * *

Объектом данного статьи являются проблемы фонетико-фонологических и синтаксических универсалий в языке драматургических произведении.

***А. О. Тымболова***

# ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ МИКРОПОЭТИКА

Поэтикалық драматургияда, поэтикалық поэзия мен прозада әлдебір құбылысты образды суреттеу лексикалық поэтика деп аталады.

Сөздің әсер ету күші ойдың тереңдігінен, оның экспрессиялылығынан, белгілі бір образды нақты суреттеуден көрінеді. Кейде актердің кейіпкердің мінезін аша алмай қиналған сәттері кездеседі. Мұндайда драматург персонаждың күйіп-жанған сүйіспеншілігі мен қатты тебіренісін ымен-ақ («сознательного недоговаривания») орайластырады. Сөзбен жеткізе алмайтын сахнаның мұндай нюанстары көрерменге түсінікті болып отырады.

Ал персонаждың көңіл-күйінің тез құбылуын суреттеуде, драматург, фабуланы дамыту үшін түрлі синтаксистік конструкцияларды қоладанады. Кейде драмалық шығармалардың поэтикалылығы репликалардан-ақ, яғни жеке сөз бен екі, үш сөйлемнен-ақ көрінеді.

Лексикалық поэтиканың негізін ауыспалы мағынасы бар сөздер, яғни, «троптар» құрайды. Троптар арқылы шығарманы жоғары көркемдік деңгейге жеткізуге болады. Троптардың мынадай түрлерге бөлінетіні белгілі: метафора, метонимия, синекдоха, симфора, гипербола, литота, ирония, аллегория, перифраза, образды эпитет.

Драматург оқиғаны көрсетудегі маңызды сәттерді арнайы таңдап алынған жоғарыдағы көркемдік құралдардың көмегімен көрсетуге тырысады. Мұндай жағдайда мәтін мазмұны шынайы өмірдегі оқиғалармен астасып кетеді. Көркемдік бейнелеу құралдары бір-бірінен жасалу тәсілдері және қолданылу мақсатына қарай ажыратылады.

Адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін, сырт келбетін, ішкі жан-дүниесін, замана келбетін суреттеуде М.Әеуезов тілінің көркемдігі анық көрінеді. Мәселен, «Қарагөз» пьесасындағы мына монологтарға назар аударайық:

*Қарагөз. Мал бергеннің жетегінде кетіп, іші өртеніп зармен өткен қазақ қызы аз ба?.. Малға балап, батамен матап, мені де осылай көп қыздың бірі етіп қор етер деп ойласамшы осы шаққа дейін сорлы басым? Маңдайыма кеп тас тигенде енді ғана бар қазасын, шер жарасын аңдаппын. Бүгін ғана сенің жаныңда, аяулы асық жарым жаныңда осы дүние сұмдығынан үркіп тұрған жүрекпен баурыңа тығыла тұра айтарым: лағынет, лағынет болсын сол қызықсымақ, сауықсымағына!*

*Сырым. Қостадым, жаным, жаныңмен үріккен зарыңды!.. Лағынет, лағынет болсын сені тұтқын етем деген қаралық малы, арам малы, қалыңмалына! Қаңғыманың алды осы түннен басталсын!..* (108),- деген кейіпкерлердің екі ауыз күйініш сөздерінен-ақ замана шындығы, сол дәуірдің тынысы, қалыңмалға сатылатын қыз байқұстың тағдыры ап-анық көрініп тұр.

М.Әуезов тілінде көркем әдебиетте кезіге бермейтін өзіндік соны тілдік қолданыстар жиі ұшырайды. Қазақ танымына етене жақын мұндай сөздер шығарманың идеясын айқындай түседі:

Сырым. Тарқатсаңшы ой кірін, (110)

Дулат. Жан жанан, өзіндей жан жананымды. (107) Осындағы асты сызылған дерексіз зат есімдер деректі зат есімдермен синкреттік тіркестер құрап, ой сонылығын көрсетеді.

Әдетте көркем әдебиеттегі поэтикалық мағына сөздердің стилистикалық қызметінен туатын мағынасымен ұштасып жатады. Сондықтан жаңа тіркестер, соны сөз қолданыстарын туғызу, сөздің үйреншікті мағынасын бейнелеп, поэтикалық көтеріңкі сипатта қолдану көркем шығармаларда жиі кездесетін құбылыс. Осыдан барып поэтикалық мағына қалыптасады. Ал поэтикалық мағына дегеніміз – троп, фигураның түрлері сияқты поэтикалық тәсілдерді қолдану арқылы сөздің айрықша әсермен, көтеріңкі мәнермен айтылуынан туатын мағынасы.

Мысалы, М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасындағы *«Қыздырманың қызыл тілі», «әр лебізің алтындай», «асқар таудай ақылың », «қиғаш қасты, қолаң шашты»* т.б. сөйлемдер мен сөйлемшелер немесе *«Мұрнын тескен тайлақтай ғып», «бойына сенген түйедей боп», «еркек тоқты құрбандық»* деген халықтық тіркестерде поэтикалық мағына айқын байқалады.

Сондай-ақ поэтикалық мағынаның бастау көзі халықтың ауыз әдебиетінде жатса, М.Әуезов оның да не түрлі үздік үлгілерін орнымен қолдана білген: «Тебінгіден тер, қабырғадан қан жаудырам ба?», «қылша мойын талша», «білегінің күші, жүрегінің түгі бар», «ақ қ ар, көк мұз» т.б.

Сөз мағынасы заттық-логикалық ұғымнан басқа айтушының көңіл- күйін, сезімін, сонымен бірге сөздің грамматикалық сипатын да білдіре алады. Әрине, бұдан сөз мағынасының ұғымнан кең екендігін көреміз. Мысалы, *дос* немесе *сүйем* сөздерін жай алғанда ешқандай образ жоқ. Ал шығармада осы сөздер бүтін бір поэтикалық образ жасап тұр:

*Кебек. «Өз көңілімді барласам дүниенің бәрі дос. Жарқыраған күн де дос, тұнжыраған түн де дос. Сауық құрам – ән сүйем, саят құрам – аң сүйем, жалын ұрам – жар сүйем»* (13б). Мұнда суреткер осы *дос, сүйем* сөздерін орынды қайталау арқылы поэтикалық терең образ жасаған.

Шығарманы жазу бар да, оны қабылдау бар. Қабылдау – күрделі процесс. Әсіресе драма жанрында қабылдау процесі шешуші рөлдердің бірін атқарады. Ондағы сөз өнеріне сүйсініп, бейнелі сөз оралымдарын тыңдаушы қабылдап, тәнті болуы тиіс. «Еңлік – Кебек» пьесасының тілі осындай айшықты сөз оралымдарына өте бай: «екпінін су сепкендей басу, сағы сыну, зықысы шығу, намысын жырту,

шіріген жұмыртқа» т.б. тұрақты тіркестер мен «айрандай аптап // күбідей пісіп; ай дер ажа жоқ // қой дер қожа жоқ» сияқты қос тағанды фразеологизмдер де шығарма шырайын аша түседі.

Поэтикалық теңеулердің эмоциялық әсері мол, халық ұғымына етене жақын келеді. Шығармадағы: *«Жазғырармысың бұлдыр күн? Кінәлімін бе кәрі тас?!* (23б), *«Азған заманның белді биі бойлауық жылқы секілді бой бермейтін қисық болады екен»* (37б), *«Не тұрысың... мұтылып қу томардай?! Жапа жалғыз қу соядай»* (41) *«Сүйеніскен егіз марал»* (43б) дейтін репликалардағы асты сызылған теңеулердің эмоциялық әсері мол.

Сонымен бірге, автор синекдоха тәсілі арқылы образды бейнелеу амалдарын да ұтымды қолданып отырады: *«Сіңірі шыққан күң, менің иығымнан түскенге сен неге місе қылмайсың?!»* (243б). Осындағы *«иығымнан түскен»* тіркесі бүтіннің бөлшегі ретінде киім деген ұғымды білдіріп тұр.

Тіліміздегі синоним сөздер стильдік мәні неше алуан функционалдық сипатта қолдануымен тығыз байланысты. Мысалы, *«Осы елдің бақ-талайын таластырар асылы кім?* (103б) деген сөйлемде бақ сөзінен гөрі талай тұлғасының стильдік реңкі жоғарылау. Немесе *«...Қарагөздей бәйтеректің басын шалар қанат-қияқ жоқ. Мына шерді зіл-қара тастай көтеріп жүргенше, шыққыр жаным шықса етті. Қара түндей қасірет ортасында жалғыз-шырақ жарығым, маңдайдағы жұлдызым* (104б). Осы сияқты *ыбылыс-жынның жүрісін көрмесем деп ем!»* (116б) деген сөйлемдердегі ***қанат-қияқ, зіл-қара тас, шырақ-жарығым, ыбылыс-жын*** сияқты синонимдік тұлғалар әрі мағыналық, әрі стильдік белгілері арқылы ерекшеленіп тұр.

Ал *«Ол сондай мінезді, биязы, нәзік»* (103б). *«Қолында таяғы бар жуан, семіз бәйбіше Мөржан келеді»* (113б). *Тек Өсердің Жарылғаптай жуанының шылауында, ығында кеткен басың бар ғой сорлы әке!* (121б). *Содан менің алмаған үлесім, ортағым, еншім бар* (141б) (М.Ә. «Қарагөз») дейтін сөйлемдерде драматург белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету мақсатымен, жоғарыдағы бірнеше синономдік тұлғаларды қатар қолданған.

Тіліміздегі сөздердің семантикалық құрылысы неғұрлым бай болса, соғұрлым көп мағыналы сөздердің атқаратын қызметінің де күшейері даусыз. Осы орайда пьесадағы омонимдерге де бір мысал келтіре кетейік: *«Өсер аулы. Өсер... Өсер... не өсер? Тек зұлымдық өсер нөсер болып сенен! Сор өсер, ар өшер»* (138б). Мұндағы ***«өсер»*** сөзінің бірінші мағынасы рудың атын білдіреді. Яғни, Сырымның руы, алтыншы атасының аты. Ал етістік тұлғалы екінші ***«өсер»*** сөзі аффикс жалғану арқылы туынды омоним болып тұр.

Пьесада кездесетін антонимдер де қарама-қарсы құбылыстарды біріне- бірі шендестіріп салыстыру арқылы күшті стильдік мән тудырады Мысалы, «Жазылмас жарам жатыр. Сырт жарасы емес, іш жарасы (141б). Шынымен жарық күндей басталған өмірің қара түндей болып құлазып, жүдеп біткені ме?! (146б). Мінекей осы келтірілген мысалдардағы және де суреткер тіліндегі басқа да сөз контрастары автор шендестіруінің шеберлігін танытады.

Сондай-ақ жазушы көнерген сөздерді де орынды қолданып отырған: *«Кембай, Көбей кісесін буындырады»* (31б), *«Жағасы жақыт кіреуке жебесі жетіп жүн болғанша шыдастық»* (39б), *«Қолында ұзын ақ таяқ, үстінде өзге қазақтан бөлек ақ кебентай»* (40б) деген сөйлемдердегі ***жебе, кісе, кебентай, кіреуке*** сөздері бүгінде көнерген сөздердің қатарында.

«Мақал – сөздің атасы» дегендей М.Әуезов халықтың өз сөзін де ұтымды қолданып отырған. Мәселен, *«Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар, саптыаққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайды, Батыр болсаң бопсаға шыда, ауылдастың тайы озсын, Оразаның түбіне мақсым жетер, азған елдің түбіне тақсыр жетер»* дейтін мақал-мәтелдер арқылы автор тоқсан ауыз сөзге тобықтай түйін жасап отырған.

Драма тіліндегі ең басты құбылтулардың бірі – **метафоралар** – суреттеліп отырған заттың, не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту үшін қолданылады. Метафоралар – режиссура мен драматургиялық әдебиеттің, спектакльдің поэтикалық қарым қатынасын анықтайтын тұтас кешенді қамтиды.

М.Әуезовті метафоралық стильдің шебері деуге болады. Бұл сөзімізге суреткердің өзіндік бай метафоралық қолданыстары дәлел.

Мәселен, жазушының тіліндегі *«қара түндей қасірет ортасында жалғыз шырақ – жарығым, маңдайдағы жұлдызым! Торға түскен ақ тотым..., күнім!»,* т.б. тың сөз образдары алуан.

**Эпитет** – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау қиын. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасындағы Баянның сөзі салыстырмалы эпитетке толы:

**Баян:** *Баян өзін осы жолы танып қайтты... Қарабайдың ұлысың деп алдаған екен ел-жұртым!.. Баян қыз екен! Әкел қыздың киімін! Жібек баулы сұңқарым келеді ұшып! Ақ тотыдай таранып, қарсы аламын құсымды!..* (49б).

Репликалардағы лексикалық қабатты айқындай түсу үшін, Л.Я.Боровой көрсеткендей, эмоционалды және экспрессивті үлкен екі түрін айқындай отырып, мынадай түрлерге жіктеп, жоғарыдағы суреткердің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасынан мысалдар келтірейік:

1) ойдың жүйелілігін сақтайтын репликалар (бұлар тіпті ақпарат жанама айтылғанның өзінде, соңында маңызды қорытындыға алып келеді):

*Ақан. Көк мешіттің ішінде – өсиет.*
*Сыртында қылмыс үйретпек пе едің бұл жұртқа?*
*Күндіз айтқан өсиетіңнен,*
*Түнде істейтін қылмысың көп,*
*Қайда апарып, қашан тынбақ бұл зұлым?*
*Алыстағы ақыретті айтып,*
*Жұртты жерге тұқыртқанда,*
*Әулиеден әріміз.*

*Азап үні бір аумастай.*

*Орнатарың тамұқ па еді осы елге?*

*Сейіт. Ақан аға, Ақан аға, сабыр етіңізші, тоқтаңызшы!*

*ІІІ-шәкірт. Құлшылық орнында – құлшылық та!*

*Ақан. Құлшылықтан құлдық таптық,*

*Арман не?*

*Сахарада сайран етіп,*

*Еркін өскен,*

*Асау жанды, қанды ел қайда?*

*Құлағыңа құмалақ тық,*

*Естілмесін мұң-зары!* (64) Бұл жерде Ақан ешкімнің атын атамаса да, әңгіме төркіні мешіттегі молдалардың зұлымдығы, елді қан қақсатып отырып, уағыз айтатын, аңқау елге арамза молдалардың әрекеті өзгеше ұйқасты сөз астарынан анық аңғарылады.

2) Персонаждар әрекетінен толық ақпарат беретін, олардың арасындағы сөз ырғағының, интонацияның күшті және бәсең қарама-қайшылығын білдіретін репликалар:

*Ақан. Қамшы мен хазірет – екі нәрсе,*

*Сыйыспайды бір жерге, таста бірін!*

*Науан. Қамшы қалса, хазіретіңді қайтушы ем!*

*Бірі – жүген, бірі – ноқтам бұл елге!*

*Қос ноқта емес пе еді, сенің де бір кезде жаратарың...* (68)

Бұл жерде қара қамшы атанған хазірет Науан мен елдің қамын жейтін ақын Ақанның арасындағы күшті теке-тірес көрінеді. Ал Науанның жауабынан Ақанның өзін «сенің де бір кезде көздегенің осы емес пе?» деп жаманатты істерге кірістіруі, сөзінің соңын жұтып қойған бәсең қарсыласуынан көрінеді.

3) Әжуа түріндегі кірме сөздерден жасалатын репликалар:

*Ақан. Нағып аузың барады, хазірет! Енді осыған да барғаның ба, зұлымдық емес пе мұның!*

*Науан (қайрылып). Ә! Тие ме жаныңа! Талай тиер әлі! Болмаса ие бол аузыңа! Күн-фаякун!.. (Кетіп қалады.)* (68) Суреткер мұнда қара ниет хазіреттің күнәсін мойнына қойып тұрса да, айылын жимай, күн-фаякун деп құран сөзін айтып кетіп бара жатқан арсыздығын дәл көрсетеді.

4) Кейбір репликалар жалпы қабылданған этикаға қайшы келу керек дейтін де пікір бар. Мұндай репликалар пьесаның қиын-қысталаң өзгерісінде әрбір образдың өзіндік ерекшелігін көрсетуге көмектеседі. Мысалы:

Пьесада Ақтоқты өзіне-өзі қанжар салып өлгеннен кейін, Ақан да өлмекші болады.

*Ақан (ұшып тұрып).*

*Көп күшіген, көп құзғындар!*

*Алдың зындан, артың ажал!*

*Аяйтұғын кімің бар?*

*Қансырадым көп соққыңнан,*

*Қара түнді қаламаймын,*

*Сендер де енді тыныңдар!*

*Өзіне қанжар салуға ыңғайланғанады, сырттан қатты шыққан Балта даусы келеді.*

*Балта. Ақан! Тарт қолыңды қанжардан!*

*Балта. Қарауылдың ойы болса, қозғауға мынау өлім аз болып па? Жау қолынан бір айырып алған Ақаннан енді тағы айрылмақ па Қарауыл!*

*Ақан. Баста, Балта аға! Қара жарға соқтықтым деп, тая соғып, тізгін тартар жерім жоқ. Тасқа салсам мұқалмайтын найзамды ел кегіне суарып бер. Сол кегімді ту етермін енді қалған жасыма! Тарт Құлагерді көлденең! (Бәрі Ақтоқтыны көтеріп алып кете береді.)* (121)

Мұнда да суреткер Ақанды өлтірмей, дәстүрлі көріністерден бөлек шешім тауып, Ақанның жігерлі образын тағы да жарқырата ашады. Қиын- қысталаң жағдайдан Ақанның тез арылып, қалың Қарауылдың қамы үшін, азамттық ары үшін атқа қонып, ес жинағанын көрсетеді.

Ал мағынасыз, орынсыз қолданылатын, орынды қолданылған жерінде күшті әсер туғызады дейтін репликалардың түрін қос суреткердің тілінен де кездестірмедік.

Сонымен, репликаларды эмоционалды және экспрессивті деп үлкен екі топқа бөле отырып, оның поэтикалылығын анықтауда мынадай: ойдың жүзеге асырылуын көздейтін репликалар; персонаждар әрекетінен толық ақпарат беретін, яғни, олардың арасындағы әңгіменің қатаң немесе жайлы түрде іске асуын интонация, дауыс ырғағы арқылы білдіретін репликалар; қайталап қолданғанда күшті эффект тудыратын **«қиыннан қиыстырылған»** (неуместные) репликалар; сондай-ақ жалпы қабылданған этикеттерге сай келмейтін, **«санаға жасындай әсер ететін»** (А.Т.) (врезаться в память) репликаларға назар аудару қажет. Репликалардың жоғарыда аталған барлық түрлері пьесадағы әрбір образдың жеке қасиетін көрсетуде қолданылады.

Сонымен, біз лексикалық поэтикасын қарастырған пьесалардың тілі – халықтық тілдің телегейтеңіз бай қазынасымен астасып жатқан метафоралы тіл деуге толық негіз бар. Ал осы метафоралы сұлу тілді схнада жүзеге асыратын актер. Актер – сахналық әрекеттің субьектісі. Тек актер ғана өзінің мінез-құлқымен, дауыс мәнерімен, іс-қимылымен (пластика), сөз ырғағын сақтауымен тілдік әрекетті метафораландыра алады. Яғни, актер драматургиялық мәтінді жан-тәнімен меңгергенде ғана метафораларға эстетикалық шынайылық бере алады.

1. Ғ Мүсірепов. Драмалық шығармалар жинағы. Алматы, 1982ж.

2. М.Әуезов. Пьесалар. 9-том. Алматы, 1981 ж.

* * *

В статье рассматривается богатый лексический состав языка казахских классических драматических произведений.

*Э. М. Ханкишиева*

# КАЗАХИЗМЫ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КОМИЧЕСКОЙ КАРТИНЫ МИРА В РУССКОЯЗЫЧНОЙ ПРЕССЕ КАЗАХСТАНА

Как известно, окружающая нас действительность отражается в нашем внутреннем мире в виде образа, который называется "картиной мира" или "моделью мира". Если человек видит в окружающей его действительности комическое или интерпретирует что-то как комическое, то это отражается и в его картине мира. И это видение феномена комического, отраженное в картине мира (модели мира), можно определить как «комическую картину мира» [1, 50], являющуюся фрагментом общей картины мира (национальной в том числе). Так, И.Ф. Бревдо, анализируя вопросы теории понимания шутки, пишет: "Являясь частью картины мира индивида, юмор вообще и шутка в частности представляют прекрасный образец процесса понимания слушателем и читателем смысловой конструкции" [2, 12].

Комическая картина мира – это фрагмент общей эмоциональной картины мира, инкорпорированный в ее структуру, сущностную основу которого составляет совокупность образов комического (предметов, явлений, свойств, ситуаций и т.п.), отклоняющихся от стереотипного восприятия окружающего мира, от нормативных жизненных ценностей и вызывающих комический эффект (в отличие от патологических явлений) [1, 73]. Комическая картина мира имеет антропологический статус и является продуктом жизнедеятельности человека, формируясь в процессе познания и интерпретации действительности.

Комическая картина мира обладает широким пространством своего бытования не только в сознании, но и представляет собой хранилище идеального в психике, человеческом духе, регулятор комического поведения людей, взаимодействия индивидов в смешных ситуациях, продуктов культуры комического и т.д.

Ядром комической картины мира выступает инвариантный универсальный комизм, т.е. явления интернационального юмора, понятные представителям различных лингвокультурных общностей, средняя часть наполняется национально-специфическими особенностями комического, варьирующимися от одного этноса к другому, а периферия представляет собой индивидуально-авторский способ комического мировидения, репрезентируемый в юмористических текстах конкретной языковой личности.

На наш взгляд, комическое объединяет понятия юмора, иронии, сатиры, сарказма. И хотя они выражаются одинаковыми речевыми средствами, следует различать их содержание. «Юмор – смех дружелюбный, направленный против недостатков, которые есть продолжение наших достоинств. Сатира – смех гневный, направленный против глубоко порочных явлений. Ирония – стилистический прием, состоящий в употреблении слова или выражении в смысле, обратном буквальному… Сарказм есть злая ирония, язвительная насмешка, едконасмешливое замечание» [3, 10].

Учитывая вышесказанное, можно утверждать, что несомненный интерес представляет изучение процессов формирования комической картины мира в средствах массовой информации Казахстана.

Следует отметить, что на современном этапе СМИ представляют собой новую информационную структуру, возникшую в результате трансформации масс-коммуникационных процессов и обеспечивающую неуклонный рост объемов поступающей индивиду информации на основе создания новых интегративных когнитивных структур.

Рассмотрим построение текста с комической направленностью, его конструктивные приемы, воплощающиеся в особенностях организации словесного материала.

Говоря о текстах масс-медиа с комической направленностью, их специфичности, мы имеем в виду наличие в них такой черты, как установка на комизм, которая позволяет выделить их среди других текстов. Таким образом, «текст с комической направленностью может быть представлен как когерентный речевой продукт в широком смысле, представляющий собой составную часть и результат эмоционально-мыслительной деятельности человека и отражающий эмоциональное, ментальное и социальное состояние автора. Традиционная структура текста уточняется через понятия комичность, комическая направленность, фигурирующие как доминантный параметр, отражающий представление картины мира в комическом ракурсе» [3, 32].

Основой построения газетного сатирического текста являются различные языковые проявления, направленные не только на передачу определенной информации, но и воздействующие на чувства, эмоции читателя. Прагматическая установка подобных текстов – создание комического эффекта, что и определяет широкий выбор средств языка, стилистических приемов, синтаксическую структуру.

Информационный и оценочный потенциалы актуализируют прагматический выбор языковых средств, обусловленный авторской установкой. Комический эффект создается благодаря связи между динамической (ситуационной моделью, описывающей фрагмент реального исторического времени на оси отношений адресант – адресат) и фоновой (моделью вымышленной действительности) ситуациями.

Поскольку русскоязычная пресса Казахстана существует в условиях взаимодействия разных

культур, необходимо определить особенности языка республиканской печати, которые служат отражением своеобразных национальных и культурных традиций народа. Отметим, что в дискурсе русскоязычной сатирической прессы Казахстана наблюдается взаимовлияние казахского и русского языков, что является спецификой языковой ситуации республики, определяющей казахско-русское двуязычие. К примеру, некоторое количество лексем казахского языка, имеющих национально-культурную специфику, перешло в русский язык. Как отмечает Б.Х. Хасанов: «В условиях постоянного контакта казахов с представителями других национальностей в контактирующих языках появилось множество казахизмов, большинство которых связано с социально-экономическими условиями, бытом, установленными правилами поведения казахов, явлениями их материальной и духовной культуры, семейной жизнью казахов» [4, 165].

В своих исследованиях В.И. Жумагулова определяет взаимодействие различных эмоционально-ассоциативных рядов, когда эмоциональные сознания казахской лексики актуализируются и создают комический эффект [3, 58]. Рассмотрим данное взаимодействие на примерах.

*...Встанем утром, наденем смокинг, закрасим чернилами дырки на носках, побреемся полотенцем, забудем помыться... И с дурным запахом изо рта и грязью под ногтями – **алга** на светский раут!* [Время. 03.02.2005 г., с.3].

*- **Ойбай, ага**. Аллахи-биллахи. Он уехал на базар.*

*- Неправда!*

*- **Агатай!** Сущая правда!*

*- Не знаю, **агатай**, ничего не знаю!*

*- Нет, знаешь! – вскипел директор...*[Огни Алатау. 07.10.2000 г., с.15].

*... Как и у нынешних бардов, музыка **салов** была незатейливой, рифмы – простенькими (**айгыр – торайгыр, кемпир – каскыр, бай – ой бай**!), зато слова были искренними... Со скуки они разъезжали в поисках зрителей и богатых спонсоров, перебрасываясь на ходу сальными шуточками.*

*... Бедный **бай** должен был терпеть стремные (их сочиняли на ходу, не вынимая даже ног из стремени) песни сала, его друзей-дармоедов. При этом бедолага должен был еще и сидеть с добрым и якобы радушным лицом, восклицая: «**Ой деген ай**!» – дескать, хорошо-то как, господи!* [Экспресс К. 28.11.2003 г., с. 24].

Ср. образование форм множественного числа, а также падежных форм по аналогии с русским языком:

Денотаттың *оң, оң жақ* мағынасы *шын, оң* деген сигникаттық мағыналарының дамуына себеп болған. Осыған байланысты *дұрыс, шын* мағыналарының дамығаны айқын. Сонымен қатар үшінші сөздік ұяда *жеңіл, ыңғайлы* сындық мағыналары бірінші сөздік ұядағы *оң, оң жақ* мағыналарынан тараған деуге болады. Түйіндей келе, *оң, өң* сөздеріне тән бастапқы мағына - *алды;* ортақ мағына - *оң, оң жақ, дұрыс болу;* одан тараған антонимдік мағыналары - *дұрыс емес, оңған, өзгеру, түсі кету.* Белгілі бір заттың алдыңғы беті оң жағы - заттық мағына болады да, беті бері қарап тұрған түзу, оң жағына уәжделген сындық мағынасы дұрыс, шын жағы болады, *өңмеңдеу* мағынасы коннотаттық мағынаға сәйкес келеді.

Тіл біліміндегі транспозиция өзінің ұғымының кеңдігімен ерекше сипатқа ие. Сөздер дамуға түсіп, жаңа мағынаны иемдене алады. Бірақ олардың барлығында жаңа сөз жасала бермеуі мүмкін. Біздің зерттеуімізге тірек болып отырған семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер, негізінен, жаңа атау болуға мүмкіндігі бар, бір сөз табындағы сөздің жаңа мағына иеленіп, сол сөз табының немесе екінші сөз табының құрамын толықтыра алатын, сөздікке реестр ретінде ене алу мүмкіндігіне ие сөздер болып саналады.

Орыс ғалымы В.В. Виноградов тіл біліміндегі сөз таптары мәселесінің сөзжасамның семантикалық тәсілімен байланысы бар екенін пайымдаған. Ал Е.С. Кубрякованың пікірінше, транспозиция - зат пен оның қимылы, белгісі арасындағы ұғымдық қатынастарды байланыстыратын, сөз таптарының арасын жалғастырушы көпір. Сөздердің атаулық мағынадан қимылдық мағынаға, керісінше, қимылдық мағынадан атаулық мағынаға, сондай-ақ сындық-сапалық мағынадан атаулық мағынаға, керісінше, атаулық мағынадан сындық-сапалық мағынаға ауысуы адамның ойлауы, танымы, болмысы, пікірі негізінде іске асады.

Транспозицияның бір түрі - заттану. Сөздердің туынды сипат алып, заттануы жайлы М. Томанов, Р. Әмір, Б. Сағындықұлы, А.Б. Салқынбай сынды ғалымдардың зерттеу еңбектері мен мақалаларында айтылып өткен болатын. Ғалымдардың пікірінше, қимылдық мәнге ие көптеген сөздер заттану процесін басынан кешірген. Бұл лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға негізделуінен туындайды. Қазіргі қазақ тілінде семантикалық тәсіл арқылы дамып, сөздікте жеке бір сөздік ұяны иеленуге мүмкіндігі бар *ор - ор - ор, бай - бай - бай, төс - төс - төс(е), без - без, жел - жел - жел, той - той, сүю - сүю, жаз - жаз - жаз - жаз, ою - ою* секілді сөздер ғасырлар қойнауында қимылдық, сындық, заттық мағыналарды өз бойына жинақтаған. Көне тілімізде етістік – есім корреляттары молынан кездеседі. Қазіргі біздің тілімізде қолданылып жүрген семантикалық тәсілмен дамыған сөздер – сол байырғы, көне ғасырлар жемісі. Қазақ тіліндегі сөздердің транспозициялануы заттану, сын-сапалану, сандану, етістіктену, есімдіктену, үстеулену, шылаулану нәтижесінде жүзеге асады.

1. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.

2. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974. – 767 с.

3. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. - Алматы: Наука, 1986. - 322 с.

4. Томанов М.Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

5. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, - 2002.– 130 б.

6. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.

7. Сарбалаев Ж.Т. Сөзжасам мәселелері Алматы: Арыс, 2002.

8. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.

* * *

В статье рассматривается семантический способ в словообразовании, слова, образованные семантическим способом, и их транспозиция.

*Л. А. Бочкова*

# К ВОПРОСУ О РАЗГРАНИЧЕНИИ ОТРИЦАТЕЛЬНЫХ ОДНОКОМПОНЕНТНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ

Вопросы типологии однокомпонентных (односоставных) предложений не являются предметом острых дискуссий. И это объясняется несколькими причинами. Во-первых, в русском языкознании создана серьезная теоретическая база, позволяющая представить комплексную характеристику отдельных структурно-семантических типов однокомпонентных предложений, что, в свою очередь, помогло формированию универсальной непротиворечивой классификации. Большой вклад в её создание внесли А.А. Шахматов, В.В. Виноградов, П.А. Лекант, Н.С. Валгина, Н.Ю. Шведова, Г.А.Золотова, В.В. Бабайцева, З.П. Табакова и др. Во-вторых, исследования в русле антропоцентрической парадигмы (психолингвистики, лингвистической прагматики и др.) зачастую уводят внимание лингвистов от собственно лингвистических фактов, что мешает выявлению языковых механизмов, участвующих в создании того или иного фрагмента языковой картины мира. Однако не на все вопросы, связанные с квалификацией и классификацией однокомпонентных предложений, имеются однозначные ответы. К их числу относится и проблема разграничения отрицательных безличных и генитивных предложений.

По мнению В.В. Бабайцевой, безличные предложения – это самая пестрая по структуре и семантике разновидность односоставных предложений. Несмотря на то что безличные предложения по традиции относят к глагольным (в терминологии А.А.Шахматова – *сказуемо-бесподлежащным*), в их числе называют и безглагольные конструкции, включающие отрицание, типа *Нет времени*. По мнению А.М. Пешковского, «во всех отрицательных безличных предложениях необходимо слово *нет* (из *не есть*), в котором отрицание неотделимо от бывшего глагола [1, 352]. К генитивным предложениям по традиции относятся безглагольные конструкции, главный член которых представлен именем в форме род.пад, выражающим в первую очередь экзистенциальное значение (бытийности) и, кроме того, значение количества, например: *Добра-то.* Н.Ю. Шведова рассматривает генитивные предложения как однокомпонентные предложения именного класса, главный член которых выражен родительным количественным с имплицитно представленным значением количества; этим предложениям соответствует структурная схема Gen/guantit [2, 561 – 562]. Н.С. Валгина, утверждая структурно-семантическую самостоятельность подобных конструкций, отмечает: «Вряд ли правомерно включать генитивные предложения в систему безличных, так как категория безличности непосредственно связана со сказуемостью, а усматривать в форме генитива сказуемое нельзя: эта форма выполняет функцию называния предмета (или предметов) и утверждения его (или их) наличия в большом количестве, следовательно, функционально генитивные предложения ближе к номинативным, нежели к безличным» [3, 319]. П.А. Лекант, рассматривая генитивные предложения как особый тип односоставного предложения, выделяет среди них утвердительные и генитивные отрицательные предложения. По его мнению, «родительный квантитативный вносит в них добавочное значение избытка» [4, 108]. Утвердительные генитивные предложения в настоящее время относительно прочно заняли свое место в системе однокомпонентных именных предложений, хотя в истории лингвистики и по этому поводу была обширная полемика. Так, например, авторы Академической грамматики 1954 г. [5, 41-42] характеризовали генитивные предложения как специфическую группу безличных предложений, а некоторые исследователи, в частности Ж.Г. Амирова [6], вообще исключили их из классификации. Тем не менее данный структурно-семантический тип представлен в большинстве классификаций однокомпонентных предложений, в том числе и в вузовских пособиях. Но, как считает П.А. Лекант, за пределами вузовской программы, а зачастую и концепций современных исследователей остаются продуктивные отрицательные генитивные предложения. (*Ни деревца. Ни одного дома.),* в которых имя существительное в форме родительного падежа с частицей «ни» выражает отрицание бытия предмета.

Таким образом, предметом нашего исследования является модальная парадигма, компоненты которой – односоставные именные предложения – различными способами выражают значения утверждения/отрицания: *Цветы – Нет цветов – Цветов-то! –* ***Ни травы, ни цветов – Ни цветочка***. В частности, речь пойдет о последних членах этой парадигмы, являющихся, с нашей точки зрения, синтаксическими омонимами, призванными по-разному структурировать и отражать в языке явления реальной действительности с целью наиболее адекватной передачи и, соответственно, интерпретации замысла автора высказывания. В научной литературе зачастую наблюдается смешение подобных конструкций и отнесение их к одному классу – либо к безличным, либо к генитивным предложениям, например: «…вторая разновидность генитивных предложений представлена примерами типа *Ни шороха, ни звука.* В отличие от первой группы генитивных предложений данные предложения лишены семы `бытийность, они называют признаки, состояния и предметы, отсутствующие в окружающей среде. Эти предложения сформировались в результате эллипсиса предикатива со значением

«отсутствие», представленного лексемой «нет», и являются неполными» [7, 199]. Следуя логике автора, конструкции с отрицательным словом *Нет* также необходимо отнести к генитивным, что полностью нейтрализует различия между двумя структурно-семантическим типами ОП. Та же точка зрения отражена и в статье Е.Ю. Хоркиной, так же считающей эти конструкции генитивными и не допускающей иной точки зрения: «А.В. Петров к данному типу предложений относит также конструкции … с существительным с частицей ни (*ни тоски, ни радости*), хотя в современном синтаксисе подобные предикативные единицы прочно укрепились в качестве генитивных» [8]. На неоднозначность трактовки подобных конструкций указывает Н.К.Онипенко: «Синтаксически обусловленной оказывается и структурная схема *Ни N2*. Но за этой структурной схемой скрываются омонимичные синтаксические конструкции: в рамках репродуктивного регистра (*В комнате ни звука*) подобные генитивные предложения предполагают несовпадение субъекта диктума и одного из субъектов модуса (наблюдателя), а в рамках волюнтивного регистра - совпадение субъекта диктума и одного из субъектов модуса (адресата речи, того, кому запрещают говорить - *Тишина! Ни звука!*)» [9, 107-121]. Но в данном случае синтаксическая омонимия рассматривается с точки зрения принадлежности конструкций к определенным коммуникативным регистрам, в то время как вопрос об их структурно-семантической квалификации остается открытым, к тому же далее наблюдается объединение разнородных структур в рамках одного языкового факта: «Это *Ни звука* восходит к модели с типовым значением «Субъект пространственный и его характеристика» (*В комнате шум и движения - В комнате ни шума, ни движений - В моей жизни ни движения, ни звука*)» [там же].

Вопрос о наличии второго члена оппозиции в рамках категории *утверждение/отрицание* в лингвистической литературе решается по-разному. Если значение общего отрицания находит однозначное выражение в однокомпонентных предложениях спрягаемо-глагольного класса путем введения отрицательных частиц (*Светает/Не светает; Знобит/ Не знобит*), то предложения именного класса, оставаясь в рамках одного структурно-семантического типа, не всегда допускают подобную трансформацию. Это связано как с синтаксической семантикой однокомпонентного предложения, так и грамматической формой главного компонента. Члены модальной оппозиции *Цветы/Нет цветов* в силу полярности суждения, а именно – значение экзистенции противопоставлено значению отсутствия бытия – не могут быть представителями одного структурно-семантического типа. Кроме того, различие в грамматических формах имени в роли главного члена (синтаксемы им. и род. падежей) также не способствует структурно-семантическому объединению этих предложений в рамках одного типа, в связи с чем они и квалифицируются по-разному: как номинативное и как безличное. Сложнее решается вопрос относительно возможности трансформации утвердительного генитивного предложения *Цветов-то!* в отрицательное. Если значение бытийности так же, как и в первом случае, не может быть связующим элементом, объединяющим эти предложения в рамках одного структурно-семантического типа, в связи с нейтрализацией этого значения в отрицательной конструкции, то семантика квантитативности (правда, с полярными показателями на этой шкале: избыточности (*Цветов-то!*) и абсолютного отсутствия (*Ни цветочка!*) продолжает оставаться семантическим стержнем, объединяющим эти структуры и позволяющим квалифицировать их однотипно – как генитивные. В Русской грамматике - 80 подобные конструкции относят к предложениям с лексически ограниченными компонентами, в предикативную основу которых входит отрицательное слово. По мнению авторов, они семантически близки предложениям со словом *нет,* имеющим в своём составе усилительную частицу: *Нет ни души*, и отличаются от них лишь наличием у них форм сослагательного, условного и побудительного наклонений без частицы *было* [10, 346 – 342]. Но, как уже было отмечено, предложение *Ни цветочка!* не просто структурная модификация предложения *Нет цветов*. Семантика структурной схемы таких предложений определяется как: «несуществование, отсутствие потенциального **неединичного** субъекта» (там же). Далее отмечается, что в таких предложениях место родительного падежа обычно замещается лишь немногими словами, называющими единичный предмет, который может восприниматься визуально или акустически: *Ни крошки.* При этом оговаривается, что в составе сложносочиненного предложения открытой структуры с соединительными отношениями, где частица одновременно выполняет и союзную функцию, лексические ограничения вообще снимаются: *«Здесь ни фамилий, ни оград, Лишь траурная хвоя»* (там же). Оговорка относительно полифункциональности частицы не случайна. Как нам представляется, речь идет о разных предложениях. С нашей точки зрения предложение типа *Ни цветочка!* и *Ни травы, ни цветов* относятся к разным структурно-семантическим типам однокомпонентных предложений: первое – к именным генитивным конструкциям, а второе – к безличным. Попытаемся вкратце сформулировать основные критерии их разграничения.

Как уже отмечалось, основное различие между этими предложениями обусловлено различными интенциями автора, определившими появление синтаксических омонимов. Это проявляется на всех уровнях когнитивного процесса формирования высказывания – прагматическом (на уровне реализации намерений говорящего) и собственно языковом: лексическом, фонетическом, морфологическом и синтаксическом. В первом предложении Наблюдателя (термин Падучевой Е.В.) интересует факт наличия конкретного предмета, который может быть обозначен только через соответствующую

номинацию – «цветы». В основе семантики второй конструкции лежит представление об общей картине отрицания существования какого-либо предмета, явления, которые могут быть представлено фрагментарно, при помощи отдельных компонентов. Это общее представление формируется за счет последовательной нейтрализации семы бытийности каждого из компонентов: *Бесчисленные табуны вытоптали всё. Ни травы, ни цветов*; *Ни огня, ни черной хаты – глушь и снег навстречу мне, только версты полосаты попадается одне* (А.С.Пушкин). Члены лексико-семантической группы, объединенные одной гиперсемой (в первом предложении – *растительность*, во втором – *проявления человеческого существования*), факультативны и допускают замену согипонимами (*цветы – кусты*). Таким образом, обязательность конкретной лексемы в первом случае и допустимость опосредованного выражения представления путем подбора факультативных лексем с общей архисемой во втором свидетельствуют о различных интенциях говорящего и, соответственно, различных способах структурирования языковой картины мира.

Обратившись к лингвистическим средствам разных уровней языка, мы также заметим существенные различия:

С точки зрения лексико-грамматического заполнения позиции главного члена место родительного падежа обычно замещается лишь немногими словами, называющими единичный предмет, который может восприниматься непосредственно органами чувств, т.е. существительным с конкретно-предметным значением, по возможности – сингулятивом, в отличие от главного члена безличного предложения, где все семантико-грамматические ограничения сняты:

*Ни горошины!/ Ни травы, ни кустов; Ни счастья, ни боли; Ни гороха, ни проса* (при невозможности *Ни гороха!).*

Кроме того, в роли главного члена генитивного предложения может выступать слово-гипероним, представляющее ситуацию в нерасчлененном виде: *Ни звука* – при невозможности использования в той же позиции одного из согипонимов, ср: *А вокруг ни машин, ни шагов* (= признаков жизни) */ А вокруг ни шагов,* что подтверждает конкретно-предметный характер денотата в генитивных конструкциях и наличие общего представления о ситуации в безличном предложении, которые, по мнению профессора Тарланова З.К., являются одним «из языковых средств, иллюстрирующих магистральную линию развития человеческой мысли от конкретного к обобщенному» [11].

С позиций словообразования обращает на себя внимание высокая частотность использования уменьшительно-ласкательных суффиксов, подчеркивающих отсутствие предмета даже в минимальном количестве: *Ни цветочка* предпочтительнее чем *Ни цветка*/ – и, наоборот, отсутствии таких морфем у главного члена безличного предложения, ср: *Ни ранки/ Ни ран, ни сиротства.*

В качестве средств реализации морфологических категорий имени существительного можно отметить формы ед.ч. в первом случае и мн.ч. во втором, что также подчеркивает значение отрицания существования предмета даже в единственном экземпляре в генитивных предложениях и значение полного отрицания множества факторов при создании общей картины отсутствия какого-либо предмета или явления в безличных предложениях. Но это соотношение не является константным: *А на Неве ни шороха, ни плеска.* Кроме того (что уже было отмечено в РГ-80, правда, не как дифференциальный признак), в конструкциях первого типа *ни* является частицей и выполняет только функцию отрицания, а в безличных предложениях – это союз-частица, совмещающая функции отрицания компонентов явления и объединения этих компонентов в общей семантике отрицания, что приводит и к формированию синтаксически неоднородных (по критерию открытости и закрытости) конструкций. В последнем случае формируется открытый сочинительный ряд, допускающий пополнение новыми членами с той же гиперсемой, в то время как в генитивном предложении закрытость конструкции обусловлена конкретно-предметной семантикой объекта описания, избирательным отношением говорящего к характеризуемому объекту.

Наблюдаются различия и на фонетическом уровне. С позиций теории *тембровых регистров* интонация предложения *Ни цветочка!* соответствует высокому регистру, при этом отрицательная частица сохраняет грависное ударение, приобретая статус относительной клитики. В то же время наблюдается усиление качественной редукции и отсутствие количественной редукции в предударных слогах (абсолютное иканье, формирующее ассонанс, и отсутствие сокращения долготы звучания гласного в первом предударном слоге): *Ни цв**Iu**Iточка!*, а также наличие эмфатического ударения, выразившегося в скандированном произношении слогов и частичной нейтрализации синтагматического ударения. С другой стороны, мелодика второй конструкции соответствует среднему или низкому регистру: *Ни травы, ни цветов,* союз-частица выступает в роли абсолютной проклитики, а качественная и количественная редукция соответствуют норме: *Ни цв**Iu/eI**тов, ни д**Iu/eI**ревьев.*

Кроме того, в генитивных предложениях, по мнению Леканта П.А., восклицательная интонация вносит «экспрессивно-эмоциональную оценку» предмета (5,). В этих конструкциях мы можем выделить такие средства выражения субъективной модальности, как восклицательная интонация, выражающая негативные эмоции разочарования, негодования (*Ни цветочка!)* или, напротив, позитивные (*Ни пылинки!),* а при отсутствии сильных эмоций – спокойная, приглушенная тембровая окраска голоса, выражающая чувство философской отрешенности: *Ни звука…,* в то время как эмоционально-экспрессивная окраска безличных конструкций является факультативной.

Но, относя конструкции типа *Ни цветов, ни деревьев* к безличным предложениям, мы не разделяем точку зрения Н.С.Валгиной, считающей, что «категория отрицания – категория сказуемостного плана, а появившийся в этой позиции родительный падеж является следствием эллипсиса глагола бытия (ср.: Не было ни огня; Нет ни огня), обусловлен глагольной зависимостью, в то время как в генитивных предложениях типа Грибов-то! родительный не может быть объяснен зависимостью от глагола, он вообще не является зависимым словом» [4]. Мы не считаем, что форма родительного падежа в данном случае обусловлена глагольным управлением, она является синтаксически независимой так же, как в двусоставных предложениях с подлежащим, выраженным предложно-падежной формой родительного падежа имени со значением приблизительного количества, например: ***Около ста деревьев*** *было посажено на пришкольном участке.*

Таким образом, различие между предложениями *Ни цветочка! Ни травы, ни цветов* обусловлено прежде всего не столько лексической наполняемостью высказывания и грамматическими особенностями конструкции, сколько различными интенциями говорящего, предопределившими появление синтаксических омонимов: в первом случае главная цель – это актуализация квантитативного значения (избытка или абсолютного отсутствия, даже в минимальных количествах объекта описания), а во втором – выражение экзистенциального значения, точнее – значения отрицания бытийности, что является в первую очередь прерогативой безличных предложений.


1. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении – М, 1956.
2. Грамматика современного русского литературного языка.– М.: АН СССР, 1970.
3. Валгина Н.С. Современный русский язык: Синтаксис. – М., 2003.
4. Лекант П.А. Синтаксис простого предложения в современном русском языке. Изд.2. – М., 1986.
5. Грамматика русского языка. Т.II. Синтаксис. – М.: АН СССР, 1954.
6. Жаналина Л.К. и др. Современный русский язык. Учебник. Авторы-составители: Жаналина Л.К. и др. – Алматы, 2002.
7. Казарина В.И. Современный русский синтаксис: структурная организация простого предложения: Учебное пособие – Елец, 2007.
8. Хоркина Е.Ю. Переходные типы односоставных предложений – №1(2), май 2009, www.grani.vspu.ru.
9. Онипенко Н. К. Теория коммуникативной грамматики и проблема системного описания русского синтаксиса – Русский язык в научном освещении. - № 2. - М., 2001.
10. Русская грамматика. Т.II. Синтаксис. – М.: АН СССР, 1980.
11. Тарланов З.К. К проблеме происхождения инфинитивных предложений в русском языке//Филологические науки. – 2007, №4.


* * *

Мақалада жай болымсыз сөйлемнің екі түрі салғастырылады (генитивті және жақсыз), олардың айырмашылықтарына талаптар беріледі.

* * *

The article deals with comparison of two types of negative sentences containing only one part (genitive and impersonal) and criteria of differentiation of these sentences.

# ӘДЕБИЕТТАНУ
# ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

*Н. Н. Аитова*

## ПОЭТИКАЛЫҚ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТЕ ТАРАЛУЫ

Адам баласының ақпараттық өрісінің маңызды элементінің бірі – уақыт. Ол – адам санасы кеңістігінің ең маңызды қаруы. Адам санасының әрбір микроқұрылымы сол құрылымға ғана тән уақыт пен кеңістікке ие болады. Бұл біртұтас организм құрылымдарына ілгерілі-кейінді қайтымды бағытты емес, айналмалы шығыныңқы бағытта әрекет ететін иерархиялық тән. Мұның өзі ең мықты әсер етуші элемент ретіндегі уақыттың ақпараттық өрісте организмнің ең ілкі, бастапқы микроқұрылымдарында бар болатынын білдіреді.

Уақыт әрқашан да ойшылдардың ойының шоғырлануының сиқырлы нүктесіндей болып келді. Ежелгі діндер мен мәдениеттерде де уақыт ағымының заңдылықтарын түсінуге талпынуы ешқашан үзілмеді, сол бағытта дәлме-дәл күнтізбелер, хронологиялық жазбалар жасаумен айналысты. Адам санасында уақыт туралы екі түсінік барлығы белгілі: қайталанатын оқиғалар, «дөңгелек дүние» бірізділігі түріндегі циклдық уақыт және бірбағытты сызықтық қозғалыс ретіндегі уақыт.

Поэтикалық ақпарат кеңістікте уақыт ағымымен қалай таралады дегеннің жауабын іздеу де бүгін пайда болған мәселе емес. Б.Успенский циклдық уақыт *ғарыштық санаға*, сызықтық уақыт *тарихи санаға* сай түсетінін айтады. «Ғарыштық сана уақыт процесінде бір, сол бір ғана онтологиялық жүктемелі мәтін қайталанатынын болжауға мүмкіндік береді… Тарихи сана сызықтық, қайырылмас уақытты ұсынады», - дейді[1,32].

Поэтикалық ақпарат ретіндегі шығармашылық өнерде де ырғақтық, интонациялық жүйе арқылы уақыт таралатын жерде қайталамалы, айналмалы циклдық, қайтымсыз, бірбеткей сызықтық уақыттың үйлесімі мен қайшылығы көрініс табады. Қазіргі поэтикада уақытты жаңаша сезіну оның поэтикалық болмыс қозғалысының сандық өлшемі болатын энергетикалық табиғатына сүйенеді. Уақыт энергиясы теориясының дамуы ежелгі араб танымдарында кездеседі, онда олар уақытты Ғаламды шығармашылық энергиямен рухтандыратын ерекше күш ретінде таниды[2,8]. Сонымен қатар әлемдік діни философияда, оккультті білім өкілдері еңбектерінде де ұшырасады.

Н.Козырев теориясына сәйкес уақыт – материалдық жүйенің энергиямен мейілінше тығыздалуы[3]. Материалдық энергия мен уақыт ағымы арасында мынадай байланыс бар: болмыстың энергияға қанығуы қаншалықты жоғарылаған сайын уақыттың ағымы соншалық жай болады. Бұл байланыс поэтикалық ақпарат ретіндегі болмысқа тікелей қатысы бар. Оның энергетикалық тығыздығы уақыт бірлігінде энергетикалық импульстар санымен өлшенетін поэтикалық жасушаға да тікелей қатыстылығы ерекше назар аудартады.

Поэтикалық ырғақ дербес ақпараттық бірлік қызметін атқара отырып, уақыттың энергетикалық өлшеміне айналады. Ол өмір туралы, сондай-ақ Ғарыш құрылымы жөнінде тұтас аяқталған ақпаратты тасып жүреді. Кеңістік пен уақыттағы поэтикалық ырғақ жүрісін әлемдік сызықтарды қосушы қайнар көзге теңестіруге болады. Поэтикалық ырғақ есебінен қозғалысқа түсіп, жүзеге асатын поэтикалық сөйлеу, поэтикалық ойлау дың өзі ғана емес, оның қадамына дейінгі үзіліс пен пропозициялық құрылымдарды көшіруші, құрылымдардың ішегін қозғаушы кідірістердің өзінің поэтикалық дискурстық бірлік ретінде танылуы осы жерден айғақ табары сөзсіз. Сайып келгенде вербальды және вербальды емес дискурстық бірліктер Ғарыштық сананың үйлесімін жасаушы және реттеуші ерекше жүйе құратын тану қиын емес. Кеңістікте поэтикалық ақпаратты толық қамтамасыз ететін дискурсық бірліктер тыныштық қалпын ретті мағыналы ақпараттық толқынға қосуда сызықтық емес уақытта жарықтық жылдамдықпен қозғалыс жасайды. Ал біз оны өз уақыттық өлшемімізге сай өлшеуге тырысамыз.

Қазіргі тіл білімінің бағыттарында уақытты сезіну оның энергетикалық табиғатына сүйенілді, мұнда энергия поэтикалық материя қозғалысының сандық өлшемі ретінде танылады. Уақыт энергиясының теориясының дамуын ежелгі дәуірдегі түркілік білімнен де табуға болады. Соның нәтижесінде қазақы түсінікте уақыттың тың деректері терең құрылымдық жүйе ретінде сипатталады, біздің тілдік танымымызға да сол қалпын бұзбай жеткен, сақталған. Мәңгілік ұғымында уақыттық өлшем жоқ, оның ес кеңістігінде ғана уақыт өз мәнісін табады.

Жалпы энергияның оң не теріс белгісінің болатынын ескерсек, кеңістікте тербелген кез келген ырғақ сәйкесінше жағдаятқа сай оң не теріс нәтиже беретін күшті де (энергияны) оятатынын байқауға болады.

Поэтикалық санадағы уақыт - бұл ғарыштық қуатты вектор, қаптаған ұсақ энергетикалық элементтерден құралған күшті ағын.

Қарапайым өмірде энергетикалық микроэлементтер (Штокхаузен микроуақыт ( 1/16 сек. аз) және макроуақыт (1/16 сек. көп) түсініктерін ажыратқан [4.]) өздігінен құнды болмайды. Соған сай өмірдің

еш сәті де өздігінен құнды болмайды, әрбір сәт келесіге жалғастырушы үзік қана, әрбір сәт келесі сәтке жетіп онымен алмасуға ұмтылушы ғана.

Ал поэтикалық болмыстағы уақыт, мәселен Абай шығармашылығындағы уақытты әрбір поэтикалық құрылымды тұтастырушы элементтері дербес әрі өздігінен құнды боп есептелетін энергетикалық импульстарға толы тұрақты өріс ретінде қарастыруға болады. Поэтикалық болмыстағы уақыт ақпаратқа толы, тығыз және біртұтастыққа шоғырланған. Сол себепті де оны тыңдағанда, естігенде, қабылдағанда, жырлағанда, іштей не дауыстап түзгенде уақыттың белгісіз күшпен созылғанын, өзге әлемге сүңгуді, өзге кезеңге, қалыпқа, күйге өтіп кетушілік сезініледі, басқа өлшемге сыйдырылғандықты, сыйысқандықты сәл сәтке болса да адам мойындап қалады, мұнда әрбір секундтық ғұмыры шынайы деп аталатын сызықтық уақыттағыдан ұзақтығы білінеді.

Поэтикалық ақпарат ағымында қанат біту мен ақпараттық көлем үйлестігіндегі, құрылымдылық пен айырықша ақпараттық тығыздықтың бір мезетке тоғыстырылуындағы қайшылық сезініле бермейді, сәт үзілгенде қайта жалғасын табуы сызықтық уақыттағы жағдаятқа тәуелділіктен арылуға қатысты болады. Поэтикалық уақыттың құпиясына кілтті әр адам өз санасында жасап және жойып отырады, оның өзі поэтикалық уақыт феноменінің энергетикалық табиғатынан деп түсінеміз.

Поэтикалық ақпараттық құрылымдылығы әу бастан бар құрылымға сәйкестеліп салынып келеді. Біздің тарихи кеңістікте таралған интертекстілік туралы түсінігіміз біршама қалыптасып қалды десек болады. Алайда ежелгі дүниеден қалған поэтикалық мәтін үзіктерінің басқа бір уақытта, кезеңде тағы сол күйінде, не өзгешелікпен қайталанылуын интертекстуалдылықтың әмбебап көрінісі ретінде ғана түсінік қалыптастырдық. Бір ғана қазақтың поэтикалық жадындағы интертекстуалдылық туралы айтсақ, мысалы, батырлық жырлар үзігінің жыраулар поэзиясындағы шоғыры, одан өтіп кейінгі ақындардың ақындық дәстүрінде жалғастығын табуын мәтіннің аралық сипатымен түсіндіру жеткіліксіз деп ойлаймыз. Себебі белгілі кезең ақынының аузында өзінен бұрынғы не параллель уақыттағы шығармашылық тұлғаның/тілдік сананың мәтіні/мәтін үзігінің қайта көрініс беруі мәтіннің/сөздің уақыттан уақытқа, кеңістіктен кеңістікке көшуінен десек, бүтін қазақ қайталауға шебер болғанымен, өзгеруге/дамуға бейім еместігімен де келісер едік. Расында кеңістіктерден, атап айтқанда жад кеңістігінен сана кеңістігіне, одан тілдік сана кеңістігіне өтуге бейім болатын *интерқұрылымдар,* яғни *аралық пропозициялы құрылымдар* мен біз қарастырып отырған *поэтикалық ақпараттың энергетикалық элементтері* деп пайымдаған дұрыс. Ең қызығы бұл көшпелі құрылым өзгеруге (мутацияға) де бейім екенімен келіспеске болмайды. Оны төмендегіше түсіндіріп көрелік:

Бізді белгілі бір деңгейде қуаныш-мұңға бөлейтін қазақы сұлу жыр өрнегі қандай энергиялық ақпараттардың басын біріктіреді? Бұл сұрақтың жауабын қазақ ішінен интуитивті түрде танып білгенмен, атап-түстеп бере қояры әрқандай. Мұның өзі, біздіңше, ескі ұлттық танымда ғой деп ойлаймыз. Кеңістігін төртке бөліп билеген түркілік тұтастық танымға (біз бұл тұрғыда бұдан ілгеріректегі мақаламызда жазғанбыз [5.5]) көз жіберелік: №1 сурет




Мұндағы шартты белгілер дәстүрлі түсінікке сай. Тұтастай алғанда территориялық кеңістік энергетикаға толы шеңбер түрінде көрініс табады. №2 сурет

Оны кіндік нүктеден бөлетін екі көлденең және тік сызықтар уақыттық қос бағытын, сондай ақ төрт бөліктілікті тудырады да, жұптар үйлесімін жасайды: №3 сурет




Бұл үйлесім халық тілінің танымдық болмысына да терең орныққан: дүниенің төрт бұрышы, екі ауыз сөз, екі елі ерін, ауызекі сөйлеу, төрт жол өлең, т.б. Төрт жол өлеңнің материалдық формасы шартты түрде мына түрде көрініс табады:

---
---
---
---

Поэтикалық мәтіннің мазмұнын энергияға толы поэтикалық ақпарат құрайтынын ескерсек, мазмұнға форма беру былайша көрінер еді: №4 сурет (Суреттердегі бейнелер беттескен, кіріккен бейнелер, түсінікті болу үшін шартты түрде бөліп көрсетілді)

Мұны поэтикалық ақпараттың тарихи уақыттағы формаға өтуінің бастапқы фазасы ретінде, адам санасының интуитивтік-рухани деңгейі ретінде қабылдаған жөн: шығармашылық тұлғаның өз мазмұнын формалауға ұмтылуы (өлең түріндегі әдеби-мәдени құндылықтар: бәдік жыры, қайым айтыс, сыңсу, жоқтау, жұмбақ т.с.с.). Бірте-бірте ортаңғы фазаға өту көрініс береді, мұнда поэтикалық ақпараттың басты ұйымдастырушы – дәстүрлі ырғақ.




Мұнда форманы тілдік сана түпкілікті игереді, иеленеді, формадан мазмұнға (энергияға) және керісінше өту еркін жүзеге асады, адам санасының интеллектуалды-рухани деңгейі ретінде танылады, классикалық кезең: жыраулар поэзиясы, жырлар, қара өлең, ақ өлең, т.б.

Соңғы фазада форма да еркін, энергетика түпкілікті игерілген, ғарыштық уақыттағы ғарыштық сананың белең алуы, таза рухани-синергетикалық деңгей көрініс табады. Жаңа мазмұндағы жаңа формалы поэзия: Абайдың алты тармақты, сегіз тармақты өлеңдерінен басталады №6 сурет.




Энергетика қай фазада да форма бойына үнемі таралып отырады. Енді бастапқы суретке қайтып




оралып, бұл сызбаны ортаңғы кіндік нүктеден көтерсек, мына көрініске ие болар еді: №7 сурет

Бұл – түркі жұртының, қазақы танымдағы кеңістіктің классикалық моделі, визуалды әрі виртуалды әмбебап интерқұрылым. Конус формасына геометриялық фигуралардың түрлері сыйыса алады: шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, алтыбұрыш, сегізбұрыш, ромб т.с.с. Сондай-ақ, шеңбер – күллі кеңістік, шаңырақ – оның символы. Конус – киіз үй, сәукеле, алтыбақан, қара қазан, жүрек, сана формасы. Бұл құрылым – түркі жұртының ғарыштық санасы мен дүнияуи дүниесінің барлық нүктесіне кіріккен құрылым. Поэтикалық ақпараттың таралуы да бұл кеңістіктен ауытқи қоюы екіталай. Ал поэтикалық ақпараттың уақыттық кестесі өлшемсіз ғарыштық санаға ұмтылуымен ерекшеленеді.

1. Успенский Б. История и семиотика. Статья вторая. «Труды по знаковым системам». Т. XXIII. Тарту, 1989, с. 32.

2.. У и т р о у Дж. Естественная философия времени. М., 1984, с. 92. 13 Блаватская Е. Тайная доктрина. Т. 1. Л., 1991, с. 8.

3. Козырев Н. Избранные труды. Л., 1991.

4. См. Чаплыгина М. Музыкально-теоретическая система К. Штокхаузена. М., 1990.

5. Аитова Н.Н., Әбдірова Ш.Г. *Тұтастық* және *түркілік тұтастықтың* синергетикалық түсінігі/ Жұбанов тағылымы YII халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Ақтөбе, 2009. 2-том.

***А. Б. Алимжанова***

## З. ШАШКИН ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР

Әдебиеттану ғылымындағы стиль – аса кең мағынадағы ұғым. Сонау XIX ғасырдағы А. Потебня, А. Веселовскийлерден бастап, көтерілістен кейінгі, яғни, XX ғасырдың 20-30-жылдарында жазылған А. Белецкий, В.Жирмунский, В.Гофман еңбектері, сондай-ақ 50-ші жылдардан бері дүниеге келген В.Виноградов, Д.Лихачев, М.Бахтин, Р.Будагов, В. Ковалев, А.Тимофеевтердің зерттеулері бұл ойымызға дәлел бола алады.

Көркем әдебиет тілін стильдік тұрғыдан зерттеуде, жалпы, стиль сынды ортақ ғылыми мәселені шешуде қазақ әдебиетінде де едәуір еңбек сіңірген Қ.Жұмалиевтің «Стиль – өнер ерекшелігі», З. Ахметовтің «О языке казахской поэзии», Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», С.Негимовтің «Ақын-жыраулар поэзиясы. Поэтика. Стилистика» атты монографиялық туындыларын атаған жөн болар.

Стиль – жазушының шеберлігін, талантын дәлелдейтін үлкен көрсеткіштің бірі. Сонымен бірге стильдің оқырманмен байланысты жағы да бар. Өзіндік стилі жоқ ақын мен жазушы шынайы

шығарма бере алмайды, өзінің оқырманын да жаулай алмайды.

Стиль ұғымы қазір үш түрлі жағдайда қолданылып жүр. Жеке шығарманың стилі, жазушы стилі, ортақ стиль (немесе стильдік ағым). Дұрысында стильдің жазушы стилі деген мағынада пайдаланған ләзім. Алғашқы және соңғы жағдайлардағы қолданыстары жалпының жекеге, жекенің жалпыға қатынастағы көрінісі деп ұққан жөн.

З.Шашкин шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, тақырып талдау, кейіпкер психологиясын ашу, сөз саптау, сюжет құрау, бір сөзбен жазушылық стилі қандай? Өзге әріптестерінен озған не кемшін түскен тұстары бар ма? деген мәселелерге тоқталу маңызды. Бұл арада төселген шеберлік пен жазушының стильдік ерекшелігіне М.Әуезов талғамымен баға берген жөн. М. Әуезов стиль хақында: «Әдебиеттегі ұлттық түр мәселенің бір іргелі үлкен мәні – стиль. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел келіп жазу стилін қалыптайды.

Әдебиеттің ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір стиль – сөздік, ақындық теңеу кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол – ұлттық мінез бейне жасаудың стилі», – деген екен [1, 230 б.].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көрнекті ғалым З. Қабдолов: «Нағыз пейзаж – поэзия! Характер! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауының, сезіну түйсінулерінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ!

Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал, стиль – адам» [2, 92 б.],- десе, профессор Р. Нұрғалиевтің пікірінше, «... әдеби ұғымдағы стиль – ең алдымен – эстетикалық категория... Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеалымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені, көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» [3, 204-205 бб.].

Белгілі бір қаламгердің шығармаларындағы тілдік құбылыстарды қарастырудың негізгі бір саласы оның стильдік ерекшеліктерін тану мәселесімен байланысты болып келетіні мәлім. Біріншіден, белгілі бір шығарманың немесе жалпы жазушы шығармаларының стильдік арналарын көрсету сол автордың тілдік компоненттерді қолдану мүмкіндіктерін саралауға жол ашса, екіншіден, стильді қарастыру тілдік тұрғыдан алғанда кешенді зерттеу болып табылады. Өйткені, стиль категориясы көркем әдебиеттің барлық саласымен байланысты.

Көркем әдебиет тілін стильдік тұрғыдан зерттеуде Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев, С. Негимов, Қ. Жүсіп және т.б. ғалымдардың еңбегін ерекше атауға болады. Егер стиль дегеніміздің өзі кез-келген қаламгердің ешкімге ұқсамас даралық қасиеті десек, З.Шашкинге тән стильдік сипаттар қандай?

Ең алдымен, жазушы жақсылық пен жамандықты негізгі объект етіп ала отырып, адами, рухани құндылықтарды жоғары қойып, дәріптейді. Суреткерге тән негізгі қасиет – шығармаларына психологиялық, лирикалық сарындармен қатар философиялық ой дарыту басым. Яғни оның қаламынан туған шығармалар философиялық астарларға бай. Сондай-ақ асқынған драматизм, трагедиялық тағдыр, жаратылысы бөлек дәрігерлер характерлерін ұтымды бейнелейді.

Мысалы, З.Шашкиннің ең алғашқы шығармаларының бірі «Доктор Дарханов» романын алайық. Шығарманы кезінде ең алғашқы дәрігерлер өмірі жайындағы туынды ретінде қабылданғаны белгілі. Ендеше шығарма құнын асырған қасиеттер қандай десек, ол ең алдымен тақырып тосындығы болса, соған орай жазушы идеясының шығарма сюжетімен табиғи бірлік табуы дер едік. Әрине, бұл тек «Доктор Дарханов» романына ғана қатысты ерекшелік емес, З.Шашкин шығармаларының барлығына дерлік тән қасиет. Өйткені қайсыбір туындысын алмайық, өмірдің ең өзекті, аса зәру, әлеуметтік мәселелерін көтергені анық. Олар тек жанрлық тұрғыдан және шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымынан ғана өзгеше. Ал, автордың философиялық ой түйіні, алдына қойған ұлы гуманизм – барлық шығармаларының алтын арқауы.

Стиль ұғымының кең екендігін жоғарыда айттық. Ғалым З. Қабдолов «Сонымен, біз жазушының күллі творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея-тақырып-тіл) тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз... Міне, стиль – әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік» [2, 331 б.], – деп жазады.

Қандай да бір әдеби бейне жасау типі – автордың суреткерлік көзқарасына, идеялық ұстанымдарына қатысты болып келетіні белгілі. Бұл – мәселенің негізгі жағы. Ал, әдеби бейне жасаудың тілдік және көркемдік астарларына үңілгенде, бұл тұста қаламгердің дара қолтаңбасы өзіндік маңызға ие болады. Осындай дара қолтаңбадан авторға тән стиль келіп шығады. Зейін Шашкин шығармашылығымен таныса отырып, оның прозалық шығармаларынан өзіне тән стильдік ерекшеліктерді көркем пейзаж, өткір образ бейнелері арқылы айқын көре аламыз.

З.Шашкин – өз кейіпкерлерінің ішкі жан иірімдерін суреттеуде өзіндік соқпағын салған суреткер. Уытты да қарапайым тілмен жазылған қысқа да жинақы шығармаларында ол кейіпкерлердің жан дүниесіне бойлай отырып, оның кәусар бұлақтың сылдыры секілді өзгеше күйін шертуге талпыныс жасайды. Оның әрбір туындысындағы образдар өзіндік рухани тазалығымен құнды. Осы орайда «Ұядан ұшқанда» повесіндегі Сақа мен Жүніс образдарын арнайы айтуға болады. Жазушы осы кейіпкерлер арқылы ұлттық болмысты, адамдық қасиетті биік шыңға көтере отырып, олардың арманы мен мақсатын білуге ұмтылады. Коммунист Сақа Сағатовтың басына түскен қиын-қыстау тағдыр тауқыметін әр қилы тартыс, күрес үстінде ашады. Ал оның әкесі Жүніс – табиғатынан ақылды, өжет, кесек тұлға. Ол өктемдік, озбырлыққа жаны қас. Ағайынның, елдің қамын ойлайтын зерделі, ардагер азамат, теңдік, әділеттік үшін күресетін, алға қойған

мақсатына жетпей қоймайтын кейіпкер ретінде шығармадан орын табады.

З.Шашкиннің бұл повесінен жатсынудың бір құрамдас бөлігі – үнсіздік көрінісін Сақаның қарындасы Гүлжанның бойынан байқаймыз. Іштен тынып, сыртқа шықпайтын оның ойлы жанары да көп мәліметтерді береді. «Үнсіздік – кейіпкердің ішкі жан әлемін ашуда ең үлкен жауапты да көркемдік психологиялық қызметті атқарады. Ол әсіресе мынадай жағдайда, психиканың ең терең пластикасы және ішкі жағдай өте қарама қайшылықты, күрделі және бұлыңғыр кезінде сәтті қолданылады. Және ондай психологиялық сәтті өзге ешқандай бейнелеу тәсілі алмастыра да алмайды. Үнсіздіктің өзі адамның тұңғиық жан дүниесін жан-жақты ашуға және психологиялық ауыр жағдайды одан әрі күрделендіруге, күшейтуге, динамикалы дамытуға салмақ салады» [3, 71]. Демек, Гүлжанның ақылдылығы да осында жатыр.

Қаламгердің қаламынан туған «Теміртау», «Тоқаш Бокин» романдары мен «Өмір тынысы», «Темірқазық», «Ұядан ұшқанда» повестерінде қоғамды тікелей әлеуметтік айыптау, сынау-мінеу жоқ, керісінше, жазушы әңгімеші ретінде көрініп, кейіпкерлерін әлеуметтік - психологиялық типтер деңгейіне көтере, сюжеттерді бірде күлкілі, бірде ойлы ситуация төңірегінде өрбіте отырып, үлкен философиялық жинақтауға қол жеткізеді. Сөйтіп, көркем әдебиетімізде Жүніс, Саха Сағатовтарды, атақты революционер Тоқаш Бокинді, Асқар, Дәмеш, Нияз, ойлы күрескер Нұрланды алып келіп, олардың ұлттық болмысын, психологиялық образын жан-жақты танытып, сол арқылы заманның шындығын, бет-бейнесін оқырман қауымға ұсынды. Қай шығармасын алсақ та өмірдің ащы шындығы көркем де, шынайы сипатталған.

З.Шашкиннің тағы бір ерекшелігі – жазушы шығармалары көбіне І жақтан баяндау, не әңгімелеу түрінде келеді. Мысалы:

1. «Мен дәрігермін. Алматының медицина институтын бітірсем де, Қиыр Шығыста солдаттардың арасында дәрігер боп әскери міндетімді атқардым» [5, 8 б.].

2. «Маған жұрттың бәрі дос, бәрі жақсы көрінді. Құшақты аша, жүрегімді ұсына, «ой,бауырымдап!» аңқылдап қарсы алдым» [5, 10 б.].

3. «Менің бойымдағы жетіспейтін мінездің бірі осы – кішіпейілділік пе деймін. Қоян-қолтық араласып, сырын алмаған адамға аса ашыла қоймаймын, қабақ шытып. Салқын амандасам» [5, 94 б.] Демек, жазушы ең алдымен туындыларының экспозициясына және кейіпкерлерінің таныстырылуына аса назар аударатындығын байқаймыз. Бұндай бірінші жақтан әңгімелеу («мен») формасының ерекшелігі – баяндаудың субъективтілігімен, шындыққа ерекше жақын болып көрінуімен байланысты. Мұнда жеке адам ерекше сезіледі. Әңгімелеушінің өзі бейнеленуші болмыстың бір тетігі ретінде алынады. Әрі оқиғаға қатысушы ретінде, әрі әңгімелеуші ретінде ол өзінің басынан өткендерін, көргендерін ғана баяндайды. Жазушы «мен» тұлғасындағы әңгімелеуші ретінде өзі екі қызметті біріктіріп, автобиографиялық және «сыршыл» шығармаға айналдырған.

З.Шашкин романындағы сюжеттік байланыс, сюжеттік дамуы, сюжеттік тартыс, негізінен алғанда, әлеуметтік жіктердің арасында өтеді. Жазушы шығармаларындағы сюжеттік желісінде белгілі бір көркем заңдылық, ұқсастық пен ортақтастық бар. Суреткер сомдаған кейіпкерлердің қай-қайсысы болмасын өзіндік мінез, сөз, ой қайшылықтарымен ерекшеленеді. Сонысымен де олар оқыған адамның есінен кетпестей жатталып қалады. Мысалы, жазушының «Тоқаш Бокин» романы адам санасында жүріп жатқан тартыстардың желісіне құрылған. Қоғамдағы сан түрлі қақтығыстар кейіпкер-қаһарманның үздіксіз тайталасқа түсіп, әлеуметтік майданды бастан кешуімен суреттеледі. Зұлымдық пен ізгіліктің үнемі қарама-қайшылықпен арпалысуы, адам жанын азаптап, сананы сергелдеңге салуымен сол заманның ащы шындығын ашады. Мұндай әдебиетке адамның екі ұдай халдегі сезімі, ішкі «менмен» тартысы әсіресе ұлы М. Әуезовтің психологиялық әңгімелерінде кеңінен суреттелетін. М. Әуезов алып келген әдеби дәстүр қазіргі кезең әдебиетінде өз жалғасын табуда. Осы тұрғыдан келгенде З.Шашкин шығармаларын көптеген жазушылармен салыстыруға болады. Мәселен, соғыстан кейінгі дәуірде Х.Есенжановтың «Ақ жайық», М.Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда», Қ.Исабаевтың «Айқыз» сияқты туындылары жазылу формасы, көлемі, көркемдік дәрежелерінің әрқилылығына қарамастан, қазақ топырағында революцияшыл идеялардың таралуы, етек алуы жайында болды.

Көркем әдебиетте «бейнелі сөз, көркем өрнек» деген ұғымдар бар. Көркем әдебиеттің көркемдігі ең алдымен жазушының тіл байлығы арқылы бағаланады. Көркем шығарманың эстетикалық нысанын, идеясы мен тақырыптарын ашуда, жазушының шығарма арқылы көрсеткісі келген өмірлік шындығын бейнелеуде, кейіпкер бейнесін сомдауда, жалпы шығарманың мұрат бағдарын айқындауда ең басты құрал оның тілі, стилі болып табылады. Жазушы З.Шашкиннің прозалық шығармаларының тілінде әдебиет теориясындағы көркемдегіш құралдар өте орынды қолданған. Қаламгер тілі оқырманына жеңіл, түсінікті болғанымен, онда терең ой мен мазмұн жатыр. Әр сөзі сөйлемнің негізгі мазмұнын жеткізуде үлкен орын алады, сөйлемдерінде терең философиялық астарлар кездесіп жатады. Сонымен қатар, қанатты сөздер де кездеседі. Мысалы: «Ақылды адам кішіпейіл келеді» дейді ескі латын мәтелі» [5, 94 б.]

Сөз жоқ, З.Шашкин – талант. Ол – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Кезінде Кеңес өкіметі заманында идеологиялық жағынан тапсырыспен сыналған, шығармалары оқытылмаған жазушының мұрасы ұшан-теңіз. Оның қаламынан туған роман, повестері, әңгімелері – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған үлес. Ғалым Б. Шалабаев: «Көркем әдебиет тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу, бір жағынан тіл ғылымының өрелі кезінде, екінші жағынан өскелең әдебиет, соған сай әдебиеттану ғылымының

биік даму жағдайында дүниеге келеді» [6, 3 б.], – деп орынды айтқан. Ендеше ең әуелі суреткерге тән негізгі қасиет – кейіпкер психологиясын ашудағы сәтті ізденістері еді. Ол сомдаған кейіпкерлер шынайылығымен, ұлттық характерлерге тән мінез-құлықтарымен, дараланыымен де, сондай-ақ 1950-1960 жылдары көбіне үстем болған социализм әдісінің әдебиет таптық, партиялық болуы керек деген қатаң қағидаларын бұзғандығымен де құнды.

Қорыта айтсақ, қарымды қаламгер З.Шашкин ұлт тағдырына ерекше қарағандығы әр шығармасында айқын байқалып отырады. Яғни, «Доктор Дархановтағы» Нәби сияқты рухани күш, білім жинаймын деп, өз отбасын тасада қалдыру арқылы үлкен ой тастайды. «Тоқаш Бокин» романында елі үшін көрген қиыншылықтарын моймай көтерген қаhарман өмірін, кейінгі толқын жастарға үлгі етеді. Жазушының қайсыбір шығармасын алмайық, сөз саптау, оқиға өрбіту, сөйлем құрау мен сюжет түзетуі бәрі ойлы да толғамды. Соған орай желі тартқан автордың ұлы азаматтық, адамгершілік сияқты гуманизмі мен мұндалап тұрады.


1. Әуезов М.О. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1958. – Т.12. – 498 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, – 2002. – 290 б.
3. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш, 2003; –328 б.
4. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
5. Шашкин З. Доктор Дарханов:Роман.– Алматы: Раритет, 2006. -336 б.
6. Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты: Филололия ғыл.канд. автореф.: Астана, 2006.


***Р. Т. Әлмұханова***

## КӨЗДІҢ ҚАСИЕТТІЛІГІ

Қазақта «көз тиді» деген ұғым бар. Осы сөздің мағынасы қазақ және антикалық Полифем мен Төбекөз образдарын салыстыру барысында анықталады. Өйткені, Төбекөзде – көздің фетиштік қызметі жақсы сақталған. Ежелгі гректер үшін де бұл өзекті болған. Оған мысал өте көп. Мәселен, Паллада Афинаның көзі жабайы әрі магниттей тарту күші ерекше болған, ал, Медуза – горгонның көзі түскен нәрсенің бәрі тасқа айналған. Ал, киклоптардың бір көзі екі көздің қызметін атқарған. Аргустың бүкіл денесі көз болғандықтан, көріпкел болған, ол өлген соң оның көзін Гера өзінің қасиетті құсы − тауыстың құйрығына орнатқан. Сондықтан архаикалық фольклорлық түсінік бойынша көз – фетиш болғандықтан киклоптың жанды жері − сол. Жанды жеріне зақым келген соң ол, әрине, өледі. Ғылымда ежелгі нанымдардың қайсысы бұрын шықты дегенде алдыңғы орынға анимизмді қояды. Бірақ бұл туралы ойлану керек. Әлдебір заттың жаны бар деп тану, жалпы жан туралы түсінік кейін шыққан сыңайлы. Алдымен ол зат жаны бар деп танылу үшін қасиетті саналуы тиіс, ал, қасиетті деп тану фетиш туралы түсінікпен сабақтас. Осылай ойлағанда ежелгі нанымдар арасында фетиш анимизмнен бұрын пайда болған. Кейін сол қасиетті саналған заттың жаны бар деген түсінік жеке анимизм туралы ұғымды бөліп шығарады. Бұл тұрғыда монофункцияның полифункциядан бөлініп шығатыны сияқты тәсіл қолданысы да осы ойды қуаттай түссе керек. Көз қалайша фетиш болады деген сауалдың тууы заңды. Полифемнің маңдайындағы жалғыз көзін Күннің атрибуты деп қарауға болады деген пікірді антикалық мифтерді зерттеуші Э.Я.Голосовкер «Логика мифа» деген кітабында жазған.

«Қорқыт Ата кітабында» Төбекөзге пері анасының:

– Ұлым, саған оқ өтпесін, тәніңді қылыш кеспесін, – деп, баласының саусағына жүзік салуын [1, 178-б.] темірден жасалған заттың магиялық күші бар деген түсінікпен қабылдау шектеулі ұғым болады..

Жүзік сарыны шешен мәтінінде де сақталған. Мұндағы кейіпкердің аты ─ Парчо. Бірақ оған жүзікті шешесінің бергені туралы айтылмайды. Бұл мәтінде оның көзінің күюі мен оны өлтірген кейіпкердің қой терісін жамылып, құтылу тәсілі көп халықтың фольклорына ортақ. Айламен құтылған жігітті ұстаудың амалы ретінде Парчо оған жүзігін береді. Жігіт ол жүзікті саусағына кигенде одан дыбыс шығады, сол дыбыс арқылы оны ұстап алмақшы болып, солай қарай жүреді. Жігіт жүзікті саусағынан алайын десе, ол шықпайды. Ақыры, саусағын шауып тастап, лақтырып, қашып құтылады [2, с.123].

Моңғолдың «Гесер» шығармасында да магиялық жүзік сарыны бар. Гесердің әйелін ұрлап кеткен он екі басты мангус Арал-гоаның алдап-сулауымен екі алтын жүзікті беріп қояды. Әйел оны Гесерге береді, сол жүзіктердің бірі мангустың мекенінің қақпасын ашса, екіншісі оны жабады. Алтын жүзіктерді алу арқылы Гесер әйелін құтқаруға мүмкіндік алады [3, с.131]. Демек, орта ғасырларда жүзік сарыны архаикалық маңызын жоймаған. Ал, түріктекті халықтардағы нұсқаларда Төбекөздің магиялық сипатын жүзік сарыны бойынша зерттеп көргенде оның оғыздар бірлестігінде маңызды сарын болған деп қорытынды жасауға болады. Өйткені, тек темірден жасалғаны ғана емес, жүзіктің дөңгелек

пішінде болуының да елеулі әсері бар. Жүзік – Күн культінің символы. Мифологиялық тұрғыдағы құбыжықтар Геядан туған, бірақ олардың Бронт, Арг, Стероп болуының өзі күннің күркіреуі, найзағай деген мағынаны білдіріп, табиғат стихиясымен дегеннің өзінде де олар Күнмен байланыстылықты білдіреді.

Замандар ауысып, Күн культі әлсірей бастағанда мифтік құбыжықтарға тән тұтас денесімен стихияны танытатын алдыңғы буын өкілдерімен салыстырғанда жалғызкөзі ғана маңызды болып қалғаны Одиссей кездескен Полифемнің ертегілік бейне болу жолын танытады.

Төбекөздің қолға түскен «олжасы» − адамдарды өз үңгіріне кіргізген соң оттың шоқтарын жайғастыра бастайтыны бекер айтылмаса керек. Ежелгі түсінік бойынша от Күннің жердегі ұшқыны деп қабылданғандықтан, бұл да Күннің символы, Төбекөздің маңдайындағы жалғызкөзі де жарқырап тұрған Күннің белгісі іспетті.

Пері бейнесі фольклорда әртүрлі сипатта көрінеді. Соған қарамастан оны өзге әлемнің өкілі деп қабылдау да бар. Әйтсе де, Европа мен Азия халықтарының фольклорында жиі кездесетін перінің аққу құсқа айналып, адамның жары болу сарынына мән берген В.М.Жирмунский оны тотем ананың қызметінен қалған белгі ретінде атағаны [4, с.600] құптарлық. Солайша Төбекөзге магиялық сипаттағы жүзікті беруші перінің ізгі ниеттегі бейне екені анықталады. Бұл да Төбекөздегі ерекше заттардың анаеркі дәуірінде туған көне сипатта екенін айғақтай түседі. Зерттеу барысында түркілік Төбекөздің Полифемге қарағанда архаикалық образ екені дәлелденеді.

Одиссейге қатысты не жүзіктің, не қылыштың магиялық қасиеті айтылмай, тек адам есіміне ғана орын алуы ежелгі гректер үшін төл сюжет болмауымен байланысты сияқты. Яғни сюжет оларға жеткенше деградацияға түскен болуы керек. Мұны кейіпкерлерге жүктелген қызмет бойынша да анық көруге болады.

«Қорқыт Ата кітабындағы» бұл жыр негізге архаикалық сюжетті арқау етіп, оның шешімін ұсынуда ислам дінімен толық байланыстырмай, қаһармандықты насихаттау мақсатын көздеген. Осы мақсатпен Басат батыр-кейіпкер образында енгізілген. Мифтегі құбыжықпен күрестің мақсаты басқа екенін Тиамат арқылы анықтасақ, Төбекөзге қатысты сюжет ерлікті жырлау мақсатын көздегендіктен оның қолданысы образды пайдаланудағы екінші кезең болып шығады. Осылай болғанның өзінде Одиссейдің Полифеммен кездесуі, өз сөзімен айтқанда, қызық көріп немесе сыйлық алмақ ниеті болғаны және Алкиной патшаның сарайында бастан өткен әңгіме ретінде баяндауы сейілдік мақсатты аңғартады. Бұл, сөз жоқ, грек тарихындағы қоғамдық формациялардың таптық, құлиеленуші дәуірінде тууымен байланысты. Одиссейдің Полифеммен кездесуі ел қорғау мақсатынан қосылмаған. Бұл сюжеттің шығыстан ауысып келген деген ғалымдар пікірін дәйектей түседі.

В.Ф.Миллердің Кавказ мәтіндері грек нұсқасына жақын деген пікірін В.М.Жирмунский қолдамаған [4].

Арабтың «Мың бір түн» ертегісінде Сандыбадтың бастан кешкен оқиғасы ретінде баяндалған Төбекөзге байланысты сюжеттің орын алуы әр елге тараған нұсқаларда өзіндік ерекшеліктердің сипатын анықтауға көмектеседі. Бұл шығарманы қазақ тіліне аударған Қ.Әбдіқадыров: «Күндегі әдетімен семіз біреуімізді қақтап жеп, мақұлық ұйқыға кетті. Екі темір істікті отқа қыздырып, әбден қызған соң екі көзіне апарып, бойлата сұғып жібердік» [5, 151-б.], − деп жазған. «Мың бір түндегі» «басы бәйтеректей, бейнесі адам сияқты, көзі шамдай жанып, тісі қазанның тісіндей айқасып, екі құлағы салпылдап жерге сүйретілген бір зат келді. Қол–аяғының тырнағы бүркіттің тұяғындай», – деп суреттелген құбыжықтың екі көзді болуы ойландырды.

Бұл кітаптың 1903 және 1930 жылдары орыс тіліне аударылған нұсқаларына тірек болған араб мәтіндерін табу мүмкін болмаса да, сюжет жатжерлік болуына байланысты кейіпкерге қатысты маңызды белгілер өзгеріске түскен деген тұжырым жасалды. М.А.Салье аударған нұсқаны салыстыру арқылы образ циклоп деп аталғанымен, оның жалғызкөзді сипатында еместігін байқадық. 1903 жылғы аудармада «Глаза у него горели, как раскаленные угли» [6, с.225] делінсе, М.А.Салье «Его глаза были подобны двум горящим головням» [7, с.289] деген. Сондықтан араб мәтінінде де бұл құбыжық екі көзді болған деп болжау қисынды. Мұнда айтылған құбыжықтың үңгірде тұрмайтыны да көңіл аудартады. Сандыбад оны «бір сарайға кез болдық. Иесіз сарайға кіріп, жатып, ұйықтап қалыстық» [5, 150-б.], – деп түсіндірген. Және бір өзгешелік – көзіне істік тығылған соң ол жерді дірілдетердей ащы дауыспен айқайлап, сарайдан шығады. Яғни, ол өлмейді. Бұл айырмашылықтардың болуы негізгі сюжеттің бұрмалану нәтижесінде орын алғанын танытады. Мұнда, сондай-ақ, кейбір нұсқаларда аталғандай, оның өзінен де зор ұрғашы дәудің болуы сюжеттің өзгеріске түскенін сездіртеді.

Сонымен жинақтай айтқанда, ортақ сюжетке бағындырылғанмен, кейіпкерлердің Төбекөзбен кездестірілуіндегі стадиялық тұрғыда айырмашылықтар бар екені анықталды. Сарын өзектілігін жойған кезде ауытқушылықтардың еркін түрде орын алатынын қазақтағы «Етікші» деген ертегі де [8, Б.276-277] айғақтайды. ХХ ғасырдың екінші жартысында жазылып алынған бұл ертегі кейіпкері маңдайында жарқыраған жалғыз көзі бар дәумен үңгірде емес, иесіз қалған үйде кездеседі. Бұл, әрине, соңғы замандағы ертекшілер тарапынан жасалған өзгерістер, сюжеттің замандар ауысқанына қарамай, жаңғырып отыруымен сабақтас жүзеге асырылғанын көрсетеді. Сонымен бірге негізгі атрибуттың ерекшелігі түгел ұмытылмайтынын байқатады.

Д.Фрэзер бастапқы маг құдайға тәуелді емес деген пікірін еске алсақ [9, с.53] Одиссейдің ұзақ та қиын сапарында құдайлардың шешімі мен Афинаның жебеушілік танытуы қатар жүргенін ойлап, оның бұл

типке қосылмайтынын анықтаймыз. Бұл да Одиссей туралы сюжеттің гректерге ауысып келгендігін аңғартады.

Төбекөздің көзінің жанды жер болуы, ол көздің Күннің символы ретінде танылуы архаикалық санадан қалған. Қазақтар арасында әлі күнге «көз тиді» дегенге сенетіндері бар. Бұлардың бір-бірімен, яғни көзді қасиетті деп қабылдаумен байланыстың сақталғанын көрсетеді. Ал, жалғызкөзді құбыжықтың елдің зәресін алуы тікелей көзбен байланысы болмаса керек. Бұл арада фольклорлық синкретизм орын алған.

1. «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999.

2. Сказки и легенды ингушей и чеченцев. Сост., пер., предисл. и примеч. А.О.Мальсагова. — М.: Гл. ред. вост. лит-ры изд-ва Наука, 1983.

3. Гесериада. Пер., вступ. ст. и комм. С.А.Козина. –М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1935.

4. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., Наука, 1974.

5. Мың бір түн: Төрт томдық. Ауд.: Қ.Әбдіқадыров. – Алматы: Жалын, 1993.

6. Тысяча и одна ночь. Первый русский пер.– Спб., 1903.

7. Книга тысячи и одной ночи. В восьми томах. Пер. и комм. М.Салье. Под ред. И.Крачковского. Т.5. –М.: ТЕРРА, 1993.

8. Қазақ халық әдебиеті: Көптомдық. Ертегілер.Т.2. Жауапты шығар. Т.Алпысбаев. – Алматы: Жазушы, 1988.

9. Фрэзер Дж. Дж. Золотая ветвь : Исследование магии и религии. 2-е изд. – М., Политиздат, 1986.

* * *

Статья посвящена разработке мотива «циклоп» – античного Полифема и тюркского Төбекөз. Выявлено, что архаичный мотив глаз–фетиш в первоначальном значении сохранен в Төбекөз.

* * *

The article is devoted to the development of the archaic motives of Cyclops of the antique polyphem and Kazakh tobekoz in typological comparison.

The initial function of the motive of the eye-fetish is more clearly preserved in tobekoz.

***Г. С. Балтабаева***

## ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды. Қаншама жылдар бойына қазақы болмысымызды кеңес адамының көлеңкесі көлегейлеп келген әдебиетте енді қазағым, елім, жерім деп еңіреген ерлердің бейнесі келді. Сонымен қатар еліміздің әлеуметтік өмірінде қоғамдық-саяси шешуші рөл атқарған қазақ тарихының ақтаңдақ беттері - 1986 жылғы «Желтоқсан», «Семей-полигон», «Ауған» тақырыптарына қазақ жазушыларының еркін шабыттана жазуының арқасында біраз сүбелі еңбектер дүниеге келді.

«Осы тұста қазақ әңгімесі мен повесінің жанрлық, типологиялық ерекшеліктерін айтпағанның өзінде, қаламгерлердің шығарма тіліне, олардың жазу стиліне сабақтас туындаған бірнеше көркемдік ізденіс іздерін ажыратуымызға болады. Әсіресе, қазақ қаламгерлерінің тақырып таңдауы, ол тақырыпты көркемдік тұрғыдан байыту, сол арқылы оқырман назарын елең еткізетін әдеби кейіпкерлер жүйесін өмірге әкелу мақсатында елеулі табыстарға қол артқанын аңғарамыз» [1, 185 б.]. Бүгінгі заман өзгерісі адам болмысына, ел тұрмысына, дәстүр-салтына қаншалықты, қалай әсер етті деген мәселелер де бүгінгі прозаның өзекті тақырыбы болып отырғандығы зертеуде кеңінен ашылып көрсетілді. Көркем прозадағы әлеуметтік астар біресе авторлық баяндау кейіпкер әрекеті мен ашық идея арқылы берілсе, енді бірде ирония мен сарказм тұспалында ишараланады.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұғырын қолымызға қондырғалы өткенімізге көз жібергелі бұрын айтуға тиым салынған, «жабық» тақырыптардың бірі – **Желтоқсан тақырыбы.** Ел тарихында өзінің қанды ізін қалдырған, жан жарасын сыздатып келген ауыр тақырып еді. Күңгейі ашылса да, әлі де санамыз да көлеңкесі қалып қойған мәселені қазақ қаламгерлерлері өз шығармашылықтарына арқау етіп, сөз қозғай алды ма? Өйткені белгілі бір ел әдебиетінің тарихы сол халықтың қоғамдық санасының және мәдениетінің тарихымен тығыз байланысты. Егер бұл тақырыпты қозғай алды десек, қандай дәрежеде, қандай формамен бейнеледі деген сауал еріксіз туындайды. Қазақтың қылшылдаған қыз-жігіттерінің көз жасынан тұратын бұл тақырыпты біраз қаламгерлер өз шығармаларына арқау еткені белгілі. Р.Нұрғалиев ағамыздың, Т.Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» атты романы мен Н.Құнантайұлының «Қараөзек» романы бұл тақырыптың үлкен прозада сөз болуына негіз болса, әңгіме-повестерде – А.Алтай, М.Байғұтұлы, Ж.Қорғасбек пен Қ.Түменбайлар түрен салды.

Қазақ әдебиеті тарихында – желтоқсан тақырыбына қалам тартушылар аса көп емес. Қазіргі қоғам мәдениетіндегі болып жатқан өзгерістерге сай, оқырман қауым бірыңғай философиялық, психологиялық, тарихи романдардан гөрі, шынайы өмірдің шындығына негізделген, тарихи-саяси, ақпараттық-

интеллектуалдық мәлімет беретін деректі роман жанрына қызығушылық танытуы да түсінікті.

Өз шығармаларында уақытқа үн қосумен бірге, өткеннің өшпес ізін де, атап айтар болсақ еліміздің ақтаңдақ тарихы болып қалып отырған Желтоқсан ызғарын да тұңғыш аңғарған жазушылардың бірі – Мархабат Байғұтұлы. Ол іс-әрекеті, мінез-құлқы өзгеше кейіпкерлердің бейнесін сомдауға талпынды.

Жазушы өмір шындығының нағыз қайшылықтарын толық мәнінде бейнелеуге тырысты. Ащы шындықты айта білу, әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшкерелеу, тазаруға, жаңарып-жаңғыруға шақыру тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби процесте жетекші бағытқа айналса, Мархабат Байғұты сол бағытты ту етіп ұстады. Әлеуметтік өмірдегі әртүрлі оқиғаларға үн қосып, онда да асығып-аптықпай, әліптің артын бағып, әбден пісуі жетіп, тиісті бағасын алған соң барып, болған жағдайларды жазуға отыратын қаламгерлердей емес, Мархабат Байғұты бүгінгі таңда қылаң беріп келе жатқан құбылыстарға жіті назар аударып, өзі көтеретін мәселені тереңнен қозғап, түп-тамырын қопара көрсетуге ұмтылды. Сол үшін жазылуы ұзақ уақытқа созылмайтын, ұшқыр, жедел жанрға жүгінді. Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» [5, 188 б] әңгімесі оқыс хабардан басталып, оқырманын еліктіре түсетін әдіске құрылған.

«Жұрнақ көке жынданып кетіпті». Әңгіме оқушы баланың көзімен беріледі. Жазушының шеберлігі айқын. Оқып шыққан жан кейіпкер тағдырына жаны ашиды. Жалған пафостан ада. Текемет кенті тегіс білетін Қонақбай ағайдың жалғыз ұлы. Жұрнақ тек желтоқсан қасіретінің құрбаны болған жас жігіт Жұрнақ. Оның есімі әншейін берілмеген. Бұл жоғалған ұрпақтың символы. Мәңгүрттену аллегория арқылы симптомдары айтылған. «Жынды Жұрнақ адамдарды бір-бірінен айырмайтын, кісі танымайтын, кімнің кім екенін мүлде білмейтін». Қазіргі қазақ баласының кейпіне ұқсайды, ана тілін білмейді, өзі мен жатты, ақ пен қараны ажырата алмайды. Ұлтсыздану мен жаһандану дертіне шалдыққан ұрпақ қасіреті бейнеленген. Санасы мәңгүрт. Ұлтының қасиетін танудан қалып, қазақтықтан аулақ кетіп барады. Жұрнақ − текті әулеттен. Сондай озық жасты заманы қор қылды. Мәскеуде оқып жүрген білімді жігіт. Алматыға сүйген қызы Алмаға келгенде тепкіге ұшырайды. Басынан арматура темірімен ұрған. Жұрнақтың жындануының негізгі себебі сүйген қызынан айрылуы, сол бір қазақ қыздарының көрген қорлығы. Әкесі тіл мен әдебиеттің маманы. Ол күйіктен қайтыс болды. Директор Сағындықовтың анасы ғана жынды Жұрнақтың бетінен сүйеді. Оған кейін Жұрнақ: «Жоқ, сізді танымаймын, бірақ бетімнен сүйгеніңізді білем ғой, неге білмеймін» дейді. «Ана байғұс ал кеп еңіресін-ай сонда». Директор Сағындықовтың анасы. Жұрнақ жынданған, қоғамдағы асыл қызметінен айрылған. Текті ағалар да заманға күйлеген. Сондықтан қалың елі қазағы қорғаусыз. Жұрнақ айнала жұрттан ән-күйден сабақ беретін Сағынышты, директор Сағындықовты тануы тегін емес. Бұл қазақтың тегі мен өткеніне сағынышты, тектілікті аңсауды тұспалдайды. Бұл символдық әңгіме. Жұрнақ өлерінде туған үйінің табалдырығына кеп тізе бүгеді. Автор мұны санасында сағыныш деген ұғым өлмеген деп түйіндейді.

«Жоғалған жұрнақ» [5, 188 б.] әңгімесінде ол заманымыздың көкейкесті, өзек жарды мәселелерін алға тартады. Шығарманың айтары көп. Ең бастысы – «Қазіргі замандас қандай адам, ол неліктен қиындыққа душар болды, жолында кесекөлденең тұрған кім?» – деген шешімін бірде тауып, бірде таппай жататын мәні зор сұрақтарға нақтылы жауап қайтарады. Әңгіме оқыс басталады. Кейіпкер **қапыда** қиын жағдайға ұшырайды.

«Жұрнақ көке жынданып кетіпті деген хабарды біз көктемгі каникул кезінде естідік.

Қонақбай ағайды қатты аядық.

Ол кісіні, яғни қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Қонақбай ағайды біресе көргіміз келеді, біресе қорқатын сияқтымыз» [5, 188 б.] - деп басталатын әңгіме желісі көлеңкелі желтоқсан оқиғасына қатысқан жалғыз ұлдың ары қарайғы өмірі де бұлыңғыр, күңгірттеу. Қонақбай ағайдың жағыз ұлы Жұрнақ Мәскеудегі аса ірі, атақты оқу орына түскен және оны қызыл дипломмен бітіруіне бес-алты ай қалған бүкіл ауылдың мақтанышы болатын.

Өзгеше оқуға өз күшімен түсіп, алты жылдан астам уақыт оқып, Алматыдағы сүйген қызына келген кезінде, Желтоқсан көтерілісі басталған кезге тап болған Жұрнақ пен осы сыбырлап айтуға қорқатын оқиғаны ұйымдастырушысының әкесі ретінде күнде ауданға, тіпті облысқа сүйреп, зықысын шығарып, мазасы кетіп жүрген әке бейнелері нанымды шыққан.

Міне, осы оқиғаның астарына үңіле отырып, жазушы оқыс сауал қояды: қиын-қыстау жағдайда адам, адам қалпында қала ала ма? Адамгершілік қасиетін сақтай ала ма? Осындай сұрақтар толқытқан жазушы әңгімесін Желтоқсан оқиғасы бір шаңырақтың отын қалай өшіргенін әке мен бала тағдырын салыстыра отырып, оқиға желісін кейіпкердің өз аузынан баяндайды. Жазушы кейіпкерінің әлеуметтік жағдайымен таныстырып алып, содан кейін оның жан-дүниесіне үңіледі.

Сонда ғой, қысқы каникулдан кейінгі алғашқы сабаққа кірген Қонақбай ағайды біз танымай таңырқағанбыз. Мектебіміздегі барлық мұғалімдерден биік көрінетін ағайымыз мұқым-мүлде кішірейіп кеткен екен.

Бәрінен де бетер қайран қалдырғаны қалжыраңқы Қонақбай ағайымыздың жайшылықтағы жылуарлы жанарының бұрынғы нұрынан жұрдайлығы еді» [5, 188 б.] – деп, автор көтеріліске қатысты деген ұлының қай қуыста, қай түрмеде жатқанын білмей жаны қиналған, елінің, жұртының еңбегі сіңген абыройы мен беделі бір ұлағатты ұстаздың тергеу мен тексеру жанын жегідей жеп қойғанын суреттеу мезетін сәтті шығара білген. Сарсаң болып сандалған, шақшадай басы шарадай болып қалжыраған, ешкімнен демеу таба алмай, тірі пендеден көмек те сұрай алмай сенделген, түңілген кейіпкер бейнесі

нанымды шыққан. «Нұры тайған жанарды» суреттеу арқылы арқылы автор болашағынан, «үміт еткен көзімнің нұры балам» дегендей үміті үзіліп, мойынұсынған пенденің бейнесін берген. Жазушының көрсетіп отырғаны, ел аман, жұрт тынышта төрт құбыласы сай шаңырақтың төбесі ортасына түсіп, кешегі Мәскеуде оқуын оқып, бітіріп келе жатқан ұлымен мақтанып жүрген әке, кіріптар болып, көзін көтере алмай, ел бетіне тіктеп қара алмай жүзімен жер шұқып жүргені. Бұның сыры неде деп мәңгілік жауабын бірде тауып, бірде таппай, оқиға желісін трагедиямен өрбіте, ширықтыра түседі.

Автор сюжет желісін шиленістіруде бірте-бірте үдемелі, градация әдісін қолданады.

«Әйтеуір Жұрнақ Қонақбайұлы сынды мәскеулік студенттің де «бүлікшілерді» бастаушылардың бірі екенін естідік. Текемет кентінде, Қазғұрт тауының бір бүйіріндегі кеңшар орталығында сыбыр мен күбір көбейді. Жұрттың бәрі бір-біріне ашып ештеңе айтпауға айналған. Күдік пен күмән ауруы асқына түскен. Жұрнақ көкені соттағалы жатыр екен десті.

Міне, сексен сегізінші жылдың көктемгі каникулында Жұрнақ көке жынданып кетіпті деген қан жоса хабар да келіп жетті.

Қонақбай ағай. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін, жыл жарымға жуық уақыттан бері жаһаннам қоғам ба, жандайшап адам ба, азапқа буып, тозаққа таңып тастаған қайран ағатайымыз қайтыс бопты.

...Ол кісіні жерлеуге жеті-сегіз адам ғана қатысыпты. Жаназасы жасырын шығарылған деседі. Мектеп мұғалімдері мен оқушылардың баруына мұқым тыйым салынған [5, Б 189-191].

Қаламгер сол жылдарда нақ осындай фактілердің көп болғанын, сол бір желтоқсан оқиғасына байланысты ел басына түскен әртүрлі жағдайларды суреттеу арқылы үлкен әлеуметтік шындықты батыл ашып отыр. Ресми насихат басқаша дегенмен, шындықтың шын бет-әлпеті осындай еді дейді авторлық таным парасаты. Жазушы сол шындықты көре білген және соны батылдықпен, жүректілікпен шынайы жеткізе білген. Көзі ашық, көкірегі ояу парасатты азамат бүкіл қоғамымызда белең алған көзбояушылық індетін аша білген.

Қазақы танымда күнәкаһар адамды ақтық сапарға шығарғанда ерте замандарда осылай ел көзінен жыраққа, тіпті жаназасын жасырын шығарып жататын. Жалпы шариғатта о дүниеге аттанған адамды қаралап, даттап, кінә арту үлкен күнә болып саналады. Яғни, пенде күнәһар екен, еместігін алланың алдындағы ар-амал сотында ғана жауап береді. Күнәсі бар ма жоқ па, оны тек алла-тағала ғана шешіп, төрелік етпек.

Жазушының кейіпкері өмірінің соңғы күндерін ел алдында кінәлі болып, баласы үшін жазықты болып, бұ дүниеден еңсесін жаза алмай, кінәсы не екенін білместен пұшайман хал кешіп өтті. Сол жағылған қара дақ өле-өлгенше, өлген күнде де кетпек емес. Мұңлық әкенің күйі ол болса, көтеріліске қатысқаны үшін жынды жазықты болып, жынданған бейшара ұлының күні тіптен мүшкіл еді. Барынан айрылған, адамзат пендесіндегі ең ұлы қасиет санасынан, ақыл-есінен айрылған жарымес атанып, көрінгеннің есігінде қу құлқыны үшін өлместің күнін кешіп жүр. Қаламгер кезінде оқу озаты болған, Мәскеу оқу орны студентінің бүгінгі мүшкіл халін суреттеу арқылы тағдыры да заманы да, солақай саясаты да аямаған жас жігітті туып-өскен ортасы, кіндік қаны тамған ауылдастары да аяды ма, мүсіркегендері бір күндік боқ дүниемен теңелгендігін шебер суреттеген.

«Жынды Жұрнаққа да сөйттік қой. Оны айтасыз, алғаш аяп, бой таратыңдар, бірте-бірте, бара-бара оның жуастығын басып, көпе-көрнеу мазақтайтынға айналды. Тірліктерін тап-тұйнақтай тындыртып алып, түк те берместен, дым да татырмастан, тепкілеп қуып жіберетіндер де табылатын еді. Алты шақырым жердегі Айқұмырсқа ауылынан Текеметтің орта мектебіне қатынап оқитын оншақты оқушы бүкіл сөмкелері мен бар киім-кешектерін жынды Жұрнаққа артып қойып, қырдан асып, белден басып, билеп кетіп бара жататынына да көз үйренді. Ет өлді» деп, автор бала екеш баланың мазағына, ойыншығына айналған кейіпкерінің мүсәпір халіне оқырман көңілін жеткізеді.

«Дегің келмес. Кесілгір тілің тартынбайды, алайда. Көке де дей алмайсың. Шіркін-ай, дейсің жанарың ашып. Тағдыр-ай, деп жас тығылар тамаққа. Жұрнақ, мынау мүсәпір халдегі жынды Жұрнақ сол Жұрнақ па, шынымен?! Сезім соларының сенгісі келмес, сана бейшараның қабылдағысы жоқ. Сенесің де, көнесің де. Қабылдамай, қайда барасың?! Жұрнақ Қонақбайұлы ма бұл, шынымен?! Бір кездердегі Мәскеудің ең мықты, маңызды оқуын тәмамдап, Текеметке келгелі демалып жатыр екен.

- Жұрнақ, тасты қайда тасып жүрсің? - дейтін көрінеді.

- Айқұмырсқаға, - дейді екен ол.

- Не істемексің онда?

- Үйімнің орнын таптым ғой, там салам, - дейді екен Жұрнақ.

Айқұмырсқаға ай тасыды ма тасты, жыл тасыды ма тасты, кім білер оны. Ешкім де білмейді.

Үшінші күні Жұрнақ өліп қапты деген қаралы хабар бет қарыды.

Рас екен.

Ол Айқұмырсқадан көшпей қалған жеті-сегіз үйдей сәл былайрақтағы Тақиятөбенің тепсеңінде, өзі туған үйдің орнында шапанының етегінен тас төгіп отырған күйінде қатып қапты.

Зерттеңкіреп қарасақ, Жұрнақ көке тұп-тура туған үйінің табалдырығына тізерлеген екен».

Байқадыңыздар ма, Жұрнақ жынды бола тұра туған табалдырығына тізерлеп, кіндік кескен үйіне басын иген тәрізді.» Жалпы шығарманың әлеуметтік мазмұнын, жазушы үй, қарашаңырақ мотиві арқылы айқындап отырады. Демек, қаламгер ұлттық танымға тән мотивтер мен дәстүрлі символдарды шебер пайдалану арқылы Желтоқсан қасіретінің қазақтың халықтық рухына тигізген зардаптарын аша білген.

Ана тілінің қадір-қасиетін шәкіртіне ұқтырып, ұлт жолында адал қызмет атқарған ұстаздың трагедиялық тағдыры осы оқиғадан зардап шеккен әрбір қазақ отбасының ортақ ахуалы. Өз ортасынан оқ бойы озық тұрып, білім қуып ресейде жүрген студент ұлдың желтоқсанда сүйгенін құтқарам деп соққыға жығылуы, миы шайқалып «жынды атануы», ауылдас, ағайынның тәлкекке ұшыратып, кемсітіп, қорлауы, перзентінің тағдырына налынған әке күйініші шығарма оқиғасы шираттыра түседі. Әңгіме негізін құрайтын екі желі бар. Біріншісі: Заман, қоғам әділетсіздігі, екіншісі: Ортаның, әлеуметтің жеке адамға қиянат, озбырлығы. Осы арқылы автор қазақ жұртының бауырмалдық, өзара мейірім, қайырым қасиеттерінен де азғындай бастағандығының ауыр суреттерін береді: Ал қалың жұрт «жынды» атаған Жұрнақ жанында мейірім мен ізгіліктің шуағы мол. Әке шаңырағына деген адалдық, өз туған босағасына деген сүйіспеншілік сезімдерін жадынан шығармауы оның шын мәнідегі адамдық болмысын биіктете түседі. Қоғам қысымы, қолдан жасаған қысастық пен ортаның зәбірі оның болмысын аласарта алмайды. Шығарманың көркемдік қуаты да осында.

Әңгіменің «Жоғалған жұрнақ» деп аталуының өзі тегін емес. «Қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімнің ұлының есімін «Жұрнақ» қоюының өзі сол өзі беретін тіл сабағына қатысты шығар бәлкім, дегенмен, автордың өз туындысына салып отырған салмағы мүлдем басқа тәрізді. Шын мәнінде, мұның сыры өзгеде. Жас өрімдей болашағынан үлкен үміт күттірген жігіт Жұрнақтың өмірі неліктен өксікпен өтті деген сауалға? – Өрімдей жастың жынданып, ақыры өмірмен ерте қоштасуына итерген жағдайдың қоғамдық, әлеуметтік астары бар. Ол – тоталитаризмнің жұқпалы, жабысқақ «көзбояушылық» дерті. Бір Жұрнақтың ғана емес, қаншама жастың өмірін қыршынынан қиып, сотта сағын сындырып, жігерін жасыды. Автордың айтпағы осының алдын алып, осындай дәрежеге жеткізбеске болмады ма, деген сауал. Жауабы жоқ сұрақ.

Сол бір оқиға не бір гүлдей жайқалған тағдырларды солдырып, солақай саясаттың аязы қарып, қаншама тағдырлар тәлкекке түсті. Өйткені, қай кезден де отаншылдық сезімнің барлық халықтарға тән, жоғары екендігі белгілі. Сондықтан да болар Отанға деген ұлы махаббат, асқар сүйіспеншілік, туған жерге деген қастерлі, қасиетті сезімдер – үлкен ерліктердің, ғажайып батырлықтардың бастауы, қайнар көзі.

Әрине бұл тақырыпта жазылған шығармалар саны санаулы. Себебі, оқиғаның тарихи бағасы да күні бүгінге дейін шынайы берілген жоқ. Десе де қалам иелерінің бұл тақырыпқа түрлі көркемдік тұрғыдан қалам тербеуі де бүгінгі прозаның жарқын белгілерінің бірі деуге болады.

1. Әбдезұлы Қ. Жазушы және заман шындығы. – Алматы. Қазақ университеті, 2003. -185 бет.
2. Байғұт М. Салқын масақ. – Алматы. Жазушы, 2008. -272 бет.

* * *

В статье автор рассматривает проблему казахской прозы периода независимости.

* * *

In the article the author regards the problem of Kazakh prose of the period of independence.

*Г. Ж. Болатова*

## ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ПОРТРЕТ КАК ЭЛЕМЕНТ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ (НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА-ЭПОПЕИ М.О. АУЭЗОВА "ПУТЬ АБАЯ")

Как в любом художественном национальном произведении, портрет (там, где он встречается) является важным структурным элементом художественного произведения, способствующим конкретизации литературного персонажа.

М. Ауэзовым в романе-эпопее даются глубокие и разные национальные портреты, где с особенной силой проявляется художественное мастерство. Так, в системе развития сюжета герой от портретного наблюдения за внешностью родовых вождей переходит к портретному наблюдению и постижению внутреннего мира носителей народной поэзии, певцов и акынов, и сам духовно растет вместе с ними. Портреты даются ярко описательно и образно, в духе эпического сопоставления, в основе которого также лежит принцип психологического параллелизма.

**Оригинал:** "Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, әжымы мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан, немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан – өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан, сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не, көде-көкпек пе? Кейде мал мен ақ бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндсрі болады" /1, 17-18/.

**А.Никольская:** "Абай с детства усвоил привычку пристально, не сводя глаз смотреть на сказителей, певцов и вообще на всех, чья речь

приковала к себе его внимание. Лицо человека всегда казалось ему чудесным созданием природы. Всего привлекательней были лица стариков, испещренные морщинами. В извилистых складках, бороздящих их щеки и лбы, в выцветших глазах, в волнообразных переливах длинной бороды он часто видел целые картины. Вот лесок с реденькими, жидкими побегами... Вот трава, скрывающая темную почву под своим мягким ковром. Порой его воображение находило в человеческом лице странное сходство с хищным зверем или добродушным домашним животным. Вся вселенная оживала для него в движениях и очертаниях человеческого лица" /2, 35/.

**А. Ким: "**У маленького Абая появилась привычка так вот пристально, не сводя глаз, смотреть на какого-нибудь сказочника, степного певца, рассказчика легенд и всяких житейских баек. Слушать их было интересно, но Абаю-мальчику интереснее всех рассказов был сам человеческий вид рассказчика. Облик человеческий был лучшим рассказом. И самым интересным рассказом был рассказ старого человеческого лица, испещренного глубокими складками, изрезанного неисчислимыми морщинами. Рассказ стариковского лика завораживал Абая своими таинственными историями обвислых щек, изборожденного морщинами лба, поэмами грустных выцветших глаз, песнью седых усов и бород. По виду стариковских морщин и седин можно было, казалось ему, представить весь земной мир, живой и неживой, с его чахлыми лесами, с каменными утесами и, покрытыми трещинами, поросшими косматыми мхами. И седой ковыль, покрывающий степь - не седые ли волосы стариков? А сколько звериного, животного, птичьего можно было угадать в образах старости!" /3, 24/.

Специфика национального портрета М.О. Ауэзова заключается не только в том, что он использует богатство художественных методов, но развернутую образно-описательную картину, автор эпопеи и русские переводчики эпопеи детально воссоздали типические портреты, но само художественное мышление, само восприятие всего этого принадлежит Абаю, непосредственно выражающему свое впечатление, от которого, как бы отталкивается автор, а за ним и переводчики.

Далее мы видим Абая после жестокой казни, которую учинил его отец над несчастным стариком Кодаром. Потрясенный случившимся, мальчик долго не может прийти в себя. Здесь в свою силу вступает описательный портрет очень больного юноши, со всеми его важными характеристиками: "голова его разламывалась", "тело пылало, точно в огне", "во рту было сухо", "губы потрескались", "во рту все пересохло".

**Оригинал:** " Абай кешкі қозының жамырауынан оянды. Басы меңзеңі… Еті лапылдап, күтіп түрған сияқты. Аузы құрғап, ерні қатты кезеріп қапты. Құр тамсанады" /1, 45/.

**А.Никольская:** "Абай проснулся только к вечеру… Голова его разламывалась, тело пылало, точно в огне, во рту было сухо, губы потрескались. Он провел по ним языком, чмокнул, хотел сглотнуть слюну, — напрасные усилия: во рту все пересохло" /2, 59/.

**А. Ким:** "Абай проснулся уже вечером, от громкого овечьего блеяния…Болела голова. Все тело охватывал нестерпимый зуд. Во рту пересохло, губы похолодели. Язык стал грубым, черствым. В глазах плыл туман /3, 62/.

Конечно, второй вариант перевода значительно уступает как первому варианту, так и оригиналу, его отличает многословность, ненужная описательность, отсутствующая в оригинале.

Наиболее ценным и полным портретом литературного героя, выписанного М.О. Ауэзовым, является такой, в котором представлен сплав психологического состояния, неспешного авторского комментирования эволюции души героя и внешних портретных признаков. Вот в такой совокупности предстает богатый в художественном отношении один из полных портретов центрального героя, который соответствует этой жанровой разновидности художественного описания.

Вот что мы видим в романе:

**Оригинал: "**Енді көңілі де айығып, бұрыңғы балалық шаттығын да, ойын-ермегін де тапса керек еді. Бірақ, ғажап! Биылғы жыл, әсіресе, соңғы көп күндер ішінде Абай балалықтың қызу ермегінен, қызығынан шеттеп, салқындап қапты. Тіпті, балалығынан айрылыңқырап қалғандай. Әлде, аурудан тұрғандығы ма? Немесе соңғы уақыттар көңілінен кешкен ауыр сезім, терең азап салдары ма! Әлде, тіпті балалық өтіп, үлкендікке қарай бой ұрғандығы ма? Аралықта белге соққандай бір дағдарыста қалған сияқты.

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.

Бұрын кара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазір де қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. 0 да ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да бір алуан боп өзінше үйлесті.

Ол атқа міниіп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы, әсіресе, әжесі. Одан қала берсе - шешесі" /1, 50-51/.

**А.Б. Никольская:** "Душевное его состояние тоже стало лучше. Казалось, ему пора уже было вернуться к прежней детской беззаботности, мальчишеской резвости и веселью. Но, странно: в этом году, особенно за последнее время, он сильно охладел к детским забавам и шалостям. Ребяческие игры, полные раньше увлекательной прелести,

больше не манили его. Он словно утратил свое детство. Может быть, это следствие тяжелой болезни? Или мучительные переживания последнего времени омрачили его душу? Неужели детство ушло безвозвратно, и он стоит на пороге зрелости? Но зрелость еще не пришла — он остановился где-то на полдороге, будто наткнувшись на высокую стену, неопределившийся и растерянный.

В этом году ему исполнилось тринадцать лет, и внешне Абай тоже был где-то на полпути — ни юноша, ни мальчик. Ростом он был уже высок, руки и ноги удлинились. Раньше он казался курносым, а теперь нос его заметно выпрямился. Выражение лица стало не по-детски серьезным, но в его фигуре еще не было законченности. Он похудел и вытянулся. Он напоминал растение, выросшее без солнечных лучей: белесое, слабое, с длинным хрупким стеблем.

Раньше на его смуглых щеках всегда играл румянец. Теперь же — от долгой ли жизни в городе или от перенесенной болезни — лицо его побледнело, черные волосы поредели, и меж ними светлела кожа; было сразу видно, что он болел и долго не видел солнца.

Вместе с внешностью резко изменился и его характер. Сейчас он вполне мог бы ездить верхом, но его никуда не тянуло. Он избегал сверстников и нашел себе других друзей: лучшим его другом стала бабушка, после нее — мать" /2, 64/.

**А. Ким:** "У него до сих пор еще больна душа, и она должна выздороветь, ведь детство еще не совсем ушло от него и могло вернуться с улыбкой чистой радости - но что-то странное происходило с ним. Он не хотел возвращения детства, не хотел больше его забав и веселья, он словно внезапно лишился детства. Могло показаться, что чувство великой подавленности родилось в нем в связи с перенесенной болезнью, но можно было и сказать, что все это явилось следствием давно пережитого- мучительного, страшного, непосильного для детской души, А может быть, просто кончилось его детство? И началась взрослая жизнь? Однако взрослым он еще не стал, а из детства ушел - замер где-то посередине.

Абаю в этом году исполнилось тринадцать лет. По виду и по росту соответствовал своим годам. В сравнении с прошлым годом - заметно вытянулся. Стали казаться длинными руки его и ноги. Раньше нос был у него курносым, теперь вытянулся и выглядел длинным. В лице уже нет черт и выражения ребенка, - это лицо подростка, предвестника юноши. И, несмотря на все это, он еще так далек от взрослости, от подлинного юношеского обличия. Худой, вытянутый, с торчащими мосластыми руками и ногами, он казался каким-то бледным растением, выросшим без лучей солнца.

Раньше был смугловат, румянец разлит по смуглоте. Сейчас -то ли сказалось долгое пребывание в городе, то ли болезнь повлияла - Абай выглядит бледным. Сквозь негустые темно-каштановые волосы просвечивает белая кожа головы. И это также выглядит как признак его болезненности-росток, не знавший солнца...

Его внешнему виду соответствовало и поведение, и проявляющийся новый характер Абая. Он редко выходил на улицу во время многодневных стоянок, и хотя мог уже ездить верхом, предпочитал конным прогулкам домашнее времяпрепровождение. Вместо прежних друзей-сверстников он нашел себе нового друга, с кем предпочитал не расставаться, и этим другом стала его старенькая бабушка Зере. Нашел новое занятие для себя, взамен прежних мальчишеских игр, и в этой новой увлеченности наперсником для него стала не только бабушка, но и мама Улжан" /3, 69-70/.

1. Первая часть, начиная со слов: "Душевное его состояние тоже стало лучше…" и заканчивая: "Но зрелость еще не пришла…", показывают возрастное и психологическое состояние героя, его изменившееся отношение к миру, раннее взросление: "…ему пора уже было вернуться к прежней детской беззаботности, мальчишеской резвости и веселью, но…"он сильно охладел к детским забавам и шалостям", "он словно утратил свое детство".

2. Психологические и возрастные характеристики разбавляются авторским комментарием, суждениями: "может быть, это следствие тяжелой болезни? Или мучительные переживания последнего времени омрачили его душу? Неужели детство ушло безвозвратно, и он стоит на пороге зрелости? Но зрелость еще не пришла — он остановился где-то на полдороге, будто наткнувшись на высокую стену, неопределившийся и растерянный".

3. На этом первая часть описания внутреннего мира заканчивается и

писатель переходит ко внешнему описанию, к физическим характеристикам: начиная со слов "…Абай тоже был где-то на полпути — ни юноша, ни мальчик". Идет подробное описание роста, ног и лук, лица, говорится о других его изменениях "он похудел", автор применяет метод временного контраста: раньше - теперь.

4. Затем писатель для большей наглядности сравнивает его с растением, "выросшим без солнечных лучей".

5. Потом он опять использует пространственно-временной контраст

"раньше - теперь": "Раньше на его смуглых щеках всегда играл румянец. Теперь же — от долгой ли жизни в городе или от перенесенной болезни — лицо его побледнело, черные волосы поредели и меж ними светлела кожа; было сразу видно, что он болел и долго не видел солнца.". Здесь на первый план выступает прием психологического параллелизма, играющий важнейшую роль в организации духовного мира литературного героя. От "диалектики внешности" писатель переходит непосредственно к "диалектике внутреннего мира".

6. Резкое взросление героя и случившееся его столь раннее разочарование в жизни писатель отмечает следующим образом: "Вместе с внешностью резко изменился и его характер", "…он вполне мог бы ездить верхом, но его никуда не тянуло", "он избегал сверстников и нашел себе

других друзей: лучшим его другом стала бабушка, после нее — мать".

7. Так, исследуя метод диалектики, писатель от всех частных отдельных случаев приходит к большому целостному портрету, который включает в себя богатство подходов и методов писательской интерпретации художественного описания своего героя.

Для полного портретного описания героя все же не хватает важной его дополнительной характеристики, которая придает неповторимый облик его портрету. Это косвенная характеристика его романтического отношения к миру.

Исходя из анализа романа-эпопеи, мы отмечаем, что особенностью казахского романа-эпопеи "Путь Абая" можно считать не только эпическую многомерность изображения национальной действительности, но и богатство изображенных писателем характеров, замечательные пейзажные зарисовки, глубинные философские обобщения.

Портрет является важным структурным элементом художественного произведения, способствующим конкретизации самого литературного образа.

Казахские ученые обращают внимание на то, что глубоко национальная природа художественного портрета в романе-эпопее М.О. Ауэзова восходит к традиции Абая, который в своих лирических и прозаических произведениях уже создал реалистические основы для создания полноценного портрета будущих ауэзовских героев.

Как часть внешнего вида в литературном портрете присутствует такая деталь, как костюм и является важным сюжетным и культурологическим элементом в общем целостном развитии художественного образа центрального героя.

Портреты также могут создаваться не напрямую, а посредством наблюдений и впечатлений другими персонажами тех, кого описывает автор. Портреты запечатлевают не только статистическое во "внешнем" человеке, но и жестикуляцию, мимику, которые динамичны но своей сути.

Портрет героя, как правило, локализован в каком-то одном месте произведения. Чаще он дается в момент первого появления персонажа, т.е. экспозиционно. Но встречается и иной способ введения портретных характеристик в текст. Его можно назвать "лейтмотивным".

Косвенными характеристиками, создающими единый психологический портрет героя, могут быть также пейзажи, через которые преломляется его настроение, еще даже глубже, чем в прямом портретном описании раскрывается его внутренний мир, создающий важную дополнительную сферу внешнему портрету - сферу интеллектуальную.

Такие косвенные характеристики значительно дополняют общий портрет центрального героя.

Очень важно проследить накопление таких характеристик в системе обогащения портрета.

Наиболее полный портрет героя, выписанный М.О. Ауэзовым – это сплав психологического состояния, авторского комментирования эволюции души героя и внешних портретных признаков. В совокупности предстает богатый в художественном отношении портрет центрального героя, который соответствует этой жанровой разновидности художественного описания. Так, используя накопительный метод и метод диалектики, писатель от всех частных отдельных случаев приходит к большому целостному портрету, который включает в себя богатство подходов и методов писательской интерпретации художественного описания своего героя.

В организации портрета участвует художественный ритм, и это придает особый эмоциональный фон фрагменту.

1. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай. – Алматы: Жазушы, 2003. - 365 б.
2. Ауэзов М. Путь Абая. Перевод под ред. Л. Соболева. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. - 605 с.
3. Ауэзов М. Путь Абая. Книга первая. Перевод А. Кима. – Алматы: Жибек жолы, 2007. - 467 с.

*Г. Б. Ержанова*

## ҚАЗАҚ РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЛА ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ БЕЙНЕСІ

Қазақ романы өткен ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келіп, сан-салалы қалыптасу, даму сатыларынан өтті. Тақырып аясы, мазмұндық ауқымы, көтерген жүгі мен түрі жағынан байып, кемеліне келді. Сөйтіп әлемдік әдебиеттегі таңдаулы туындылар қатарына ойланбай кіретін, иық теңестіретін айтулы шығармалармен толықты.

Қазақ романы ұлтымыздың сан ғасырлық әлеуметтік, рухани өмірін жан-жақты, терең, көркемдік қуатпен бейнелеп берген аса жемісті жанр ретінде танылды.

Қазіргі қазақ романы – сан қырлы тақырыпты қозғаған, көркемдігінің көкжиегіне жеткен, құнды шығармаларды дүниеге әкелген, көркемдік тәсілдерге бай, құнарлығы мен бейнелілігі тұрғысынан жаңа биікке қол жеткізген көркемсөз өнерінің айшықты саласы.

«Тектік түр жөнінен қазақ романын: реалистік, тарихи, психологиялық, ғұмырнамалық, мемуарлық, саяси, деректі, фантастикалық шытырман оқиғалы, эпикалық, драмалық, лирикалы, роман-эссе, роман-дерек, роман-дилогия, роман-трилогия, роман-тетро-

логия, роман-хроника, цикл роман, т.б. бөліп қарауға болады.

Қазақ романдарының оқиғасы бейбіт күндерде, соғыс кезінде, бір үйде, бір шаңырақта, бір ауылда, бір көшеде, бір қалада, тау арасында, өзен бойында, теңізде, шөлде, бір руда, бір жүзде, Қазақстанның әр атырабында, Қытайда, Монғолияда, Ресейде, Еуропа елдерінде, шығыс елдерінде өтеді. Әрекет бір тәулікті, бір аптаны, бір айды, бір жылды, бірнеше жылды, бір ғұмырды, бірнеше ғасырды қамтуы мүмкін» [1, 3 б.].

Қазіргі қазақ әдебиетінде роман жанры көшбасшылық рөлге ие. Өйткені еліміз өмірінің кезеңдік оқиғаларын бейнелеуде салиқалы да салмақты өмір шындығын бағамдап көрсетудегі ең үлкен таразы осы жанр екендігі шындық. Роман өмір-тіршілікті кең ауқымда алып, тереңнен қамтып көрсетеді. Соған байланысты қаламгерден жан-жақты ізденісті, суреткерге тән ұшқыр сезім-түйсікті, шынайы шеберлікті талап етеді.

Роман халық өмірін, замана бағдарын, дәуір, уақыт тынысын, қоғамдағы әлеуметтік шындықты сан алуан қырынан ұңғыл-шұңғылына шейін жан-жақты талдап, жинақтап, қорытындылап көрсетудегі ең мүмкіндігі мол жанр. «Эпостың ең үлкен түрі роман – көркем сөздің ең биік үлгісі… Онда бірнеше сюжеттік линия (негізгі сюжеттік линияға қосымша бірнеше сюжеттер) қатар өрістеп, сол негізде халықтың көптеген тобының жан-жақты образы жасалуға тиіс. онда оқиғалар көлемі де мол болады» [2, 204 б.], - дейді академик С. Қирабаев. Ал сыншы С. Әшімбаев: «Роман жанрының өмірге келуі – адам баласы ой-санасының күрделенуінің заңды дәлелі. Белгілі бір жағдайда романдардың көбеюі – ұлт әдебиетінің дәрежесі өскендігінің көрінісі. Демек, соңғы жылдары қазақ романы санының молаюы – көркемдік кемелденуіміздің критерийі екендігі даусыз» [3, 372 б.], - деп тұжырымдайды.

Қилы тағдырлар, рухани әлемдер, замандастар өмірінің көп қырлары ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жазушыларының туындыларында көркем де кестелі бейнеленді. І.Есенберлин, Ә.Нүрпейісов, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, О. Бөкеев, Ш. Мұртаза, Ә.Тарази, Д.Исабеков, Б.Мұқай, Т.Әбдіков т.б. қаламгерлер қазақ әдебиетінде замандас бейнесін қалыптастыруда бір-біріне ұқсамайтын дара қолтаңбаларымен, жаңа көркемдік ізденістерімен ерекшеленді. Қаламгерлер шығармаларында замандастар өмірінің көп қырлары суреткерлік шешіммен шебер беріліп, олардың ішкі жан дүниесіндегі тебіреністері терең ашылып жатты. Замандас өмірінен сыр шерткен шығармалардан әр суреткердің бір-біріне ұқсамайтын өзіндік жазушылық тәсілдері мен стильдерінің қалыптасқанын байқаймыз.

Қазақ әдебиетінде кейіпкер бейнесін жинақтау және адам бойындағы жеке қасиеттерді айқындап, мінез-характерін даралау мәселесі уақыт талабына сай көп зерттеуді қажет етеді. Кейіпкер – көркем шығармаға жан бітіретін, бүкіл шығарма арқауын бір арнада өрбітуге негіз болатын басты көркемдік тұлға. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін сол ортаның, дәуірдің ерекшелігін танытатын типтік сипаттарымен қатар өзінің жеке басына ғана тән ішкі ерекшеліктерін де анық абйқалатындай етіп суреттейді. Адамның өмірге деген жеке көзқарасы, дүниетанымы, мінезі барлық қырынан көркем шығармада ашылады. Олай болса, образ жасаудағы шығармашылық қадам, ең алдымен, адам мінезін, оның болмыс-бітімін ашуға негізделеді.

Алайда «шығармадағы көркем шындықтың көсегесі өмірдегі шындықтарды қаз-қалпында қайталап шыққаннан еш уақытта көгермейтіні» [3, 25 б.] айдай ақиқат.

Олай болса, «адам – өнердің объектісі, зерттейтін заты, мақсаты. Ал шығарманың күші адамның бейнесі, оның ішкі-сыртқы дүниесі қаншалықты айқын да нанымды көрсетілгендігімен, оның мінезі, оның қоғамдағы орны мен рөлі, басқа адамдармен қарым-қатынасы қаншалықты шынайы да терең бейнеленгендігімен өлшенеді» [4, 37-38 бб.] екен. Сондықтан да әрбір жазушы өзінің негізгі идеясын кейіпкер арқылы, яғни белгілі бір образ арқылы бейнелейді. Авторлық идеяның шығармада шынайы шешілуі оның айқын характерлі, жинақты образдар жасай алуына байланысты.

Академик З. Қабдолов айтқандай, «Жазушы – ең алдымен өз дәуірінің үні! Өзі өмір сүріп отырған уақыттың ең арналы оқиғалары, ірі қоғамдық құбылыстары жазушы назарынан тыс қала алмасқа керек» [5, 260 б.] болса, қазақ романдарында қазақ интеллигенциясының бейнесі қалай сомдалған деген мәселе қызықтырмай қоймайтыны сөзсіз.

Ең алдымен, біз интеллигенция немесе зиялы, зиялы қауым деген кім немесе қандай әлеуметтік топ деген мәселенің басын ашып алайық.

18 ғасырға дейін «интеллигенция» деген сөз біздің қазіргі түсініп жүргеніміздің мүлдем басқаша мағынада қолданылған. Бұл «ерекше нәзік түйсінуді» білдірген. Айталық, қазіргі күнде қолданылып жүрген ағылшынның «интеллидженс» сөзі де рухты тану, жекелеген бөлшектерді емес, біртұтас құбылыстың мәнін аңғару деген ұғымды білдіреді. 18-ғасырда француз ағартушылары өздерін қалған қауымнан ерекшелейтін бір сөзбен бейнелегісі келді. Сөйтіп олар «интеллидженс» сөзін қолданды. Сонымен бірге ортағасырларда қолданыста болған «nation» сөзі де қайта жаңғырды. «Нация» деген бастапқыда Сорбон студенттерінің жерлестігін білдірген. Бір ғасыр бойы оны ешкім де әлеуметтік топты атауға қолданбаған еді. Алайда бұл сөздің мағынасының кеңеюі өмір қажеттілігінен туды. «Егемен король» ұғымының орнына «егемен халық» түсінігі пайда болды. Соның себебінен жаңа құбылысты атау қажеттігі туындады. Сөйтіп бұл жаңа халықты «нация» деп атады. Жаңадан пайда болған бұл қос атаудың арасындағы қарым-қатынастар бірден-ақ қалыпты жүйеге түсіп кетпеді. Францияда халық пен интеллигенцияның арасы жақындап, олар өздерін озық ойлы, көзі ашық халықпыз деп санады. Ал Германияда бұл түсініктердің арасы алшақ болды. Немістер өз тұтастықтарын француздардың космополиттік идеяларына

қарсы күрестен көрді. Міне, осыдан барып ұлттың төлтумалығы деген ұғым туады. Гейненің француз отаншылдығы жүректі кеңейтеді, ал неміс отаншылдығы оны тарылтады деген сөзі осы жайттерді бейнелейді.

«Интеллигенция» сөзі жүз жылға жуық белсенді қолданыста болмады. Шамамен элита деген түсінікті білдірді. Кейін ол Ресейге де жетті. Өйткені Ресейде жаңа қоғамдық топ пайда болған еді. Екінші Александр реформасына дейін халықтың еуропаланған бөлігі дворяндар қатарына енетін. Білімді адам дворян атағын иемденіп, ол мұрагерлікке ұласушы еді.

Реформадан кейін халықтың университеттерде оқу мүмкіндігі ашылды да, оған ұмтылушылар көп болды. Соның нәтижесінде білімді халықтың құрамы әртүрлі болды. Ол тек дворяндардан ғана тұрмады. Алайда оқығандардың дворяндардан үйренгендері көп болды. Орыс интеллигенттерінің бір ерекшелігі осында. Және халықтың әртүрлі әлеуметтік тобының зиялылыққа енгізгендері де көп болды. Сөйтіп жаңадан пайда болған бұл әлеуметтік топты жаңа терминмен атау қажеттігі алға шықты. Соның нәтижесінде жазушы Боборыкин айналымға «интеллигенция» деген сөзді енгізді. Содан барып «интеллигент» сөзі қолданылып, жаңа қауым өз тарихи міндетіне кірісті.

Интеллигенцияға білімді адамдардың барлығы бірдей жатқызылмады. Айталық, священниктер интеллигентер қатарында болмады. Өйткені олардың білімі византиялық ілімнен бастау алатын еді. Ал дін қайраткерлері өздерін интеллигентпіз деп есептемегені былай тұрсын, «интеллигенция» сөзінің өзі қажетсіз, сәндік атау деп санады. Осы сөзді қолданғаны үшін тіпті ішкі істер министрді Плеваны күстаналады. Плева болса оларға «интеллигенция дегеніміз – біздің білімді қоғамымыздың әрқандай жаңалықты алдымен қағып алатын және оны үкімет пен рухани православиелік билікті сынауға қолданатын тобы» деп атап көрсетті. Иванов-Разумниктің де айқындамасы бұдан алшақ кетпейді. Ол интеллигенттерді «сындарлы ойлайтын тұлға» деп анықтады. Сонымен, тұжыра айтқанда, интеллигент дегеніміз жоғары білімі бар, қоғам өміріндегі әрқандай жағдайға сергек әрі сыни тұрғыдан қарай алатын, қайраткерлік танытатын көзі ашық, көкірегі ояу әрекетшіл тұлға. Бұл анықтамаға бақсақ, өткен ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан Алаш қайратерлерінің барлығы «интеллигенция» өкілдері санатына кіреді. Ал олар өздерін «қазақ оқығандары» деп атаған.

Рас, советтік дәуір интеллигенция ұғымына елеулі өзгерістер енгізді. Бұл кезең интеллигенцияның ерекше түрі «советтік интеллигенцияны» қалыптастырды.

Жазушы өз дәуірінің тамыршысы, өзі өмір сүрген қоғамның суреткері болғандықтан, қоғамда орын алып отырған әрқандай жайттердің, алуан тағдырлардың оны толғандырмай тұрмайтыны ақиқат. Қоғамдағы байқалар байқалмас, сезілер сезілмес ағымдарға бағыт сілтер, бет берер тұлғалар болады. Бұл қарапайым жанның көзіне шалына бермеуі мүмкін. Алайда бұлар сұңғыла жазушының жанарынан қағыс қалмайды. Өйткені нағыз жазушы – қоғамның сүзгісі. Өмірден көргенін, қоғамнан түйгенін жазушы кейіпкерлер арқылы, образдар сомдай отырып алдымызға тартады. Әлбетте, тұтас бір құбылыстардың, астарлы ағыстардың бет-бағдары мен ішкі сырларын ашуда зиялы қауым тағдыры айрықша оңтайлы. Бір сөзбен айтқанда, зиялы – ұлттың ақыл-ойының деңгейі, рухының көрінісі. Қарапайым халық пен зиялы қауымның ара-қатынасы бірін-бірі толықтыратын, рухани байытатын өзара ықпалдастықтағы ерекше қатынас. Басқаша айтқанда, зиялы қауым – халық пен билік арасындағы дәнекер, халықтың үні, ойы, аңсары. Олай болса, зиялы қауым өкілдерінің тұлғасы арқылы дәуір тынысын, қоғам сипатын аңғартатын туындылар жазудан қазақ жазушыларының да бой тартуы мүмкін емес еді. Бұл ретте, қазақ зиялы қауымының алуан тағдырлы, түрлі кейіпті бейнелері сомдалған қазақ романдарының қомақты шоғырын бөліп көрсетуге болады.

Әсіресе, М. Әуезов, І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Ш. Мұртаза, Қ. Жұмаділов, Т. Әбдіков, М. Сәрсеке, С. Сматаев, Б. Мұқай шығармаларының шоқтығы биік, көтерген жүгі ауыр.

Олардың барлығына ортақ желі – ұлт мәселесі, қазақтың өркендеуі. Бұл орайда тарихи тұлға өмірін өзек ете отырып, тұтас дәуірдің келбетін сана сүзгісінен өткізетін шығармалар легі айрықша шоқтықтанып көрінеді. Әлбетте, олардың алдыңғы легінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының өркештеніп тұратынында сөз жоқ.

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» роман-хамсасының автор шығармашылығынан алатын орны айрықша. Бұл – ұлттың рухын түлеткен шығарма. Роман арқылы біз алдымен Тұрар Рысқұловты таптық және таныдық. Ал Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Өйткені оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сондықтан да Рысқұловты тану – халықты тану деген сөз.

Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» романына атақты ғалым, қазақ ғылымының шебер ұйымдастырушысы, ұлт қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өмірі арқау болған. Сәтбаевтың көркем бейнесі арқылы біз сол кезеңдегі бүкіл қазақ интеллигенциясының бейнесін танимыз.

Сол сияқты зиялы қауым бейнесін сомдауда соңғы кездері қатары молайа бастаған ғұмырбаяндық романдардың орны айрықша. Олардың ішінде мол қамтып, айрықша көркем жазылған романдар қатарына Мұхтар Мағауиннің «Менін», Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүниесін» қосуымызға болады.

Фантастика жанрында жазылған Шоқан Әлімбаевтың «Данышпандық формуласы», Досжан Өтековтің «Монтандр құпиясы» романдары арқылы қазақ әдебиетінде зиялы қауым өкілінің өзгеше бір толқынының бейнесі сомдалды.

Мұхтар Мағауиннің «Жармақ», Софы Сматаевтың «Біз құлмыз ба, кімбіз?», Төлен Әбдіковтің «Өліара», Бақкожа Мұқайдың «Өмірзая» романдары қазақ әдебиетіне тың тыныс, соны соқпақ әкелген жоталы дүниелер. Қазақ интеллигенциясының әр алуан қырын ашып көрсетуімен ерекшеленеді.

1. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құрастырып, баспаға дайындаған академик Рымғали Нұрғали. – Астана: Фолиант, 2004. – 456 б.

2. Қирабаев С. Революция және әдебиет. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1977. – I т. – 376 б.

3. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 626 б.

4. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1970. − 352 б.

5. Қабдолов З. Жебе: Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. − 380 б.

*Ұ. Жолдасова*

# ӘДЕБИЕТТІҢ КӨРКЕМДІГІ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ Ж.АЙМАУЫТОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ

Жаңа заманның орнауына себепші болған төңкеріс кезеңінің қазақ әдебиетінің бұрынғы өткен жолы мен дәстүрін келмеске жіберіп, жаңа әдебиет жасаймыз деген идеясы, болашақ әдебиетті тамырынан үзбей, ескінің үлгілісін тірек етіп барып көтерілуді ұсынған ұлтшыл ойдың оянуына, оның күрес майданына шығуына да түрткі болды. Жаңа әдебиеттің баянды болуының негізгі шарттарының бірі ескі әдебиетті қайнар етуден басталатындығын ұғынған қазақ зиялысы көркем әдебиет мәселесін, оның бағытын, озық әдебиет тудырудың басты талаптарын талқыға салған мақалалар жазып жатты. Аталған бағыттағы мақалалардың ішінде Ж.Аймауытовтың көркем әдебиетке қатысты пікірлерінің орны бөлек екендігін айтқымыз келеді. Жазушы мақалаларынан шығармашылыққа қатысты ерекшеліктің сырын дөп басатын дәлелді ой мен көңілге қонымды пікірді, нақтылық пен айқындықты аңғару қиын емес. Жүсіпбек Аймауытов дәстүрді мансұқ ететін, оқушысына әсер бермейтін, жасанды, дайын қалыпқа салынған шығарманың ғұмырының қысқа болуының себептерін ашып көрсетеді. «Осы жазушы, осы сөз оқушының жан дүниесін қалай қалыптандырады? Қай бағытта, қандай сүрең береді? Қандай сезім туғызады? Көңілге қандай әсер береді? Міне, әр ақынның, жазушының сөзіне қоятын өлшеу осы болу керек» [1, 205] дейді «Көркем әдебиетті саралау» атты мақаласында. Басты өлшем, жазушы пікірінше, көркем шығарманың оқушы жан дүниесі мен көңіліне, сезіміне әсер ететін ерекшелігінде болуы тиіс.

Ескі әдебиеттің үлгілісін сөз еткенде қазақ Абай поэзиясын еріксіз ауызға алатын. Абай шығармашылығы жаңа әдебиеттің дамуына таяныш болса, «әдебиет мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді» (Ж.Аймауытов) деген заңды да, табиғи пікірді ұстанушылардың бел ортасында Ж.Аймауытов болатын. 1918 жылы жазылған Жүсіпбектің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласындағы қорытынды ойда қазақ әдебиетінің болашақ бағытына қатысты пікір ғана емес, автордың өз шығармашылығының табиғатын тануға да негіз болар түйінді ойды аңғарғандай болдық. «Қазақ жұрты кең дала, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің ерке баласы. Сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы- бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алғашқы адымында надан халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындарымен таласа Абай сықылды кісі шығып, көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қарағанда біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз» [1, 126] деген жазушы тұжырымы ұлттық поэзияға ғана емес, алғашқы үлгілері туа бастаған қазақ прозасы мен драматургиясына да, әдебиеттің басқа да салаларына тікелей қатысы бар қорытынды деп ойлаймыз. Жазушы шығармаларын талдап-таразылауда оның әр кездері жазған мақалаларындағы негізгі ұстанымдарын да назарға алып, шығармаларымен қатар қоя зерттеудің пайдасы зор екендігі даусыз. Бұл тәсіл жазушының қат-қабат, күрделі көркем әлемінің сырларына бойлауда тірек болмақ.

Жүсіпбек Абай өлеңінің табиғатын талдай отырып, қазақтың өлеңқұмар мінезінен нәр алатын жаңа әдебиеттің бағытын да сыналап көрсеткендігін байқаймыз. «Қазақтың сүйегіне біткен ақындық» қазақ прозасының болмысына, жанрлық табиғатына, ұлттық дәстүрден бастау алатын көркем тіл мен астарлы ойдың өзгеше пішінмен түрленген көркем дүниесіне арқау болды. Қазақ баласына тән өлең сөзге әуестік, жас күннен қысса, өлеңдерді көп оқу мен Абай сөзімен сусындап өсу, әрі алғашқы өлеңінің «Қазақ» газетінің бетінде жарық көруі, жазушының өз сөзімен айтқанда, «қалам ұстауына үлкен себеп болған» [2, 379].

Арада бірнеше жыл өтіп, әдебиет беті заман талабына сай белгілі бір бағытқа ойыса бастаған тұста, Жүсіпбек әдебиеттің нағыз әдебиет болып қалуына негіз болар шарттарды тағы да қайталап, қазақтың ақын-жазушысын пікір майданына ша-

қырып, қазақ әдебиетінің озық дәстүрлі әдебиет болуын көздеген ойынан танбайды. 1927 жылы жазылған жазушының «Көркем әдебиет туралы» атты мақаласында «...Шын жүректен, табиғатынан қайнап шықпаған сөзде жан болмайды... Бүгінгі төңкеріс туғызған жазушыларымызда еңбекші таптың дүние тынысын, жан дүниесін, тілеген арманын өнер моншағының көзінен өткізіп көрсетерлік күшті қалам әзір білінбейді» [1, 252] деген өкініш білдіреді. Жазушы назары- жүректі қозғар табиғилық пен жан дүние сырына үңіле білер шеберлікте. Шын өнердің, Ж.Аймауытов пікірінше, мінез түзететіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық, (лирика), ащы тілділік, ызалықпен күлетіндік (сатира) қырлары болуға тиіс. Бұл жазушының Абай өнерінен шығарған тұжырымдары болатын.

Төңкерісшіл әдебиеттің өкілдері «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деген күдікпен жүргенде, С.Сәдуақасов «қазақ әдебиеті өткеннен де, қазіргі халінен де үлгі-тәжірибе алады. Өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда жаңа қайдан өспекші» [3, 252] деп тұжырып, Абайдан қазақ ақындары, ең алдымен, шеберлікті үйренуі керек дейді. Заманының озық ойлы қаламгер азаматтарының пікірінің тоқайласар тұсы- Абай өнерінің қазақ әдебиетіне асыл үлгі болатындығы. Абай өлеңінің «тереңнен толғайтын, суретшіл, жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық, ащы тілділік» сипаттары сол бұлақтан нәр алған жазушы қаламына да әсер етіп, проза жанрының көркемдік мүмкіндігінің көкжиегін кеңейткеніне Ж.Аймауытов шығармашылығы дәлел.

1927 жылы С.Сәдуақасов қазақтың атақты үш жазушысының (М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин) бірнеше әңгімесін орыс тіліне аударып, «Молодой Казахстан» атты жинақ құрастырып, оған алғысөз жазады. Құрастырушы қазақтың талантты жазушыларына қысқа да тұжырымды баға береді. «Жүсіпбек-прозамен де жазатын ақын. Ақындық рух Ж.Аймауытовтың өзіне тән стилінен байқалады. Оның шығармалары қарапайым прозадан гөрі өлеңмен жазылған прозаны көбірек еске түсіреді» [3, 344] дейді. Бұл пікір Ж.Аймауытов шығармашылығына өз кезінде берілген алғашқы әділ бағаның бірі болатын. Кеңестік саясаттың ызғарлы жылдарында жабық жатқан Аймауытов прозасы арада біршама уақыт өтіп, көркем талап пен талғам күшейіп, прозаның озық үлгілері туған жаңа заманда да өзгеше бітім, ақын қаламынан туған қара сөздің үздік үлгісі ретінде қабылданған даралығынан айнымады. 20-шы жылдардан басталып, кейінгі жылдарда жалғасын тапқан зерттеулердің негізгі түйіні Ж.Аймауытов прозасының қалыпты прозадан бөлек, ақындық қуаттан бастау алатын, метафораға құрылған, қазақтың көркем тілінің көкжиегін сөздік қор тұрғысынан ғана емес, оқырманға эмоциялық, экспрессиялық терең әсер беретін әуезді, күйлі шығарма деген пікірге келіп саятын.

Көркемдік қатынас категориясы тұрғысынан қарағанда орта мен автор, автор мен шығарма, шығарма мен оқырман арасындағы табиғи байланыс кері әсер арқылы бір-біріне ықпал етіп отыратын күштер екендігі белгілі. Ақынның қалыптасуы мен шеберлігінің шыңдалуы оның өзіне ғана емес, ортасына да байланысты екендігін ескерсек, Жүсіпбек прозасының даралығының сыры халық дәстүрінің табиғатын меңгерген шеберлігінен көрінеді. Белгілі ғалым А.Ісімақованың пікіріне сүйенер болсақ, қазақ прозасы бүгінгі әдеби процеспен де, фольклорлық мұрамен де тарихи-әдеби байланыста болады. Қазақ прозасының жанрлық жүйесінің өзіндік ерекшелігін тану үшін жүйелер (фольклор мен әдебиет) арасындағы байланысқа, яғни фольклорлық жүйенің әдеби туынды жанрына әсерінен туған жаңа көркемдік қырларға мән берген жөн. [4, 136]. Табиғи байланыстың үзілуі тұтас көркемдік жүйенің бұзылуына әкеліп тірейді. Осы тұрғыдан келгенде, ауыз әдебиетіне тән көркем қасиеттердің жазушы шығармаларынан көрініс беруі, жаңғыруы, жаңаша түрленуі заңды да, табиғи құбылыс болып шықпақ. Бұл құбылысқа жазушының қаны мен жанына сіңген асыл қазынаның табиғи жолмен жаңғыруы деп қараған жөн секілді.

А.Ісімақова қазақ прозасы мен поэзиясының тектік бірлігін, қазақтың асыл поэзиясының негізінде қалыптасқан прозадағы лиризмнің көрінісін табиғи құбылыс ретінде қарастыра отырып, оның көркем тәсіл ретінде негізделуіне толғау жанрының тікелей қатысы бар екендігін айтады. Толғау жанрының ерекшелігі, ғалымның пікірінше, автор бейнесінің әрі эпикалық, әрі лирикалық тұрғыдан көрінуіне мүмкіндік беретін синтетикалық қасиетінде. [4, 143-144]. Ж.Аймауытов прозасындағы лиризм табиғатының бір қыры халықтың көркем мұрасын жастайынан жан азығына айналдырған, жазушының ақын болмысынан туындайтын ерекшелікте.

Жастайынан қазақтың өлеңді ортасында өсіп, қанына тегінен дарып, ортасымен бекіген ақындықтан, жанталаса соққан ақындық жүректен туған көркем дүние Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық ғұмырбаянын өзгеше талдап, жаңаша бағалауға ықпал етпек. Бала жастан өмірден көргені мен түйгенін өлеңге айналдыруға бейім боп өскен ақынжанды жазушының тұтас шығармашылығының ақынға тән әсершіл, байқампаз, өмір шындығын дөп басатын нағызшыл (реализм) сипаты жайында айтылған пікір баршылық. Белгілі жүсіпбектанушы ғалым Р.Тұрысбеков «... Тегінде Ж.Аймауытовтың көркемдік әлемінен сыр тартқанда, ең алдымен өмір, уақыт шындығын тамыршыдай тап басып көрсететінін, осы өзгешелік кейіпкер психологиясы арқылы да айқын ашылатынын айту ләзім» дейді. Біздің мақсатымыз - Ж.Аймауытов прозасындағы реализмнен бастау алатын лиризмнің ерекшелігін саралау.

Жүсіпбектің қара сөзге саз, әуез дарытып, жан жүйе мен сезім суретін шеберлікпен бейнелеу қа-

сиеті оның прозалық туындыларынан ғана емес, оқшау сөздерінен, аудармаларынан, мақалаларынан, драмалық шығармаларынан да көрінеді. Жүсіпбек шығармашылығында шағын көлемді, лирикалық пафоспен, өлеңге бергісіз қара сөзбен жазылған (Мағжанның «Домбыра», «Балапан қанат қақты», Қошкенің «Тұтқынның ойы» «Қазақ әйелдері» секілді шығармаларына жақын) туындылар да бар. С.Қирабаев Аймауытов шығармашылығына тән лиризмнің төркіні жайында: «Жүсіпбек - табиғаты ақын адам. Ол өлең жазушы есебінде ғана емес, бар сөз байлығымен, ойлау жүйесімен, тілінің бейнелілігімен, ырғақты, тапқыр ұйқасымен барлық өзі жазған жанрда ақын. Бұрын біз ақ өлең үлгісін өзгелерден іздеуші едік, енді оның төркіні Жүсіпбекте жатқанын көріп отырмыз» [5, 123]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, біз алдымен Жүсіпбектің аудармалары мен оқшау сөздеріндегі, лирикалық шағын әңгімелердегі көркемдік сипатты тексеруді жөн көріп отырмыз.

Жүсіпбек «Өз жайымнан мағлұмат» атты анкетаға жауабында өзіне ұнайтын бірнеше жазушыны атайды. Олардың қатарында Мопассан, Мольер, Гюго, Джек Лондон, Шекспир, Гоголь, Пушкин, Горький, Беркович т.б. бар. Көркем аударманың сәтті шығуы үшін ең маңызды шарттардың бірі түпнұсқа авторы мен аудармашының жан әлемінің үйлесіп, тұтас көркемдік алаңын құруында болса керек. Үйлесімнің астарында шеберлік жолындағы, көзқарастағы ортақтық, көңіл ауанындағы жақындық, көркемдік ізденістегі орайластық пен шеберлікті ұштауға түрткі болар талантты тани білетін жітілік жататыны белгілі. Жүсіпбек аудармаларының сәтті шығуының себебі шеберліктің үлгісі болатын, оқырманды бей-жай қалдырмайтын, өзі де ерекше әсерленген озық шығармаларды ғана аударуды мақсат тұтқан ұстанымына байланысты деп ойлаймыз. Көркем аударма өз алдына оқшау тұрған сала емес, жазушының көркемдік жолындағы ізденісінің шыңдалуына себепші тұтас көркем әлемнің маңызды бір бөлшегі. М.Горькийдің «Сұңқар жыры» туындысын Мағжан да, Жүсіпбек те аударғаны белгілі. Мағжан аудармасындағы «Сұңқар жыры» 1923 жылы, Жүсіпбектің қаламынан шыққан «Өлең сұңқарға» 1924 жылы жарық көрді. Екі қаламгердің де аталмыш аударма ден қоюында Горький туындысының өзгеше бітімі мен терең ой, асқақ сезімге құрылған ерекшелігі жатыр деп ойлаймыз. Заманның шындығы аллегориямен, ақынның қуатты тілімен жырланады. Жыр соңындағы автор толғауы шығарманың идеялық мазмұнын, оның лирико-романтикалық қуатын күшейте түседі. «... Ерлердің көзсіз ерлігін, мадақтап біздер жырлаймыз! Ерлердің көзсіз ерлігі, даналығы тұрмыстай. Есіл ерім, ақ сұңқар! Алысып жүріп жауыңмен қаны ақты сел болып... Ерлердің көзсіз ерлігін өлеңдетіп жырлаймыз!» [6, 214-215]. Мағжан мен Жүсіпбек аудармасының пафосында өзгешелік бар. Жүсіпбек аударманың ішкі қуаты мен ырғағын, сезім күшін, жырға тән ағынды экспрессияны сақтап аударуды мақсат еткен. Горькийдің сұңқар жырын аударуда Жүсіпбектің ақынжанды, лирикалық стихияға жақын табиғаты бой көрсетеді. Бұл- жазушының жан қалауымен жасалған, әрі жазушының шеберлік сырын тануға септігі мол дүние екендігін дәлелдейтін құбылыс. Сондай-ақ, формасы жағынан аударма қара сөз үлгісін еске салынғанымен, оқырман оның романтикалық пафосынан, баяндау тәсілінің ерекшелігінен өзгеше бітімді поэзиялық туынды оқып отырғанын сезінеді. Әрі шығарманың сұңқарға арналған жыр (өлең) деп берілуіне назар аудармасқа болмайды.

Жүсіпбек аудармаларынан байқалған тағы бір ерекшелік- жазушының әйел табиғатына қатысты көркем дүниелерді арнайы аударуы. Конрад Берковичтің «Өрбикесі», Рабиндранат Тагордың «Балжаны», «Пәренжі (Перде) ертегісіндегі» ханша мен «Қатындар» ертегісіндегі әйелдің аяр әрекетін аудару арқылы Жүсіпбек адам психологиясының күрделі табиғатын, әйел образы арқылы өмірдің қатпарлы шындығын тануға тырысады. Оның үстіне Жүсіпбек аудармаларының басым көпшілігі («Өрбике» әңгімесінен өзгесі) «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы» шығармаларынан бұрын баспа бетін көргенін ескерсек, жазушы шеберлікпен қолданған психологиялық тәсілдің күшеюіне аталмыш аудармалардың әсері болғанына күдік келтірмейміз.

Көркем аудармашылық - жазушылықты ұштайтын, шеберлікті шыңдайтын, ойға ой қосып, көркемдік көкжиегін кеңейтетін сала. Оның жеке қаламгер қызметіне ғана емес, ұлт әдебиетінің де қалыптасып, дамуына әсері мол.

Жүсіпбек прозасына тән реализмнің өзіндік ерекшелігі бар. Жазушы реализмінің прозадағы алғашқы көлемді көркем үлгісіне баланатын «Қартқожа» романының кей тұстарында автор шығарманың эпикалық сарынын лирикалық толғанысқа салып, оқырман сезіміне от тастап, желпінтіп алатын тәсіл қолданады. Профессор Қ.Ергөбек «Қартқожаны» роман-новелла деп бағалай отырып, шығарманың табиғаты жайында: «Қимылға құрылған, характер ашарлық тіл. Әдеттегідей, динамикалы баяндау» [7, 184] бар дейді романда. Бұл стильдік белгі тек «Қартқожа» романынан ғана көрініп қоймай, басқа шығармаларының табиғатына да әсер етіп, Жүсіпбек прозасының даралығын байқауға негіз болып отыр. Жазушы сөздің әсер туғызғыш, адам жанына серпіліс берер күшін игерген білгір ретінде, кейіпкер, оқиға психологиясын ашуда экспрессиялы-динамикалық тәсіл арқылы психологиялық күйдің қимыл мен әрекетке құрылған көркем жүйесін түзеді.

Кейіпкердің жан әлеміндегі өзгерісті, қуаныш пен көңіл сілкінісін суреттеген кезде автор кейіпкермен бірігіп, біртұтас образға айналады. Бірыңғай авторлық баяндаудан тұратын романның орта тұсында Жүсіпбектің көтеріңкі көңіл мен шалқыған сезімді суреттеудегі тіл шеберлігі еріксіз жарқ ете түседі. Жалпы, Жүсіпбек жазушы ретінде, көңілі қалаған, жанына жақын, сезіміне әсер берер жайларды ерекше шабытпен, ақындық пафоспен желпіне суреттейді. Қартқожаның елге қайтып келе жатқан тұсын баяндайтын «Жолда» бөліміндегі қуанышты сезімге бөленген кейіпкердің психологиясы дәл

сондай қуатты экспрессиямен ашылады. «Поезға міндік- ауылға келдік! Шіркіннің жүрісі дүлдүл емес пе? Ойын-күлкі, қызық, думан, өлең, айқай, ән, басқан сайын тау, орман, өзен, көпір, пароход. Қала, қала, қала...»[8, 100]. Авторлық толғауға құрылған «Туған жер» бөлімі – романның ең бір шұрайлы тұсы. Автор мен оқырман арасындағы нәзік байланысқа себепші болар астарлы диалог - Жүсіпбек прозасына тән лиризмді ашатын сәтті тәсіл. Автор оқырманын ертіп, кейіпкерінің алдынан шығуды ұйғарып, өзі сусындаған қазақ фольклорындағы «әлқиссаның» прозадағы үлгісін жасайды. Жүсіпбек прозасындағы реализмнің қуаты- автор толғанысынан туған сыршыл, жүректі қозғар, сезім диалектикасына негізделген лиризмде. Романтизмнің қашан да лирикалық табиғатқа жақын келетіндігін, әйтсе де, лирикалық әуенділік шығарманың романтикалық сипатына ғана дәлел болып қоймайтындығын, оның әрі романтикалық, әрі реалистік негіздерде өмір сүретіндігін айтады лиризм теоретигі С.А.Липин.

Жүсіпбек прозасындағы лиризмнің бір қыры «ақындық проза» табиғатынан туатын «қара сөзбен жазылған өлең» (стихотворения в прозе) жанрынан да көрінеді. Әлемдік әдебиетте, оның ішінде орыс әдебиетінде де поэзия мен прозаның бір-біріне әсерінен туатын табиғи ауыс-түйістер негізінде жаңа жанрлық үлгілердің пайда болу мысалының мол болғанын ескерсек, ол жанрлық-құрылымдық ізденістердің өткен ғасырдың 20-шы жылдары қазақ әдебиетінде де көрініс бергенін байқаймыз. Мағжанның «Балапан қанат қақты», «Домбыра», Қошкенің «Тұтқынның ойы», «Ерлік-жүректе», «Қазақ әйелдері», С.Сәдуақасовтың «Өртең», Жүсіпбектің «Жапырақтар» шығармасы лирикалық әуезі басым, оқырманын толғанысқа салып, автор әлеміне жақындататын ырғақты ой мен сезімге құрылған, поэтикалық элементтері мол қара сөз үлгілеріне дәлел болады.

Орыс әдебиетінің классик жазушысы И.С. Тургенев өмір бойы өлең жазуды тоқтатпаған, идеялық-жанрлық ізденіс жолындағы тәжірибелерін үздіксіз жүргізген талантты қаламгер. Тургенев өмірінің соңына таман «қара сөзбен жазылған өлең» («стихотворния в прозе») жанрында көп еңбектеніп, оның орыс әдебиетіндегі үздік шеберлерінің біріне айналды. Тургеневтің аталған жанрдағы шығармаларына өз кезінде «ақын жанының үні» деген баға да берілді. «Өлеңдегі» терең лиризм, эмоциялық баяндау, әрі көлемнің шағындығы оны лирикалық поэзия табиғатына жақындатты. Эмоциялық қуат, нысанаға алынған нақты бір сезім ағынының суреті жанрдың эпикалық қуатын әлсіреткенімен, есесіне оның бойындағы прозалық ырғақты күшейтті. Прозалық ырғақ шығарманың өн бойына біртұтас тыныс дарытты. Нәтижесінде, жанрдың эмоциялық-лирикалық мазмұнын қалыптастырушы ретінде прозалық ырғақ «қара сөзбен жазылған өлең» атты жанрлық синтездің тууына себепші болды. Бұл жанрдың қазақ әдебиетінде көрініс беруі еліктеп, үйрену негізінде туған дүние емес, керісінше ақын болмысты табиғаттан туған құбылыс екендігін байқаймыз.

Жүсіпбектің «Жапырақтар», «Жарасымды сүгіреттер», «Далада Наурыз» атты шығармалары «қара сөзбен жазылған өлең» жанрына жақын келеді. «Жапырақтар»- аллегорияға құрылған лирико-философиялық шығарма. Жазушы өмірдің тұспалданған жанды суретін метафора тәсілімен ашады. Метафора – дәстүрлі сөз мағынасының ұқсастық шарты негізінде жаңа көркем мағынаға ие болуы. Романтизм теориясында өмірдің метафоралану тәсілі жиі қолданылатындығы, әрі оның ақын тілінде «жанданып» кететін қасиеті жайында айтады атақты поэзия теоретигі Жирмунский. Табиғаттың құпия сырына үңілген сайын ол жанды дүниеге айнала береді. Метафора- өмір шындығын поэтикалық тұрғыдан тануға ұмтылыстың белгісі. Осы тұрғыдан келгенде Жүсіпбектің «Жапырақтар» шығармасы өмірлік шындықтың метафорасы болып шықпақ.

Автор-кейіпкердің оқырманды «үнсіз диалогқа» шақырған сұраулары,авторлық толғаныстың әсерін арттыратын көркем тәсілдер, шығарманың өн бойындағы эмоциялық-лирикалық ырғақ, философиялық ой -бәрі қосылып, «Жапырақтар» шығармасының лирикалық қуатын күшейтіп тұр. Аталмыш жанрдағы Жүсіпбек ізденісі «прозамен жазатын ақын» деген С.Сәдуақасов пікірінің дәлдігіне мысал болмақ. Лирикалық сазы басым миниатюраның эмоциялық әсерін күшейтіп тұрған тәсіл- автордың арнайы сұрау тастай отырып, оқырманды өз ойын бөлісетін «көрінбейтін» кейіпкерге айналдыруы. «Жапырақта» жан жоқ деп ойлайсыз ба? Оларда да жан бар... Жапырақсыз жаз бола ма? Жаз болмай, ел мәз бола ма?..» деп келетін автор толғанысы оқырман ойына да сәуле түсіріп, оны да өз әлеміне қарай біртабан жақындата түседі. Жапырақтар «өмірінің» жанды кейіпке енген бейнесі көз алдыңызға табиғат суретін ғана емес, өмірдің көркем образын да әкеліп, шығарма романтикасын күшейтеді. Жазушы жапырақтарды жанды дүниеге айналдыру үшін оның сыртқы кейпінен мінез әлеміне үңіледі. «Көбелектің қанатындай желбіреп, жыбыр-жыбыр, жырт-жырт етіп сыбдырлайды», «ағаштың өре басындағы, желдің өтіндегі жапырақтар ұрандасып үн қосқандай, кейде зуылдап, судырлайды. Кейде жалпылдап, қалбалақтап, ішін тартқандай болады... Ең төменгі бұтақтарға көз салсаң, жапырақтары арба астындағы шыбын қаққан бұзаудың құлағы тәрізденіп әрең-әрең, андасанда бір селбеңдеп, қыбырлаған болады... Ағаштың ық жағындағы жапырақтар желге тұяғын да серіппейді, құлақтарын салпитып, салбыратып,қалғып тұрған іспетті... желпілде, жалпылда, суылда, дуылда, жасыл жапырақтар» [9, 145-146] дейді автор. Жазушы «жапырақ-ағаштың өкпесі», «жапырақ - ағаштың құлағы», «жапырақсыз ағаш-ку түбір», «бар үмітің-жапырақта» деп келетін метафорлық тұжырымдары арқылы шығарманың сезімді ғана емес, ой қозғар қуатын күшейтеді. Автор «жапырақ» метафорасы арқылы адам мен оның тіршілігінің көркем бейнесін жасайды. Көркем метафора философиялық толғамға жетелейді.

---

1. Аймауытов Ж. Көркем әдебиетті саралау / Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 1999. –Т.5. – 204-207бб.

2. Аймауытов Ж. Анкетаға жауап / Бес арыс. Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. –Алматы: Жалын, 1992. 376-381бб.
3. Сәдуақасов С. Предисловие к сборнику рассказов «Молодой Казахстан»/ Екі томдық шығармалар жинағы.–Алматы: Алаш, 2003. –Т.1. 251-263бб.
4. Ісімақова А. Ахмет Байтұрсынұлы и М. Бахтин. Общность теоретических мыслей / Асыл сөздің теориясы. –Алматы: Таңбалы баспасы, 2009. -376б.
5. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. –Алматы: Білім, 1995. -288б.
6. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым. 3 том. 1997, 213-215бб.
7. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. –Астана: Таным, 2003. 360б.
8. Аймауытов Ж. Шығармалар. –Алматы: Жазушы, 1989. -560б.
9. Аймауытов Ж. Көркем әдебиетті саралау/ Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 1999. 2 том. – 272б.

* * *

В статье рассматривается проблема лиризма в прозе Ж.Аймауытова

* * *

Fictional problem in literature, lirizm in Z.Aimautov's proze

*Р. Зайкенова*

## ТАРИХИЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ТАНЫМ

Көркемдік таным дегеніміз – заттар мен құбылыстардың адам өмірімен тікелей байланыста болатын шындық болмысқа адамның эстетикалық қатынасының жоғарғы формасы [1,69]. Олай болса, көркем шығармадағы тарихилық мәселесі де шындық болмыспен тікелей байланысты.

Түріктің көрнекті жазушысы Хусейін Хихал Атсыздың «Көкбөрілердің өлімі» (1946) романында б.з.д. УII ғасырда жеңіліске ұшыраған көктүріктердің Қытайға бодан болуы, араға бес жыл салып қайта көтерілген Күр Шад (шад – ең жоғары әскери лауазым) бастаған ерлердің тағы да жеңіліске ұшырап, бәрінің өлім құшуымен аяқталса, «Көкбөрілердің тірілуі» (1949) деген романында Құтылық деген қаһарман қолбасшының біріктіруімен қайта құрылған Көктүрік мемлекетінің «Шығыс Түрік қағанаты аталуы», Елтеріс (Құтылық) қағанға одан кейінгі тағы екі Көктүрік қағанына уәзір болған Тоныкөк сияқты абызы мен азаттық жолындағы көктүріктердің қаһармандық күрес жолы кестелі тілмен шебер өрнектеледі [2,35-38].

Т.Зәкенұлының «Көкбөрілердің көз жасы» (2002) атты романында да мыңдаған жылдар бойы тарихын тасқа қашаған көшпенділер мемлекеттілігі, оның ыдырауы, бір сөзбен айтқанда, бөрілі байрақ көтеріп, Орталық Моңғолиядағы Орқын өзенінің терістік-батыс жағын мекен еткен көк түріктердің соңғы тынысы, көк бөрі киесімен өмір сүрген түркі баласының азуын айға білеп, көзіне мөлтілтете жас алуы – ендігі тағдырының алмағайып болатындығына меңзейді.

Н.Келімбетов көрсеткен «Сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген жоқтау, мақтау түріндегі өлең үлгілері, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер – бертін келе Түрік қағанаты тұсында жазылған ерлік жырлардың шынайы көркем шығарма ретінде қалыптасуына үлгі-өнеге, модель-форма болды» деген сөзі әдеби даму үрдісінің алғашқы негізін дәйектей түседі [3,Б.11,Б.29].

Күлтегін ескерткіші жазуындағы: «Елім бар халық едім, елім қайда? Қаганы бар халық едім, қаганым қайда?» дегенде ел сөзі мемлекет мағынасында, Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінде де «il» (ел) сөзі «мемлекет» деп аударылған екен.

Түрік қағанаты көсемдерінің бірі сексен жасында жауға жалаңаш шауып мерт болғанда «Белгісі үшін, атақ даңқы, біліктілігі үшін күресті» деген жазуды саралаған ф.ғ.д. Қ.Сартқожаұлы түрік көсемінің өз елінің мөр-таңбасын қорғау жолында мерт болғанын жазады [4, 52-58].

Бұдан шығатын қорытынды ұлт сөзінің қолданысқа енуі XX ғасырдың бас кезінен басталғандығымен, бұл ұғым туралы түсінік ерте замандағы түркілерден тамыр тартып келе жатқандығын байқаймыз. Көшпенділер мемлекеттілігі де сол сияқты, олардың отырықшы елдермен терезесі тең дәрежеде қарым-қатынаста болғандығы бүгінде айтылып та, жазылып та жүр. «Ел» сөзінің байырғы түркілік мағынасы мемлекет, ұлт деген мағына береді. Елді ұйымдастырып, мемлекет құрушы қағандарды «Елтеріс қаған» (елін теріп біріктіруші) деп атаған.

Міне, бұл ұлт тағдыры яғни ата-баба еншісі, белгісі, таңбасы, айбыны, ырысы, киесі, рухы, қасиеті, мақтанышы, арысы, білігі туралы алғашқы түсініктің бастау көзі тым тереңде жатқандығын көрсетеді. Тіпті көне түркі дәуіріне бармай-ақ, өткен ғасырдың ортасында ғана Шыңжан өлкесінде құрылған мемлекеттің «Шығыс Түркістан» деп аталуының өзі тереңдеп зерттеуді қажет етеді. Ш.Уәлиханов та «Шығыс Түркістанды» «Түпкі Түркістан» деп тегін атамаса керек [5,9]. Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романында ежелгі Гундар мен Түрік қағанаттарын былай қойғанда, Шыңғыс хан заманынан бұрын да, одан кейін де бұл Құлыстайды негізінен наймандар мекендегенін, ХУII ғасырда оларды жоңғарлар ығыстырып шығарғандығын, бір ғасырдан кейін бұл жерлерді Цин империясы жаулап алғандығын, жоңғарлардан босаған жерлерге қазақтар қайта келіп қоныстанғанмен де, жалпы ұлттық мемлекеттілікті құруға ұмтылған Абылайдың іс-әрекеті жүзеге аспай қалғандығын жанды суретпен егжей-тегжейлі баяндап береді.

Ал Қ.Жұмаділов шығармашылығы арқылы қазақ романдарындағы ұлт тағдыры мәселесін сөз еткенде тақырыптың жан-жақтылығы байқалады. Ең алдымен ХХ ғасырдың бас кезінде ғана қолданылып, одан кейін жетпіс жыл бойы архаизмге айналып, қазір қайта тірілген «милләт» сөзіне Қ.Жұмаділов кеңес өкіметі тұсының өзінде-ақ «Соңғы көш» романы арқылы қайтадан жан бітіреді. Үрімжіде «оңшылдарды» айыптауға қарсы қолданылған «милләт – ұлт», «милләтшіл – ұлтшыл» деген сөздер Шыңжандағы ұйғыр-қазаққа ортақ.

Қазіргі уақытта қолданысқа дендеп енген ұлттық құндылықтарымызды біріктіретін ұлттық идея мен ұлттық мүдде туралы ғылыми түсінік қажет. Өкінішке орай ұлттық энциклопедиямыздан «ұлттық идеяның» да, «ұлтшыл» деген сөздің де анықтамаларын кездестіре алмадық. Қ.Жұмаділовтің өз сөзімен айтсақ: «халықшыл», «отаншыл» деген сөздер жақсы болғанда, «ұлтшыл неге жаман болуға тиіс? Тәуелсіз, еркін елдерде «ұлтшыл» сөзі әлі күнге дейін оң мағынасында қолданылады. Оларда «ұлтшыл» атану мақтаныш. Ал, біздің қорқып қалғанымыз сонша, өз халқын сүйген азаматтарды «ұлтшыл» деуге аузымыз бармай, «ұлтжанды» деп жүрміз. Осыны естігенде бетіме бірдеңе былш ете қалғандай болады. Мен білгенде, бұл формада айтылатын қазақта екі-үш қана сөз бар-ды. Байжанды, қатынжанды және итжанды. Үшеуі де – ұнамсыз сөздер. Ұлт деген қасиетті ұғымды өйтіп қорлауға болмайды. Сондықтан мен шар тартқан шағымда «бірдеңе жанды» атанғанша жасымда көп бейнетпен алған «ұлтшыл» деген атағымды сақтап қалғым келеді», – дейді [6, 278]. Бұл жерде жазушы Қытай, Жапония, Африка, Латын Америкасы сияқты елдердегі тәуелсіздік жолында күрескен ұлттық тұлғаларды әсіресе Қазақстанға жақсы таныс Үндістан азаттығының лидері Махатма (ұлы жан) Гандиді айтып отыр.

Дат ғалымы Кьеркегордың (1813-1855) афоризмге айналып кеткен мынандай сөзі бар екен: «Определитесь с понятиями, и вы избавите человечество от половины заблуждений» [7,243]. Философ-жазушының бұл пікірінің өміршеңдігінде дау жоқ.

«Қазақстанда негізгі автохтонды бір ұлт, бір этнос бар. Ол – қазақ халқы» [8,23]. Демек, Қ.Жұмаділовтің ғана емес, жалпы шетелдегі қазақтардың тілі мен діні, тарихы мен этнографиясы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі туралы әдеби мұралары – бүтін қазақ мәдениеті мозаикасының сырттан құяр қайнар көздерінің бірі.

Қазақ халқы ұлт ретінде танылуын жеке қазақ деген атпен бөлінуіне байланыстырудың өзі шартты түсінік. Бірақ «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі қырық жылға созылған қиян-кескі шайқас – қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына аса үлкен ықпал жасағаны тарихи шындық. XYIII ғасырда үш жүздің басы қосылып, мемлекет болып қайта құрылғанмен де, бұл кез Россия империясының қазақ халқын бодандыққа (подданство) айналдыру саясатымен тұспа-тұс келді. Көшпелілердің рулық-тайпалық құрамына сүйенген патша өкіметі ұлан-ғайыр даланы иемденудің бір жолы «Бөліп ал да, билей бер» екендігін жақсы түсініп, бәсекелестік, бақталастық, билікке таласу науқанын туғызды. Бұл патша билігіне, метрополия шенеуніктеріне деген бағыныштылықты арттыра түсті. Бірақ Ресейдің іс жүзінде ықпал етуі XIX ғасырдың ортасында бүкіл қазақ жерінде әскери басқару жүйесі енгізілгеннен кейін ғана толық жүзеге асты. Сондықтан да бұл кезеңдегі қазақ халқының ең негізгі күресі ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталды. Ал отты қаруға қолы бұрын жеткен ірі империялар қазақ арасындағы рулық қақтығыстарды отарлау саясатын жүргізудің негізгі алғы шарттарының біріне айналдырды.

Ресей империясының отарлау саясатындағы әдіс-тәсілдерді Қытай империясы да қол астындағы бұратана халыққа айнақатесіз қолданды. Сондықтан да Қ.Жұмаділов шығармашылығын шекараның арғы бет, бергі беті деп бөлуге келмейді. Міне екі өлкедегі қазақ ұлтының басындағы ұқсас трагедиялық жағдай, халықтың ежелден қалыптасқан мәдени-этникалық салт-дәстүрлері мен тіліне, дініне, діліне, өмір сүріп отырған атамекеніне төнген зұлматтың зардаптары тұңғыш рет Қ.Жұмаділов шығармалары арқылы қалың оқырманға жетті. Бұдан Қ.Жұмаділовтен басқа шекара тақырыбына қалам тербеген адам болмаған екен деген ой тумаса керек. Бұл тақырыпқа 1960-1980 жылдарда бірен-саран прозалық шығарма жазғандар социалистік реализм шиырынан шыға алмады, ал Қ.Жұмаділовтің ерекшелігі сонда, ол кейіпкерлерін бай мен кедей деген жікке бөліп әуре болған жоқ. Жазушы ұстанымы – тарихи шындық, өмірде болған нақты оқиға мен өзінің жеке интуициясынан туған көркемдік қиял. Мұның бәрі суреткерлік шеберлікпен ұштаса келе, әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерінің толығуына себеп болды.

Бұл тұрғыдан алғанда, қаламгердің тарихи шығармалары үш үлкен хронологиялық салаға бөлінеді: 1-ші, ХУIII ғасырдағы ірі тарихи оқиғалардың тұтас көрінісі, қазақ-жоңғар соғысының бұрын еш жерде сөз болмаған соңғы ұрыстары, жау қолынан азат етілген ежелгі атамекендеріне жергілікті халықтың қайта қоныстана бастауы, жоңғар хандығының жер бетінен жойылып, Қытаймен арадағы байланыстың күшейуі, көшпенділер мемлекеттілігінің соңғы тұяқ серпуі, сондай-ақ, патша өкіметінің қазақ даласын зерттеу кезеңінің аяқталып, қитұрқы отарлау саясатының басталуы, қазақ хандығымен саяси-мәмілегерлік қатынас орнатуы, әскери қоныстар мен қамалдардың салына бастауы сияқты мәселелер бойынша – «Дарабоз» дилогиясы, 2-ші, жоңғарлардан азат етілген көшпенділер мекенінің шекарасының айқындалуы, Ресей мен Қытайдың мүдделі саясаты, отты қаруға қолы бұрын жеткен екі империяның жоспарлы түрде әскери қоныстандыруды бастауы, жергілікті халықтың шет аймақтарға күшпен ығыстырылуы – «Тағдыр» романы, 3-ші, ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар, «аққашқан жылындағы» оқиғалар, Алаш идеологиясының Шыңжан қазақтарына тигізген әсері, ашаршылық зардаптары, ұлт тәуелсіздігі жолындағы халық күресі – «Соңғы көш» роман-дилогиясы арқылы көрінеді.

Орыстың әдебиеттанушы ғалымы әрі тарихшысы В.Кожинов өз зерттеулерінде Шекспир немесе Гётені, Достоевский немесе Толстойды, Шолохов немесе Леонид Леоновтың әлемдік деңгейге көтерілу себебін өз творчестволарында туған халқының өзіне тән ұлттық қасиетін терең таныта алуынан деп қарайды [7,244].

Десе де, біз сөз еткелі отырған тақырыптың ұлттық сипаты мүлде бөлек, әрі оны отарлаудың зардабын тартпаған ұлы державалардың ұлттық мәдениетінің сипатталуымен салыстыруға келмейді. Қазақ ұлтының тағдыры бір ғана этноса тән белгілерді анықтап, ұлттық ерекшеліктерді санамалап көрсетуде емес, мәселе келмеске кеткен көшпенділердің мәдени-этникалық ерекшеліктерінің жойылу себептерін анықтаудан келіп шығады.

Қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардан М.Әуезов дәстүрін іздейтін себебіміздің бір салдары осында жатыр. Бірақ қазақ қаламгерлерінің ұлт болмысын жасқанбай ашатын тақырыпқа тікелей түсе алмағаны тарихи шындық. Сонымен бірге бірнеше ғасырға созылған отарлықтың салдарынан өзгеріске ұшыраған ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін ашып шығудың өзі де оңайға соқпайтыны сөзсіз. Міне Қ.Жұмаділовті өз замандастарынан даралайтын ерекшелік осы арадан келіп шығады. Сондықтан да кеңестік дәуірде жазылған «Соңғы көш» дилогиясы мен «Тағдыр» романдарының көтерген тақырыбы мен идеялық мазмұнын тереңдеп талдаудың мүмкіндігіне енді ғана қолымыз жеткендігін атап айтуға тура келеді.

1960-1980 жылдардағы әлемдік эстетикалық ой-пікірлер мен орыс ғалымдарының түйіндеулеріне таң-тамаша қалып жүрсек, мұны XX ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ Алаш арыстары айтып кетіпті. Мысалы, Темірбек Жүргеновтің: «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады» деген сөзін алайық [9,17]. Міне мұндай терең пайымдауларды, өтімді өткір ойларды Алаш арыстарының әрқайсынан келтіруге болады. Бірақ осындай парасатты ой-түйіндеулердің халыққа жеткізілуі, оқытылуы, насихатталуы, жүзеге асырылуы – қаншалықты мөлшерде екендігі әлі де анықтауды қажет ететін мәселе.

«Қазақ шежіресі хақында» атты еңбекке жазған алғысөзінде академик-тарихшы М.Қозыбаев Шынай Рахметұлының «Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі» (1997) деген кітабындағы: «Туыстас немесе көршілес бірнеше отбасы бір қоныста отырса – ауыл, ауылдас, көрші; іргесі алшақтау болса – жерлес. Қандас – жеті атадан құралғандар (бір атаның кіндігінен тараған), бір ата 13 атадан асса – ру. Бірнеше ру қандастықпен я бір мүддемен біріксе – тайпа. Бірнеше тайпа қоғамдасып, жүз болып қауымдасады. Тайпадан іріленсе халық немесе ел, оның мемлекет ішінде өзге ұлт, ұлыстармен саясат теңдігі болса ұлыс, дербес шекара, саяси-экономикалық тәуелсіздікке қолы жетсе мемлекет, тілі мен дәстүрі, мәдениеті, өзіндік мекен-жері, әлеуметтік рух, жігері, этникалық ерекшелігі ортақтасып, дараланса ұлт болады» деген пікіріне жоғары баға беріпті [10,6].

Ал Қ.Жұмаділов дәуір шындығын ашып көрсетуде Абылай, Қабанбай, Демежан сияқты жекелеген тұлғалардың ролін жоғары қойса да, тарихтың табиғи дамуын рулық қатынастар мен тайпалық одақтардың қақтығысынан туындатады. Сондықтан да Ш.Рахметұлының сатылап көрсетіп отырған қазақ ұлтының құрамдас бөліктеріне назар аударсақ, Қ.Жұмаділов көне түркі заманынан басталатын қазақ тарихын «Дарабоз», «Тағдыр», «Соңғы көш» романдары арқылы келер заман жаңалығымен жалғастырып отырды, сонымен бірге ұлттың ғұмыр сүру қисынына, дәстүр дағдысына, өсіп-өну табиғатына мұқият ден қоя білді.

1. Гуляев Н. А. Теория литературы. Изд.2-е, испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1985. – 271 с.
2. Фалли Әли. Түрікшілдік жыршысы. // Жалын, 2008. – № 2. Б. 35-48.
3. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер.– Астана: Фолиант, 2004.– 480 б.
4. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонология. Филол. ғ.д. ғыл.дәр. алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2008.– 267 б.
5. Уәлиханов Ш. Түпкі Түркістан. // Ақиқат, 2005. – № 12. Б. 9-14.
6. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. – Алматы: Тамыр, 1999. – 623 б.
7. Юдин В. Вадим Кожинов и националный вопрос. // Молодая Гвардия (ежемесячный литературно-художественный и общественно-политический журнал, Основан 1922 г), 2008. – С.243-250.
8. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Т 9. – Алматы: ҚЭ Бас редакциясы, 2007 – 688 б.
9. Жүргенов Т.Қ. Сіз Қазақстанға келдіңіз екен... Республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! // Алматы ақшамы, 2010. – 29 шілде. – Б.16-17.
10. Қозыбаев М. Шежіре – шетін тарих. / Қазақ шежіресі хақында. Алғы сөз. –Алматы: Атамұра, 2000. – Б.5-12.

*Р. Зайкенова*

## ЖАЗУШЫ ҰСТАНЫМЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Ел мен жер тағдырын тереңнен тартып, көркем шығарма шындығына дейін көтере білу – өз отанына шексіз берілген талғампаз дарын иесінің ғана қолынан келмек. Міне осыдан келіп, жазушы қолтаңбасына тән өзгеше сыр-сипат көрінеді.

Қазақстанның халық жазушысы Қ.Жұмаділовтің бір ғана «Соңғы көш» романына талдау жасап көрейік, басқасын былай қойғанда, мұндағы тақырыптың өзі қат-қабат мағынаға ие. Ең алдымен бұған «көштің соңы» немесе бір отбасының ғана көші деп қарамау

керек. Автор сөзімен айтсақ: «Оны тек 1962 жылғы көш деп ұғынбау керек. Мыңдаған жылға созылған қазақтың көшпелі өмірі ХХ ғасырдың ғасырдың ортасына дейін Шыңжаңда ғана сақталғаны жұртшылыққа белгілі. Бір сөзбен айтқанда, сол көшпенділердің соңын, өзім куәсі болған, сарқытын ішкен өмірдің ең соңғы суреттерін қағазға айнытпай түсіруім қажет болды. Біртіндеп тарих сахнасынан кетіп бара жатқан, енді ешуақытта қайталанбайтын, тұтас бір дәуір, неше алуан характерлер тұрды көз алдымда. Көшпенділердің ең соңғы байы, ең соңғы биі, ең соңғы батыры, ең соңғы ару қыздары, – дегенінен жазушының «көш» деген сөзге бүкіл елдің менталитетін сиғызса, «соңғы» деген сөзге «көшпенділердің соңғы тұяғы» деген мағынаны сиғызып, 1960 жылдарға дейін Қытайда ғана сақталған көшпенділер өмірінен сыр шертетін роман-эпопея тудырғанын көреміз [1].

Айта кететін бір жай – жариялануы кештеу демесеңіз, С.Сматаевтың «Елім-айы» мен Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көші» әріректе жазылған шығармалар. Мысалы, «Соңғы көштің» нүктесі 1971 жылы қойылып, 1973 жылы «Лениншіл жас» (16 янв.) газетіне «Қамаудағы көкжал» деген атпен көлемі әжептәуір үзінді жарияланған болатын. Содан 1974 жылы романның бірінші томы жарияланса да, дилогияның толық нұсқасы оқырман қолына тигенше арада оншақты жыл өтті. «Елім-айдың» да тағдыры соған жуық. Демек, бұл екі автор да тарихи тақырыпқа М.Әуезовтан кейінгі қалам тартушылардың ең алғашқы легінде.

Десе де, Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» романы тақырып сонылығымен, заман шындығын көркем айшықтаумен әлі де дара тұр. Сондай-ақ оның шығармалары посткеңестік жүйенің «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» желеуінен ада болуы қазақ халқының мәдени руханиятын емін-еркін көрсетуге жол ашты. Роман-дилогия соңында жазушы от тиген қамыстай, елдің дүрк көтерілуіне себепші болған бүкіл Құлыстайды кезген ұлы дүбір «көш», «көшу» деген сөздің құдіретіне бас иіп, «Ұлы көш» басталды деген сөзді жүйрік аттың желмен жарысқанына теңейді. Осылайша қазаққа бұрыннан етене таныс жылқы мен көш ұғымы тарихи поэтикалық сырсипатқа ие болған.

Романды оқымаған адамға «Соңғы көштің» тақырыбы 1962 жылы 10 сәуірден 1 мамырға дейін айналасы 20 күн ішінде Тарбағатай шекарасынан Қазақстанға өткен 200 мың адамның қалың көші сияқты болып көрінуі мүмкін. Негізінде мүлде бұлай емес. Бұл кітап – ХХ ғасырдың ортасына дейін тек Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысының соңғы шежіресі іспетті. Сондай-ақ Тарбағатай аймағын мекен еткен қазақтардың ұлт-азаттық күресі, Оспан батыр бастаған көтеріліске қатысқан халық қаһармандарының азапты тағдыры, Шығыс Түркістан республикасының күйреуі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі Алаш зиялыларының шекара сыртындағы қазақтарға тигізген рухани әсері, қазақ өмірінде «ақ қашқан» жылы деген атпен қалған кезең көрінісі, жергілікті халықтың жерінің үстімен жүрген ақтың генералдары Анненков, Дутов соның ішінде генерал Бакшь армиясының соңғы тынысы, Қазақстандағы ашаршылық зардаптарынан босқан елдің Шыңжаңдағы тағдыры, ондағы «мәдениет төңкерісі» басталар алдындағы оқтын-оқтын халық басына төнген саяси науқан жылдарынан кейін бүкіл Құлыстайды кезген «көш» дүбірі, мұның ақыры болашақ ұрпақ қамын ойлаған алашшыл азаматтардың бастауымен, отандастарымыздың ата жұртқа келіп қосылуымен роман концепциясы түйінделеді. Дилогия сюжетіне арқау болған осы желілердің барлығы да көшпелі ұлт руханиятының тұрмыстық-этнографиялық мәдениетімен, дәстүрлі өнегелі сипатымен, қанық ұлттық бояуымен көркемдік шешім табады.

«Соңғы көш» роман-дилогиясының бірінші кітабы «Қарсаңда», «Қат-қабатта», «Сарыжайлау», «Ақпанда» деген төрт бөлімнен, екінші кітабы «Қара қақпа», «Киелі қан», «Кісен ашқан» деген үш бөлімнен тұрады. Сырқы композицияның элементі ретінде қызмет атқарып тұрған бұл тақырыптардан суреттеліп отырған дәуірдің басты сипатынан хабардар еткендей болады. Қазақ әдебиетінде оқиғасы тұтас бір дәуірді қамтитын роман-эпопея деңгейінде талданып келген шығарма – М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы.

Ал «Соңғы көш» романының көркемдік әсерінің қуаттылығы жағынан келгенде, оның ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы, образ сомдау даралығы, қат-қабат оқиғаларды жинақтап берудегі нақтылығы мен аз сөзге көп мағына сыйғызатын поэтикалық ерекшелігі бүгінгі күн тұрғысынан талдана бастаса, Қ.Жұмаділовтің қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны әлі де айқындала түседі-ау деп ойлаймыз.

1981 жылдың өзінде-ақ Қ.Жұмаділов Шығыс Түркістан тақырыбының қағаз бетіне түспей қағаберіс жатқаны болмаса, олардың тарихы, азаттық үшін айқасы, басқыншыларға қарсы ерлікке толы күресі, басқасын былай қойғанда 1945 жылы жеңіске жеткен ұлт-азаттық төңкерісі, бес жыл бойы дербес мемлекет болып тұрған Шығыс Түркістан республикасының құлауы, Оспан батыр бастаған халық көтерілісі әлі де талай романға азық болары сөзсіз екендігін атап көрсетеді [2].

Мұның жарқын көрінісін Шыңжандағы үш аймақ көтерілісін нақтылы сөз ететін Жанат Ахмадидің «Дүрбелең», «Шырғалаң» дилогиясынан, Шәміс Құмардың «Қайқая шапқан қарагер», Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Тау тағысы», Батырхан Құсбегиннің «Зуха батыры», Қажығұмар Шабданұлының «Пана», Сейітқан Әбілқасымовтың «Оспан батыр», Жақсылық Сәмитұлының «Сергелдең» (төрт кітап) атты романдарынан анық көруге болады.

«Соңғы көш» романында осы тарихты түгел көрсету мақсат етілмеген. Сондықтан да романның басты оқиғасы Шығыс Түркістан республикасы сахнадан кетіп, Қытай Халық азаттық армиясының Тарбағатай аймағына кіруінен басталады да, алпысыншы жылдардағы ел басына төнген зобалаңмен аяқталады. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, Шығыс Түркістан халқының романдағы қамтылған кезеңдегі тартқан жәбір-жапасы бұрын

көріп жүрген әділетсіздіктердің бәрінен де асып түскендігін тарихи еңбектер айғақтайды. Сондықтан да жазушы роман желісін халық трагедиясының ең шарықтау шегінен бастайды. Екіншіден, бұл кездегі оқиғалардың көпшілігі қаламгерге жақсы таныс, мысалы шығармадағы Қанағат ауылы – жазушының өз ауылы, ақын жігіт Естай жазушының өз прототипі болса, басқа кейіпкерлердің барлығы да – Естайға бала күнінен жақсы таныс, өзі көріп-біліп, естіп өскен ең жақын адамдары.

Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» дилогиясымен, «Тағдыр», «Прометей алауы», «Таңғажайып дүние» атты романдарындағы ортақ байланысты атап айту керек. Мұның біріншісі – оқиғалардың өткен орны мен мекен-тұрағының бір жер болуы. Екіншісі – кейіпкерлерге байланысты. Аталған романдарда Қанағат би, Күдері, Ысмайыл т.б. сияқты кейіпкерлер еш өзгеріссіз алынады. Мысалы, «Соңғы көште» басты кейіпкер Естайдың әкесі Қанағат би елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын ел ағасы ретінде суреттелсе, «Тағдыр» романында Қанағат бидің әкесі Күдері мен атасы Ысмайылдың кесек тұлғалары сомдалады. «Прометей алауы» романында XIX ғасырдағы екі өлкеге де шарапаты тиген дін қайраткерлерінің тарихи орны көркем айналымға түскенімен, бізге жақсы таныс төртуыл жуандары Ысмайыл, Күдері мен Керімбайлар мұнда да бой көрсетеді. Ал «Таңғажайып дүниеде» бұл кейіпкерлердің нақтылы тарихи орны мен өмірдегі бейнесі ашылады. Үшінші байланыстырып тұрған нәрсе – дәуір шындығын, оның басты оқиғасын жазбай тану. Төртіншісі – тіл. Жазушының сол дәуір туралы дүниетанымы, авторлық ой елегінен өткен тілдік қоры, этнографиялық тіпті фольклорлық түсінік деңгейі, сүйек сіңді не жүре бітті білім-білігі төрт романнан да білініп тұрады. Бесіншіден – Қ.Жұмаділов романдарының қай-қайсысы да әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерін толықтыруға бағытталған. Қазақ халқының басынан өткен оқиғалардың бұрын зертелмеген тұсына назар аударып, соны тарихи дәлдікпен көркем шындыққа айналдыру арқылы тарихты зерттеуші ғалымдардың назарын сол тұсқа аударуға тырысады.

Шетелдегі қазақтардың тағдыр талайы туралы білу – әлі де зәру мәселелердің бірі. Бұл мәселе тұрмақ, жалпы «кеңестік дәуірде туған тарихи романдарға обьективті түрде баға берілді» деп бүгінде ешкім де айта алмаса керек. Ал 1974 жылы «Соңғы көш» сияқты шекара сыртындағы қазақтар тағдырын тұңғыш қозғайтын роман алғаш шыққанда қазақ сыны жұмған аузын ашпады. Тек Жазушылар Одағының дәстүрлі өтетін жыл қорытындысында ғана «қазақ әдебиеті тарихына қосылған сүбелі шығарма» екендігі аталып өтті [1,481]. Жекелеген немесе шолу мақалаларда, әсіресе тіліне байланысты оң баға беріліп, атап өтілетіні болмаса, қазақ халқының сүйікті шығармаларының біріне айналған «Соңғы көш» туралы әлі күнге дейін арнайы зертеу жұмысы жазылған емес.

Ұланғайыр тарихымыздың бір тарауы – Қытайдағы қазақтардың Түркияға көшуі. Бұл тұрғыдан келгенде Х.Алтай мен Х.Оралтайдың бастарынан өткен нақты оқиғаны сипаттап жазған өмірбаяндық кітаптарын астын сызып атау керек. «Соңғы көштегі» қазақ басына түскен тауқыметті тағдырдың суретін бұл екі кітаптан айғақты деректер негізінде көресіз. Халифа Алтайдың кезінде екі рет түрікше, қазақша басылған «Ата жұрттан Анодолияға дейін» кітабының Қазақстанда 2000 жылы «Алтайдан ауған ел» деген атпен басылып, толықтырылған нұсқасында 1889 жылы Бөке батыр бастаған Алтай қазақтарының Тибетке келуін, одан Индияға, одан Пакистан арқылы Түркияға ауған қазақтардың азапты сапары мен сол тұстағы өз басынан өткен қиын күндері сөз болады. Мұндағы көштің сипаты бөлек. Бұл – Түркияны бетке алып, Алтай, Тарбағатай аймақтарынан ауған елдің жол үстіндегі тарихи шежіресі іспетті кітап. Халифа Алтай кітабының бірінші бетін ашатын Алтайдан ауған елдің ең алғашқы көшін бастаған Бөке батыр туралы да бірнеше романдар жазылды. Соның ішінде Қытайға белгілі жазушы Шәміс Құмардың «Бөке батыр» романын оқырман қауым жылы қабылдады. 1903 жылы Бөке батыр Тибет жерінде қайтыс болады, оның ізін бағып отырған Қытай әскері қорғансыз елді шауып, қайтадан кері көшіреді де, қабірді ашып, Бөкенің басын кесіп алып, Үрімжі қаласына әкеліп, халық көп жүретін көшенің біріне әкеліп іліп қояды. Кейін баласы батырдың басын туған жері Алтайға әкеп жерлейді. Халифа Алтай кітабында сөз болатын екінші көш 1932-1933 жылдары табиғаттың да қатты қысып, жұрт «егіз тауық» деп атаған жылдарымен дөп келеді. Монғолия мен Қазақстан шекарасында көшіп-қонып жүретін 500 үйге Қазақстан белсенділері тыныштық бермей, Монғолияның шығысына қарай еріксіз ығыстыра бастайды. Бір жағы Монғолиямен болған қатты қақтығыстардан, бір жағы Қазақстаннан келген шолақ белсенді Кенжебек дегеннің салған лаңынан кейін ешкімге соқтықпай мал баққан момын ел Алтайдың күнгей бетінде отырған Халифа аулына көшіп келеді. Алтай қазақтарының осы 500 түтінмен бірге басталған екінші көші яғни 1933 жылы он үш жастағы Халифа Алтайдың Түркияға сапары осылайша басталады...

1940 жылдардан бастап, Алтай аймағын азат етуді мақсат еткен Оспан батыр мен Жанымхан қажы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер және де Бөке батыр кеткен ізбен 1949 жылы Қалибек Хакім бастаған үшінші көш туралы Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» кітабында егжей-тегжейлі баяндалады [3]. Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілістерден кейін автордың әкесі Қалибек Хакім бастаған көштің Такламан шөлінде, Гималай тауында және Түркия мен Германиядағы арпалысты жылдары нақтылы деректер негізінде сөз болады. Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» сөзіне берген қат-қабат мағынасының астарында қилы-қилы өмір жатқанына тағы да көзіңіз жете түседі. Белгілі академик-ғалым Р.Нұрғали құрастырған «Қазақтың 100 романы» атты кітабында: «Шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, журналист, қаламгер Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен

өмір» шығармасын жанр жағынан алғанда, өмірбаяндық роман деуге болады. 1999 жылы Стамбул қаласында жарық көрген сегіз жүз бетке жуық туынды С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романдары сияқты автордың басынан кешкен өмір жолынан мол мағлұматар береді. Мұндай романдар қазіргі әдебиетімізде де бар. Мысалы соңғы онжылдықта жарық көрген Б.Тілегеновтың «Тұйық өмірдің құпиясы», Ә.Нұршайықовтың «Өткелдер», Р.Тоқтаровтың «Бітеу жара», Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», М.Мағауиннің «Мен» романын айтуға болады»,– деп жазылған [4]. Осы тізімнің қатарына жоғарыда аталған Халифа Алтайдың туындысын да жатқызуға болады. Сонымен бірге бірін-бірі толықтырып тұрған бұл екі кітап Түркияға ауған қазақтардың тағдырының тарихи шешіресі әрі ғұмырбаяндық роман жазудың өзіндік өнегесін көрсететін қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі дүниелер деп таныған дұрыс.

Тибет арқылы Индияға, одан Пакистан арқылы Түркияға кетуге мәжбүр болған қазақтарды көзімен көрген Британ парламентарийі былай деп жазады: «...Орта Азияны коммунистік идеяның жайлауымен ымыраға келмеген қазақтардың ерлік пен қасіретке толы тағдырлары осындай болды. Ресей орнықтырған тирания мен Қытайдың жаңа тираниясы қазіргі кезде бұл құрлықтың халқын азапқа салды. Осы тираниядан қазақтардың қашуы – ерлік және бұл туралы Еуропа мен Азияның ерікті әлемі білуге тиіс», – дейді [5]. Жоғарыда аталған Х.Алтай мен Х.Оралтайдың деректі кітаптарын оқысаңыз, кезінде қай жерде өмір сүрмесін, қандай ұлттың өкілі болмасын көзі ашық, көкірегі ояу оқығандар мен алашшыл азаматтар сезінген бізге беймәлім дүниенің қаз-қалпында жасалған картинасы көз алдыңызға келеді. Мұны қазіргі Шыңжаңдағы қазақ әдебиетінен де айнақатесіз көруге болады...

Ал қазақ әдебиеті тарихына «шекара» тақырыбын тұңғыш әкелген Қ.Жұмаділовтің «Мен Қазақстанға уылдырық шашу үшін келдім» [6] деген сөзінде үлкен мән бар. Өйткені қаламгер шығармашылық жағынан да, өркен жайып, ұрпақ өсіру жағынан да мұратына жеткен суреткер деп ойлаймыз.

1. Қ.Жұмаділов. Таңғажайып дүние. – Алматы: Тамыр, 1999. – 478 б.
2. Қ.Жұмаділов. «Соңғы көш» осылай туған. // Қазақ әдебиеті. – 1981. – 2 октябр.
3. Хасан Оралтай. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: Білім, 2005. – 632 б.
4. Тілешов Е. / К: Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. Қазақтың 100 романы, 2005.– Астана: Фолиант,– Б.193.
5. Қазақ. Жинақ. (Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – 81 б.
6. Қ.Жұмаділов. Жазушымен сұхбат. (Әңг. Д.Анаш). // Алматы ақшамы. 2006 жылы, 20 сәуір. – Б. 7-9.

***Ж. Б. Ибраева***

## РЕПРЕЗЕНТАТИВНОСТЬ ХАРАКТЕРОВ В ПРОЗЕ КАЗАХСТАНСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ ИЗУЧЕНИЯ)

Читая и осмысливая прозу казахстанских писателей – И. Есенберлина, А. Нурпеисова, И. Щеголихина - мы задаемся вопросом о *репрезентативности обрисованных характеров*, об их полномочности представлять свое время и текущие в нем процессы. Заметим, что в самой «концепции человека» сквозит важная мысль – о ценности каждой отдельной, единичной человеческой жизни. Обрисованные писателями характеры показывают высокую степень их самостоятельности и свободы.

Их книги своим появлением подняли для обсуждения огромное количество проблем, открытых и по сей день. Выходя за пределы искусства к широким обобщениям, писатели предлагают вглядеться в знакомые, казалось, образы. Нужно, на наш взгляд, подчеркнуть весомость характеров, их реальное место в художественных произведениях и возросшую роль.

Герои произведений при разности идейно-политических целей и жизненных ценностей *едины в одном* – осознание *необходимости и неизбежности перемен* в социальной структуре общества.

Если брать во внимание казахскую и русскую литературу, то можно подчеркнуть следующее *схождение*: вся деятельность положительных героев, их помыслы, мечты нацелены на облегчение участи простых людей, задавленных тяготами социальных забот, нуждающихся в изменении сложившейся ситуации в обществе (произведения Щеголихина «Старая проза» [1](Павел Хомутов), «Храни огонь» [2] (Айдар Назаров) и Нурпеисова «Последний долг» [3] (Жадигер), Есенберлина «Схватка» [4] (Даурен Ержанов и Хасен)).

В данных прозаических произведениях часто применяется сказовая форма, когда повествование полностью или частично ведется от лица героя-рассказчика с использованием характерных особенностей речи, писатели широко используют диалог как основное средство характеристики персонажей.

При этом представлены два *типа положительных характеров*: одни стремятся отстоять свою личную самоценность главным образом в области естественных человеческих взаимоотношений, прежде всего в любви (в романах Есенберлина), другие,

сохраняя стремление к личной самоценности, пытаются развернуть свои возможности и потребности на поприще более широкой, общеполезной преобразовательной деятельности – в искусстве, в производственно-экономической сфере (роман «Другие зори» Щеголихина, «Схватка» Есенберлина, «Последний долг» Нурпеисова), в медицине (ряд произведений Щеголихина). Это герои своего времени, своей исторической эпохи. Совершенно очевидно, что сфера социалистического преобразования жизни осмысляется и оценивается писателями как реальный источник гармонического сочетания всех сторон жизнедеятельности строителей нового общества.

Это проявляется в основном в виде отрицания непосредственно окружающих героя социальных условий и утверждения субъективных усилий, направленных на их преобразование. Читателя покоряет бескомпромиссное стремление главного героя постичь истину. Мы обнаруживаем источник положительных ценностей часто лишь во внутреннем мире личностей интеллигентов, в их стремлениях, побуждениях, действиях и поступках.

Казахсктанские писатели – Ильяс Есенберлин, Абдижимил Нурпеисов, Иван Щеголихин – изобразили в своих романах замечательных современных людей, воспитанных на лучших национальных традициях.

В анализируемых произведениях надо отметить намеренное стушевывание авторского слова и экспансию слова героя, чье сознание в структуре повествования занимало первенствующее место.

Мы замечаем, что всеведующий автор как бы ушел в тень – на авансцену вышел герой, и его видение мира, его сознание стало опорой структуры прозы. Монологи героев во всех произведениях занимают значительное место, и мы, как читатели, находимся в положении тех, кому герой доверяет свои сокровенные мысли. Герои приобретают авторитет в наших глазах еще и потому, что их слова были тесно сращены с их способностью чувствовать и сознавать мир.

Важным в изучаемой прозе стало восстановление в правах «чужой» точки зрения, которое отражает возросшее доверие литературы к суверенности героя, внимание к неповторимости его индивидуального бытия, к складу его мышления, его здравому смыслу.

Усилилось внимание к человеку – не только созидателю и деятелю, но и рядовой личности – «маленькому человеку». Появилась потребность пристально всмотреться в их мир, понять их интеллектуальный и нравственный облик. И здесь не обойтись было без биографии отдельных людей, несущих в себе типические черты времени. Можно отметить как значение художественных обобщений, так и умение глубоко раскрывать частные судьбы своих современников.

Нужно отметить роль критиков и литературоведов того времени (период 1956 -1968 годы), которые поднимали вопрос о главном. Обратимся к истории казахской литературы: «Особенно острые споры возникали вокруг вопроса о главном герое. Если одна группа писателей стояла за создание «идеального героя», то другие выдвигали на первый план «простого, маленького» человека.

В ходе творческих дискуссий сложилось мнение о том, что советской литературе нужны и идеальные герои, могущие быть примером для подражания, и персонажи противоречивые, не лишенные недостатков; что богатство литературы составляют не похожие друг на друга герои, а разнообразные человеческие типы» [5 59, с.223], что также сказалось на обрисованных писателями образах героев, которые стали живыми, яркими и более правдивыми.

Герои данных произведений коренным образом отличаются от идеальных героев, обладающих исключительной стерильностью, ведь критерием положительности героя являлось наличие или отсутствие недостатков, изъянов в его поведении и характере. То есть мы можем говорить о недостаточности такого героя, отмечая соотнесенность его с неким абстрактным идеалом. Как мы указывали выше, останавливаясь на издержках литературы социалистического реализма, положительный герой становился воплощением этической нормы своего времени.

Существовала практика сведения положительного героя к «эталону», «инструкции», «директиве». Сторонникам схематизма Щеголихин, Есенберлин, Нурпеисов противопоставляют мысль о многообразии творческих индивидуальностей, о роли художественного видения, предопределяющего отбор определенных типов для создания эпохи. Мы можем утверждать, что герои предстают с позиции развивающейся жизни.

Этими писателями (в особенности – Щеголихиным) владело стремление к целостному и всестороннему анализу правды, заложенной в характере, что сыграло большую роль в решении главных вопросов – введении новых социально-художественных типов, приближенных к действительности. Это предопределило усиленное отстаивание прав действительности в художественном изображении мира.

И.О. Роднянская, стремясь провести грань между «беллетристикой» и «строгим искусством», писала, что художник должен заболеть своим замыслом. «Замысел можно определить как выбор материала и точки зрения на него. Это плод опыта и духовной жизни писателя; до него нужно дорасти». И, развивая мысль об ответственности художника за личное понятие, выстраданное им, Роднянская продолжала: «Речь идет о вольном напряжении художника, который свои душевные силы употребляет на то, чтобы передать окружающим – даже, если потребуется, вопреки их желанию, преодолевая их часто косное сопротивление, - нечто заветно важное из понятного им о жизни. В этом волевом импульсе кроется источник воздействия на нас произведений подлинного искусства» [6 134, с.235-236].

*Художественные образы*, нарисованные авторами, всегда символичны, репрезентативны, они выступают как некий знак обобщений обширных

пластов человеческого опыта, социального, психологического.

Данную прозу можно считать новаторской, ибо она открыла новые пласты социальной жизни, показала новые характеры, принесла с собой новые стилевые решения, новую концепцию бытия.

1. Щеголихин И.П. Старая проза: Романы. - Алма-Ата: Жазушы, 1990. – 416 с.
2. Щеголихин И.П. Храни огонь. Рассказы и повесть. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 116 с.
3. Нурпеисов А. Последний долг: Роман.- Алматы: Атамұра, 2000. - 384 с.; Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз: Роман. - Алматы: Жазушы,1999. – 472 б.
4. Есенберлин И. Золотая птица. Схватка. Два романа. - Алма-Ата, Жазушы, 1977г. – 398с.
5. История казахской литературы. В 3-х т. [Ред. Колл.: М.Каратаев (отв. Ред.) и др.]. - Алма-Ата, Наука, 1971.- Т. (АН КазССР. Ин-т литературы и искусства им.М.О.Ауэзова)
6. Т.3 Казахская советская литература.1971. - 800 с. С илл. библиогр., с.752-799. - С. 219-220.
7. Роднянская И.О. О беллетристике и «строгом» искусстве // Новый мир. – 1969. - № 4. - С. 235 – 236.

* * *

В статье (сравнительный аспект) рассматривается проблема репрезентативности характеров главных героев в прозе казахстанских писателей.

* * *

The problem of representation of the main characters in the prose of Kazakh authors is shown in the article (comparative aspect).

***Қ. Қ. Исалина***

## МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР ТУРАЛЫ ДАСТАНДАР ЖЕЛІСІ

Мұхаммед пайғамбардың өмірбаян деректері негіз етіп жазылған дастандар тарихы әріден басталады. Бұлар бір тұтас цикл деуге болады. «Мұхаммед пайғамбар» дастанында пайғамбардың Хадиша анамызға үйленгенге дейінгі кезеңінің бірер уақиғасы баяндалады.

Шығарма Мұхаммед пайғамбардың ислам үшін күрес жолын баяндайтын ондаған көркем туындылардың бірі. Дастанның мазмұны пайғамбар өмірін негіз еткен хадистер мен Құранның аят-сүрелерінен алынған.

Шығармадағы Әбужәһілдің (Омар бин Хишам) пайғамбарға қарсы әрекеттері нақтылы деректерге сүйеніліп баяндалғаны дастанның тарихи негізін танытса керек. Әбужәһіл надандықтың атасы дегенді білдіреді.

Шығармадағы кейіпкерлердің көпшілігі тарихта болған адамдар. Мәселен, Әбужәһілдің дастандағы жексұрын бейнесі де шындықтан туындаған. Ол жөнінде Құраннан [96, 10; 68, 10-14], хадистерден, қасиетті «Сира» мен араб тарихшыларының зерттеу еңбектерінен оқуға болады», - деп жазады зерттеушілер [1;370].

Әбужәһіл де пайғамбар шыққан Құрайыш тайпасынан болғанына қарамастан, діни ұстаным үшін Мұхаммедке қастық қылуын қоймаған. Бұл амалдан Пайғамбар Алланың құдіретімен ғана аман қалғаны айтылады.Хазірет Омар оны өлтірілуге жібергенде «Хадид» сүресінің аяттарын естіп райынан қайтқан, исламға мойынсұнған.

Дастанда Мұхаммедтің жастай жетім қалып атасы, одан кейін әкесінің інісінің тәрбиесінде өскені баяндалады.

Дастан оқиғалары тарихи аңыздар сырын аша түседі.

Зерттеушілер «Мұхаммед пайғамбар» дастанының қайсыбір желілерін эпикалық мұраның көркемдік иірімімен сабақтастыра қарастырған тұстар да бар.

Шығармада Мұхаммед пайғамбар мен Хадиша анамызға қатысты баяндалатын әңгімелер де тарихи шындық негізінде айтылады.

Шығармада ежелгі әдебиеттің үзілмеген арқауының бірі - түс көру мотиві бар.

«Бабалар сөзі» жинағындағы дастанда берілген түсініктерге қарағанда бұл дастанның қазақтың халық эпосымен, жыраулар поэзиясымен образдар жүйесі, баяндау тәсілінде ұқсастық, сабақтастық бар. Мәселен, мына бір айтылған тоқтамға назар салалық: «Шығармадағы Хамза, Әбутәліп, Аббас сынды кейіпкерлердің бейнесі «Қозы Көрпеш-Баян сұлудағы» Тайлақ пен Айбасты, «Қобыландыдағы» Естеміс пен Сәлімбайды, «Қыз Жібектегі» Шеге мен Қаршығаны көз алдымызға әкеледі.

...Шығармада басты кейіпкердің санатында Мұхаммед Расулдың немере ағаларының бірі Аббаз (Аббас) да жүреді.Оның Үшжам (Хишам) патшаға айтқан мына бір сөздері Бұхардың Абылайға арнаған белгілі өлеңін еске түсіргендей:

Үшжам, менен бай ма едің,
Ілгеріде қайда едің?
Патша бопсың бұл күнде,
Ағайынға сай ма едің?
Нағып шықты есіңнен,
Емек қана жайда едің.
...Түйемді бағып жүруші ең,
Жалаңаяқ зар жылап,
Бір атадан нашарсың,
Неғыласың мал санап...

«Қисса-и анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» қиссасында Мұхаммед пайғамбардың Алланың бұйрығымен Миғражға көтеріліп, нұр дидарын көру тарихы баяндалады. Шығарма 1896

жылы баспа көрген. Бұл дастанның соңында мынадай дерек бар:

Әркімге ғибрат үшін жаздым мұны,
Жайымыз қандай болар махшар күні
Иә, Алла, рахметі көп, жарылқағыл,
Ғафу қып мен ғасының күнәһыны.
Мұны жазған, сұрасаң, қожа затым,
Жақсылар, айып етпе, жазған хатым,
Әкем аты - Шайхыслам қожазада,
Жүсіпбек, мұн ы жазған - менің атым.

Зерттеушілер Жүсіпбек мәтінді баспаға әзірлеген дейді.

Дастан оқиғасы Құран мазмұнында баяндалған шындық жайлар негізінде өрбиді:

«Мұхаммед Расулдың көкке көтерілуі жайында қасиетті Құранның «Исра» сүресінде анық жазылған» [1;375].

Осы дастандағы оқиғаға қатысты ғылыми деректердің мән-жайына барлай қарау арқылы бірталай мәселені ұғына түсуге болар еді.

«Мұхаммед пайғамбардың көкке көтерілуі мен оның Алла тағала Дәргаһында болу тарихына Ислам ғалымдары әрқилы баға берген. Оларды кейбіреулері «Расул Алла Миғражға түсінде көтерілген» десе, енді бірқатары «ояу еді» деседі. Тағы бір қайшылық «Мұхаммед (ғ.с.) Көкке денесімен түгел шықты ма, әлде рухы арқылы саяхат жасады ма?» деген аса қиын сауалдың төңірегінде өрбіді. Алайда, көптеген мұсылман қауым Миғраждың дене арқылы өткеніне сенеді» [1;375].

Зерттеушілер «Миғраж» дастанының тіл көркемдігіне көңіл бөледі. Кестелі тіркес, келісті теңеулердің мол екендігіне тоқталады.

Жалпы ислам тарихында «Миғраж» оқиғасын арқау еткен шығарма біршама. Соның ішінде XIX ғасырдағы қазақ арасына кең жайылған дастандардың жазылу тарихында үңіле түсіп зерттеуді қажет етіп отырған мәселелер бар.

Жалпы Мұхаммед пайғамбар туралы қиссалардың негізгі мақсаты XIX ғасырда аярлықпен жүргізілген шоқындыру саясатына қарсы бағытта дін негіздерін ұғындыратын ағыстың мақсатымен үндес.

«Мұхаммед пайғамбар» дастанына сабақтас бұл шығарма еркін жыр үлгісінде қайта жырланған. Жыр тілінде өмір пәлсапасынан өрілген өрімдер назар аударады. Дастан баяндау үлгісінде жазылған. Жанды, бейнелі, көркем. Мұнда ақын дәстүрлі жыр үлгісінде төгілтіп, сөгіп айтатын тұстардың қарасы қалың. Өлең ұйқасы - аралас. Шығарма тілінде кітаби тіл ықпалы мен элементтері айқын көрінеді. Дастанда бейнелі суреттер де бар.

Шығарма өмірлік, тарихи деректерге жүгінуімен де құнды.

1. «Бабалар сөзі»: Көптомдық, 1 том «Діни дастандар». – Астана, 2002. –448 б.
2. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай, Медине, 1991.-547 б.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы; Жазушы, 1984.-260 б.

* * *

В статье говорится о художественном влиянии на жанр «кисса» религиозных произведений про пророка Мухаммеда.

* * *

The article is about the artistic influence on the genre of «kissa» (poem) of religious works about prophet Muhammad.

*Н. С. Исмагулова*

## «ӨМІР МЕКТЕБІ» – СӘБЕҢНІҢ ӨМІР ӨРНЕКТЕРІ

Белгілі ғалым Р.Нұрғалидің «Жазушылық жолын бағалаудағы маңызды кілт – оның өмірбаяны, туған-өскен ортасы» (1) деген сөзін ескерсек, С.Мұқановтың ғылыми және шығармашылық өмірбаянын толықтыра қайта жазу тұсында да оның «Өмір мектебі» – негізгі дереккөзі ретінде қызмет ететін құнды туынды. Және бұл еңбектің жазушының тек өз өмірінен ғана емес, қазақ әдебиеті тарихының бірталай өкілдері өмірінен мәліметтер беретіндігімен де құнды екендігін ерекше атап өтуіміз керек.

Сәбит Мұқанов 1900 жылы 22 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар деген жерде дүниеге келеді. Ол жылдары Ақмола облысы, Петропавл уезі, Аққусақ болысына қарайтын бұл ауыл қазір Сәбит Мұқановтың есімімен аталады. Жазушы өзінің дүниеге келген жылы туралы «Өмір мектебінде» «кейін анықтасам, мен сиыр жылы, апрельдің он үшінде туған екем. Ол – 1901 жыл. Документте «1900 жылы» боп жүр» дегеніне қарамастан, құжаттары бойынша ресми түрде туған жылы мен күні 1900 жылғы 22 сәуір болып есептеледі.

Жазушының туған атасы Шүкей малы да, асы да өзіне жеткілікті шағын шаруалы отбасынан шыққан ағайынды бес жігіттің төртіншісі және «ойын-сауықтан басқада жұмыс жоқ, атты жақсы мінетін, киімді жақсы киетін, көмей біткеннің әншісі, саусақ біткеннің домбырашысы, өлеңді жанынан суырып айтатын ақын» (2) болған екен. Әжесі Қағаз дәулетті, момын, дастарханы кең жерден шыққан өзі де момын жан екен. Атасы Шүкей отау құрғаннан кейін де жігітшілігін доғармай, салдық құрып, ел кезіп кетеді екен. Үйіне келсе де қыз-бозбаланы жинап ап, жасайтыны сауық екен. Әжесі сонда да әй-шәй деп

үн қатпайтын жан болыпты. Үйлі-балалы бола тұра атасы атақты байдың жалғыз қызына ғашық болып, көңіл қосып, бірге қашқан жерлерінен қолға түседі. Қыздың ызалы туыстары «Шүкейді кісендеп, Есілдің күзгі мұздай суына салып қояды. Ертеңіне көптің көзінше мойнына тас байлап, суға ағызбақ болғанда, бір досы жасырын құтқарып жібереді, Шүкей қашып ағаларына барады.... Бір күн бойына мұздай суда жатқан Шүкейдің өкпесі қабынып ауырады да, содан құрт ауру боп, бір қыс төсек тартып жатып, келер көктемде жиырма жеті жасында» (2.156) қайтыс болады. Төрт жасар ұлы Ахметпен, екі жасар қызы Зейнеппен жесір қалған Қағаздың жеті айлық күнінде іште қалған үшінші баласы Мұқан әкесін мүлде көрмейді де. Әмеңгерлік жолмен қайнағасы Мүжәнға қосылған Қағаз одан Мұстафаны дүниеге әкеледі. Ахмет жиырма жеті жасында қайтыс болып, атастырып әперген келіншегі Балсарыны Мұқанға қосады. Ахметтен үш құрсақ көтерген Балсарының екі қызы шетінеп, жалғыз Дәмелі дейтін ғана қызы қалады. Әкесі Мұқан Шүкейұлы, анасы Балсары Бәйтілеуқызы да «міндетті ісін адал атқаратын, күні-түні демей жұмысын істей беретін қақ-соқта жұмысы жоқ» (3) кедей адамдар болған. Анасы оннан аса құрсақ көтеріп, әкесі «а, құдай, тілегімді қабыл ғып ұл бер де, содан кейін ал мені» деп жылап жүріп, «бір қызы туарда ұл бола ма деп ұмсынып атын Ұмсындық қойып, тағы бір қызының атын «артынан ұл туар ма екен» деген оймен Ұлтуған қойып» жүріп, көп қыздың ішінде көрген жалғыз ұлдары осы Сәбит болады. Өзі жалданып жылқысын бағатын Ботпай бай «әйелің ұл туды» деп сүйінші сұрағанда Мұқан қуанғаннан қалағаныңды ал деп, мұның үйінде сүйіншіге аларлық ақша да, мал да жоқтығына қарамай, «мүліктен бар іске татыры, өткен қыс тіктіріп, кимей, төріне іліп қойған етігін» сұраған байға «қалағаның сол болса» (3.15) ал деп, жалғыз етігін беруі біріншіден, оның ұлды қаншалықты зарыға күткенін білдірсе, екіншіден, көңілінің кеңдігін көрсетеді. Қиын тұрмыстың тауқыметін тартқан ата-анасы өмірден ерте қайтады. Әкесі – Сәбит жетіге келгенде – елу алты жасында, шешесі – сегізге келгенінде – елу жасында қайтыс болады. Мемуарлық шығармасындағы осы бір қайғылы сәттер туралы жазушы естелігін қанша қайталап оқысаң да бейжай, көкірек көзің егілмей оқу мүмкін емес (3.46-50). Әке-шешесі қайтыс болғанға дейін өзге апалары ұзатылып, Сәбит апасы Ұлтуған екеуі ғана қалып, олар әкесінің інісі Мұстафаның қолына кіреді. Ата-анадан жастай қалған бала Сәбит тым құрығанда, арқа сүйер туған ағаларының да болмауынан жетімдіктің зардабын тереңірек сезінеді. Жазушының «Жұрттың аузы майлы етте.... Жетімдіктің бір көрінетін жері осындайда. Әкесі, шешесі, ағасы барлар мұндайда топтың арасына кіріп кетеді де, майлы еті бар жіліктерді ұстап жей бастайды, жілік берер жақыны жоқ жетімдер әркімге бір жаутаңдайды. Көңілі түскен біреу есіркеп, ет бермесе, олар бұл үйден құрауыз шығады» деген жолдары құлазумен өткен бала көңілінің күйін аңғартады. Р.Нұрғалидің «Э.Хемингуэйдің «Жазушы болу үшін бақытсыз балалықты бастан кешіру керек» деген сөзі бар. Бұл, әрине, асыра айтылған, бірақ шындығы бар сөз» (1.485) деген ойына қосыла отырып, бұны – Сәбеңнің жазушылық жолының шебер қалануының алғышарты ретінде қарастырып, ауылы жаз жайлайтын Дос өлкесінің көркемдігіне сүйініп, табиғаттың әсем сыйы – Дос көлінің қызығына кенеліп өсуі – жазушының суретшілік шеберлігінің шыңдалуына бірден-бір үлес қосқан фактор десек қателеспейміз.

«Өмір мектебінде» автор ата-бабамыздың ХХ ғасыр басындағы тұрмыс-тіршілігінің тарихы деуге татырлық көптеген қызықты деректер де келтіреді. «Қазақ халқы Кеңес үкіметі орнағанға дейін қараңғы күй кешкен» деген түсінікті жетпіс жылдық тарихы бар кеңестік идеологияның санамызға сіңіріп тастағандығы сонша сол замандарда қазақ тұрмысы, шынында да, сүреңсіз суреттерден ғана тұрғандай қарайтын кейінгі ұрпақ ойларын жоққа шығарып, балалық шағында басынан кешкен бал қызықтарын баяндайтын С.Мұқанов әңгімелеріндегі даланың балаларды қызықтыратын жуасы мен жидегі, су астында, қамыстың түбінде жататын сүттен ақ, қанттан тәтті сүйрігі, көл бетіндегі құс балапанын аулау қызығымен қоса, асық ойнау, «ақсүйек», «соқыртеке», «бурақотан» секілді ойындарды ермек қылған ауыл балаларының өмірі кез-келгенді елітіп ала жөнеледі. «Бір күннің ойыны бір күнге осылай жалғаса береді... Шіркін, Дос, балалардың шын досы едің-ау, сен!.. Балалық шақта сенің жағаңда өткізген сол бір қызық күндер, күні бүгінге дейін көз алдымда, нақ сол бейнелерімен жарқырайды да тұрады!.. Сол бір күндер есіме түскенде мен сені аса аңсап сағынам, Досым!..» деген сөздерден сол кездегі ауыл балаларының табиғатпен етене жақындығына және жазушы жанындағы қимастық сезімнің шынайылығына тәнті боламыз.

Балалық шағын ауқатты ағайындарына жалданып, мал бағумен өткізген Сәбит өзінің талаптануымен хат таныағанымен, мұғалім алдын көріп, жүйелі білім ала алмайды. Ол кездегі қазақ ауылындағы білім алудың жалғыз көзі – молдадан оқу болған. Молданың балаларға солқылдақ жас шыбықпен дүре соғатынынан хабардар бала Сәбитті де қарсылығына қарамай, сегіз жасында «кішкене ағасы» (С.Мұқанов әкесінің інісін солай атайтын болған – Н.И.) Мұстафа ауылдары Жаманшұбардағы татар молда Хабибулла Ғазизуллинге оқуға береді. Қара таныағаны болмаса, хат танымайтын молдадан Сәбит арабша хат танырлықтай сауатын ашады. Өз балаларына сонша қатал Мұстафа «мені кісі баласы көре ме, әлде әке-шешесі жоқ жетім деп аяй ма немесе туысқаным деп жылы ұшырай ма, ұрмайды да, ұыспайды да» (6) деп еске алғанымен, Сәбең: «Мұстафаның үйі маған оншалық қолайлы бола алған жоқ. Ең алдымен, батырақ семьясында туғанмен, біреудің жалғыз ұлы болған соң әке-шешем мені бетке қақпай еркін ұстаған, сондықтан, олардың тұсында мен шалдуартентек болғам... Мұстафаның үйіне кірген соң да өзгермей, әрқайсысымен, әсіресе, менен бір жас үлкен Ғаббаспен қағыса берем. Тегі жетім бала деп

аяйды ғой деймін, әдетте, Мұстафа мен оның әйелі Сілеусін ұрыс-қағыста мені жақтап жазықты, жазықсыз болсын, Ғаббасты маған жығып береді. Бірақ мұның да шегі бар ғой, кейде көрінер көзге мен Ғаббасқа қиянат жасасам, мінезі қатал Мұстафа «өзіңнен де бар» деп мені де жаққа тартып қалады, оның бәрі кек боп менің ішіме жинала береді. Ал, Сілеусін жеңгей ешбір жағдайда мені маңдайға шертпейді... Шаруа күйі нашар болғанмен, әкем мен шешем үйіндегі астың тәтті-дәмдісін менің аузыма тосатын, өздері жамаулы киіммен жүріп, менің үстіме ылғи жаңа кигізетін. Әке-шешем өліп, күнім Мұстафаның үйіне түскен соң, күтімді күйден мен айрылдым. Сонда Мұстафа мен Сілеусін мені өз балаларынан алалап ұстамайды, шағын шаруасы мол тұруға жетпейді» (3.81) деп жазады. «Өмір мектебінен» ұзақтау келтірілген бұл үзінді жетім баланың сол кездегі күйін айқынырақ аңғартады. Өмірдегі ең жақын адамына айналып, қамқоршысы болған апасы Ұлтуған туралы «Жасым кіші бола тұра, үлкен деп еркелей тұра, ақылшым көре тұра, мен Ұлтуғанды «әйелге», өзімді «еркекке» санап, оған қамқоршы боп жүрем. Көлден қоға тартсам, сұлу сүйрігін, томардан жұмыртқа жинасам, әдемісін, қырдан жидек терсем, тәттісін соған әкеп берем. Айт-той сияқты бірдеме болса, одан қолыма ет, бауырсақ, ірімшік, құрт сияқты тамақ іліксе, әрдайым есімде Ұлтуған боп, өзім жемесем де оған әкелем... Ол менің де қамқоршым: кір-қоңымды жуатын, киім-кешегімді бүтіндейтін, қолы жеткен астың дәмдісін жегізетін, әлдилеп ұйықтатып, әлпештеп оятатын, әрдайым менің қасым мен қабағыма қарап, көңілімді табуға тырысатын, маған біреу тисе бәйек боп шырылдап жүретін сол!.. Қысқасы, менен аз жас қана үлкен бола тұра, ол мені шешемдей күтеді...» деп, елжірей жазылған жолдардан бала ауадай қажет ана махаббатынан мүлде мақұрым қалмай, оны апасынан тапқанына куә боламыз. «Жетім қозы – тасбауыр» дегендей, жетім Сәбиттің өмірдегі әділетсіздіктерден көкірегіне кек жиналып, қатыгезденіп кетпеуі де аяулы апасының осы бір қамқор сезімі арқасында болса керек!?

Жалпы, байқап отырсақ, Сәбеңнің жаратылысы атасы Шүкейге тартқан. Оның сауыққұмарлығы, әншілігі мен домбырашылығы, суырып салма ақындығы да немересінің бойына дарыған. Кедейлігіне қарамай, ойын-сауықтан қалмайтын қасиетінен, әнге үйірлігінен Сәбит ағайындарынан «одан да молдалығынды білсеңші» деп, талай сөз де естиді. Табиғатынан зерек Сәбит хат таныққаннан-ақ әр түрлі кітаптарды оқуға талпынады. Әуелден өлең-жырға, ертегі-әңгімеге әуес бала ел арасына көп тараған қисса, дастандарды, там-тұмдап әдебиет үлгілерін тауып оқи бастайды. Ол кездегі азын аулақ қазақ кітаптарында ескі өзбек немесе татар тілдері араласып келетін. Көп дастандарды жатқа айтатын болады және оларды өзі төрт жүйеге бөліп көрсетеді. Бірінші жүйесі: «Пайғамбардың Миғражға шыққаны», «Зарқұм», «Сал-сал», «Пайғамбардың дүниеден қайтқаны», «Кербаланың шөлі» секілді ислам дінін сүюге үгіттейтін қиссалар. Екінші жүйесі: «Ләйлі-Мәжнүн», «Бәдіғұл-Жамал», «Қисса и Хұсырау патша», «Сейфіл-Мәлік», «Жұсып-Зылиқа», «Рүстем-Зарап», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» сынды махаббатқа арналған қиссалар. Үшінші жүйесі: «Тәмәмдар», «Шаһмаран», «Алтын балық» секілді ертегілер. Төртінші жүйесі: «Алпамыс батыр», «Қара қасқа атты Қамбар», «Ер Тарғын» сияқты қазақтың батырлар жырлары. Қиссалар әр түрлі орындарда айтылатын болған. Мысалы, «қызойнақта», қарт адамдардың жиынында немесе әркімдердің жеке үйінде. Тыңдаушыларының алуан түрлі талғамына сай осындай түрлі тақырыптағы дастандарды жатқа айтатын қиссашы баланың жадының мықтылығы қайран қалдырады. Ол осы құдай берген өнерінің арқасында он бір-он екі жасынан бастап ыңғайы келгенде қисса айтуды кәсіп көзіне де айналдыра жүреді. Өзге орталардан көрі қыз-бозбалалар жиындарында қиссаларға құмартушылар аз болып, олар ән тыңдауды ұнатады екен. Ән салу жағына әлі шорқақтау Сәбит «Ендігі ермегім ән үйрену болды. «Әу» дерлік даусы бар жігіттің бәрі де айтатын «Қалқам шырақ» сияқты әнді менің менсінгім келмейді. Жақсы әндер үйренгім келеді. Ондай әндерді үйрететін біздің ауылда екі-ақ адам бар. Біреуі – Жұбандықтың Кәсені, біреуі – Қабанбайдың Ғабдолы» деп, осындай ірі әншілерді жағалай бастайды. Кәсенді салмақтап, ақысын төлеп ән үйренетін болса, еш уақытта адам көңілін қалдырмайтын Ғабдолдан ақысыз-пұлсыз көп әндер үйренеді. Әншілігімен қатар жыршылық өнері де бар Ғабдолдың айтатын бірталай сюжетті ұзақ жырларының ішінен ақын есімде сақталғаны деп, «Сұлушаш» пен «Мақпалды» атайды. «Кейін мен ұзақ поэма ғып жазған «Сұлушаш» – Ғабдол айтатын «Сұлушашқа» аздап ұқсайды» (3.180) дейді. Ақан серінің аты мен әндерін де да алғаш Ғабдолдан естіген бала көңілі Ақан серіні көруге құмартады.

Осылайша әдебиетке, әнге қызығушылығы оянған Сәбит он екі жасынан бастап өлең шығаруға талаптанады. Алғаш өлең жазуына өзі Мұстафаның үйінен бөлек шыққан кезінде сол үйде қалған апасы Ұлтуғанға деген сағынышы себеп болады. Артынан ұмытылып қалған сол бір бір-екі ауыз өлеңі кезінде ауыл арасына тарап кетіп, бірте-бірте адамдардың өтініші бойынша да өлеңдер шығарып беріп жүріп, «өлеңші бала» атанады. «Өлеңді де, әнді де жақсы айтады екен, қонған жерімізде өлең айттырып отыруға ермек те болар және ән-күйдің қонған елі Атығай-Қарауыл деседі ғой, со жаққа барып ән де үйреніп қайтар» деп шешкен ауыл атқамінерлерімен бірге осы өнерінің арқасында он үш жасында Сырымбетке шеккен сапарынан Сәбең толып жатқан ертегілер, әңгімелер мен әндер үйреніп, үлкен рухани сабақ алып қайтады. Жер көреді, ел көреді, көкірек көзі ашылады. Шоқанның өскен ортасы – Шыңғыс ханның ордасында болады. Атақты Ақан серімен, Үкілі Ыбыраймен, Балуан Шолақпен жүздесіп, өзі сыртынан тәнті болып жүрген адамдарының өнерлерін тамашалайды.

Күллі қазаққа «Қалың мал» романымен танымал, өмірін үздіксіз ұстаздыққа арнаған ардақты жан, сол

кездері көп жерлерде Ы.Алтынсариннің ынтасымен ұйымдасқан мектептер ізімен орыс поселкесінде ашылған орыс-қазақ мектебінде (русско-киргизская школа) жұмыс істеп жүрген, Қызылжардан қайтып келе жатқан Спандияр Көбеев Сәбитпен тілдесе келе жетімдігін білгеннен соң орысша оқуға кеңес береді. Мұндай орыс мектептері тегін болғанмен, онда оқу үшін үш жылдық ауылдық мектепті бітіру керек болады. Ал ауылдық мектептің өзі де кейбір ауылдарда ғана бар және ақылы болғандықтан, жетім баланың мектепте оқуға мүмкіндігі болмайды. Сол жолы С.Көбеевтің «Үлгілі бала» атты кітабымен танысқан бала Сәбиттің көңіліне «Мектепке шақыру», «Жетімнің өлеңі» деген шығармалары қатты ұнайды да, осы соңғы өлеңнің ізімен:

Жетімнен ит те жақсы иесі бар,
Иеден басқа тимес киесі бар.
Меңдейді иттен дағы төмен көріп,
Желкеге кім көрінген түйе шығар,

деген өлең шығарады. Осылайша, туған жерге деген сезімін, апасына деген туыстық сағыныш сезімін, бозбала көңілін қытықтаған қыздарға деген құмарту сезімін арқау еткен тырнақалды туындылары дүниеге келеді. Сәбиттің ақындық жол мен оқуға бет бұруына сол кездері ақын атағы шығып жүрген, өзінен үш жас үлкен Баймағамбет Ізтөлинмен танысып, достасуы да біраз ықпалын жасайды. Өзі де Баймағамбеттің өлеңдерімен танысып, оған өз өлеңдерін оқып, оның пікірлерін тыңдайды. Артынан қаладан Баймағамбеттің жіберуімен татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың кітабы қолына түсіп, шығармаларымен танысады. Абайдың есімін де, оның мықты ақын екендігі туралы да алғаш Баймағамбет жазған хаттан білген Сәбит ақыры оның 1909 жылғы алғашқы өлеңдер жинағын қолға түсіріп, кейіннен бұл кітапты 1945 жылы Абайдың жүз жылдығы қарсаңында Семейде ашылған Абайдың мұражайына тапсырады. «Күн оқыдым!... Түн оқыдым!... Жатып оқыдым!.. Тұрып оқыдым!... Үйде оқыдым!... Түзде оқыдым!... Оқыған сайын сусай бердім!... Оқыған сайын дәмдене берді!... Оқыған сайын ажарлана берді!... Тоқаевтың өлеңдеріне шалағайлау түсінетін ем. Абайда мен түсінбейтін сөз жоқ. Және оның жазғаны – өзім көріп жүрген ауыл адамдарының тұрмысы...» (3.397) деп жазған жолдардан Абай өлеңдерінің ақын балаға қаншалықты терең әсер еткендігін айқын аңғаруға болады.

Осы бір тұстарда ауыл арасында ақын бала, молда бала, қиссашы-әнші бала, мұғалім бала атанып, ыңғайы келген кәсіппен күнін көріп жүрген бозбала Сәбит бір өлімнің аузынан қалады. Омар баласы Қанапия есімді өзінен төрт-бес жас үлкен, бірге пішен оратын жігітпен үздіксіз ілігісіп, алысып жүреді. Күштері үнемі тең түсіп жүріп, бір күні ызаланған Қанапия қасында жатқан қазықпен Сәбиттің шекесінен салып жібереді. Бұл оқиғаның неден бастау алғаны туралы жазушы: «Тоқтаның қайран көлінің жағасында басталған сауық кештердің біреуінде қызға қадала қарауға үйрене бастаған менің көзім жасы өзіммен мөлшерлес бір қызға түсе қалды. Қазір ұлдарын үйлендіріп, қыздарын ұзатып... дегендей, «қасабалы қатын» абыройлы бәйбіше болған ол қыз, сол кезде үріп ауызға салатын тәтті жемістей мөлдіреген, әрі сымбатты, әрі кескінді өте көркем қыз еді. Және өзі хат біледі!.. Осы қызға кейде өлең, кейде өлеңге бергісіз қара сөзбен хаттарды жүргізе бастаған кезімде, «иә» дей қоймағанмен, менің жалбарынған сөздерім жүрегіне жеткендей болғанын, сәті түсіп оңашалау бір жолық-қанда қыз сөзімен емес, көзімен ғана аңғартқандай болған кезде, Қанапиясы құрғыр арамызға киліге кетті» (3.423) деп жазады. Күндіз талып қалған Сәбит кешке дейін есін жимағаннан кейін пішеншілер бірауыздан «миы ойылып кетті мұның, бұл енді өледі» деп жориды. Бірақ, көрер жарығы бар бозбала алла жар болып, аман қалыпты. Балаң махаббаты жолында бірбеткейлік танытып, бас тарта қоймауы оның көкірегін таптатпайтын, қайсар мінезінен хабар береді. Осы бір өр, көшбасшылық қасиетінің арқасында Сәбит қай ортада болмасын елеусіз қалмаған және өсе келе, білімі шыңдала келе бұл мінезі де шыңдалып отырған.

Мұқанов тағдырына бетбұрыс жасаған – қазан төңкерісі болды. 1918 жылы Омбы қаласындағы алашордашылар ашқан мұғалімдер курсында оқу үшін адам лық толы пойызға тұмсығын соғуға да мүмкіндік болмағандығына қарамай, қалаға қыстыгүні вагон үстіне мініп жетеді. Вокзалда бар ақшасын ұрлатып, талай қиындық көреді. Ауылдас бай ағайыны Қази Торсанұлы курстың бастығы болып тұрған Мағжан Жұмабаевпен таныстырып, сөйлескеннен кейін ол Сәбитті оқуға алып, өзі үйінде тұрып жатқан нағашы апасы мен жездесін келістіріп, солардың үйінде тұрып, қора тазалаушысы болуға орналастырады. Бұл курста қазақ тілі, орыс тілі, география, есеп, жаратылыс, педагогика, тарих, дін сабағы, ән-күй, гимнастика секілді сабақтар жүріп, қазақ тілі, педагогика, тарих және дін сабағынан Мағжан Жұмабаевтан дәріс алады. «Бұл сабақтардың қазақша конспектілерін жазғанда мен Мағжанның хатшысы сияқты боп алдым: кешкі уақыттарда ол мені өз комнатасына шақырып алады да, диванға қисайып жатып орысша кітаптағы тексті маған қазақша диктовать етеді. Мен оның айтқандарын араб әріптерімен жазып отырамын және тез жазамын. Оның маған пайдасы да болды, мен тарих сабағын өте жақсы білетіндердің қатарында жүрдім. Мақтанғаным емес, өзге сабақтан да жаман болған жоқпын. Сол қыста сабақ атаулының орыс тілі мен гимнастикадан басқасын ылғи «бестік» баллға бердім» (2.91) деп өзі жазғандай, Сәбит тұрмыс қиындығына қарамай, жап-жақсы жаңаша білім алып, бір оқу жылын аяқтағанда қазақ жеріне құрығы енді жеткен «қызылдар» мен «ақтардың» қалада қақтығыстары жиілеп, оқу үйі өртеніп кетеді. С.Мұқанов заман ауаны бір жақты болғанша 1919 жылы елге қайтып, аз уақыт мұғалім болады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қызылжарда «Романовтар үйінің» ғимаратында ашылған екі айлық мұғалімдер курсына түсіп, Баймағамбет досымен бірге үгіт жұмысына тартылған С.Мұқанов жеделдетілген түрде 1920 жылдың 5 желтоқсанында

партия мүшелігіне қабылданады. Бір айдан кейін оқып жатқан бірнеше коммунистермен бірге ауылды кеңестендіру жұмысына жіберіліп, тағы да оқуын тамамдауға мүмкіндігі болмайды.

Осылайша 1920-1922 жылдары ел арасынан астық жинау, партия ячейкаларын құру және тұтынушылар кооперациясын құру науқандарына белсене қатысады. Осы жылдары ұйымдасып көтерілген байлармен қақтығыс кезінде С.Мұқанов аяғына оқ тиіп, екінші рет өлім аузынан қалады. Таптық күрестің Көкшетау облысындағы оперативті өкілі және партияның Ақмола губерниялық комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарады.

Қызмет бабымен елге бара жатқан бір жолында Сәбең Есіл тасып, бұзылған көпір мен арқаны үзілген паромның жөнделуін күтпей, бір шалдың қайығына отырады. Ағашы қаңсыған қайыққа су кете бастап, өзеннің ортасына келгенде суға батады. Жүзе білмейтін С.Мұқановты батып кеткен жерінен өтіп бара жатқан қайықтағы үш жігіт құтқарып қалады да, тағы бір ажалдан аман қалады. Бірақ суға кеткен чемоданымен бірге соңғы бес-алты жыл бойы жазып жүрген өлең дәптерінен айырылады. Аласапыран заман оны тез марқайтып, саяси жағынан тез толысады.

1922 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетіне (рабфак) барған Сәбит Мұқановтың білімі аздық қылып, «бұл үшін кемінде алты кластық білім керек, оның үстіне орыс тілін де тым шалағай білесің» деп, оқуға түсе алмай қалу қаупі туғанда, А.Асылбековтің ақылымен С.Сейфуллинге жолығады. Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып тұрған С.Сейфуллиннің көмегімен оқуға қабылданады. Сол жылдары орысша үйреніп, орыс әдебиетінің поэзиясымен танысып, әдеби білімін ұштайды.

Сәбит Мұқанов осы жұмысшылар факультетіне жібермей жатқан Ғабит Мүсіреповтің әкесімен сөйлесіп, оқуға түсуіне себепкер болады. Сәкен Сейфуллинмен де етене араласуы осы кезеңдерден басталады. Сәкеннің шақыруымен оның үйінің бір бөлмесінде тұрған кездерінде де Ғабитті қалдырмай, қасына алады. Сәкеннің қамқорлығын көп көрген Сәбит одан рухани жағынан да көп сабақ алады, әдебиеттегі ұстазы ретінде құрмет тұтады.

Екінші курсты бітірген соң 1924 жылдың жазында Сәбит ағайындарының кеңесімен Қосшығұл деген байдың Рахима есімді қызына үйленеді. Ағасы: «Талай тамаша домбырашыларды көре жүре, екі ішекті, сегіз пернелі домбыраны мұндай шебер сөйлеткен жанды кездестірген емен. Құдай өзіне жіп-жіңішке, ұп-ұзын ақ сүйріктей саусақтар берген екен. Домбыраны сабамай, екі ішекті оң жақ қолының сұқ саусағымен іліп-шалып қана отырады екен. Сонда неше түрлі тамаша үндер шығарып, маңайында мыңдаған бұлбұл сайрағандай халге түседі екенсің!» (4) деп суреттеп берген әйелінен Сәбең келер жылдың күзінде ұл сүйеді. Өкінішке орай, әйелі көп ұзамай аурудан қайтыс болады да, тәп-тәтті қылықтары шығып өсіп келе жатқан ұлы да қызылша ауруынан көз жұмып, Сәбеңе қайғы үстіне қайғы жамап кетеді. Сол қайғының тұңғиығына тереңдеп бара жатқан Сәбитке ағайындары басу айта отырып, он алты жасар Қожахметқызы Мәриямға үйлендіреді. Тұла бойы көргенділікке тұнып тұрған, әже тәрбиесінен шыққан ақылды, жас жарының арқасында Сәбеңнің түзде ғана емес, үйде де абыройы асқақ, еңсесі биік болады. Достары сүйініп, дұшпандары күйінерліктей тату тұрған жұбайлар 47 жыл бірге жұптарын жазбай, өнегелі өмір сүреді.

1926-1928 жылдары «Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы, ҚазАП-тың жауапты хатшысы болып қызмет атқарады.

Осы кезге дейін атқарған сан салалы қызметінде болсын, шығармашылық өрлеу жолында болсын, ілгерілеудің басты кепілі терең білім екенін, онсыз көздеген мақсатына жету мүмкін еместігін айқын сезінген ол 1928 жылы Ленинград университетінің филология факультетінде оқиды. Бірақ тұрмыстың ауыртпалығынан оны бітіре алмайды.

Облыстық орталық мұрағаттан табылған Петропавл округтік «Кеңес ауылы» газетінің редакторы және ВКП (б) округтік комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Сәбит Мұқановқа 1929 жылдың 17 қарашасында берген мінездемесінде былай жазылған екен: «Сәбит Мұқанов жолдас 1920 жылдан бері партияда, әлеуметтік жағдайы бойынша – батырақ. 1923 жылдан бері әдеби-газет жұмысының басшылығында. Бұл сала бойынша жеткілікті тәжірибесі және оны ұйымдастыратын білгірлігі бар. Қазіргі уақытта «Кеңес ауылы» округтік қазақ газетінің редакторы және ВКП (б) округтік комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары болып істейді, жұмысын атқарады және қажетті бастама таныта біледі. Әдеби еңбектері бар. Партияның ағымдағы саясаты мәселелерінде оң-солын біледі. Идеологиялық жағынан тұрлаулы, коммунист ретінде ұстамды және тәртіпті.

Басшы әдеби-газет жұмысында одан әрі пайдаланған жөн» (5).

1930 жылы Голощекиннің талап етуімен Мәскеудегі академик Марр атындағы Тіл білімі институтына өзінің көңілі қаламаған оқуға кетуге мәжбүр болады. Бұл уақытта Арыстан, Марат (1927, 1929 жылғы) есімді екі баласы бар Сәбең отбасы жатақхананың күйсіз жағдайында қызды болып, есімін Жанна қояды.

Досы А.Фадеевтің көмегімен екінші оқу жылынан бастап Мәскеудегі Қызыл профессура институтының әдебиет бөліміне ауысады да, жағдайлары түзеледі. Бірақ қыстыгүні сызды бөлмеде дүниеге келген, қыстыгүні елге барамыз деп салқындатып алған Жанналары жасына жетпей шетінейді. Қызыл профессура институты сол кездегі ең жоғарғы партиялық мектеп саналатын аспирантура болған. Сәйкесінше шәкіртақысы да жоғары, тұрмысы да тәуір болған Сәбең отбасында 1934 жылы тағы бір қуанышты оқиғаға кенеліп, үшінші ұлы Алтай дүниеге келеді.

Оқуды 1935 жылы бітіріп шыққан С.Мұқанов Алматыға оралып, жаңадан шыға бастаған «Қазақ

әдебиеті» газетінің редакторлығына тағайындалады.

1936-1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы қызметін атқарады. 1937 жылдың көктемінде Сәбең отбасы Ботажан есімді ұлды болады. Осы жылдың күзінде «халық жауы Сәкен Сейфуллинмен байланысты» деген айыппен партия қатарынан шығарылады.

«...Әлі есімде... 1937 жыл. Қазанның бесі... Сәбитті партия жиналысына шақырып әкеткен. Сағат кешкі алтыда басталады деп еді. Қараңғылық түсті, түн болды. Сәбит жоқ. Балалар аяқтарының ұшынан басып, әлдебір қорқынышты күтумен болдық. Түнгі сағат төрт шамасында есік қағылды. Ашсам... Сәбит! Аппақ құдай, өң жоқ, түс жоқ. Қалшиып тұрған маған қарап: «Жүрегіме басқан жалғыз билетімнен айрылдым. Мен біттім, Мәриям!» деді» (7) деп жазған жазушы жарының естелігіндегі суреттелген бұл жай Сәбең отбасының басына төнген қара бұлтты күндердің бастамасы ғана еді.

Талай қиыншылықтар мен ауыр кезеңдерді бастан кешкен С.Мұқанов мемлекеттік қызметтен де аластатылып, 1937-1941 жылдары еркін шығармашылық жұмыспен айналысады. Осы жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтында дәріс оқиды.

Табиғатынан өте балажан С.Мұқанов төрт ұлдың артынан 1940 және 1945 жылдары екі қыз туылып, қатты қуанады. Үлкеніне Баян деп ат қойып, кішісін Ленинград қаласында шетінеген Жаннасының есімімен атайды. Барлығы жеті бала сүйген Мұқановтардың алты баласы өсіп-өніп, олардан 12 немере, 14 шөбере, 4 шөпшек тарайды.

1943-1951 жылдары ол екінші рет Жазушылар одағының төрағалығына тағайындалады.

1947-1963 жылға дейін Жоғарғы Кеңестің депутаты болады. 1954 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі болып сайланады.

Петропавл қалалық кеңесі атқару комитетінің 1966 жылғы 4 қарашадағы №776 шешімімен «Петропавл қаласының еңбекшілеріне зор еңбек сіңірген, қажырлы еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі үшін» Сәбит Мұқановқа алғашқылардың бірі болып «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атағы берілді (5).

1967 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, 1967 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлығының, 1968 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері атағын алып, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту (1950, 1957), екі мәрте «Ленин» (1960, 1970), «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталады. Бірнеше съездерге делегат, басшы органдардың мүшесі болып сайланады.

Сәбит Мұқанов көзі тірісінде тойлаған соңғы мерейтойын кең көлемде атап, халқының ыстық ықыласына бөленіп, аса бір разылықпен өткізіпті. Бұл туралы Мәриям апай: «Халықтың санында есеп болмады. Жиған-тергеніміздің бәрін шаштық. Ағыл-тегіл болдық... Жетпіске келген де бар, келмеген де бар. Қайран шалым дүниеден өтерін білгендей, көп ұзамасын сезгендей, ерекше көңіл күймен жас жігітше жайраң қағып жүріп еді. «Мәке, аянбалық» деп, өзі де күліп, жұртты да күлдіре сөйлеп, тым көңілді жүрді. Сол жолы Сәбиттің тойы бүкіл елдің, халықтың тойы болып еді» (7.95) деп еске алады. Осы тұста Сәбең өмірінен орын алған айта кетерлік жай – Сәбеңнің көзін көрген зиялы ағалар мен жарының да айтуынша – жазушының жетпіс жылдық мерейтойында қалың жұрт та, тіпті, өзі де «Социалистік еңбек ері» атағы беріледі деп күтсе керек. Бірақ, өзінің негізін қаласқан ұлдарының ішіндегі біріне емес, бірегейіне үкіметтің аталмыш атақты «қимауы», екінші мәрте «Ленин» орденімен марапаттаумен шектелуі – жазушының көңіліне аз қаяу салмапты.

Өмірінің соңына қарай жүрегі сыр беріп жүрген жазушы 1973 жылы 18 сәуірде Алматы қаласының ауруханасында көз жұмады. Жазушы жарының естелігінен мәлім болған жай – денсаулығының төмендігіне қарамай, жедел жәрдем дәрігерлері алып кеткісі келгенде Сәбеңнің зембілге жатуға көнбей қоюы. Дәрігерлер амалсыздан көшеде ел аяғы басылып, ымырт түскен шақта келіп алып кетуге мәжбүр болыпты. Жаны қыл үстінде тұрса да, аласармай кеткен арысымыздың халық санасындағы бейнесі осы әрекетімен бұрынғысынан да биіктей түсері сөзсіз! Сүйікті жазушыларын соңғы сапарға қабырғалары қайыса қимастық сезіммен егіліп шығарып салған халқы Сәбеңнің денесін Алматы қаласының сыртындағы «Кеңсай» зиратына ақ жуып, арулап көмеді. Тағы да жазушы жарының естелігіне үңілейік: «Жерлеуіне келген халықтың санында есеп болмады. Лек-лек болып ағылды да жатты. Қадірін бүкіл халық білгізді... Басыма іс түскен сол бір қиын кезеңде Дінмұхамет Қонаевқа риза болдым. Өзі бас болып, үкімет басшылары барлық құрамымен келді. Көңіл айтып, Сәбитті ақтық сапарға шығарып салды. Жерлеуі, жетісі, қырқы, жылы сияқты рәсімдердің бәріне де үлкен көмек берді» (7.97).

С.Мұқановтың өмірінің соңғы жеті жылын өткізген М.Төлебаев көшесіндегі 125-үй бұл күнде қаламгердің мемориалдық мұражай кешеніне айналған (1975).

Петропавл қаласындағы №32 орта мектепке, облыстық кітапханаға, Жамбыл ауданындағы «Майбалық» кеңшарына Сәбит Мұқановтың есімін беру жөніндегі еңбекшілер депутаттары, Солтүстік Қазақстан облыстық кеңесі атқару комитетінің ұсынысы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1973 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен бекітілді. Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық кеңесі атқару комитетінің 1973 жылғы 7 маусымдағы №187 шешімімен Петропавл қаласындағы «Қарағанды», Жамбыл ауданының Благовещенка селосындағы «Береговой» көшелерінің атаулары Сәбит Мұқанов көшесі деп өзгертілді. Кейінірек облыстық кітапхананың алдына жазушының мүсіні орнатылды (5).

Алғашқы кітабы «Совет өкіметі және қазақ әйелі» (өлеңдер, мақалалар, аудармалар) 1924 жылы жарық көрген. Оның «Альбом» (1924), «Балбөпе» (1926), «Октябрь өткелдері» (1927), «Сұлушаш» (1928, 1959, 2002), «Ақ аю» (1935), «Жұмаштың өлімі» (1988) поэмалары жарық көрген. «Әсия»

(1925), «Азғын» (1927), «Кер заман» (1928), «Алтын аймақ» (1934), «Тіл алушылар» (1942) сияқты әңгімелері мен «Ақбөпенің зары» (1927), «Достар» (1937), «Балуан Шолақ» (1941, 1994, 1999), «Бақташының баласы» (1953) т.б. повестерін жазған. Романдарынан: «Адасқандар» (1931, 1999, 2003, 2009) кейіннен өңделіп, «Мөлдір махаббат» (1959) деген атпен қайта басылған. «Сын бая» (1935), «Светлая любовь» (1962, 1964, т.б.) деген аттармен орыс тілінде бірнеше рет жарияланған. «Теміртас» (1935), «Есіл» (1937), «Жұмбақ жалау» (1938), «Сырдария» (1947) романдары, «Өмір мектебі» трилогиясы (1930-1964) жарық көрген. «Жұмбақ жалау» кейін қайта өңделіп, «Ботагөз» (1989) деген атпен басылған. Осы атпен орыс және басқа да шетел тілдеріне аударылып, кең тарады. «Шоқан Уәлиханов» (1953) трагедиясын, «Тыңдағы толқындар» романын, «Қашқар қызы» (1958) драмасын, «Аққан жұлдыз» романын жазды. Бірінші кітабы (1967) Шоқанның туғанынан бастап, Омбыдағы кадет корпусында оқыған жылдарын, екінші кітабы (1970) оқу бітірген жас офицердің Омбының генерал-губернаторы Гасфорттың адъютанты болып жүрген кездерін суреттеуге арналған. Соңғы кітаптары жазылып үлгермеген «Аққан жұлдыз» романы қазақ прозасында, оның ішінде тарихи тақырыптағы шығармалар қатарында өзіндік орны бар іргелі туындылардың бірі. Драматургия саласындағы еңбектері «Ақан мен Зайра» (1936, М.Әуезовпен бірге), «Партбилет» (1938), «Алтын астық» (1940), «Шоқан Уәлиханов» (1964) сияқты пьесалары театр сахналарында қойылған. С.Мұқанов қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымы саласында да айтарлықтай еңбек сіңірген. Қазақ халқының ауыз әдебиетін, әдебиетінің тарихын зерттеп, көлемді еңбектер жазды.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932, 2008), «XVIII – XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы очерктері» (1941, 2002), «Өсу жолдарымыз» (1960), «Жарқын жұлдыздар» (1964), «Халық мұрасы» (1974, 2002); «Қазақ қауымы» (1995), «Жарық жұлдыз» (Абай Құнанбаев туралы монография мен ғылыми мақалалар) (1995) зерттеу еңбектері жарық көрген. Публицистикалық мақалалардан, очерктерден тұратын «Саяхаттар» (1954), «Туған жердің тыңында» (1955), «Тыңда тұнған байлық» (1957), «Алыптың адымдары» (1959), «Адам атаның шоқысында» (1959), «Замандас туралы аңыз» (1961) кітаптарын шығарған.

Шығармалар жинақтары жарық көрді: Тұлпар. М., 1934; Толық шығармалар жинағы. 1-2 т. А., 1936; Таңдамалы шығармалары. 1-6 т. А., 1955-1958; Толық таңдамалы шығармалары. 1-16 т. А., 1972-1980; Көп томдық шығармалар жинағы: 1-том. Өмір мектебі. Роман. Бірінші кітап. А., 2002; Көп томдық шығармалар жинағы: 2-том. Өмір мектебі. Роман. Екінші кітап. А., 2003.

Ғалым Р.Нұрғали: «Жазушы шығармаларынан тұтас кітапхана жасауға болар еді. Кей жазушылар тез жазып, тез таусылады. Сәбит таланты – құнарлы да бай талант. Оқырман оның ұзақ қаламгерлік жолының сәтті кезеңдерінің бәріне куә. Оның талантын дарқан дала табиғатымен салыстыруға болады. Сәбит – тынысы, өрісі кең қаламгер» (1.487) деп жазғандай, оның тұтас кітапханадан тұратын шығармашылық өмірбаяны – өз алдына жеке дүние.

1. Р.Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» Астана: Күлтегін, 2002. 489 б.
2. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1970. 10-том, 153 б.
3. С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1970. 9-том, 15 б.
4. С.Мұқанов «Өмір мектебі» Алматы: Жазушы, 1970. 11-том, 29 б.
5. К.Ахметова, облыстық мұрағаттың археографы. Құжаттар сыр шертеді // Солтүстік Қазақстан. 21 сәуір, 2000 жыл.
7. Мұқанова М. Сағынышым Сәбитім. Алматы: Өлке, 2000ж. 41 б.

* * *

В статье автор старается дать более полное описание биографии С.Муканова на основе его мемуарного произведения «Школа жизни» и воспоминаний супруги писателя.

*Н. Т. Какишева*

## ЖАНРОВАЯ СПЕЦИФИКА КНИГИ Д.Ф.СНЕГИНА «СТРАННЫЕ СБЛИЖЕНИЯ, ИЛИ ВОКРУГ МИХАЙЛОВСКОГО»

Одно из последних произведений, написанных в неожиданно новой, не характерной для прежнего Дмитрия Федоровича Снегина манере, - «Странные сближения, или Вокруг Михайловского». Оно появилось в печати в ноябре 1999 года в издательстве “Жибек Жолы” обидно малым тиражом (500 экземпляров). Сам Д.Ф.Снегин назвал «Странные сближения...» новеллой, хотя в строго научном понимании его текст не совсем отвечает требованиям этого жанра. Новелле как повествовательному прозаическому жанру характерны краткость, острый, даже парадоксальный даже парадоксальный сюжет, нейтральный стиль изложения, отсутствие психологизма, неожиданная развязка. Действие новеллы происходит в современном автору мире. Фабульная конструкция новеллы схожа с драматической, но обычно проще. Гёте называл новеллу «свершившимся неслыханным событием» [1, 215]. В новелле обычно большое значение придается развязке, которая содержит неожиданный поворот (пуант,

"соколиный поворот"). Скорее всего, именно потому что Снегин пытается понять смысл «странных сближений» «неслыханных происшествий», исторически сближающих Поэта, Народ (точнее — Народы) и самого Автора, он обозначил жанр своей последней исповедальной книги как новеллу.

Известный казахстанский литературовед, писатель Константин Кешин (Эдуард Джилкибаев) в своих заметках о «Странных сближениях...» назвал жанр снегинской книги «мемуарно-эстетической новеллой» [2]. Бахытжан Канапьянов, благодаря которому увидела свет эта маленькая книжечка, сказал, что она «...многих томов тяжелей». К сожалению, сам Д.Ф.Снегин все же никому не раскрыл смысл, вложенный им в подзаголовок. Немногие исследователи и журналисты (Б.Канапьянов, Л.Мананникова, Е.Брусиловская) также обходят молчанием этот вопрос, акцентируя внимание лишь на мотиве странных сближений, сыгравших важную роль в тот или иной момент жизни писателя. Его сын, известный казахстанский кардиохирург Дмитрий Дмитриевич Поцелуев вспоминает, что в их доме «все было пронизано памятью о Пушкине», «и всегда (Снегин) мечтал написать книгу о Пушкине» [3]. Снегин в основу своей новеллы положил события, происходившие в годы Великой Отечественной на территории, в зоне которой находилось Пушкиногорье. Он, бывший начальником штаба артиллерии Панфиловской дивизии, освобождал Михайловское, стараясь не применять никакого тяжелого оружия, чтобы сохранить исторические памятники.

Книга имеет необычную архитектонику. Оформители с благословения самого писателя на форзаце изобразили треугольник, вершинами которого являются три стихотворения Снегина. А завершает эту миниатюрную книгу следующее примечательное обращение писателя к читателю:

Друг-читатель! Предложенная твоему вниманию новелла «Вокруг Михайловского» обрамлена тремя моими стихотворениями:

1. Искусство С л у ш а т ь постигал я долго...
2. Я поднимусь по Занебесью...
3. Как встарь, увязался за мной...

В этом треугольнике, мнится мне, и возникли странные сближения...можно сказать, будто в Бермудском треугольнике.

Дм.Снегин

Май-июнь, 1999.

Верный - Алма-Ата

[4].

Такая необычная для новеллы архитектоника произведения требует более внимательного, «филологического» прочтения этого последнего поэтического завещания казахстанского писателя.

Собственно художественный текст начинается со стихотворения «Искусство С л у ш а т ь постигал я долго...». Неслучайно в нем графически выделены слова-образы Слушать, Молчать, Стать, Волк, Волчица. Снегин использует прием «превращения ключевого слова в пучок ассоциаций» (бадиков, ). С высоты прожитых им лет и накопленного эстетического опыта он выделяет самое важное для него в этом мире: «искусство С л у ш а т ь» и «ремесло М о л ч а т ь», которые он постигал всю жизнь. Следующая за этим поэтическим признанием часть названа также необычно «Вместо присказки». Присказка, как мы знаем, обычно предшествует зачину в сказках и ее цель – заинтересовать слушателя, увлечь за собой, поразить его воображение. Как элемент композиции, она слабо связана с сюжетом. Но здесь важно обратить внимание и на следующее: снегинская формула «вместо присказки» позволяет нам воспринимать происходящее в тексте как нечто сказочное, не-реальное, имеющее место в реальной действительности.

Первая часть снегинского вступления требует активного участия самого читателя, названного писателем «давним и верным спутником», в установлении истинности формулы «странные сближения». При этом для Снегина важно, что «сие определение принадлежит Гению» [4, 5]. Мы понимаем, что речь идет об Александре Сергеевиче Пушкине, поэтому и читатель. И сам писатель должны воспринимать это как данность: «Значит, тому и быть» [4, 5].

Ведущая тема новеллы изначально определена Снегиным как «о псковской деревне матери Поэта», в освобождении которой от фашистов писатель «принимал участие лично», в унисон ей выступает другая, личная для писателя тема – «парадоксальные сближения» Снегина с Пушкиным: «... дай Бог, приблизиться к странным сближениям, влекущим меня в Михайловское». Снегин повествует о Святогорье, Пушкинских местах: Сороть – Великая – Михайловское – Тригорское.

С точки зрения композиции важно то обстоятельство, что Снегин как рефрен повторяет мысль о странностях нашей жизни, когда, на первый взгляд, случайно происходят какие-то встречи или события. Но, как потом оказывается, это вовсе не случайность, а скорее предопределенность («судьбой предначертано»). «Всегда ли странны подобного рода сближения (сопоставления... сличения)? – спрашивает себя Снегин. - Впрочем, я суеверен, и непредсказуемая, но целенаправленная энергия вселенского Хаоса влияет на меня, как возмущение магнитных бурь» [4,11].

Лейтмотив «странные сближения» в новелле получает различные вариации, главная из которых мотив соприкосновения Снегина с Пушкиным: он, как и Аполлон Григорьев, верует в то, что «Пушкин — это наше все». Снегин вспоминает слова Жуковского о Пушкине: «это надежда нашей словесности» [4,12] и перносит повествование в другую временную плоскость: «Я часто перечитываю это святое пророчество и всякий раз с т р а н н ы е с б л и ж е н и я плавно и ласково перосят меня в счастливое, невозвратное детство» [4, 12]. Мотив присутствия в снегинском детстве Пушкина получает неожиданную развязку: Снегин рассказывает о том, что у его деда по матери на противоположной от иконостаса стене висели портреты Карамзина, Жуковского и Багратиона в изящных золоченых рамах 1817 года,

которые в смутные годы репрессий были сожжены, и проводит неожиданную даже для себя аналогию: «...сожгли же пушкинское Михайловское нацистские захватчики, причислившие себя к высшей расе человечества. Понимаю, наивные, сколь и странные же, сближения, но что-то в них есть...есть!» [4, 13]. Следующее «странное сближение» с Пушкиным Снегин видит в том, что именно ему было предначертано судьбой освобождать в годы войны пушкинское родовое гнездо - село Михайловское: «Я был там. Одна из огненных страниц моей жизни. К тому же парадоксальные сближения в чем-то сродни событиям, в которых принимал участие лично. Мне это помогает написать задуманное более удачливо» [4, 5]. При построении текста Снегин довольно часто использует прием сопоставлений тех или иных фактов, сохранившихся в памяти: «Дом знаменитого семиреченского садовника Никиты Трофимовича Моисеева, поставлявшего к императорскому столу удивившие мир яблоки - верненский апорт, напоминал мне дом, в котором жил Пушкин в родовом имении, будучи в изгнании. Я видел его на картинке с мудреным названием «Литография Г. Александрова. 1837» [4, 17]. С Пушкиным связано еще одно протяженное во времени воспоминание: Снегин 1924-года, купив у китайца «похожие на халву желтые и хрупкие, как льдинки, кусочки меда, завернутые в страницы разорванной на наших глазах старинной книги», обнаруживает стихи без начала и конца, обозначенные римской цифрой VI:

Недаром вы приснились мне
В бою с обритыми главами
С окровавленными мечами
Во рвах, на башне, на стене.
***
Блаженны падшие в сраженье:
еперь они вошли в эдем
И потонули в наслажденье,
Не отравляемом ничем [4, 26].

На фронте Снегин восстановил их по памяти и хранил в своей полевой сумке. И лишь через 20 лет, вернувшись в Алма-Ату из Святогорья в апреле 1944 года, узнает, что «те стихи под римской цифрой VI – фрагмент из «Подражаний Корану» [4, 28].

«Странное сближение» Пушкина и Снегина: В «Подражаниях Корану» Пушкин обратился к коранической, то есть восточной, теме, Снегину загадочным образом в двенадцать лет выпал «случай» впервые прочитать очаровавшие его стихи, через двадцать лет он восстановит их по памяти и, переписав, будет хранить в вместе с топографическими военными картами в полевой сумке. Парадокс заключается и в том. что он тогда не знал, что это стихи Пушкина, и они написаны в Тригорском. Эта истина ему откроется позже, в Алма-Ате, куда он вернется после тяжелого ранения.

Тема исторической памяти особенно отчетливо выражена в сюжете об освобождении Михайловского и его окрестностей. Панфиловская дивизия (и в этом видит Снегин очередное «странное сближение») готовится к бою, форсирует реку Великую закрепилась на пушкинском прибрежье. Дмитрий Снегин был начальником штаба артиллерии Панфиловской дивизии. Но Пушкинские места нужно было освободить без применения артиллерии и авиации, чтобы сохранить каждую пядь пушкинской земли. Ведущим в этом сюжетном отрывке становится описание события спасения великого Поэта, в котором ведущую роль выполняли солдаты и офицеры Панфиловской дивизии, сформированной в Казахстане, среди них был и Дмитрий Поцелуев (Снегин), и именно это «свершившееся, неслыханное событие» навечно сблизило Снегина с Михайловским и с Пушкиным и через 55 лет вернуло его в те далекие годы, чтобы вновь пережить пережитое «под призмой Пушкина».

Снегин передает происходившее в апреле 1944 года фактографически точно, достоверно, как действо, случившееся в недавнем прошлом, вводит свидетельства своих товарищей, рассказывает о мужестве простых солдат, медсестер, голыми руками сломивших сопротивление эсэсовцев, отборных воинов фашистского вермахта. Символически значимо в этом контексте его стихотворение «У реки Великой два кургана...», в котором он повествует о поистине героическом поведении солдат бою за эти безымянные, но святые для каждого высоты.

В другом стихотворении, «вплетенном» в текст новеллы, - «Я поднимусь по Занебесью...» Снегин возвращается к теме памяти, ответственности за содеянное. В Занебесье, в никем не познанной Сини Божий Сын берет на себя бремя ответственности за содеянное на земле и «себя же низвергнет в ад кромешный, / И будет Стоннн...». Философская тема Добра и Зла, тема демонизма в наши дни получает отличную от пушкинско-лермонтовской традиции интерпретацию: Маг Смуты, Демон, Мефистофель «в наш век» лишен прежних дерзаний, силы. Но Поэту тревожно от предчувствия:

... а вдруг возвратится к Нему
Мощь Духа? И зыкнет: «Восстань!»
И Он переложит на Тьму
Во мне затаенную Тьму)
Святую свою Окаянь?! [4, 58].

Треугольник, которым открывается и завершается новелла и вершинами которого являются упомянутые стихи, в контексте всего вышесказанного символичен. Неслучайно автор упоминает о печально знаменитом Бермудском треугольнике, в котором таинственно и бесследно исчезает все материальное. Но Снегин оптимистичен: его «треугольник», несмотря на трагедийный пафос стихов, его составляющих, построен на памяти человеческой, которая сохраняет все доброе, высокое, сближает поэтов, народы, прошедшее и будущее.

1. Эккерман И.-П. Разговоры с Гете / перевод Наталии Ман. – М.: Художественная литература, 1981. – 687 с.
2. Кешин К. Алгебра зависти / Литературная Алма-Ата. – 2006. - № 3. – с.123-128.

3. Валуйская Н. Поэты живут на Луне / Литературная газета Казахстана. – 18.04.2008.

4. Снегин Д. Странные сближения, или вокруг Михайловского. – Алматы: Жібек жолы, 1999. – 64 с.

***Ж. Камалқызы***

## «ҚАБАНБАЙ БАТЫР» ЖЫРЫ – РОМАН ДӘРЕЖЕСІНДЕГІ ТУЫНДЫ

Роман табиғатын тануда М.М.Бахтин концепциясы негізге алынып жүргені белгілі. Бұл концепцияны қазақ ғұламалары А.Байтұрсынов, М.Әуезов өз еңбектерінде анық танытқаны да қазіргі ғылымда сөз болып жүр. Тек бұл екеінде ғана емес, ғылымның ақиқатын таныған кейінгі толқын қазақ ғалымдарында да бұл идеялар көрініс беріп отырады. Бірақ, әртүрлі қаулылар мен анықтамалар тасасында ұлттық әдебиеттің терең танымын тұқыртуға бағытталған кеңестік саясаттың нәтижесінде ғалымдар өз ойларын терең ашып бере алмағаны байқалады. Академик М.Қаратаев «Шынында да әдебиет бейнебір дария сықылды – оның да арнасы бар, ағысы бар, ағысының белгілі заңдылығы бар. Оның да шығар тегі, қайнар бұлақ көзі, тұс-тұстан қосылар талай –талай тарауы, құяр сағасы, телегей теңізі бар. Қазақ әдебиеті де сондай. Революциядан бұрын қазақтың ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп, өскен, дамыған бай фольклоры болды да, бірте-бірте құралып, қосылып, жалғасып, үлкен арнаға құйылған жазба әдебиеті болды дейміз. Бірақ бұл жалаң процесс емес, күрделі процесс. Бірыңғай таза ауыз әдебиеті, бірыңғай таза жазба әдебиеті дейтін құбылыс жоқ. Бұл екеуі бір-бірінен нәр алып, өзара бір-біріне әсер етіп, әрі араласып, әрі қаз-қатар өмір сүріп келе жатқан құбылыс»[1;103.],- дегенінде, А.Байтұрсынұлының сөз өнерін «Асыл сөз» деп, бір атаумен атағанын құптап тұрғаны көрінеді. Қазақ фольклорындағы романдық ойлауды да жақсы түсінген. «Қазақтың көркем сөз өнері көп заман ауыз әдебиеті арнасында дамыды. Өйткені жазба әдебиеттің дамуына тиісті жағдай кейінгі кезге дейін болған жоқ. Сондықтан халық өзінің барлық ой-сезімін, жүрек отын, жан жігерін ауыз әдебиетіне салып, фольклордың барлық жанрларын жан-жақты жетілдірді»[1;95.]. Өз ойларынан саяси астар іздеттірмес үшін маркстік философияға сілтеме жасайды.- Романның негізі қазақ ауыз әдебиетінде нық қаланғанын ашық айтады. «Қазақ әдебиетінің ұлттық дәстүріне байланысты революциядан бұрын белгілі тарихи себептермен қазақтың жазба әдебиеті, әсіресе, оның проза саласы мен роман жанры өріс алып өркендей алмады дейміз. Бірақ оның есесіне халықтық фольклор мол дамып өсті. Әсіресе, қазақтың эпосы, ертегілері, тарихи поэмалары туындап, бай қазына жасады. Оның кесек, сом туындылары тарихи оқиғаларды кең эпикалық айдында баяндап, халықтық қаһармандардың ірі монументтік образдарын жасады. Бұл жағдай жазба әдебиетте эпикалық жанрлардың, оның ішінде, әсіресе, роман секілді монументтік форманың дамуына, сөз жоқ, себін тигізуі тиіс еді. Солай болды да»[1;233-234.]. Ғалым Қ.Жұмалиев: «Көп жырлардың қоғамдық, халықтық, идеялық мазмұны бүгінгі күндердің тілек-мақсаттарымен үндес[2;22.], - деп А.Байтұрсынов пен М.Әуезов ойларымен үндеседі.

Белгілі ғалым Т.Кәкішев те осы пікірді қолдайды. «Көркем образ жасау амалдарына зер салсақ, батырлар жырындағы қаһармандардан Еуропа әдебиетіндегі рыцарлық романның келбетін көрер едік. Осының сәтті тәжірибесін Ә.Нұршайықов пен А.Сейдімбековтің батырлық жырларды қара сөзге айналдырғанынан-ақ қазақы романның ерте заманнан-ақ болғанын аңдағанбыз»[3;321.].

Дәл осы таным роман зерттеушісі болып қалыптасқан Р.Бердібай еңбектерінен де анық көрінеді. Және оның зерттеулерін романды зерттеуші өз тұстастарынан анағұрлым бөлектеп, бүгінгі роман зерттеушілеріне жол көрсетіп тұрарлық сонылығы да осында деуге болады. Қазақ эпосы мен романын қатар зерттеген ғалымның тарихи жырлар туралы зерттеулерінде бұл жырлардың жанрлық ерекшелігіне мән берген. Әсіресе, олардағы романдану үдерісін байқап, олардың романдық құрылымы жайлы құнды танымы көрінеді. Мысалы, Қабанбай батыр туралы мың жолдан артық жырға қатысты былай дейді: «Жыр ауыз әдебиеті дәстүрінен тым алыстап кете алмаған, сонымен қатар бірыңғай эпос ізіне де түспеген. Соның нәтижесінде әлеуметтік-тұрмыс романы секілді қызғылықты шығарма туған»[4;116.]. Бұл қорытынды ғалымдардың қазақ роман жанрының ауыз әдебиетінде қалыптасып, жетіліп, жазба романға ұласқанына сілтеме жасаған ғылыми концепцияны толығымен қуаттайтынын көрсетеді. Осы жырдың ауызша баяндалған роман екенін дәлелдеуге әбден болады. Р.Бердібай айтқан қорытындыны жырдан талдап түсіндіріп көруді өз жұмысымызда мақсат еттік. Сонда өз тақырыбымыздың мақсатына жетуге қадам жасаймыз. Біз «Жазушы» баспасынан 1991 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Қаракерей Қабанбай» деген кітап бойнша талдау жүргіздік. Кітап авторлары: Зейнолла Сәнік және Бейсенғали Садықан. Алматыдан шыққан бұл кітап Шыңжаң халық баспасынан 1989 жылы шыққан осы аттас кітап негізінде қайта жарық көрген екен. Кітапта қазақтың бас батыры, хан батыры атанған

атақты қолбасы Қабанбай батыр туралы жыр, аңыздар, қисса, дастандар жинақталған. Қабанбай батыр туралы жырдың романдық құрылымын сөз ету үшін «Қисса ер Қабанбай» деп аталатын жырдың көркемдігіне тоқталайық. Бұл жырда Қабанбайдың бір ғана соғысы сөз болады. Және Қабанбайдың өмірінің соңғы кезеңіндегі оқиға таратылып айтылған. Автор бастағаннан Қабанбайдың кім екенін үлкен мадақтаумен түсіндіріп кетеді.

«Үш жүзге ұран болған ер Қабанбай
Шақырған аруағын бүкіл найман.\
...Ер екен артық өткен шарапатлы,
Сыйынар білген адам Қабанбай деп.
...Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,
Басынан Қаратаудың күн салғаным.
...Айтайын айт десең мен арысыңды,
Қорғайтын қан майданда намысыңды»[5;75-76.].

Қисса осылай Қабанбай батырдың қалың қазақ үшін ерекше қымбат жан болғанын түсіндіруден басталады. Айтушы тыңдарманымен сырласып алады. «Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным» деп Қабанбайды бірінші жақтан өзіне иемденіп алады да, енді тыңдарманын да оған ортақтастырады: «...арысыңды, қорғайтын қан майданда намысыңды». Жырда Қабанбайдың тарихтан белгілі ірі соғыстары туралы сөз қозғалмайды. Қабанбайдың бар мінезін танытуға оның өмірінің соңғы кезеңіндегі бірнеше оқиғаны ғана алады. Мұндағы оқиғаның бастауы:

«Қас батыр Қабанбайдың бір інісін
Қырғыз шауып батырдың сағы сынды» »[5;76.]. Ауырып жатқан хан батырдың намысын қорлау үшін оның қадірлі інісінің - Қарақұрсақтың ауылын жау қырғыз шауып кетеді. Мұндағы қырғыздар туралы да қызық дерек айтылған. Онда ол жоңғарлардың бір бөлігі деген тарихи дерек келтірілген. Қабанбай батырды қатты қайғыртқан осы оқиғадан бастау алған жыр Қабанбай батырдың нағыз азаматтық келбетін танытатын көркем шежіре болып шыққан. Қабанбайдың жан дүниесі, қиналысы түгел берілген.

«Қан құсты қайғылы боп ер Қабанбай,
Жауымнан қалам ба деп кек ала алмай».

Қабанбайдың бүкіл қазақ ұлтына ортақ ірі тұлға екенін баяндап жатпайды. Оны танытатын шағын детальдар келтіреді.

«Қабекең қайғыланды дегенді есітіп
Келіпті өзі батыр хан Абылай».
«Намысын Қабекеңнің әперем деп,
Келіпті қанжығалы ер Бөгенбай».
«Намысын Қабанбайдың әперем деп,
Керейден іздеп кепті ер Жәнібек».
«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Керейден өзі жәдік Жантай кепті».
«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Келіпті көкжарлыдан Көкжалбарақ».
«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Келіпті мұрынтайдан би Мұрынбай».
«Намысын Қабанбайдың әперем деп,
Келіпті шаншықұлдан Бердіқожа».
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
Келіпті бағанадан батыр Шүрек».
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
Тоқпақтан іздеп кепті ер Қасабай».
«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Келіпті Тоғас-Қосай ер Дәулетбай».
...Келіпті Қаз дауысты ер Қазыбек.
...Үйсіннен іздеп кепті Райымбек.
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
Келіпті қаптағайдан Қарашоқай».
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
Келіпті төрт қос атпен тентек Матай».
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
Келіпті терістаңбалыдан Жалғыз қарақ»[5;77-78.]. Сол кездегі Қабанбаймен қатар өмір сүрген, қазақ ұлтының тәуелсіздігі мен намысы үшін батырмен бірге жауға аттанған ірі батырлар, ел сөзін ұстаған билер, елді бастаған атақты хан Абылайдың Қабанбайдың намысына ара түсуге жиналғаны - елдің тұтастығын, ұлттық сананың жоғары деңгейде болғанын танытатын бүгінгі күн үшін маңызды деректер. Сонымен бірге, бұлардың Қабанбай аулына шақыртусыз келуі - батыр мінезін даралап тұрған оқиғалар. Қабанбай батырдың қазақ ұлты тарихындағы орнын танытатын жайт. «Кейбір жырлар оқиғасының күрделілігі, кейіпкерлерінің молдығы, әлеуметтік қайшылықтарын ашу дәрежесі жағынан роман құрылысына жақындайды»[4;118.],- дейді академик Р.Бердібай. Қабанбай батыр туралы жырдағы жоғарыдағы суреттеулерден осыны көреміз. Сол уақыттағы тұрмыс анық суреттелген. Қабанбайдың бойындағы батырлықты, қолбасылық қасиет пен шешендік өнер, билік, алысты болжайтын ақылдылық, сабырлылық пен мейірімділік сияқты қасиеттерді автор өте дәл суреттеулермен танытып отырады. Халық аузында сақталған батырлық қасиеттің аруақты батырға қонуын, оның жеңісіне аян беріліп тұратын ерекше қасиеттілігін де автор шынайы өмірдің бір деталі ретінде суреттеген. Бұны қазіргі күні қиял, жоққа сенушілік дей ме, жоқ шынымен, алла берген ерекше сый деп сене ме, ажыратып айта алмаймыз. Бірақ ұлы қолбасыда ерекше бір ақылға сыймас қасиет болғанға ұқсайды.

«Қабекең бұл сөзді айтып күлімдейді,
Іздеген жау бұл шеннен білінбейді.
Жапанда жел жоқ мезгіл жатқанында,
Ақ туы аспан кернеп күрілдейді»[5;79.],- деген жолға назар салайық. Батыр жорыққа аттанарда осылай, ақ туы өз-өзінен желпілдеп, күрілдеп дауыс шығаратыны айтылады. Бұл бір жағы батырдың жеңіске жететінінің де белгісі екен. Аруақтардың жорыққа берген рұқсатының да белгісі делінеді. Осы арқылы Қабанбай батырды қазақ ұлтының бағына ерекше қасиетпен жаратқан жан деп танытады. Батырдың ақ туының күрілдеуінің себебі бар екен. Қазақ батырлары жатқан маңға олардың іздеп келген қырғыз манабы Әтеке аулымен өзі көшіп келеді. Бұл да Қабанбай бастаған жорықтың әділеттілігіне ишарат етіледі.

«Қырғыздың өз ішінен бүлік шығып,
Бір тайпа ел сол араға келіп қапты»[5;80.].

Іздеген жауы өзі іздеп келген соң екі жақ ұрысқа кіріседі. Жасы келген батыр Қабанбайдан бұрын бірнеше атақты батырлар Әтекемен жекпе-жекке шығады.

«Алдымен оған шықты ер Дәулетбай,
Қырғызды қайтпаймын деп жерге аунатпай.
Найзамен Әтекені ілемін деп,
Жығылды аттан ауып ер аумақтай»,- дейді автор.
«Бөгенбай жекпе-жекке кез келгенде,
Бөгемді қолға ілмеді түйіп тастап», - деген жолдар ер Бөгенбайды кемсіту емес. Атақты Қабанбайдың қарсыласының ешуақытта осал болмағанын таныту үшін айтылған. Қабанбай бейнесін ашатын жекпе-жек суреттеледі. Гипербола емес, нақты соғыс суреті беріледі.

«Қабекең айбаттана айғай салды,
Ақ найза алты қырлы қолына алды.
Ашумен кәрін төгіп ер Қабанбай,
Жекпе-жек Әтекеге өзі барды.
Тіресіп екі батыр айқасады,
Қағысып найзаменен шайқасады.
Ала алмай бірін-бірі ары-бері,
Аңдысып, арбасады, байқасады.
Найзалар қағысады, шарқылдайды,
Тебінгі бір-біріне сартылдайды.
Қаһарлы ер Қабанбай қайраттанып,
Кекті ашу кеуде кернеп алқымдайды.
Қабекең Құбас атты жанып алды,
Күпәрді бұғанадан періп қалды.
Құлатып Әтекені құрыстырып,
Қаңбақтай үш көтеріп жерге салды»[5;81.].

Қабанбайдың күші мен қайратын автор осылай қарапайым және шынайы бейнелейді. Романда қаһарман басынан өткен бірнеше оқиға суреттелуге тиіс екені белгілі. Осы оқиға аяқталар жерде екінші оқиға басталып кетеді. Әтекенің жалғыз қызы әкесінің өлі денесін алып кетуге Қабанбайдың алдына келеді. Жырда қыздың әкесін жоқтауы берілген. Р.Бердібай: «Қабанбай батыр» жырының өзгешелігі - мұнда халықтың тұрмыс-салт өлеңдері: жоқтау, арнау, көңіл айту, қоштасу, арыздасу кең орын алған»[4;117.]. Яғни тек айтушы тілі емес, бар кейіпкерлердің өз тілі, дәстүр бойынша салт, ғұрып тұтас көрінеді. Сонымен бірге Қабанбай батырдың күшінің үстемдігі де сол қыздың аузымен беріледі. Қабанбайдың әділдігі мен жомарттығы осы қыздың тағдырын шешер тұста көрінеді. Жауымның қызы демей, оның зарына құлақ салып, оған қамқор болады. Астына ат мінгізіп, әкесінің өлігін беріп, жігіттерінен арашалап жүріп еліне қайтарады. Қаһарман мінезін таныту үшін оның психологиясын тереңірек ашу керек болған жағдайда, автор батырдың монологын пайдаланған. Батыр әлсізге қамқор, елге қорған бола алса ғана батыр, күшіне сеніп, көз жасына қарамаған жанды ұлттық эпостардың барлығында батырлар қатарына қоспайды. Қабанбюай батыр еліне жорық жасаған Әтекені аямай, өз қылғанын алдына келтіруде қолы қалтырамайды, ал оның зарлы қызының көзжасына қалуды болашаққа артып кетер қиянат деп түсінеді. Бір монологқа жүктелген қанша салмақ барын осыдан түсінуге болады.

Әрбір оқиға тұсында батырдың жаңа мінезі ашылып, толысып, толығып отырады. Роман жанрының талабына сәйкес, біртіндеп «жан диалектикасы» ашылып отырады. «Жырда Қабанбай ел кегін қуушы, жауын жекпе-жекте, адал айқас үстінде түсіруші болып көрінеді. оның адамшылық парасаты біртебірте ашылады»[4;108.], - дейді ғалым Б.Әбілқасымов.

Батырға сауға сұрай келген қайғылы қыз ерекше тайлақ жетелеп келеді де, Қабанбайға тарту етеді. Сол тайлақ батырдың інісі Дәулетбаймен араздасуына себеп болады. Автор сол бір тайлақтың ерекшелігін әдемі суреттейді. Бірақ қазіргі оқырман оның қасиетін онша бағалай алмайды ғой деп ойлаймыз. Атақты батырдың сол бір қыз берген тайлақ үшін жорықтарға бірге шығып жүрген інісін өкпелеткеніне немесе інісінің тайлақты бермедідің деп батырдан кетіп, ауа көшкеніне онша түсіне қоймайды-ау. Бұл бұдан екі жарым ғасыр бұрынғы оқиға екенін естен шығаруға болмайды. Әтекенің қызы бір елдің аяулы аруы жетектеп, ұлы батырға тарту еткен тайлақ сол кез үшін құны өзгеше бағалы болғандығында сөз жоқ. Мал арасында өсіп, оның сынынан қасиетін танитын өткен ғасырдың оқырмандарына анық бұл таластың сыры қазіргі оқырманға өте бір мәнсіз нәрседей болып көрінуі мүмкін.

Одан кейінгі оқиға - Қабанбай батырдың науқасқа ұшырауы. Ешбір жауға дес бермеген қайран батыр аурудың, одан кейін келе жатқан ажалдың алдында тізе бүгеді. Бұл да романның өмірдің бар қабаттарын тінти суреттеу мүмкіндігі бар жанр екенін дәлелдейді. Дауасыз дерт Қабанбайдың өз шаңырағына ғана емес, түгел қазақ еліне ауыр тиеді. Дәстүр бойынша, еліміздің елдігін танытатын қасиет көрінеді. Басы хан Абылай болып ел жақсылары қасиетті батырдың көңілін сұрап келеді. Жырда осы бір ірі қасиеттер етрекше назар аудартады.

«Қабанбай қатты науқас дегенді естіп,
Келіпті көңілін сұрай хан Абылай».
«Қабекең науқас болды дегенді естіп,
Батырдың өзі тұстас бәрі келді».
«Сексеннің сегізінде Бұқар келді,

Көңілін Қабанбайдың сұрай келді.
Болса да жасы жеткен үлкен адам,
Солқылдап жас баладай жылай келді»[5;88.].

Қазақ ұлтының қамын ойлап, «көмекей әулие» атанған қарт жыраудың батырды қимай жылауы - елдің тірегі болған батырға деген құрмет пен елдің келешегін ойлаған қайғы екені жырдан анық көрінеді. Бұқар айтқан толғауда Қабанбай батырдың бар мінезі толық ашылған. Оның тарихи орны мен ұлт үшін істеген адал қызметі өлшеусіз, баға жетпес құнды екенін жыраудың тарихи толғауы растап тұр. Жырдың романдық сипатын да ашып бере алады. Романның басқа эпикалық жанрлардан негізгі ерекшелігі - оның тілінің көп қабаттылығы деп көрсетеді ғалымдар. Біз сөз етіп отырған жырда әр кейіпкер өз тілімен ғана сөйлейді. Әкесінен қапыда айрылып, қайғыда отырған бұла ару, ел дәстүрімен жоқтай келеді. Ағасына арқа сүйеп, өзінің де ағасының алдында қадірлі екенін білетін Дәулетбай еркелей келеді. Ал тоқсанға келіп қалған, алдынан адам шықпас қарт жырау батырына төніп келген

қауіпті ойлап, жар астында бұғып жатқан жау барын да ескеріп, ел қамымен жылай толғап келеді. Міне, үш кейіпкердің тілі де, ойы да бір-біріне мүлдем жақындамайтындай қабат-қабат. Сол тіл арқылы тұтас өмір шындығы беріліп тұр. Қабанбай характерін даралап та, типтендіріп те көрсеткен Бұқар толғауына қараңыз.

«Айналайын Қабанбай,
Жау келгенде жарағым,
Алыстан асып дау келсе,
Түрулі тұрған құлағым.
Жақыннан жарым жау шықса,
Белдеудегі пырағым.
Мың жылқыны суарған,
Төскейден аққан бұлағым.
Кеше түсте естідім, Қабанбай ауру дегенде,
Жетімсіреп жыладым.
Бір құдайдан сұрадым:
Арғыннан айттым жүз кісі,
Найманнан айттым жүз кісі,
Үйсіннен айттым жүз кісі,
Үш жүз кісі болар ма, Айналайын Қабанбай,
Қара мойын лағың»[5;90.].

Қабанбайды аман қалдыр деп, құдайға қара мойын лақ емес, үш рудан үш жүз кісі құрбандық айтқан жырауды кім кінәлайды? Бұл бүкіл ел аман қалу үшін Қабанбайдай батырлар сау жүруі керек екенін танытатын әлеуметтік, тарихи шындық. Бүкіл елдің бірлігін танытатын аса құнды сөз. Бұқар мен Қабанбай бір рудың ғана адамы емес, бүкіл қазақ қоғамының ірі тұлғасы. Жыраудың өз сөзінде үш жүз адамды ойланбай бір батырға құрбандық етуін осылай түсінген дұрыс деп есептейміз. Сонымен бірге Бұқар жырау ағайын арасының да татулығын қолдаған кәдімгі таза қазақы ойдың иесі. «Ағайынды адамның өкпесі бар, кегі жоқ»,- деп өкпелеп кеткен Дәулетбайға «ептеп айтып алып келіңдер»,- деп кісі жібереді.

Қабанбайдың тағы бір дара мінезі осы жерде көрінеді. Бауырына ұлттық дара қасиет бойынша аманат тапсырады. Артындағы ұрпағының «мұңлық», зарлық», «қорлық» күйін кешпесін деп інісіне тапсырады да, сол сөздердің мәнәсән ашады. Қабанбай данышпан қарияға айналады.

«Мұңлықтың жайын айтайын:
Ерде ақыл болар ма, қонысынан ауған соң?
Әйелде ас болар ма, біреуден сауын сауған соң?
Бұдан мұңлық өтер ме?
Қорлықтың жайын айтайын:
Жақыныңнан жау шықса, айғырың қалар арқырап,
Құлының қалар шырқырап, бұдан қорлық өтер ме?
Зарлықтың жайын айтайын:
Қозысы өлсе саулық қой - артында қалар маңырап.
Ботасы өлген түйенің, Түгемес зары аңырап,
Бұдан зарлық өтер ме?»[5;95.].

Р.Бердібайдың сөзімен айтар болсақ: «Мұнда Қабанбай соғыс кезінде қорған болса, бейбітшілік кезде ел қамқоры сипатында берілген»[36;118.].

Қабанбайдай аруақты батыр жай ғана төсекте жатып аурудан өлсе, мүмкін, арманда кетер ме еді, құлын сүйгіш Алла қасиетті жанның өлімін де тек өзіне лайық етіп бұйырыпты. Келесі оқиға - Әтекенің ұлы Садырдың кек алмақ болып ауырып жатқан Қабанбай аулына келуі. Бұл хабарды батырдың жан жолдасы, атқосшысы Шағалақ жеткізеді. Алдыменен жайсыз хабарды батырдың аты сезеді дейтін эпостық жырлардағы сарын көрініс береді. Бұл сарын емес, шынайы табиғи қасиет. Жылқы малының ерекше болмысы деп түсінетін уақыт жеткен сияқты.

«Жүгіріп шықтым белеңге,
Құбас ат шөп жұлмайды дегенге»[5;95.], - деп қарулас досына, атақты әскербасына жамандықтың сырын тұлпарының мінезі арқылы танытады. «Құбас шөп жұлмайды», - бұл қасиетті жылқының иесіне жамандықты сездіруі. Мұны бұрыннан атын баптап жүрген ежелгі серігі жақсы таныған. Соңғы рет те дәл солай болып шыққан. Шағалақ өзеннен өтіп жатқан мол әскерді көреді. Жау әдейі Қабанбай төсектен тұра алмай жатқанын біліп, оны өлер алдында қорламақ болған. Бұл - бүкіл қазақ ұлтына үлкен сын, қазақ қолы жеңілсе сүйекке салынған кетпес мін болмақ және Қабанбай өкінішпен өлмек. Қабанбайдың жай білектің ғана күштісі емес, күш пен ақыл, намыс пен парасат қатар қонған, басына бақ болып дарыған, аруақты батыр екені тағы бір дәлелденеді. Батырдың шын тілегін Алла қабыл еткендігін, оның жаратушының сүйген құлы болғандығын жыршылар әсіресе, сүйсіне жырлаған сияқты. Шағалақ болған жайтты хабарлап, сөзін былай аяқтайды:

«Састым ғой, аға, састым ғой!
Қабанбайдың көзі тірісінде елін шабам дегенге».

Намысын қорламақ болған дұшпан сөзін естіген батырдың жан қиналысын автор былай береді:

«Мұны естіп Қабекең, Қабағат қатты сұстанды.
Қатуланды керемет, Жапырардай дұшпанды.
Қаһары қатты кісі екені, қаһарланып кетіпті:
Шашы ұзын кісі екен - маңдайын жауып кетіпті.
Кірпігі ұзын кісі екен -.бетін жауып кетіпті.
Сақалы ұзын кісі екен - кеудесін жауып кетіпті.
Буырқанғанда сыртына түгі шығып кетіпті» [5;95-96.].

Қатты намыс қысып қаһарланған батырдың ішкі қуатының әсерінен барлық шашы, сақалы, кірпіктері тікірейіп ерекше бейнеге түскендей. Батырға тән өзгеше портрет жасалынған. Жанды, бет пішініндегі ішкі дүмпудің қуатты қимылдарын көрсететін сурет. «Төба шашы тік тұрды», «түгі бетіне шықты» деген тіркестер осындай құбылысты елестетуден пайда болды ма екен деген ойға жетелейді. Батыр Алладан денесіне қуат беріп, бойын қатайтуды тілейді. «Қабылдап Алла тілегін, Буынын әбден қатайтты»,- дейді автор. Мұны ойдан шығарылған қиял деуі де мүмкін. Біз сонша қуат беріп, ерекше аянмен өміріне бағыт беріп отырған Алла сүйікті құлының соңғы тілегін, онда да өзінің жеке басы үшін емес, дүйім елдің азаттығы үшін күреске шықпақ болған тілегін орындаған ғой деп ойлаймыз. Бұл мүмкін, батырдың ішкі қуатының барлығын тітіретіп, жанды қимылға

түсірген психологиялық қуаты да болуы мүмкін. «Буырқанғанда сыртына түгі шығып кетіпті» дегенде автор сол ішкі психологиялық құбылыстың әсерін көрсетіп отыр ғой. Батырға жеткен хабар өзі күтіп жатқан өлімнен әлдеқайда ауыр болатын. Сонда Қабанбайдың бейнесінде әлгіндей өзгерістер болатынына сенесің, автор осыған өзі де сенеді. Соңғы жорыққа кетіп бара жатқан батыр өмірлік серігі болған Құбас атымен сырласады. Монологы арқылы ұлтының болашағын ойлаған сарбаз бейнесі ашылады.

«Ей, Құбасым, Құбасым,
Қабанбай өлді дегізбе,
Төрт арыстың баласын
Енді ешкімге жегізбе»[5;97.]

Жетпіс сегізге келген батыр он алты жастағы Садырмен жекпе-жекке шығады. Соғыс толық суреттелмеген. «Бұғанадан найза жеп, бала жерге құлады» деп қана көрсетеді. Осыдан кейін Қабанбайдың да халі нашарлай береді. Соңғы өсиетін айтады. Тағы бір қызық деталь көрсетіледі. Тірісінде жеңе алмаған жауы оның өлі денесін қорлау үшін ұрламақ ниеттері болады екен. Інісі Дәулетбайға өз мүрдесін үш күн күзетіп тұруын өтінеді. Ал үш күннен соң оның мүрдесін әкетуге Меккеден ақбас атан келеді деген ой айтылған. Қабанбайды білетіндер айтып жүрген сөзді де, сол соңғы қоштасуында айтқан: «Алыс-туыс демеймін, Мұсылман-кәпір демеймін.

Кім бұрын атымды атаса, Соны қолдап кетпекпін», - деген екен аруақты батыр, данышпан қарт. Романды бағалағанда, соңғы көзқарас бойынша, ондағы негізгі қаһарманның характерін тұтас көрсетілуіне, оның өмірі қаншалықты қамтылғанына мән береліп жүр. Жырда Қабанбайдың соңғы кездегі өмірінде болған бірнеше оқиға суреттелгені шындық, бірақ толғау, монолог арқылы батырдың өткен өмірі де көрсетіледі. Ал оның бар мінезі анықтыққа жеткізе суреттелген деуге болады. Сондықтан, бұл «әлеуметтік-тұрмыс романы»(Р.Бердібай) деуге дәлелдері жеткілікті шығарма деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, Қабанбай батыр туралы жыр батырдың бар өнегелі өмірін қамтыған, еліміздің тұрмысы мен салтын қоса суреттеген, батыр және оның айналасындаға ірі тарихи тұлғалардың дара мінезін, сол арқылы қазақ қоғамының ірі әлеуметтік тарихи мәселелерін көрсете алған. Композициялық сюжеттік құрылымымен XYIII ғасырда ауызша шығарылған қазақ романы десек, ешбір елден ұялмайтындай көркем туынды.

1. Қаратаев М. 3 томдық шығ.жин. 3-т. Алматы. «Жазушы». 1974.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-т.Алматы. 1958.
3. Кәкішұлы Т. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ағымдары. / кітапта: Нұрғали Р. 7 томдық шығ.жин.5-т. Астана «Фолиант». 2005. 536 б.
4. Бердібай Р. Эпос мұраты. Алматы. «Білім». 1997. 320 б.
5. Қаракерей Қабанбай. Алматы. «Жазушы». 1991.

.

***Ж. Камалқызы***

## «БІРЖАН-САРА АЙТЫСЫНЫҢ» ЖАНРЫ ТУРАЛЫ

М.Әуезовтің әдебиеттанушылар әлі де мән бермей келе жатқан тағы бір пікірі біздің еңбегімізге ерекше ықпал еткенін айтуымыз керек. «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды. Наурызбай мен Тілеуқабақтың қызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе де, бір жағынан жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді»[6;300.]. Ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке көшу –«көшпелі дәуір» туралы анықтама береді. Айтыс өнерінің басқа ешбір елде кездеспейтін біздің ұлттық әдебиетіміздің асыл мұрасы екеніне тоқталғанын ғалымдар есепке алғанымен, оның жанры туралы сөзі ескерілмей келеді. Ғұлама бұл көркем туындыны роман жанрына жатқызады. Бұл да әлі күнге дейін мән берілмей жүрген бағалы пікір деп есептейміз. «Айтыс өлеңдердің ерте кездегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан – Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан, немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер»[6;303.]. «Біржан мен Сара айтысының» біз оқып жүрген нұсқасын Ғ.Мүсірепов тоқтау айтқанға дейін тарихи болмағандығын сөз етіп, өз асылымызды желге шашқандай күй кешкеніміз рас. Ұлы М.Әуезов оны қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық роман түрінде қарастыруға бағыт берген. Бұл да әдебиетімізді тануға салынған анық жол деп есептейміз. Енді айтыстың роман талаптарына сәйкестігін мәтін арқылы дәлелдеп көрейік. Айтыстың болған сәтін Сараның сөзімен жағдай арқылы суреттейді.

«Үйінде отыр едім Тұрысбектің,
Бұл үйге құдай айдап дұрыс кеппін.
Қасында жеті-сегіз жат кісі бар,
«Сөйлес» деп даусы шықты Жүнісбектің.
Кісі екен отыз екі жолаушымен,

Ақ үйдің жабығынан көрсем санап.
«Сүйінші, іздеген қыз осында деп,
Біреуін ортаға апты жаудай талап.
Сырлаған домбырасын қолына алып,
Ән шырқап қоя берді жүндей сабап.
Біреуі атын ұстап тұрды шаужайынан,
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан,
Толықсып, төңкеріліп ән шырқап тұр,
Сөйтсе де шошымадым айғайынан»[24]

Ең бірінші үйден сыртқа көз салғанда, Сара көзіне түскен сурет осындай. Таза романдағы жағдайдың суреттелуі.(жағдай туралы роман теориясы мәселелері тарауында айтылатындықтан, бұл суреттеудің мәнін ашуды қажет деп таппадық.).Зерек ойлы, аңғарымпаз ақын қыз Біржанның сыртқы портретін де бірден сол сәтте суреттей кетеді. Сырттан келіп, әй-шәйға қарамай үйдегі ақын қызды айтысқа шақырған Біржан сөздері естіледі. «Біржанның төңкерілген әуенімен, «Ешкіөлмес» ел жиылды бауырында». Айтыс өткен уақыт белгісі де, оқиға өткен мекен де көрсетілген. Айтыс дәстүрінің шарты бойынша, қазақ арасында айтыс өткен соң, оны ел арасына жеңілген ақын таратады. Жеңген ақын мақтан үшін айтпайды. Сондықтан, айтыстың болғаны туралы мәлімет айтыста жеңілген ақын Сара сөзімен беріледі. Біржанның аруақты ақын екенін ә дегеннен Сара мойындайды:

«Арындап дәуірлейді барған сайын, Екпіні соққан желдей көрдім жайын». Бұл ақын Сараның өз қарсыласы Біржанға берген бағасы. Сол сәттегі ақынның творчестволық көңіл күйін өзі ақын Сара дәл танып көрсетеді. Айтыс бір ғана Сараға сын болмай қалады. Сол ауылдың иесі Есімбек пен Тұрысбекке де, одан әрі бүкіл найман еліне сын болғалы тұрғанын Есімбектің абыржып, Сараға келіп, айтысқа шығуын, намысын бермеуін, тілегін тілеп, құдайдан абыройын сұрап тұратынын айтатын көріністен байқаймыз. Бұл әлі айтыстан бұрынғы өтіп жатқан хал. Жағдай. Бүкіл елді дүрліктірген, «Орта жүзді әнмен қырған» сал Біржанның ақын қызды іздеп келіп, Ешкі өлместе отырған атақты қажы ауылындағы әрекеті ғана. Осы арқылы ақындардың қазақ қоғамындағы орнының қаншалықты биіктігін көрсетеді. Сол уақыттағы қазақ қоғамының мәдениеті көрініс береді. Көрініс береді деу аздық ететіндей, сөзбен соғылған сурет болып мәңгіге қалдырылған. Оның келгенін кінә көріп жатқан жан адам жоқ. Ақынға күш көрсетіп, ауылдан қайтаруды да ойлаған ешкім жоқ. Тек қана соған лайықты сөз қайтара алатын жанның тілеулестері ғана көрінеді. Қазақ қоғамындағы әнші, жыршы, айтыскер ақындардың бар қызметі де, абыройы да, оны тыңдайтын көпшіліктің мәдениеті де айқын көрінеді. Біржан характерін қоғаммен байланыста суреттеп отырғанына анық көз жетеді. Романның бірінші талабы орындалғанын осыдан көреміз.

«Шырағым, Сара, саған не болды?» - деп,
Есімбек кіріп келді ағатайым!
Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.
Кең жерде келістіріп душар болмай,
Қапыда қажы үйінде келді қайдан?»

Бұл сырттан келген Есімбектің сөзі. Қажы ағасының алдында, бірден қарындасына айтысқа шық дей алмай, намысты қолдан да беріп жібере алмай сасып тұрған сәті. Психологиялық толғаныстың көркем бейнесі. Сонымен бірге әр қаһарманның өздеріне тән сөздері. Қиналысы. Бұл да романға қойылар шарттардың негізгілері болып есептеледі. Бұның барлығы романда суреттелген жағдайдың ішкі қозғалыстары ғана. Романға негіз болған оқиға – айтыс әлі басталған жоқ. Бұл да романның басты шарты екені белгілі.

“Тартынба енді, балам, - деді қажы,
Адымың аттан артық шықты тайдан,
Сөзі бұзық ант ұрған көрінеді,
Бар еді бір кісідей өнерге айлаң.
Апттыққан қу Арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.
Өнері ұлдан артық қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан!»

Бұл - қажы Тұрысбектің сөзі. Елдің иесі, қадірі асқан білімді жанның болуға тиіс оқиғаға көзқарасы. Осы арқылы өз аулында айтыстың өтуіне де, айтысқа түсетін ақын Сараға да бата береді. Бұл сөздерден Сара қыз бен ол өмір сүріп отырған қоғам байланысы көрсетіледі. Сара көп қыздың бірі емес, ол – ақын. Бүкіл сол ортаның намысын қорғауға міндетті тұлғаға айналып жүре береді. Қазақ түсінігі бойынша, Сара өзінің тегі Найман руынан шыққан атақты ақындар аруағына сыйынады. «Аспаннан бойға түсті ғайып пірім»,- деп, өлеңнің Алла берген ерекше сый екенін атап өтеді. Енді үйде отырған көп қыздың бірі ғана емес, арқалы ақынға айналып:

«Ән шырқап ақ ордадан шыға келдім,
Қозғадым қырмызыдан сөзді талдап.
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,
Ақ үйден шыға келдім «Найман-айлап
Таңданып жиылған жұрт қарап тұрды,
Біржанға қыз да болсам, балап тұрды.
Кәмшат бөрік, күлдәрі белбеуі бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.
Түрінен мен таныдым: осы – Біржан,
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған.
Сары сұр адам екен, тым өңді емес,
Құбылар тоты құстай әлгі антұрған».

Сараның өз баяндауымен болған оқиға баяндалып жатар. Сара бірінші кезекте, болған оқиғаны жеткізуші – баяндаушы, әлі ақын ретінде айтысушы жағдайына өткен жоқ. Романдағы оқиғаны баяндаушының өзі. Сара баяндауында үлкен сурет бар. Тұтас қазақ тұрмысы бір сәтте көз алдыңа келеді. Көшпенді елдің театр өнері пердесін ашқандай әсерде қаласың. Сара Біржанға бірден мінездеме беріп кетеді. Сыртқы портретін де, өзінің ішкі танымын да көрсетеді. Бұлардың барлығы айтыстың өзі емес. Айтыстың қалай, қай жерде, қандай жағдайда болғанын айтыскердің біреуі әңгіме етіп айтып отыр. Айтушы – Сара. Айтушы өз сөзінің арасында басқалардың да сөзін сол қалпында беріп отырады. Айтушының баяндауы да - роман талаптарының бірі. Айтыс осыдан кейін басталады.

Біржан талантты ақын, жезтаңдай әнші қызды өз ортасында жеңбекші болып іздеп келген Арғынның «ақтаңкері», ақыны. Ол да жай қалжың, жігіттердің жеңіл сөздері мен әзілін ғана айтып, шағын топтың көңіл көтерушісі емес. Өз елінің артықтығын танытып, «найманның асыранды бұлбұл құсының» аптығын басып, сол арқылы бүкіл найман елінің өрлігіне сына түсірмекші болған ірі ақын, көптің сөзін сөйлер тұлға ретінде танылады. Одан әрі қарай айтыс өнерінің дәстүрімен кезектесе отырып, ақындардың сөз сайысы басталады.. Сара сыртқа шықпас бұрын-ақ дауылпаз ақын өзіне үлкен баға беріп, Сараның айтысқа шығуына дабыл қаққан. Қамсыз отырған қарсыласының мысын басу үшін, арындаған ақын тоқталмай, Сараға тиіседі:

«Мен Біржан қызға барман аяғымнан,
...Бері кел, ұрғашылық қылма жаным,
Дәндеме Наймандағы саяғыңнан.
Найманның болады екен қызы надан,
Үлгісіз, қандай халық түрі жаман.
Ағаға іні келер біздің елде,
Көп боп па сұрасуға есен-аман!»

Ақындар айтысының шарты. Қарсылысын ауыр сөздермен ықтырып, бастырмалатып, өзінің мықтылығын мойындату. Қарсыласына психологиялық шабуыл жасау. Сара ә дегеннен жеңетін уәж табады.

«Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,
Сөз білсең, бұл да сенің жамандығың.
«Қисса сул әнбиядан» естімеп пе ең?
Белгілі мағлұм болды надандығың.
...Хауаға бұрын барған Адам ата,
Бұл салттан кетпекшісің қалай аттап?»

Дәл осы тұсын әйгілі ақын Ә.Тәжібаев «Жаданның хаттары» дейтін прозалық шығармасында керемет білгірлікпен талдап кетеді. Жаданға айтқан Біржанның өз сөзімен береді. «Әрі қарай толассыз сөйлеп ағындап кете бермей, дәл осы жерден тоқталғанда, мен жеңіліп едім, айтар сөзім қалмап еді, бірақ тұлпардай қызып алған жүйрік ақын кідірмеді, мен одан кейінгі сөздеріне жармаса кеттім»,- деген екен. Екі ақын сұлу сөзбен өздерінің портреттерін салып шығады. Айтыстан ақын қыздың көз сүйіндірер көрікті болғаны аңғарылады. Әйтпесе, әрбір сөзін қалт жібермей аңдып отырған арқалы ақынның алдында өзінің сұлу портретін айта алмас еді. Романдағы портрет жасау шеберлігі мінсіз өрнектелген. Біржан оның өз сұлулығы туралы айтқан сөздеріне дау айтпайды. Сара ақын осы бір салтанатымен өзіне-өзі ескерткіш соққандай. Тек ақындық шабытының қанатында өлеңді тасқындатып тұрған қалпында көз алдында мәңгіге қалып кетеді. Айтысты оқып отырғанда жүрегіне ерекше нұр құйылып, ақын болып тербелесің. Біржан да одан қалыспайды. Өзінің қадірі мен қасиетін танытатын көркем сөзді түйдегімен тоғытады:

«Ақ иық мұзбалақпын жерге түспес,
Қанды көз май жеп алғыш ақ иықпын.

Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес...». Мінездеудің керемет үлгісі. Бұл роман жанрының бастауы деп танылып жүрген толғаулардан келе жатқан қазақ әдебиетіндегі классикалық мінездеу үлгісі. Сара портретін беруде де Ақжүністің тағдыры шешілер тұста, Қартқожаққа айтатын өзіне-өзінің берген портреттік суреттеулерінің үлгісі бар. Бірақ ақын Сара одан да дәлірек, айқынырақ портрет жасаған. Яғни, ауызша романдардағы портрет жасау шеберлігінің эволюциясы деуге болады. Бірін-бірі өздерін өздері бағалап болған соң, елдерінің жақсылықтарын алға тартады. Қарсыласының елдеріндегі етек алған кемшіліктерін беттеріне басады. Ақындар енді қоғамдық айыптаушыға айналып кеткендей. Сара характері көз алдымызда өсіп, жетіліп көрінеді. Айқайдан ығысқандай болып, ел ағаларынан ұялып отырған ұяң қыз басқаша сипатқа ауысады. Романның талабы орындалғанын көреміз. Сөз жоқ, жан диалектикасының көрінісі. Арқалы ақынмен бетпе-бет келген қыз енді жүйрік ақын болып көсіледі. Ақындар бұдан да тең түседі. Сараның мұқалмас қайраты, білімділігі, сүрінбес жүйрік ақындығы танылады. Сараны биік тұғырдан түсіретін, тұлпар тұяғын сүріндіретін тұсы - қалың беріп, баталасып қойған күйеуі Жиенқұл. Қарсласынан өз қайғысын жасырып, елін жеңіске жеткізу үшін Жиенқұлды сыртынан мақтап, осы жиынға шақыртуы да Сараның аса сезімтал, алғыр, ұстамды да ақылды мінезін танытады. Елінің намысы үшін жеке басының қайғысын да елемеуге күші жеткен қайратты жасты танимыз. Оның бәрін алдын-ала біліп келіп отырған Біржан сырт мақтағанға келіспейді. Осы жерде роман талабына сәйкес Сараның тағы бір қыры ашылады. Ақын Сара көп мұңды қыздардың қатарына түседі. Өз мұңын сол жерде тұрған ағалары, ел сөзін ұстайтын жақсы азаматтар Есімбек пен Тұрысбекке шағады. Енді Біржан Сараның қарсыласы емес, сәні мен салтанаты келіскен қадірлі арудың тілектесіне айналады. Сараға деген ықыласы мен бағасы аса бір нәзіктікпен, қимастықпен өріледі. Екі ақынның да психологиясы айшықты суреттелген. Сонымен бірге, бүкіл сол кезеңдегі қоғамның ішкі-сыртқы жағдайы осылай анықтыққа жеткізілген. Біз бұл айтысқа М.Әуезов берген жанрды дұрыс деп есептейміз. Қазақ әдебиетіндегі айтыс үлгісіндегі роман, айтыс-роман. Енді, бұған дау айтушылар, романда қаһарманның біраз өмірлік суреттері көрінбейтін бе еді, бір күнде болған айтыста ол талап орындалмайды ғой деуі мүмкін. Қаһармандар өз сөздерінде өмірлерінен мәлімет беріп отырады. Бүкіл өмірі демесек те, қаһарман туралы жақсы мәлімет берілген.

«Қызы едім Тастанбектің атым - Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.
Домбыра ап он үшімде сөз сөйлеп ем,

Келемін бір сүрінбей жеке-дара.» деп өзін таныстыруында роман тілімен айтқанда, монологы арқылы өз өмірінен хабар береді. Біржан ақынға дейін іздеп келген, жеңе алмаған ақындар аталады. Өз өмірінің елеулі тұстарынан осылай хабар береді. Біржан да дәл солай:

«Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері.
Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес».

М.Әуезовтің эпистолярлық роман дейтін себебі, бұлар хат арқылы өз ойларын жазбаса да, көп алдында кезектесе отырып, өздерінен де, қоғамдағы мәселелерден де хабар беріп шығады. Импровизацияның асыл жауһарлары екі ақынның аузынан да жарқырай төгіледі. Сонымен бірге сол уақыт, қоғамдағы түйткілді мәселелер түгел сөз болады. Роман талаптарын орындаған, бүтін туынды. Айтыс Қазан баспасынан «Қисса Біржан мен Сара айтысы» деген атпен кітап болып басылып шыққан. Сондықтан XIX ғасырда жазбаша шыққан қазақ романы, роман түрі: айтыс-роман деп есептейміз.

Осы жерде тағы да біраз ғалымдардың оқшау пікірлерін келтіре кеткенді жөн көрдік. Ол – Абайдың Пушкиннен аударған Татьяна мен Онегиннің хаттарына байланысты қорытындылар. Б.Шалабаев, М.С.Сильченко сынды ғалымдар бұл аударманы Абайдың өзінің романы, хатпен жазылған роман деген пікір білдіреді. Бұны ғалым Е.В.Лизунова да қуаттайды. Соңғы жылдары бұл мәселе тағы айтылып жүр. Т.Жұртбай мақаласы бұған дәлел. Егер Татьяна мен Онегин хаттарында романдық тұтастық барына сенсек, «Біржан мен Сара» айтысы одан әлдеқайда толығырақ, жан-жақты, адам психологиясы, қоғамдық суреттеулер толығырақ екені бәрімізге аян. Бұл туындыны айтыс-роман деуге әбден дәлеліміз жеткілікті.

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. 20 томдық шығ.жин. 16-т. Алматы. «Жазушы».1985. 400 б.
2. Біржан мен Сара айтысы. Қазақ әдебиеті хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралы. ./құр.Ұ.Асылов, Т.Жұмажанова, Ғ.Бейсенбаев./ Алматы. «Мектеп». 2005. 392 б.
3. Шалабаев Б.Қазақ романының қалыптасуы мен дамуы. Алматы.1983.
4. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. Изд.АН КазССР.1957.

*Р. М. Каметова*

## СОНЕТНЫЙ ТРИПТИХ НАДЕЖДЫ ЧЕРНОВОЙ «АВГУСТ»

В конце XX века распространенным типом жанрового цикла является «сонетный» цикл. Традиционно сонетом принято обозначать стихотворение, состоящее из двух катренов и двух терцетов, где первые восемь стихов объединены двумя рифмопарами, шесть последующих — двумя-тремя парами рифм. Точки зрения на сонет как на твердую стихотворную форму придерживаются исследователи К.А. Гуляев [1], И.В. Михайлов [2]. Вслед за Л.И. Бердниковым [3], И. Бехером [4], В.Ф. Роговым [5] мы склонны считать, что сонет не только сложная форма, но это и «интеллектуальный» (В.Рогов) поэтический жанр, обладающий индивидуальным содержанием, специфичность которого исследователи обозначают категориями «диалектика» и «драматизм». Жанр сонета не случайно переживает период расцвета в эпоху Ренессанса, а в русской поэзии — на рубеже 19-20 и в конце 20 веков: в силу «интеллектуальности», «драматичности» содержания сонет возрождается тогда, когда человечество отвергает культ веры, подчиненность автоматизму бытийности и обращается к разуму. При этом актуализация сонета сопровождается пересозданием комплекса жанровых признаков.

Это означает, что каждый творчески созданный сонет стремится отойти от жанровых канонов, чтобы вновь переосмыслить и реконструировать форму и содержание классического сонета. В сравнении с западноевропейским русский сонет больше нацелен на деформацию жанровых и поэтических канонов, нежели на их сохранение. Сонеты А.П. Сумарокова свидетельствуют о попытке поэта преодолеть жесткий рационализм эстетических правил классического жанра (новшество в области метрики, стилистики, сдвинутость ударений, большое количество инверсий). В начале 19 в. к жанру сонета обращается В. Жуковский, П. Катенин, Н. Щербина, А. Дельвиг. Последний из перечисленных поэтов признан основателем классического русского сонета, шесть сонетов Дельвига, ориентированные на воссоздание высокого образца жанра, до настоящего времени не утрачивают актуальности формы и содержания. Жанр сонета переживает период расцвета на рубеже 19-20 веков.

В первой половине XX столетия обращение к жанру сонета как в российской, так и в казахской поэзии носит эпизодический характер. Только в конце XX столетия в поэзии сформировались предпосылки для очередного возрождения жанра сонета. Как отмечает казахстанский исследователь Ж.Ж. Толысбаева, интерес к жанру сонета возродился в евразийской поэзии «…к концу XX века. Отличительной чертой поэзии этого периода является не только актуализация сонета, но рождение так называемого «сонетного мышления», в основу которого положено отношение к сонету как объекту и субъекту литературной традиции…» [6, с.8]. Данное наблюдение в определенной степени обосновывает тенденцию на создание циклических контекстных единств, варьирующих жанровую модель сонета, в казахстанской поэзии. Действительно, к сонетным экспериментам в больших поэтических контекстах обращались И.Потахина, В.Антонов, Б.Канапьянов, Л.Медведева, Н.Чернова. Предметом изучения в

данной статье является оригинальный сонетный триптих Надежды Черновой «Август», вошедший в контекст «маленьких поэм» под общим названием «Приди и останься» [7, с.292-294]

В наименовании лирического цикла не обозначена жанровая ориентация и количество входящих в цикл стихотворений. Значимость заглавия обусловлена не только цикличной концептуальностью, но и сюжетным жанровым составом художественного целого. Таким образом, как отмечалось выше, наименование исследуемого «сонетного цикла» не включает определения жанра, т.е. указание на жанровую ориентацию произведения не вынесено в подзаголовок («Август»). Подобное заглавие не устанавливает отношения соотнесенности между данным контекстом и каноническим сонетом, с одной стороны, но, с другой стороны, определяет своеобразие структуры современного текста, осмысливаемого на фоне традиций.

В семантике заглавия заключен основной принцип цикличности - повторяемость всех жизненных актов (в данном случае, времен года). Номинация циклического заглавия проявляется в его отношениях с текстом.

№1 *Прекрасен <u>август нынче, как и встарь</u>*
№1 *Пускай <u>не раз обманывало лето</u>*
№2 Пускай <u>не раз</u> обманывало <u>лето</u>
№2 *Вода <u>кругами</u> счастья разойдется*
№2 *<u>Качнется в такт</u> подводная трава*
№3 *<u>Качнется в танце</u>, слыша нас, подснежник*

Соотнесенность заглавия с конкретными бытовыми, историческими, культурными явлениями позволяет выявить представление об авторском замысле; определить внутритекстовые функции заголовка, нацеливает на выявление идейно-художественных особенностей произведения. Образ августа следует рассматривать как образ-тождество героини и природы.

Изучение текста показало, что в качестве инварианта жанра автор использует каноническую форму сонета. В исследуемом контексте не наблюдается тотальной деформации его формообразующих элементов, но сохраняется каноническая доминанта формы.

«Август» представляет собой монометрическое единство. Все три стихотворения написаны традиционным для русского сонета ямбом (с четвертой пиррихированной стопой). Все стихотворения имеют форму сонета, состоят из двух катренов и двух терцетов, причем первые восемь стихов объединены двумя рифмопарами, шесть последующих - тремя парами рифм.

| №1 *авва* | №2 *авва* | №3 *авва* |
|---|---|---|
| *авва* | *авва* | *авав* |
| *ccd* | *ccd* | *ccd* |
| *ccd* | *ccd* | *ccd* |

Оригинальность контекста, состоящего из трех стихотворений, метрически (Я5) и строфически наследующих традиции классического сонета, создается за счет применения кольцевой рифмовки, причем, одинаковой для обоих четверостиший. При анализе строфической композиции сонетного цикла «Август» видоизменения формальных признаков классического жанра не наблюдалось.

Сонетный триптих «Август» стремится отойти от жанровых канонов, чтобы вновь переосмыслить и реконструировать форму и содержание классического сонета, точнее — венка сонетов.

Использование внутрисонетного стыка свидетельствует о «важности» повторяемой мысли, с одной стороны, и подчеркивает музыкальность поэтических строк, с другой:

Конец №1 Пускай не раз обманывало лето
Начало №2 Пускай не раз обманывало лето
Конец №2 Ведь только жизнь прекрасна и права
Начало №3 Ведь только жизнь прекрасна и права

Исходя из этого получается «цепочка», которая ассоциативно коррелирует с формой «венка».

Признаки жанра сонета, на наш взгляд, особенно ярко обнаруживаются в сюжетном движении контекста. Содержание цикла «Август» образуется в соответствии с закономерностью диалектической триады.

Движение поэтической мысли можно пронаблюдать в каждом стихотворении отдельно.

| | |
|---|---|
| №1: тезис | *Прекрасен август нынче, как и встарь.* |
| антитезис | *Но грянет срок — объявится зима,* |
| синтез | *Пускай не раз обманывало лето.* |
| №2: тезис | *Озерный гусь увидел вдалеке* |
| антитезис | *Летит подруга к стойбищам Алтая* |
| синтез | И он крылом крыла ее коснется |
| №3: тезис | ... только жизнь прекрасна и права |
| антитезис | *Но это все — веселая игра* |
| синтез | *Мой сын бежит по берегу за мной —* |
| | *И нет судьбы отраднее, чем эта!* |

Но, рассматривая сюжетные линии каждого текста, нельзя не заметить, что сквозной сюжет «собирает» также и весь цикл:

№1 *Пускай не раз обманывало лето.*
№2 *Ведь только жизнь прекрасна и права*
№3 *И нет судьбы отраднее, чем эта.*

Как особенность лирического цикла, выполняющую конструктивную роль в процессе создания эпического мирообраза, необходимо назвать пространственно-временную организацию текста. В контексте автор постоянно отсылает наше внимание ко времени, показывает значительность временного протяжения. Об этом свидетельствуют слова с семантикой «времени»:

№1 «нынче», «встарь», «срок», «зима», «лето»
№2 «лето»
№3 «спать пора»,

которые сохраняют идею цикличности, проявляющуюся в произведении через взаимодействующий принцип целостности повторения и замкнутости. Идея возвратно-поступательного движения реализуется в комплексе взаимосвязанных, взаимообусловленных признаков цикличности.

Сюжет цикла определен дважды повторяющейся траекторией перемещения лирической героини в «замкнутом» пространстве:

№1 «земля» — «вода»

№2 «земля» — «вода»

№3 «берег» (как граница между землей и водой)

и движением по циклически завершенному отрезку календарного времени (лирический цикл начинается и заканчивается описанием «лета»).

Номинативно абсолютно открытая структура (в заглавии определена установка на бесконечную повторяемость), цикл имеет четкую композицию. В начале субъект цикла созерцает явления единства природы и человеческой жизни на конкретном географическом материале, затем углубляется в смысл через ведущие циклообразующие мотивы. В последнем стихотворении подведен итог, результаты которого указывают на потенциальную возможность нового витка: «…мой сын бежит по берегу по берегу за мной».

К циклообразующим категориям относится субъектная организация цикла, а именно: все три текста объединены образом лирической героини, наделенной способностью к диалектическому мышлению. Она появляется в третьем стихотворении, но принципы ее мировоззрения формулируются с первого по третье стихотворения и актуальны на протяжении всего цикла.

Лирическая героиня Н.Черновой – философская, оптимистическая натура, склонная к самоанализу и самообъективации:

№3 *Люблю иртышский бешеный прибой,*
*Люблю зеленый пламень бересклета*
*Стать не хочу ни птицей, ни травой.*
*Мой сын бежит по берегу за мной —*
*И нет судьбы отраднее, чем эта [7, с. 294].*

В цикле «Август» диалектический путь лирической героини маркирован лейтобразами света и тьмы. Движение меняющихся светообразов является одним из способов формирования содержания цикла:

Логика жизни, состоящей из взлетов и падений, считывается со смены дня и ночи в циклическом контексте:

№1 «день»

№2 «день»

№3 «ночь»-«день»

Также следует обратить внимание на хронологию смены времен года:

№1 «лето»-«зима»-«лето»

№2 «лето»

№3 «лето».

В данном лирическом цикле приметы суточного цикла функционируют как знаки бесконечности, образующие замкнутое пространство. Начинается циклический сюжет с описания взаимообратимости «лето-день», заканчивается тождественно («лето-день»). В цикле «Август» находит отражение преобладание лейтмотива «света», который, в свою очередь, отражает цветовую символику

№1 … белый (цвет абсолютного начала)

№2 … седой (цвет возраста подведения итогов и символ завершения жизненного круга)

№3 …зеленый — (символ обновления, надежды, жизни)

Композиционно контекст состоит из трех стихотворений, каждое из которых представляет собой движение в пространстве. Как свидетельство этому наличие глаголов с семантикой движения

№1 «идет», «падут»

№2 «летит», «играет», «коснется», «разойдется», «качнется», «возвратится»

№3 «качнется», «бежит».

Примечательно соотношение глаголов первого и третьего стихотворений («идет» и «бежит»). Ускорение, полученное в процессе приобщения к возвратно-поступательному движению жизни, закономерно завершает циклический сюжет. При этом невозможно не обратить внимания на то, что лирическая героиня находится то в замкнутом, то в открытом пространстве, что способствует появлению открытого финала в образе феномена детства:

№3 … мой сын…

Способом воплощения авторской точки зрения в данном «сонетном» цикле является наличие современной и устаревшей разговорной бытовой лексики и отсутствие возвышенной высокой лексики, характерной для жанра сонета. Приведем примеры:

№1 «нынче», «серпень», «зарев», «густарь», «птаха», «тварь», «кутерьма», «рубаха», «иртышская», «долонский»

№2 «стойбище»

№3 «скворушка-насмешник», «перепелка».

Использование устаревшей лексики усиливает циклическую идею «повторяемости» (Это было давно, это есть и сейчас).

В целом, воссозданная в «Августе» Н.Черновой целостная картина мира подтверждает циклическую природу жанра анализируемого произведения. Все жанрообразующие компоненты, связывающие стихотворения в единый интертекст, подчинены жанровым закономерностям «сонетного» лирического цикла:

1) все стихотворения объединены единым субъектом с диалектическим мировоззрением,

2) в заглавии декларируется отход от канонической темы сонета,

3) хронотоп контекста «Август» воспроизводит идею возвратно-поступательного движения, подчеркивая мысль о бесконечности времени и пространства,

4) речевая организация сонетного цикла строится по принципу объединения современной и устаревшей лексики,

5) концепция бесконечности бытия в схемном представлении принимает вид горизонтальной многотекстовой спирали с разомкнутыми в обе стороны концами.

1. Гуляев Н.А. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 1985
2. Михайлов И. «Люблю тебя, законченность сонета…» // Литературная учеба – 1979 - №5
3. Бердников Л.И. Становление сонета в русской поэзии 18 века: Автореф. дис.канд. – М, 1985
4. Бехер И. О литературе и искусстве. – М., 1981
5. Рогов В. Сонет. Литературный словарь // Литературная учеба. – 1984 - №3
6. Толысбаева Ж.Ж. Сонет в поэзии Казахстана конца XX – начала XXI вв. – Актау, 2008. – 72 с.
7. Чернова Н. Солнцеворот. – Астана: Елорда, 2000. 384 с.

* * *

Р. Каметованың «Надежда Чернованың «Тамыз» сюжетті триптихі» мақаласында сюжетті контекстердің жанр түріндегі теориялық өзікті мәселеріне арналған. Мұнда, Н.Чернованың «Тамыз» циклдық образды-тақырыптық, лексико-стилистикалық, уақыт-кеңестік, поэтикалық деңгейі негізінде талданады.

* * *

In article "Sonnet triptych" by Nadezhda Chernova is devoted to an actual theoretical problem, to a question of zhanro-formation of sonnet context. Also it quves analysis of cycle "Auqust" on picturesque-thematic, semiotics, statially, formal-poetic levels.

***Т. Б. Қастеева***

## АЙТЫС – ХАЛЫҚТЫҚ ҚАЗЫНА

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жазып айтысу қанат жаяды. Бұл айтыс екі ақынның бір-біріне жазған хаты түрінде болып келеді. «Бірнеше ақынның қатысуымен топтасып сайысқа түсетін айтыс түрі бар. Айтыстың бұл түрі белгілі бір жағдайларға байланысты көбіне хат түрінде жүзеге асады, яғни хат арқылы жазысып айтысады. Мұны шартты түрде жазба айтыс деп атаса да болады. Жазба айтысқа он кейде жиырмаға жуық ақындар қатысып, айтыса береді. Екі ақынның хатпен жазысып айтысуын Қазақстанның әр жерінен кездестірсек, ақындардың топтасып айтысу дәстүрін, әсіресе Сыр бойынан, Орталық Қазақстанның кейбір облыстарынан және Синьцзянь жерін мекендеген қазақ ақындарынан кездестіреміз.» (1,4 б). Ақан да осы дәстүрден сырт қалмаған.

Ол бірнеше ақындармен (Смағұл, Нұрғожа, Қожамбет) жазба түрде айтысады. Алдымен Смағұл ақын жазып жібереді. Смағұлдың жазғаны шартты түрде шағын үш бөлімге бөлуге болады.

Дүние пайда бермес еш бір жанға,
Болсаң да би мен төре, патша, хан да.
Тіршілік адамзатқа азғана күн,
Ұқсайды дүние шіркін жанған шамға. (2,225 б.),-

деп дүие-жалғанның өтпелілігін еске алады. Дүниенің тұтқасын ешкім де мәңгі ұстап тұрмақ емес. Дүние-тіршілік жанған шамға ұқсас, бір сәтте өшуі әбден мүмкін екенін айтады. Тағы да ойын жалғап былай дейді:

Басыңа пайда бермес бұл өнерің,
Жақсылық қосылмайды ешбір санға.
Ысырап, құмға құйған су секілді,
Айтқан сөз қабыл болмас кей наданға.

Сөз жоқ, «басыңа пайда бермес бұл өнерің» дегенде Ақанның әнші, композитор, ақындығын меңзеп отырғаны кәміл. Соңғы екі тармағына салмақ түсіреді. «Айтқан сөз қабыл болмас кей наданға» деуінде үлкен мән жатқандай. Қысқасы, Ақанның намысына тие сөйлегенін байқауға болады.

Мұнан кейінгі кезекте Ақанның ата-тегін есіне алып, оның байлығынан хабардар екенін айтады. Ол өткен күн, ал бүгінше?

Атаңыз қыдыр қонған бай кісі екен,
Күнінде ойға алғанын еткен тамам.
Ол кісі күте алатын қайран күнін
Бұл күнде ол кеткен соң қандай бағаң?
Дін іздеп, еткен сенің кәсібің көрінбейді
Напақамыз демей ме қатын- балаң?
Данышпан, ақыл-парасат, сондай жансың
Қайтейін қылып жүрген ісің надан.

Қатты сын айтады. Не дін жолында емессің, не белгілі бір кәсібің де жоқ. Қатын-балаңды қалай бағасың?-деп тіке «шабуылға» көшеді. Мал-дүние жимайтын Ақанның кедейлігін бетіне басқандай болады. «Данышпан, ақыл-парасат көп, қайтейін қылып жүрген ісің надан» дейді. Ақан ешкімнен де «жылу» сұрамасы анық, соған қарамастан байлығың жоқ болса, бағаң да жоқ деген ойын алға тартады. Ақандай өнер иесінің ештемеден тарыға қоймайтынын аңғара алмағанын көреміз. Өмірдің мәнін байлықпен ғана өлшейді.

Хат түрінде орындалған жазба айтыстың үшінші «бөлімінде» Ақанның білімді, сөзге шешен адам екенін мойындайды. Шындықты айтқаным үшін «жек көріп, айыпқа алма, ініңді, Ақан» дей отырып, кем-кетікті айтуға ұмтылады.

Ісіне дүние-ахрет ұқсатпаймын
Жалғанда жүріп көрген күніңді, Ақан.
Қыз мақтап, қымыз құйып, ысырап қып
Жұмсайсың керексізге білімді, Ақан.

Бұл жолдардан да Ақанның серілік жүріс-тұрысын мін ретінде көрсету басым. Бойыңдағы біліміңді керексіз іске жұмсайсың деп жазғырады. «Ақын бойындағы мін-кемістік те қашаннан қарсыластар үшін сөзден тосудың қажетті бір амал-тәсілі саналып келген (3,15 б.). Осы ретте Смағұл да ақынның жеке басындағы ұсақ-түйек кемшіліктерді қазбалайды.

Смағұлдың Ақанға тағар бір кінәсі ол дүниге (бақиға) барғанда, періштелер жауап алса, деміңді шығаруға шамаң келмей қалады дегенді көлденең тарта береді. Өйткені Ақан діндар, тақуа адам болмаған. Сондықтан Смағұлға ұнауы мүмкін емес. «Тіршілікте бір жаныңның қамын ойла» деп ақыл айтпақ болады.

Мұнан кейінгі сөзді өзін мақтаудан бастайды. Тым асқақтап, күшейе түседі.

Сұрасаң менің жөнім бай Қодыға,
Бақ берген төрт түлікке сай Қодыға.
Ойлаған мақсатына қолы жеткен,
Ішінде тамам жұлдыз ай Қодыға.
Жесірін аға сұлтан тартып алған,

Бұл істі қыла алмайды жай Қодыға .

Өз руының байлығын көптігін айтып көпіру бұрынғы айтыстардың көбінде ұшырасады. Осы дағдылы ерекшеліктен Смағұл да ұзап кете алмаған. Байлық-барлықты Ақанға қарсы қалқан ете сөйлейді. Бір болыстың молдасы екенін де атап өтеді.

...Смағұл менің атым алсаң нұсқа,
Сайлаған жұрт ұнатып жиырма екіде
Молда мен указной бір болысқа.
Ойласақ-бұл дүниені қуғанменен
Жан сая болмайды екен іш тынысқа, -

деген жолдарынан Смағұлдың бір болыс елдің молдасы екенін ұғамыз. Смағұл өнерді дұрыс бағалай алмайды. «Бермейді жанға пайда ақындығың» деуі осыны аңдатады. Сал, сері, әнші- күйшіні, діндарлар (молда, ишан) ұнатпаған. Сондықтан Смағұл да Ақанды шариғатты білмейсің, күпірлік жасадың деп сөгеді.

Смағұлдың хат-айтысын оқыған Ақан да қарап қалмайды. Оның әр сөзіне зер сала отырып жауап қайтарады.

Жақсының болдым жолдас данасына,
Үш жүздің сөз жібердім арасына.
Ақылсыз ақымақтың бір мінезі-
Өзінің қарамайды шамасына (4,227 б.),-

деп, өзінің хат-айтысын 1902 жылы Қызыл көл болсын молдасы Смағұлға жолдағанын айтады. Оның «әлін білмей әлек болғанын» дөп басады. Алты алашқа аты мәлім Ақанға Смағұлдың айтқандары ұнай қоймаған. Сондықтан «ақылсыз ақымақтың бір мінезі» өзінің шама-шарқын білмей сөйлеуін орынсыз деп біледі. Оның атамыз «бай да болған, ай да болған» деген сөзіне Қарынбайды мысалға келтіреді.

Дүниеде Қарындағы бай боп өткен,
Жеріне ойына алған қолы жеткен.
Малынан қайыр-ихсан бермеген соң,
Жер жұтып, ғазап тартып, мехнат шеккен.
Тағы да сауал тастап:
Ехтам шариғаттан түк білмейсің,
Үйретсін ғылым жайын саған Ақан.
Менмендік, тәкаппарлық дұрыс па екен,
Түсірер ақылыңа ағаң Ақан. (4,228 б.), -

деп бір тоқтайды.

Енді бір сәт көкірегін көтерген Смағұлға бар ашу-ызасын төге, білгішсінген бейбақтың қылын шенеп-мінеп былай дейді:

Басшысы ғазазылдың түу, Смағұл,
Су жұқпас құттан шыққан қу, смағұл.
Зиянсыз мұсылманды шағып алдың,
Заһарлы жыландай-ақ у, Смағұл...
Айбат айтқан ауызда тазалық жоқ,
Болды ғой аузың харам – жу, Смағұл!
Шұлғанып дастарханды аяғыңа,
Қадірсіз болды ахмақ бұл, Смағұл, -

деп Смағұлдың әптігін баса сөйлейді. Халқына қадірлі, сөзге шешен, ақылға бай Ақан Смағұлдан ығысқаны былай тұрсын қайта оның өзіне шүйіле түседі. Өлеңді бастырмалата төпеп, оның абыройын жұрдай етеді.

Ақанның хат түріндегі жазба айтысының бірі Қожамбет екеуінің арасында өтеді. Ақанның сөзі «ел дауына» деген тақырыппен берілген. Соған қарағанда ертеректе екі рудың арасында мал дауы болған деп жорамалдауға болады. Ақан :

Біздің ел жылқы алуға ерінбеген,
Атығай жазаң алда берілмеген.
Жылқыны қара қойлап айдағанда,
Мырза-биің қалды ма керілмеген...
Сабаңды керегеге ілдірген де
Қиқымың іркіт ішіп күрілдеген.
Қарауылдың қимылын көргеннен соң
Құдайберді, Бейімбет дірілдеген. (4,212б.),-

деп «ерте кезде ақындар айтысында өз елдерін мақтау, байлығын, мықтылығын айту дәстүрі бойынша» (5,439б.) Ақан да өз елінің батыл-батырлығын мақтан ете сөйлейді. Өз қарсыласын сөзден тоқтату үшін ақындар мұндай тәсілді жиі қолданған. Елін не өзін көтере, асқақтата айту айтыс өнерінің бір шарты десе де болады.

Ақын өз елінің «ту байлап, тұлпар мініп дүрілдеген» ер-азаматтарын мақтаныш етеді. Қарсыласының кейбір адамдарын (Әлібек пен Жаулыбай) қорқақтығын айтып төмендете түседі. «Жалғыз-ақ Серәлінің себебімен, кісілерің жазаға берілмеген» деуіне қарағанда кінәлі Қожамбет жағы болуы мүмкін. Ақанның жоғардағы сөзіне Қожамбет не айтқан екен; оқиық:

Ақандай өлең жазған ақындарың,
Ежелден қызға құтсыз тақымдарың.
Жылқы алды деп айтасың барымталап,
Ақан-ау, қайда кетті ақылдарың.
Сендердей барымта біз алғамыз жоқ,
Тал түсте қолдан шыққан қатындарың.
Түбіне Ақтоқты қыз жетіп кеткен,
Оны да бетке басар жақындарың. (4,213 б.),-

деуі – Ақанға айтқан қарымта жауабы. Баяғы Ақанның үйленбей жүруін бір мін ретінде көрсетіп, «түбіне Ақтоқты қыз жетіп кеткен» десе, екіншіден, барымта алған емеспіз деп ақтала не жалтара жауап қайтарады. Ойын тағы сабақтап:

Бір күнде болып едің Ақан сері,
Жолдасың осы күнде жын мен пері.
Алты ай жаз бір қорада жалғыз жатып,
Қисық ағаш болыпты мекендерің, -
дейді.

Бір күндері Ақан сері атандың, бұл күндері жынпері, шайтандарды жолдасқа айналдырдың, әйтпесе алты ай жаз қорада жалғыз жатар ма едің деп жазғырады. Мұнымен де қоймай сырттан ғайбат айтасың, шариғатқа қарсы әрекет емес пе? деп мысқылдайды.

Ақан, сен өлең жазып арандадың,
Тоқаны не себепті жамандадың.
Омбыға он мың теңге шығарсаң да
Таңбалы байтал көзін ала алмадың.
Законнен артық пайда болмаған соң
Мына жерде жылқы алып амалдадың.
Сен былай тие берме жалпы жанға
Бүйте берсе сүйекке болар таңба, -
деп тоқтайды.

Қожамбеттің сөзіне қарағанда екі рудың (Атығай, Қарауыл) арасында жылқы дауы болғаны анық. Омбыға он мың теңге шығарсаң да, таңбалы байталдың көзін қайтарып ала алмаған соң, «мына жақтан жылқы алып амалдадың» деп Ақанның намысына тие сөйлейді. Сондай-ақ оның кейбір адамдарға өлең арнауын бұзылғандыққа санайды. Ақанның жауап сөзі:

Ақандай мініңді айтты ақындарың,
Жетпеді жығылуға ақылдарың.
Қарам іске я құдай деп, аттанам деп
Мұқанынан дүре жеген жақындарың.
Өзім сақтап беріп ем сүйегімді,
Ұстай алмай жүн қылдың жібегімді.
Арғы мінді қопарып неге керек
Жібермеспін мен саған өз кегімді. (4,214 б.)

Кемшіліктеріңді мойындауға ақылдарың жетпеді. Харам іске қадам басып, жақындарың дүре жеді, «қарындасым ес көріп барып еді, ұстай алмай жүн қылдың жібегімді» тәрізді әрекеттерді Ақан да кемістік-мін ретінде көрсетеді. Елдің өткен-кеткененінен хабары бар екенін аңғартады. «Жібермеймін мен саған өз кегімді» деп ойын түйіндейді. Мұндай нақты сынға қандай уәж айтуға болады? Қожамбет өзін көтере, текті жерден шыққанын мақтан ете жауап айтады:

Ақан, сен мен айтайын келдің қайдан,
Бір күнде шығып едік екі дайдан.
Анам арғын Ақжолдың бел баласы
Қалайша мін шығады Атығайдан.
Көп қазбай осы жерден тоқтатайын,
Ел бұзылып кетеді осындайдан.
Ақан, сен сау күнің де болдың көсем,
Көңілің қапа болар жаман десем.
Бұл пері ерте кірген қамалыңа
Әкеңді де жіберген жоқ аман-есен,-

дейді ол. Айтыстың соңы Ақанның жеке басындағы «кемшілікті» сынаумен бітеді. Ақанның жақсы көретін жары (Ұрқия) мен інісі қайтыс болады. Құлагеріне қастандық жасалады. Осындай ауыр қайғыны көтере алмаған Ақан жалғыздыққа бой алдырады. Біресе жанын дін арқылы тазартпақ болса, кейде керісінше ораза, намазын қойып кетеді. Ақанның осы мінезі көп адамға жұмбақ болып көрінеді. «Оны мұсылман перісі иеленген көрінедімыс» деген өсек тарайды. «Ақан мен пері күндіз айрылып, түнде қосылатын болады. Жоқ, пері Ақанға Ерейменде иеленген емес екен. Періге иелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың қонысы-Қоскөлдің өзі ежелден перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен.» (329 б.),-деген тәрізді өсек сөздерді кейбір Ақанды көре алмайтын адамдар әдейі таратады. Қожамбеттің Ақанға тағып отырған айыбының бірі-осы. Мұны ескі қазақ ауылындағы қараңғылықтың бір көрінісі деуге болады. Қожамбеттің серіге айтар басқа кінәсі болмаған соң, тілге тиек еткен дақпырт сөзі ғана деп ұққан жөн. Хат түрінде өткен осы айтыстың бір ерекшелдігі қоғамдық-әлеуметтік мәселеге де назар аударылады. Ертеректегі екі рудың арасында болған келеңсіздік (барымта) сыналады. Осы тұрғыдан келгенде бұл жазба айтыстың да өзіндік мәні бар екенін айтқан орынды. Ақан-19 ғасырдың екінші және 20ғасырдың бас кезіндегі айтыс өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан ақын. Ол бетке-бет отырып суырып салып та айтысқан және хат арқылы жазып та айтысқан. Бұл- ақынның бір қыры.

1. Ш.Ахметов, Б.Ысқақов, М.Байділдаев. Оқушылар есіне. Айтыс. – Алматы, Жазушы. 1965ж.
2. А.Қорамсаұлының шығармалары – Жазушы 1965ж.
3. М.Жармұхамедов Алғы сөз. Айтыс. Алматы 1988ж.
4. М.Әуезов шығармалар: он екі томдық – Алматы, Жазушы, 1969ж.
5. М.Жұмабаев шығармалар – Алматы, Білім, 1996ж.

* * *

В этой статье рассматриваются письменные айтысы Акана сери.

* * *

This article discusses written aitys Akan Seri.

***Т. Б. Қастеева***

## ӘЙЕЛ СИПАТЫ

Әйел заты тіршілік тірегі, отбасының ұйтқысы екені белгілі. Тіпті адамның адамгершілік тұрпаты, оның ұлықты ұл, қылықты қыз болып қалыптасуы да отбасына байланысты екені анық. Халқымыз «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтпаған ғой. Бүкіл өмір-тіршіліктің кілті әйел затының қолында десек, артық айтқандық болмайды. Ана алақанының жылылығы сәби үшін ғана емес, ортағасырға да үлкен күш-қуат береді. Өмірге құштарлықты арттырып, адамға жігер беретін құдірет – әйел-ананың ықыласы. Бұдан шығатын түйін соладам өміріне әйел затының ықпалы зор. Осындай себептерден болар ілгері-кейінді өткен ақын-жыраулардың көбі-ақ бұл мәселеге назар аударған. Осы ретте Ақан Қорамсаұлы бірнеше өлең жазған. Соның бірі «Жақсы қатын» деп аталады. Ақын алдымен жақсы әйелдің сыртқы сипатына назар аударады.

Ақ жүзді қатын алсаң бойы сұңғақ,
Қасыңа шақырғанда келсе зырлап.
Дауысы әу дегенде әрең шығып
Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.
Немесе:
Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,
Дауысы жіп-жіңішке жұмсақ сөзді,

Мінезі майға еріткен қорғасындай
Келсең де ерте-кешті бір мінезді. (1, 179б.).

Талғамы биік ақынның талабы да жоғары. Алды мен көңілі толатын жақсы әйелдерге портреттік сипаттама береді. «Ақ жүзді, бойы сұңғақ» не «қара қас, жазық маңдай, қара көз» болуы шарт. Сұлулыққа жаны құштар ақын әйелдің сыртқы бітіміне ақылы сай болуын қалайды. Құлаққа жағымды жұмсақ дауысқа, «майға еріткен қорғасындай мінез» адамға берілген үлкен байлық.

Ерте-кешті келсең де бір қалыптан өзгермейтін мінез көп нәрсені шешеді. Тіпті отбасының бақыты, мызғымас татулығы да әйелдің ақылы мен мінезіне байланысты екені белгілі.

Жүзінің ақ аралас қызыл бетті,
Жаман сөз сөйлемейді, адал жұпты.
Болғанда тісі аппақ, пісте мұрын
Ауызы қалжың сөзге болса епті, -

деп тағы да сұлу әйелдің сын-сымбатын айшықтай түседі. Осы арада айта кетер бір жай, ақын халық әдебиетіне бұрыннан қалыптасып, жиі қолданылатын сипат-белгілерді (ақ жүз, қара қас, жазық маңдай, қара көз, қызыл ьет, аппақ тіс, пісте мұрын т.б.) қолданғанын байқаймыз. «Әйел портретін суретбояуы жағынан алғанда адам бейнесінің, өң-түсінің ашықтығы, айшықтылығы назар аударады. Жарқырап көзге ұратын және бірін-бірі күшейтіп, ашып тұратын, айқын рең- түстерді сипаттайтын ақ, қара, қызыл сияқты эпитеттер әсіресе жиі қолданылады» (2,39б.). Бұл, сөз жоқ, халық әдебиетінің әсері.

Алайда халық әдебиетіндегі дәстүрлі суреттік айшықтау, баламалар қолдану арқылы сұлу әйелдің ажар-көркін әрлендіре суреттейді. «Жаман сөз сөйлемейтін, адал жан» екенін де аңғартады. Жақсы әйелдің тағы қандай сипаты болады екен?

Кетеді түзге барса қырдан асып,
Қосылған ғашық жары көңілі тасып.
Жақсы сөз, жаман сөзді бірдей біліп
Ерінің сөйлемейді көңлін басып.

Тәрбиелі әйел бейнесі көз алдыға келгендей болады. Ақын сұлу әйелдің кескін-кейпін жалаң суреттемейді. Бой сұлулығын ай сұлулығы мен ұштастыра бейнелейді. Жақсы, жаман сөздің парқын біліп, ерінің көңілін баспай сөйлеу инабаттылықтың белгісі. Сондықтан ақын мұндай мінез-қылықты жақсы әйелге тән деп біледі. Немесе:

Аяғын, табағымен қойған жуып,
Сүйреңдеп сөз сөйлемес өсек қуып,
Бір сөзді екі сөз ғып еш айтпайды
Көбейсін ұрыс-жанжал қайдан туып, -

деген жолдардағы ақынның айтып отырғаны бір қарағанда ұсақ-түйек нәрсе сияқты көрінуі мүмкін. Шынында олай қарауға болмайды. Өйткені үй-ішінің тазалығы қазан-ошақ, аяқ-табақтың жуылып таза тұруы әйел затының басты міндеттерінің бірі. Тазалық әйелдің ісілігі мен тәрбиесіне де қатысты. Қысқасы, тазалықты тәрбиеден бөліп қарауға болмайды. Адамның денсаулығының, көңіл хошы–ның, өң-шырайының жақсы болуына тазалықтың да айтарлықтай әсері болатыны даусыз. Тіпті тазалығы жоқ үйге қонақ та, көрші-қолаң да келмеуі мүмкін. Тазалықты сақтау тәрбиелік, мәдениеттіліктің белгісі болып есептеледі.

Жақсы әйелге тән қасиеттің бірі «Сүйреңдеп сөз сөйлемес өсек қуып». Сүйреңдеп сөз сөйлеу, басқаша айтқанда өсек айту тіршіліктің шырқын бұзуы мүмкін. Бір нәрсенің парқына бармай, көпірте көп сөйлеп өсек-өрбіту біреудің жанын жаралауы, не өзінді ыңғайсыз жағдайға қалдыруы ғажап емес. Сондықтан ақын әйелдің жақсы қылығын жария етеді, көпке үлгі ретінде ұсынады. Осындай әйелдерге көңілі толады, разы болады:

Болмайды киімі де еш уақыт кір,
Құманда дәрет суы жып-жылы тұр.
Сақтанып өсек сөзден бойын бағып,
Сүйреңдеп абысынға айтпайды сыр.

Бұл - бойын таза ұстайтын, ұқыпты әйелдің сипаты. Өсек-өтіріктен бойын аулақ ұстап, сыр ашпау кісілікке тән қылық. Мұндай әдеп ерлі-зайыптылардың арасында қанағат сезімін тудырып, бір-біріне деген жақсы ілтипатын арттыра түседі. «Ақын жырлары адамгершіліктің асыл қазынасына барлау жасайды, оның ең қымбаттылары мен қасиеттілерін паш етеді» (3,200б.)[1]. Енді бірде:

Кісі жоқ одан бұрын ерте тұрған,
Бүркеніп оң қолына алар құман.

Немесе:

Жат мінез, шайпау сөзі еш болмайды,
Шақ етіп даусы шықпас баланы ұрған.
Ерте-кеш бір ауылдан ері келсе,
Тап-таза үйдің іші сыпырылған. (1,180б.).

Ақан әйелдің сырт сұлулығына ғана қарамайды. Оның мінез-құлық, таным-тадғамына да ерекше назар аударады. Ақылды әйел жат мінез, көрсетіп, шайпау сөз айтпайды. Ер-азаматтың бетінен алып, ащы сөз айтуға бейім тұрған әйелді халық ұнатпаған, көргенсіздікке балаған. Мұндай әйелден бойын аулақ салуды жөн санаған. Ондай әйелдің ұяты аз, кісілігі төмен болады. Ақын жақсы, жаман екі түрлі құбылысты салыстыра суреттеп, адамдарға ғибрат айтады. Қысқасы, үй ұстауы, киім киісі, жүріс-тұрысы жақсы болса, ондай әйел ер адамның да, көптің де көңілінен шықпақ. Бақытты, дұрыс өмір сүрудің қағидаттарын сақтау ата-баба салтының сақталуы деп есептелген.

Ақын өз өлеңінде жақсы әйелді әр қырынан мінездейді. Бар-жоқты білгізбей, еріне адал жүріп серік бола білсе деген ойын орынды жеткізеді.

Еріне адал жүріп болар серік,
Қуанар ғазіз құрбы жүзін көріп.
Білгізбей бар болса да, жоқ болса да,
Ол бір марал-тұрғаны қасын керіп.

Ақын әйел затының бойында үнемі жақсы қасиеттер болуын қалайды. Әйел-ана жақсы болса, сол үйдің түтіні де түзу ұшпақ. Отбасының жылуы артып, сәні кірмек. Тіпті азаматтың алаңсыз тіршілігінің орнықты болуы да әйелге байланысты екені белгілі. Өйткені, ер адамға жағдай жасайтын от-ана емес пе? Сондықтан Ақан ойын:

Сипаты жақсы қатын айтып бітпес,
Мадақтап жаман қатын ерін күтпес.
Ұнатса аз ба, көп пе тапқаныңды,

Кез келсе кедейшілік ешнәрсе етпес, - деп қорытады.

Әйел затына сұлулық та керек, адамгершілік те бұзылмауы тиіс. Осы екеуі ұштаса, бірлік тапса ғана отбасының бақыты баянды болады. Ерінің тапқанын аз демей де, көп демей де ұқсата білсе және құрмет-ізеті болса ондай ерлі-зайыптылардың кедейшілігі де білінбек емес. Өмірдің ыстық-суығын тең көтеріп, бір-бірінің қас-қабағына қарай білу де адамгершілік екенін естен шығармау керек. Ақынның айтпағы осындай жақсы қасиеттерді жоғалтпауға үндеу. Ақын от басы, ошақ қасындағы күнделікті хам-харекетті айтып отырып-ақ көпке ортақ ой ұсынады.

Ер мен әйел бірлігі қоғамдық тәрбиенің негізін қалайды. Сондықтан халық бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған. «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген халықтық қағида да үлкен мән бар. Мұның бәрі саналы ұрпақ өсірудің қамы десек те болады. Пенде болған соң кез келген адамның, соның ішінде әйел затының да жақсы, жаманы болуы мүмкін. Бұл мәселе тек Ақанды ғана толғандырып қоймаған, арыдан арна тартатынын байқауға болады. Жүсіп Баласағұнның (XI ғ.) «Құтты білік» дастанының үйлену туралы тарауында төмендегідей ақыл-кеңес айтылады:

Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,
Пәк қуатты болсын жанның тұнығы.
Көркін емес, ізгі құлқын қарарсың
Жақсы болса ерірсің де жанарсың.
Кездестірсең ақылды, ізгі адамды
Ей, ізгі ер, үйлен қойып алаңды.
Не:
Құр тоздырып нұрлы жүздіңжылуын
Іздей көрме қыздың асқан сұлуын (4,419-421 б.)

Осы жолдар да сұлулығынан гөрі мінез-құлқы жақсы, ақыл-парасаты мол, текті-затты, кісілікті адамды таңдауды ескертеді. Мұндай адамнан қапы қалма дейді.

Ұлы ақын Абай да бұл тақырып төңірегінде толғанған. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінде жігіттерге тән кей әрекеттерді саналамай келіп:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме.
Немесе:
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызды арзан деп құмарланба,
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма (5,28-29б),
- дейді.

Жар таңдаудың шарты – осы. Екі ақынның ойы бір жерден шыққан, тіпті бірін-бірі толықтыра түсетіндей. Абай да әйелдің ажар-көркінен гөрі мінезіне қарауды және ар-ұяты, ақылы бар адамның қызынан ғапыл қалмауды ұсынады. Үй болу, серік таңдау-әлеуметтік мәні бар мәселе. Сондықтан бұл іске жеңіл қарауға болмайды екен.

1. Қорамсаұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1963ж
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973ж.
3. Кәрібаева Б.Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму жолдары. – Алматы: Елорда, 2001ж.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік// Ауд. А. Егеубай. – Алматы: Жазушы, 1986ж.
5. Құнанбаев А. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976ж.

* * *

В статье рассматриваются лирические стихи Акана Сери, посвящённые женщинам.

* * *

This article discusses the lyrical poetry Akan Seri devoted to women.

***К. А. Құсманова***

## АЙТЫСТАҒЫ СӨЗ ОРАМДАРЫ ХАЛЫҚТЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ КӨКЖИЕГІН ТАНЫТАДЫ

Ақындар айтысында "жаттама (трафарет) өлеңдер аз болады" (С.Мұқанов). Олар өлеңді табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Соның бәріне ақындар жөпелдемеде жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды, сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді.

Ақындар айтыстың бас кезінде асқақ әуенге басады, өздерінің мойны озық сөз жүйрігі екенін таныта, қарсылас ақынын тұқырта, кеміте, үркіте сөйлейді. Әсет пен Ырысжан айтысында Ырысжан:

Дау айтып күні бұрын көрсетпелік,
Майданда озса жүйрікке есептелік.
Орта жүз түгел білген Ырысжанмын
Үш кессе қауқарым бар кесірткелік, – деп, Әсетті ықтыра сөз тастайды, ал Әсет оған:
Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,
Алты арысқа білінген екен менмін, – деп, асқақ жауап қатады.

Ақындардың бірден асқақ кетуі тек бірін-бірі ығыстырып үркіту, тұқырту ниетін көздемейді, олар сонымен қатар бір-бірінің аяқ алысына, сөз сап-тасына, өнерлілігіне барлау да жасау мақсатын көздеген. Сөз майданында тосын кездескен, бір-біріне танымал емес ақындардың мұндай барлау жасауы табиғи да.

Ақындар айтысының тағы бір ерекшелігі "ойында өрелік жоқ" дегендей, айтысқа үлкен де, кіші де, еркек те, әйел де қатынаса береді. Тек талант-дарыны болса, бәйгеге түсер шамасы болса болғаны. Майталман ақынның жарыста таныла бастаған балаң ақынмен, ұлғайған ақынның жас қыз, келіншекпен айтысуы, сөзбен сілкілесуі шам емес.

Сонымен қатар айтысып отырғанда, ақын өзінің жеңілгенін білу де айтыстың негізгі шартының бірі болып саналады. Сөзге сөз табу, орынды жерінде ұтымды сөз айту сияқты өзінің, жеңілгендігін білу де жоғары бағаланады. Жеңілгеніне қарамай, құр босқа төпей беруді көпшілік дарындылық, ақындық деп танымайды. Мұндай қылықты қазақ айтысқыштық, ұтымшылық деп санамайды. Оны қазақ "сиыршылау" деп атайды. Шынайы ақын өзінің ұтылғанын білсе, бірден жеңілгенін мойындап, әрі қарай сөз таластырмайды.

Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, айтыстың ерекшелігі – оған көптеген әйел ақындар қатынасқан. Қазақ ақындар айтысында талантымен танылып, бүкіл елге аты жайылған әйгілі ақындар аз емес. Сара мен Ырысжан, Ақбала мен Күнбала, Тоғжан мен Тәбия сияқты ақындар – топтан озған жүйріктер. Осындай аяулы өнер иелерін халық қатты ардақтаған.

Ақындар айтысының ендігі бір ерекшелігі – онда "Халық театрының анық, дәл ұрығы бар" (М.Әуезов), айтыс әсерлі болуы үшін ақындар домбыраның не сырнайдың, қобыздың сүйемелдеуімен, әнмен айтады. Театр актерлеріндей олар сан алуан құбылыс жасайды.

Тарихта аты мәлім қазақ ақындарының көпшілігі осы айтыс өлеңдерінде тәрбиеленіп өсті. Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Сөз сайысы үстінде оның ақындық өнері шыңдала береді. Ақындар шаршы топ алдында сарапқа, сынға түскендіктен, сөзінің мазмұны мен көркемдік жақтарына зер салады. Айтыс жырларындағы үздік образ, шешен сөздер осы айтыс үстінде туған.

Өлшеусіз талант әрі әнші екі саңлақтың шешен сөздері – өзінің көркемдік жағынан күні бүгінге дейін үлгі. Бұл айтыстың сөздері анықтық, тазалық, дәлдік жағынан болсын, көркемдік, сұлулық жағынан болсын қазақ поэзиясының төрінен орын алады.

Үздік теңеу, эпитет, жалпы троп пен фигураның бұл айтыстан небір шұрайлылары табылады:

Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес,

Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, – деген жолдардағы эпитеттік метафоралар, "қырандай желді күнгі аспандаймын" деген жолдағы теңеу үздік образдар екені сөзсіз.

Біржан өзін де, біреуді де дәріптегенде, өте шебер және көбірек қолданатын әдісі – метафора, әсіресе оның ұлғайған түрі.

Сол көркем сөз айшықтарын екі ақын да өз арман-мұраттарын, мұң-шерін айтып беру үшін шебер пайдалана білген. Біржан сөздеріндегі алуан түрлі эпитет, метафоралар, Сара сөзіндегі үздік теңеулер соны да көркем.

Біржан мен Сара айтыстарында ақындық көркем тілдің және бір түрі — ирония мен сарказмды шебер де ұтымды қолданған. Әсіресе айтыстың соңында Сараның Жиенқұлды шақыр деген жеріндегі сөз, сөйлем құрылысын алсақ, түгелдей ирония, сарказмға құрылады.

Көрінсін Біржан салға ай секілді,
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді,
Ұсынса, қол жетпейтін арғымағым,
Біржанға баламаймын тай секілді...

Мұнда сөйлемнің сыртқы құрылысы көркем, асыра мақтау болса да, ішкі мазмұнында Жиенқұлдың шын суреті мен шын қасиеті бұл мақтауды жоққа шығарады да, оны иронияға (әжуаға) айналдырады. Мұнда сырт жағынан болса да мақтау бар. Ал екінші үзіндіде Сара Жиенқұлды ашық шенейді:

Қонжиып мінер Құла жорға барса,
Келе алмас ол шірігің қорғаласа,
Ол бізді шын масқара қылар сонда,
Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.

Алдыңғы үзіндіде ішкі мазмұнына сыртқы құрылысы керісінше келсе, соңғы үзіндіде өзінің барлық күйін ашық, улы сарказммен айтып, Жиенқұлды өлтіре сынайды. Сол арқылы өз басын малға сатып, сүймеген адамына бергелі отырған айналасына да наразылығын білдіреді.

Сөйтіп, "Біржан мен Сара" айтысының негізгі түйіні – әйелдің бас бостандығы. Өткен ғасырда екі саңлақтың үн қосып, әйелдің бас бостандығын жырға арқау етуі, ескі феодалдық салтқа қарсы шығуы өз дәуірі үшін прогресшіл идея еді.

Құрылысы, түрі жағынан алғанда, бұл айтыс – салт айтыстың ең биігі.

Тіл мен мәдениет - екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, бір бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Мәдениет – қоғамдық фактор, оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік фактордың ықпалы зор. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші этноса оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады. Демек, кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орныққан мәдениетімен, ой танымымен тікелей байланысты. Көркем мәтін – ұлттық бітім-болмысты, ұлттық психологияны, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт-дәстүр мен наным-сенімін таныстыратын біртұтас дүние. Көркем мәтін - ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, айнасы. Сондықтан әрбір көркем шығарманың бойынан сол ұлт туралы материалдық та рухани да мәдениет негізін тануға болады.

Көркем шығармалар арқылы, автордың танымдық аясы мен ақиқат дүниені бейнелеу қабілетіне қарай жазушы баяндап отырған ортаның мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, танымдық ерекшелігін анықтауға болады.Соның ішінде ақындардың айшықтаулар мен құбылтуларды орынды қолдануы да оның мәдени өресі мен өрісін танытады. Соның ішінде айтыс поэзиясында көп кездесетін инверсияға тоқталуға болады.

Инверсия — латынша алмастыру, орын алмастыру деген мағынада қолданылатын стилистикалық фигуралардың бірі. Инверсия поэзияда жиі қолданылады.

Ауыстырудың екі түрі бар екені белгілі: ритмикалық алмастыру, синтаксистік алмастыру. Біздің қарастыратынымыз — синтаксистік алмастыру.

Синтаксистік алмастыру — сөйлемдегі немесе сөз тіркесіндегі сөйлем мүшелерінің, сөздердің грамматикалық ережеге сай емес орындалуы. Инверсия өлеңнің ырғағына, ұйқасына орай құрылуымен бірге, сәтті ауыстырылған — синтаксистік алмастыру айтылатын ойға ерекше екпін түсіріп, сөзге мәнерлілік, модальдылық сипат береді.

Ғалым З.Ахметов: “В стихотворной речи порой очень незначительная перестановка слов может усилить выразительность ее как в ритмическом, так и в интонационном отношений. Отсюда особая роль инверсии как средства не только стилистического, но ритмического и интонационно-синтаксического порядка”, - дейді [1, 179].

Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын зерттеген ғалым Р.Сыздықова: “Өлең синтаксисінің проза синтаксисінен басты ерекшелігінің бірі инверсияда жатыр. Сөйлем мүшелерінің түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән классикалық тәртібі: бастауыштың баяндауыштан бұрын тұруы, тұрлаусыз мүшелердің өздері қатысты сөздерден (мүшелерден) бұрын орналасуы, құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы компонентінің басыңқыдан бұрын келуі — өлең синтаксисінде жиі және оңай бұзылып, инверсия жасайды” деп, бұл “бұзылыстың” әдетте өлеңнің бойына біткен табиғи қасиеттерінің бірі екендігін айтады [2, 109].

Айтыс өлеңдерінде аса жиі кездесетін инверсияның түрі өлеңнің ырғағына, ұйқасына қарай баяндауыш бастауыштан бұрын келіп, тармақтың не басында, не ортасында орналаса береді:

*Сөйлеткен* сені балап *қазақ* ұлға [3 , 173 ].
*Жеңермін* иттей қылып адам демей [3 , 140].
Шетінен *қыдыр қонған өңшең құтым*,
Мың-мыңнан *құт тастаған* арт жағына [3, 143].
*Сөйлесе* май тамызған бұлбұл тілім [3, 144].
Барақтың *пар келмейді* сынығына [3, 144].
Балық боп *ілінемін* қармағына [3, 151].

Ілгерідегі мысалдарда баяндауыш бірде тармақтың басында, бірде ортасында кездеседі. Ал бастауыш көбінесе жасырын тұр. Бұлай инверсиялау өлең шумағының ұйқасын, ырғағын, әуезділігін келтіріп тұр, яғни ұлға — тұлға — пұлға — жылға т.б. болып жалғаса береді. Сондай-ақ, баяндауыштардың тармақтың басында келуі —тыңдарманның назарын аударып, Біржан мен Сара ақындық өнерінің басым екендігін байқатады. Бұндай алмастырулар айтыстың өн бойынан жиі байқалады.

Сонымен бірге, айтыс өлеңдерінде анықтаушы сөз бен анықталушы сөздің орын алмасып келуі де кездеседі. Түркі тілдерінде анықтауыштың орны көбінесе тұрақты екені белгілі. Айтыс өлеңдеріндегі инверсияланған анықтауыштар бірде өзара орын алмасып келсе, бірде анықтаушы сөз бен анықталатын сөздің арасына өзге сөйлем мүшелерінің келтірілуі арқылы да жасалады. әдетте, анықтаушы сөз анықталушы сөздің алдында тұрады.

Қырмызы қызыл жібек *маңдайым кең* /23, 144/.
Арғынның болады дейтін *қызы сойқы,*
Шот маңдай, *иегі ұзын, мұрны кейкі*.
Бұйра шаш, дөң жауырын, қысқа тұмсық
Дүрбілжің тұла бойы ойқы-шойқы /23, 143/.

Бұл мысалда ұйқас үшін орын алмастырған, яғни (кең маңдай —маңдайым кең) кең, тең, кем және т.б. Келесі тармақтарда да қызы сойқы — сойқы қыз, мұрны кейкі — кейкі мұрын деп өлеңнің ырғағын, ұйқасын келтіру үшін қолданылған. Және де арғынның қыздарын шот маңдай, иегі ұзын, мұрны кейкі, бұйра шаш, дөң жауырын, қысқа тұмсық деп, әсіресе мұрын сөзін (мұрны кейкі, қысқа тұмсық) бірде инверсиялап, бірде әдеттегідей тіркестіріп өлең жолдарына келтірген. Бұлай инверсиялау ақындардың өз сөзімен мүсінделген портретін беруде, елдің игі жақсыларын мақтап, мадақтауда немесе керісінше шенеп, мінеуде айтысушы ақындар бір-бірін көтермелеп көрсетуде, я болмаса, жеріне жеткізе ажуалауда қолданған. Төмендегі мысалдарда анықтаушы сөз бен анықталушы сөздің арасына басқа мүшелерді келтіру арқылы инверсия жасалған.

*Қолымды* ұстатпаймын сен итке *аппақ* /23, 137/.
Бір басты *адам* болмас *сан өнерлі*.
*Айбатың* әлемге айқын *ай бедерлі* /23, 154/.
*Дені сау* кез болмадым *бір тазаға* /23, 153/.
*Сайраған* бүкіл найман *бұлбұлымын* /23, 143/.

Егер де анықтаушы сөз анықталатын сөздің алдында тұрады десек, онда: аппақ қол; сан өнерлі бір басты адам; дені сау бір таза; ай бедерлі айбат; сайраған бұлбұл болып қалыпты тізбектер құраушы еді. Бұл мысалдарда анықтаушы сөз бен анықталатын сөздің арасына басқа мүшелерді кіргізіп, анықтауыш бірде тармақтың басына, бірде тармақ соңына шығарылған. Анықтауышты әдеттегі қалыптасқан орнынан жылжытып, тармақтың не басына, не аяғына орналастыру, яғни, инверсиялау айтыс ақындарының тілінде мынадай қызмет атқарады: ұйқас жағынан орайластырады, тармақтың соңында келіп, ерекше екпінге ие болады.

“Біржан — Сара айтысында” көбінесе етістік баяндауыштар, инверсия жасап, тармақтың ортасында келе береді. Мысалы:

Аулына *алдыртыпты* Тұрысбектің /23, 132/.
Қаңғырған *ілдірмеймін* қаршығаға /23, 139/.
Қалмақты қолмен *қуған* қойдай талап /23, 142/.
Ерінбей *тіздіргендей* адамзатқа /23, 144/.
Жапалақ *иемденер* басқан ізін /23, 149/.

Ілгерідегі мысалдарда баяндауыштарды инверсиялау ырғақ, ұйқас талабынан туған және де стильдік мақсатты да көздей орындаған сияқты.

Сондай-ақ, кейбір шылау сөздер инверсияланған. Шылаулардың сөйлемдегі негізгі қызметі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөз десек, айтыс өлеңдерінде ол инверсияланып, шумақтың не басына, не аяғына шығарылған.

Сөз мәдениетінің дамуымен қатар халықтың, яғни этностың мәдениет жиегінің де кеңейе, көркемделе түскенін танып білеміз.

1. Ахметов З.А. Казахское стихосложение. - Алма-Ата: Наука, 1964. - 460 с.
2. Сыздықова Р. Ғ Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. - Алматы, 1970. - 175 б.
3. Айтыс. - Алматы: Жазушы, II т., 1965. - 664 б.

*К. А. Құсманова*

## ҚАЗАҚ ЭТНОТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА АЙТЫС ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Айтыс түйіні - шындық, қандай жүйрік, желқабаз, тапқыр ақын болса да шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, оның бәрі де тек шындықпен суарылған аталы сөзге тоқтап бас иетін болған. Бұлтартпас уәж, шындыққа құрылған бір ауыз сөздің жеме-жемде айтыс тағдырын шешіп кететіні де осыдан. Бұл сипаттарымен айтыс көбіне көп өзіміздегі шешендік сөздерді еске түсіреді», - десе, осы тұста М.Әуезов айтыс өнері мен айтыс ақындары туралы зерттеулерінде өз пікірін былай сабақтайды: «Қазақтаға айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел тартысының бұрынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей қызық беретін жиын сауығы болған.

Сондықтан, айтыс ақындары жүрген жер ел ортасында көшпелі сауықшылар жүргендей қалың думан, жиын болатын. Елдің айтыс өлеңдерін қатты қадірлегендерінен айтыс ақындары: Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сабырбай, Мұрат, Тоғжан, Біржан, Сара сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған. Барған елінің барлығында бағалы қадірлі болып қайда барса да сый, құрмет, қызық, сауық болатындықтан, айтыс ақындары сол жүрісін біржолата салт қылып әкеткен. Көбінің кәсібі: сән салтанатпен, қобыз, домбыраменнқкер алып, ел қыдырып жүріп айтысқа шығатын ақындарды іздеумен өткен. Бұрынғы заманның осы сияқты жиыны болса да айтыссыз өтпейтін. Талай ақын өз елінен шығып, жат елді аралап, кектеніп, кез келген ақынмен айтысып, не жол алып, не жол беріп, жеңіп, жеңіліп жүрген. Баяғы заманда жауынгер батыр алыста тоят іздеп, білегінің қайратына сеніп, соғыс майданында жау іздесе айтыс ақындары тіл жағының қайратына сеніп, соғыс майданының жекпе жегін іздейді. Қазақ елінің бұрынғы жортуылшыл батырдан кейін тапқан, екінші алуандас батыры қызыл тілдің иесі ақындар. Ел тіршілігінің жауынгерлік дәуірінен шығып, тыныштыққа бет алған кезінде, Сарыарқаны сайқалдап, оңды солды шарлап жүрген бір алуан адамдары, осындай сөз батырлары кешегі Жанақ, Кемпірбай, Шөже, сол ақындардың үлгісі ел ортасында соларға ұқсамақ болған жігіттер көбейген.

Ақындық, әншілік өнері жақсы жігіттің белгісі сияқты саналған. Сондықтан ел ішінің қызық сауығы үшін сән түзеп, қыдырумен жүретін салдар шыққан. Атақта ақындарға еліктеуден серілік молайып, бері келген заманда Біржандай сал, Ақандай ақын серіні шығарған. Бұлардың жайы қай елдің ортасында болса да, кейінгіге үлкен әңгіме болып қалған »

Айтыс дәстүрі түркі тілдес елдердің көбінде-ақ кездеседі, алайда, бұлардың ешқайсысы біздегі айтыспен теңесіп иық тіресе алмайды. Сол себепті біздегі дәстүрлі және бүгінгі айтыс өнері халқымызбен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан өзінің сан алуан көркемдік, танымдық сипаттарымен ел мақтанышына айналып отыр.( автореф.М.Жарм. 4-бет)

Ақындар айтысы күні бүгінге дейін әлем ғалымдарын таң қалдырып, өзінің сиқырлы да қасиетті дүниесімен тәнті етіп келе жатқан киелі өнер.

Қазақ халқының рухани дүниесінің түпқазығы, өзекті арнасы - импровизаторлық ұлы сөз өнерінің ерекше қасиеттілігінде екені ежелден-ақ белгілі. Айтысты тіпті сонау ерте замандарда өзге әлем бас иіп тағзым етіп, үлгі тұтса, Еуразия материгі күні бүгінге дейін таң-тамаша қылып келе жатқаны шындық.

Айтыс ақындары өлеңді тек ермек деп қарайтындар емес, заманының ұлы шындығын, көкейкесті сауалдарын алтын зердей тапқыр өлеңге бөлеп айта білетін өз руының тамаша жыршылары, шешендері, ел намысын биік көтеріп сөйлейтін қайраткерлері, жұртшылық ойының білгірі.

«Аталы сөзді арсыз қайырады» деген нақылды берік ұстанған халқымыз үлкен демей, кіші демей, жас демей, кәрі демей, еркек демей, әйел демей айтысушы ақынның қайсысының сөзі маңызды, өмірге, шындыққа жақын болса, соны қолдап, көтеріп отырған. Қазақ фольклорын ерте-кеш зерттеген ғалымдар сөздің жүйелілігін, шешендікті, өткірлікті, батылдықты, үйлесімділікті ерекше қадірлеу халқымыздың ежелден қалыптасқан игі дәстүрінің бірі екендігін анықтаған. Бұл қасиет барлық жанрларды кездеседі.

Аңыз әңгімелерде, ертегілерде тазша балалардың қиын-қыстау кезеңде, қысылшаң дауларда төрелік айтып, даналық білдіргені, қайырымсыз хандарды да ақылымен жеңіп кеткені, ақырында білгірлігі арқасында мұратқа жеткені айтылатын. Ескі билердің шешендік дауларында да жүйелі сөз жүйесін тауып, небір шиеленіскен қиын істер әділ шешіле беретін. Өмірде, әлбетте, дәл осындай қашанда туралық жеңіп, жақсылық үстем бола беруі жиі кездеспегенімен, халық қиялы осылай болуын аңсайтын. Айтыс жанры ауыз әдебиетінің ең өміршең саласының бірі болып келе жатқаны оның шыншылдығы мен ғажайып тапқырлығына тікелей байланысты.

Айтыс өз табиғатында қашаннан синкреттік жанр. Ол өзіміздегі басқа жанрлармен лирикалық, эпикалық ертеден қоян-қолтық араласып етене болып кеткен.

Айтыс ақындары ел ішінде жаңалықтың жаршысы ретінде де танылып келді. Ақын аузынан айтылған шындық ел өмірінің айқын шежіресіне айналды. Жұртшылық оларды аузы дуалы, алдын болжағыш қасиетті жан деп санаған, өлеңнің сиқырлы күшіне де сенген

Айтыс өлеңдерін жасаушы ақындар: Орынбай, Шортанбай, Серәлі, Шөже, Балта, Кемпірбай, Тезекбай, Жәмшібай, Түбек, Бақтыбай, Құлтума, Жанақ, әсет, Майкөт, Құлмамбет, Кеншімбай, Сабырбай, Біржан, Сүйінбай, Күдері, Жамбыл, Төребай және т.б. әйел ақындардан шыққан саңлақтар: Күйкентай, Шәріпжамал, Дәме, Ұлбике, Ақсұлу, Манат, Рысжан, Сара, Болық, Табия, Шәкей және т.б. Бұлар суырып салма ақын, әнші-орындаушы, шығарушы-композитор болуымен ерекшеленеді. Және де бұлардың көбі халықтың ауызша дамып келген поэзия түріндегі әдеби тіл үлгісін әрі қарай дамытып, сөз өнерінде көркем сөзді кестелеп қолданып, айшықты, бейнелі тың тіркестер жасауы әдеби тіліміздің қоғамдағы қызметін арттыра түсті.

Біз тілін сөз етіп отырған айтыс ақындар шығармашылығы, яғни айтыс өлеңдерінің біразы XIX ғасырдың I жартысына жатса (Жанақ, Шөже, Сүйінбай, Мәделі қожа, Майлықожа, Орынбай және т.б.), көпшілігі XIX ғасырдың II жартысындағы әдеби мұрамызға кіреді, кейбіреуі XX ғасырдың басы деп қаралады. Бұлардың жартысынан астамы — XIX ғасырды орталап, я болмаса аяқтап барып дүниеден өткендер. Немесе XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрсе де, шартты түрде XIX ғасырдың II жартысындағы айтыс ақындары деп саналады. Сондықтан олардың тілдік ерекшелігін сөз еткенде, бір ғасырдың тілдік құбылыстарын көргендей боламыз.

XIX ғасырдың II жартысындағы әдеби тілді ғалымдарымыз: Аманжолов С., Балақаев М., Ысқақов А., Исаев С. М., Жұбанов Е., әбілқасымов Б., Сыздықова Р.Ғ., Жанпейісов Е., Томанов М., Өмірәлиев Қ., Хасанова С. және т.б. өз еңбектерінде қарастырған.

Ғалым Исаев С.М. XIX ғасырдың басындағы қазақ ақындары шығармаларының тіліндегі екі түрлі ерекшелікті атап көрсетеді: "Оның біріншісі — жалғастылық принципі. Осы кезеңде өмір сүрген ақындар творчествосынан орын алған батырлар жырындағы, XIX ғасырға дейінгі ақын-жыраулар шығармаларындағы, тіпті ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің кейбіреулерінде кездесетін сарындар, кейбір көркемдеу тәсілдері, образ беру жүйесі, өлең құрылысындағы, ұйқасындағы сәйкестіктер, тіпті жеке жолдар мен шумақтардың қайталануы — осының айғағы" /3, 170/.

Осы жалғастылық принципі айтыс өлеңдерінде де байқалады. Мысалы, XIV ғасырда жазылған "Мұхаббат-намедегі" "мат" сөзі айтыс өлеңдерінде және қазақ поэзиясында осы күнге дейін қолданылып келе жатқандығын байқаймыз:

Рох-е хоршид зәрд әз рәнж-е 'ешқәт,
Шәхан *мат* әнд дәр шәтрәнж-е 'ешқәт [1 ,152].
Күннің жүзі саған деген махаббаттан сарғайды,
Өзіңе ғашық шахтар махаббаттың шахмат ойынында
өзіңнен *мат* алды [1, 116].

Я болмаса, Ш.Құдайбердіұлының өлеңдерінде:

Хақиқаттан басқаға бас ұрмаймын
Дәлелсізге нанам деп болмаймын *мат* [2, 262].

Немесе, молда Бәйім мен қыздың айтысында:

Сөйлейсің қалай-қалай орамалап,
Өзіңдей жүйріктерге болады *мат* [3, 154].

Немесе "Кітапта күллі бақас анық арам, Болады екі егестің біреуі *мат*. Адасқан сен не білесің, ақылы *мат*?" (Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нақып Қожа). Жоғарыдағы мысалдардағы *мат, мат болу* тіркесінің мәні — жеңіліп қалу, дағдарып қалу.

Ақыл мен білімнің кемеңгері болып Платонның суреттелуі ерте заманнан бастап осы күнге дейін өміршеңдігін танытып келеді. "Мұхаббат-наме" дастанында:

Гәр *әфлатун* сениң, ' ишқыңда түшсә
Берүр йилга қамуқ тәдбир-о райин [1, 126].
Егер *Апылатон* саған ғашық болса,
Ұмытар бар істері мен ойларын [1,89].

Абайда:

*Апылатон*, Сократ ақылды,
Қаһарман, Ғали білекті [4, 229].

С. Торайғыровтың "Қамар сұлу" романында:

Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның.
Біреуге *Аплатондай* білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның [5, 9].

Я болмаса, Кенжеқожа мен Бармақтың қағысуында Кенжеқожа:

Ақылды болды *Аплатон*,
Ажалдан аман қалды ма? [3, 31].

Немесе, Дәме мен Мансұрдың айтысында Дәме:

Ақылың *Аплатондай* болса да артық,
Сорыңнан артық емес сенде өнер [6, 323].

Я болмаса, Шәкей сал мен алты ақынның айтысында:

*Аплатон* не болып ед ақылы дана,
Болса да тілі сүйір, ерні епті [6, 510].

Білімділіктің, біліктіліктің символы ретінде Аплатонның XIV ғасырдағы "Мұхаббат-намеден" бастап Абайдың, С.Торайғыровтың шығармаларын-

да, я болмаса айтыс өлеңдерінде ұзақ сақталуы жалғастылықты көрсетеді. Осы тәріздес ерліктің үлгісі болып Рүстем мен әлидің бейнеленуі ғасырлар арасындағы тілдік құбылыстардың ұштастығын байқатады. Мысалы, "Мұхаббат-намеде":

әгәр десәм сени *Рүстәм* йәрарсың,
Қылычың бирла сәф ларны йәрарсың [1, 129].
Егер сені *Рүстем* десем жарарсың
Қылышыңмен жауларды жарарсың [1, 92]

Немесе:

Гәхи Хатәм уйалур бәзм ичинда,
Гәхи *Рүстәм* йупанур рәзм ичинда [1,129].
Бірде Хатым ұялса той үстінде,
Бірде *Рүстем* жұбанар ұрыс үстінде [1, 92].

С.Торайғыровтың "Шәкірт ойы" атты өлеңінде:

Тұрмыс тағдыр бірі де
Бұл мақсұттан бұра алмас,
Қаhарман *Рүстем*, *әли* де
Бұрам деп жолда тұра алмас [7, 122].

"Біржан — Сара айтысында" Біржан сал:

*Рүстем, Дастандаймын* дәл өнерге
Меңгеріп кісі билеп алмайтұғын [7, 148].

Я болмаса, Құлмамбет пен Майкөттің айтысында Құлмамбет:

Үлкендігің *Үрістем, Дастандайсың,*
Бір құдайдан басқадан жасқанбайсың [7,178].

Сондай-ақ, жомарттық бейнесі болып Атымтайдың суреттелуін "Мұхаббат-наме" мен айтыс өлеңдерінен көреміз:

Кел, ей сақы, кетүргил лаләгүн мәй,
Ким ол қылды көпни *Хатәми-тай* [1,142].
Кел, ей шарапшы, келтіргін лағыл шарап,
Көпті ол (жомарт) қылды *Хатымтайдай* [1, 106].

Ақын Сара:

Кедейдің қонақ асы тай ап келсін.
Талапты *Хатымтайдай* жомарт болса [1, 21].

Керейіт Даңмұрын:

Ей, Жүсіп, сен еңкейсең, мен қайқайман,
Дос болған патша менен *Атымтай* да [6, 508].

Сонау XIV ғасырдан бері қарай өзгерместен *мат болу* — жеңіліп қалу мағынасында, ерлік үлгісі болып *Рүстемнің,* ақыл мен білім кемеңгері болып *Платонның*, жомарттықтың бейнесі болып *Атымтайдың* қазақ поэзиясында, я болмаса айтыс өлеңдерінде суреттелуі желідей тартылған жалғастылықты көрсетеді.

Сондай-ақ, сұлу қыздың сыртқы бет-бейнесін беруде оны аспандағы ай мен күнге, жұлдызға балау халық поэзиясында бұрыннан бар десек, айтыс өлеңдерінде де өз жалғастығын тапқан сияқты. "Мұхаббат-наме" дастанында:

Бе нәзд-е' арезәт гол қәтрә-йе аб,
Жәхан хомчун шәб о ру-йе то мәхтаб [1, 136].

Жүзіннен салыстырғанда гүл су тамшысы секілді,
әлем-бейне түн, *жүзің-ай секілді* [1, 99-100].

Ш.Құдайбердіұлы "Жастық туралы" атты өлеңінде:

*Жүзі* бар *айдай*,
Мінезі майдай,
Өзгеден артық сол жері [2, 26].

Я болмаса, С.Торайғыровтың өлеңінде:

Бәрі сенің бір өзі:
*Күн, ай, жұлдыз* — дәл көзің [7, 107].

Немесе, Шәкей сал мен алты ақынның айтысында:

Секілді толған кезің *он төртінші ай* [6,487].

Я болмаса Айтмағамбет:

Көңілімде аспандағы *жұлдыздайсың*,
Ішінде алтын кеннің құндыздайсың [6, 424].

Ілгерідегі мысалдарда сұлу қыздың жүзін айға, көзін — күнге, айға, жұлдызға, өзін толған айға, жұлдызға балаған. Немесе сұлу қыздың белін "Мұхаббат-наме" дастанында былай суреттейді:

Бойуң сәрв-о сәнәвбәр тек, *белиң қыл*,
Вәфә қылған киши ларга вәфа қыл [1, 131].
Бойың тік қарағайдай, *белің қылдай*,
Опа қылған кісіге опа қылғай [1, 94].

Абайда:

Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
*Нәзік бел тал шыбықтай* бұраңдайды [4, 17].

Сара ақын:

*Майысып нәзік белім* бұраң қаққан.
Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан [7, 144].

Сұлтанмахмұттың "Қыз сүю" атты өлеңінде:

Екі беті үлбіреп, көзі жайнап,
*Белдері тартқан сымдай нәзік* болса [6, 100].

Жоғарыдағы өлең жолдарында қыздың белінің жіңішкелігін *нәзік, қылдай, тартқан сымдай* деп әсірелеп келтірген. Сонымен бірге сұлу қыздың портретін беруде оның тісін, көзін асыл тастарға балау, тіпті сұлулардың аузынан шыққан лебізі шырын балдай деп бейнелеу — ерте заманнан бері келе жатқан сөз қолданыстары. әр ақын, жырау өз заманына лайық нақыштап жырлап, бояулары мен шеберлік тәсілдері арқылы жетілдіріп, көркемдік жағын арттыра түскен.

1. Оғыз-наме", "Мұхаббат-наме". Жалпы редакциясын басқарғандар: Дербісалин ә., Жармұхамедов М., Күмісбаев Ө. - Алматы: Ғылым, 1986. - 208 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1988. - 560 б.
3. Айтыс. Жауапты шығарушы А.әлманов. - Алматы: Жазушы. IIт., 1988. - 352 б.
4. Абай. Өлеңдер. - Алматы: Мөр, 1994. - 415 б.
5. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым, II т., 1993. - 200 б.
6. Айтыс. - Алматы: Жазушы, II т., 1965. - 664 б.
7. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым, I т., 1993. - 280 б.
8. Айтыс. - Алматы, 1964. - 431 б

***Қ. Мәдібаева***

# ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ ЗЕРТТЕУ

Мазмұн-маңызы талайларды толқытып отырған бұл кітаптың соңғы парағы Мәулана Жәлаледдин Руми туралы толғамдағы мына бір өзекжарды сырмен қайырылған екен: «Кеш болса да, құнды тақырыпты өресіз ой-пікірлеріммен тарылтпау үшін және бұлыңғырламау үшін соңғы нүктемді қойып отырмын» [1, 175 б.].

Кітаптағы бастан-аяқ «Баян», «Әдебиеттің құдіреді», «Тіл мен ой тереңдігі», «Сұлу мен сұлулық», «Өлең ақиқаты», «Әйел табиғаты хақында бір үзік сыр», т.б. қадау-қадау, Жаратушы мен Жаратылыс құпиясын болмыс ақиқатын ұғынуға ұмтылған ой-толғаулар өзіне тарта түсті.

Кеудені қозғаған осы бір өрелі туынды авторымен қарапайым жандардың қатып-семген ішкі дүниесін Хақ нұрынан дарыған құндылықпен қауыштыруға бағыттаған ынталы жүрегіне иландым. Ақиқаттың айналасында адасып жүргендердің тарс бітеу жан құрсауына барлау жасаған қызуы, жылуы мол қисындары адам баласына бастан таймас бақ табудың, ырысты, құтты ғұмырдың Жаратылыс баянындағы ақиқат құбылыстарын, бұлжымас заңдарын өзекжарды өткір пайымдармен бүгінгі дүние болмыс өресінен аралап, саралайды. Тіршілік баянының тұғырлы ұғымдары, қадау-қадау құбылыстар, ой талқысы ұштасып жатыр.

«Шын жүрегіміздан шығып, соның тұңғиық түбінде жатқан інжу-маржандарды үндестірген салмақты баян біздерге үнемі рухтың сыры мен сарынын, жүректің дірілін, сөз сөйлеу шеберлігінің реңкі мен екпінін сездіріп, өз бояуының, кенеп байлығының және мақсатының қажеттілігі салмағында аспанды жарған дыбыстардың жаңғырығындай жүректерімізге ұялай бастайды... Соңында біздерге ең алғашында келіп түскен қайнар көзінен үнемі дәм таттырып тұрады...» [1, 13 б.].

Замана ойшылдарының бірі Фетхуллаh Гүлен адамзат көп мәнде салғырт, самарқау, сүреңсіз тіршілікке айналдырып алған құштар өмірдің нұр шуағын аулайды.

Кітапта «Әдебиеттің құдіреді» бөлімінде сөз өнерінің теориясы, тарихы бар қырынан, дәстүрі, көркемдік құндылығы, жасалу қисындары тұрғысынан қамтылып айтылған. Әдебиеттің мәні мен мақсаты, парыз, міндеті, жаратылыс құпиясы қысқа да нұсқа ойлармен дәл бағаланады, айғақталады. Адамзат құндылығының ең асылдарының бірі – ана тілдің байып, дамуындағы «сөзге жан сыйлайтын» тарихи мәніне қатысты ақиқат пайымдар айтылады. Адам баласы болмысын «мәңгілік амалдармен жабдықтаудағы» әдебиеттің рухани миссиясына баға беріледі.

«Тіл мен ой тереңдігі» атты толғам бүгінгі уақыттың аса өзекті мәселелерін көтеруімен өркештене түскен.

Елдіктің ең негізгі ұстындарының бірі оның мемлекеттік тілінде екендігін атап көрсетуінде ғалым тілдің ұлттық болмыс, ұлттық бітім ұғымдарын тұтастырып тұрған ұлы күшін ғылыми негізде, білікті қоғамтанушылық өреде қисындайды.

«Қабырғалы ел ата-бабадан мұра болып қалған және қазіргі уақытта жаңа синтезге, жаңа бейнеге, жаңа кейіпкерге айналып үлгенген біртұтас зерделі, аңсар-мұратты, ғылыми жетістіктер мен байлықтарды игере алатын құдіретті тіл арқылы ғана мәңгілік тұрақтылығын сақтай алады. Себебі, халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемділігін сақтап сөйлейтін болса, соғұрлым өрелі ойлайды; қай деңгейде ойласа, сол деңгейде сөйлейді» [1, 25 б.].

Фетхуллаh Гүленнің тілдің адамзат тіршілігіндегі айрықша құндылық есебіндегі мәнін топшылауы – айтыла бермейтін ақиқаттардың санадан тыс заңдылықтарын айғақ етудегі және бір ғылыми алымы, ойшылдық өрісі.

«Ана тілінің түп-тамырына балта шаппаған және тілге осы деңгейде кеңдік пен серпінділік танытқан елдер ұдайы өзіндік үні бар, емін-еркін сөйлейтін және терең ой қозғайтын ең серпінді қоғамға айналады, басқаша болуы мүмкін емес» [1, 29 б.].

«Сұлу мен сұлулық» атты толғамында ойшыл тіршіліктің серпінді екпінін, тереңге тартқан арналы ағысты ақша бұлт жапқан аспанның биігінен бақылап тұрғандай дәлдікпен сипаттап, саралайды. Жүрегіміздің дін, иман қашқан, аулақтап бара жатқан мына беймағлұм дүние құшағындағы жадаған, жүдеген жанымызға үмітті діріл дарытар, көмілген көңілдің көкжиегін көтерер сауатты уағыз айтады.

«Баян» кітабын жазып отырған Фетхуллаh Гүленнің тұспалмен, айшықтап айтқан ғашықтық жайлы толғамы астасып жатқан ақиқат жан баурайды. Біз болсақ «Махаббатсыз дүние – босты» (Абай) әлі шектеулі шеңберде қабылдап, ұғынумен қалып отырмыз...

XIX ғасырда қазақ даласында ислам негіздері құлашын кең жайған діни ағартушылық ағым ықпалымен мақсатты түрде ұғындырылды. Зарзамандық діни ағартушылық – аса сауатты ағартушылық. Кең даланы ен жайлап мол жайылған дін қиссалары, діннен тіршілік тірегін іздеген Шортанбай жырау толғаулары, Ыбырай Алтынсарыұлының «Шариат-ул ислам» оқу құралы, Абайдың діннің жайын қозғаған өлеңдері, қара сөздері...

Шүкір Аллаға, қазіргі рухани өмірімізге дін негіздері, кір басқан, мұң басқан жүрегімізді кәусарымен шайған діни ұстанымдар дендеп ене бастады. Алайда, көп мәселе жалпы ғана айтылатын сыңайда. Көңіл аулап қана ой қозғайтын, жалпы сарын басым. Ал, Фетхуллаh Гүленнің «Баян» кітабындай жан жаулайтын терең пайымдар тапшылығын сәт сайын сезінеміз.

XIX ғасырдағы әдеби өрістің айқын бір бағыты ислам дінінің арналы арқауларын рухани кеңістікке алып шығып отыру болғаны – тарихи шығармашылық факт. Ғалым Бақытжан Майтанов айтқан мына бір пікірдің ар жағында көп дүние бар.

«Әдебиет пен өнер атақты діндердің ұлы миссиясын қарапайым тіршілік иелеріне неғұрлым жақын, ұғынықты жеткізу, олардың қасында тұрып саралау мақсатымен дүниеге келген» [2, 5 б.].

Осы мәнде қазақ әдебиеті көтеріп келген жүк жеңіл емес. Адамгершілік, имандылық негіздерін ауызша насихаттаған ұлттық тәрбие институтының дін уағыздарымен ұштасып жатқан бай көркемдік әлемі ұлт тарихында аса ықпалды рухани күш болды.

Жалпыадамзаттық тұрғыдан келгенде, он-сан әдеби жәдігердің негізгі миссиясы қай дәуірде де дін негіздерін тарату, діни бастауларға жүгіну, діни ұстанымдарға ұйыту болғаны анық. Осы орайда, шығыс әдебиетіндегі нәзирагөйлік дәстүрінің, нәзира жанрының шығу төркіні ұлы діни кітаптардың мазмұнын жеткізу мақсатынан туғаны даусыз.

«Сұлулықтан – ғашықтыққа» толғамында сүйгеннің құлы болу сыры ғаламзаттық тұрғыда тағы бір қырларын ашады.

«Өлім өлеңдері айтыла бастап», айнала сұрқай тартқан, «жастықтың белі қайысып» қариялардың сәкісіне отыра бастағанда бойға қуат құятын құдірет, «бүкіл түстерді қамтитын түссіздік», т.б. мәңгі жас жаратылыстың таусылмайтын жыры тағы да ғылыми негізде, көркемдік келісімде кестеленеді.

Ақиқатқа кеудемізді сәт сайын айқара ашып, ынтыға ұмтылып отырып оқылған «Баян» кітабының келесі парағы – «Өлең ақиқаты».

Бұл өлең құпиясы мен сөз құдіретін ұғындырудың және бір тың тынысы, тылсымға тұнған ақиқаттың ақыл жетер өредегі айғағы. Ф. Гүленнің өлең сырын, өлең құнын саралаған ойлары мен XIX ғасырда жасаған Дулат ақын пайымының үндестік туғызып жатуы – өнер ақиқаты. Исламдық дүние – таным өрісі.

Әдеби мұра, поэтикалық олжаның құны мен құнары ой түбіне мың-сан мәнде мызғымастай орнығады.

Ақындық өнерге қашаннан жаратылыс сынды құдірет игілігі деп қарап келе жатқан қазақ баласына Фетхуллаh Гүленнің мына байламдары аса етене.

«Тіршілік бастан-аяқ жаратылыс заңдылығы бойынша өзара өлең құрылымы іспетті жүйелі түрде тәртіппен реттелген.

... Осыған орай, ақындарға жаратылыстың арғы жағындағы мағына мен мазмұнның бұлбұлдары деп санауымызға болады» [1, 66 б.].

Мақсатсыз, рухсыз, орынсыз сөздер көкжиегімізді көлегейлеген заманда шынайы өлеңді шөліркей аңсағанымыз анық дейді Гүлен.

«Әйел табиғаты хақында бір үзік сыр» атты толғамында Гүлен және де бір биік өреден бой көтереді. Әйелге мадақ айтады, әйелдің нәзіктік пен қайсарлық, құштарлық пен төзім қабаттаса жаратылған өзгеше болмысын жырлайды.

«Әрдайым сұлу жандарды ғана көріп, тек сұлулықпен ғана қоян-қолтық араласқысы келеді. Кейде аңсаған арманына жетеді, ал кейде жете алмайды. Кей-кейде жан-жағынан дауыл соғып, оған тиесілі дүниені күл-талқан етеді. Міне, сол сәтте күйзеліске ұшырап, асқар таудан асып, терең теңізді кешіп өтеді...».

«Сана-сезімдерімізге қажетті мәңгілік азықты пісіп-жетілдіретін» әйелдің мәртебесі жоғары, жөні бөлек.

Гүленнің осы толғамының айрықша маңызды бір қыры – ол әйел және ислам мәселесін әлемдік деңгейде қозғап, ой қорытуы, пікір өрбітуі. Әйел баласын танып, бағалауда көптеген тарихи тұлғалардың жаңылыс басып, өресі төмен ой айтуын дәлелмен, дәйекпен айғақтап отырып, ғалым мұнда да ислам дінінің негіздерін, әйел баласын бағалау ұстанымдарын соншалықты ыждаhатпен ұғындырған.

«Бүкіл адамзатқа мәңгі бақи тіршілік ету ақиқаттарымен жеткен Ислам діні (бұл бір немесе бірнеше кітаптың орын алатын тақырыбы болғандықтан, қысқаша баяндап кетеміз) – әйелдің қоғам тарапынан заңсыз тартып алынған құқықтарын қайтарып, оны ашық және заңды түрде өз қорғауына алған және де осы мәселеде ең орнықты да қолайлы ережелерді уағыздайтын ең алғашқы дін» [1, 75 б.].

Кітапта ғалымның сөз жетпесті жеткізіп айту, ой жетпесті орайы келгенде ортақ игілікке ұластыру бағытындағы ойшылдық алымы сәт сайын таңырқатып отырады.

Әрі қарай жалғасқан тақырып – «Жүрек пен рух көкжиегі».

Болмысты бүтін қалпында сезіну – бізді құтқарады.

Ой жүйесі, өнегесі оқшау ойшыл Фетхуллаh Гүленнің «адам ақиқатының, тіршілігінің өзегі» жүрек туралы толғамы Алланың қалаған ісін жасау, оның қашан да қасыңда екендігін сезіндіріп, сендіретін Құран кәрім аяттары, пайғамбар хадистері, өмір қағидасы мәнінде ұғындыратын ежелгі дін қиссаларының дәстүрінде жалғасқан, жан пидасы, рухани жүрек – көңілдің күйін көкейге құяды.

Адам иләhи сырларға жүрек тазалығы мен рух биігі арқылы жетеді дейді ғалым.

«Көңіл сөзімен атап жүргеніміз әлгі ләтипа сезімі – адамдық кемелдікке қарай шығатын саты, заттық және физикалық дүниедегі жаратылыстың арғы жағының кескін келбеті, адам денесіндегі рухани дүниелерге үнемі жол ашатын кең есік, кісілігіміздің қалыптасуында орын алатын бірегей зертхана және жақсылық пен жамандықты екшейтін ең маңызды бақылау орталығы».

Көңілдің адамды көтеріп апармас биігі бар ма! Ақиқатты Алла сипатында тану жолы көңілін кір басқан жандарға бұйырмаған...

Сабыр, төзім көңіл көзін түбінде ашып тынады дейді ойшыл. «Көңіл жан тілімен сөйлейді» дейді. Гүленнің ақиқат шарпыған қисындарына, ислам құтын ғылыми негізде ұғындыру тәсілдеріне, келісім кемелдігімен ұштасқан болжам, пайымдарына,

күнделік күйбең тірліктің астасып жатқан арғы сырларына бойлатқан сұңғыла танымына үздіге түсесің.

Адам арпалысып, аласұрып ұмтылатын жан рахаты қайда екенін ішкі түйсік сезеді. Бірақ соған жетудің қиындығы оны қорқытады, оңай тәсілдерге төселдіреді. Ол қиындық асу бермес асқар таудан асып, терең теңізді кешіп өтуден де қиын жол. Адамдықты, ар-иманды сақтап ғұмыр кешудің жолы. Кімнің кемел жан болғысы келмейді дейсің?

«... Адам кісілігіне қаншалықты тәуелді болып қалса, бір ғана тозаңның түйірінен, бір ғана тамшыдан, тіпті, бір ғана жоқтан құтыла алмайды. Қайта кісілік шамын өшіріп, көңілдің кеңпейілдігі арқасында басқалармен аралас-құралас болып, өзінің тар дүниесінен тысқары басқа дүниелерге жетіп жататын болса, қапелімде нұр құйған күнге, айдай анық әлемге және мықтылардың малтып жүзген мұхитына айналады».

Келесі, «Үздіксіз өзгерістері бар тарихи қайталаулардан туған тілек пен арман» атты толғамда адамшылық нұры, оның қуат көзі, тілек пен арман туралы ой дами түседі. «Басыңды иманның мөлдір бұлағымен тазалап жуын дейді.

Құлшылық, мүминдік жайы баяндалады. Аз күндік мастану, аз-кем дүниені малдану кембағалдығын айыптайды. Фетхуллаh Гүлен Алланы сүю, Алланы тану жолындағы жанкештілік бақытының бір мәні адам еркімен, адамның азаттығымен астасып жатқан теңдесіз әділетті құбылыс екендігі туралы ағылып, төгіліп сөйлеуден таусылмайды, сарқылмайды.

«Хаққа құл болғандар құлға құл бола алмас».

«Мәуліттен туған ой» бөлімінде Мұхаммед (с.ғ.с.), оның адамзат, ислам әлеміндегі ұлы миссиясы туралы баяндалған. Оған шейін «Көңіл құрлығы көктем мен көкорайды көрмеген».

Гүлен Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың туған айында оны сағына сарқылып, адамзаттың ендігі дәуірдегі күйігі мен күйзелісін көз жасындай селдете төгіп, баян етеді.

«Киелі мекеннің бақсыз жылдары» қайшылығы көп мына заманның өзекті жайларымен суарылған. Қоғамтанушылық биік өреде ой-тоқтамдар жасалады.

«Рухты жаныштаған жатсыну» – бұл тіркес қазіргі дүниенің пішініндегі ең бетке шыққан белгісі.

Елінің жайы, елдіктің қамы қозғалады. Арғы тарихы бай, рухани құты мен құндылығы ортаймаған елдің жаhандану дүрмегінде өзіне өзі опасыздық жасауы, берекесіз әрекеттері жүрегін жаншиды. Жержүзілік ырыстардың талан-таражға түсуі алаңдатады. Хаққа бет бұрайық, оған ішкі сарайымызды ашайық, сонда игілік, ізгілік, іргелі елдік орныққан олжаға кенелеміз дегенді үнсіз ұғындырған ұлт перзентінің үндеуі жан тыншытады.

«Жылайтын кез келді» – тағы бір таңғажайып кеңістік, тамсандырып, ынтықтыра түсетін толғам. Көңіл толқуын көз жасына қарағанда аса мөлдір көрсететін басқа еш нәрсе жоқ дейді ойшыл. Гүлен аңғармаған, ол саралап, сырын ашпаған, қамтылмаған құбылыс қалмаған сияқты.

Образды сөзбен ашады, ой көзімен аңғарады. «Нұрын жоғалтқан және қартайған дүние» дейді ол. Күнәға белшеден батқан адамзаттың арылу амалы – ол Хақтың алдында кешірім сұрап, көз жасын төгу. Опасыздығымыз, шындықты айтпағанымыз, түзу жүрмегеніміз, басқа қонған бақытты бағалай білмегеніміз, орынсыз сөздеріміз үшін жылауымыз керек.

Адамзат Хақтың алдында жан шошытар әрекеттерінің салдарына жауапты. Фетхуллаh Гүлен осыны ойлап, зар төгеді. Осы тұста қазақ әдебиетінің тарихындағы айғақты, айтулы ағым – зар заман ақындары толғауларының негізгі сарындарымен үндестік даусыз.

Дөңгеленген дүниеде діннен сая іздеген, XIX ғасырда жасаған Шортанбай ақын мен XXI ғасыр зарына жанын байлаған Фетхуллаh Гүленнің тоқтамдары, қазақ туған жер мен қазақ тұрған кеңістікте ислам өркениетімен ұштасып жатқан діни өрістің сол XIX ғасырдағы ауқымы қандай болғанын болжатады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы айтулы тұлғалар – Бұхар жыраудың, Шортанбайдың, Ыбырай мен Абайдың, Ақан сері, Базар жырау, Мәшhүр Жүсіп, т.б. ақындардың, XIX ғасыр бойы қазақ жеріне кең жайылған діни қиссалардың имандылық негіздерінен құйылған қуатты, құнарлы ой ағысындағы желілер мен қазіргі дәуірдің мазмұнды дін уағызшысы, ойшыл хакімі Фетхуллаh Гүлен ойларының жүрек, иман, ақыл, жан, ар тазалығы, көңіл құштары, Алланы сүю, мойындау, тану бағытындағы тәжірибелерінің сабақталып жатуы біздің өткен ғасырлардағы рухани әлем өрісін, тарихи тағылымдарымызды айғақтай түседі.

«Дүние тыныштықтан айырылды» бөліміндегі ұлт бостандығы, азаттық, ар-ождан жайында зар заман дәуірі ақындары мен Гүлен ойлары тағы да үндес, тағы да сарындас.

«Бұл кезеңдерде нәпсіміз рухтың тағын тартып алды... Жүрегімізге шайтан ұя салды... Құдайдың орнын әумесіл жандар басып алды... Ар-намыс табанға тапталды... Ұят пен ар намыссыздыққа ұласты. Құрметсіздік кім көрінгеннің табиғатына жұқты... Бүкіл атырап жағымсыздық пен сүйкімсіздіктің жәрмеңкесіне айналды... Әдептілік, сыпайылық бұрынғылардың құнсыз жолы мен тәсіліндей етіп көрсетілді... Опа, адалдық, отансүйгіштік әуелі рухтарда ұмыт болды, содан соң сөздіктерден өшірілді...»

«Сенімен өткен күндер-ай», «Ақиқат айнасы – жаратылыс», «Қара түнекке нұр шашқан аппақ Ай» бөлімдері Құран негіздерін ұғындыру, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың тарихи тұлғасы, оның ислам әлеміндегі ықпалы, қасиетті рамазан айы туралы ой-тоқтамдардан тұрады.

«Мәулана Жәлаледдин Руми» бөлімінде ақындық туралы тағы да тамаша сөздер, бейнелі, образды ойлар бар. «Ол ертеде жер басып өткен биіктердің бірі болатын».

«Баян» кітабының күрделі ұғымдарды нұрға орап, күндей жарқыратып қисындап берген тіл кестесі туралы да арнайы сөз қозғауға болар еді. Шығармада «сәхли мүштеки» – «әрі күш, әрі жеңіл»

деген анықтама келтірілген бір тұс бар. Автор өзі «жазылуы оңай болып көрінгенімен, жазуға мүмкіндік туғызбайтын туындылар» деп ұғындырған.

Фетхуллаh Гүлен көп жағдайда «әрі күш, әрі жеңілдіктің» сынағына шыдас беріп, шығармашылық рахатына кенелген. Сол игіліктеріне басқаларды да ортақтастырып, өзгенің дүниетаным шегі мен дінтану өрісіне олжалы, қайырлы кеңістік дарытқан.

Шығарманың түрік тілінен қазақшаға аудармасы да аса жоғары сапада жасалған, автордың айтамын деген астар-қатпарлы, тұспалы мен тұңғиық тереңі мол құнарлы ойларының құтын қашырмай көкейге құйған аудармашы еңбегіне де ризашылық білдірдік.

1. Гүлен Ф. Баян. Әдеби-философиялық ой-толғау. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 176 б.

2. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 544 б.

* * *

В статье рассматриваются вопросы духовности исламского мира в произведении турецкого теолога-философа Фетхуллаha Гулена «Баян».

*З. Мүтиев*

## ПРОФЕССОР БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТ ӨЛЕҢІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушылардың бірі, ф.ғ.д. профессор Б. Кенжебаевтың аталған саладағы еңбегін сан қырынан алып сипаттауға болады. Ол – әдебиет сыншысы, әдебиет тарихшысы, фольклоршы, ұстаз-педагог. Б. Кенжебаевтың әдебиеттанудағы ғалымдық ғаламына бойласақ, ерте дәуірдегі әдебиет пен қазіргі заманғы әдебиеттің аралығын қамтитын ұлан-байтақ әдебиет тарихына (ерте дәуірдегі әдебиет нұсқалары, XV-XVIII ғасырдағы әдебиет, XIX ғасырдағы әдебиет, XX ғасырдың басындағы әдебиет, кеңестік дәуірдегі әдебиет) жолығамыз.

Б.Кенжебаевтың осыншалықты ғылыми мұраларының арасынан қазақ лирикасының ұлт өлеңсөзінің тарихы мен табиғатына қатысты інжу-гауhарлары алыстан мен мұндалайды. Әсіресе, Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Ақмолла, М. Сералин, Бернияз, Спандияр, Мақыш, Жамбыл т.б. сол дәуірдің белгілі ақындарының шығармашылығын, ұлт әдебиетіндегі орнын анықтаған, тексерген зерттеулерінің астарына үңіліп, ғалымның ерен-ғайып атқарған еңбегінің бағасын беруі, өлеңтанудағы зерттеушілік қырын тану – бүгінгі әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Ұлт әдебиеттануында өзіндік мектебі бар, айқын қолтаңбасы қалған ғалым Б. Кенжебаевтың өлең сөзге арналған алғашқы зерттеулерінің бірі Абай ақындығын танып-білуге арналған мақаладан [1] басталады. Абай тақырыбын одан әрі дамытқан ғалымның М.Әуезовпен бірлесе жазған еңбегі [2] жарық көрсе, кейіннен араға он жыл салып Абай тұлғасын, кемеңгерлік келбетін [3] тереңдей зерттеген еңбектері жарық көреді. Бұлардың баршасы ғалымның әр уақыттарда шығып отырған кітаптарында жаңғыртылып басылып отырды.

Б. Кенжебаевтың Абайды таныстыруы «Кемеңгерлік кепілі» (1954-1955) атты біріне-бірі жалғас екі мақаладан түзілген, терең талдауларға құрылған зерттеу нәтижелері есебінде ғалымның «Әдебиет белестері» (1987) атты кітабына [4] енген.

Қазақ әдебиеттануында Абайды зерттеу, оны өз алдына абайтану ғылымы ретінде зерттеу үлкен, іргелі ұлттық танымға негізделген еңселі, қабырғалы дүние екендігіне ешкімнің дауы жоқ. Абайтанудың іргесін қалаған ғалымдар ішінен Б.Кенжебаевтың өзіндік ойып алар орны барлығын да жоққа шығармаған абзал. Ғалымның: «Әр халық, қандай да ұлт өз әдебиетінің мерейі үшін ортасынан оза шыққан бір дарынды даралау ұстайтыны болады. Ал, біздің Абайымыздың жөні тіптен бөлек. Ол дарын болғанда да уақыт өлшеміне бағынбайтын данышпан ғой» [4,96] деген пікірінен-ақ кемеңгер кейпін кеңірек таныстыруды ниет еткендігі байқалады. Поэзия патшасының шығармашылық өмірбаянын тізбелеуде ғалым ақын өмір сүрген қоғамның саяси-тарихи жағдайын да әңгімелей отырады. Қоғамда жүріп жатқан күрделі оқиғалардың жайын хабардар ету арқылы ақын шығармашылығының туу, пайда болу жағдаятын да жеткізіп отырады. Әдебиет тарихын ел тарихымен, өлең өзегін өмір өрісімен байланыстыра зерттеу де – Б.Кенжебаев ғалымдығының жеке өзіне тән зерттеу стилі екендігін аңғаруға болады. Феодалдық дәуірдің құрсағынан шыққан Абайдың ел жуандарымен алыса жүріп өз өлеңдерінің тақырыбы мен идеялық бағытын ашып-көрсетуде ғалым қоғам шығарған тарихын, ел тіршілігін жете білетін әдебиет-тарихшысы ретінде көрінеді. Абай лирикасының көкжиегіне көз тастай отырып, ақын тудырған, жырлаған тақырып атаулының баршасына бірдей білімгерлікпен барлау жүргізеді. Абайды әдебиеттің ұлы сыншысы В.Г.Белинский сипаттаған талантты ақындардың төртінші шоғырына («төртінші ақынның таланты, шабыты қиыры жоқ, түбі жоқ, бетінде күмбез аспан дүниесі: ай мен күн, жыпырлаған жұлдыз, түнерген, нажағай атқан бұлт бейнесі көрініп тұрған, толқындары әр қилы қайықтарды,

алып кемелерді айдап бара жатқан, тұңғиық, жұмбақты түбі неше түрлі, ірілі-уақты жәндіктер дүниесіне, інжу, маржан армандары мен ақық, седеп таулары толы, мейлі жайшылықта болсын, әрі зәулім, әрі салтанатты шалқып жатқан мұхит тәрізді»-В.Г. Белинский) жатқызады. Абай лирикасының көп қырлылығын (саяси, махаббат, табиғат, көңіл күйі) атай келе: ... ол-лириканың барлық түр-жанрына бірдей жорға ақын» [4, 128] деп бағалайды. Ғалым танымын сатылап берсек, Абай лирикасында:

а) заманның, халықтың да жан сыры, әділ де өткір сыны бар;

ә) шыбынсыз жаз да, қаһарлы қатты қыс та бар;

б) онда мұң-шер, күлкі-қуаныш та, ыза-кек, қайрат-жігер бар;

в) онда терең ақыл-ой, нәзік сезім де, ыстық махаббат, қаһарлы ашу да бар;

г) онда әсем табиғат та, қар, мұз, от, жалын да – яки бәрі бар:

Б.Кенжебаев Абай өлеңдерінің құрылысы мен тіліне де келісті талдаулар жүргізеді. Сөзге бай, тілге ұста Абай тілінің мазмұнына толықтай тоқталып, сараптап, мысал-үлгілерді молынан келтіре анализ жүргізеді. Қазақ сөз құрамын сарқа пайдаланған Абайдың шет сөздерді де орынды, тиімді қолданғанын, сонымен бірге жаңа сөз, тың тіркес жасаудағы реформалық жаңалығына жан-жақты тоқталады. Абай жаңалаған сөздік құрамның негізіне сүйене отырып: «Сөйлемді жаңаша құрды. Және соның бәрін де өте ұста, ұнамды, көңілге қонымды етіп шығарды. Олар тез сіңісіп, қазақтың төлтума сөзі, қолтума сөйлемі болып кетті» [4, 131] деп көрсетеді ғалым Б.Кенжебаев. Ғалым пайымының төркініне көз тастасақ, Абай жаңа сөздерді, эпитет, теңеу сияқты сөз образдарын екі түрлі жолмен жасаған. Біріншісі, бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздер жасау, табу жолымен; Екіншісі, бұрын бар, әдебиетте қолданылған сөздерді жаңғырту, жаңа мағына беріп қолдану жолымен тілдік шоғырлар кестесін құрап, үлгілер ұсынады. Ақын тілінің сан алуан мазмұнды құрайтын бай мұрасынан мол да тағылымды үзінділер ұсынып, өз зерттеуінің қорытынды нәтижесін түйіндеген ғалым: «Өлеңді көріктеу, өлеңнің кестесін келтіру жөнінде де Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ; қазақтың бұрын-соңды ақындарының ешқайсысы өлеңді Абай сияқты ұста, шешен, шебер, келісті көріктеген емес» [4, 134] деген тұжырымға келеді.

Ал Абай өлеңдерінің құрылысын, өлшемін бақылауға келгенде ғалым Б. Кенжебаев өзіне дейінгі ғалымдар пікіріндегі асығыс айтылған болжамдарға түзету енгізеді. Мысалы: «Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңінің өлшеміне өзгеріс енгізеді: қазақ өлеңдері бұрын тек 11 буынды, 7,8 буынды ғана болып келуші еді, Абай аралас келетін 3-4-5 буынды, 5-6-7 буынды, бірыңғай келетін 7,8 буынды өлеңдер шығарды деп айтылып, жазылып келді» дей келе Б.Кенжебаев: «Бұл қате пікір. Абай қазақ өлеңінің өлшемін өзгерткен жоқ. 3-4-5, 5-6-7, 7,8 буынды өлеңдер қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Бірақ олар ұзақ жыр, дастандарда аз қолданылатын, бірді-екілі ғана қолданылатын. Олар көбінше мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін ұсақ өлең, жырларда ғана болатын» деп барып, оған ауыз әдебиеті үлгілерінен мысалдар келтіріп, өз ойын дәлелдеп өтеді. Сонан соң барып: «Абай осыларды өлең-жырға, дастанға көптеп енгізді, жөнге келтірді, заңды етті» деген тоқтамға келеді. Сондай-ақ Абайдың қазақтың өзінен бұрынғы өлеңдерінің шумағы, ұйқасы негізінде жаңа шумақтар, ұйқастар ойлап шығарғанын әр түрінен бірнеше нұсқасынан үзінділер келтіріп ақынның өлеңдеріне жаппай талдау жүргізеді. Ақынның бірыңғай ұйқасқа құрылған өлеңдерінің шеберлік сипатына көз жібере: «Әдейі санадың. Абайдың 20-30 өлеңі осылай бірыңғай ұйқаспен келеді екен» [4, 139] деген пайымдарынан ақ ғалымның Абайтану көнбесінің шынайы жанашыры, жоқшысы, іздеушісі болғандығын аңғаруға болады.

Қазақ ақындарының шығармашылық ахуалына барлау жүргізуде Б. Кенжебаевтың Абайдан кейінгі аса ден қоя зерттеген объектісі С. Торайғыров тұлғасы, оның суреткерлік бітімі. 1946 жылы «Сұлтанмахмұттың ақындығы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған Б. Кенжебаев ақын тұлғасын кеңінен таныту мақсатында бұл тақырыпқа қайта айналып соғып отырды. Соны ізденістің нәтижесінде «Сұлтанмахмұттың ақындығы» (1946), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1957), «Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі» (1968), «Қазақ халқының жалынды ақыны» (1973), «Асау жүрек» (1975) атты еңбектері жарық көрді.

Қазақ әдебиеттануында С. Торайғыров шығармашылығын Б.Кенжебаевтан артық асыра ешкім зерттемегенін ғалымның әріптестері де айтып өтеді. Мысалы, академик Р. Бердібаев ғалымның шығармашылық бітім-тұлғасына арналған жазбасында: «Осы қатарда ғалымның қазақ әдебиетінің классигі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен творчествосы туралы аса күрделі зерттеуін алдымен бөліп атаған жөн. Сұлтанмахмұт мұрасын ондаған жылдар бойында табан аудармай тексерген бірден-бір әдебиетші Бейсембай Кенжебаев деп білеміз» [5, 391] дей келе: «Мұның үстіне Сұлтанмахмұт туындыларын тану мен бағалаудың барысында көптеген көлденең кедергілер кездесіп отырғанын ескерсек, Бейсекең еңбегінің сыры мен сипаты айқындала түседі...» деп біраз нәрсенің шетін аңғартқандай болады.

Б. Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт ақындығына әр қырынан әр жылдарда тоқталуының да өзіндік сыры бар. Ақынның қысқа ғұмырында Алашорда үкіметінің саясатына байланысты шырғаландарының қылышынан қан тамған кеңестік дәуірде әрқалай айыпталуына орай Сұлтанмахмұт кінәсіздігін дәріптеп араша жанашыры Б.Кенжебаев болған. Бүгінгі күн көзқарасынан алғанда Сұлтанмахмұттың алашшылдығы –нағыз ұлтжандылықтың берік үлгісі болары және анық. Алайда идеология үстемдігінің ыңғайталабының үддесінен шығуды әрі ақын арының тазалығын ойлаған шынайы әдебиетші Б. Кенжебаевтың кеңестік кезеңдегі зерттеулерінің маңыздылығы әл әзір өз құндылығын жоймасы кәміл анық.

Сұлтанмахмұт лирикасын тексеруде ғалым Б. Кенжебаев ақынды «әдебиеттің әр жанрында жазатын қабілетті, талантты ақын-жазушы, ғажап ақыл-ойшы» деп көрсете келе, оның шығармаларының бірімен-бірі тұтасып, астасып жатқан негізгі екі түрлі негізгі қасиетін атайды. Ол: алғашқысы, шығармаларының реалистігі, екіншісі-халықтығы. Ғалым ақын болмысындағы аталған екі негізгі қасиетіне кеңінен тоқталып, тереңдете талдайды. Қазақ қоғамындағы болып жатқан оқиғалардың шынайы, реалистік көрінісін ақын өз туындыларында боямасыз, дәл тауып суреттей білген деп тұжырады өз ойын ғалым. Яки халықтың армان-мақсаты, әдет-ғұрпы, ой-тілектері сол заманның даму сипатына орай ақын шығармаларында толық баян тапқан деген ұйғарымға келеді зерттеуші.

Б. Кенжебаев аңғаруынша Сұлтанмахмұттың лирикалық туындылары көбінесе ұзақ, көлемділігімен ерекшеленеді екен. Бұлай болуының екі түрлі себебін көрсетеді автор: Яки бірінші себебі ақынның лирикалық өлеңдерінің негізгі дені Сұлтанмахмұттың жас шағында әлі толық қалыптасып, жетіле қоймаған кезінде жазылған. «Сондықтан оның лирикалық өлеңдерінің бәрі бірдей бас-аяғы жинақы, жұп-жұмыр болып келе бермейді» [5, 238]. Зерттеуші пайымдаған екінші ерекшелік «ақында саяси лирика басым». Аталған лириканың атқаратын қызметі күрделі болуы себепті, заманның өзекті мәселесін қозғаған ақын «белгілі бір тарихи дәуірді, белгілі бір тап өкілдерінің мінез-құлқын, моралдық болмысын суреттейді». Әр түрлі характердің ішкі болмысын суреттеген ақын қоғам қабілетін көрсетемін деп отырып, өлең көлемінің мөлшерін ұзартып алғанын байқамай қалады деген тұжырымға келеді ғалым. Сұлтанмахмұт өлеңдерінің жаңа идеалы, терең мағынасы ақынның өзі айтқандай, оқушының жолына пайда, дертіне шипа беретін» ерекшелігін ғалым суреткердің өзіне тән әдеби стиліне, өзіне тән ақындық бір өзгешелігіне жатқызады.

С. Торайғыров лирикасының тілдік ерекшеліктерін айқындауда да ғалым Б. Кенжебаев біршама тыңғылықты еңбектенген. «Торайғыров шығармаларының тілі» (1955) зерттеу мақаласында ақын өмір сүрген заманның ағымына сай, саяси-әлеуметтік, қоғамдық қызметіне, салт-санасына байланысты кейіпкерлер әлемінің де өзіндік тілі, тілдік ортасы болғандығын баян етеді.

Б. Кенжебаев пайымынша, Сұлтанмахмұт шығармаларының өзіне тән тіл, стилдік ерекшеліктері мынадай екен:

а) Сұлтанмахмұт шығармаларында жай, қарапайым, дөрекі сөздер, ұрыс-керіс, қағыс-сөгіс сөздері көп ұшырайды.

ә) ақын шығармаларында жалыныш, жалбарыныш, күйініш, жиреніш сөздері, қайғы, шер, жүрек, сезім сөздері қолданылады.

б) Сұлтанмахмұттың өлең, поэмаларында, лепті, әуезді сөздер, ұран, үндеу, одағай сөздер, жігер, қаһар сөздері, шешуі өзінен-өзі түсінікті сұраулы сөздер көп кездеседі. Оған мысал ретінде ғалым, ақынның «Екі махаббат, ей достық», «А, дүние. Берсе қанат тәңірім маған», «Мен емес пе шалғы алып, шөбін шапқан?», «Мен емес пе ас қылған, малын сауған?» өлеңдерін келтіріп өтеді.

в) Торайғыровтың өлең-жырлары, поэмалары, көбінше кейіпкердің өз аузынан әңгіме, кеңес, шешендік сөз, сыр, зар, арман болып айтылады» [6, 242].

Сұлтанмахмұт ана тілінің сөздік қорын мейлінше мол пайдаланып қана қоймай, оны жаңа мағына, тың теңеулермен байытқанын, сонымен бірге сөздерге, сөз тіркестеріне соны мағына беріп үстемелегенін ғалым жан-жақты бажайлап, ақын туындыларынан нақты мысал-үлгілер келтіре баяндайды. С.Торайғыров шығармаларының тілін зерттей келе: «Басқа сөзбен айтқанда, Сұлтанмахмұт тілінен ақын шығармаларының екі қасиеті: реалистігі мен халықтығы айқын көрінеді» [6, 242] деген тұжырымға келеді.

С.Торайғыров шығармаларының тіліне тән өзіндік ерекшеліктерді топтап жинақтасақ, Б.Кенжебаев тексерісінде төмендегіше мәселелерді шешуге қол жеткізгендігін аңғарамыз.

1) Сұлтанмахмұт ауыспалы, астарлы мағына беру арқылы қырық шақты сөз, сөйлем құраған;

2) Ғалымның санауы бойынша ақын өз шығармаларында жүзге жуық мақал, мәтел, ксен, шешен өлең сөздер қолданыпты. Кей зерттеулер бойынша Абай өз шығармаларында тек елу шақты ғана мақал-мәтелді қолданғанын еске салған зерттеуші Сұлтанмахмұтты қазақтың бұрын-соңғы ақын-жазушыларын ішінде мақал-мәтелді ең көп қолданған жазушыға жатқызады.

Сұлтанмахмұттың өз шығармаларында мақал-мәтелдерді, шешен өлең-сөздерді қолдану төркінін Б.Кенжебаев үшке бөліп қарастырады. Олар:

а) қазақтың мақал-мәтелдері;

ә) Абайдың мақал-мәтелдері, мақал боп кеткен сөздері;

б) орыс әдебиетінен келген мысал, мақал сөздер;

Автордың жорамал-байқауынша Сұлтанмахмұт қазақ мақал-мәтелдерінің жетпістейін қолданған. Олардың бірқатарын өз қалпында қолданса, енді бірін «өзінше өңдеп, өткірлеп алған» дейді зерттеуші. Ал Абай үлгісін жетілдіруде ұлы ақыннан он бір-он екі мақал, мәтел сөз тіркестерін алыпты. Онда да кейбірін Абайдікі екенін айтып өзгертпей алса, енді бірін «Абай сөзінің ізімен, ықпалымен өзі шығарған десе де болады» дейді ғалым. Орыс әдебиетінен үйренуге келгенде алты-жеті сөз тіркесін атап көрсетеді. Олардың төртеуін Крыловтан деп көрсетсе екеуін Сократ пен Надсонның сөзі деген түйінге келеді.

3) Сұлтанмахмұт қазақтың әдеби тілінен өзге шағатай, татар, діни кітаптарынан араб, парсы сөздерін де едәуір пайдаланып, ұзын ырғасы алпыс сөз қолданған.

4) Сұлтанмахмұт өз шығармаларында орысша сөздерді көп қолданған дейді автор, нақтырақ айтқанда ақын орыс тілінен жүз отыз шақты сөз, атау алған. Ғалымның зер салып, есептеуінше жаңағы жүз отыз сөздің жиырма екі сөзі қазақ тіліне Сұл-

танмахмұттан бұрын енген Абай әкелген сөздер болса, қалған жүз сегіз сөз, атау қазақ тіліне С.Торайғыров шығармалары арқылы енген деген тұжырымға келеді Б.Кенжебаев.

5) Б.Кенжебаев байқаған және бір ерекшелік «орысша сөз, атауларды Сұлтанмахмұт шығармаларында өзінің алдындағы, тұсындағы қазақ ақын, жазушыларының бәрінен де көп қолданған».

С.Торайғыров ақындығына әр қырынан тереңдеп барған Б.Кенжебаев зерттеуінің түйініне ден қойсақ – «қазақтың өз тұсындағы ақын-жазушыларының, өзімен қатар шығып, үзеңгілес, қанаттас болған ақын-жазушыларының бәрінен басы озық, шоқтығы биік ақын».

Б.Кенжебаев ХХ ғ. басында өмір сүрген ақындар ішінен [6, 255] Бернияз Күлеев, Мақыш Қалтаев, Әкірам Ғалымов, Мұхамеджан Сералин, Ақмолла Мұхамедияров шығармашылықтарына арнайы тоқталып, әр жылдарда мақалалар жазып, олардың өлеңсөз өнеріндегі жаңалықтарын білуге талпыныс жасап отырған.

«Ақмолла ақын» (1941) атты мақаласында [7, 179] әкесі қазақ, шешесі башқұрт Ақмолланың қазақ, башқұрт, татар тілдерінде өлең жазып бауырлас халықтарға әбден мәлім ақын болғанын баян етеді. Жәдит ағымын берік ұстанған Ақмолланың қазақ арасындағы ескілікті, ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қоғам қалдықтарын сынап шығарған туындылары мен халықты ілім-білімге, оқу, өнер, ғылымға үндеген өлеңдерін талдап өтеді. Ақынның өз дәуіріндегі түрлі мінезді қоғам өкілдерінің теріс қылықтарын мінеп көрсеткен туындыларының түпкі мәнін ашуға, сонымен бірге дүниеқорлық, зорлық-зомбылық, арамдық, жауыздық істердер тыйылу, таза, тура жүру, әдепті, қайырымды болу [7, 182] сияқты үгітті ойдан тұратынына ғалым тыңғылықты зер салып өтеді.

Б.Кенжебаев Ақмолла ақынның табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдеріне арналған «Көктем», «Жаз», «Күз», «Табиғат құбылыстары» сынды туындыларын аса жоғары бағалайды. Ақынның аталған өлеңдеріндегі табиғат көріністері мен өмірдің келісімді, жарасымды тұстары қоса өрілген деп бағалайды. Екі суретті қатар қоя отырып, «өз көзқарасына сай философиялық ой түйеді, саяси қорытынды жасайды» деп түйеді өз ойын ғалым. Өлең сөздің өрнегін көркемдік жағынан жетілдіруде де Ақмолланың өзі ойлап тапқан сөз сілемдерін: салыстыру, теңеу, шендістіру т.б. атап көрсетіп ақын өлеңдерінен үлгілер келтіреді. Сондай-ақ Ақмолла өлеңдеріндегі шешендік сөздердің, мақал-мәтел мен афоризмдердің «болаттан құйғандай шымыр шыққан сәттері мол» деп әділ басын бере келе ғалым ақынның «Маржани Мәрсиясы» таза қазақ тілінде емес. Түгел түсінікті емес. Ол көбінше ескі кітап тілімен, діни сөздермен жазылған» [7, 184] деп шынайы ғылыми-әдеби көзқарас танытады.

Б.Кенжебаевтың «Бернияз Күлеев» (1982) атты зерттеу мақаласының көлемі шағын. Осы шағын дүниесінде ғалым Б.Күлеев ақындығының басты-басты белгілерін дәл тауып, атап көрсетеді. Зерттеуші Бернияз жайында айтылып жүрген ілгері-кейінді пікірлерді екі топқа бөледі де сол пайымдардың жүлгесімен өз ойын тарата әңгімелейді. Мәселен, бірінші пікірдегі Берниязға тағылған «ақын өлеңдері тым уайымшыл, өлім туралы, өмірдің өткіншілігі туралы көп толғайды, оқушысын оптимистік рухтан айырып, пессимизмге-тіршіліктен түңілуге әкеп тірейді» деген тұжырымды Б.Кенжебаев жоққа шығарады. «Мұндай келеңсіз ойдың айтылуына біздіңше, ең басты себеп-аталмыш шайырдың көңіл-күй лирикасына көбірек ден қойғандығы» [8, 256] дейді зерттеуші. Ақынның көңіл күй лирикасын жырлауға бейімділігін, таланты соған арналса, ол үшін осы айыптау жөн емес деген ой айтады. Өз заманының үнін таныта отырып, «сол өмірден жеріну мотиві жатуы мүмкін. Сондықтан ақынды күншіл-мұңшыл деп орынсыз кінәлау жараспайды» [8, 257] дейді ғалым. Сөйте отыра Бернияз өмірін орыстың лирик ақыны Сергей Есенинмен оның тағдыр-талайымен салыстыра әңгімелейді. С.Есенин мен Б.Күлеев тағдырындағы ұқсастықтарды саралай келе, олардың жырлары туралы: «ақылға ақыл қосып, сезімді тәрбиелеп, тебірендіріп, толғандырып, өмір сүруге, өмірді сүюге баулитын туындылар» -деп тұжырады.

1. Кенжебаев Б. Абай. Еңбекші қазақ, №359, 360, 1925.
2. Кенжебаев Б. Абай – қазақ халқының ұлы ақыны (орыс-қазақ тілдерінде), Алматы. ҚМКӘБ, 1945.
3. Кенжебаев Б. Абай қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы. Алматы. ҚМКӘБ, 1955.
4. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы. Жазушы, 1986. 400-б.
5. Бердібаев Р. Ұстаз, ғалым, азамат. Кітапта: Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 1986.-400 б.
6. Кенжебаев Б. Торайғыров шығармаларының тілі. Кітапта: Әдебиет белестері. Алматы. Жазушы, 1986. 400-б.
7. Кенжебаев Б. Жалынды ақын. Кітапта: Әдебиет белестері. Алматы. Жазушы, 1986. 400-б.
8. Кенжебаев Б. Ақмолла ақын. Кітапта: Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 1986.-400 б.
9. Кенжебаев Б. Бернияз Күлеев. Кітапта: Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы,1986.-400б.

* * *

Пристальное внимание к литературно-научному наследию одного из исследователей истории казахской лирики ученого Б. Кенжебаева, акцентирование роли писателя во вклад в отечественное литературоведение - цель данной статьи.

* * *

The object of this article is to attract the attention to the literary-scientific heritage of one of the investigators the Kazakh Lyrics history B. Kenzhebaeva, accent the writer's role in making a valuable contribution to the national literary history.

*З. Мүтиев*

# ПРОФЕССОР ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МҰРАТЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

«Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығының авторы, белгілі әдебиеттанушы ғалым, пофессор Т. Кәкішұлының зерттеу еңбектерінде қарастырылған мәселенің бірі – ұлт өлең-сөзінің дамуы мен жетілуіндегі эстетикалық мұраттардың қалыптасу трихын айқындаудан басталады. Сын тарихын қазбалап, әріден тексеру үдерісінде Т. Кәкішев қазақ лирикасының өзіне ғана тән эстетикалық тәлімін әдебиеттанудың өзекті, зәру мәселелері қатарында зерттеп, қарастырады.

Жалпы қазақ поэзиясындағы, мейлі ол лирикалық шығарма болсын, мейлі ол эпикалық туынды болсын немесе екі жанрдың қосындысы лиро-эпос бола ма, әйтеуір ұлт өлеңінің табиғи жаратылысын, эстетикалық әсерін, халықтық сөз өнері есебіндегі құдіреті мен таным-тәрбиесін ғылыми тұрғыдан ұғындыруды эстет-ғалым Т. Кәкішұлы фольклорлық мұралардың көркемдік сипатынын бастайды. «Ата мұрасы, халық өнері әлі күнге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында социологиялық және эстетикалық тұрғыдан көп зерттеле қойған жоқ» [1, 7] деген ғалым пікіріне толық қосылуға болады. Халықтың эстетикалық тамыры ауыз әдебиеті мұраларында жатқаны анық. Қазақтың қара өлеңі мен лирикалық жырларының өрімінде жатқан эстетикалық көзқарастарды тудырған халықтың сұлулық пен әдемілікке, тазалық пен пәктікке ұмтылысын, шынайы болмысын танытатын ерекше белгілерді ғалым Т.Кәкішұлы фольклорлық туындылардан сүзіп шығарады. Өлең боп туылып, кейіннен тұтас оқиғалы драмаға айналған «Қыз Жібек» жырындағы көш суретінде берілетін:

Бір қыз кетіп барады,
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулелі бетінде,
Бұралып кетіп барады
Перінің қызы секілді.

- деп келетін сипаттауларды ғалым «көрік пен келбеттің, шынайы сұлулық пен табиғи әсемдіктің тамаша белгісіне» балайды. Эстетикалық әсері күшті, лирикалық әдебі жоғары бұл туындының халық танымының, халық қалауының қаншалықты көркемдік қуатқа ие екендігін Т.Кәкішұлы зерделеп зерттеген. Зерттеуші аңғаруында бұл лиро-эпоста Қыз Жібектің бейнесі сомдалмайды, алайда туынды авторының көркемдік тәсілді шебер игергені соншалық: «Осындай ажарлы көрініс пен шынайы әсемдіктің әр алуан құбылысын, түсіне білген оқушы енді өз қиялына өзі ерік беріп, Қыз Жібектің сұлулығын көңіл көзінен өткізеді». [1, 8]. Таза да шынайы лирикаға тән сезімге құрылған өлеңдік пішіндегі сөз бен ойдың шабысқан, түйіскен эстетикалық ләззатын Т.Кәкішұлы халық ауыз әдебиетінің өзге де эпикалық мұраларынан теріп келтіреді, келтіре талдайды. Мәселен тек «Қыз Жібектен» ғана емес, сондай-ақ «Қобыландыдағы» Тайбурылдың шабысынан «Шырағым Бурыл, шу,- деді, (Құбылып Бурыл гуледі), адамның ғұмырлық жасын онға, он беске бөліп сипаттаған (термелеген) толғау-термелерден («Он бес жас құйын қуған желменен тең, Жиырма бес дауыл ұрған перімен тең»), эстетикалық эмоцияның туар жері-айтыстан («Көсілген көмекейің ақын емес, // суындай сөзің нәрсіз шалшық көлдің») деп келетін лирикалық шумақтардың өрімінен сыр суыртпақтаған зерттеуші халқымыздың эстетикалық таным-түсінігінің белгі-мөлшерін өлең-сөз шығармаларының әр түрінен, әр жанрынан іздеп, түгендейді.

Сынтанушы Т.Кәкішұлы өлең-сөз туындыларындағы лирикалық персонаж табиғатын тануды тек қана фольклорлық мұралардан іздеп қоймай қазақтың айтыстар тарихында есімдері мәшhүр «Біржан Сара» айтысынан бергі Сыр шайырлары: Шораяқтың Олсары, Ізтілеудің Тұрмағамбеті, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Таубай Жүсіп және басқа да импровизациялық өнер саңлақтарының жыр-өрнегінен де тауып, саралайды, мысалдар келтіре ой сабақтайды.

Сөз өнерінің қадыр-қасиетіндегі биік тұғырлы эстетикалық өлшемдерді Т.Кәкішев жартылай поэзиялық шығармалар деп танылған V-VIII ғ.мұралары Орхон-Енисей, Талас-Шу ескерткіштерінен де іздеп табады. Сонымен бірге қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірінің (Ислам, Алтын Орда) поэзиялық шығармаларына қатысты эстетикалық сыни мұраттарға халық адалдығының, оның ойлау дағдыларының сенімді, нанымды көзқарастарын байқатады.

Проф. Т.Кәкішұлының қазақ лирикасының эстетикалық мұрат-бағдарын оның байқатудағы алымды ізденісі данышпан Абай поэзиясын тексерген зерттеуінде соны сипат тапқан. Абай ақындығының сан қырлы тұрпатынан таңдап, сұрыптап жүріп эстетикалық танымы мен қатаң талапқа құрылған қағидаларының тереңіне барлау жүргізген ғалым ұлы ақынның ұлы тенденциясын (өлең сөз өнері хақындағы): «Адамның жан жүрегін тербейтін, ұлан-ғайыр әдемілік пен сұлулық құндағына бөлейтін, сана-сезімді әлдилеп уататын Абай поэзиясы – ермек таба алмаған жарын көңілдің ызыңы емес, өз заманының кем-кетігін жетік білген, оны түзетейік деп әлек болған ұлы ойшылдың күрес құралы. Сондықтан да ол өлеңге де, үнге де, оны шығарушы өнерпаздарға да қатаң эстетикалық талаптар қойды» [1, 43] деп таратып, ашып көрсетеді. Абайдың эстетикалық, гумандық ойларын танытатын жыр-шумақтарынан үзінділер ала отырып, бүгінгі қоғамның біз өмір сүріп отырған дәуірдің ақындары қандай болуы керектігін Абай қалаған, Абай талап еткен өнер концепциясының баптарына салып

талдайды. Әсемдік әлеміне сөз патшасы арқылы енудің сара жолын салып берген Абайдың эстетикалық таным-қалауын Т.Кәкішұлы ақынның сыни ойларымен қоса алып қабыстыра талдайды. Ғалымның «Өнерді өнегелі іспен, әлеуметтік мәнмен, талапкер қою – Абайдың сыншылық ойының өрелі биігі» [1, 45] деп ой сабақтайды. Абай талғамының өзінен кейінгі ұлттық поэзияның өкілдеріне ой салар, бастама болып бағаланар, өнерде жол ашар сілтеме болғандығын ақын өлеңдерінің эстетикалық танымға құрылған шумақтарынан үзіділер алып, жан-жақты талдап, зерделей келе: «Сөйтіп Абайдың көркем сөзге қояр талап-талғамы қазақ әдебиетін өркендету жолындағы эстетикалық жаңа норма болып қалыптасты» [1, 46] дейді өз ойының түйінінде.

Кітаптың «Өтпелі дәуір поэзиясы» атанған проза, сын, жанрларының мәселелерімен бірге бөлімнің «қазақ совет поэзиясының өсу жолындағы кездескен қиындықтар» тақырыбындағы шолуында ұлт поэзиясының жүріп өткен жолындағы кездескен кедергілерді үшке бөліп көрсетеді. Бүгінгі азат ел ғылымының көзқарасымен қарағанда Т.Кәкішұлы көрсеткен қиындықтардың кеңестік идеология ағымының жетегінде жазылғанын аңғаруға болады. Байшыл-ұлтшылдық пен кедейшіл-кеңесшіл ұғымдарының қоғам дамуындағы антонимдік қарамақайшылығы әдебиетте де қозғаушы жетекші роль атқарғанын ескерсек, ғалымның аталған зерттеулер шоғырының неге «өтпелі дәуір поэзиясы» деп атанғанын бірден түсінуге болатындай. Зерттеуші саяси идеологиялық мазмұнын былай қойып, таза әдеби, ғылыми пайымдарына көз жүгіртсек, Т.Кәкішұлының көркемдік шеберлікке қатысты пікірлерінің лирика дамуындағы қажеттілігі дәуірлік кезең шындығынан алыс кетпейді. «Творчестволық өркендеу барысында кемістіктер болмады деген пікірден аулақпыз», -дейді ғалым өткенге мойын бұра, сонда да: «Кейбір шығармаларда өмір материалын қорыта, жинақтай алмағандықтан, реализмнің орнына натурализмнің элементтері де кездескенін жасыруға болмайды» [2, 57]. Бұндай келіссіз көріністердің кездесуін әдебиеттің өсіп-жетілуіндегі «қиындықтардан туған кінәраттарға» жатқызады.

«Дәуір дидарының» «Саяси лириканың қазақ совет поэзиясындағы орны» атанған тараушасында негізінен жаңа мазмұнның пайда болуы, ескі форманың бірте-бірте жаңаға орын беруі, тың ізденістердің пайда болуы сияқты өлең-сөздің өзекті мәселелері қозғалады. «Жоқты тыңнан жасауды, тудыруды талап еткен» заманның жаңаға ұмтылысындағы негізгі ізденістерді ғалым тұжырымының дәйегіне салып, сұрыптап сөз етсек мынадай жетістіктерді көруге болады:

1) Поэзия дәстүрінде көбіне лирикалық сыңайда сюжетсіз жырланатын өмір шындығы, сондай-ақ, дидактикалық сазы қалың боп келетін қазақ поэзиясының түрлері бұрынғыдан гөрі жетіле, өркендей түсіп, көркемдік даму барысында үлкен эпикалық шыңға қол сермеді, өлең техникасына ырғақ, ұйқас, ритм, мақам жағынан бірқыдыру жаңалықтар ене бастады» [2, 57].

2) Қазақ поэзиясының (*Ескерту: совет сөзін жазбай отырмыз, ол ұғым қоғамдық құрылыстық ресми атануы ретінде қазақ сөзінен кейін орын алып отыруы – сол дәуірдің заңды рәсімі болатын. –З.М.)* өркендеу жолына көз салған уақытта, ертеден қалыптасқан өлең өрнектерінің жаңа мазмұнымен, жаңа образды теңеулермен, соны ырғақпен, тың ақындық леппен толыса түскені байқалады.

3) Табиғат лирикасында пейзаждың көркі өзгеріп, адам қуанышын әсірелейтін, көңілін көтеретін көрікті де әсем бояулар көзге түссе, махаббат лирикаларында сүйіскен жастардың көзінен шаттық нұры жарқылдайтын болды.

4) Сюжетті өлеңдермен циклдар, салмақты ойды сабырмен жеткізетін балладаның алғашқы нышандары көріне бастады.

5) Халық өмірін жырлауды өзінің борышы деп таныған кеңес әдебиетінің өкілдерінде поэзияның басқа түрінен гөрі саяси лирика ерекше басым болды.

Міне, осы бес ерекшелікті сол кезең поэзиясының жетістігінің нақты дәлелі деп көрсетеді лирика тарихын зерттеуші Т.Кәкішұлы. Ғалым болжауынша ұзақ та күрделі даму жолынан өткен қазақ поэзиясының келешегінде пайдалы тұстары бар. Ол, біріншіден, өлең-сөздің тұрақты форманы иеленуінде жетекші түрі болуы мүмкін. Екіншіден, жаңа шығармашылық мүмкіндіктерді ашады. Үшіншіден, жаңа әдісті игеру, орнықтыру, көркемдік шеберлікке жетілдіре түсу үдерісінде мұрындық болмақ.

«Өтпелі дәуір поэзиясының» (1960) үшінші бөлімі «Қазақ (совет) поэзиясы қалыптасуының шешуші факторлары» аталып, мұнда ұлт поэзиясының аяғынан тік тұрып, қаз басуын ғалым ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяқ шеніне дейін созылды деп есептейді. Ал, ол тұрақты даму үдерісіне түскен өскелең жанрдың негізгі шешуші рөлге ие қалыптастырушы тұлғалары, көшбасшылары ретінде үш ақынды, олардың жаңашыл, бастамаларын үлгі етеді. Олар: С.Сейфуллин, Б.Майлин және С.Мұқанов. Сәкен поэзиясы арқылы өршіл романтикалы кеңестік заман бейнесі «шебер мүсінделгенін» алға тартса, сюжетті, шағын өлеңдерімен Бейімбетті дәріптейді, шын мәніндегі көркем образдардың жасалуында» Сәбиттің шегіне ешкімді жеткізбейді зерттеуші Т.Кәкішұлы. Өз тұжырымына еш күмәнсіз автор: «Творчестволық осы үш процесс қазақ поэзиясының аз жыл ішіндегі табыстарын да, өлең өрнектеріне сыздықтап енген жаңалықтары да, жанрлық түрлердің көбеюін де, көркемдік шеберлікке жету жолындағы ізденістерді де қамтиды» [2, 62] деп бір-ақ кеседі. «Халықтық және профессионалдық поэзияның творчестволық бірлігі жайында» делінген тараушада аталған екі (халықтың және кәсіптік) поэзияның шығармашылық байланысын қарастырады. Ғалым екі салалық арнаға бөлінгенімен өркендеу, өсу жолының барысында ескі мен жаңаны байланыстыруда «бір арнаға құюы осы әдебиеттің ерекшелігінен саналады» деп бағалайды. Жазба әдебиеттің көркемдік қасиетін күшейтуде халықтық дәстүрдің, әсіресе фольклорлық мұралардың әдіс-тәсілдеріне қаныққан халықтық поэзияның жетек-

шілік ролінің күшті, әсерлі болғандығын зерттеуші өз жазбасында атап өтеді. Кәсіптік жазба поэзияның жетіліп-өсуіне ауыз әдебиеті дәстүрінің оң ықпалы болғандығын Т.Кәкішұлы екі тұрғыдан қарастырады. Бірінші, шығармашылық таланты, мүмкіндігі аздау, дәрменсіз ақындардың ауыз әдебиетінің «уысынан» шыға алмағандығымен байланыстырады. «Мұны талдап жатудың қажеті аз, өйткені олар не ауыз әдебиетінің, не жазба әдебиеттің өкілі болып ештеңені жарылқаған жоқ» деп тұжырады. Екінші, жазба әдебиеттің көрнекті өкілдері боп, қалам тартқан шын дарындардың екі салада да жемісті еңбек еткенін, олардың «шығармаларында екі саланың творчестволық бірлікпен өрілгенін көреміз» дейді автор. Т.Кәкішұлы фольклор мен жазба әдебиеттің ара жігін шебер қиыстырып, дәстүр мен жаңашылдықты одан әрі шынайы түрде дамытқан ақындарға І.Жансүгіровті («Беташар»), С.Сейфуллинді («Келіншектің бесік жыры») жатқызып, олардың поэзиясындағы ауыз әдебиетіне тән үлгілердің молдығын, ескіге жаңа мағына беріп, сөз қуатының ерекше екпін ала күшейе дами түскендігіне назар аударады. Мәселен, жоғарыда сөз болған Ілиястың «Беташарында» «түр, мақам жағынан халыққа талай ғасырдан белгілі, көңіліне мақтан арнаған беташардың барлық дәстүрін сақтап, оған жаңа мағына бергендігін» атап өтсе, Сәкеннің «Келіншектің бесік жырында» сипатталатын ұлт болашағына қажетті қарекеттердің, керекті, болуға тиісті адами қасиеттердің баршасын қамти алған деп баға береді.

Сын тарихшысы Т.Кәкішұлының пайымынша, халықтың және жазба поэзияның арасындағы жеделдеткен «жеделдете түскен процесс» боп табылады. Екі саланың ойдағыдай дамуына ықпал еткен, үйрену мектебі болған қуатты екі арнаның болғанын ғалым ата өтеді:

«Біріншісі» – талай ғасырдан бері поэзия саласында көркемдік шеберліктің биік деңгейіне қол создырған жалпы қазақ әдебиетінің, әсіресе, Абай жасаған озық дәстүрлер мен кеңес ақындарының бір-біріне ықпал етуі;

Екінші арна – басқа әдебиеттерден, әсіресе орыс әдебиетінен үлгі алып, үйрену жолдары;

Қазақ өлең-сөзінің сан жылдық даму тарихынан сыр тартқан Т.Кәкішұлы «Өтпелі дәуір поэзиясы» (1960) зерттеуінде ұлт өлеңінің өткен жолын біз айтып өткен үш бағытта (үш тақырыпта) алып,
тексеріп қарастырған. Егер де Т.Кәкішұлы ізденісінің нәтижелерін қорытсақ, ол мынадай мәселелердің шешім табуына қол жеткізген.

1. Қазақ Республикасының (ҚазССР) 40 жылдық мерейтойы қарсаңында кеңестік қазақ поэзиясының алған асуын, қол жеткізген табыстарына өзі өмір сүріп отырған қоғамның идеологиялық көзқарасының шеңберінде тексеруге қол жеткізген.

2. Қазақ поэзиясының қалыптасу, өсу, даму жолында кездескен қиындықтардың себеп-салдарын анықтауға, білуге, сол арқылы болашақ бағдарын болжауға күш салды.

3. Поэзия дамуындағы саяси лириканың алатын орнын, атқаратын идеологиялық өнерін әдебиеттің формалық, мазмұндық әрі көркемдік қуатымен байланыстыра, қабыстыра зерделеуге күш салды;

4. Қазақ поэзиясының қалыптасуындағы шешуші факторларды жаңа заман жырының түзелісіне ат салысып, алдыңғы саптан табылған кеңесшіл, пролетаршыл ақындар шығармаларының айдынына үңілу арқылы табуға ұмтылды, мақсатын айқындады.

5. Ұлт поэзиясының даму, өркендеу барысында шешуші әдіс-тәсілдерге айналып, жалпы өсуде ықпал-әсері барынша мықты әрі мығым бағыттарға не халықтық және кәсіптік (профессионал) жазба әдебиеттің екі саладағы бірлігіне, құстың қос қанатындай жетілу өрісіне назар аударды.

Ғалым Т. Кәкішұлының көркем сөз – поэзия өнерінің, оның иесі өлең тудырушы өнерпаз-ақындар шығармаларының басты-басты деген жаңашыл өрнек-үлгілеріне әр қырынан көз салып зерттеулер жазуы – қазақ әдебиеттануының өлең-сөз жанрын тексерушілердің түпкі мұрат-мақсатының нәтижелілігін айғақтаса, дәлелдесе керек.

Т. Кәкішұлының «Аққан жұлдыз жарығы» (1969) аталған зерттеу жазбасының нысандық тұлғасы – «жарқын жұлдыздай ағып өткен жалынды ақын» – Баймағамбет Қанапияұлы Ізтөлин.

Б. Ізтөлинді ғалым пәк сезімді, адал жүректі, дархан көңілді, ой-арманы шалқар ақынға жатқызады. Зерттеудің алғашқы ширегінде Б.Ізтөлиннің өмірі мен қайраткерлігіне кеңінен тоқталған автор келесі ширекте ақын өлеңдеріне талдаулар жасайды. Ақын мұрасының көлемі шағын болғанымен, мәнмағынасының салмақты екенін ескерткен ғалым Б. Ізтөлинді Сәкен дәстүрін, жолын жалғастырушы суреткер есебінде таниды. «Қазақтың ағартушы-демократ әдебиетінің бағытынан нәр алып революциялық идеологияны бірден жырлап кеткен Баймағамбеттің жолы Сәкен Сейфуллинді еріксіз еске түсіреді» [3, 144] дейді ғалым. Сәкен сынды бірден жаңа дәуірдің саясатын оңды ұғынып, тың тыныспен жырлаушы кіріскен ақынның шабыты тасып-шалқып, нақ кемеліне келген кезде өмірден кетуін кезінде С.Мұқанов та [4, 304] жазған болатын.

Жеке ақындар тұлғасына, олардың өнерпаздық-шығармашылық орбитасына барлау жүргізуде ғалым қырына алынған ақындардың санында Шолпан Иманбаева да бар. Шолпан әдебиет тарихында өзіндік орны бар, қазақтың жазба әдебиетінде аты мәлім, әйелдер ішінен шыққан тұңғыш ақын-қарлығаштардың бірі. Т.Кәкішұлы Ш.Иманбаеваның өмірбаяндық ғұмырына жан-жақты тоқталады. Ақын өлеңдерінің өрісін, өзіндік қолтаңбасын айырып-айқындауға күш салады. Шолпан жырларының негізгі арқауы қазақ әйелдерінің сан ғасырға созылған күндік қамытынан құтылуы, жаңа өмірді қуана қарсы алу идеясын көтергенін зерттеуші: «Оның творчествосының негізгі бағыты-күндіктен құтылып, азаматтыққа қолы жеткен қазақ әйелдерінің ар маны мен талабын, келешегін жырлау» [5, 15] ұғындырады.

Қазақ өлең-сөзінің келелі мәселелерін қарастыру үстінде Т.Кәкішұлының қалам қырына іліккен үлкен суреткердің бірі – Сәбит Мұқанов. Сәбиттің әдебиеттегі тарпақ тұлғасын таныту барысында оның ақындық өнеріне де ізденіс жүргізген ғалымның «Халқына тартқан қаламгер» (1980) зерттеуінде нақты сипатталады. С.Мұқанов жайындағы монографиялар мен зерттеулердің әдеби-ғылыми еңбектердің көптігін алға тартқан зерттеуші өйтсе де: «Зор дарын туралы, оның өнер өткелдеріне көз сала отырып, қазақ әдебиетіне қандай олжа салғанын, қандай үлес қосқандығын қысқаша айтып өтуді жөн көрдік» [6, 162] дейді.

Тұрсынбектің тың тұжырым, соны пікірмен жазылған мақаласы («Кенші ақын сырлары», 1982) қазақ лирикасында өзіндік жаңалығы бар Кәкімбек Салықовтың поэзиясын зерттеуге арналған. Кәкімбектің суреткерлік келбетін кеңірек көлемде қарастырмақ болған Тұрсынбек мақаласы бірін-бірі толықтырған екі бөлімнен тұрады. «Сезім мен сурет өрімі» аталған бөлім материалдары соңында көрсетілгендей 1978 ж. жазылған. Ал «Шын жүректен» аталған бөлім алдыңғының 1982 ж. жазылған жалғасы болса керек.

Т. Кәкішұлы танымында кенші ақын атанған К.Салықовта, оның ақындығында «өрекпеу, кеуде соғу, мықтылық көрсету жоқ, қасиетті әдебиеттің, ақ жарқын поэзияның алдында иба сақтау басым. Оның ибалығы әшейіндік жасқаншақтық емес, үлкен ақындық мәдениеттің көрінісі» [7, 284]. Осылайша қарапайым жүріп-ақ өз үнімен, өз даусымен таныған ақынның шығармашылық айдынына тереңнен көз салған ғалым К.Салықов суреткерлігінің негізгі басты ерекшеліктерін көрсетіп, оның өлеңдерінен үзіктер келтіре талдайды.

Осы жүйелі топшылаулар мен жинақты тұжырымдар ғалым Т. Кәкішұлының К. Салықов ақындығын айқындаудағы негізгі басты белгілер саналады. Кәкімбектің мықты ақын, сарабдал суреткер, сыршыл лирик, ақылман дидактик т.б. поэтикалық қырларын жан-жақты ашып әдеби-ғылыми үдерісте талдап, шағып шыққан Т. Кәкішұлы Салықов шығармашылығында кездесіп қалатын кемшін тұстары да өзінің сыншылық сарабынан тыс қалдырмаған. Мәселен, сыншы, ғалым Т. Кәкішұлы: «Әрине, Кәкімбектің қолынан шыққанның бәрі де сурет болып кетеді дегеннен аулақпын» [7, 288] дей келе «Балхаш көліне арнағаны ажарсыз болса, «Жетісудің желкілдеген жеті өзеніне» Ілиястан кейін теңеу таба алмай, қатты қиналған» дейді.

Кәкімбек Салықов өзінің шығармашылық ізденіс аймағында орыс ақындары С.Есенин мен А.Твардовский үлгілерін пайдаланғанын, сол дәстүрмен Москва тақырыбындағы циклдердің дүниеге келгенін Т. Кәкішұлы өз зерттеуінде атап өтеді. Кеңестік елдер (орыс, қырғыз, болгар, румын т.б.) мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастарды жырлаудағы көркемдік әдіс-тәсілдерді «Шын жүректен» (1979) жыр жниағында қалай іске асырғанын, өзі өмір сүріп отырған қоғамның тыныс-тіршілігін оптимистік сарында кеңінен жырлай алғандығын Т. Кәкішұлы ақынның шынайы талантының дәлелі ретінде алып, бағалайды.

Ұлт әдебиеттануының дамуына үлкен үлесін қосып, сын тарихының тұтас дәуірлік деңгейін әріден қозғап, бүгінгі ғасырға жеткізуші ғалым Т. Кәкішевтың мол рухани дүниелерінің ішінде қазақ лирикасының өзекті мәселелерін көтерген зерттеулерінің мәні мен маңыздылығы жуық арада құнын жоймайтыны кәміл анық.

1. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Білім, 2003.-188б.
2. Кәкішев Т. Өтпелі дәуір поэзиясы. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.
3. Кәкішев Т. Аққан жұлдыз жарығы. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.
4. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. Алматы: Жазушы, 1979.-380 б.
5. Кәкішев Т. Шолпан. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304б.
6. Кәкішев Т. Халқына тартқан қаламгер. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.
7. Кәкішев Т. Кенші ақын сырлары. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.

* * *

Обращение пристального внимания к трудам рофессора Т. Какишулы позволяет заметить, что значительную часть его трудов о развитии казахской литературы занимают исследования жанра лирики. В статье сделан анализ научных исследований об истории и природе казахской поэзии.

* * *

Paying great attention to fropessor T. Kakishuly is works lets notice that the main part of his works about the development of Kazakh Literature takes investigation of lyrics. There was done the analysis of scientific researches about the history and nature of Kazakh poetry in the article.

*Л. Е. Сапартаева*

## І. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ

Ілияс Жансүгіров – аса ірі талант иесі. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында үлкен еңбек сіңіріп, осы әдебиеттің негізін салушы, үлкен тірегінің бірі болды. Ілиястың жазушылық еткен жиырма шақты жыл өмірі қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңдерімен тұстасады, яғни ол осы әдебиетпен жарыққа бірге шығып, бірге жасасып келді. Сондықтан өзі негізін салысқан жас әдебиеттің жетістіктері мен табыстарының бәріне Ілияс ортақ, бәрінде оның үлесі бар. Күннен – күнге, жылдан – жылға үздіксіз өсіп,

жетіліп келген осы әдебиетінің алдында тұрған маңызды мәселелері мен міндеттері Ілияс шығармашылығына да тән. Сондықтан да бүгінгі тәуелсіздік алған кезде Ілиястың ақындық қуатына, ерекшелігіне қайта айналып соғып, оның шығармаларының құндылығына айрықша тоқтау қажет.

Жүйрік те асқақ ақын Ілияс Жансүгіров ең алғаш әдебиетке қадам басқанда ортадан төмен білімі бар, ауылда өскен ересек жігіт еді. Оның бойындағы бар қаруы: ауыз әдебиеті, Абай мен Ыбырайдың, Махамбет және т.б. өлеңдері және кейбір Шығыс ақындарының шығармалары болатын.

Ауылда өскен жас ақынның туған ел әдебиетіне – халықтың асыл сөзіне – бұл секілді таң қаларлық тамаша көзқарасына Абайдың тікелей әсері тигендігі даусыз. Мұны Ілияс өлеңдерінің құрылысынан да анық көреміз. Поэзияда Абай жасаған үлгілер Ілияста өте кең орын алған. Басқасын былай қойғанда, Абайдың өзінде сирек кездесетін «Сегіз аяқ», пен «Бойы бұлғаңның» үлгісімен жазған Ілияста «Қалпымыз», «Шым – шытырық» деген өлеңдер бар.

Ілияс поэзиясының қалыптасуына Абай шығармашылығының тигізген әсерін және Ілияс шығармаларында Абай өнегесінің алатын үлкен орнын тағы да толып жатқан мысалдармен көрсетуге болады. Орыс поэзиясының Абай қолданған шалыс ұйқас үлгісі Жансүгіров поэзиясында аллитерация, ассонанстармен құлпырып жанып кетеді.

Жанардың жанған жалыны,
Жердің жүзін жарық етер.
Жарылқар жалшы, жарлыны,
Жаңа жұрт жасар, қарқ етер,[1.235]

Жалпы ассонанс пен аллитерация – Ілияс поэзиясында табиғи түрде кең орын алған ақындық құралдар. Олар еркін, өзінен - өзі ағылып, құйылып отыратын секілді.

Осымен бірге Ілияс үш буын, бес буын өлеңдердің де үлгісін салып көрген.

Ақынның ерекшеліктері өлең түрлерімен қабат, басқа да поэзиялық қасиеттер мен көркемдеуіш құралдардан тұратыны белгілі. Соның ішінде ақынның үні, арыны, лебі, тынысы, тілі, сарыны, бейнелеу тәсілдері секілді бір – бірімен тығыз байланысты қасиеттер мен құралдар – ақынның идеялық өресіне сәйкес өмір шындығын көркем бейнелеуге қызмет етіп, ақынның талантын, поэзиялық күш – қуатын, шеберлігін танытатын белгілер мен сипаттар.

Бірақ кейін келе ол өзінің ақындық күшінің ең салмақты жағы поэма екенін баршаға дәлелдеп берді. Ақын бойындағы айрықша қуат пен дарын, шеберлік пен ойлылық оның эпикалық туындыларынан айрықша көрінеді. Әсіресе, «Дала» мен өнер тақырыбына жазған поэмалары «Күйші», «Құлагер» тұсында Ілияс өлшеусіз биікке көтеріледі.

«Ілияс Жансүгіровтің ақындық мұраларының ішінде үш поэмасы қазақ поэмасының екі үлгісін танытады, Осы «Дала».«Күйші»,«Құлагер» поэмалары тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүние тану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас – барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады». - деген еді М. Әуезов.[2. 265]

Заман шындығын терең ашып дәуірдің қат – қабат шытырманды оқиғаларын геройдың психологиялық сезім күйлері арқылы бейнелеу Ілиястың өнер тақырыбына арналған поэмаларының көркемдік сапасын белгілейді. «Күйші» поэмасындағы Қаракөз бен күйші жігіттің өнерге еліктен адамдық сезім осалдығы кейіпкерлерді үлкен арпалысқа салады. Біріне – бірі бір ауыз сөз қатпастан күй тілімен түсінісіп отырған кейіпкерлер сезімін суреттеуде ақын үлкен шеберлікке көтеріледі. Сонымен бірге Ілияс кейіпкер мен заманның ара қатынасын белгілеуде де тың түсінік, жаңа көзқарас аңғартады. «Құлагер» поэмасындағы Ақан арқылы Ілияс беймезгіл заманда туған өнер адамының ескілікке деген өктем назарылығын көреді. Сондықтан да Ақанның қанша қуғын мен азап көрсе де, мойып, ешкімге бас имеген кейпінен ол үлкен романтикалық бейне табады. Ақан өлімнің өзіне ол романтик кейіпкер дүниеге табынбай, өрлікпен өтуі ретінде қарайды («Тұсында пері болсын, сері болсын, ұнайды өлімімен Ақан маған»[1.310].

Ілиястың тарихқа көзқарасы, оны тануы мен екшеп ала білуі, бұл жағынан, кейінгі әдебиетшілерге көп үлгі. Дәуірі жағынан ескі заман уақиғаларын суреттеуге арналғанмен, ақын поэмалары бүгінгі дәуір шындығымен терең байланыста жазылған. Молықбайды айтса, ол бүгінгі күй сарынының өзгергенін, жаңа күйді көрсетеді. «Күйшіде» хандар тепкісінде теңдік аңсаған күй сарыны мен «Құлагерде» Ақанды зарлатқан заман әділетсіздігін бүгінгі шындыққа қарсы қояды. Фольклорлық дәстүрді дамытып оны бүгінгі мазмұн мен түр бірлігімен қалтқысыз сәйкестіре сақтаған бұл туындылар дүниежүзілік поэзияның озық дәстүрлерін бойына сіңірген үздік үлгілері еді.

Ілияс эпикада да, лирикада да терең ойдың, үлкен сезімнің, ұшқыр қиялдың ақыны болды. Ол әрқашан ақын жүрегін жарып шығатын шын сезімді жырлады. Ал, ақын сезімі үнемі заман құбылыстарымен, ондағы өзгеріспен байланыста көрінді.

Ілияс поэзиясына тән тағы бір зор ерекшелік – оның ақындық екпініндегі өзіндік үн, лирикалық леп. Не жайында, қандай күйде жырласа да, ақын шын көңілмен жырлайды. Барлық жерде ақынның жүрек сыры ақтарылып, ыстық сезім жалын атады. Оған салқындық, селқостық яки жалған сезім жат. Дарашылдық пен эстетшілдік лирикасынан Ілияс аулақ. «Кеңесті далам, кең далам», «Айдалам, Арқам, ауылым», «Асылға бай кендерім, астыққа бай жерлерім», деген өлең жолдары, жүректің тек қана таза шыңырауынан шығуы мүмкін. Ілияс поэзиясына айрықша әр, ажар, әсерлі күш беретін де осы – жалынды лирикалық леп.

Қазақ поэзиясында бүгінге дейін өнер жайында көп жазған және көркемдіктің шыңына жеткізе жазған І.Жансүгіров пен теңдесер қаламгер жоқ. Сонау 20-жылдардың бас кезінде өмірге келген "Әнші"

өлеңінен басталған бұл тақырып тек қазақ әдебиетінде ғана емес, қазіргі әлемдік поэзиядағы айтулы туындылар санатындағы "Күйші" мен "Құлагер" сияқты классикалық поэмаларға ұласты. Акынның осы екі аралықтағы шағын көлемді, бірақ керемет суретті, екпіндеп ескен желдегі көтеріңкі лепті туындылары жоғарыда талданды.[3.241]

Ілиясты ылғи да ән-күйдің әсерінен туған, өзіне ғана мағлұм күшті сезімдер булықтырып жүретін болса керек. Ол соларды сарқа, ақтарыла бір, құйқылжыта, нөсерлете бір жырлауға біртіндеп жақындай берген тәрізді. Осы жолдағы оның асқан бір айтулы белесі - өзінің қазақ күйлерін жетік білетінін, олардың сыры мен сипатын нәзік сезініп, оларды өздеріне лайық көп бояқты құлпырған тілмен суреттеп бере алатын ерекше талант екенін танытты. Поэманың басты кейіпкерін:

Қобызшы Малқыбай шал Матайдағы
Матайда Кенже, Тұңғат, Сақайдағы
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы, [1.385].-

деп таныстыруынан-ақ күй құдіретіне елтіп, шарықтаған шабыттың екпіні сезіледі. Осы "жарықшақ үні тозған қаңсыған", "еңкейіп екіндідей күні кеткен" шалыңыз кім десеңіз:

**Қобызшы ол "Ақ көбікті" аңыратқан**
Бездатып "бозінгенді" күңіренткен. [1.389]

Малқыбай қобызшыдан ақынның бала кезде тыңдаған "Бозінген" күйінің әсері шер-күйік боп жүрегіне байланып қалғанын сол күй жайындағы поэмада суреттелген аңыздан анық байқаймыз.

Міне, осылайша Ілияс асудан-асу бел асып келіп, 1934 жылы өзінің әйгілі "Күйші" поэмасын жазды. Поэма оқырманды салған жерден тау өзенінің арынды ағысындай үйіріп әкетеді: оқиға Арқадан ауып Жетісуға келген хан Кененің ордасынан басталады. Абылайдың арыстан жүректі немересін ардақ тұтып, сыйлаған халық, Жетісудың ығайы мен сығайы оның құрметіне ту бие сойып, той жасап, ерулік беріп, тарту-таралғы ұсынып, жік-жапар болуда. Поэманың қаһарманы Сарыүйсін руынан шыққан салт атты, сабау қамшылы бір жігіт сондай той-думанның біріне тап болады. Бар жақыны - жар дегенде жалғыз шешесі ғана. Ел оны күйші деп қана атайды. Ешкім есімін ауызға алмайды, сірә білмейтін болса керек. Бірақ сол аты жоқ Сарыүйсініңіз осында жиналған хан мен қараны тамсандыруда:

Аңқытып ақ орданың бір жағында
Күйші отыр домбыраны дүрілдетіп,
Құмар қып тартқан күйдің ырғағына.
Оның күйін тыңдаған жұрт:
Жып-жым-жырт тыңдағандар тіл кескендей,
Құрыштап құлақтарын үн кескендей.
Сылдырап кейде қамыс, кейде бұлақ,
Қырдағы қоңыр түнде жыр көшкендей. [1.396]

Оның тартқан алуан түрлі: зарлы, ащы, тәтті күйлері тас бұлақтың суындай лақылдатып, біресе жүректі шымырлатып, біресе көңіл шымшиды." Асан Қайғы", "Теріс қақпай", "Сарыөзен", "Бозінген", "Қаражорға", "Қорамсақ" күйлері Алатау, Алтай, Арқа, Қыр, Сырды шарлатып, Ұлы Дала аумағында өткен ел тарихын елестетеді. Осыларды автор:

Анқылдап алтын күрек домбырадан
Құйып тұр жазғы жылы жаңбырдай боп,[1.398].-

деп суретті сөзге көшіреді.

Табиғат тып-тыныш бола қалды.
Қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп,
Қамыстан жолбарыс та ыңыранды.
Күн тыңдап кірмей тұрды ұясына,
Бұлт тыңдап, мінбей тұрды тау басына. [1.402]

Осылайша, адам түгіл, жан-жануар, өлі, тірі табиғатты манауратқан Күйшіні ханның қарындасы - " Ақылы дария, алтын басты, әйелдің ақ сұңқары, ханзадасы" Қарашаш — ағасынан басы бүтін сұрап алады. Бишара күйші не күйге ұшырағанын аңғара алмай, ханшаның соңынан сүмірейіп кете барады. Құлағында хан Кененің:

Үйсіннің ерулігі болар бізге,
Бергенім басы бүтін байлап басын [1.404], -

деген мұздай сөзі.

Поэмаға өзек болған негізгі идея - қазақ халқының тоқсан тарау, яғни мың сан күйінің терең өмірлік сырын, көп қырлы эстетикалық қасиетін ашып көрсету. Бұл Қарашаш пен Күйші арасындағы терең психологиялық тартыс, адам сезімдерінің алапат шарпысуы арқылы беріледі.

Ә дегенде Қарашашқа тұтқын, құл болдым деп есеңгіреп қалған Күйші біртіндеп есін жиып, үй ішінің көріністеріне көзін салады. Небір асыл дүниежиһазбен сәндеген ханша отауының гүл-гүл жайнаған ішкі жасауы Күйші сезімін арбап, көңілін сергітеді. Алғашында айдаһардай әсер еткен ханша енді:

Қара қас, қылан қабақ, кер құба қыз
Қарашаш, алмас сағақ, құралай көз.
Сырықтай ордадағы сымдай бойы,
Талшыбық қыпша белдің өзі нағыз.
Түлкі қыз қызыл алтай, кер марал қыз,
Ақ қоян, бозша, байтал, ақша нар қыз.
Қымыздай балға ашытқан тәтті қыз[1.408],-

болып көрінеді. Оңаша тыныш сәнді отауда осылай елестеген сұлу Қарашаш Күйшінің жүрегінде ғашықтық отын жандырып, құштарлық сезімін лаулатады. Осыдан кейін үйреншікті күй тілі кенет жаңа, сұрапыл, ыстық тасқын боп бұрқайды. Оқырман жалынды жаңа саздың туу сәтінің куәгеріне айналады, өнер психологиясын аңдайды.

Күйшінің жан дүниесін баурап алған құштар сезімді бейнелейтін жаңа шығарма тудырған шабыт құшағындағы кезі былай суреттеледі:

Саусақтар ойнап, орғып, қаздаң қағып,
Суырып ішек тілін, мұңын шағып.
Жүйріктің шын күйі келгенінде
Шығаннан шыға шаппай тұрсың нағып.
Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,
Алыстап, шырқап, сілтер, әрі кетіп,
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып... [1.409]

Күй ырғағын, әуен-сазын айнытпай бейнелеп, нөсерлеткен, тасқындай үдей жөңкілген сөз түйдектері кім-кімді де тырп еткізбей, баурап алады.

Домбыра бебеулетті, безілдетті,
Кернетіп кең даланы кезіп кетті.
Біресе қашағанды қырда қуып,
Ән шырқап қоңыр түнде, қой күзетті[1.398],-
дейді тағы да.

Қазақ күйінің табиғатын қазақ болмысының көрінісі, қимыл-әрекеттерімен мұншама дәл бейнелеу үшін солардын бәрін керемет сезімтал жанмен білу және асқан талант қажет екені көрінеді.

Сұлу қызға көңілі кеткен күйші неше алуан сезім толқындарын, күшті психологиялық толқуларды басынан кешіреді. Сондай сәттерде күйші жігіт біресе түлкі алатын құмай тазы, аққуға түскен тұйғын құс тұрпатты періге де айналып, ханшаны Алатаудың үстінен алып ұшып, жеті дариядан аман өтіп, алтын тауға апарып, құшып та жатады.

Ал қиял қанаты талып, өзінің шын болмыстағы отырған жеріне оралғанда: ханша - Қарашашты, қарашы Сарыүйсін - өзін көреді. Арадағы тұңғиық - әлеуметтік теңсіздікті көреді.

Күй құдіреті Қарашашты да балқытып, құштарлық жалынына шарпытып, бір сәт басқа дүниенің бәрін ұмыттырып жібереді.

Бұл сорлы Дулат па екен, Үйсін бе екен?
Күйшім боп өміріне жүрсін бе екен?
Сүйкімді жігіттің бұл бұлбұлы ғой?
Қарашаш осыған-ақ тисін бе екен?-[1.411]
дейді бұл сәтте. Бірақ ол да өзі отырған үйдегі шын өмірге оралады.

Жоқ, болмас, ауырдым ба, жындандым ба,
Қараға хан затымды былғармын ба.
Бұл менің басыбайлы бір малайым
Тиюге енді маған құл қалды ма?! [1.412]

Екеуі де ғашықтық құштар сезімнің құшағында өздерін- өздері арпалысқа түсірген психологиялық тартыс желісін Сапақ оқиғасы үзіп жібереді. Күйші мұның қайсысы - өң, қайсысы - түс екенін ажыратудан қалған. Қарашаштың төсегіне барған мен шығармын, біткен жерім осы болар деп, өлі мен тірінің арасында тұрғанда, Қарашаштың домбырашыға тап берген қызметшісіне: "Қолыңды қоқаңдатпа' күйшіме!" - деген әмірін құлағы шалып, жан шақырады.

Қарадан шыққан жігіт Сапақ бізді басынды деп, болған-болмағаны белгісіз болымсыз бірдеңе үшін күллі елді қынадай қырып тастағалы отырған ханшаға Кене "қой" демейді, бөлтірікке бөрі ырық береді, арыстан тісі ақсиып, сырттан барлап отырады. Ақыры амалы құрыған, қалың жұртты босқа қырғызғанша, жалғыз құрбандықпен құтылмақ болған үйсін пәлекеттен дулат Сапақты Қарашаштың алдын алып келеді. Қарашаш ақырғы сәтте демін ішіне алып, күйзеліп тұрған ел мен өлі-тірінің аралық халіндегі Сапақтың әкесі Әлімқұлға қарап: "Қайтейін қылышымды қандап соған. Көбіңе қидым", - деп Сапақты жөніне жібереді.

Осы оқиғаның бәрін бастан аяқ көзімен көріп, Қарашаштың каһарына мініп, қан төкпек болғандағы айдаһар сықылды ұсқыны күйшінің жан дүниесінде орасан өзгеріс жасайды: құмарлық сезімін де, одан от алған жүрек тербетер " жалын күйін де сөндіріп тастайды.

Поэмада әділетсіздікті, зорлықты тізе бүктіретін ұлы күш, бостандыққа, азаттыққа жеткізетін құдірет - өнер деген идеяны ақын тамаша суреттер, поэтикалық көркем образдар арқылы терең толғап жеткізген, сонымен қатар онда ондаған күйлердің әлеуметтік мәні, тарихи негіздері, эстетикалық нысанасы ашылып, олардағы образдар, суреттер айқындалған. Соның бәрін ақынның қалай біле бергені таңдандырады. Және әрбір күйдің өзіндік сипаттарын ашық, бейнелеген кездегі басқа ешкім айтпаған, тек Ілияс қана қолданған, тапқан теңеу, образдар қаншама. "Қоғадай салбырасып, хан, қарасы, намазға ұйығандай отыр тыңдап", "домбыра айналаға, дүбір салды, адақтап жалғыз шапқан жүйрік аттай", "батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да – бәрі бір домбыраға мінгескендей", "жыланнан сырға салған жолбарыс қыз", "қалтырап, қырау тұрып жүрегіне", "ыңыранып белі кеткен жолбарыстай", "толғантып тоқсан түрлі қыз көңілің, жүректің жазы шығып, жаңбыр төкті", "Таратып тоқсан күйді жібердің деп" бір жақтан керең бір ой күңкіл қақты", т.б. Ылғи осылай. Бұл теңдесі жоқ ғажайып поэмада: күй - өлеңге, өлең - күйге айналады. Ілиястың өзі ақын - сазгер мен сазгер-ақын болып кетеді. Күй мен өлең бір тілде сөйлейді. "Күйші" поэмасы - романтикалық сарында шалқыған шабытпен, поэзиялық құдіретті қуатпен жазылған, қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ үздік туынды.

1. І.Жансүгіров. Құлагер. – Алматы: Атамұра, 2003. -542 бет
2. М.Әуезов Шығармалар жинағы 11 том. – Алматы: Жазушы, 1978. 498 бет
3. З. Қабдолов. Сөз өнері. –Алматы: Санат, 2002.

* * *

В статье рассматриваются фольклорные традиции в поэме И. Жансугурова

***Н. Сымайылқызы, Ә. Орныққайұлы***

# «АРУАҚ» ОБРАЗЫНЫҢ АЙТАРЫ МОЛ

***(Қайша Табаракқызының «аруағым адамдармен Бірге» поесті туралы)***

Қайша Табаракқызы Қытай Қазақтарынының ішіндегі Қытай тілінде де, ана тілінде де шығарма жаза білетін әрі өрелі аудара бідетін санаулы да танымалы қаламегердің бірі. 1957 жылы Шыңжаңның Құтби ауданында дүниеге келген қаламгер өзі де қыруар әгіме-поесттерін Қытай тілінде жазып жариялумен бірге, Қытайдағы Қазақ қаламгерлерінің «Елжау Күнби» романы (авторы Сұлтан Жанболатов), «Ертіс кілкіп ағады» романы (Шәміс Құмарұлы) қатарлы т.б онның үстінде роман поесіттерін, қазақстан ақындарыннан Мұқалағи Мақатайев, Мұқтар Шахановтың бірі бөлім өлеңдерін Қытай тіліне сәтті аударып, Қытай әдебиет зерттермендерінің жақсы бағасына, аударма силықтарына және Қытай оқырмандарының назарына ілінген білікті аудармашы. Көбінде біздің Қазақ зерттеушілеріміз автордың осы жағын көбірек сөз етіп, төл еңбектері туралы жүйелі пікір айтқан жоқпыз.

Қайшаның «аруағым адамдармен бірге» поестінің жетістігіне тоқталғанда қытай зерттеуші Рын имиң «қайнаның бұл поесті үш бөлектен құралған болып, поесттің әр бір бөлегінде аруақ бас кейіпкер ретінде баядалып отырған. Қайша жаратқан бұл аруақ образы Қазақтың қамын жеген қазіргі заман Қазақ ұлтының тағдыры мен тіршілігін жан-жақтылы ойлаған аруақ еді. Аруақ-адам өлгеннен кейінгі рух, ол ештеңе білмейді, сезбейді. Бірақ Қайша жасаған аруақ барлығын естиді, көре алады, сезе алады. Сондықтан да ол адамдар арасынан бір сәтте алшақтай алшақтай алмайды. Осы арқылы «аруақ» өз ұлтының басындағы болюып жатқан көптеген келеңсіз мәселелерді (ұлт ұрпақтарының ана тілін жоюға бет алуы, Қазақтың бұрынғы салт-санасының көлеңкеленуі т.б) адамдарға аңыс еткісі келеді. Міне, Қайша осы сияқты реал болмыстарды «аруақ образы арқылы ортаға сала алды» деп жазды.

Зерттеуші Рын имиң автордың өз басы туарлы тағы бір еңбегінде оның клең Қазақ тілінде шығарма жазатын Қазақ авторларымен салыстарғанда «көз аясы кең, сыртқы дүниеге болған танымы терең, Қазақтың да, Қытайдың да төл мәдениетіне сондай жақын» деп бағалаған еді. Демек, Қайша осы поестінде Қазақ халқының салт-жосындары туралы да өте жасқы білетіндігін байқата алды. Жоқтау айту Қытайдаға қазақтарға қазірге дейін жалғасын тапқан. Жоқтау-адам дүниден өткенде артында қалған жақын-жанашыр, туыс-туғандары, бала-шағалары, құда-жегжаттары т.б лар әуенге салып өте шерлі үнмен айтатын салттық өлең түрі десек, бұл дәстүр автордың «аруақ» образы арқылы толғаныс жасауымен оқырман қауымға соншалық ықпал жасай алды.

Поест талдаған материялына иедясы сай келген, Қытай халық оқырмандарына Қазақ өлім жөнелту жосынын бір қырынан насихаттай кеткен, ауыз толтырып айтарлық табысты шығарма. Поесттің оқиғасы «меннің» дүниеден өтуінен басталады да, ақыры «меннің» аруағының адамдар арасында бірге жүруімен аяқтайды. Поестте өмір картинасы айырықша жанды түсірілген. Жалпы поесттің үш бөлімінің өзіндік өрнегі, айтар ойы бар. Шығарма басталған жерден «мен» дүниеден өтеді, бірақ барлығын біліп, сезіп жатады. Жазушының еркін толғанысқа баруына міне шеберлік жетіп жатса керек. Адам өмірге бір ғана рет келеді. әр минутқа дейін қайталану мүмкін емес. Қайшаның өз айтуы бойынша: «адам-өмірде бар зат, оның ойлаған ойы, сезімі кейде шын, кейде жалған болады. Ал аруақ – дінни ұғым. Адамның дүниеден өткеннен кейінгі аты. Ол мүлде адам емес, ол мүлде сөйлей алмайды. Тіпті ештемені де білмейді, міне осындай салыстырмалы тұрғыдан, мен аруақ образы арқылы өмірдің шын мәнін аушға күш салдым», -дейді. Біз мақаламыздың басында Қайша табаріккызы өзі Қытай тілінде білім алған дедік, қайсы бір Қытайша оқығандар ұлтымыздың салт-дәстүріне желіп тұр дейсіз. Қайшаның бұл жақтағы өз бойын ана сүті, ата ақылынан дарыған ұлттық намысына расында ризашылдықпен бас иіп, құрмет білдіргіміз келеді.

Қайша поесті ұлтымыздың ажал-өлім турасындағы араздасу, иман су, оң босағаға салу, сүйек күзету, естірту, өлімге бару, көрісу, көңіл айту, жоқтау, тоқтау айту т.б дәстүрлерін аруақ қимылы, сөз арқылы егжей-тегжейлі түсіндіре келіп, аруақтың ендігі тірліктегі кешкен ғұмырына оралады. Автор «аруақтың» өткен күндерін еске алу арқылы шегініс беріп баяндаған. Айталық, шығарманың бірінші бөлегінде : «мен» артында қалып бара жатқан інісінің балаларына алаңдайды. өйткені, інісі қалада тұрады, оның балалары әрине қала өміріне қанық, әрі қала өмірін сүйеді. «меннің» өз баларының оларды «мин каухан»(қытайша оқыған аз ұлт балалары Қытай тілінде осылай аталады) деген ұлт деп мазақтауын автор дәл қазіргі жағдаймен жарасымды салыстыра алған. Мұнда күні ертең ұлт тағдыры қандай күйде болар екен деген алаңдаушылығын автор тірі адам ойымен емес, қайта бұл дүниден әлде қашан өткен бір аруақтың қиялы мен сезімі арқылы бейнелеп бере алды. Мәселен: «Сағидолла оташы інімінің қызының білегін қатты басып қалып еді, ол «айоу!» деп айқайлап жіберді. Кәрия дереу қолын тартып алып, балаңыздың «айоу» дегені қай жері?-деп менен сұрады»(«аруағым адамдармен бірге» поесті, 85-бет). Қарасаңыз, автор бұл жерде кейіпкерлер қимылын өте тартымды суреттеген. Расында қалада өмір есігін ашып, Қытай тілінде тіл ашар ашқан ұрпақтар «алла!» деген сөзді айта алмайды. Тіпті оларға бұл сөз жат, түсініксіз. Қайта «айоу»(«ойбай!» деп ауырсынғанның Қытай тілінде дыбысталуы)деген сөз

тілдеріне жеңіл де, икемді болып үйлесіп кеткен. Бұл жағдай автор қаламынан туған «аруақты» ғана ой шөңетіне салмастан, оқып отырған оқырманды да терең ойлантады. Тағыда «аруақтың» інісінің балаларының шалбар киген өзімен бірге жүруге намыстануы, ұлтымыздың нәрі мол, азықтық қуаты күшті тағамдарын тамақ құрлы көрмеуі т.б сияқты жәйттер расында көңіліңізді құлазытады. Мысалы:

- «ата, екеуміз көшеде елу метір алыс жүрейік, бір-бірімізге сөйлемейік, артымнан еріп жүрсеңіз болғаны.

- ей, ақымақ! Атаңды жоғалтып алма, сенің бір ғана атаң бар.

- көшеде шалбар киген, әсіресе қызыл шалбар киген, сіз ғанасыз, қайтіп жоғаласыз,-дейді сықылықтап.

Сөйтіп мен шалбар киген Қазақ елу метр алыста кетіп бара жатқан немеремнің артынан ілесіп келемін. Осы бір іс есіме түссе болды, көңілім суып сала береді.»(«аруағым адамдармен бірге» поесті, 86-бет).

Жоғардағы диялогтан қайнаған көшеде кетіп бара жатқан шалбар киген бір Қазақ шалды, оның алдындағы бір қалалық Қазақ баланы көз алдыңызға елестетіңіз. Бір қарасаңыз, бір-бірімен еш бір қатыссыз адамдай көрінгенімен, іс жүзінде бірі әкесі, енді бірі баласы, оларды осындай күйге түсірген күш не? Автор бұл жағдайды «аруақ» аузынан шебер баян етеді. Міне бұның өзінен де автордың оқиғаны, кейіпкерді бір-біріне дәлме-дәл сәйкестірген жемісті суреткерлігін көре аламыз.

Енді «аруақ» қаладағы інісінің қызының келуінен алаңдайды. өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей ол да Қытайша оқыған еді. Ол дауыс шығармайды, жалаң бас келсе немесе Қытайша бірдеме айта келсе қалай болады деген сияқты сан ойдың жетегіне ерген «аруақ» бір сәт тыныш ала алмайды. Кенет, қырат астынан зарлы дауыс естіле кетті, үй іші-сыртындағы отырған үлкен-кіші, кәрі-жас барлығыда құлақтарын тіге қалды. өз ойына өзі сенбеген «аруақтың» дәл осы сәтті орнынан тұруға шамасы әбден жоқ болған еді. Автор міне осындай оймен реалдықты тек «аруақ» образы арқылы ғана өте тартымды бейнелеп бере алды. Егер автор жаратқан кейіпкер тірі адам, немесе науқас үстіндегі адам болып бейнеленесе, інісінің қызы жоқтау айтпас та еді. Тіпті оның Қазақ жоқтауын білу-білмеуі де бізге беймәлім болар еді. Міне автор өмір мен өлімді қатар қойып салыстыру арқылы бір ұлт бойына жасырынған ұлттық арнамыс, ұлттық қан, ұлттық жігер сынды артықшылықтарды тек «аруақ» аузынан беріп, өте қарапайым да, қағидалы өмір әмәлиятын қортындылап, оқырман қауымға тың бір ой тастайды. Я, шығарманың дәл тұсына келгенде оқып отырған оқырманда «жарайды, енді Қазақ бола алдың!», -деп әлгі қалада өскен Қазақтың бір қызына емес, қалада жасап жатқан Қазақ ұрпағына тілеулес болар еді.

Поесттің екінші бөлегі басталған жерден-ақ «аруақ» ойына кенет көне жауы Сыдық оралады. онда ғы Сыдық тегі қандай адам, автор бұл жағын күңгірт бір ғана абзатспен айта салған. әсілі адам өмірі қайшылықсыз өтпейді ғой... автордың өзі айтуынша Сыдық «аруақтың» тірлігінде ұқық-мүдде қақтығысындық жауы көрінеді. Автор мұнды терең баяндауды қажетсіз деп білген.

Автор енді «аруақ» есіне қалада өткен бір Қазақтың өлімін артындағылардың қалай атқарғандығын түсіреді.

- «өлен кісінің суреті сахананың ортасына ілініпті, суреттегі кісі күлімсіреп тұр. Бұл қайсы ұлттың өлім ұзату салты екенін біле алмадым. әлгі суреттің бетіне қара торғын байлаған, маңайына бір уыс гүл асылып қойылыпты, маңайына гүл шеңбер толтырылған және қағаздан желбіреуігі бар. Қағаз желбіреуікке жазу жазылған. Қайтыс болған кісінің отбасындағылар есіктің оң жағында тұр. Олар орамалмен бетін басып, жоқтау айтпай тіп-тік тұр. Құдайдың әмірімен «иманды болсын» деген бір жан жоқ, арық біреу сабырлы әлпетпен сахнаға шығып, аза білдіру сөзін оқыды.» («аруағым адамдармен бірге» поесті, 89-бет).

Біздің ата салтымызда қашаннан бері осындай жосын бар еді? Мұны Қазаққа үйреткен кім? Автор «аруаққа» міне осындай жағдайды есіне алдыру арқылы екі түрлі ортадағы (қала жене ауыл), екі адамның (қалада өскен және ауылда өскен адам) өлім жағдайын шеберлікпен салыстырып, «аруақ» ойына өмір картинасын тамаша сиғыза алған. Яғни, екі өмір арасындағы адамдар санасы, тәрбиесі, орта ықпалы сынды жақтар шығарма ойын тіпті де ширата түсіп, ұмыт дамуының қоғамдағы келеңсіз жақтары туралы «аруақтың» ойы тұрғысыннан толғаныс жасайды.

«аруақ» енді Сара екеуінің өткен-кеткені туралы қиялға беріледі. «аштық ас талғатпайды, ғашықтық жас талғатпайды», -демекші, автор мұнда аруақтың сараға деген сезімі, қамқорлығы, қызу сүйіспеншілігімен адал махаббаты сияқты жақтарды шығармаға кірістіру арқылы ұлтымыздың асыл жар, адал доска деген махаббат сезімін жырлайды.

Айталық:

- «Сара келді, тез аттан түсіріңдер,-дейді еркектерге, ошақ басында отырған Бекен апай. Мен осы сөзді карт аңшыдай тез ұстадым. Соншама ашық естідім, жүрегім лыпып сала берді. Рухым босағаға жабысып қалғандай болды.» («аруағым адамармен бірге» поесті, 95-бет). Демек, мұндағы «аруақты» селт еткізген, оның рухына күш бітірген махаббат құдіреті оқырмана жүрегін дір еткізері хақ.

- «ей, адамдар, ей балаларым, мен өлмей тұрғанда осындай істеген болсаңдар тұрмысымыз қандай тыныш, қандай көңілді болар еді.» («аруағым адамармен бірге» поесті, 97-бет). Бұл сөйлемнен «аруақ» ойының кілт көңілсіздікке бет алғандығын білеміз. Автор Сараны «аруақ» өліміне келтіру арқылы олардың арасындағы сүйіспеншілікті, махаббаты тағы бір қырынан жеткізеді де «әйелсіз тірлік мәуелі бәйтеректің тамырына шайылып, жапырағыннан тоналған сүркей өмір сіпетті», -деген қортынды шығарып, ұлтымыздың әйел затына деген ізет-құрметі мен әйел затының қаншалықты қадірлі екенін, оларды аялау, сүю, азаматтардың адамдығымен өлшем табады

деген ойын «аруақ» ойымен ұштастырып, адамдарға жанашырлықпен ізгі, махаббаты дәріптеп өтеді.

Поесттің соңғы бөлімі ұлтымыздың неке мәселесін, рушылдық мәселесін, дамуы мен құлдырау мәселесін сөз етеді. Мәселен: «менің өлімімде солардың келіп бет көрісуі менің балаларымның бағы ғой. Мен дұрыс айтпадым, қалайда олардың кіндік қаны бір, оларды біздің рудың қаны бар, сондықтан олар алыстап кетпейді. Олар Жәнтекейдің ішіндегі Тайлақ руының қаны ғой.» («аруағым адамармен бірге» поесті, 98-бет). Шығарманың дәл осы жеріне келген жерде ішіңің жылымай қалады. өйткені біздің Қазақта рушылдық, жершілдік қанға сіңген әдет. Оны қанша заман сындасақта түзелген емес, автор қаламынан туындаған «аруақ» нені білдіреді? Ол өлген адам, әсілі ештеме сезбеуге тиіс еді, бірақ автор «аруаққа» руын есіне алдыру арқылы ұлтымыз басында бар жаман әдетті бір қырынан сын тезіне ала кетеді. Ал, автор «аруақтың» екінші қызының тұрмысы жөніндегі суреттеулер арқылы неке мәселесіне деген жауапкерлігін тілге тиек ете отырып, ұлтымыз азаматтарының бір бөлімдерінің арасында сақталған жалқаулық, арақкештік салдарынан болған некеден ажырасу сынды кеселді де қатаң сынға алады. Шығарманың соңын ала автор, «аруақтың» тірі кезінде атомабиль сатып алу жағдайын есіне алдыру арқылы, оның қоғам дамуының көш артында қалып бара жатқан жағдайын өте тартымды бейнелеген. Айталық:

- «информатсияны осылар өзі біле ме, информатсия –хабар-ошар деген сөз, ол елдің баяғы алып-қашпа, от басы-ошақ қасындық бас-аяқсыз өсегі. Автомабиль нақ зат, мен недәуір жасаған адаммын, балалардың ақыл-кеңесін ешқашанда қажет етпеймін» («аруағым адамармен бірге» поесті, 101-бет),- деген «аруақ» аузынан берілген монологтан-ақ оның қоғам туралы, қоғамның дамуы туралы санасының өте төмен екендігін және кейбір адамдардың қоғам дамуының шаңына ілесе қалмай күйін көреміз де оған өкініш білдіреміз. Демек, автор «аруақты» бейне тірі адам күйінде бейнелеп, оған жан бітіріп, оны кәдімгі тірі адамдардай сөйлетіп, өткен өмір туралы сан-салалы ой кештіреді және қазіргі қоғамның ұлт ұрпақтарына ала келен келеңсіз, қалтарыс жақтарына, аруақ образы арқылы өте тартымды сын айтады. Міне бұл қаламердің жазу шеберлігін бір қырынан әйгілейді.

Жинақтап айтар болсақ, «аруақ» дінни ұғым бойынша адам өлгеннен кейін оның рухының тірі адамдар арасында өмір сүруі. әдетте халық арасында «өлі риза болмай тірі байымайды»,-дейтін аталы сөз бар. Көрнекті жазушының бұл поестіндегі «аруақ» образы артында қалып бара жатқан ұрпақтардың салт-санадан жұрдай, шұбар тілді болып бара жатқанына қамықпай тұра алмайды. Поест басталғанда, «меннің» дүниеден өткеніне тоғыз күн болған. Ол қартайып дүние салған. Ол ұлтымыздың жалпы халжайына және тұрмыс-салтына қанық кәрия, ал өзімен бірге туысқан інісінің балалары «оны» ерекше алаңдатады. өйткені, олар қалада туды, қалада өсті, қаладан өз ана тілінде емес, Қытай тілінед білім алды. «мен» өзінің балалық шағы мен осылардың балалық шағын салыстырады, өзінен туған балаларын ойлайды. өзі көзі кеткен соң, ағайындылар арасындағы туыстық қатынастың жоғалып кету-кетпеуіне көз жеткізе алмайды.

«адам тағдыры- жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі», - деген З. Қабдолловтың сөзін ескерсек, Қайша қаламынан туындаған аруақ тағдыры бір шығарманың сәтті шығуына себеп болып қалмастан, бір дәуір ұрпақтарының ұлыттық ынта-жігерінің, ұлыттық дәстүрінің қаншалықты, қандай өреге жеткендігін әр қырыннан бейнелеп беріп, болашақ ұлт ұрпақтарының тағдыры туралы оқырман қауымын ойға сала алады. Поетті осы жағымен-ақ ерекше құнды деп бағалауға болады.


1. У шаушың, Жау жаши: «ХХ ғасырдағы Қазақ әдебиеті туралы шолу»(Қытай тілінде), Үрімжі, Шыңжаң халық баспасы, 2006ж.
2. З. Қабдоллов: «Әдебиет теориясының негіздері», Алматы, 1970ж
3. Серікбол Дәулеткелдіұлы: «осы заманғы Қытай Қазақ әдебиеті қаламгерлер сөздігі», Үрімжі, Шыңжаң халық баспасы, 2003ж.
4. Қайша Табаракқызы: «аруағым адамдармен бірге», «Шұғыла» журналы, 1990ж, 3№
5. Рин имиң: «дәстүр мен қазіргі заман ортасындағы Қазақ ұлты және Қайша Табаракқызының<аурағым адамдармен бірге> поестіне баға». Іле педагогика иниституты ғылыми жорналы, 2001-жыл, 2№
6. Жай шин жүй, У шаушың: «Қазақтың әйел жазушысы Қайша табарақ қызының шығармашылығы», «Санжы»жуналы (Қытай тілінде), 2005ж,3№
7. Әбіләмет Омарақын: «заман ауқымы және кейіпкер тағдыры туралы», «Шұғыла» журналы, 1983ж, 1№
8. Қуандық Әбденбайұлы, «кейіпкер портретінің әдебие шығармадағы маңызы», «Шұғыла» журналы, 2006ж, 1№


* * *

Мақалада таза Қытай тілінде шығармашылықпен шұғылданатын жазушы Қайша Табаракқызының «Аруағым адамдармен бірге» атты повестіне талдау жасалады.

*Ж. Нурманова*

# КИНОСЦЕНАРНЫЙ ПОЧЕРК Г.МУСРЕПОВА: ГЕРОИКО-РОМАНТИЧЕСКОЕ ТВОРЧЕСТВО

В творческом наследии Г.Мусрепова особое место занимают сценарии писателя, убеждающие нас в том, что его киноработы такие же полноценные жанры художественной литературы, как и его рассказы, повести, романы или драматические произведения.

Киносценарии Г.Мусрепова – это не «переработка» написанного или схематические прообразы будущих фильмов, а скорее, большая литература с опорой на законы киноискусства, в которых проступает национальная идея. Кинодраматургия писателя примечательна во многих отношениях: «Амангельды» обозначил начало истории звукового профессионального кино в Казахстане, а «Кыз-Жибек» стал вершиной национального кинематографа и принес писателю небывалый успех, подняв его имя на щит национального киноискусства.

Обретение первого опыта по созданию кинолитературы в Казахстане связано с авторским коллективом - Б.Майлиным, Г.Мусреповым и Вс. Ивановым, создавшим в 1938 году сценарий «первенца» казахского кино - **«Амангельды».** Идея снять картину о славном сыне казахского народа принадлежала Б.Майлину и Г.Мусрепову, а творческую помощь в написании сценария оказал известный драматург Вс. Иванов, исторической родиной которого был Казахстан. Процесс работы над киносценарием строился, образно говоря, по ланкастерской системе – системе взаимного обучения, когда казахские мастера слова постигали основы драматургического искусства, а русский драматург проникался историей, бытом, традициями и обычаями казахского народа.

Ж.Молдагалиев в статье «У истоков»[1] пытался осветить вопрос, с какой подготовкой Г.Мусрепов приступил к написанию своего первого сценария, и что побудило его взяться за этот труд. Исследователь установил, что непосредственной работе над киносценарием предшествовали следующие этапы работы:

1. Очерк «Батыр-большевик Амангельды», написанный в соавторстве с Б.Майлиным по материалам поездки в тургайскую степь;
2. Пьеса «Амангельды», постановка которого шла в театре до 1938 года;
3. Перевод на русский язык пьесы Всеволодом Ивановым и публикация ее в журнале «Новый мир» в 1938 году.

Творческая лаборатория работы над киносценарием подробно описана Г.Мусреповым: «…мы сделали подстрочник пьесы на русском языке, ознакомились с материалом нашего соавтора. И закипела дружная работа, увлекательная, интересная. Для нас с Беимбетом это было еще и освоение «целины» - мы овладевали совершенно неизведанной областью, постигали специфику киноискусства» [2,с.43]. У каждого из писателей была своя индивидуальная траектория по работе над сценарием. Так Б.Майлин продумывал сюжетные ходы и контролировал процесс съемок, Г.Мусрепов дорабатывал диалоги героев, доводя их до совершенства, Вс. Иванов занимался редактурой русского варианта сценария. Поскольку пьесу, созданную на очерковом предтексте, дважды переводили - сначала на русский язык (Б.Майлин и Г.Мусрепов сделали подстрочник пьесы), а затем - на киноязык, то налицо – «квадратурная» модификация: очерк → драма → киносценарий → кинофильм. Если попытаться определить жанр сценария, то это не просто историко-революционный жанр, а киноода прославленному герою народно-освободительного движения казахов.

Киносценарий по форме напоминает текст пьесы «с включением указаний о движении кинокамеры и другой кинематографической информации [3, с.184], содержащей перевод с площади сцены в плоскость экрана. Р.Абдулахатова, рассуждая о жанровой природе «Амангельды», определяет его как «кинопьесу» [4,с.77], а жанр фильма как «героическую эпопею» [4,с.87].

Первый сценарий несет отпечаток театральных приемов, например, шторки, напоминающей театральные кулисы, в функцию которой входит отделение одного эпизода от другого, или вытеснение изображения при затемнении кадра.

Композиционно сценарий фильма делится на пять частей**.** Согласно законам кинематографического искусства, сценаристы дают покадровую презентацию литературного текста на пленке.

Число действующих лиц в тексте киносценария не превышает десяти, из них только один женский образ (Балым), остальные все - мужские персонажи. Избыточная регламентированность поведения персонажей – недостаток, присущий многим первым киносценариям, не обошлось и без штампов в освещении историко-революционной тематики, в особенности это касается использования стилистики и пафоса «Чапаева» братьев Васильевых. Влияние этого фильма сказалось и в перенесении узнаваемых российских киногероев на казахскую «почву». Если Чапаев представлен в окружении верного оруженосца Петьки и бесстрашной Анки-пулеметчицы, воистину народных любимцев, то в картине у казахского батыра Амангельды - это друг Егор и верная жена-соратница Балым.

Г.Мусрепов отмечал, что в задачу сценаристов входило показать «батыра Амангельды во всех аспектах взаимодействия с окружающей средой, мотивировать его характер так, чтобы по возмож-

ности убедительней была главная его черта – умение вести за собой людей, умение видеть насущные проблемы времени с точки зрения народных помыслов и нужд…» [4,с.43]. Поведенческий модус Амангельды с первого появления в сценарии выстроен по схеме героя-охотника. Уточним, что это образ «наполненного счастьем охотника», весьма показательный для натуралистической стилистики фильмов 1930-х годов: «На холме всадник. К седлу привязаны шкуры лисы, барса. С громадной шкуры барса еще капает кровь. Через седло перекинута козуля. Всадник держит нехитрое ружье на сошках с длинным стволом. Это Амангельды» [5,с.6]. В самом начале сценария Амангельды, очарованный голосом Балым, отдает ей в знак признания свою добычу – шкуру барса. Поступок характеризует его как героя щедрого и по-степному этикетного.

В соответствии с эстетикой первых кинолент зарождающийся кинематограф требовал интенсивности крупного плана героев, зримо и гораздо красноречивее многословных монологов раскрывающих характер персонажей. В сценарном объективе Амангельды выписан крупным планом как вождь в стане сарбазов. Такого батыра-большевика отличает избирательность взгляда: «Он смотрит остро-остро. Он видит не закат, не легкие пунцовые облака над солнцем, над степью, не семь курганов, которые упираются в солнце, он видит, как скачут по легкому серому городу лихие всадники и впереди них Егор» [5,с.39].

Финальная часть сценария написана в соответствии с эстетикой жанра историко-революционного кино: «И вот Амангельды неподвижен. И неподвижно стоят его друзья, кто с копьем, кто с винтовкой, кто, опираясь на саблю, стоят и смотрят остро вперед. И тут же стоит врач, и тут же стоят санитары, и все они тоже смотрят вперед, и все они словно каменные, тяжелые,- такое огромное и горькое горе пронеслось над Тургайской степью и над счастьем казахского народа.

Балым: Победа…батыр, победа…батыр, если бы ты мог видеть… Батыр…

Далекие крики «ура»…Музыка [5,с.39].

Заключительная сцена наполнена высоким пафосом и утверждением «безумства храбрых». Герои не просто неподвижны в финале сценария, они «окаменевают», символизируя безмолвное горе по поводу утраты Амангельды. Постепенно трансформируясь в скульптурные образы, они оказываются увековеченными благодарной памятью потомков.

Первый сценарий «Амангельды» - это своеобразный казахский ответ писательского трио на «Чапаева» братьев Васильевых и «уникальное творение, с которого началась эра игрового кино в Казахстане» [6,с.69].

Романический эпос **«Кыз-Жибек»** привлекал многих своим красивым, драматургически совершенным сюжетом. Под пером Г.Мусрепова он получил сначала филигранную либреттовую, а затем сценарную огранку, став одним из самых многовариантных сценариев в кругу всей казахской киноклассики. Обращение писателя к эпической трагедии было своего рода «знаком протеста против моды на расслабленную драматургию, расслабленные характеры, расслабленные чувства» [7,с.15], как отмечал потом режиссер фильма С.Ходжиков, имея в виду состояние казахского кино.

О творческой истории мусреповского киношедевра поведал М.Кулмухамед в статье «Великодушный», посвященной памяти К.Смаилова: как оказалось, «К.Смаилов разыскал в сценарном архиве «Казахфильма» пылившийся еще с 40-х годов киносценарий Г. Мусрепова под названием «Гакку». И именно он, не дожидаясь согласия автора, повез сценарий в Москву, откуда привез его уже одобренным и утвержденным к постановке. Но на этом та «эпопея» с эпопеей не закончилась, а только начиналась: прекрасно зная, какого тяжелого и избирательного нрава человеком был Мусрепов, он все-таки убедил Габита Махмудовича заново переписать сценарий, а потом, шаг за шагом, привлек к работе над картиной известных мастеров дела своего времени: режиссера С.Ходжикова, композитора Н.Тлендиева, редактора А.Сулейменова, художника Г.Исмаилову, поэта К.Мырзалиева и целое созвездие талантливейших актеров. И вот воскресшей мечтой казахов и торжеством национального духа на мировые экраны вышел фильм «Кыз Жибек», у колыбели которого заботливым попечителем стоял все тот же Камал Смаилов» [8,с.3].

Ценные сведения по написанию этого сценария имеются в работах деятеля искусств К.Смаилова: «Тенденции и проблемы становления казахской советской кинодраматургии» [9], «Қыз Жібек» қалай туған?» [10], «ҚызЖібек» осылай туған» [11]. Заглавия этих работ свидетельствуют о том, что автор проблематизирует как общие, так и отдельные факты истории казахской кинодраматургии.

Этапы работы над сценарием выглядели следующим образом: На первом этапе было создано либретто оперы «Кыз-Жибек» на основе народной поэмы в 1934 году (музыка Е. Г. Брусиловского). Это был фундамент, «проба пера», без которого сложно представить себе рождение сценария. Музыкально-песенная структура либретто (известные народные кюи, песни, использованная Е.Брусиловским, в том числе и «Гак-ку» акына Ыбрая), органично вошла в киносценарий.

Второй этап - написание в 1944 году пробного варианта сценария «Акку», явившегося основой «Кыз-Жибек».

Третий этап – создание в 1960 году первого варианта сценария «Кыз-Жибек» и второго, окончательного - в 1967-м.

7 сентября 1967 года (дата зафиксирована К.Смаиловым) Г.Мусрепову было предложено написать принципиально новый киносценарий на основе имеющегося («Акку»). Для реализации нового замысла писатель попросил два-три месяца отсрочки: «Мен сценарийді бастан-аяқ жанартып қайта жазып шығам, екі-үш ай рұксат беріндер» [10,с.83]. Два-три месяца растянулись на десять творчески-созида-

тельных месяцев. Аскар Сулейменов, один из редакторов сценария (вторым был Олжас Сулейменов), в беседе произнес: «Шал грандиозный дүние жасап жатыр» [10,с.83]. Свое видение нового сценария Г.Мусрепов изложил в первом номере журнала «Советский экран» за 1969 год: «Это философское раздумье о формировании нации, о судьбе народа, его горестях и чаяниях, его вековой мечте о свободе…» [Цит. по 9, с.24]. С «Кыз-Жибек» связана активизация культурной памяти казахов.

Партитура сценарного текста «Кыз-Жибек» отличается совершенством словесного обозначения, выражающим специфичную литературность писателя, касающуяся, в первую очередь, зрительного языка сценария. «Көшпелі елдерге жер қашан да тар…» («Кочевым народам земля всегда мала»), - с этих философских размышлений в форме закадрового голоса начинается экспозиция литературного сценария Г.Мусрепова. Следует отметить, что весь сценарий пропитан раздумьями автора о судьбе кочевого народа («көшпелі ел») и межродовой борьбе («Қайбір алыстан келген жау дейсің... Өзді өзі шығар...»[12,с.371]. Г.Мусрепов намеренно дает каждому эпизоду романического эпоса глубокое осмысление, философское толкование. В его понятии межродовые распри казахов в период джунгарской угрозы – не просто драматический фон для трагической любви Жибек и Тулегена, в них – причина этой трагедии.

Сценарий начинается как героический эпос, в котором войска под руководством Каршиги и Бекежана ожидают род Жагалбайлы, развивается как лирический эпос, а завершается как эпос в духе античной трагедии.

Предыдущий опыт сценарного письма, приобретенный в процессе работы над фильмом «Амангельды», оказался весьма ценным. Производят сильное впечатление батальные сцены («Қалың шаңның ішінде қанды айқас жүріп жатыр»), в которых прописан звуковой фон на поле боя, сопровождаемый криками, стонами и руганью: «қанды айкас жүріп жатыр. Шаң астында - ынырсу, шаң астында - айғай шу, ұрыс-керіс» [12,с.370].

Особо следует сказать об операторском видении Г.Мусрепова. «Камере» писателя доступно многое. Особенно ему удаются панорамы. Верхний ракурс позволяет увидеть и чистое небо, и озеро, подобное зеркалу, и облака, отражающиеся в реке, и мраморных лебедей, опускающихся на водную гладь, и крошечные фигуры людей, пеших и едущих верхом, разного рода скота (лошадей, баранов, овец). Глазами сценариста зритель видит и диск восходящего солнца, и удаляющиеся фигуры людей, уходящих за барханы, в пески. Авторские описания этнографически верны и эстетически прекрасны.

Лирической интонацией, цементирующей сценарий, становится лебединый мотив – «Гакку», поэтическая интерпретация песни, заявленной в экспозиции сценария: «Аққулар куанышты сұнкылдасып, көлге қона берді де, қайта көтеріліп кетті. Үндерінде наразылық бар, қауіп бар... Қөлді айнала ұшып, мазасыз сұнкылдасып қона алмай жүр. Гәқ-ку, гәқ-ку!» [12,371]. Встреча с лебедями воспринимается друзьями, Толегеном и Шеге, как добрый знак, обещающей им удачу в будущем: «Алты-Шекті алдымыздан аққуларын жібергені ғой... Жолымыз болады екен!» (Видимо, род Шекты выслал к нам этих лебедей) [12,371]. Натуралистические «эффекты» маркируют полноту жизни. Встреча с белыми лебедями на берегу озера сменяется встречей с Девой-Лебедью («Царевна-лебедь»). Прекрасная Царевна-лебедь – мифологема судьбы, которая производит коренной переворот в жизни героев. Неслучайно Шеге произносит важную фразу о том, что настоящая лебедь может быть только такой: «Аққу осындай-ақ болар» [12,372]. Лебедь – священная птица, символ удачи. В архаической мифологии лебедь служит символом красоты, грации, чистоты и невинности. В фольклорных произведениях «лебедь белая», как правило, народная поэтическая характеристика девушки-невесты, образ-сравнение, применимый для характеристики внешних черт женского образа: горделивой походки, особой осанки, белизны кожи. Женская сущность лебедя в русской литературе и искусстве представлена образом Царевны Лебеди в «Сказке о царе Салтане» А.Пушкина, великолепной картине М.И.Врубеля «Царевна-Лебедь» и балете П.И.Чайковского «Лебединое озеро». У Д.Исабекова есть легенда-сказка «Аққу-Жібек»[13], в которой дедушка рассказывает внуку сюжет известного народного эпоса.

Авторская характеристика Жибек: «Қыз ба, пері ме?...» [12,372] в переводе означает «то ли девушка, то ли виденье» есть запечатленность мусреповского «чудного мгновения», роденовского образа ускользающей красоты. Ласточкой на белом коне летит Жибек, щедро одаряя всех суюнши, разбрасывая жемчужины со своего ожерелья. Второй образ Жибек – метафора ласточки: «Қыз жалаңбас, қынама қара жеңсіз, ақ жібек көйлек, күрен барқыт шалбарлы қыз ақ боз ат үстінде қарлығаштай көрінеді. Ағып барады, ұшып барады» [12, с.372]. Эта триединость в целом воссоздает целостный образ «шелковой девушки»: Девы-Лебедя, Девы-виденья, Девы Ласточки.

В сопоставлении с эпосом в сценарии Г.Мусрепова переосмыслен и обогащен образ Толегена, который автор считал центром, стержнем произведения. Без Толегена, говорил Г.Мусрепов, нет сценария и нет фильма. В романическом эпосе о нем говорится, как о просто красивом юноше, который «красотой похож на ангела, нравом – гурии сродни»[14, с.7], который «покинул свой народ родной из-за девушки одной, о которой стал мечтать» [14, с.7]. В сценарии фильма он – не просто сын бая, находящийся в поисках невесты, а путешествующий герой, гражданин мира, «свой среди чужих и чужой среди своих». Старший сын рода жагалбайлы, которого Базарбай отправил отомстить роду соперника, приехав в аул победителя, понимает, что победителей в подобных войнах нет и быть не может. «Сегодня ты – победитель, а завтра – побежденный, и какая польза от этого?» - задает

вопрос герой отцу Жибек. Пламенная речь Толегена захватывает всех настолько сильно, что девушки, заслушавшись, одна за другой проливают кумыс: «Енді қатар тұрған екі қыздың қымызы да ақтарыла төгіліп кетті» [12, с.377]. Речь батыра из вражеского племени зарождает сомнения у Жибек относительно победы и ее поступки с «суюнши» кажутся ей детской глупостью. Происходит перелом в сознании героини, и она впервые задумывается о том, почему народ находится все время в состоянии войны и есть ли в ней победители и побежденные? Так мотивирована сценаристом причина возникшей любви Кыз-Жибек к Толегену. Симпатии Сырлыбая оказываются тоже на его стороне. Он тактично прерывает Бекежана и открыто признается в том, что его тоже волнует вопрос единства казахского народа: «Ел бірлігі деген сөз ұялайды ішіме...» [12,378]. Он доверчив и простодушен, и потому так легко попадается на удочку злодею Бекежану.

Очень точную и меткую характеристику Бекежану дал В.Мессман: «человек больших страстей, властного ума, хищной воли. Внешне он горд и отважен, но дела его жизни темны и фальшивы. В этом человеке сочетаются противоречивые качества: любовь и коварство, ум и хитрость, отвага и злодейство» [15, с.10]. Он не просто злодей, а многосложный образ человека, батыра, сумевшего защитить свой народ от врагов. Его речь торжественна и воинственна, но в ней много патетики: «Туың, міне, қисайған жоқ, алдияр! Желбіреп барып, желкілдеп қайты» [12,с.374], хвастовства: «Бір Бекежан болмаса, көрер ем қандай өлең айтқандарыңды!»[12,с.381]. Он очень груб и его появление обрывает песню девушек, которые ничего, кроме страха к нему не испытывают. По отношению к Толегену его речь часто звучит угрожающе: «...аман-сауында аулыңды тап!» [12,с.382]. Сырлыбай, отец Жибек завоеванную победу относит на чей счет Каршиги, а не Бекежана: «Қаршығам болып кетіп ең, қыраным болып қайтыпсың, тұғыр биігі сенікі» [12,с.374]. В этой сцене впервые проявляется и агрессивность, и сальерианская зависть Бекежана (қызғанышпен киіп кетті): «Жайықтың жағасы қанға боялды, алдияр! Күндіз күн тұтылды, тұнде ай тұтылды...Жеріне қызыққанды жерде сабадық, суына қызыққанды сұға салып сабадық, шанға аунатып қырдық!» [12,с.375].

Бурлящие чувства в душе Бекежана, его ярость по отношению к врагам даны посредством параллелизма. Мусрепов передает их через закипающий кумыс в черной сабе: «Төбенің етегіне керілген арқанга қаз-қатар тізілген қара сабалар күмп-күмп пісіліп кетті» [12,375]. В финале киносценария Г.Мусрепов находит и мотивировку поведения Бекежана. Мотив убийства, движущий им, гораздо глубже, чем в эпосе и в опере – не просто чувство мести и любви к Жибек, а уязвленное самолюбие. Он не желает появляться в ауле любимой в качестве дружки Толегена и не собирается поднимать знамя шектинцев: «Жібек аулына күйеу қосшы болып көрінбек пе? Төлеген келген соң, Шектінің туын сол ұстайды да...»[12,400]. Фраза «Күн сенінкі!» трижды на разные лады и с возрастающим озлоблением повторяется в тексте киносценария. Этот день станет и его днем торжества. Он трижды стреляет из-за угла в Толегена и долго гонится за конем Жибек, желая пристрелить ее.

В образной палитре писателя-сценариста – влюбленность в описания внешних форм, предметов, тесно связанных с внутренним миром героев. Тогда «камера» Г.Мусрепова словно скользит по этим описаниям, призывая режиссера будущего фильма продлить этот кадр на экране. Многоточия, которых много в тексте сценария рождают у читателя эти зримые картины. Так, например, тень крыльев пролетающих лебедей ложится на лицо Толегена: «Аққу қанаттарының көлеңкелері Төлегеннің бетіне түсіп өтіп жатыр...» [12,371].

Богат звуковой мир киносценария – приближающийся топот копыт («шапқын дүбірі естіледі»), крики неприятеля («жау айғайы»), звуки оружия («Гуһ, гуһ!»), и звуки лебедей («Гәк ку, гәк-ку!»), и жоктау вдовиц. О том, что много плача в сценарии говорили еще при обсуждении. Плачем вдов начинается фильм, плачем Жибек, ставшей «соломенной вдовой» заканчивается, не многовато ли? Когда приходит весть о победе, звуковой мир оркестрируется автором торжествующим кюем: «Қағылған дауылпаз, керней, сыбызғы, қобыз күйлері келеді. Женіс күйі жақындай берді...Куаныш, куаныш... Жеңіс күйі гүрсілдеп естіледі» [12, 373-374].

Г.Мусрепову было свойственно поэтическое видение кинематографа, в котором было много метафор, сравнений, символических образов. Так, например, крупный план героев дается посредством сравнения, смена настроений на лице Толегена сравнивается с воротами: «бір қақпа тарс жабылып, бір қақпа сарт етіп ашылғандай» [12,371].

Фактически ни один сценарий не воплощается на экране в том виде, в каком он представлен сценаристом. Если сравнить литературный вариант Г.Мусрепова с режиссерским сценарием, то можно увидеть те купюры и изменения, которые внес режиссер С.Ходжиков в качестве соавтора. В целом почерк известного писателя сохранен, но есть и расхождения с киносценарием. Например, Бекежана после его признания ждет суровое наказание. В эпосе и в сценарии – это изгнание: «Кет! Кет бұл елден!» [12,401]. В фильме С.Ходжикова – это смертный приговор, который выносят представители трех жузов:

«Ұлы жүз: Ұлы жүздің жазасы - мынау (өлім жазасына бұйырады)

Орты жүз: Орты жүздін кесімі – осы.

Кіші жүз: Кіші жүз ағаларына қосылады» [12,92].

По замыслу С.Ходжикова финальная сцена в «Кыз-Жибек» должна была выглядеть так: «по реке Жаик плывет белая фата утонувшей Жибек. На берегу стоят черные всадники. Они подхватывают фату на пики и разрывают на части. Тысячи черных всадников входят в воду. В контексте фильма ясно

прочитывается метафора: феодально-родовая разобщенность позволила врагу топтать казахскую землю» [7,15]. Эта особая интонация финала, которую мечтал вложить в картину режиссер, воплощена не была, и потому в картину вошел следующий эпизод, который тоже расходится с первоначальным замыслом Г.Мусрепова: «Су бетінде калқыған Жібектің сәукелесі» [12,93].

Таким образом, четыре текста – либретто, два сценария и художественный фильм образуют единый интертекстуальный инвариант.


1. Молдагалиев Ж. У истоков.- Новый фильм.-1980.-№7.-7-10 стр.
2. Борев Ю.Б. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов. - М.: ООО «Издательство Астрель»: «Издательство АСТ», 2003.- 575 с.
3. Назаров А.С. Первенец казахского кино.-Алма-Ата: Онер, 1980.-72 с.
4. Абдулахатова Р. На экране народный герой//Очерки истории казахского кино. - Алма-Ата: Наука, 1980.-С.77-103
5. Иванов Вс., Майлин Б., Мусрепов Г. Амангельды. - В кн.: Сценарии казахского кино. Сост. Г.М. Липатникова. - Алма-Ата: Онер, 1984.-С.11-51
6. Момышулы Б.//Фильм-воин.-В кн. Назаров А.С. Первенец казахского кино.-Алма-Ата: Онер, 1980.-С.68-69
7. Зимина И.Фата утонувшей Жибек не досталась черным всадникам //Антенна. Народное кино. - 13-19 ноября 2006.-С.15.
8. Кулмухамед М. Великодушный //Казахстанская правда. - 2006. -3 февраля. - С.3
9. Смаилов К. Тенденции и проблемы становления казахской советской кинодраматургии…Дисс..канд иск-вед.. - Алма-Ата, 1974.-152 с.
10. Смаилов К. «Қыз-Жібек» қалай туған?//Фильм осылай туады.-Алматы:Өнер, 1981.-С.55-75
11. Смаилов К. Қыз-Жібек» осылай туған //Камал Смайылов. Үш томдық жинағы. Том 3.-Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004.-82-92
12. Ғ.Мүсрепов.Қыз-Жібек//Драмалық шығармалар. Пьесалар, либреттолар, сценарийлер, аудармалар. – Алматы: Өнер, 1982, 369-401 б.
13. Исабеков Д. Аққу-Жібек //Бес томдық шығармалар жинағы. 5 том. Пьесалар. Алматы: Өлке, 2003.-С.174-189
14. Кыз-Жибек. Пер. Л.Пеньковского. - М.: Художественная литература, 1975.-140 с.
15. Мессман В. Поэт сцены. - Алма-Ата: Жазушы, 1965.


* * *


Баптa Г.Мұсіреповтың; бұл "кино өнерінің заңдарына ұлкен әдебиет тіректі" қаралатын өнерлері сценарилі тұрғыны талданады. Талдауды орталықта - екі діни киносценарилар - "Амангелді", дыбыстық; кәсіби қазақстанда киноны ұлттық кинематографтың төбе тұрған тарихтар белгілеген бас, және "Қыз-Жібек".


* * *


The article analyzes the scenario aspect of creativity G. Musrepov, considered as "great literature based on the laws of cinema." In the center of analysis - two iconic movie scenario - "Amangeldy" marked the beginning of the history of sound professional film in Kazakhstan, and "Kyz-Zhibek", which became the top of national cinema.


*С. Ысқақұлы*

## АСЫЛҚАННЫҢ АҚЫНДЫҚ ШАЛЫМЫ

Өзінің қысқа ғана ғұмырында отты жырлармен артына өшпес мұра қалдырған, жас талант, арынды ақын – Асылқан Мыңжасарұлы да өз дәуірінің шындығын бейнелеуде, әлеуметтік мәселелерді көтеруде белсенділік танытты. 1893 жылы қараша айында Шынжаң Іле қазақ облысына қарасты Нылқы ауданының Мыс деген ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген Асылқанның жалпы бала күнінен-ақ жағдайы мәз болмаған. Үш жасында әкесі, жеті жасында шешесі қайтыс болып, жастай жетім қалады. Тек әйтеуір көкірегі ояу ұлы әкесі Беспайдың етінің тірілігінен кем, қор болмай тәрбиеленді. Асылқан он бес жасқа шыққанда, сол кездегі Іледегі қызай руының (найманнан тараған) Беделді ақалақшысы Кәдірсізге хатшы болады. Осы барыста ел аралап, жер танып, көп нәрсенің сырына қанығады. Өмірмен терең араласып, көз аясы кеңиді. Сол тұстағы мешеу қазақ сахарасындағы келеңсіз жайттерді, қым-қуыт қайшылық қақтығыстарды, жер дауы, жесір дауы сынды дау-шарлар мен би-болыстардың арасындағы құқық, мүдде таласын көреді. Осымен өзектесіп жататын үкімет пен ұлықтардың ішкі сыр-сипатын байқайды. Міне, бұлар ақын шығармаларының туындай түсуінің қоғамдық негізі еді.

1916 жылы Текес ауданының Қаражон деген жайлауында болған үлкен, дабыралы аста Асылқан атақты Әсет Найманбайұлымен жүздеседі. Әсет те Асылқанның ақындық өнеріне айрықша сүйсініп, ықыласын білдіреді. Дуалы аузынан: “Жеткелі тұрған жетелі бала екен”,– деген қасиетті бағасын береді. Сол ас үстінде Асылқан “Ат шабыс” атты дастанын шығарады [1, 19 б.].

Асылқан Мыңжасарұлы 1918 жылы небәрі 25 мүшел жасында қастандыққа ұшырап қайтыс болады. Ақын жасаған дәуірде қазақ шонжарлары мәнсап алар шағында сол тұстағы Іленің билік органы тұрған Күреге (қазіргі Қорғас ауданында) барып, ондағы ұлықтарға пара беріп жағынатын. Күредегі ұлықтар да кім құлқынына көбірек құйса, алтын, күміс, жамбыны кім көп берсе, соған мәнсап беретін. Асылқан Әділқайыр болысқа ілесіп Күреге барғанда, Күре ұлығының осы әділетсіздігін көріп:

Күреде съезд ашып кеңес құрдың,
Жиып ап би-болысты егестірдің.
Жамбыны көп бергенге мәнсап бердің,
Ұлық-ау, тура билік емес мұның!–

деп айыбын бетіне басып, өлең шығарады. Бұл өлең құлағына жеткен ұлық барынша уыттанып айтыста жеңіп, болыстық алған Әділқайырды да, Асылқанды

да қастандықпен мезгілсіз мерт қылады. Ақын көз жұмар алдында:

Жиырмаға келгенде,
Шынарың кетті-ау үзіліп.
Ақ қағаздың бетінде,
Жазуың қалды сызылып.
Сандығыңды ашқанда,
Кітабың тұр тізіліп…,–

деп өзіне арнап жоқтау жазып қалдырған.

Жел сөздің гүлі болып ашыламын,
Кіргенше қара жердің берігіне…,–

деп ақтық демі біткенше өлең нөсерін селдетіп өткен төкпе ақын қысқа ғұмырында мол мұра қалдырған. Алайда оның көбі (жиналғаны) Қытайдағы аты-шулы "Мәдениет зор төңкерісі" кезінде өртелді, жоғалды.

Ақын шығармалары өз дәуірінің тарихи айнасы іспетті, яғни сол тұстағы көшпелі қазақ өмірінің тарихи-әлеуметтік шежіресі сияқты. Оның өлеңдері мен толғаулары, айтыстары мен дастандары бір-біріне ұқсамаған формалар мен сан алуан тақырыптарға құрылды.

Асылқанды ел-жұрты "тілі ерте шыққан, тақылдап дана сөйлейтін, жөргегінде өлең қонған, тума талантты ақын" [2, 47 б.],– деседі. Асылқан алты жасынан бастап елден естіген өлеңдерді жаттап, әндерді айтумен бірге, өз ойынан ұйқастыра сөз қосып бірнеше шумаққа дейін өлең құрап айта бастаған.

Еспер деген молда қолы қысқалау біреудің үйіне қонады. Қонақасыға көңілі көншімеген ол әлгі үйді ат-шапан айыпқа жығады. Мұны естіген бала Асылқан Еспердің үйіне барып, мынадай өлең жазып кетеді:

Сәлем де Есперіңе есірмесін,
Еспердің алған екен кесір несін?
Есперің өкпелеуден түк таппайды,
Тыныш жүріп, шайын ішіп, етін жесін…

Ақынның бала кезінде қолма-қол, табан астында шығарған, міне, осындай өлеңдері бірнеше жолдан, бірнеше шумаққа дейін болып, барлығының туылу себептері мен көзқарастары айқын келеді. Белгілі шағын оқиғаға құрылады. Немесе өмір көрінісінің терең әлеуметтік астарын ашуға бағытталған.

Шоғындай сексеуілдің шоқтанайын,
Тұйғындай үйрек алған оқталайын.
Алдыма айтар кісім келгенінде,
Несіне бұқпантайлап тоқталайын,–

деген арынды да дарынды төкпе ақын өмірінің соңғы он жылында дауылдатып, нөсерлетіп, өлең-жырды көп төкті. Көптеген айтыстарға түсумен бірге "Итпен айтыс", "Көк атпен айтыс" қатарлы айтыс өлеңдерді шығарды.

Ақын жасампаздығының жалпы нобайынан оның қоғамдық ой-пікірде әділетті жақтайтындығы байқалады. Оның көп өлеңдерінде сол кездегі қоғамның тарихи астары, халықтың әлеуметтік, саясишаруашылық күйі мен салт-санасы, сахара табиғаты айқын суреттеледі.

Асылқан өлеңдерінің енді бір саласы өмір толғаулары – адамның мінез құлқы, жас ерекшеліктері, үй мүліктері, тұтыну бұйымдары, жер-су, ас-той, туған жер табиғаты т.б. кең тыныспен суреттеліп, танымдық, тәрбиелік мәні зор шығармалар болып келеді. Ақынның "Өз өмірі туралы толғауының" туылуының мән-жайы былай болған: Асылқан жиырма жастар шамасындағы кезінде ел аралап жүрген Қызай руына әйгілі Рабат дейтін төреге кезігіп қалады. Асылқанның данқын естіп жүрген төре оған: "Туылғаныңнан тартып қазірге дейінгі өміріңді өлеңмен айтып бер", – деп бұйырады. Сонда Асылқан іркілместен:

Асылқан – сұрасаңыз менің атым,
Мыңжасар – сұрасаңыз әкем атын.
Тәңірберді үлкені – құттымбетпін[1],
Ардақты қызай ана – арғы затым.
Шамамның келісінше мен сөйлейін,
Есіне қалсын кейін жамағаттың…,–

деп бастап, 20 жасқа дейінгі өмірін баяндап, табанда сыдырта жөнеледі. Оған риза болған төре енді бір кезекте: "Енді мені жамандап бір өлең айтшы", – дейді. Сонда Асылқан:

Рабат, басқалардан шешен-ақсың,
Серкедей қой бастаған көсем-ақсың.
Бес жүз үй төре-төленгітті зар жылаттың,
Көзіңнің жасы, мұрныңның боғы, кеселі атсын!-

дейді. Ашуланбасқа уәде берген, ақын алдында сөз ұстатқан және өнеріне сүйсінген төре оны шам көрмейді. Қайта қатты әсерленіп: "Тірі болса, Әсеттен де артылады екен",– деген бағасын айтып, жолын беріп аттандырады [2, 44 б.].

"Қазақ үй мүліктері" атты толғауында ақын:

Шаңырақ, күлдіреуіш, кереге, уық,
Тұрады ши, туырлық оған жуық.
Маңдайша, табалдырық, есік ағаш,
Таяныш өлең қылдым бәрін қуып.
…Балта, шот, бәкі-пышақ, кетпен, тесе,
Шәугім, орақ, тостаған, шалғы, кесе,
Тегене, аяқ, табақ, қазан-ошақ,
Тағы бар айтылмаған әлденеше… [3, 85 б.], –

деп қазақ үй мүліктерінің жүзге жуығының атын жинақы да ширақы етіп өлеңмен өрнектеп шығады.

Ал "Мәшіреп" толғауында көшпелі қазақ халқының жаз жайлау үстіндегі тіршілік тынысының көрнеу әрі көңілге қонымды бір көрінісін суреттеу арқылы сол тұстағы сахара өмірінің айшықты келбетін кестелейді.

Алдымен алып келді "бойға тарар"
Қымызда шама бар ма бетке қарар.
…Дейді екен онан кейін "қолтық керер"
Мұны ойлап тапқан адам неткен шебер.
Төрт шыны қосақтаулы және де бар.
Ішетін "мойын иер, көзге тиер",
"ынтықпа", "атты-кетті", "бата аяғы"
Ет пісіп дайын болды бағанағы.
Күмісбек , күнде Ахмет бұлар құсып,
Талай жан қарағайды сағалады…,–

Танымдық, этнографиялық тағылымы бар бұл жолдарда қымыз ішудің алты түрін айта келіп, қазақ

[1] Тәңірберді, Құттымбет – Ру бттары.

даласындағы мәдениеттен кенжеліктің де арғы түкпірін аңғарта кетеді.

…Қосылар өнері бар ұлы дуға,
Кейбіреу тура шабар бекер буға.
Азырақ көңіл бөліп мен сөйлейін,
Ықшамдап атын білер жер мен суға…,–

деп басталатын "Жер-су толғауында" ақын қазақтың атам заманнан бері қарай мекен еткен, бауыр басқан шұрайлы да көркем, құтты да құнарлы қоныстарын емірене жыр етеді. Сонымен қоса сыртқы жерлерді, ұлы құрлықтарды, мұхиттарды шолып өтеді. Аякөз, Көксала, Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл, Қарақолдан тартып, Іленің сыртқы жағын жіпке тізген маржандай немесе география сабағын сөйлеген ұқыпты оқытушыдай баяндайды. Мұнда тек жер-су аттары ғана емес, бұдан сырт сонау Абылайдан тартып, тарихи ірі оқиғаларды, өз кезіндегі Жоңғар феодалдарының қазақ даласында жүргізген қызыл қырғын нәубеттерін, қанды қақтығыстар мен қырқысуларын елестетіп өтеді. Соңында беталысты Іленің ішкі жағындағы жер-су аттарына аударады. Іленің көркем табиғатын суреттейді. Іленің жер-суын, көрікті табиғатын көркем тілмен кестелеп, тебінді өлең жазған, өшпес өнеге қалдырған Асылқан Мыңжасарұлы деуге болады. Оның бұл толғауы кейінгі қазақ ақындардың ойына өріс, жырына шабыт болғаны белгілі. Асылқаннан отыз жыл кейін дүниеден қайтқан әйгілі ақын Таңжарық Жолдыұлының "Іле сипаты" деген өлеңіндегі:

Байқасаң Іле жердің ортасындай,
Егерде дене болса қолқасындай.
Тауы алтын, тасы күміс, ағашы жез,
Сулары еркек қойдың сорпасындай…,-

деген жолдар сондай-ақ жоғарыда талданған Шарғынның "Текестің салалары" атты толғауы Асылқан Мыңжасарұлының:

Арасан, Арыстан мен Қастың басы,
Борқора, Сары қабырға бергі басы.
Аққүнгей, Алтыөгізсай, Белқарағай,
Шықпаған түрікпенен дабырасы….–

деп басталатын ұзақ өлеңімен үндес жатқанын аңғарамыз. Ақынның "Ұры мен жолбарыс" атты дастанының оқиғасы қарапайым болғанымен қызғылықты әрі тартымды, тілі жатық, шебер сюжетке құрылған болып, оқырманын баурап, еліктіріп отырады.

Асылқан Мыңжасарұлы 13 жасынан бастап ауыл, ел арасындағы айтыстарға түскен. Оның бізге жеткен көркемдік өресі биік, мазмұны терең бірнеше айтыс еңбектері оның нағыз дәуперім, ұшқыр сөз иесі екенін танытады.

Ақын Асылқанның өзге айтыс ақындарынан бір ерекшелігі – ол айтысқан қарсы жағындағы әріптесі кім болсын, оны дереу тұқыржылатудан гөрі, демеп, қузап, еліктіре, желіктіре, аузына сөз, көкейіне ой түсіре қосарға алады да, айтыс жүлгесін құрып, көрігін қыздырады. Шағын және көлемді айтыстары болсын, бәрінің соңы әлдекімнің еңселеп жеңілуі емес, жарасымды, риясыз ілтипатпен жүйеге тиянақ таптырады. Осымен қоса ақын айтыстарының өн бойында қатты шиеленіскен қақтығысты қайшылыққа желі тартылады.

Асылқан айтыс барысында әріптесінің портретін, оның ақындық өнерін бүкпей дәл баяндап, өзін де асырап мақтамай, сол адамдар қатарында көрсетеді.

"Тәнимен айтысында" Тәнидің келісті келбетін:

Бір кезде Тәни келді сылаң қағып,
Түрленіп тоты құстай қылаң қағып,
Жағында кимешектің он сөлкебай,
Бұлғақтап шекесіне үкі тағып.
Келбеті хор қызындай сұлу екен.
Япыр-ай Тұңғатбайдан туған нағып?!…

– деп суреттейді.

Ал ақынның "Нұрипамен айтысында" бір дәуірдің өмір шындығын дәлме-дәл етіп көркем тілмен бейнелейді. Айтысқа түскен әріптестер көрініс те бірін-бірі мінеп, кемсітіп отырғандай, мұның өзі рулар арасындағы қақтығыстай болып көрінгенімен, айтыстың астары ел ішіндегі ақалақшы, мампаң, биболыстардың, зәңгі-төрелердің кемістігін бетіне басып, олардың жексұрын, жиренішті қылықтарын шенеп, әшкерлеп отырады. Мысалы,

Баласы Сыламжанның мампаң шандыр,
Ұйқыдан көзін ашса, елін аңдыр.
Атаның аруағымен ол да кісі,
Туар ма мұндай жаман тәңір алғыр.
…Кенедей қанға тойған Дәуіт залым,
Құртты ғой Тілеукенің тегіс бәрін.
Шығыны осы күнде шашынан көп,
Құтылмас қыз бермесе бірер жарым…

Осы айтыста сол кездегі ру басыларының отыз шақтысының аты аталып, олардың түрліше жағымсыз қылықтары, озбырлықтары қатаң сыналады. Ақын әріптесін әр сырға, әр тұрғыға, әр ойға жетектеп, оның аузына сөз салып, өзі оған қару айтады. Енді бір жағынан алланың атын, діни нанымды, аруақты көлденең тарта отырып, өз ойын айтып, діттеген мақсатына жетіп отырады.

Асылқан Мыңжасарұлының қай жанрдағы шығармаларын алсақ та терең, бай мазмұнды, алуан формалы болып, жоғары көркемдікке, өзіндік сипатқа ие.

Ақын өмірі қайшылыққа толы қақтығысты ортада өтті. Ақындық өнерімен де, қоғамдық қимылдарымен де өмірге терең араласып, сол тұстағы қоғамдық құбылыстардың қыры мен сырын, сипатын, терең, жете аңғара білді. Әрі оны өзінің шоқтай жайнаған жырларында айна-қатесіз бейнеледі. Әділетсіздік, жемқорлық, парақорлық, мәнсапқұмарлық, тоғышарлықты аяусыз әшкереледі. Өз халқының қамын жырлап, қасірет-қайғысына ортақтасты. Әділдікті жақтады, аңсады. Елжіреген достық-махаббатты, балдан тәтті балалық шақты, жайнаған жастық дәуренді, туған жердің көркем көрінісі мен таңғажайып табиғатын суреттеді. Сөйтіп, ол өзін өз дәуірінің мұзбалақ, дауылпаз бір туар ақыны екенін әйгілеп кетті.

Ақынның шабыты енді шарықтап, ағыны қатты Қас суындай буырқанып тасқындай бастаған кезінде өмірмен жастай қоштасты. Алайда оның жасын тағдырының жарқылындай жалынды жырлары мен жарқын образы халық жүрегінде мәңгі сақтала

бермек. Ол азаматтық поэзиясымен, күрескерлік рухымен Қытайдағы қазақ поэзиясының дамуына, әдеби үрдістің ілгерілеуіне мол үлес қосты.

* * *

Мақалада ақын Асылқанның өмірі мен шығармаларына шолу жасалумен бірге, оның ақындық ерекшелігі көрсетіледі.

1. Жарасұлы К. Асылқан шығармалары жөнінде // Шалғын. – Үрімжі, 1982.– № 3.– 17-29 бб.

2. Шөкеманұлы М. Асылқан Мыңжасарұлының өмірі мен өлеңдері туралы // Шынжаң қоғамдық ғылымы.– 1993.– № 4.– 44-47 бб.

3. Халық қазынасы.– Пекин: Ұлттар баспасы, 1997.–1-том. – 496 б.

***А. Тойшыбекова***

## ҰЛТТЫҚ ПРОБЛЕМА ЖӘНЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ ШЕРХАН ДРАМАСЫНДА

Көркем шығарманың үшінші тегі драма жанрының дамуы Ж. Шанин, М.Әуезов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Ә.Кекілбаев, Ш. Құсайынов, Қ. Мұхамеджанов, Т. Ахтанов т.б. есімдерімен байланысты. Қазақ драматургиясының қалыптасуына өзіндік үлесін қосып жатқан жазушылар өте көп.

“Әдебиеттің ерекше бір түрі — драматургия театрды нысана етеді, сахнаға қойылу үшін жазылады. Танымдық, тәрбиелік мәні бар, идеялық-эстетикалық әсері орасан күшті өнер — драматургия тағдырлар тоғысуы, характерлер қақтығысы, сезімдер шайқасын көрсетіп, аса қатал композиция талаптарын ескере отырып, ерекше көркемдік құрал-диалогтар мен монологтар арқылы болмыстың сан алуан шындықтарын ашады, өмір құбылыстарына баға береді, билік айтады”, — дейді ғалым Р. Нұрғали

[1, 8 б.].

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап қазақ театрының дамуына үлес қосқан драматург — Шерхан Мұртаза.

Шерхан Мұртаза — драматургия саласында өзіндік орны бар қаламы ұшқыр жазушылардың бірі. “Сталинге хат”, “Бесеудің хаты”, “Жалғыз үйлік зілзала”, “Ноқтаға басы симаған”, “Домалақ ана”, “Есек саудасы” т.б. пьесалары шебер драматург ретінде жазушының бір қырын көрсетеді.

Шерхан Мұртаза- жан-жақты дарын иесі. Ол ұлттық драматургиямызға өз үлесін қосқан жазушы.

Заман шындығын терең толғап, проза жанрында қалам тартқан бояуы мол суреткер, көркемдік талабы басым драматургияға қалай келді?

Әрине, жазушыны драматургияға алып келген күш — ауқымды, құнды шығармалардың сахналық көрініс талап еткендігі.

Қырағы жазушы прозамен қатар, драмаға да қалам сілтеп, ұлттық театрымыздың өсуіне белсене атсалысу талантты драматургтер үлгісі еді.

“Қазақ драматургиясының бүгінгі үлкен міндеті — осы заманның тақырыбындағы шығармалар туғызу. Драматургтеріміз өмірді барынша батыл, барынша жіті зерттеп, өз замандастарымыздың ой-сезіміне көбірек құлақ асқанда ғана шынайы шығарма тудыра алатындарын ұмытпауға тиісті. Біздің бүгінгі өміріміз әр алуан шындыққа аса бай. Тың жерлері мен Қазақстан Магниткасын салушылардың қаһармандық еңбегі өзінің көркем әдебиеттегі шынайы бейнесін әлі тапқан жоқ. Біздің драматургиямызбен театрымыздың қашанда өмірдің өзекті проблемаларын көретін жақсы дәстүрі бар. Енді тек сол жақсы дәстүрді одан әрі дамыта білейік”,— деп жазады 1958 жылғы “Театр тынысы” атты мақаласында [3, 400 б.] Тахауи Ахтанов.

Ш. Мұртаза пьесаларында заманның тыныс-тіршілігі, қоғамның басты мәселелері, халық басындағы қайғы-қасіретті, ұлы тұлғалардың бейнесі мен әулие аналардың, қаһарман батырлардың сом тұлғасын драмалық шарттарға сай, сөз мәйегін ағызып, шынайы суреттеген.

Қоғамдағы жағдайлар, адамдар арасындағы қарым-қатынастар Шерхан Мұртаза пьесасында ауқымдырақ берілген. Драматург қарапайым өмір құбылыстарынан бастап, күрделі қоғамдық саяси мәселелер мен тарихи аңыздарға дейін қозғаған. Шерханның “Жалғыз үйлік зілзала” атты екі бөлімді сахналық шығармасында өмір сүріп отырған қоғамымыздағы баспана, көкек аналар, қайырымсыз әкелер, адам жанына жақсылық ұялатып, желеп-жебеп жүретін періштелер мен орға соқтыратын жамандықтан айналшықтап шықпайтын Албасты-Марту бейнеленеді. Осы кейіпкерлер арқылы өмір сүріп отырған қоғамымыздағы жайсыз жағдайларды, ащы шындықты, жанды бейнемен іс-әрекетпен әшкерелейді. Пьесада бірнеше кейіпкер қоғамдағы басты мәселелердің шешілуіне ықпал жасайды.

Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған Сандуғаш пен бейкүнә сәбидің өмірде өз үлестерінің жоққа шығуы, тағдырлары кісінің қолында екендігі аналық ой-арман мақсатының орындалмауы қоғамның, заманның келеңсіз жағдайларына әкеліп тіреледі. Азаптан бойы арылмаған жалғыз басты ана Сандуғаш бейнесі арқылы қазіргі қазақ қыздарынан шыққан көкек аналар, тастанды балалар, Малқар сияқты –қайырымсыз әкелер тағдыры бейнеленеді.

Десек те осы шығармада Сандуғаш пен Мүнира бейнелері арқылы өмірдегі шындық шыңына жеткені суреттелгені анық. Аналардың бірі алдау мен арбаудан, қорлық пен зорлықтан әлсіздіктен азап шексе, енді бір аналар өз мақсатына, билікке,

байлыққа, дәулет пен сәулетке жетем деп жүріп отбасының қадірін уысынан шығарып алғандығын, яғни “баласыз үй қу мазар” дегенге саяды.

Малқар - тек қайырымсыз әке ғана емес, сөйлеген сөзі мен іс-әрекетінен тұрағы жоқ тұрақсыз, өз ісі мен сөзінің есебі жоқ аясыз, тек әкімшіліктің шауыпкелі, білікқұмар тек бұйрықты орындап, орындатқанды ұнататын шабарман екендігін көрсетеді.

Ал Салбырақ болса, қайтсем баспананы басып қалам деген оймен бала-шағасын шынжырлап амалсыздың күйін кешіп, өз өмірін бәске тіккендей қорқытқан сыңай танытады.

Ал мұндағы періштелер мен Марту бейнесі сырт көзге оғаш көрінгенмен драматург бейнелеу кезінде сахналық көрініске сай бұлардың іс-әрекеті қимылы мен сөздері жүректі шымырлатарлық ететіндей бейне жасаған.

Барлық адам бойына жақын тартып сезіне білмейтін кейіпкерлер арқылы жазушы тылсым бір дүниенің сырын ашқандай сезіледі.

Қай заманда болса да адамзат баласы жақсылықтан аттап, имандылықтан безіп, кесір билегенде “көп асқанға бір тосқан” дегендей тылсым күш иелері мен рух тәубасына келтіреді деген сенімге арқа сүйеген. Жазушы шығармасында да осы жайттар орын алған.

Біздің өміріміздегі осындай келеңсіздіктердің тоқырау тұсында жаппай етек алып, әлеуметтік-қоғамдық дертке айналғанын шынайы көрсеткен “Жалғыз үйлік зілзала” драмасы осылайша аяусыз әшкерелеуші қуатымен көзге түседі,— дейді сыншы С. Жұмабек [4, 121 б.].

Қорыта айтар болсақ, драматург қазіргі қоғамдағы жастардың тәрбиесін, олардың іс-әрекетін шынайы көрсеткен. Қоғамымызда қанша жастар жазушы кейіпкерлеріндегідей күйге түсіп, жас өмірлеріне балта шапты. Сандуғаш секілді қаншама қаракөздеріміз өмірден опық жеді. Қаншама сәбилер тастанды болып, жәудіреңдеген көздер ата-ананың қамқорынсыз өмірге келді. Қазақстан бойынша баладан ана, анадан бала безген заманды шынайы көрсеткен Шерхан Мұртазаның көріпкелділігі мен көрегендігі баршамызды тәнті етіп отыр. Жазылған шығармалар бүгінгі таңда өз мәнін жоя қойған жоқ. Себебі, бұл пьеса бүгінгі заманның, бүгінгі күннің ұлттық проблемасын көтеріп отыр. Жазушы Малқар мен Сандуғаш сияқты кейіпкерлердің бейнесі арқылы оқырманына үлкен ой тастайды.

Шерхан пьесалары мен идеясынан басқа басы артық сөз таппайсың, диалогтар қысқа, нұсқа мағыналы. Пьеса тілінен кейіпкерлердің өзіне лайық характерлерін психологиясын танымдық өзіндік ерекшеліктерін көреміз.

Шерхан Мұртаза шығармаларының ерекшелігі оқиғалар мен фактілері нақты, айқын, шын қоғамдық өмірден алынған, стилі қарапайым, тілі көркем, образы анық, суреттелген жайттар шығарма көлеміне лайықты, тұжырымды диалогтар мен терең ойлар шебер берілген.

Ойға көсем, тілге шешен жазушы бала күнінен бастап көргенін кестелеп, түйгенін дестелеп халық ойынан шығатындай көркемдеп, қазақ әдебиетінің төрінде мәңгіге өшпестей із қалдырғаны анық.

1. Нұрғали Р. Арқау. –Алматы: Жазушы, 1991, -8 б.

2. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Қазығұрт. 4 том 3. Т. Ахтанов. Бес томдық шығармалар жинағы, Алматы, Жазушы, 1985ж, 400 б.

4. Жұмабек С. Жұлдызы нұрлы суреткер. (Халық жазушысы Ш. Мұртазаның шығармашылық жолы жайында) роман-монолог. –Алматы: Қазығұрт.
2002, -121.

* * *

В статье делается попытка раскрыть реалии современности в пьесах Шерхана Муртазы

*К. Б. Уразаева*

## ПОЭТИКА БЫТА В РОМАНЕ А.С. ПУШКИНА «ЕВГЕНИЙ ОНЕГИН»

Изучение поэтики быта в романе А.С. Пушкина «Евгений Онегин» берет истоки в знаменитом определении В.Г. Белинским романа как «энциклопедии русской жизни» и продолжается в работах Г.А. Гуковского /1/ и Ю.М. Лотмана /2/.

Г.А. Гуковский писал: «Не в том заключено реалистическое новаторство «Евгения Онегина», что в нем описан быт, неоднократно изображенный до него русскими поэтами, которых мы не захотим и не сможем отнести к реалистам, а в том, что бытовой материал истолкован Пушкиным иначе, чем его предшественниками, по-новому, реалистически, то есть в качестве типического, идейно обосновывающего человека и его судьбу» /1, с. 146/.

Ю.М. Лотман в «Очерке дворянского быта онегинской поры» замечал: «Одной из особенностей бытописания в «Евгении Онегине», весьма существенной, является то, что значение бытовых реалий необходимо для понимания текста даже тогда, когда они непосредственно не упоминаются или даже мелькают в виде кратких отсылок, намеков» /2, с, 490/. Лотман в исследовании быта дворянской эпохи придерживался следующих разделов: хозяйство и имущественное положение, образование и служба

дворян, интересы и занятия дворянской женщины. Дворянское жилище и его окружение в городе и поместье, день светского человека, развлечения, бал, средства передвижения.

В настоящей статье определяющими в анализе поэтики быта явились упоминание Лотманом об активности внетекстовых связей и оценка построения сюжета как болтовни. Попытка изучения быта как способа создания текста, а также его функции носителя национального сознания позволяет не только обозначить особенности проявления быта в повествовательной структуре с точки зрения событий, но и дифференцировать его модификации. Такой подход содержит возможность наблюдать, как внетекстовые связи становятся текстом непроисходящих событий. Иначе говоря, цель настоящей работы – охарактеризовать быт как культурный текст.

Функция быта как неперсонифицированного персонажа обнаруживается уже в первой главе романа А.С. Пушкина. Прежде всего, в поэтике быта значим неоднократно отмечавшийся исследователями применительно к пушкинской поэтике закон симметрической композиции /3/, /4/. Изображение быта Онегина в «неугомонном Петербурге» сопровождается картинами жизни героя в деревне, а также сравнивается с бытом Лариных, поместного дворянства. В романе с первых страниц обнаруживается двойная симметрия в композиции романа, связанная с изображением быта: внутренняя композиция – Петербург высшего света и трудовой город, внешняя композиция связана с главными героями романа.

Вторая особенность изображения быта – ироническая или шутливая коннотация эпиграфа, активизирующего внетекстовые связи. В-третьих, ироническая коннотация структурируется смысловым полем, в котором различимы повторяющиеся устойчивые концепты. Нами рассмотрены доминирующие концепты *мода* и *сплетни* (в дополнение изученных Лотманом в качестве комментария к тексту романа).

К особенностям изображения быта следует отнести также неконфликтное соседство высокого, книжного стиля с просторечным, а также синтез разных языковых систем, создающих не просто типичный для комического жанра эффект стилистического оксюморона, но передающих свойство пушкинского протеизма. Так, в первой главе стилистическая игра: французское *мусье*, просторечное *промотался*, книжное *пора надежд и грусти нежной* вписана в игру другого стилистического ряда: *Фобласа ученик, старик; рогоносец: Боливар, брегет, проказник.*

Анализ отмеченных особенностей изображения быта позволяет связать новаторство Пушкина не только с жанровыми открытиями, сколько с системным, комплексным понятием, атрибутированным в характеристиках ментальности. *Русскость* Пушкина, национальное своеобразие романа проявляется прежде всего в структуре и специфике быта.

В шутливой экспрессии эпиграфа к первой главе: «И жить торопится, и чувствовать спешит» (Вяземский) заключен ключ к концепции быта в выражениях русскости. Спешка, торопливость, суета в народном сознании ассоциируется с ироническим отношением. И вместе с тем это признак преходящего, наносного, модного. В духе русскости можно расценивать и омонимическую игру эпиграфа ко второй главе: «О rus!» Горация и авторское «О, Русь!».

В «Гарри Поттере и Ордене Феникса» большое значение имеет также и трансцендентальная апперцепция, которая в философии Канта означает «изначальное единство сознания познающего субъекта, которое якобы обусловливает единство опыта» [11]. И при этом «трансцендентальными формами», по Канту, являются «пространство, время, причинность, необходимость и другие категории» [12]. А поскольку будущее может влиять на настоящее, как, впрочем, настоящее на будущее, то тут на первый план выходит именно пространство и время. Потому что они одновременно и разъединяют, и соединяют настоящее и будущее. При этом трансцендентальный это также «изначально присущий рассудку, не приобретенный из опыта, но обуславливающий опыт, предшествующий ему» [12]. Это мы можем наблюдать у Гарри Поттера, изначально владеющего мощной защитой от злых чар и всяческого зла. Гарри Поттер лишь упрямо движется по предопределенному ему пути борьбы со слом, не изменяя себе, своим убеждениям в собственной правоте. У Гарри Поттера нет ни малейших сомнений в отношении Волан-де-Морта, поэтому он ведет с ним неустанную войну. Опыт борьбы со своим врагом Гарри Поттер получил по наследству от своих родителей, почти на генетическом уровне. Но в качестве компенсации Гарри и некоторые другие ученики могут видеть сказочных существ (фестралов): «Фестралов могут видеть только те, кто видел смерть» [13]. Стало быть, смерть означает не только потери, но и некоторые приобретения, связанные с трагическим жизненным опытом, к которым можно отнести и то, что Темный Лорд был силен в легилименции . Как утверждал Снег – это «умение извлекать чувства и воспоминания из чужого ума» [14]. Или, как определил Гарри, «он умеет читать мысли». По своду Дамблода Гарри должен был брать уроки у снега по защите от этой способности Темного Лорда, потому что он «почти всегда знает, когда ему кто-то лжет. Только искушенные в окклюминации способны подавить чувства и воспоминания, противоречащие лжи…» [15].

Но люди ошибаются в своих ощущениях и зачастую не могут найти даже зримое, как, например, Выручай–комнату: «Люди натыкаются на нее, когда очень нужно, но потом не могут ее найти – им невдомек, что она всегда есть и только ждет, когда ее призовут на службу» [16].

С новой стороны в этой книге показан образ Хагрида, приведшего в лес своего брата – дикого великана, крушившего все вокруг, но для него он был «маленьким». Доброе сердце Хагрида не позволяло оставить брата там, где его обижали более крупные великаны. Вообще в этой книге много изгоев-одиночек. Например, кентавр, изгнанный собратьями за помощь людям. Да и саамам Амбридж, преследовавшая Гарри, была изгнана из Хогвартса. Да и сам Гарри только в конце книги избавился от чувства одинокого изгнанника, окруженного злобными, мстительными недоброжелателями.

Предтерминация как «воздействие будущего на настоящее есть и в «Желтом тумане» А. Волкова, где могучий чародей Гуррикап наказал великаншу Арахну, «навея на нее очарованный сон» [17] за ее злодеяния: «Арахна была очень злая колдунья. Если в какой-нибудь день ей не удавалось никому навредить, она считала этот день пропащим. Зато причинив кому-нибудь беду, она хохотала так громко, что деревья в ближней роще качались и с них падали плоды» [18].

В этой сказке автор очень вольно обращается со временем и показывает события в течение нескольких тысяч лет: «Но вот прошла тысяча, а может быть, и две тысячи лет, и на жителей Волшебной страны начали то и дело сваливаться неожиданные бедствия» [18]. И наказание Арахны тоже имеет здесь довольно длительный срок – пять тысяч лет, поэтому это столь протяженное во времени наказание влияет на настоящее (положительно, так как Арахна в нем спит) и на будущее (отрицательное, потому что она должна проснуться и снова взяться за свои злодеяния). В этом произведении чародей Гуррикап тоже обращается к предсказаниям, потому что ему не безразлично: будет ли там Арахна. И с этой целью он листал магические книги, так как сам не обладал даром предвидения. И хотя он смог огородить Волшебную страну на пять тысяч лет от Арахны, но будущее негативно сказывалось на настоящем, отравляя его неизбежным пробуждением Арахны. Арахна хорошо относилась только к гномам: «… заклинания Арахны продлевали их жизнь до ста пятидесяти лет, их дети вырастали, не зная болезней, их стрелы били дичь без промаха, а в сети попадала крупная рыба» [18]. Автор в этом произведении называет «людским племенем», но тут же сам и подчеркивает их существенное отличие от людей – маленький рост: «Только к одному из людских племен Арахна относилась снисходительно, - к немногочисленному племени гномов, которых она привели в Волшебную страну из-за гор. Гномы служили ей верно и преданно, их прадеды дали в этом великую клятву. Но если бы чародейка обидела своих подданных, то гномы разбежались бы по всей стране, и тогда попробуй найди их в густых лесах и высоких луговых травах: ростом они были с локоток и умели удивительно ловко прятаться» [18]. Но со временем отношение гномов к Арахне изменилось. Они уже перестали ее воспринимать по прежним принципам: «В продолжение столетий гномы забыли обстоятельства, при которых была усыплена фея, и им казалось, что она вечно спит в своей пещере чудесным сном и будет спать до конца мира. Но уход за ней превратился в религиозный обряд и соблюдался весьма строго. Малейшее отступление от него считалось грехом и беспощадно каралось старейшинами» [19]. Но если для Арахны время остановилось, оно продолжало свой бег за пределами пещеры, ставшей ей ложем. И тут автор перебрасывает как бы своеобразный мост между выду-

манным сказочным миром и реальной действительностью с указанием исторических событий и лиц: «Время в темной пещере точно остановилось, но не стояло оно в Большом мире за Кругосветными горами. Человечество от каменных орудий перешло к бронзовым, а потом – к железным. Поплыли по морям парусные корабли. Отгремели Греко-персидские войны. Сметая все на своем пути, прошли по устрашенной Европе римские легионы. Началась и кончилась эпоха средневекового варварства, Колумб открыл Америку, а соратники Магеллана первыми из мореплавателей совершили кругосветное путешествие. Поднялись в небо воздушные шары, первый пароход забил по воде колесами, первый неуклюжий паровоз потащил по стальным рельсам смешные коробочки – вагоны… А колдунья все спала очарованным сном» [19]. Автор здесь допускает существование параллельно двух миров: волшебного и реального. Причем если реальный мир показан в динамике с различными достижениями прогресса, то сказочный мир живет по своим законам. В том числе и временным. И хотя гномы внимательно следили за событиями в Волшебной стране и записывали их в свои летописи, но это никак не влияло на их настоящее: «Гномы относились к летописи, как к величайшей святыне, и после того, как законченный свиток ложился на полку, никто не осмеливался к нему прикоснуться. Так и лежали свитки бесполезной грудой десятки веков» [20].

Будущее так же оказывает сильное влияние на Руфа Билана, главного государственного распорядителя при короле Урфине Первом. Усыпительная вода лишила его памяти, как и семи Подземных королей. И их нужно было заново всему учить, так как они теряли память. Именно Руфа Билана Арахна взяла в свои союзники, потому что Урфин Джюс отказался от ее предложений, раскаявшись в своих злодеяниях. Мечты об обеспеченном будущем заставили Руфа Билана сделать выбор в настоящем: «Руф Билан до малейших подробностей вспомнил все, что с ним было. Он решил начать все сначала, если представиться возможность. И он уже не был тем слабым беспомощным ребенком, каким гномы вывели его из пещеры. Перед Арахной стоял взрослый человек, интриган и честолюбец, способный на любое предательство. Хитрый поступок Арахны воскресил в Руфе Билане все его худшие качества» [21].

Таким образом, предетерминация в «Гарри Поттере и Ордене Феникса» Рлинг и «Желтом тумане» Волкова имеет большое значение. Будущее в \этих произведениях активно вмешивается в настоящее, влияет на него, определяя поведение героев. Авторы данных произведений смело экспериментируют со временем. Рамки сказочного жанра позволяют любые эксперименты со временем. Будущее в этих произведениях манит и пугает персонажей, поэтому они всегда думают о нем и живут ради того, чтобы будущее соответствовало их мечтам и надеждам. Больше всего героев страшит неизбежная смерть в будущем. Именно ожидание смерти в будущем особенно сильно влияет на настоящее героев, стремящихся в будущее, каким бы оно не было.

1. «Оружие последних времен». По материалам мировых СМИ. – Свобода слова, 27 декабря 2007 г.
2. Советский энциклопедический словарь. – М., 1990. – С. 1223.
3. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 295.
4. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 799.
5. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 800.
6. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 793.
7. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 818.
8. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 205.
9. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 157.
10. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 154.
11. Словарь иностранных слов. – М., 1987. – С. 49.
12. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 504.
13. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 419.
14. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 494.
15. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 495.
16. Дж. К. Ролинг «Гарри Поттер и Орден Феникса». – М., 2004. – С. 368.
17. Волков А. Желтый туман. – М., М. 1997. – С. 5.
18. Волков А. Желтый туман. – М., М. 1997. – С. 6.
19. Волков А. Желтый туман. – М., М. 1997. – С. 12.
20. Волков А. Желтый туман. – М., М. 1997. – С. 13.
21. Волков А. Желтый туман. – М., М. 1997. – С. 44.

* * *

Бұл мақала көркем әдебиеттегі предерминация туралы.

* * *

This article about predetermination in literature.

***Хы Юаншу, Тиан Фың***

# ЛИ БАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҒУ САРЫНЫ

Қытайдың гүлденген Таң дәуірі сан-салалы мәдениеттің тоғысқан дәуірі болып, сол кездегі астана болған Чаң-анда бұрын-соңды болып көрілмеген жаңалықтар болған. Көптеген қаламгерлер сол тұстағы тоғысқан сан-салалы мәдениеттің белгілі ықпалдарын қабылдап, қызу ынтамен сәйкесе білді, оны өздерінің шығармаларына арқау етушілерде болды. Сол таң дәуірінің әйгілі ақындарының бірі болған Ли байдың да шығармашылықпен шұғылдану барысында шегера өңірлердің өзіндік игі әсерін, «Ғу» мәдениетінің өзіндік ықпалын қабылдағаны оның поэзиясынан да айқын көрінеді.

Бұл жердегі «Ғу» деп отырғанымыз не?

Ғу деген бұл әріп (Қытайша жазылуы « 胡 » болып, қазіргі кезде «хұ» деп дыбысталады) байырғы Қытайдың солтүстігі мен батысындағы барлық аз ұлттарды жалпылама атауы. Қазіргі кезге дейін бір бөлім когенстер мен астық аттары Қытай тілінде «Ғудан келген» деген мағынамен қосарланып айтылады.

Сонау хан дәуірінен бері қарай батыс, солтүстіктегі аз ұлттар үздіксіз Хуаңхының орта-төменгі ағарына шапқыншылық жасап отырған. Бұл орта жазықта(Қытайда) туып-өскен ұлы тұлғалардың еңбектерінде естелікке алынып, олар Түркі ұлттарын қамтыған аз ұлттарды «Ғулар» деп атаған. өз тұсында Ғулармен болған қарым-қатынастың тереңдеуіне байланысты, Чаң-ан қаласында олардың мәдениеті бір жаңа құбылыс ретінде жалпыласып, тіпті салт-санасына дейін Қытай халқына әсер көрсеткен. Демек, Бұл жағдайлар қаламегер шығармаларынан да қағыс қалмаған.

Ли бай Таң дәуіріне өкілдік ететін әйгілі ақын болып, оның поэзиясында ғулармен байланысты деректер, сарындастықтар айқын көрініс тапқан. Ли бай поезиясын тереңдей зерттей келе мына жақтардан ғу сарыны бар екендегін көруге болады:

Бірінші, ақын поэзиясындағы табитғатпен байланысты толғаныстардан Ғу сарыны байқалады. Ақынның бір талай өлеңдерінің өлең тармақтарында Ғу бораны, Ғу шөлі, Ғу қазы (Қоңырала қаз), Ғу айы, Ғу тозаңы т.б деп келетін «Ғу»мен байланысты тіркестік суреттеулер өте көп кездеседі. Мұнда сондай бір айбынды да сәулетті Чаң-ан секілді Қалада ақынның сүреңсіз өмір суретін салуыннан, сол тұстағы қарапайым халықтың соғыс пен бүліншіліктен қатты зардап шеккендігін, елдің тыныш болуын көксеген ізгі ниеті көрінеді. Ақынның қоңырала қаз туралы баянынында әр жылы екі-үш ай қоныс аударатын қоңыр ала қаздың арлы-берлі ұшып-қонып жүрседе, тірлігінің еш баянсыз еместігін жыр етсе, қоңырала қаздың самұрықтармен бірге өте алмайтынын айту арқылы шегара өңірлерге ұзатылған нәзік әйел заттарының өз жұртынан айырылып, ел жұртын сағынатын, ақыры трагедиямен тынатын өміріне жанашырлық білдіреді.

Екінші, Ақын поезиясында соғыс және Ғу тұлпарымен байланысты сарындар бар.

Ғу тұлпары туралы Либай өлеңдерінде жиі кездеседі. Ақынның Ғу тұлпары деп отырғаны батыс өңірден әкелінген тұлпарларды көрсетеді. Тұлпар тұлғасы қазірге дейін сахара мәдениеті қою аз ұлттардың рухына терең сіңген. Ал Ғу тұлпарының қара жерді қайыстыраған айбатты көрінісі, болат тұяқтардың шаң боратқан шабысы сол тұстағы орта жазық халқының да есіне өшпестей болып орнап қалған. Ақын поэзиясында оның тұлпарға болған ерекше бөлек ықылас, сезімін, тұлпардың керемет кескінін мүсіндеген көркем айшықтаулары бар өлең жолдары бар. Ли байдың Ғу тұлпарының сахарадағы салтанатты болмыс-бітімін бар ынтасымен суреттеуінен, ақынның өзінің де романтикалы ақындық табиғатымен үйлесім тауып тұрғанын да көруге болады.

Ақын өлеңдерінде Ғу әскері, Ғудың қаны, Ғудың басы т.б деп келетін мазмұндарда жиі көтеріледі. Бірақ қызыл-қырғын соғыс суретін бермейді. Бұны ақынның соғысқа деген жирену сезімі мен бейбіт тұрмысқа деген терең аңсауы деуге болады. Таң дәуірі гүлденген мезгіл болғанымен бұл заманда таң патышалығының батыс, солтүстігктегі аз ұлттармен түрлі жақтағы қарым-қатынасы да, соғыстары толастамаған. Батыс түрік, шығыс Түрік қағанаттары, Хұй гу ханы т.б қатарлылар таң патышалығымен қою барыс-келіс те және белгілі аралық та сақтап отырған. Ғу әскерлерінің таң патышалғына шапқыншылы сол тұстың билеушілерін де, қарапайым халықты да қатты мазалаған. Мұны сол тұстың Ғу әскерлерін бейнелеп жазған көптеген ақын-жазушыларының еңбектерінен көруге болады. Қаламгерлердің бір бөлімдері судың тұнығын, шөптің сонысын қуалап тірлік көретін Ғулардың тұрмыс-әдетін, ерекше соғыс қабілетін сүйіне жырласа, тағы бір жағынан олардың әлегінен мезі болған қайшылықты сезімі де бейнеленді. Таң патышағының тарихын парақтап көргенде, біз көптеген әйгілі әскери қолбасылардың аз ұлттардан тағайындалғанын көреміз, атап айтсақ, Шешинхыли, Ашынсыр, Хыйшишаңжы, Гышухан (Қытайша дыбысталуы)т.б қатарлылар. Алайда, Либайдың жалпы соғысқа деген қарсылық сезімі жырларында айқын көрініс тапқан.

Үшінші, көңіл ашу, ішіп-жем, күнделікті тұрмыс бұйымдарымен байланысты жыр тіркестерінен Ғу сарыны байқалады.

Таң дәуірі материялдық жақтан гүлденуіне байланысты, рухани жағы да едәуір жанданған. әсіресе, ойынсауық, көркемөнердің кең өріс алуы мүмкіндігі күшейген. Соның бірі сол тұстағы Қытайдағы Ғулар

шарапханасындағы Ғу күтушісінің өнері туралы дерек. Ғу күтушісі жыры Ғулар ән-жырының ішіндегі ең бір көркем, бөганайы бөлек түр болды. Шарапханадағы Ғу күтушісі шырқаған жеңіл сазды әуендегі Ғу әні, осы ән-жырға ілесе әсерленген қонақтар Ғу биін билеп, шарап ішті. Мұндай жыр сарынындағы көрініс таң дәуір ақындарының есіне көркем елес қалдырды. Ли бай өлең-жырларындағы Ғу күтушісі сарыны таңғаларлық іс емес, әдемі Ғу күтуішісі ұсынған шарап әр қашан адамға желпіндірер рух силайды, әне сондай рух адамның әр қашан барлық қайғы-қасіретін ұмыттырады. Чаң-андағы Ғу күтуші шарапханасы негізінен Ши шы мен Шүн жияң жағалауындағы бамбүк үйлер қабатының үстіне орналасқан. Досын алыс сапарға аттандырған осындай сәтте, ақындар қуаныш шарабын қанғанша ішу, келістіре бір қонақасы беріп аттандыру дағдысына айналған. Бәлкім, таң дәуіріндегі кең таралған Ғу шарабы жүзім арағы болса керек. Батыс өңірдің жүзім арағы таң дәуірінен бұрын алыс-жақынға аты шыққан, жазба деректерде__айтылуынша батыс өңірдегі Дауанугуда және Аншигуда да жүзім арағы бар делінген, Тарым ойпатынының маңайындағы кейбір жерлерде жүзім шарабы бар делінген, мұндай жұпар йісті тәтті шарап пен қоңыр Ғу әуені, сәнді биімен қонақтарға қызмет көрсеткен Ғу күтушісі бірлессе табиғи түрде өзгеше бір жаңалық болып таралары анық. Олардың шарапханасының өзгешелігі көптеген қаламгерлерді осында келіп отыруға баурайды. Сол тұстағы У шың қаласы жастарының жастық кезде шарапханаға жиі-жиі кіріп шығуы таң дәуірінің бір түрлі өзгеше көрінісі болған. Ғу күтушісі деп отырғанымыз нағыз мықты өнер йелері еді. Сол кездегі адамдардың орта жазықтың перизатына естетикалық әуесі қалыптасуымен бірге Ғу күтуші өнерпаздарының да баурау қуаты көрнекті түрде көтерілді. Мұны әрине Ғу күтуші шарапханасындағы алуан түрлі көңіл көтеру әдісінен бөле қарауға болмайды. Жалпы айтқанда Ғу күтушілері таң дәуірі ақындары санасына терең әсер көрсетіп, олардың шығармаларында әрқашан молынан суреттеледі. Шет жердің ән-жыры мен тіл үйірер шарабы бірлесе келіп адамды өзіне баурайтын керемет қасиетін сүйіне жыр етті.

Ли бай өлең-жырларының ішіндегі тағы бір назар аударуға тиісті бір түйін Ғу тобындағылар ауаны. бұл болса таң адамдарының батыс өңір аз ұлттарын жалпылама атаған тағы бір түрлі атау. Олардың бет әлпетіндегі өзгеше ерекшелігі қытайлардан бөлек болған. Бұлар негізінен Таң патышалғына келген Ғулар тобына жататын софыларды, садагерлер және көркемөнершілер еді.

Ендеше, неліктен Ли байдың өлең-жыр тармақтарынан «Ғулар» сарыны туылады. Төменде өз танымымыз негізінде бірнеше түрлі себебін айтып өтелік:

Бірінші, Ли байдың әулеті және оның туып өсуіне байланысты пікірлер, Либайжың туып-өскен тарихын көптеген мамандар зерттеді, бірақ бұл әлі шешім таппаған сыр болып келеді. Көптеген зерттеушілер оны орта Азияның Сұяп деген жерінде туып өскен деген көзқарасқа тұрақтасты. Кейін келе Сы чуанның Чиң лиан деген ауылына келіп қоныс тепкен делініп жүр. Ал Либайдың туып өскен тарихына байланысты қатысты материялдарда төмендегідей екі тарихи жазбаға негізделген.

Бірі, Пан шуанжыңның жазған «оқымыстылар ескерткіші» деген шығармасы Ли бай өлгеннен кейінгі 55 жылдан соң жазылған. Онда айтылуынша, аты Бай, фамиласы Ли бай, ол Шан шидың Шың жи деген жерінің адамы, отбасы кедей болған, Сұй патышалығының соңында көптеген қиыншылыққа тап болып бас панасынан айырылған. Кейін атыжөнін жасырып тыныш өмір сүрген делінген.

Гоморо мырзаның көзқарасына негізделгенде, таң патышалығы дәуірінде Сұяп деген жер екі жерде болғанын, бірі орта Азядағы Сұяп екендігін айтады. Осы жазбадан қателік шықпаса, Либайдың туған жері орта Азядағы Сұяп болмақ, ол қазіргі Қырғызстанда.

Ал енді бірі Либайдың кіші әкесі Ли яңбиңнің «шежіре» деген кітабында Либайдың фамиласы Тайбай, Шаншидың Шыңжи деген жерінің адамы, Ляң у жаудың тоғызыншы ұрпағы деген.

Либайдың тегіне байланысты ақын өз өлең-жырларында да айтады. «Жаң шиянгауға арнау» деген жырында айтылуында өзінің арғы ата-бабасы Ли гуаң болған. «Чаң -ан жырында» Либай өзінің ата тегі Лигуаңның он алтыншы ұрпағы екенін айтады.

Ал, Шын янгы мырзаның қарауынша Ли байдың әкесі бұрын, батыс өңірдегі Ғулар болған. Содан бастап, Сы шуанға барған соң, фамиласын Лиға өзгерткен. Бұл оны «Ли тайбай дерегі» деген шығармасында айтқан.

Ху хуайшын «Либайдың мемлекет қарастылығы мәселесі» атты шығармасында: Либай мырзаның жат жерді қоныстанған мекені өткен замандағы Таужы немесе Сұяп. Біздің білетініміз Таужы дегеніміз таң патышалығының өзі бойсұдырған елге қойған аты. Сонымен бірге бұл ат Хан дәуірінің ескі атын пайдалана отырып қойылған.

Ли байдың ата-балалары батыс өңір жазбаларындағы Сан байху ішіндегі бір отбасы, жоғардағыларға негізделгенде Ли байдың арғы ата-бабасы батыста 89 жыл тұрған. Либай қайтып келген бес жаста еді десе, тағы бір мақаласында «Ли бай түріктескен Қытайлық, Ли байдың портреті ескі жазбаларда қарайлас айтылады. Либайдың шешесі болса, орта жазық өңірінің адамы емес болуы мүмкін. Ли байдың бір ұлының аты Миң юно, тағы бір ұлының аты По ли болып, бұл есімдер Қытайлардың ат қою дағдысына ұқсамайды. Мүмкін Түркилесудің нәтижесі болса керек дейді.

Ю гу «Ли байдың бет әлпеті Ғуларға ұқсайды, аңыздарда айтылуынша оның бет әлпеті өзгеше жаратылған. Негізінен батыс өңір Ғуларында болатын ерекшелік болған. Оның үстіне алғашқы өмір батыс өңірде өткендіктен, көптеген адамдар Ли бай Қытай ма әлде басқа ма деген сұрақтар қойған. Ли байдың өз жырларына негізделгенде және Ли яңбиңнің «шежіре» деген шығармасында Ли бай туралы дерек қалдырған Пан шуанжыңның «оқымыстылар ескерткіші» атты шығармасына кейінгілер

зерттеу жүргізу арқылы Қытайлардың дерегі, Ғулардың дерегі, Ғулар мен Қытайлардың деректеріне талас туып, ел назары шоғырланып жүр. Алайда, дәл қазірге дейін Либайдың тегі әлі де шемім таппаған сыр болып келеді.

Назар аударуға татитыны Ли байдың Ғулар тілін білуі, жоғардағылар Ли байдың расында Ғулар тілін білетінін дәлелдейді. Бұл жағындағы мәселелер Ли байдың өз өлең-жырларында белең береді. Либайдың туылуы және өмірі туралы анық зерттеу қортындысы шыққан жоқ. Алайда, мына бір мәселе нағыз шындық, бұл Либайдың туылуы мен өмір жолы туралы Ғулар мен болған байланысы мәселесі.

Бұл бәлкім Ли бай жырларының Ғу сарынымен жазылу себептерінің бір деуге болады.

Екінші бір себеп батыс өңір мәдениетімен болған байланысты болмақ.

«батыс өңір» деген бұл атау, бірталайдан бері күңгірт ұғым болып келеді. өйткені, ұқсамаған дәуірдегі адамдар ұқсамаған танымда болған. Алайда, үлкен жақтан алғанда біз оны негізінен бүгінгі Шін жиаң және Шін жиаңның батысындағы бір бөлім өңірлерді өз ішіне алады деп қараймыз. Батыс өңір жібек жолының негізгі қайнары, арлы-берлі қатынаған саудагерлер, саяхатшылар бұл жөнінде ұқсамаған көзқараста болған. Төтенше маңызды бір түйін, саудамен бастан ақыр батыс өңір мәдениеті керуендей созылған тарихи көшінде өзінің өзгеше құдіретті күшімен әйгілі.

Таң дәуірі Қытай ерте заман тарихындағы шартарапқа есігі айқара ашылған дәуір әрі ұлыттардың ұлы тоғысу дәуірі. Мейлі жоғары жік билеушілері, мейлі қарапайым халық бұқарасы болсын, олар үнемі шетел мәдениетін ашық қабылдған. Бұл таң дәуірі мәдениетін онан ары байыта түскен. Батыс өңір мәдениетінің Таң мәдениетіне болған әсері ешкім ойламаған жағдайда туды. Мұын біз Таң дәуіріндегі оқымыстылар жасампаздығынан көре аламыз.

Бізге көптен таныс дарын йесі Ли бай да осы дәуірде жасағандықтан, жан-тәнімен батыс өңір мәдениетінің ықпалын өзінің асқақ сезім, романтикалы ойымен, жаттық тілімен бейнелеп, өлеңдерінің тартымдылығын арттырды.

Оның өлең-жырларындағы Ғу сарыны бір қырына батыс өңір мәдениетінің Таң мәдениетіне болған ықпалын дәлелдеп отыр.

Батыс өңір мәдениеті Ли бай өлең-жырларында көптеп қамтылған. Міне бұл сол кездегі Батыс мәнеиетінің шығысқа сіңіп кіре бастауымен қою байланысты. Алдымен музика мен би. Таң дәуіріндегі он бөлімді ірі музиканың көп бөлімі батыс өңір баянынан алынған. Олардың көп сандысы ел атымен аталып отырған.

Үшінші, Ли бай өлеңдеріндегі Ғу сарынының Таң дәуіріндегі Ғулардың сіңісуімен байланысы бар. Орта Азиның Ғуларының сіңісуі шығыс Хан дәуірінің соңғы жылдарынан басталып кеткен. Ол кездегі Ғулардың киімі, ақшасы, төсек орны, ас-суы, биі қатарлылары халық арасына кең таралған. әрі сол кездегі мансап басындағылар бастап, Ғулар киімін киіп, құралын істетіп, биін үйреніп, тамағын ішкен. Сондықтан да бұқара арасына кеңінен таралған. Бұл кейінгі кездерге келгенде біртіндеп ілгерей түсткен.

Сұң, Таң патышылықтары тұсы жібек жолының едәуір дамыған тұсы болған. Батыс өңір қатынасының қолайлылығы батыс өңір адамдарының Чаңанға келіп қоныс тебуіне мүкіндік тудырды. Бұл адамдардың ішінде саудагерлер саны біршама мол болып, олар таң дәуірінің саяси, экономика, тұрмыстіршілігі жақтарын маңызды рол атқарды. Таң дәуірі патышалғы күшті, халқы бай, қатынасы дамыған болғандықтан, батыс өңір саудагерлері көп түрлі әдіс-айламен ұлы Таңға кірген. Жібек жолы бойындағы Бо шян, И жоу, Донхуаң, Ган жоу, Су жоу, Лиаң жоу, Чаң-ан қатарлы жерлерде саудагерлердің моляюы әрі қоныстануы сол жер халықтарымен етене байланыс тереңдеп, бір-бірімен қандастық қатынасқа дейін жетті.

Таң дәуірінің музикасы, би өнері батыс өңірдің ықпалына көп ұшыраған. Музика, би өнері патыша ордасында ғана емес, әрқандай жерлерде ықпалды болып, рухани қимылдардың басты тірегіне айналған. Міне осындай ортада өскен Ли байдың шығармашылығына Ғу сарынның сіңбеуі мүмкін емес.

Жинақтап айтқанда материялдық және рухани екі жақты қамтып жатқан Ғулар ықпалы орта жазыққа кеңінен тараған. Қытайлардың батыс өңірге таңданғанынан сырт, ең маңыздысы батыс өңір мәдениетінің өзіндік даралығынң көрнекті болғандығында десек, Ли байдың осындай ортада тамаша тверчестулық стил қалыптастыруы әбден мүмкін деген сөз. Оның өлеңдерінде осы тұрғы айқын көрінді. Қаламгердің жалпы туындыларына тереңдей үңілгенде, жалпылық жақтан батыс өңірдің географиляқ көріністері, соғыс майданы, азық-түлік, әдет-ғұрпы, ойын-сауығы т.б қатарлыларды қамтып жатқандығын көруге болады.

Қортындылай келгенде, жоғардағы айтылған дерек көздері мен айтылымдар Ли бай поэзиясына Ғу сарынының сіңуіне үлкен негіз болғандығын дәледей алса керек.


1. 司马迁：《史记》卷一百二十三。
2. 班固：《汉书》卷九十四
3. 詹锳等：《李白全集校注汇释集评》，百花文艺出版社，1996年。
4. 杜佑：《通典》，卷一百九十三。
5. 王溥：《唐会要》，卷九十九。
6. 陈寅恪：《李白氏族之疑问》，《清华月报》1935年第十卷。
7. 胡怀琛.：《李太白的国籍问题》，《逸经》1936年第1期，第10页。
8. 胡怀琛.：《李太白通突厥文及其它》，《逸经》1936年第11期，第3页。
9. 幽谷：《李太白——中国人乎？突厥人乎？》，《逸经》1936年第11期。
10. 羽田亨：《西域文明史概论》，.耿世民译，中华书局，2005年，第5页。
11. 刘昫等：《旧唐书》卷二十九。
12. 玄奘、辩机：《大唐西域记》，季羡林等校注，中华书局，2000年，第1001页。
13. 刘昫等：《旧唐书》卷二十九。
14. 王溥：《唐会要》，卷三十。
15. 陈寅恪：《唐代政治史述论稿》，上海古籍出版社，1997年，第16页。
16. 岑仲勉：《陌唐史》，河北教育出版社，2000年，第104页。
17. 向达：《唐代长安与西域文明》，三联书店，1957年，第35-50页。
18. 刘昫等：《旧唐书》卷四十五。
19. 欧阳修、宋祁等：《新唐书》卷三十四。
20. 圆仁：《入唐求法巡礼行记》，顾承甫等点校，上海古籍出版社，1986年，第147页。
21. 郎樱、扎拉嘎：《中国各民族文学关系研究》（先秦至唐宋卷），贵州人民出版社，2005年，第227-287页。


* * *

Мақалада Қытайдың Таң дәуіріндегі әйгілі ақыны Ли Бай өлеңдеріндегі батыс өңір көріністері сөз болады.

# ТІЛДІ ОҚЫТУ ӘДІСІ
# МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА

*А. Аканова*

## «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ», «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚҚА ДАҒДЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Әдістемелік журналдарда жарық көрген түрлі ғылыми мақалалардағы сауаттылыққа қатысты айтылып жүрген тұжырымдар сан түрлі.

Жалпы ғылымда қазақ тілін үйрету методикасы туралы түрлі бағыттар, әдіс–тәсілдер бар болғанымен, қазақ тілінде сауатты жазу мәселесі үстіртін айтылып, сауатты жазуға дағдыландыру тек тіл үйрену әдістерінің бір тармағы, бөлігі ғана болып қаралады. Алайда, сауатты жазуға негізделген нақты талаптар, әдіс–тәсілдер, сауатты жазуға дағдыландырудың тиімді жолдары анықталмай сыртта қалуда. Қандай болмасын ғылыми еңбек, мақаланы алмасақ та, дұрыс айтылым бірінші орында, ал сауатты жазу екінші мәселе, яғни кейінгі орында қарастырылады. Бұған дәлел «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде», «Қазақ тілі мен әдебиеті» басылымдарындағы сан алуан әдістемелік мақалалар. Бірақ, ғылымда теориясыз практика, практикасыз теория жоқ. Сол сияқты, жазылымсыз айтылым, айтылымсыз жазылым жоқ. Ендеше орфографияны оқытудың принциптері мен әдіс–тәсілдерін, сауатты жазуға үйретудің жолдарын, қойылатын талаптары мен белгілерін анықтап, ажыратып, дәлелдеп алмай, дұрыс сөйлеуді үйрету де мүмкін болмайтыны анық. Тіл үйрету барысында белгілі бір жүйелілік, оқушының шама–шарқын ескеру, тиісті деңгейлік бағытты ұстану – оқытудың басты принципі болып табылады.

Оқушылардың сауаттылығын дамытуда болсын, қалыптастыруда болсын орфографияның принциптерін меңгеру маңызды роль атқарады. Қазақ тіліндегі сөздердің фонетикалық, морфологиялық және дәстүрлі принцип бойынша жазылатын сөздерді үйретуде орфография мен орфоэпияны бөліп жарды емес, оларды етене тығыз байланыстыра оқыту ең тиімді жол болып табылады. Қате жазылған сөзді дұрыс айту мүмкін емес. Сондықтан оқушыға жазу, көшіру сияқты жазылымға қатысты түрлі тәсілдерді анықтап, санын көбейтіп, оларды иерархиялық ретпен жүйелеп, оларды қолданудың тиімді ретін айқындау біздің басты мақсатымыз.

Жылдан жылға қазақ тілінде білім беретін ұйымдар желісі үздіксіз өсуде. Мәселен, облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларының 2009 жылғы берілген мәліметтері бойынша үстіміздегі оқу жылында елімізде жалпы білім беретін мектептердің 49,7 пайзы қазақ тілінде білім береді, орыс тілінде оқытатын мектептер 21,9 пайызды, аралас тілді мектептер 27,3 пайызды құрайды. Сонымен қатар 14 мектеп ұйғыр, 65 мектеп өзбек, 2 мектеп тәжік тілінде жұмыс істейді.

Қазақ мектептерінің қатары өсуіне орай қазақ тілінде білім алатын оқушылар саны артып отыр. Өткен жылы олар елдегі барлық оқушылардың 59,9 пайызын құраса, биылғы жылы 61 пайызға жетті».

Бұдан шығатын қорытынды сол, қазақ тілінде сөйлей білетін, жаза алатындардың саны, ал шын мәнісінде оларды нағыз білікті, тілді сапалы меңгеремін деген тіл үйренушілер етіп тәрбиелейтін жоғары деңгейдегі, әбден ұшталған үйрету методикасын қолмен санап қана көрсетеміз.

Гүлшат Есенованың «Өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін үйртудегі жаттығулардың дидактикалық аспектілері» атты мақаласында былай делінге: «... Ф.Оразбаева жазылым әрекеті ұғымын түсіндіруде оның әдістемелік ерекшелігіне тоқтала келіп, былайша түйіндейді: «Жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу және жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің, амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту. Жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің тиімді тәсілдерін пайдалану». Ғалым қазақ тілін сауатты үйрету үшін, тіл үйренушілерге жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлау маңыздылығына ерекше мән береді. Ондай жазба жұмыстарына мыналарды жатқызуға болады: Жазбаша жаттығулар; Қысқа мәтіндер; Жүйелі жазба жұмыстары; Жазбаша бақылау жұмыстары; Диктанттардың түрлері; Жазбаша ойындар; Іс қағаздарының үлгілері.

Бұдан шығатын түйін, оқушыны я болмаса тіл үйренушіні қазақ тілінде сауатты жазуға үйрету, соңынан сауатты жазуға төселдіру үшін сол басты басты мақсатқа апаратын барлық әдіс–тәсілдерді, ең тиімді жолдарын барынша қолдану қажет. Ол әдістерді тиімді қолданудың түрлі жолдарын анықтау, оқушылардың сауатты жазуына үлкен негіз болады.

Ғалымдар пікірін саралай, талдай келе тілді үйретуде жаттығулардың атқаратын қызметі ерекше екендігі айқын көрінеді. Яғни тіл үйренуде, оның ішінде жаттығулар орындауда дидактикалық принциптер үнемі ескеріліп отырады. Профессор Н.Оралбаеваның айтуынша, жаттығулар жеңілден басталып, бірте–бірте күрделенуі тиіс.

Жаттығулар орындау барысында жұмыс кешенді түрде жүргізіледі. Жаттығуды орындауда тілдік қатынасқа байланысты іске асатын әрекеттер (оқылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім) кешенді түрде жүргізіледі, яғни жүзеге асырылады.

Ойымызды түйіндей келе, бұл мақалада сөздерді оқыту ауызшаға қатты бейімделген, яғни мақаланың ерекшелігі сол, онда жазба жұмысына дағдыландыру мәселесі арнайы қаралып, сөз мағынасын үйрете отырып оның жазылуы қатар қарастырылған. Демек, сөздің мағынасы мен оның дұрыс жазылуы, дұрыс айтылуы, т.б. бәрі өзара байланысты ғылыми ұғымдар.

Зульфия Сқақованың «Ауызекі сөйлеуге үйретудің әдістері» мақаласында мынадай тұжырымдар бар: «...С.Жиенбаев өзінің «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту методикасы» атты мақаласында былай дейді: «... Қазақ тілі сабағы оқу, жазу, сөйлеу, грамматика ережесін тексеру сияқты негізгі бөлімдерден құралады, жұмыстың бұл түрлері, әдетте, жеке−жеке жүргізілмейді, бірімен−бірі аралас келіп отырады. Қай сабақ болса да белгілі бір тақырып бойынша жүргізіледі... Жұмыс түрлерін бір сабақтың өзінде беталды араласып, біресе жаздырып, біресе оқытып, ретсіз ауыстыра берсек, онда баланың ойы бір жерде тұрақтамайды да, сабақтан ешнәрсе ұстап қала алмайды».

Мақалада қазақ тілін басқа тілді оқу орындарында оқытуда, біріншіден, практикалық мақсат қойылады, яғни оқушылардың сөздік қорын байыту, қазақша ауызекі дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, бір−бірімен сөйлесуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп беруге жаттықтырылады.

Екіншіден, білімділік мақсат, яғни қазақ тілін пән ретінде оқыту арқылы оқушыларға қазақ халқының тұрмысы, мәдениеті, тілі туралы мағлұматтар беріледі.

Үшіншіден, тәрбиелік мақсат, яғни қазақ тілімен, әдебиетімен танысу арқылы оқушыларды азаматтық, адамгершілік рухты тәрбиелеуге болады делінген. Ал, жалпы оқыту әдістемесінде сабақтың мақсатын қоюдың ортақ бір қалыптасқан жолдары бар. Олар:

− сабақтың ғылымилығы яғни, білімділігі (мұнда тақырыптан нені анықтау керек, неге көңіл бөлу керек, нені дәлелдеу керектігін ашу мақсат болады);

− дамытушылығы (мұнда тақырып мазмұны негізінде оқушылардың пікірін қалыптастыру, олар қандай жұмыс түрлері, әдіс−тәсілдері арқылы жүргізілетіндігін белгілеу мақсат болады);

− тәрбиелігі (мұнда тәрбиенің барлық түрі ұйымдастырыла, қиыстырыла жүргізіледі, саяси−идеялық, патриоттық, еңбек, инабаттылық, адамгершілік негізгі мақсат болып саналады). Автордың айтқысы келгені осыған келіп саятын сияқты. Практикалық мақсат дейді де, оған сөйлеуге, жазуға үйрету, оқушылардың сөздік қорын молайтуды жатқызады. Ал білімділік мәселесіне оқушыларға ұлттық сана, рух қалыптастыру үшін ұлттық тәлім−тәрбиеден тұратын білім беруді айтады. Алайда екі мәселенің басын біріктірсе, білімділік деген бір ұғым шығады. Яғни, ұлттық тәрбиеге үйрету мен сауаттылыққа үйретуді білім беруге жатпайды деп айту қате. Демек, екеуі айналып келгенде бір мақсатты көздейді. Ол − білімділік.

Қарлығаш Тұрарбекқызының «Жазба жұмыстарында сауаттылықты жетілдіру» мақаласында тілдің грамматикалық, орфографиялық, пункуациялық заңдылықтарын тез арада меңгеріп, оның емле ерекшелігінің есте сақтап қалу, сауаттылықты арттыру жөнінде жатқа жаздырылатын жазба жұмыстарының түрлері сөз болған. Диктант жұмыстары неғұрлым түрленіп отырса, солғұрлым оқушының ынтасы, белсенділігі артатыны анық. Диктанттың түрленіп жүргізілуінде оқушылаырға тілдік материалды есте сақтап, көп нәрседен хабардар болады. Диктанттың бірнеше түрлері бар: бақылау, сөздік, терме, өздік, шығармашылық, ескертпе, көру, танымдық, түсіндірме, т.б. Сонымен қатар мақалада мұғалімнің диктантты әр тоқсан сайын қалай бағалау керектігін кестемен көрсетіп, қателердің қай түрі болмасын бәрі де грамматикалық теориялық заңдылықпен ұштасатындығы айтылады. Қателерді болдырмау үшін мұғалімдер мынадай жайтарды басшылыққа алу қажеттілігін айтады: *оқушының білімін күнделікті тексеріп, жазу жұмыстарында орфографиялық, пунктуациялық белгілерді саналы қоюға дағдыландыру, сөйлемдердің мағынасын, құрылысын тез айқындай алу дағдысын қалыптастыру; жазба жұмыстарына (диктантқа, шығармаға, мазмұндамаға) қойылатын талаптарды үнемі еске түсіріп отыру; бақылау жұмыстарын тіл ұстарту мақсаттарымен байланыстыра жүргізу; оқушылардың жіберген қателерін анықтап, оны болдырмаудың әдіс−тәсілдерін алдын ала ойластыру; жазба жұмыстарында жіберілген қателерді оқушылардың өздеріне таптыру; сыныпқа ортақ жалпы қате және жеке оқушының арнайы өзіндік қателерімен жұмыс істеу; жіберілген қателердің негізгі себептерін оқушыларға жете түсіндіріп, оны екінші рет қайталамауға әдеттендіру; көркем әдебиет шығармаларынан орфографиялық, пунктуациялық ережелерге байланысты мысалдар тергізу, оларды дауыс ырғағымен оқуға және тыны белгілерінің қойылу себебін дәлелдеп айтып беруге дағдыландыру; «Қатесін тап» атты алдын ала дайындалған шағын «қатесі бар» мәтінмен жұмыс жүргізу.*

Бұл әрине оқушылардың әдеби тіл нормаларын тартымды, сауатты қолдану үшін мұғалімнің мықты шығармашылығын талап ететін кешенді жұмыстардың көрінісі, дегенмен, осы жұмыстарды қалайша іске асыру керек? Оның жолдары қандай? Мәселен, оқушылардың бір рет жіберген қатесін екінші рет болдырмау үшін қандай тәсіл бар? Мақалада осы сияқты маңызды мәселе анықтап, дәлелдеуді қажет етіп тұр.

Айжан Жанәбілованың «Жазба жұмысының инновациялық түрлері арқылы тіл дамыту технологиясы» мақаласында сауаттылыққа қатысты біршама ойлар айтылған. Мәселен, «...Дәстүрлі оқытудағы барлық диктанттың басты мақсаты − балалардың білімін тексеру, бақылау, теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалана білуге дағдыландыру, сауаттылыққа баулу болып келеді». Мақалада диктанттың түрлері айтылып келіп, шығармашылық диктант туралы елеулі ғылыми тұжырымдар мысал болып

келтірілген: «...Шығармашылық диктанттарды жүргізудің басты мақсатын төмендегідей саралауға болады: қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерін тәжірибеде пайдалана білу дағдыларын жетілдіру; сауаттылыққа, жазу мәдениетіне баулу; көркем мәтін негізінде әдеби тілдерін ұстарту; тіл дамытуға негізделген шығармашылық диктанттар технологиясын жетілдіру». Сол сияқты сөздік диктан туралы былай делінген: «...Сөздік диктанттың тіл дамытудағы тиімділігін төмендегідей саралауға болады: оқушыларды қазақ тілінен оқып жатқан тақырыптарды қайталап, оны әдебиетпен байланыстыра отырып, жаңа мақсатта пайдалануға, білімдерін тереңдетуге көмектеседі; сауатты жазуға, сөздік қорын дамытуға әсер етеді; еске сақтау қабілетіне игі ықпалын тигізеді». Мақалада оқушының сауатты жазып үйренуі үшін қажетті диктант түрлері, қай диктант түрі қандай мақсатта жазылып, қандай нәтиже беретіндігі толығымен анық сарапталған және әр диктанттың жүргізу әдістемесі, ұтымдылығы жан─жақты талданған.

Гүлжаһан Кемелбаеваның «Оқушылардың сөйлеу тілі мен жазу тілін дамыту» мақаласында Сәбит Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесі тақырыбында толығымен бір сабақтың өткізілу жоспарының үлгісі берілген. Алайда сабақ барысында жазу тілінен гөрі сөйлеу тіліне көп көңіл бөлінген. Оны сабақта қолданылған әдістерден білуге болады: мәнерлеп оқыту, иллюстративті әдіс, сұрақ─жауап, эвристикалық әдіс. Тіпті сабақтың мақсатында да жазу я болмаса сауат ашу жөнінде сөз болмаған: білімділік ─ әңгімені оқыта отырып, Есіл өңірінің көркін, жазушы суреттеген табиғаттың құбылыстары мен көріністерін мәтіннен тапқызып таныту, тәрбиелік ─ оқушыларды табиғатты сүюге, қоршаған ортаны бағалай білуге баулу, эстетикалық талғамдарын арттыру; дамытушылық ─ шығарманы оқи отырып ондағы көркемдегіш суреттеу мен сөз құралдарын табуға баулу, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттырып, таным, түсініктерін дамыту. Мақаланың атауы оқушылардың сөйлеу тілі мен жазу тілін дамыту болғанымен сабақтың басты мақсаты оқушының сөйлеу тілін дамыту болған сияқты.

Ендігі кезектегі Майра Сағындыққызының «Өзге ұлт өкілдеріне сауатты жазуға үйретудің тиімді әдіс─тәсілдері» мақаласында оқылуы орыс тілінде жүретін мектептің оқушысын сауатты жазуды игеру үшін тілдің фонетикалық жүйесін толық меңгеруі, әсіресе үндестік заңын біліп алуы қажет екендігі, оқушы қазақ тіліндегі қарапайым ережелерді білмегендіктен жазбаша жұмыстарында қатені көп жіберіп алатындығы айтылады. Міне, осы мәселеге орай мұғалім оқушының сауатты жазуы үшін ең алдымен оны қазақ алфавитімен толық таныстыру керектігін басты мақсат етеді.

Оқушыға сауатты жазуды үйрету «Дыбыс пен әріптің айырмашылығы бар ма?» деген сұрақтан бастап, қазақ тіліне тән ерекше әріптер, дыбыстардың барлығы беріліп, олардың қайсысы тілдің, еріннің, жақтың қатысына қарай айтылатыны егжей─тегжейлі айтылған. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі дифтонгтар, олардың қай дыбыстар қосындысынан жасалғандығы айтылған және оларды мұғалім қалай, қандай жолмен үйрету керектігі толығымен көрсетілген. Мәселен, «...Мұғалім жаңа сөздерді үйреткенде түбірінде ң дыбысы бар сөздерді оқушыға жете түсіндіріп, оның жазылуын барынша оқушының есінде қалдыруы керек. Мысалы: жаңбыр, қоңыр, қоңырау, жаңғақ, жаңылтпаш, т.б. Егер сөз ілік септігінде тұрып, кімнің? ненің? деген сұрақтарға жауап берсе, ол сөзге ─ның, ─нің, ─дың, ─дің, ─тың, ─тің жалғаулары жалғанады. Мысалы: Астананың, дәптердің, халықтың. Егер сөз екінші жақта тәуелденіп тұрса, ол сөзге ─ың, ─ің, ─ң, ─ыңыз, ─іңіз, ─ңыз,─ ңіз жалғаулары жалғанады. Мысалы: сенің досың, сенің балаң, сіздің дәптеріңіз, сіздің әңгімеңіз». Мақалада осы ережелерді қайталап түсіндіріп, меңгертіп отыруды басты талап болып есептеледі.

Жалпы мақалалар денін сараптау барысында біз мынадай қорытындыға келдік: біріншіден, ғылыми ізденістердің барлығы дерлік нақты бағыты анықталған, мақсатты түрде зерттелген; екіншіден, сауаттылықтың ең басты негізі ─ дұрыс жазуға баулу, дұрыс жазуға дағдыландыру екендігі нақты көрсетіліп, әр ізденушінің негізгі зерттеу нысаны екендігі көрінеді; үшіншіден, сауаттылықтың басы ─ әріптерді, дыбыстарды тану, оларды дұрыс жаза білу екендігі дәлелденген; төртіншіден, қай ізденушіні алып қарасақ та оқушылардың сауаттылығын арттыру мақсатында әлі талай ғылыми құнды тұжырымдарға қол жеткізетіндіктеріне сенім туғызады.

Байқағанымыздай, ізденушілердің барлығында да ғалым Ф.Оразбаева ізін салған бағыт, нақты тұжырымдардың дені байқалады. Барлық ғамдардың қолданысында айтылым, жазалым, оқылым мәселелері сөз болады. Тіл үйренушілерге қазақ тілін үйрету мәселесі біріншіден олардық тілді сапалы, ең бастысы сауатты үйренуі негізгі көзделуші объект болып табылады. Бұл еңдектерді саралай, талдай келе, біз, тіл үйренуде қай мәселені оқытсақ та, сапалы білім алу үшін сауатты жазудан бастау алу керектігін анық айқындай түскендейміз.

ТАҚЫРЫБЫ:

"Қазақ тілі мен әдебиеті", "Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде" журналдарында жарық көрген мақалалардағы сауаттылық мәселесі

1. Г.Есенова. Өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін үйретудегі жаттығулардың дидактикалық аспектілері. // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2008. №8
2. З.Сқақова. Ауызекі сөйлеуге үйретудің әдістері. // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2005. №6
3. Қ.Тұрарбекқызы. Жазба жұмыстарында сауаттылықты жетілдіру // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2009. №12, 3-бет
4. А.Жанәбілова. Жазба жұмысының инновациялық түрлері арқылы тіл дамыту технологиясы. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2008. №2, 3-бет
5. Г.Кемелбаева. Оқушылардың сөйлеу тілі мен жазу тілін дамыту. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2008. №10, 60-бет

6. М.Сағындықкызы. Өзге ұлт өкілдеріне сауатты жазуға үйретудің тиімді әдіс–тәсілдері. // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2008. №2, 34-бет

* * *

В данной статье рассмотрены публикации, изданные в период с 2005 по 2009 гг. в журналах «Казахский язык и литература» и «Казахский язык и литература в русских школах». Сравниваются различные доводы, мнения, научные анализы, предложения по вопросу грамотности, опубликованные в изданиях. Выявлены основные направления исследования данного вопроса.

* * *

This article examines publications published in the period from 2005 until 2009 in the journals “Kazakh language and literature” and also, “Kazakh language and literature in the Russian schools”. Namely, were revealed and were compared between themselves different reasons, opinions, scientific analyses, proposals according to a question of literacy published in the publication..

***О. Б. Алтынбекова***

# ИЗУЧЕНИЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫХ ПРИЧАСТИЙ В 7 КЛАССЕ ШКОЛ С РУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

В учебнике «Русский язык» для 7 класса дневных общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения [1] изучению способов образования и выработке навыков правильного употребления в речи действительных причастий посвящены три параграфа: «Действительные и страдательные причастия», «Образование действительных причастий настоящего времени» и «Образование действительных причастий прошедшего времени» [1: 39-47].

При изучении темы «Действительные и страдательные причастия» учащиеся знакомятся с разными видами причастий по значению. Образование действительных и страдательных причастий напрямую связано с глагольным признаком переходности / непереходности, т.к. страдательные причастия могут быть образованы только от переходных глаголов. Именно по этой причине при повторении изученного в 5, 6 классах [1: 13-21] особое внимание в учебнике было уделено постоянным признакам глагола, в том числе переходности, что подготовило учащихся к усвоению данной темы.

Образование действительных причастий настоящего времени не вызовет затруднений у учащегося лишь в том случае, если он хорошо знаком со спряжением глагола и правописанием его личных окончаний.

В параграфе даны определения действительных и страдательных причастий, сопровождаемые забавными рисунками – весёлым кузнечиком, играющим на домбре (действительное причастие), и кузнечиком с перевязанной лапкой и сломанной домброй (страдательное причастие), что позволяет включиться эмоциональной составляющей процесса восприятия и запоминания учащимися грамматического материала. На наглядных примерах показано, как от переходного глагола можно образовать все четыре вида причастий: *желать → желающий, желавший* (действительные причастия); *желаемый, желанный* (страдательные причастия), в то время как от непереходного глагола образуются только действительные причастия, например: *шагать → шагающий, шагавший.*

При выполнении задания 83 учащиеся должны определить разряд причастия по значению. Особенно эффективным и запоминающимся является сравнение однокоренных либо сходных по смыслу действительных и страдательных причастий, когда ярко видно различие в значении: *любящий сын – любимый сын, проверяющий сочинение – проверенное сочинение, упавшее яблоко – сорванное яблоко, спящий ребенок – убаюканный малыш* и т.д. Интересной здесь может стать работа по установлению прямого и переносного значений причастий *(раз битая чашка – разбитое сердце, ушедший гость – ушедшее детство*).

Выполняя упражнения 84 и 85 [1: 40-41], учащиеся закрепят навык распознавания и адекватного употребления действительных и страдательных причастий, выбрав из скобок и написав в нужной форме то или иное причастие. Необходимо, кроме того, при выполнении упражнения обращать внимание на правильное согласование действительных и страдательных причастий с определяемыми существительными, например: *Мы вошли в лес, … лучами осеннего солнца. – Солнце, … вершины гор, поднялось высоко (осветивший, освещенный*). *Школьник, … знак «Алтын белгі», имеет право поступить в вуз без экзаменов. – Знак «Алтын белгі», … школьником, является высшей наградой за отличную учебу (получивший, полученный*).

В §11 учебника излагается грамматический материал о способах образования действительных причастий настоящего времени [1: 41]; учащиеся самостоятельно могут провести аналогию между личными окончаниями глаголов 1-го *(–ут, –ют*) и 2-го *(–ат, –ят)* спряжения, с одной стороны и, с другой, суффиксами действительных причастий *–ущ–, –ющ–* и *–ащ–, –ящ–*. При изложении материала важно подчеркнуть, что причастия, образованные от возвратных глаголов, сохраняют суффикс *–ся: надеются → надеющийся*; *строятся → строящийся*. Затем целесообразно предложить учащимся выполнить (письменно

или устно – на усмотрение учителя) упражнение 86 из рубрики «Учимся у классиков!». Эта рубрика, в которой предусматривается работа над образцами текстов или отдельных предложений, взятых из классических произведений всемирно известных писателей или поэтов, является постоянной на протяжении всего учебника. Выполнение подобных заданий способствует цели обучения языку на примерах из лучших творений русской и казахской литературы. Так, в этом упражнении учащиеся должны не только найти и подчеркнуть как определения действительные причастия настоящего времени, выделив графически их суффиксы, но и, повторяя пройденный материал, вставить пропущенные буквы и запятые. Например: *И л…ётся чистая и тёплая л…зурь на о…дыхающее поле*. (Ф. Тютчев). *Бе…цветный месяц молодой стоял, и луч, др…жащий, бледный, лежал на зелени холмов*. (М. Лермонтов). *Луна словно играла в жмурки: то спряч…ся совсем, то выскоч…т из-под чёрного полога, сияющая, улыбающаяся*. (М. Ауэзов).

В задании 87 от учащихся требуется уже самостоятельно образовать действительные причастия настоящего времени от глаголов по образцу: *смеяться – смеются* (I спр.) – *смеющийся; зависеть – зависят* (II спр.) – *зависящий; бежать – бегут* (разносп.) – *бегущий*. Лучше, если образованные причастия будут распределяться и записываться школьниками в разные группы в зависимости от спряжения исходных глаголов – для наглядности. Выполнение задания 88 (составить и записать словосочетания, а затем предложения с несколькими образованными причастиями) будет способствовать выработке умения использовать действительные причастия как в письменной, так и устной речи.

Образование от глаголов действительных причастий настоящего времени, как правило, легко усваивается учащимися, помимо трудных случаев определения спряжения глаголов с безударными личными окончаниями, чему было уделено большое внимание в разделе повторения. Эта трудность автоматически переносится и в сферу причастий, порождая немалое число ошибок в их написании. Преодолеть эту проблему поможет выполнение сначала заданий 89, 90, которые не являются излишне сложными, а затем заданий 91-92, отмеченных знаком повышенной трудности, где употреблены такие действительные причастия настоящего времени, в которых наиболее часто допускаются орфографические ошибки, например: *Колебл**ющ**ийся полет бабочек над свежей зеленеющей поляной – одно из прелестнейших зрелищ*. (С. Аксаков). *В Ломоносове было два бор**ющ**ихся призвания – поэта и ученого*. (В. Белинский). *На мысли, дыш**ащ**ие силой, как жемчуг, нижутся слова*. (М. Лермонтов). *Рыбьей чешуей осыпаны и синие воды залива, лениво колыш**ущ**иеся под осенним солнцем*. (А. Куприн). *Я заметил особый вид можжевельника, стел**ющ**егося по земле длинными плетями*. (В. Арсеньев).

Интересным для учащихся будет разбор стихотворения Н. Асеева, в котором автором искусно использованы изучаемые действительные причастия настоящего времени:

А приходит мне в голову лучшее
из лучших:
пробирающийся сквозь иглы колючие
солнечный лучик,
пробивающаяся между плит
исхоженных молодая травинка,
выступающая от чувств восторженных
на глазах слезинка.

На выделенной цветом плашке с грифом «Обратите внимание! Это интересно!» (плашки, так же, как рубрики «Учимся у классиков!» или «От этого зависит ваша грамотность!», распределены по всему учебнику в зависимости от грамматического материала) содержится познавательная для учащихся информация о том, что суффиксы причастий *–ущ–* и *–ащ–* пришли в русский язык из церковнославянского. Им соответствуют русские суффиксы *–уч–* и *–ач–*, к примеру, у Пушкина: «Глядь, поверх тек**уч**их вод лебедь белая плывет», – или пословица: «Под леж**а**ч**и**й камень вода не течет». В современном русском языке слова с суффиксами *–уч–* и *–ач–* стали прилагательными, а церковнославянская форма (*текущий, лежащий* и т.п.) – это действительное причастие настоящего времени [1: 43].

Оқу үрдісінде баланың барлық психикалық дамуы іске асырылады десек те, алдыңғы ұрпақ жинақтаған тәжірибені жеткізуде, білім мен біліктіліктің едәуір бөлігін меңгеруде балаларға үлкендермен қарым-қатынас жасауы, олардың талаптарын, кеңестері мен тапсырмаларын орындауы үлкен әсер етеді және ойын кезінде, сурет салуда, құрастыру іс-әрекетінде үлкендердің мектеп жасына дейінгі балалармен түрлі тақырыптарға әңгімелесуі аса маңызды. Оқыту қарым-қатынастың түрлі формаларымен байланысты. Алайда, баланың даму дәрежесіне қарай ол жүйелі сипат алады. Қоғамдық мектеп жасына дейінгі тәрбие жағдайында балалар белгілі бағдарлама бойынша өткізілетін сабақтарда оқытылады. Мұнда әсіресе ойын әдістерін және табысты тапсырмалар қолдану тиімді. Мұнымен қатар, сабақта балаларға талап қойыла бастайды, бұл талаптар білім мен біліктілікті меңгерудің сапасы мен толықтығына, тәрбиешінің тапсырмасын орындау мен тыңдай білуіне байланысты. Оқу әрекетінің қарапайым элементтерін меңгеру-таным қызығушылығының негізі болып табылады.

Қоршаған орта туралы алуан түрлі мағлұматтар, үлкендердің көрсетуі мен айтулары, оның өзінің көріп-білгендері – балалардың мектепке дейінгі кезеңдегі таным сүйіштігінің өсуінен, олардың сұрақтарының санының және сипатының өзгеруінен көрінеді. Егер 3-4 жаста тек сұрақтардың бірқатары ғана жаңа білім алуға бағытталса, ал мектеп алды кезеңде мұндай сұрақтар анағұрлым көбейіп, балалар түрлі құбылыстардың пайда болу себебін, олардың

бір-бірімен байланысын білуге қызығушылық танытады.

«Дегенмен таным сүйгіштік оқуға дайындықты, жүйелі білім алуды қамтамасыз етпейді»- дейді В.С.Мухина. «Баланың бір немесе бірнеше құбылысқа қызығушылығы қалай тез пайда болса, солай жоғалады, басқасымен ауысады». Бірақ мұндай пікір мектепке дейінгі жаста нақты қызығушылықты тәрбиелеу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Кейбір жағдайда мектеп жасына дейінгі балаларда бөлшектелінген және тиянақты қызығушылықтар байқалып, білімді меңгеруде таңқаларлық табыстарға жеткізіп жатады. Сонымен қатар, мектеп алды топ балаларында тиянақты қызығушылықты тәрбиелеу мүмкіндігін мектепке дейінгі педагогика саласындағы Г.А.Куликовтың, Л.М.Маневцованың, Е.Ф.Рыбалконың тәжірибелік зерттеулері көрсетіп отыр. Әдетте, балалардың тиянақты танымдық қызығушылығы жақсы ұйымдастырылған оқыту жағдайында мектепке дейінгі жастың соңына қарай пайда болады.

Р.И.Жуковская тиянақты қызығушылықтың пайда болуының шарттарына есте сақтау қабілетінің жақсылығын, назардың жинақтылығын жатқызады. Шындығында, педагогтар есте сақтау қабілеті төмен балаларды байқамауы мүмкін, олардың бастауымен ойын ойналса немесе басқа да қимыл жасалса, тәрбиешілер бұл балаларда қызығушылық бар, ал басқаларында жоқ деп түсіндіруі мүмкін. Іс жүзінде балалардың қызығушылығының дамуы олардың есте сақтай алу қабілетіне тікелей байланысты. Тиянақты танымдық қызығушылықтың қалыптасуында негізгі рольді мектепке дейінгі оқу мазмұны атқарады. Егер сабақта балаларға бөлектенген, бөлшектенген мағлұматтан гөрі, белгілі білім жүйесі берілсе, ол балаларға құбылыстардың қатынасының негізін ашып, әр салаға тән шындықты түсіндірсе, барлық балаларда қажетті дәрежеде қызығушылық пайда болатындығын зерттеулер көрсетіп отыр. Балалар осындай жалпы заңдылықтармен танысқан кезде, бұлардың жекелеген жағдаяттарда көрінуіне үлкен қызығушылық танытады, қоршаған ортаны жаңаша танып, көре бастайды. Оқу- дара жаңалықтар ашу жолы екендігін түсінеді. Тиянақты және бөлшектенген танымдық қызығушылық балаларды оқуға ынталандырады, үнемі жаңа білім алуға жетелейді. Оқи алу мүмкіндігін ең алдымен оқу тапсырмасының мәнін түсіну, оларды үйрену үшін, ал оқу тапсырмасын тәжірибеден, өмірлік жағдаяттардан айыра білу үшін орындайды. Оқу тапсырмасының мәнін түсіну балалардың ересек берген амалдардың орындалу әдісіне көңіл бөле бастауына, бұл әдістерді саналы түрде меңгеруге тырысуына әкеледі. Ғалымдар пәндік бағыттағы қызығушылықтың анағұрлым ерекшелігін анықтап отыр. Бір балалар сурет салуды ұнатса, екіншілерін құрастыру ойындары қызықтырады, ал үшіншілеріне бейнелеу өнерінің бірнеше түрімен айналысу ұнайды. Г.М.Титаренко, А.Г.Хрипкова, Д.В.Колесов сияқты ғалымдар өз еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің түріне қыздар мен ұлдардың қызығушылығы ұқсас еместігіне, яғни тақырыптық қызығушылық айқын көрінетіндігіне айрықша көңіл бөледі. Қыздардың бейнелеу шығармашылығында басты назары-адам, оның қоршаған тікелей заттық ортасы: киімі, қажетті заттары, үй жиһаздары. Сонымен қатар әсіресе өздері отбасынан табатын бейбіт суреттерге, табиғатқа қызығушылық, зергерлік бұйымдарды жақсы көру, әсем киімдерді сүю болып табылады. Мұның бәрін қыздар өз жас дамуына қарай талдап, меңгереді. Ал балаларды қызықтыратын сыртқы ортадағы нысандар әрі үлкен, әрі кең. Оларды қозғалған, тасыған, қимылдаған нәрселердің барлығы қызықтыратын болғандықтан, олар тасымалдау көліктеріне қызығушылық танытады: ұшақтар, поездар, теплоходтар.Ер балалардың көбі отандық және шетелдік автомобильдердің маркаларын дұрыс танып, олардың кескінін жасауға бейім болады. Есесіне күнделікті тіршілік олардың назарынан тыс қалады. Мектепке дейінгі жастағы ұл балаларға әсіресе саяхаттау, қызықты оқиғалар, таңғажайыптар күнделікті үй тіршілігінен гөрі маңызды болып көрінеді. Бірақ бұл айтылғандар әрқайсысының жеке ықыласын жоққа шығармайды. Олардың әрқайсысының өзінің ішкі дүниесі бар, олар кейде кең және алуан түрлі болып қабылданса, кейбірінде тар шеңбермен шектелуі мүмкін.

Қызығушылық пен ықылас берушіліктің пайда болуы туралы сұраққа бір жақты жауап табу қиын. Олардың көңілінің бір нәрсеге аууына үлкендер немесе достары әсер етуі мүмкін, ал бала болса өзі де байқамай соған бой ұруы ықтимал. Белгілі бір қызығушылық тууына кез келген нәрсе: кітаптар, картиналар, теледидардан көргендері негіз бола береді. Содан кейін салған суреті жақсы шығып жатса, оны қайталай отырып, солай бейнелеуге дағды қалыптасады. Осылайша, балалардың мектепке дейінгі шағында бейнелеу шығармашылығына қызығушылығының қалыптасу генезисін бақылау барысында теориялық әдебиеттерге талдау жасай отырып мынадай ұйғарым жасауға болады: бейнелеу әрекетіне қызығушылықтың пайда болуы балалардың жас ерекшелігіне қатысты емес, үлкендердің басқаруымен әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне байланысты. Осыған орай, әр баланың өз қызығушылығы әртүрлі уақытта пайда болады және үлкендердің іс-әрекетін бақылауына (үлкендердің жазуы, сурет салуы), қағаз бетінде қаламнан қалған ізді бақылауға, яғни баланың таным сүйгіштігі оның тәрбиелену ортасына байланысты. Ересектер ұйымдастырған пәндік ықпал арқылы балада сол пәннің қасиетіне қызығушылығы пайда бола бастайды. Сурет салуды бірнеше рет қайталау барысында бала қызығушылығы біртіндеп іс-әрекет үрдісіне және нәтижесіне ауысады. Ал мектепке дейінгі жастағы балалардың дайындық тобының қызығушылық сипаты өзгереді, олар тиянақтылау, саналылау бола түседі. Егер кішкентай нәрестелерде қызығушылық саналы емес, еріксіз және мақсатсыз болса, жоғарғы топ балаларында дұрыс тәрбие нәтижесінде ерікті, мақсатты қызығушылық қалыптасады. Шығармашылықтың тиімді түрлеріне ойын арқылы бейне жасау үрдісіне бағыттау-жоғары топ балалары арасында іс-әрекеттің

нәтижесіне айналады. Бұл әсіресе мектепке дейінгі жастағы баланы еркін дамытуға, өзінің мінез-құлқын тәрбиелеуге, өзін-өзі шынайы бағалауға және өз бойындағы жеке санасы мен жетістіктерін дұрыс сезінуіне үлкен әсер етеді.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың бейнелеу өнеріне (сурет салу, мүсіндеу, аппликациялар, құрастыру ойындары) қызығушылығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық мәселелерін ашып көрсететін теориялық әдебиеттерді және кейбір эксперименттік зерттеулерді талдау бізге мектепалды топтарында психодиагностиканың жүйесін балаларда көркемдік қызығушылықта қалыптастыру моделін ойлап шығаруға мүмкіндік берді.

1. Бекасылова Н. Аса дарынды балалар «Отбасы және балабақша журналы» №6, 2003 ж
2. Бұғыбаева И. Даярлық класта «Бастауыш мектеп» журналы №1, 1986ж
3. Капустина Р.И. Обучение детей дошкольного возраста изображению объектов окружающей действительности Шадринск, 1988 г
4. Кәрібозова Л, Майтина Р. Бейнелеу әрекетіне қызығушылықты дамыту «Отбасы және балабақша» №1, 2003ж
5. Комарова Т.С. Изобразительная деятельность в детском саду: обуение и творчество Изд. «Педагогика», 1990
6. Мухина В.С. Изобразительная деятельность ребенка как форма усвоения социального опыта. Москва: Педагогика, 1981г
7. Рахымжанова Д. Мектеп жасына дейінгі балалардың творчестволық қабілеттерін дамыту «Семья және балабақша» №8, 1991ж.

***М. Сағындықова***

## ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУ

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы біздің алдымызға мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту мақсатын қойып отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қазақ тілін жетік меңгерген, сондай-ақ «… мемлекеттік тілді кәсіптік қызмет бабында, ақпараттық-аналитикалық жұмыс барысында қолдана алатын жоғары білікті офицер мамандарды дайындау» [1,17] - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясы мемлекеттік тіл кафедрасының алдындағы маңызды міндет болып табылады. Осы орайда, Академияда жаңа оқу жоспарларына көшу, білім мазмұнын жан-жақты жетілдіріп, жаңа типтегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бағдарлама талаптарына сай, ұлттық қауіпсіздік органдарының болашақ қызметкерлерін даярлауда тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін пәнаралық байланыс негізінде дамыту жұмыстарына тоқталайық. Алдымен пәнаралық байланыс мәселелеріне арналған зерттеулерге назар аударсақ, педагогика тарихында пәнаралық байланыс проблемасын Я.А.Коменскийден бастап, К.Ушинский, ХХ ғасырдың 60-шы жылдары И.Зверев, В.Максимова, Қазақстанда Р. Лемберг, И.Нұғманов, А.Бейсембаева, 90-шы жылдары Р.Аббасова, Р.Лотштейн, Н.Оразақынова, Т.Шолпанқұлова сияқты ғалымдар зерттеген. Әдіскер-ғалымдардың пайымдауынша: «Пәнаралық байланыс дегеніміз - оқу үрдісінде тұлғаның қорытынды жасауын, білімнің бір жүйеге келтірілуін, ынтасын, жалпылау біліктілігінің, дағдысының, ең соңында біртұтас ғылыми дүниетануының қалыптасуын жүзеге асыратын пәндердің мазмұндық және құрылымдық элементтерінің қызметі» [ 2,11].

Тәжірибеміздегі тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін дамыту жолдарын кафедрааралық байланыстар негізінде қарастырайық. Ұлттық қауіпсіздік органдары болашақ қызметкерлерінің мамандықтарымен тікелей байланысты өтілетін тақырыптар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Есірткі бизнесіне қарсы күрес», сондай-ақ «Терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес» туралы Заңдарын қамтиды.

Тыңдаушылардың құқықтық пәндерден алған білімдері жан-жақты іс-тәжірибелік және теориялық мәліметтерден тұрады. Мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасында көрсетілген міндеттердің ішінде тыңдаушылардың өз кәсіби қызметтерінде заң және құқық терминдерін білікті пайдалана білу қажеттілігі атап көрсетілген.

Пәнаралық байланыстың ең негізгі міндеті – оқыту үдерісінің білім беру, тәрбиелеу, сонымен қатар дамытушылық сипаттарының арасындағы заңды байланысты құру болып табылады. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Сот және Прокуратура органдары» тақырыбын алсақ, тыңдаушылардың құқықтың әр түрлі саласы: азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржы құқығы, т.б. салалары бойынша алған білімдерін қазақ тілі сабағында әрі қарай дамытуға, логикалық ойлау қабілеттерін, дүниетанымдарын тереңдету мүмкіндігі пайда болады. Мұндағы пәнаралық байланыс оқу материалдарын игерудің белгілі бір жүйемен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Тыңдаушылардың танымдық белсенділіктері қазақ тілі сабағындағы жаңа материалды, атап айтқанда тақырып бойынша кәсіби лексиканы меңгеруде, өз бетімен жұмыс жүргізу барысында құқықтық пәндерден алған білімдерін пайдалана білулері арқылы

танытылады. Сонымен қатар, білім алушылардың құқықтық пәндерден алған білімдерін тез, орынды пайдалану нәтижесінде, мысалы заңдардың жекелеген баптарын талқылау барысында мәселеге қатысты өз ойларын қазақ тілінде білдіру, көзқарастарын дәлелдей білу, сын көзбен қарау арқылы логикалық ақыл-ойлары жетілдіріле түседі.

Тыңдаушылардың құқықтық пәндерден алған білімдері мен тәжірибелеріне сүйеніп оқыту нәтижесінде сабақтың құндылығы, маңыздылығы арта түседі. Оқу үдерісін жандандырып, заң, құқық терминдерін жоғары дәрежеде қабылдап, пәндер арасындағы дидактикалық байланыстардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланыс жаңа материалды бекітуді түрлендіруге, жаңаны ескімен салыстырып, негізгі мәселені таба білуге дағдыландырады, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

«Қазақстан Республикасының Сот және Прокуратура органдары» атты тақырыппен жұмыс барысында ең алдымен осы салаға қатысты заңдармен жұмыс жүргізіледі. Атап айтқанда, сот жүйесіндегі негізгі тақырыптық ұғымдар мен тіркестерге, мысалы Жоғарғы сот, аудандық, қалалық, әскери соттар, алқабилер соты, сот орындаушысы, Прокуратура органдары сияқты мәселелерге назар аударылып, кәсіби терминологияны меңгерту мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл тақырып конституциялық құқық ,мемлекет және құқық теориясы пәндерімен тығыз байланыста қарастырылады. Еліміздің сот жүйесінде болып жатқан реформалар, қазақтың билер соты, соңғы кезде, атап айтқанда, 2007 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының алқабилер туралы» Заңының жекелеген баптарымен танысу нәтижесінде тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілі ұстартылып, танымдық қабілеттері дамып, өз ой-пікірлерін еркін, дәлелді түрде жеткізе білу дағдылары қалыптасады. Тыңдаушылардың сөйлесім дағдыларын қалыптастырудың үлгісі ретінде оларға төмендегі қанатты сөздер бойынша өзара пікірлесуді ұсынуға болады. Мысалы, «Жазылмаған кейбір заңдар, жазылған заңдардан да қатаңырақ», «Екі жақты тыңдап алмай қабылданған шешім әділетті болған күнде де әділетсіздік туғызады», «Тура биде туған жоқ» т.б. Тарихтан бастау алатын билер сотының қазіргі кездегі көрінісі – алқа билер жүйесіндегі сот болып табылады. Алқа билер соты, ең алдымен, жеке адамның құқығының қорғалу кепілдігінің басым болуын көздейді.

Тақырып бойынша кәсіби терминологияны меңгерту барысында құқықтың әр саласына тән ұғымдармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Сөздер мен сөз тіркестерінің антонимдік, синонимдік қатарларын игертумен қатар, ойтүрткі мәселелер, жағдаяттық тапсырмалар арқылы тіл үйренушілердің кәсіби сөйлеу тілін дамыта аламыз.

Кәсіби тілді әдеби тіл нормалары мен заңдылықтары тұрғысынан қарастыратын болсақ, оның әдеби, ұлттық тілдің бір бөлігі екендігін және құрамында белгілі бір мамандықтың негізгі ұғымдарын білдіретін терминдер бар екендігін байқауға болады. Мысалы, құқықтың түрлі саласын алып қарастырсақ, азаматтық құқықта: талапкер, азаматтық іс, азаматтық мойынсұнбау, сенімхат, авторлық құқық т.б.; қылмыстық құқықта: қылмыстық іс, жаза, кінә, пара, рақымшылық, ұрлық, бұзақылық, алаяқтық, қажетті қорғаныс; қаржы құқығы саласында: қаржы жүйесі, ұзақмерзімді несие, жинақтаушы қор, ақша бірлігі, банк жүйесі т.б.

Кәсіби лексикамен жұмыс барысындағы пәнаралық байланыстың маңызы зор, себебі тіл үйренушілердің құқықтық пәндерден алған білімдеріне сүйеніп оқыту нәтижесінде олардың кәсіби тілдерін әрі қарай дамытуға қол жеткізіледі.

Кәсіби лексиканы оқытудың басты мақсаты – болашақ мамандарды қызметтерінде қолданатын лексикамен жақын таныстыру, сөйлеу, жазу, оқу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби лексикамен жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Лексиканы игеру арқылы тіл үйренуші сол тілде ойлау және сөйлеу әрекетін дамытуға мүмкіндік алады.

Қазіргі кездегі әлемді алаңдатып отырған терроризм мен діни экстремизм мәселесі әрқашан құқық қорғау органдарының назарында. Құқықтық жағынан алып қарастырғанда, жаңа діни қозғалыстардың мәні адамның бостандығын, ар-намысын қорлау, тұлғаның құқықтарын аяққа басып, таптау әрекетінен байқалады. Мұндай қозғалыстар еліміздің Конституциясына, қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде дін және мемлекеттің өзара қарым-қатынасына қатысты теріс көзқарас, пікірде болып, құқыққа қарсы әрекет жасап, тіпті қылмыстық әрекетке дейін барады.

Мамандандырылған жоғары оқу орны болып табылатын ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясында терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес саласы үшін мамандар дайындау барысында терроризмнің табиғи тарихы, негіздері, ерекшеліктері, мақсаттары, әдіс-айлалары, тәсілдері, адамзатқа, қоғам, мемлекетке орны толмас зиян-зардап әкелетіні, терроризм мен экстремизмге қарсы қауіпсіздік органдарының нақтылы іс-шаралары, күш пен құралдары, әдіс, әдістемелері, сондай-ақ халықаралық терроризм мен террорлық ұйымдардың нақтылы құрылымдық әрекеттері туралы терең, жан-жақты істәжірибелік және теориялық мәліметтерді қамтитын дәрістер беріледі.

Тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін «Терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес» тақырыбы бойынша дымытуды ұлттық қауіпсіздік салаларымен ұштастырып қарастырайық.Тақырып көлеміндегі кәсіби лексика мен кәсіби терминологияны меңгерту тіл дамытудың негізі болып табылатындықтан, оқу үдерісінің алғашқы кезеңдерінен бастап жүзеге асырылады.

Тақырыпқа қатысты сөздік қордың негізгі бөлігін 1999 жылы 13 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Терроршылдыққа қарсы күрес туралы» Заңындағы негізгі ұғымдар, терминдер, мәтіндер құрайды.

Тақырып бойынша сұрыпталған лексикаға төмендегі сөздер мен сөз тіркестері жатады. Атап айтқанда: терроризм, халықаралық террористік іс-әрекет, террористік ұйым, үрей, үрейлендіру, жарылыс жасау, адамды кепілдікке алу, қауіп төндіру, мүліктік залал, діни экстремизм, жарылғыш заттар, қастандық, зақымдау, зорлық, кек алу т.б. Заңда берілген негізгі ұғымдар бойынша түрлі тапсырмалар орындау арқылы тіл үйренушілердің сауатты жазу, өз ойын дұрыс, еркін жеткізе білу, құқықтық пәндерден алған білімдерін қазақ тілімен ұштастыру дағдысы қалыптасады.

Кәсіби лексикамен жұмыс барысында пәнаралық байланысқа ерекше мән беріледі.

Бұл орайда төмендегі жаттығулар жүйесін ұсынуға болады:

- сөздердің баламасын табу;
- сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру;
- заң терминдеріне түсініктеме беру;
- сөйлем мен сөз тіркестерін құрау;
- мағыналас, сондай-ақ қарама-қарсы мағыналы сөздерді жазу т.б.

«Терроризм мен экстремизмге қарсы күрес» тақырыбы бойынша игерілетін сөздік қорды байыту нәтижесінде тыңдаушылардың дүниетанымы кеңейтіліп, қазақ тілі шын мәнінде болашақ мамандардың өмір қажеттілігіне айналу қажеттілігінің алғышарттары жасалады..

Мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасында мерзімді басылымдарда жарияланған мемлекеттегі және әлемдегі ішкі, сыртқы саясат тақырыбы бойынша аутентивті материалдарды түсіну, алынған ақпаратты өзінің кәсіби қызметінде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру мақсаты көзделген. Мұндай дағдыларды қалыптастырып, тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін пәнаралық байланыс негізінде дамытудың келесі бір жолы- арнайы мәтіндермен жұмыс болып табылады. Өз оқыту тәжірибемізде пайдаланылатын мәтіндер курста оқытылатын құқықтық пәндермен тікелей байланыстырыла алынады. Себебі терроризммен күресуде болашақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен жоғары деңгейдегі талдау, бағалау, сараптау-сұрыптау дағдылары қалыптасқан, дәл, қажетті және деп кезінде дұрыс шешім қабылдайтын біліктілік талап етіледі.

Күнделікті баспасөз беттерінен, Интернет желісінен сұрыпталып алынған мәтіндер, Қазақстан Республикасындағы терроризмге қарсы күрес мәселелеріне қатысты құжаттардан, сондай-ақ арнаулы оқулықтар мен еңбектерден алынған мәтіндер кәсіби терминологияны игеруге, оқу мәнерінің қалыптасуына, ресми тілдің өзіндік ерекшеліктерін түсінуіне үлес қосады. Оқу мәтіндері тыңдаушылардың анықтамалық әдебиет, сөздікпен жұмыс істеп, салыстыру, талдау жасау арқылы кәсіби сөйлеу тілін дамытудың бірден-бір жолы болып табылады. Осы орайда терроризмге қарсы күреске байланысты Елбасы Н.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты еңбегінен алынған «Терроризм дегеннің өзі не?» «Терроризмнің иесі кім?», «Террордың мақсаты қандай?» атты мәтіндерді атауға болады. Мұнда терроризмнің анықтамасы беріліп, оның таралу себебі, нәсілшілдік, ұлтшылдық, сепаратистік, діни фундаментализм, экстремизм ұғымдары жан-жақты қарастырылған [3,58].

Сонымен қатар, терроризмге қарсы күрестің жаңа әдіс-тәсілдеріне қатысты С.Қ.Әбсаметовтің «Лаңкестік – заман қасіреті» атты мақаласына тоқталайық. Мақала авторы әлемде «лаңкестіктің» жүзден аса анықтамасы бар екендігін айта келе, Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңында берілген анықтамаға назар аударады: «Лаңкестік – жазықсыз адамдарды өлтіру, олардың мүлкіне зиян келтіру, халыққа, қоғамға қауіп төндіретін жарылыс жасау, өрт қою, елдің арасына үрей туғызу, мемлекеттік органдарға күш қолдана отырып өз ықпалдарын жүргізу сияқты толып жатқан қанқұйлы әрекеттердің жиынтығы болып табылады» [4,2]. Мақалада сонымен бірге «діни экстремизм» терминінің қалыптасу тарихы, Қазақстандағы діни ұйымдар қызметі, халықаралық террористік ұйымдар туралы толық ақпарат берілген. Бұл мәліметтер курсанттардың болашақ міндеттерін ойдағыдай орындау үшін жалпы білім деңгейлері, арнайы дайындықтарына, бойларында психологиялық тұрақтылықты, терең ой-өрісті, ар-ұжданды, мәдени ізгі ниетті ерекше қабілеттерді қалыптастырып, дамытуға қосар үлесі зор.

Ә.Муминовтың «Экстремизм мен терроризм – заңсыз әрекет» атты мақаласында осы құбылыстардың пайда болуының ішкі-сыртқы себептері, онымен күресу жолдары қарастырылған. Онда экстремизм , түрлі ағымдағы діни қозғалыстар – Қазақстанның қауіпсіздігіне, территориясының тұтастығына, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін қылмыстық әрекеттер делінген.

Экономикалық қауіпсіздік саласында мұндай діни қозғалыстар адамдардың материалдық игілігіне, олардың мүліктеріне қол сұғады, яғни олардың іс-әрекеті шын мәнінде халықтың ақша қаражатына ие болуына , алаяқтыққа келіп тіреледі.

Мемлекеттің идеологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан алғанда, жаңа діни қозғалыстардың мақсаты - стратегиялық ұлттық мүдделерін жүргізіп, іске асыру болып табылады.

Жаңа діни қозғалыстар елдің саяси қауіпсіздігіне де айтарлықтай қауіп төндіреді, олар конституциялық құрылысты бұзуға, зайырлы мемлекетті шайқалтуға шақырып, өздерінің азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартады. [5,3].

Т.Тәшеновтің «Қазақстандағы тұңғыш террористік әрекет қалай құрықталады» атты мақаласы 1992 жылы 22 ақпанда Қызылорда облысының түрмесінен қашқан қылмыскерлердің жолаушыларды кепілдікке алып, шетелге кету жоспарлары және қауіпсіздік органдары мен басқа құқық қорғау органдарының оларға қарсы бірлесіп жүзеге асырған «Набат» операциясы туралы баяндайды. «Альфа», «Арыстан» арнайы топтарының атқарған іс-әрекеттері, қазіргі заманғы оперативтік-іздестіру қызметінің әдістерін жан-жақты талдау жұмыстары тыңдаушыларға болашақ қызметтерінде кәсіби қа-

рым-қатынас жасап, тілді пайдалану үшін маңызды болып табылады .[6,2].

Мемлекеттік тілді кәсіби бағытта игертуге байланысты күнделікті оқу үдерісінде қолданылып, тиімділігі анықталған әдістің бір түрі – арнайы оқу фильмдерімен жұмыс болып табылады. «Терроризмге қарсы күрес» тақырыбы бойынша қолданылып жүрген фильмдеріміздің қатарындағы 4 бөлімнен тұратын «Кәдімгі терроризм», «Норд Ост», «Метродағы жарылыс» т.б. фильмдерді атап өтуге болады.

Бұл фильмдермен жұмыс барысында тыңдаушылардың құқықтық пәндер бойынша алған білімдері толықтырылып, сөздік қорлары байытылып, ауызша сөйлеу мен жазбаша тілдері едәуір жетілдіріледі. Тіл үйренушілер кәсіби мамандықтарына тән ұғымдар мен заңдылықтарды іріктеу, топтастыру мүмкіндігіне ие болады. «Арнайы оқу фильмдері тыңдаушыларды мамандықтарына сай байланыстыра сөйлеуге, кәсіптеріне қажетті ақпаратты ала отырып, негізгі деректерді тілдік қарым-қатынаста пайдалануға, қарастырылып отырған мәселеге қатысты өз пікірлерін білдіруді үйретеді, логикалық ойлау дағдыларын дамытады [6,8]. Бұл фильмдермен жұмыс барысында тыңдаушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың кәсіби дайындықтарын жетілдіруге болады.

«Кәдімгі терроризм» атты арнайы оқу фильмі бойынша төмендегі жұмыстар жүзеге асырылады. Фильмде дүние жүзінде орын алған ірі террористік актілері, террористік ұйымдардың қызметі, олардың жетекшілері, құқық қорғау органдары тарапынан оларға қарсы ұйымдастырылған іс-шаралар туралы айтылады. Фильмді көріп болғаннан кейін, курсанттар фильмнің мазмұнын баяндайды, мазмұны бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі. Фильм мазмұнын сұрақ-жауап жұмысы арқылы тексеруге болады. Мысалы, төмендегі сұрақтарды топ болып талқылап, пікірлесуді ұйымдастыру:

1. Терроризмнің түп тамыры неде жатыр деп ойлайсыз?
2. Терроризм неліктен өміршең болып табылады?
3. Халықаралық терроризм дегенді қалай түсінесіз?
4. Террорист деген кім? Ол өзінің іс-әрекетінде кімге, неге сүйенеді?
5. Діни экстремизм дегеніміз не?
6. Діни экстремистік ұйымдардың қызметі туралы не білесіз?
7. Еліміздегі терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес деңгейі қандай?
8. «Терроризм шекара таңдамайды» деген тұжырымды қалай түсінесіз?
9. Терроризмнің тарихы жөнінде не білесіздер?
10. «Терроризм шекара таңдамайды» деген тұжырымды қалай түсінесіздер?
11. Терроризмнің туындауының себептері қандай деп ойлайсыздар?
12. Терроризмнің қандай түрлерін білесіздер? Олардың ерекшеліктері неде?

Тақырыптың соңында «Әлем халықтары терроризмді айыптайды» тақырыбында баспасөз конференциясын ұйымдастыру нәтижесінде тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін жетілдіру мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен қатар, «Ұлттық қауіпсіздік органдары терроризмге қарсы күресте» тақырыбында шығарма жазу арқылы тыңдаушылардың жазбаша тілдерін де кәсіби бағытта дамытуға болады.

Қорыта айтсақ, тілдік қатынасқа қатысты іске асатын сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін пәнаралық байланыстар негізінде, тақырып бойынша сабақтастыра, өзара байланыстыра жүргізу нәтижесінде сөздік қорды байыту, аутентивті мәтіндер, арнайы оқу фильмдерімен жұмыс арқылы тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін дамыту тиімді болары сөзсіз.

1. Оқу бағдарламасы (мемлекеттік тіл). –Алматы, 2009.
2. Оразақынова Н.А. Пәнаралық байланыс- оқу-тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі жолы.Алматы,1993
3. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. –Алматы: Атамұра, 2003.
4. Әбсаметов С.Қ. Лаңкестік – заман қасіреті //Егемен Қазақстан, 29 қазан 2003 жыл.
5. Муминов Ә. Экстремизм мен терроризм – заңсыз әрекет //Алматы ақшамы, 26 наурыз, 2009 жыл.
6. Тәшенов Т. Қазақстандағы тұңғыш террористік әрекет қалай құрықталды // Айқын апта, 18 қазан 2007 жыл.
7. Нұркеева С.С. Терроризмге қарсы күрес. Оқу құралы. –Алматы, 2004.

* * *

В статье рассматривается вопрос развития профессиональной речи на основе межпредметных связей.

* * *

The article deals with problems of developing professional speech of students on the basis of intersubject relations.

*Г. К. Тлеубай, А. Н. Космуратова*

## ОБУЧЕНИЕ РЕЧЕВОЙ КОММУНИКАЦИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ДЕЛОВЫХ ИГР

В условиях всесторонней и глубокой модернизации обучения в высшей школе, в том числе и обучения русскому языку как неродному, актуальной является проблема повышения эффективности обучения языку и его оптимизации. Проблема необходимости модернизации образования с помощью

новых методов и приемов обучения с использованием современных технологий и инновации получила новый импульс.

В теории и на практике лингвистический принцип как ведущий принцип обучения языку давно уступил место коммуникативному. Целью обучения студентов в вузе является формирование у них коммуникативной компетенции, то есть набора и реализации программ речевого поведения в зависимости от способности человека ориентироваться в обстановке общения. (1)

Особенность обучения русскому языку как неродному в вузе состоит в его ориентации на научный стиль речи, как в области синтаксиса, так и области специальной лексики - терминологии.

Данные целевые принципы обучения русскому языку как неродному - коммуникативный и профильно- ориентированный - выдвигают на первый план деятельностные дидактические средства как важный фактор эффективности учебного процесса.

Чтобы обучить человека анализу ситуаций общения в целом и особенностей своего общения в частности, научить его употреблять слова, выражения, интонации применительно к целям коммуникации, используют различные учебно-методические приемы. Один из таких приемов, позволяющих добиться хороших результатов в овладении видами речевой коммуникации, - разыгрывание ситуаций в сфере деятельности конкретного специалиста, т.е. деловая игра.

Деловая игра на уроках русского языка как неродного - это организация такой учебной речевой деятельности, в основе которой лежит принцип профессионального общения, моделирующий условия профессиональных отношений.

Следует подчеркнуть, что при изучении основ речевой коммуникации с помощью игровых методов, и прежде всего с помощью деловых игр, на первом месте должно быть именно овладение видами речевой деятельности, а через это – и профессией.

Профессиональная цель достигается при имитационном моделировании определенных аспектов профессиональной деятельности. Здесь важно отметить тот факт, что обучаемый, оказываясь в условиях, которые близки к реальным, имеет возможность объективно оценить свои силы и знания, убедиться в необходимости восполнять и совершенствовать их.

Имитационное моделирование, кроме того, способствует укреплению интереса обучаемых к своей будущей профессии. Как отмечает специалист в этой области Дж.Брунер, обеспечить интерес к учебному предмету легко, когда обучение происходит в контексте жизни и действия, но становится трудным, когда обучение носит абстрактный характер.

Общая цель профессионального общения реализуется через различные образцы диалогической и монологической речи. Участники игры в каждой конкретной ситуации должны советоваться друг с другом, возражать, доказывать свою точку зрения, выслушивать собеседника и стараться его понять.

Основная функция диалогического общения в деловой игре – коммуникативная, но данный вид общения, как отмечал известный психолингвист А.А.Леонтьев, выполняет и диагностическую функцию, которая заключается в том, что «в условиях языковой среды, находясь в тех или иных коммуникативных ситуациях, студент ощущает неадекватность коммуникативной задаче своих языковых знаний (их недостаточность или несоответствие), вследствие чего возникает производная от диагностирующей и коммуникативной функций мотивационная функция, побуждающая обучаемых стремиться к более совершенному овладению общением на русском языке». (2)

В ряде случаев, когда участники деловой игры отстаивают свою точку зрения или выражают свою позицию и мотивируют ее, их речь приобретает монологический характер. Поэтому в систему предваряющих деловую игру упражнений специалисты рекомендуют включать упражнения по обучению монологическим высказываниям, коммуникативная цель которых – убедить партнера по общению в своей правоте, согласиться либо не согласиться с ним, обосновав свою точку зрения.

Общение в ходе игры является в значительной степени неподго -товленным и требует быстрой речевой реакции: включения в диалог или высказываний в монологической форме. Поэтому уже усвоенные ранее речевые образцы должны гибко использоваться в новой ситуации. Потребностью участников игры может быть вызвана и активизация пассивно усвоенной лексики или речевых образцов. Таким образом участники игры расширяют сферу своей деятельности.

В процессе деловой игры существенное значение приобретают следующие общеметодические положения.

- Наличие модели социально-экономической системы. Принятое обучаемыми решение не воздействует на модель системы, не изменяет ее состояние, т.е. обучаемые не имеют сведений о последствиях принятых ими решений. Эти последствия рассматриваются гипотетически, умозрительно, как возможные.
- Коллективная выработка решений. Решения принимаются, как правило, в условиях отсутствия конфликта, поскольку все обучаемые выступают как бы в одной, коллективной, групповой роли.
- Многовариантность решений. Этот фактор может порождаться компетентностью обучаемых, различием их приоритетов.
- Единая цель при выработке решений. Вся группа рассматривает одну ситуацию, по которой в общем виде предстоит принять решение.
- Групповое оценивание деятельности обучаемых. Обычно оцениванию подлежит конечный результат, т.е. само решение.

- Наличие управляемой эмоциональной напряженности обучаемых.

Она создается следующими средствами:

- соревнованием групп по достижению цели;
- неполнотой информации об объекте;
- оцениванием деятельности обучаемых;
- несоответствием ресурсов и цели.

При этом несоответствие ресурсов и цели обусловлено недостаточным уровнем знаний, умений и опыта участников игры; неопределенностью (неполнотой) предоставляемой (получаемой) информации; ограниченностью времени, выделяемого участникам игры для выработки и принятия решения.

Возникновению эмоциональной напряженности способствуют, в частности, неуправляемые факторы деловой игры как метода обучения:

- нетрадиционный для участников игры подход к обучению;
- коллективная форма выработки и принятия решений, при которой создаются условия для воздействия группы на отдельного участника (и отдельных участников друг на друга);
- возможность наверстать упущенное на более ранних этапах, т.е. «исправиться» без моральных потерь для обучаемого;
- возможность конфликтов между речевыми целями и личными интересами участников.

К факторам управляемой эмоциональной напряженности относятся:

- ➢ возможность достаточно острого конфликта из-за несовпадения целей (функциональных и игровых) участников, исполняющих разные роли;
- ➢ обеспечение личной заинтересованности участников в определенных исходах игровой ситуации;
- ➢ выполнение психологических требований по подбору игровых групп, распределению ролей с учетом личностных особенностей участников и др.

При обучении основам речевой коммуникации могут использоваться игры дискуссионного характера, интеллектуального поиска и моделирующие профессиональную деятельность. Применение того или иного вида игр зависит от целевой установки, контингента студентов, степени их языковой подготовки и ряда других факторов.

Во всех случаях эти игры носят, как правило, ролевой характер, а особенности взаимодействия участников обусловливаются:

- ✓ структурой игры;
- ✓ определенными функциональными обязанностями лиц, в роли которых выступают участники игры;
- ✓ установленными правилами игры и методикой ее проведения;
- ✓ принятой в данной игре системой оценивания деятельности участников.

Присвоение каждому студенту престижной социальной роли и постоянное внимание к его индивидуальной значимости помогают снять психологические барьеры, что является необходимым условием успешного обучения. Роль - маска помогает студенту проявлять те стороны своей личности, которые он считает возможным открыть в коммуникации, и, с другой стороны, условность игры позволяет скрыть те стороны индивидуальности, которые студент не хотел бы делать достоянием коллектива. Занятия строятся таким образом, что доброжелательное отношение к игроку снимает страх перед возможной ошибкой. Проявление интереса к игроку как к значимому партнеру способствует снятию чувства неуверенности.

Ролевую игру можно расценивать как самую точную модель общения. Ведь она предполагает подражание действительности в ее наиболее существенных чертах.

Ролевая игра обладает большими возможностями мотивационно-побудительного плана. Общение, как известно, немыслимо без мотива. Однако в учебных условиях непросто вызвать мотив к высказыванию. Трудность заключается в следующей опосредованности: учитель должен обрисовать ситуацию таким образом, чтобы возникла атмосфера общения, которая, в свою очередь, вызывает у учащихся внутреннюю потребность в выражении мыслей. Психологи настаивают на тезисе: «Пусть они (студенты) говорят то, что им хочется сказать». В ролевой игре точно обозначенные «предлагаемые обстоятельства» создают общий побудительный фон, а конкретная роль сужает его до субъективного мотива.

Ролевая игра предполагает усиление личностной сопричастности ко всему происходящему. Студент входит в ситуацию, хотя и не через свое «я», но через «я» соответствующей роли. И здесь, как правило, проявляется весьма типичное отношение актера к персонажу, которого он играет. Обычно актеры проявляют большую заинтересованность в них. Ясно ощущаемое личностное ядро (даже если герой отрицательный) повышает эмоциональный тонус «актера», что положительно сказывается на результате, и, в конечном счете на усвоении определенных знаний.

Деловая игра способствует расширению ассоциативной базы при усвоении материала, что предполагает описание обстановки, характера действующих лиц, отношений между ними.

Поэтому за каждой репликой мыслится отрезок смоделированной действительности, которая “заземляет” ее, делает неповторимой и значимой. При этом материал, в который она обличена, “привязывается” к ситуации множеством ассоциативных нитей и прочно удерживается в памяти.

Деловая игра способствует формированию учебного сотрудничества и партнерства. Ведь исполнение этюда предполагает охват группы учащихся (ролевая игра строится не только на основе диалога, но и полилога), которые должны слаженно взаимодействовать, точно учитывая реакции друг друга, помогать друг другу. При распределении ролей следует учитывать как языковые, так и “актерские” возможности игроков, поручая одним более вербальные, другим – пантомимные роли, третьих же

назначая на роли “суфлеров”, давая им право подсказывать на основе текста. При этом удачно найденный жест, “немое” действие, если оно соответствует ситуации, поощряется всей “труппой”. В результате учащимся с более слабой подготовкой удается преодолеть робость, смущение и со временем, возможно, полностью включиться в ролевую игру. Таким образом, при правильной постановке дела игру можно расценивать как организационную форму, способствующую созданию сплоченного коллектива, и в этом ее воспитывающее значение.

Деловая игра имеет образовательное значение. Учащиеся, хотя и в элементарной форме, знакомятся с технологией театра. Поощряется всякая выдумка, ибо в учебных условиях возможности в этом отношении ограничены, а для изобретательности открываются большие просторы. Само же перевоплощение способствует расширению психологического диапазона, пониманию других людей.

Таким образом, деловая игра обладает большими возможностями в практическом, образовательном и воспитательном отношениях.

Кроме того, в процессе коллективной работы формирует чувства сотрудничества и взаимопомощи. Дружеская раскованная атмосфера в процессе игры создает дополнительную мотивацию общения, что является значительным фактором повышения эффективности учебного процесса.

Итак, можно отметить, что использование на занятиях по русскому языку дидактических игр разного типа является формой обучения, значительно активизирующей процесс формирования коммуникативной компетенции в учебно-профессиональной сфере общения, что, как известно представляет собой одну из основных задач обучения русскому языку в вузе.

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М., Педагогика, 1989. - 190 с.

2. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – М., 1969. – 79 с.

3. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Речевая коммуникация. – М., 2007. – 232 с.

4. Хозяинов Г.И. Педагогическое мастерство преподавателя. - М.: Высшая школа, 1988. – 166 с.

* * *

Мақалада орыс тілін үйренудің әр-түрлі оқу-әдістемелік тәсілдері талқыланған. Сөйлеу коммуникацияның түрлерін тиімді қабылдаулардың меңгеруі - іскерлік ойын деп белгілейді авторлар.

* * *

In given article authors consider educational-methodical recaptions of training of Russian as nonnative. One of effective receptions in mastering by kinds of speech communications is business game.

***Н. М. Түсіпбекова***

## ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ КӘСІБИ ТЕРМИНДЕРДІ МЕҢГЕРТУ ТӘСІЛДЕРІ (ТҮРІК ТІЛІ БОЙЫНША)

Жоғарғы оқу орындарында түрік тілін оқытудың негізгі мақсаты, басқа да шығыс тілдерін оқытудағы секілді, елімізге өмірдің түрлі салалары бойынша керекті мамандар даярлауды көздейді. Толыққанды маман қай салада болсын қажет- ақ. Солай болғасын, түрік тілін оқытудың мақсат-мүддесі де осыған сай жүргізіледі.

Ал тегімізге тән дәстүрмен ой жүгіртер болсақ, оғыз-қыпшақ ортасынан шыққандығымызды Тұран жұртының ұрпағы болғандығымызды айтады. Бұрынғыдай емес, қазір бүлінген түрік дүниесі қайтадан тұтастыққа бейіл бұрған кез. «Бірліктен асқан береке жоқ» дейді халқымыз. Бәрінен де соған ақау түсірмеген абзал. Дәтке қуат болар нәрсе – кіндік Азиядағы бес түркі халқы ежелгі арманына жетіп, бодандықтан құтылып, азат ел ретінде тәуелсіздіктің туын тігіп, дүниежүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесіне айналды. Осылайша төрт ғасыр бойы жалғызсырап келген Түркияға бес егемен түрік елі қосылды.

Бар өмірін туған елінің жарқын болашағы үшін күресуге арнаған Ататүрік 1930 жылы былай деп кеткен «Кеңестер Одағы досымыз, көршіміз. Бірақ бір күні ыдырайды, сол кезде діні бір, тілі бір ағайындарымызға көмектесуге дайын болуымыз керек», «Түріктің түріктен басқа досы жоқ» ал, қазақтың ержүрек ұлы Тұрар Рысқұлов «Түркі тілдес, түгел бол» деген аталы сөздері түркі халықтарының шын мәніндегі тәуелсіздікке, егемендікке ұмтылған бүгінгі тарихи кезеңінде туысқа туыстың қол созуына үндеген ұранындай естіледі [1].

Түрік жұртының тілі жөнінде ғұлама тілші ғалым Махмұт Қашқари былай деп білдіріпті: «Түріктердің оқтарынан сақтану үшін, олардың жолын берік тұту әрбір ақыл иесіне лайықты да парызды іске айналды. Өз дертін айту уа түріктерге жақын болу үшін оларға түрік тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады. Кім өз дұшпандарынан безіп, түріктерге мұңайып келсе, түріктер оларды қанатының астына алып, қауіптен құтқарады; олармен бірге басқалар да қамқорлық, пана табады »[2].

Түріктану ғылымында түрік тілдерінің өзара туыстығы, олардың топ-топқа жіктелісі, бір-біріне алыс жақындығы жайында А. Вамбери, Ю. Немет, В. Радлов, С.Малов, К.Менгес, М. Рясенен, Н. Баскаков т.б. ғалымдар жасаған тұжырмдар бар. Атақты

түрколог, проф. Н.А.Баскаков түркі ұлыстарының тілдік ұқсастық пен өзгешелігін байқататын мынандай басты–басты тарихи кезеңді атайды:1. Алтай дәуірі- ең көне заманғы түркі тіліне қатысты. 2. Ғұн дәуірінде түркі тілі батыс ғұн және шығыс ғұн тілдеріне ажырайды. 3. Көне түркі дәуірінде түркі тілінің хазар, бұлғар, қыпшақ, оғыз, қарлұқ, ұйғыр, қырғыз диалектілері қалыптасқан. 4. Орта түрік дәуірі (9-15ғ) қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу кезеңі. 5. Жаңа түркі дәуірінде қазіргі түркі тілдерінің бөлініп шығуы аяқталып, жазба әдеби тілдер қалыптаса бастады. Зерттеуші ғалымдардың үнемі айтып келгеніндей, герман, роман, славян т.б. топтағы тілдермен салыстырғанда түркі тілдерінің лексикасы мен морфологиялық құрылымы өте жақын, грамматикалық сәйкестік басым. Соның ішінде Қазақ және түрік тілдері де типалогиялық құрылымы ұқсас туыстас тілдер болып есептеледі. Тіл үйренуде басты назарда ұстайтын екі мәселе бар:

- қазақ және түрік тілдерінің ұқсастығы;
- осы екі тілдің арасындағы айырмашылық.

Екі тілдің арасындағы ортақтықтар мынадай жағдайларда көрінеді.

Грамматикада: Парадигмалық және эпидигматикалық қарым- қатынастар ұқсас, яғни сөз тудырушы және сөз түрлендіруші тұлғалар бірдей деп есептелінеді *(-лар, лер; -ым, ім; -ға, ге; -дық, дік; -да, де т.б kitaplar-кітаптар, defterler-дәптерлер, benim kitabım-менің кітабым, derse-дәріске, kalemin-қаламның, aşçı-асшы, İstanbul'lu-Ыстамбулдық, şehirden-шаһардан, kızda-қызда, tuzluk-тұздық);*

Синтаксистік құрылымында: сөйлем, фраза, синтаксистік тұтастықтың формалды құрылымы бірдей (*Ben dün kütüphaneye gittim- мен кеше кітапханаға бардым; Akşam babamla sohbet ettim- ақшамда әкеммен сұхбаттастым);*

Екі тілдің сөздік құрамында ортақ сөздер бар: *yarak-жарақ, asker-әскер, ok-оқ, yelken-желкен, düşman-дұшпан, koruсu-қорғаушы, bayrak-байрақ, kırk-қырық, yalan-жалған, tutmak-тұту, teğmen-тұмен, ör-өп* т.б

Екі тілдің паремиологиясында, фразеологиясында жақын қатарлар бар *adam olmak- адам болу, adı kalmak-аты қалу, ağzı açık kalmak-аузын ашып қалу, göz boyamak-көз бояушылық, acele işe şeytan karışır-асыққан шайтанның ісі, kulağına küpe olsun-құлағына алтын сырға, taş atana ekmek at-таспен ұрғанды аспен ұр, beş parmak aynı değil-бес саусақ бірдей емес*. Қазақ және түрік тілдерінің айырмашылықтары осы екі тілдер әулиеті ішінде әр түрлі топтарға жататындарға байланысты (түрік тілі-оғыз подгруппасына, ал қазақ тілі қыпшақ подгруппасына жатады). Осыған байланысты басты айырмашылық дыбыстардың фонемалық позицияларынан көрінеді.

Сөз басында: **У-Ж**: *yarak-жарақ, yirmi-жирма, yiğit-жігіт, yurt-жұрт, yürek-жүрек, yaşasın-жасасын, yandı-жанды, yaya- жаяу, yayla-жайлау, yol-жол, yoldaş-жолдас, yağmur-жаңбыр, yağdı-жауды, yaş-жас, yalan-жалған* т.б

**С,Ç- Ш:** *başçı- басшы, temizlikçi-тазартушы, sürücü-жүргізуші, araştırıcı-зерттеуші, yazıcı-жазушы, yolcu-жолаушы, oyuncu-ойыншы* т.б

**В-М:** *ben-мен, binbaşı-мыңбасы, buz-мұз, bana-маған, burada-мында, bol- мол, beyin-ми, burun-мұрын т.б*

**К-Қ:** *kalem-қалам , kara-қара, kısa-қысқа, kan-қан, kaztak-қазу, kavun-қауын, kağıt-қағаз, kaşık-қасық, kaş-қас,kaburga-қабырға,kabul-қабыл, kayık-қайық, kanatlı-қанатты, karşı-қарсы, korumak-қорғау, kızıl-қызыл, kış-қыс, kısmak-қысу,karpuz-қарбыз т.б*

**D-T:** *dil-тіл, diş-тіс, diz-тізе, dilemek-тілеу, dal-тал, dayak-таяқ, damar-тамыр, demir-темір, deniz-теңіз, deri-тері, dik-тік, damak-тамақ, damla-тамшы, durak-тұрақ, dağ-тау, dağıtmak-тарату, derin-терең, dur-тұр, düş-түс, diri-тірі* т.б

**G-K:** *gelin-келін, gemi-кеме, gök-көк, göl-көл, gönül-көңіл, gümüş-күміс, gelecek-келешек, gün-күн, gel-кел, giyim-киім, göz-көз, gözlemek-көздеу, günah-күнә* т.б

Сөз ортасында: *hafta-апта, şifa-шипа,defter-дәптер, teğen-түмен,kağan-қаған, siyasi-саяси, otur-отыр,*

Сөз аяғында: *oku-оқы, atış-атыс, ok-оқ, ac-*aş, bac-baş, ic-iş, tac-taş, tay-dağ, bay-bağ, cay-sağ, ашу-aç(mak), ішу-iç(mek), шақыру-çağır(mak).

Осы жасалған шолуларға қарағанда және қазақ пен түрік тілдерінің шынымен де туыстас екенін ескерсек, түрік тілін қазақ өкілдеріне оқып үйретудің проблемалары соншалықты көп емес сияқты көрінеді дегенмен түрік тілін оқыту үдерісінде тілді жетік меңгерудің дағдылары мен біліктерін қалыптастыру үшін мынандай мәселелер туындайды:

- Бірінші. Түрік тілінің фонологиялық ерекшеліктерін меңгертуге бағытталған жұмыстарды жүргізу және лексикалық құрамды меңгерту үшін түрік тілінің сөздік қоры тақырыптық топтарға бөлінеді. Көлемі ауқымды және қазақ аудиториясы үшін тақырыптық топтардың бірі әскери терминология. Әскери терминологияны оқыту үшін мынандай жұмыстар жүргізіледі.

Түрік тілінде әскери терминология көлемі жағынан көп сонымен қатар қазақ тілінің терминологиясымен ұқсастықтары да айырмашылығы да бар. Мысалы: *emir-әмір, asker-әскер, tabanca-тапанша, vatan-отан, atış-атыс, haberci-хабаршы, galip-ғалып, düşman-дұшпан, deniz altı-теңіз асты, er-ер,sardar-сардар, karşı haber- қарсы барлау, ant-ант,askere almak-әскерге алу, alan-алаң,soy-сой т.б*

Екінші. Түрік тілін оқитын аудармашылар үшін қазақ тіліндегі көне терминдер қызығушылық тудырады. Бұл үшін тарихи еңбектерде этимологиясы ашылған көптеген сөздерді сабақта ұсынамыз. Ғалымдар әскери лексикаға қатысты кейбір сөздердің шығу тегіне үңілген. Мысалы: Сөздердің шығу тегіне арналған қызықты еңбектердің бірі - Р. Сыздыкованың «Сөздер сөйлейді» кітабы. Ғалымның жүзге тарта талдаған сөздерінің ішінен әскери лексика, соның ішінде қару-жарақ атаулары көп орын алған. Мысалы:

*ага, алапа,алаш, айдын, атайы, ала балта, шора,адырна, қарауыл, жасуыл, ертауыл, боқауыл/ бөкеуіл, торауыл, кептеуіл, шыңдауыл, барлауыл, тосқауыл, жаушы, көбе, жебе, қас батыр, дулыға,*

*майдан, кіреуке, қылшан* т.б. сөздерінің тарихи мәнмағынасы ашылған.[3] Ғалым сонымен қатар XV-XIX ғасырларда ел басқарудағы әкімшілікке, шенатаққа, қызмет бабына байланысты сөздердің тобы пайда болды. Оларға мынандай әскери басшылардың атауларын білдіретін әскери терминдер жатады.: *бас, бастық*,

*басшы, онбасы, жүзбасы, екі жүз басы, мыңбасы, түменбасы, түменбегі,әмір, қолбасы,әскер басы,сардар, сипаһсалар, саркарда т.б* Бұл аталған әскери басшылардың атаулары тілімізде бірден пайда болған жоқ. Аталған басшы атауларының кейбіреулеріне тарихи тұрғыдан қарасақ, төмендегідей деректерге көз жеткіземіз. Қазақ тілінің әскери лексикасы өзіне мұра ретінде көне түркі тілінен «*әскери басшы*» ұғымында жұмсалған *сүбасы* терминін алды. Көне түркі тілінің *сүбасы* әскери термині қазақ тілі әскери лексикасының құрамындағы онбасы, жүзбасы, мыңбасы,түменбасы, қолбасы, әскербасы тәрізді әскери терминдердің жасалуына негіз болды. Осы аты аталған әскери басшылардың атауларын түріктер осы күнге дейін пайдалануда. Түркияда **онбашы** «капрал» тәрізді әскери лауазым болған. Венгер миссионері Фра Юлиан түріктердің әскеріндегі ондық, жүздік, мыңдық жүйесіне тоқтала келіп, он жауынгерге **он башы** жауынгерлік еткен деп білдіреді. Мысалы: *subay-сүбасы, teğmen-түмен, üstteğmen-түменбасы, onbaşı-онбасы, yüzbaşı-жүзбасы, binbaşı-мыңбасы, asker-әскер, başasker-әскер басы. Onbaş(онбасы)* дәрежесі Оғуз ханның, Атилланың, Шынғыс ханның, Ақсақ Темірдің, Тоқтамыстың әскерінде, Орта Азия хандықтарында болған. Ақсақ Темірдің, Тоқтамыстың заманында тәжірибелі, қолынан іс келетін батыр әрі батыл жауынгер жаумен шайқасуда, қылыштасуда, найзаласуда ерлік көрсетсе ол жауынгерді әскери басшы ***-онбасы*** етіп тағайындаған. Егер қатардағы жауынгер жалақыға бір ат алатын болса, онбасы он есе жалақы алатын болған, яғни он ат алған. **Yüzbaşı** –жүзбасы түріктерде капитанға тең әскери лауазым болған. Яғни жүз жауынгерге **жүзбашы** жауынгерлік еткен.

Заглавие, представленное единым словом, предельно емко по своей смысловой структуре. Заглавие-словосочетание дает больше шансов читателю для построения гипотезы, касаемой будущего содержания.

Что касается слова - заглавия, что его оправданность и смысловая нагруженность нередко реализуются за счет неоднократного повторения этого слова и в ткани художественного произведения, причем каждое повторение дает приращение смысла, повышает понимание текста и проясняет авторскую задачу, позволяя читателю глубже постичь тему и идею, затронутую писателем.

Например, К. Горшкова, М. Бризицкая и Е. Светличная отмечают, что именно таким образом происходит расшифровка заглавия в рассказе С. Моэма “Outstation” [28, 177].

Развернутая смысловая структура слова «outstation» значительно ограничивается в контексте словами “resident”, “guard”, “clerk”, и читатель быстро понимает, что речь идет не о чем-то общем, а о функционировании конкретной дипломатической миссии, расположенной на индонезийском острове Борнео. Но эта миссия путем повторения слова “outstation” при различных сюжетных поворотах и коллизиях становится катализатором, который проясняет возникший психологический конфликт, завершающийся трагическими событиями.

Проведя сопоставительный анализ рассказов Э. Кондуэлла “Daughter”, Ш. Андерсона “The Egg” и Г. Джеймса “Mother”, Л. Лоуренса “Things”, К. Портера “He”, К. Горшкова, М. Бризицкая и Е. Светличная обнаруживают, что в рассказе Э. Кондуэлла “Daughter” заглавное слово поначалу мало что проясняет. Но движение сюжета помогает понять авторский выбор. Главный герой не в силах видеть страдания голодной дочери, не в силах ничем помочь ей, и в отчаянии, видимо, в состоянии аффекта решается на убийство любимого ребенка, избавляя его тем самым от страданий.

В центре повествования рассказа Ш. Андерсона “The Egg” провинциал, зараженный жаждой наживы. Свою мечту об обогащении он связывает с яйцами и курами-несушками. Поначалу он разводит кур на птицеферме, затем открывает ресторанчик, где для привлечения посетителей устраивает выставку цыплят-уродцев и демонстрирует опыты по пропусканию яйца через горлышко бутылки. Слово “egg”, используемое сначала в своем прямом значении, по мере повторения в тексте приобретает контекстуальное значение неудачи, безрезультатного никчемного труда, а в финале рассказа получает символический смысл, поднимающийся до уровня социального обличения и протеста писателя.

В рассказе Г. Джеймса “Mother” происходит своеобразное опрокидывание привычного значения слова «мама». Речь идет о меркантильной расчетливой мамаше, ловко зарабатывающей на нелегком труде своей дочери - аккомпаниаторши. Корысть, бездушие, алчность наполняют до краев этот образ, безжалостно вытесняя из него любовь, нежность, сострадание и преданность.

В центре рассказа К.А. Портера “He” - «психически неполноценный мальчик», родители которого воспринимают его как что-то лишнее, ущербное и даже не считают нужным наделить больного ребенка именем. И это «он» - “he” - обращенное к ни в чем не повинному ребенку, очень ярко характеризует их самих, намного более морально искалеченных, чем их несчастный сын.

Заглавие художественного произведения может обладать и семантической многозначностью. Так, в заглавие рассказа Л.Г. Лоуренса вынесено слово “things” - «вещи», т.е. слово, обладающее сверхширокой и многослойной семантической емкостью, но его ретроспектива позволяет предельно конкретизировать его значение. Слово “things” емко определяет прежде всего не предметы, которые окружают персонажей, а их нравственное нутро, лишенное каких бы то ни было моральных устоев и представлений о сострадании, добре и милосердии.

Другим примером семантической многозначности заглавия является слово «дело» в заглавии повести М. Горького «Дело Артамоновых». Оно может быть актуализировано в трех своих значениях: 1) предприятие, фабрика; 2) труд жизни; 3) судебное дело. Возможен и четвертый вариант интерпретации этого слова: проблема, конфликт.

Анализируя смысл заглавия горьковской повести, В. Сдобников и О. Петрова отмечают, что даже для русскоязычного читателя осознание смысла заглавия горьковской пьесы возможно только после полного ее прочтения, тем более что оно сложно для его англоязычного собрата. Следует учесть, что английский язык не имеет столь же емкого эквивалента, соответствующего русскому слову «дело» [2, 190].

В связи с этим С.А. Семко предлагает самые оригинальные варианты переводы заглавия пьесы: “The Artamonovs’ Rise and Fall”, “The Artamonovs’ Ups and Downs” и т.д. [10, 73].

Таким образом, категория проспекции, заложенная в названии, и категория ретроспекции, формирующаяся в ходе прочтения художественного текста, находятся в сложном взаимодействии, что требует от переводчика предельной внимательности, вкуса и погружения в творческий замысел автора.

1. Данилко М.И. и др. Актуализация текстовых категорий при формировании образа автора / М.И. Данилко и др. // Интерпретация художественного текста при переводе. - Воронеж, 1988. - С. 180-187.

2-63. Сдобников В.В. и др. Теория перевода / В.В. Сдобников и др. - М.: Восток-Запад, 2006. - 443 с.

3. Booth W.C. The Rhetoric of Fiction - Chicago and London: The University of Chicago Press, 1973. - 455 p.

4. Dolezel L. Modes in Czech Literature. - Toronto and Buffalo: University of Toronto, 1973. - 152 p.

5. Арнаутов М. Психология литературного творчества / М. Арнаутов. - М.: Прогресс, 1970. - 651 с.

6. Виноградов В.В. О языке художественной прозы / В.В. Виноградов. - М.: Наука, 1959. - 655 с.

7. Кашкин И.А. Для читателя-современника / И.А. Кашкин. - М.: Прогресс, 1968. - 401 с.

8. Горшкова К.А. и др. О перспективно-ретроспективном характере актуализации заглавных слов в художественном тексте / К.А. Горшкова и др. // Интерпретация художественного текста при переводе. - Воронеж, 1988. - С. 175-179.

9. Морозов М.М. Пособие по переводу русской художественной литературы на английский язык / М.М. Морозов. - М., 1956. - 147 с.

10. Семко С.А. и др. Проблемы общей теории перевода / С.А. Семко. - М.: Восток-Запад, 2006. - 443 с.

*А. І. Садықова*

## РОМАНТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАДАҒЫ ҚАҺАРМАН БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ АУДАРМА

Балалар әдебиеті өткір өмірлік мәселелерді де алға тартып, оларды көркемдік-эстетикалық, руханиөнегелік тұрғыдан талдап, туындаған сауалдарға жауап беруге міндетті. Алайда, балаларға өмір шындығын олардың нәзік жанын жараламайтындай етіп көрсетуі керек. Бұл ретте шытырман оқиғалы, романтикалық, классикалық туындылардың құндылығы зор. Олардың балалар мен жасөспірімдер көңілінен шығатыны бекер емес. Өйткені, оларда өмір шындығы – түнек те, түнекті жарып шығатын жарық та болады. ал, бұның маңыздылығын орыс әдебиетшісінің мына сөзімен дәйектесек болар: «Наверное, самое существенное в том и состоит. Правда, но не безысходная. Честный взгляд в прошлое, в настоящее, но и попытки найти истинную дорогу в будущее. Чтобы не страшно было детям расти, чтобы им хотелось взрослеть и действовать» (1;30).

Міне, осы адамның, оның іс-әрекетінің, өмірлік идеяларының жасампаздығын жырлап, жақсылыққа, адамгершілікке, болашаққа деген сенімді тудыруда сол жарыққа жол таба алар қаһарманның атқарар ролі орасан зор. Көркем шығармадағы қаһарман автор идеясын жүзеге асыратын, гуманистік принциптерді жүзеге асыратын, рухани және қоғамдық жүк көтеретін толыққанды образ екені белгілі. Ал, образды ашу тәсілдерінің тиімді әрі негізгісі – портрет. Жазушы кейіпкерді әр түрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде көрсете отырып, басқа адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекеті арқылы танытқанда оның түр-тұлғасын, сөйлеу мәнерін, қимыл-қозғалысы ерекшелігін мүсіндейді; сөйтіп, оны даралайды.

Ағылшын жазушысы Томас Майн Ридтің романтикалық «Жұмбақ салт атты» романы, ең бірінші кезекте, өзінің осындай қаһарманымен асқақ. Қаһарман образын ашып, портретін беруде суреткер жазушы оның мінез-құлқы, жан дүниесінен хабар беретін киген киімін, бет-әлпетін де, жүріс-тұрысын да, ішкі сезім-әсерлерді ишаралайтын сыртқы пішін, ондағы өзгерістер сипатын да бейнелейді. Және бұны кейіпкерді жеке алып та, басқа кейіпкерлер көзімен де, өзгелермен салыстыра, қарама-қарсы қоя отырып та жүзеге асырады. Әсіресе, психологиялық портреттің үздік үлгілерін береді. Бұл қаһарман бейнесін жасаудың тиімді, ұтымды тәсілі болып табылады. Осы тұрғыда әдебиеттанушы ғалым Р.Рүстембекова былай деп жазады: «Уақыт талабына жауап берерліктей шығарма жасау үшін портретте де психологиязм тереңділігін ескеру көркем туындыға қойылатын негізгі шарттың бірі...» (2;277).

Аталмыш қаламгер туындысының қазақ тіліне қаншалықты лайық аударылғанына көз жеткізу үшін салыстыра талдауға кезек берейік; романның басты қаһарманы – Морис Джеральдтің бейнесін қарастырайық:

«...Породистый гнедой конь - даже арабскому шейху не стыдно было бы сесть на такого коня! - широкогрудый, на стройных, как тростник, ногах, с могучим крупом и великолепным густым хвостом. А на спине у него всадник - молодой человек лет двадцати пяти, прекрасно сложенный, с правильными чертами лица, одетый в живописный костюм мексиканского ранчеро (скотовод): на нем бархатная куртка, брюки со шнуровкой по бокам, сапоги из шкуры бизона с тяжелыми шпорами; ярко-красный шелковый шарф опоясывает талию; на голове черная глянцевая шляпа, отделанная золотым позументом. Вообразите такого всадника, сидящего в глубоком

седле мавританского стиля и мексиканской работы, с кожаным, украшенным тиснеными узорами чепраком, похожым на те, которыми покрывали своих коней конкистадоры. Представьте себе такого кабальеро - и пред вашим взором будет тот, на кого смотрели плантатор и его спутники» (3;15-16).

Жазушының қаһарман бейнесін жасаудағы шеберлігі тамсандырады. Ол аттың сымбатты тұлғасын көз алдымызға келтіріп барып, кейіпкермен таныстырады. Бұнда қаһарман идеалы боларлықтай тұлға бейнесін тудыру идеясын көреміз. Ат осы жазушы мақсатын ашуда тамаша қызмет атқарып тұр. Сөйтіп, суреткер кейіпкердің сипатын есте қалдырарлықтай етіп суреттеудің әсерлі тәсілін тапқан. Ал, «Вообразите...», «Представьте себе...» деуімен жазушы айтылғанның маңыздылығына оқырман назарын аудартып отырады.

Қазақ - сұлу атты сипаттауға келгенде, алдына жан салмайтын халық. Аудармашы Ә.Жұмабаев түпнұсқаны мазмұн тұрғысынан үлгі еткенмен, сөздік қолданыстар тұрғысынан оның жетегінде кетпейді. Және онысы өте құптарлық, әрине. Көрнекті әдебиетші Р.Нұрғалиев: «Образға бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу. Олай болса, ешбір суреткер ешқашанда тілге, ұлттық бояуға зорлық жасай алмайды» (4;27) деп жазады. Міне, аудармашы да осы принципті басшылыққа ала отырып, әрекет етеді:

«...Араб шейхы ұялмай мінетін бәйге күреңнің мүсінінде мін болсайшы: қой мойынды, қоян жақ, салқы төсті, күлте құйрық, майда жалды жел жетпестің өзі. Ал, ат иесінің де тал бойында бір мін жоқ, жиырма бестер шамасындағы көркем жігіт, үстіне мексикан ранчеросының сәнді костюмін киіпті. Оның үстінде барқыт күртке, бұтында балағын нақыстап тастаған шалбар, аяғында - жабайы егіз (бизон) терісінен тіккен шпорлы етік; ал қызыл жібек белбеумен белін қынай буып алыпты; басында - оқа-зермен жиектелген жылтыр қалпақ. Бір кезде конкистадорлар аттарындағы сияқты, көксандалмен ою-өрнек жүргізілген әшекейлі жабуы бар, шығыс мәнерімен мексикан шеберлері жасаған ер үстінде еркін отырған салт аттыны көріп пе едіңіз? Иә, осындай бір кабальероны көз алдыңызға келтірсеңіз - плантатор мен оның серіктері аңтарыла қарап тұрған жігіт те тап осы сияқты еді» (5;19-20).

Байқағанымыздай, әсіресе, түпнұсқадағы ат пен оның иесіне қатысты сипаттаулар қазақи ұғымға орайластырылып алмастырылған. Мысалы, шығарманың орысшасында: «…широкогрудый, на стройных, как тростник, ногах, с могучим крупом и великолепным густым хвостом...» болса, қазақшасында: «...қой мойынды, қоян жақ, салқы төсті, күлте құйрық, майда жалды жел жетпестің өзі...» болып кеткен. Сол сияқты, қаһарман бейнесіне қатысты орысшасында: «...молодой человек лет двадцати пяти, прекрасно сложенный, с правильными чертами лица...» деген сипаттаулар қазақшасында «...тал бойында бір мін жоқ, жиырма бестер шамасындағы көркем жігіт...» делінген. Әрине, сол ат, сол қаһарман және сол портреттер, бірақ, теңеулер мүлде қазақы. Аудармашы әрқайсысына лайық, сәйкес сөздерді екшеп пайдаланады. Және де, екеуінің осы қазақтың көзімен көркем, келісті, жатық, табиғи кескінделуі, соның нәтижесінде аты мен иесінің үйлесімді қабысуы «Ер қанаты - ат» деген қазақ мәтелін ойға оралтады. Яғни, ат арқылы кейіпкердің қаһармандығына меңзеп әрі оны сол қаһарманның өз бейнесімен толықтырып тұр. Сонымен бірге, аудармашы да «көріп пе едіңіз?», «көз алдыңызға келтірсеңіз» деп, айтылған ойды әсірелеп, күшейтуді естен шығармаған.

Ал, мына үзіндіде жазушы қаһарманның сыртқы пішін сұлулығынан гөрі, рухани сұлулығына көбірек мән береді:

«...даже несмотря на запыленный костюм, мустангер был очень хорош собой. Долгий путь как будто нисколько не утомил его. Степной ветер разрумянил лицо молодого ирландца; сильная, бронзовая от загара шея подчеркивала мужественную красоту юноши. Пыль, приставшая к его густым кудрям, не смогла скрыть их блеск и красоту. Во всей его стройной фигуре чувствовались необыкновенная выностливость и сила. Не одна пара женских глаз украдкой глядела на него, стараясь поймать его взгляд» (3;72).

Жазушы портретті характер ашуға қызмет атқаратындай детальдарды шебер пайдалана отырып береді. Жағымсыз фактор элементтері ретіндегі ұзақ жол, шаң-тозаң оның қаһармандық бейнесіне көлеңке түсіре алмайды, қайта, күшейте түседі. Ал, осы шаршап-шалдықса да, оған әйелдердің қызыға қарауы оны, тіптен, асқақтатып тұр. Қазақшасына құлақ түрейік:

«...Үсті-басын шаң басса да, мустангер сүйкімдіақ еді. Ол ұзақ жолдан тіпті де шаршамаған сияқты. Сахара самалы жас ирландтың жүзін албыратып, шырайландырып жіберіпті; күн қағып тотыққан әлуетті балуан мойны жігіт көркін аша түскендей. Жігіттің дудар шашына қонған шаң-тозаң да оның әсем жүзіне мін емес. Мустангердің шар болаттай солқылдаған сұңғақ денесінен, кескін- кейпінен қажымас қайсарлығы, күш-жігері сыртқа теуіп тұрғандай. Жігіт назарын аударам ба деп талай әйел оған ұрланып қарағыштай бастады» (5;87).

Бұнда да кейіпкер бейнесінің осындай жағдайда да жағымды әсер ететінін көреміз. Әрі «әлуетті мойын», «шар болаттай солқылдаған... дене» деген сынды эпитеттер сол бейнеге әбден лайық қолданылған.

Келесі үзіндіде автор баяндауынан қаһарманның батылдығымен қоса, моральдық бейнесі ашылады: «...Не принять предложения майора мустангер не мог - ему не позволила профессиональная гордость. Это был вызов его ловкости, мастерству наездника: завоевать себе признание в прериях Техаса не так-то легко» (3;74).

Осылай делініп, кітаптың тұтас бір бетінде оның түз тағысын жуасытқаны сипатталады. Бірақ, осы автор аңдатуы-ақ көп жайттан хабар береді. Бұнда тікелей мінездеу жоқ. Осы қысқа ғана жанама сипаттаудың өзі, ондағы әрбір сөз, сөз тіркесі терең сыр ашып, кең мағынаға ие болып тұр.

Қазақшасында бұл сөйлемдердің қаһармандыққа мегзеген астары түпнұсқаға қарағанда күштірек, әсерлірек аңғарылады, себебі, аудармашы бұл мағынаны пафоспен аша түскен: «...Майордың сөзінен жалтаруға бола ма, - өйткенше шабандоз деген аты өшсін! Бұл оның жігіттігіне, талай асауды ауыздықтаған міністкер шеберлігіне сын: Техас сахарасында шабандоз атану оңай болып па!» (5;89-90).

Енді қаһарманның асауға бас білдірген тұсын ықшамдап қарастырайық:

«...Молодой охотник не стал терять время на какие-либо приготовления, он только попросил освободить место... Морис Джеральд вскочил на спину мустанга только с куском лассо... Лошадь встала на дыбы и несколько секунд сохраняла равновесие в этом положении. Всадник не растерялся и обхватил ее шею обеими руками. С силой сжимая ее горло, он вполтную прильнул к ней. Не сделай он этого, лошадь могла бы броситься на спину и раздавить под собой седока... После этого мустанг начал бить задом... Это поставило всадника в особенно трудное положение: он рисковал быть сброшенным. Уверенный в своей ловкости, мустангер отказался от седла и стремян, а сейчас они бы ему очень помогли; но укротить оседланную лошадь не сочли бы в прерии за подвиг. Он справился и так. Когда лошадь стала бить задом, мустангер быстро перевернулся на ее спине... не дал себя сбросить. Два или три раза повторил мустанг эту попытку, но каждый раз вынужден был уступить ловкости наездника. И наконец, словно поняв тщетность своих усилий,.. лошадь... сорвавшись с места, помчалась таким галопом, словно собиралась унести всадника на край света... Многие высказывали предположение, что он может быть убит...

И сердце Луизы забилось сильнее, когда Морис-мустангер снова появился на лошади, но теперь уже не дикой, а укрощенной: она не пыталась сбросить его, а притихла и покорно признала в нем своего хозяина» (3;74-76).

Жазушы қаһарманның асауды бастықтырғанын тікелей сипаттап та, асаудың сезімі арқылы да, жігіттің өз пайымы арқылы да, көпшілік көзімен де суреттейді. Бұдан сурет әсері арта түскен. Автордың бұл істі бар қауіп-қатері, ауырлығымен көрсеткеніне қарамастан, жігіттің еркіндігі, сенімділігі, мығымдығы оқырманды баурап, сүйіспендігін арттырады. Сипаттаудың айшықтылығы сонша, көз алдымызға жанды сурет келеді. Аудармасы:

«...Жас аңшы анау-мынау әзірлікке көп бас қатырмай, жұрттың аулағырақ барып тұруын сұрады... Морис Джеральд қолына шылбыр алып, көз ілеспейтін жылдамдықпен мустангті ноқталады да, үстіне секіріп мінді... Ол жанұшыра шұрқырап, атылып барып, артқы екі аяғымен шаншылып тұра қалды. Жігіт саспады, асауды мойнынан айқара құшақтап, жатып алды. Бірте-бірте оны тамағынан сығымдап, тынысын тарылта берді. Аңшы сондай бір қулық жасамағанда, асау шалқасынан түсіп, оны жаншып, мылжалап тастар еді... Сосын түз тағысы... шарбаяқтап тоңқи бастады. Өсіте берсе жігітті қалпақтай ұшырып түсіретін түрі бар. өз күшіне сенген мустангердің асауға жайдақ мінгені мәлім, әрине, ер-тұрманды асауды бастырту ыңғайлы. Одан не пайда, сахара халқы атты ерлеп, ауыздықтап барып бас білдіруді ерлік деп есептемейді. Бірақ, жігіт саспады. Асау тоңқи бастағаннан мустангер ат арқасына жабысты... Мустанг қанша туласа да, шабандозды тастап кете алмады... Құр аласұрғаннан ештеңе өндіре алмасын білген асау... жігітті алыс бір қиырға апарып тастағысы келгендей, беталды құла дүзге зымырай жөнелді... Көпшілігі түз тағысы жігітті жазым ғып немесе өлтіріп кетпесе игі еді деп қорықты... Морис-мустангер жуасыған асауды ойнақтатып қайта келгенде, Луизаның жүрегі асаудай тулап кеудесіне сыймай кетті. Манағы шу асау енді туламайды, тағдырына мойын ұсынып, жігітті қожам деп таныған дай» (5;90-91).

Дәл түпнұсқадағыдай жанды сурет, тіпті, одан да әсерлі. Аудармашы өз ісін аттың құлағында ойнайтын қазақ халқының өкілі ретінде еркін көсіліп, шабытпен атқарған. Өзімізге ілкіден таныс құбылыс, таныс сипаттау, таныс сөздер; өте әсерлі, жатық әрі көркем картина. Тек мінсіз суретке залалын тигізе алмайтын бірді-екілі «эттеген-ай» туралы айтқымыз келеді. Аудармашы «Всадник не растерялся» және «Он справился и так» деген екі сөйлемді де «Жігіт саспады» деп аударған. Сол сияқты, осы эпизодта бірнеше мәрте кездесетінін айтпағанда, үзіндінің соңғы қайырымында «асау» сөзінің үш мәрте, «тулау» сөзінің екі мәрте қолданылғаны артықтау (түпнұсқада ондай тавталогия жоқ). «Жуасыған асау» дегені құптарлық, өйткені, түпнұсқадағыдай қарсы мағыналы екі сөздің қатар, байланыса қолданылуы әсерді күшейтіп тұр, ал, қыздың сезімін, толқынысын беретін «сердце забилось сильнее» дегенді қазақша көркемдігі «жүрегі асаудай тулап кетті» дегеннен еш кем емес басқа сөздермен беруге әбден болар еді. Ал, жалпы алғанда, бұл үзінді – аудармашының үздік жұмысының бір мысалы.

Сондай-ақ, түпнұсқа авторы қаһарман бейнесін аша түсу үшін оны басқаларға контраст түрінде алады:

«...Мустангер в роли проводника скакал, как всегда, впереди; остальные участники пикника, не считая одного или двух, почти не замечали его, за исключением тех случаев, когда он поражал всех своим мастерством наездника, легко перескакивая ручьи или объезжали препятствие» (3;80).

Әдеттегідей, автор басты қаһарманның кейбір өзге кейіпкерлер көзінде елеусіз біреу екенін айта кетіп, артынша оны ықшам да ұтымды штрихпен ерекшелейді. Қаһарман мен басқа кейіпкерлер арасындағы алшақтық тиімді қызмет етіп, тиісті әсер тудырып тұр. Қаһарман бейнесін жасау идеясы соны талап етеді. Аудармасына назар аударайық:

«...Мустангер көш басы ретінде ұдайы алда жүріп отырды. Серуенге шыққан кісілердің бірді-екісі болмаса, көпшілігінің онымен шаруасы болмады. Тек оқта-текте ғана басқа кісілер өзек пен сай-жыраларды айналып немесе кешіп өтіп жатқанда, ол құйғытқан күйі күреңімен орғытып өте шығады

да, асқан шабандоз екенін паш етіп, көпшілікті тамсандырып қойып отырады» (5;96).

Аудармашы да жол бастаушыны басқа салт аттылармен салыстыра, оларды бір-біріне қарама-қарсы қояды. Сөйтіп, басты тұлғаның батылдығы, ептілігі айрықша көзге түсіп тұр. Бұнда да, әсіресе, сөйлемнің асты сызылған бөлігі идеялық-көркемдік жүк көтеріп тұр. Тек аудармашының «проводник» сөзінің баламасы етіп алған «көш басы» сөзі әсіре қазақы ұғым ретінде құлаққа түрпілеу естіледі, оның үстіне, бұл сөзге «жолбасшы» деген әбден лайық әрі жатық балама етуге болады; бұл «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (6) бар, ал, аударма сөздіктерде «жол көрсетуші, жетекші» делінген.

Қорыта айтқанда, халықтың арман-тілегін, мақсат-мүддесін, замана келбетін таныту талабынан туындаған қаһарман образы жалпыадамзаттық үлгіде жазылып, қай тілде болса да, оқырман жүрегіне жол табады. Жоғарыда қарастырылған үзінділердегі қаһарман бейнесінен қазақ әдебиеті тудырған үздік қаһармандық үлгілермен астасушылық байқалады. Бұның бір себебі – ол суреттеулер, ол сипаттар қазақ батырына, қазақ қаһарманына да тән. Бұл - қазаққа да етене бейне. Екіншіден, бұл – аудармашы еңбегінің жемісі. Ол түпнұсқа пішіні аясында қалып қалмай, не таптаурын сөздік қолданыстарға да жүгінбей, образ ауқымына сай кең өрісті, терең мәнді оралымдарды – теңеулер, тұрақты сөз тіркестерін, т.б. білгірлікпен, шешендікпен әрі түпнұсқаға залал тигізбестей орынды қолданған. Бұл – шынайы көркем аударма үлгісі.

1. Чаплина А. Проблемы детской литературы и детского чтения // О литературе для детей. Выпуск-32. – 174 с.
2. Рүстембекова Р. Образ жасаудағы ізденістер // Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы: Ғылым, 1980. – 366 б.
3. Майн Рид. Всадник без головы. – Москва: Аст Астрель, 2007. – 463 с.
4. Нұрғалиев Р. Өнер алды – қызыл тіл. – Алматы: Мектеп, 1974. – 172 б.
5. Майн Рид. Жұмбақ салт атты. Роман. – Алматы: Жазушы, 1972. – 486 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Ж-К. – Алматы: Ғылым, 1979. – 672 б.

* * *

В статье рассматриваются некоторые авторские приемы раскрытия образа героя в романтическом произведении и проблема перевода.

* * *

In this article some author methods which describe the activities of character in romantic work and a problem of translation are investigated.

***Ә. Тарақов***

## СИНХРОНДЫ АУДАРМАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Халықаралық мәслихат, кеңестерде, жиындар мен симпозиум, ірі мәдени шараларда, маңызды кездесулерде бір мезгілде жүргізілетін синхронды аударма біраздан бері қолданылып келеді. Бұрын мұндай жағдайда алдымен шешен сөзі тыңдалынып, соңынан аударма ілеспелі болса, ғылым мен байланыс техникасының дамуы уақытты үнемдеу мақсатында аударманың жаңа түрін енгізді. Бұл жүйе бойынша аудармашы сөйлеуші не баяндамашымен қатар тұрмайды, одан қашықтау тұстағы арнайы акустикалық жағынан ыңғайланған, микрофон, дыбыс изоляторымен (өз дауысы шешеннің сөзін басып кетпеуі үшін) жабдықталған жайлы шағын бөлмеде (кабинада) аударма жасайды. Синхронды аудармашы сөйлеуші ойын жеткізе бастағаннан кейін, яғни бірнеше сөзінен кейін, бір мезгілде аударып отырады. Құлаққа ілдірмеге алғаш шет тілінде сөйлеген сөз түседі, аудармашы оны тыңдап, қабылдап, ойда жедел қорытып, жинақтап, қосарлана, қатарласа аудара бастайды. Басқа тілдегі кабиналар бір мезгілде «жетекші» яғни баяндамашы не сөз сөйлеуші сөзіне қосылады. Ал арнайы кабиналар болмаған жағдайда ауыспалы микротелефон аппараты қолданылады.

Синхронды аударма – техникалық прогрестің құбылысы әрі үлкен жетістігі. Аударманың коммуникациялық жүйесіне енгізген ғылым мен техниканың XX ғасырдағы елеулі жаңалығы. Синхронды аударма гректің «syn» («бірге») және «chronos» (уақыт) бірмезгілділік» деген сөздерінен енген. Яғни сөйленген сөзбен бір мезгілде жасалатын аударма. Дәлірек айтқанда, сөйленген уақытқа үйлесіп отыратын ауызша аударма.

Синхронды аударма – күрделі де жауапты және барынша қазіргі тілге тән тәсіл. Оның өзіндік қалыптасу, техникалық жабдықталу тарихы бар. Ол ең алғаш Нюрнбергтегі халықаралық сотта қолданылды. Фашистік әскери қылмыскерлер жауапқа тартылғанда бұл жүйе алғаш жұмыс істеді. Бұдан әрі радиотехникалық және электрондық жабдықталудың жетілдіруіне байланысты, сондай-ақ жаңа қалыптасқан мемлекеттер тәуелсіздігін құрметтеуге қатысты әрі неғұрлым халықаралық маңызы бар жиын, кеңестерде уақытты үнемдеудің ұтымды тәсілі ретінде кеңінен қолданылды. Кез-келген халықаралық форумдар мен жиындарда шет елдік делегация таңдауына сай өзі жақсы білетін халықаралық тілдің бірінде еркін сөйлеуіне мүмкіндік берілу мақсатында жасалады. Тіпті ол төрт, бес шет тілін білсе де, ана тілінде ойын жеткізу құрметіне ие болады.

Венгерлік ауызша аударма маманы К. Ломб: «Әрине аудармашы аударылатын сөзге енуге міндет-

ті емес. Алайда жүйке жүйесі және ақыл-ой қызметіне түсіретін ауыртпалық... еш бәсеңдемейді» деп ауызша аударманың қиындығын айтады. Медицина тәжірибесіне сүйенсек, жұмыс кезінде синхронды аудармашының тамыры минутына 160 рет жиілікте соғады екен. Бұл штангашының бір сәттегі штанга көтергенінен 20 рет артық. Кабинада отырған 15-20 минуттан кейін синхронды аудармашылар миға түскен ауыртпалықтан тез шаршайды, сондықтан оған дереу демалу қажет етіледі. Халықаралық маңызды шараларда аудармашылар белгілі бір уақыт аралығында бір-бірімен кезектесіп, алмасып жұмыс істейді. Кейде кабинада екі адам отырса, тіпті 4 аудармашы қатар орналасатын кез болады. Ол мәслихаттың, жиынның өту ұзақтығына, қаралатын мәселелердің ауқымдылығына байланысты. Бұл – нағыз ауыр психологиялық мезет.

Синхронды аударма қос тілділік (билингвизм) деңгейінде жүреді. Яғни аудармашы екі тілде бірдей ойлау қабілетін меңгереді. Олай болу себебі, ол бір тілдегі қабылдаған сөзді екіншісіне аударумен бірге, керісінше ана тіліндегі сөйленген сөзді өзге тілге аударуға да қатысады. Синхронды аудармашыға мамандануға қажетті дағдылар мыналар:

1. Айтылған сөзді мұқият тыңдау;
2. Айтылған сөзді жедел ойда қорытып,қайта жеткізу;
3. Сауатты сөйлеу және әр дыбысты анық, ашық жеткізе білу;
4. Бір тілдегі ойдан екіншісіне жылдам ауысу қабілеті;
5. Зейін, зерде, есте сақтау қабілетін дамыту;
6. Шешендік өнерді жетілдіру;

Шешендік өнерді меңгеру – аудармашының асыл қыры. Жалпы аудармашы мамандығына даярлануда шешендік өнер мен логика пәні оқытылуы тиіс. Шешен, әдемі сөйлеумен бірге дұрыс, жүйелі түрде ойлай білу ауызша аудармаға мамандануға зор пайдасын тигізеді.

Ал лингвистикалық мезетке келсек, синхронды аударма мамандығы жаңа қалыптасқандықтан, әлі бір жүйеге негізделген әдіс, тәсілдер жоқ, жинақталған тәжірибе де аз. Қазіргі уақытта синхронды аударма ауызша аударманың жоғары түрі саналады. Алайда өзіндік қиындығы да бар. Бұл тек тілді жақсы білуде ғана емес. Сөйленген сөз негізгі тілдің аясынан шығып кеткендіктен, мақсатты түрде тілдік лексикалық, синтаксистік, фонетикалық, стилистикалық түрлерін тегіс қамтуға негізделеді.

Синхронды аударманың тағы бір қиындығы – сөйлеушінің сөзге шорқақтығы, сөйлеу мәдениетін жете меңгермеуі, сөздік қорының аздығы. Мұндай адам сөзі шала. Бірін айтып бітпестен, аударылуын күтпестен екіншісін бастап кетеді. Ойында нақтылық, сөзінде жүйе жоқ немесе дағдылы бір сөзді қайталай береді. Ойын жинақтап, тұжырымдап жеткізе алмайды. Кейде айтып отырған сөзінің соңын түсініксіз тиянақтайды. Не болмаса дауыс бәсеңдігінен аудармашыға нашар естіледі. Бұған акцент, тіл кедергісі, белгілі бір әріпті бұзып айту қосылады. Мұндай жағдайда аударма нашар жасалады. Аудармашы қатты қиналады. Ката Ломб пайымдауынша, нашар сөзінің аудармадағы ұғымы: толық емес, дәл емес, шатысып кеткен, грамматикалық және салыстырмалық жағынан таза емес.

Аудармашыға сөйлеушінің, шешеннің даусының құбылып тұруы белгілі бір қиындық туғызады. Кейде адамдарда кездесетін демігу, міңгірлеу (мұрнынан сөйлеу), қырылдау не қатты сөйлеу немесе дауыстың өте төмендігі, жіңішкелілігі аударуға үлкен психологиялық кедергі. Мұндай жағдайда сөйленген сөзге мұқият зейін қойып, мағынасы түсініксіз немесе дауыс кедергісінен толық естілмей қалған сөздер аудармашы ойымен толықтырылып, жүйеленіп жеткізіледі. Шешеннің кейде дауысын тым үдетіп жіберуі (қарқынды сөйлеуі) немесе бәсеңдетуі (кідіріп, мүдіріп сөйлеуі) – яғни дауысының тембрлік (құбылушылық) өзгерістеріне бейімделе білу керек. Салқынқандылық, ұстамдылық, сабырлылық аудармашыға жақсы көмекші. Аудармашылық шешім, табандылық, тапқырлық, жинақылық аударма үдерісінде өз нәтижесін береді.

Аудармашы қандай да бір қателік жіберуден қауіптенбеуі керек. Ауызша аудармада айтылған сөзді түгел қамту да, оны толық мағынасында жеткізу де мүмкін емес. Қандай да бір қателік жібергенде де өте өрескел болмаса, ойға алмау керек.

Әрине, шолақ ойдан шыққан олақ сөздің нашар аудармасына сөйлеушінің өзі кінәлі. Оны әдемілеп, әсірелеп, түзеп, толықтырып, үнемі өңдеп отыруға уақыт, мүмкіндік табыла бермейді. Тағы бір ескеретін жай, абайсызда басқа ұлт адамдарына қатысты балағат сөз немесе әлдебір ұнамсыз әзіл айтыла қалған жағдайда, оны шешен арына қалдыра отырып, аудармауға да болады. Оны баршаға басқа мағынадағы сөзбен немесе мүлде бөлек мәтінмен айту абзал. Мұндайда аудармашының тапқырлығы мен білімділігі, шеберлігі аса қажет. Бұл, әсіресе, ілеспе аудармада жиі кездесетін жай.

Синхронды аудармашылар жұмысын жеңілдету бағытында кәсіби маман Като Ломб мынадай кеңес ұсынады. Бұл кеңес сөз сөйлеуші, шешендерден талап етіледі.

1. Сөз сөйлеп отырып асықпаңдар, барлық сөзді мұқият айтып шығыңдар, барлық сөйлемді толық аяқтаңдар. Мүмкіндігінше мағынасын жеткізіңдер (бұл келесі сөзді болжауға мүмкіндік береді). Сондай-ақ қажетті грамматикалық құрылым немесе стильді таңдай біліңдер.

2. Егерде тосыннан сөз сөйлесеңдер, жазба тілінің стиліне еліктеуге ұмтылмаңдар, қарапайым сөйлеңдер, бір сөзді қайталап айтудан тайынбаңдар, сөздеріңнің шешендік үлгіде шықпауына қамықпаңдар.

3. Егер де мәжіліске дейін өз ойлыңды сөзбен қағазға мұқият түсіріп алсаңдар, онда мұндай жағдайда сөздеріңіз газет стиліне ұқсамайды, бәрінен бұрын әңгіме жазбасына ұқсайды. Сөз стилі жазбаша болмаса да, әңгімелесу түрінде бола берсін, бәрібір көпшілікке жеткізіледі. Егерде сіздің ойларыңызды қарапайым түрде жеткізу мүмкін болмаса, егер де өзіңіз оқитын дүниені ретке келтіруге дағдыланба-

саңыз, онда әр бөлмеге сөйленетін сөздің көшірмесін беріңіз, ал аудармашы оны ойға тоқып, аудармашылық нұсқасын жедел жасап алады.

4. Спотанды (сыртқы әсерсіз, ішкі себептермен туындаған) сөз сөйлеуге қарағанда синхронды аудармашының тағы бір қиындығы – ойлауға небәрі аз ғана секундтар үлесі тиетіндігі. Бұл ойлау жүйесі сөйлемді қайта аударып шығуға арналады. Яғни, сөз сөйлеуші ойын баяндап айтқаннан кейін, оны аударып болысымен 1-2 секундтан соң тағы не айтатынын аңғаруы тиіс. Сөйлем мағынасы, мазмұны жеткізілетін негізгі сөздің төңірегінде ой жүйелі құрылуы керек. Кейде сөйленген сөзде көптеген сандар, дерек, мәліметтер, техникалық атаулар, терминдер келтіріледі. Мұндай кезде бәрін жинақтап есте сақтап, дереу жылдам айтып шығу керек. Мәселен, сөйлеуші әлдебір кідіріс жасаса, болмаса бір мезет үнсіз қалса – онда ойын жинақтап, дұрыс жеткізуді көздегендігі. Бұл аудармашыға да тиімді. Егер аудармашы кідіріп, үнсіз қалса, қатысып отырғандар мұны қандай да бір қателікке, білместіке санауы мүмкін. Үнсіз қалу – аудармашы үшін үлкен қауіп. Бұл маманның білімсіздігін, кәсіби біліктілігінің төмендігін, тәжірибе аздығын байқатады. «Аузына құм құйылып қалды ма?», «Әлде қалғып кетті ме екен?», «Сөзін ұмытып қалған болар» – деп түрлі сылтау, себепті аяқ астынан ойдан құрастырушылар да табылады. Болмаса кекесінді емеурін білдіреді. Қандай да бір кідірістің соңы аудармашыға абырой әкелмейді.

Сөздердің орын тәртібі әр елде әртүрлі. Неміс тілінен аудару қиын, мұнда небір ұзақ сөйлемдер жиі кездеседі. Бұдан басқа сөйлемнің өзіндік грамматикалық, синтаксистік құрылымы, стилистикалық өзгешелігі аудармашыға қиындық келтіреді. Мамандар неміс тілінен аударма жасаудан гөрі, жапон тілінен тәржімалау жеңіл деп ұғарады. Жалпы бұл тілде бағыныңқы сөйлемдер мүлде жоқ, ал қытай тілінен ауызша аударудың күрделілігі өз алдына, жазбаша, көркем аударма жасау – өте сирек талантқа тән үрдіс. Қолданылатын иеорологифтердің әрқайсысының ерекшелік, өзгешелігін білу, мағынасын айқындау – қиынның қиыны.

Синхронды аударма – бригадалық, ұжымдық түрдегі жұмыс. Аудару бөлмесіндегі әріптес өзінің жолдасын алмастырып қана қоймайды, сонымен бірге аударма кезінде қажетті сөз мағынасын іздестіруге оған көмектеседі. Синхронды аударма – бұл өзара адамгершілік қарым-қатынасты, бірін-бірі үнемі қолдап, қоштап тұруды қажет етеді. Кейде белгілі сөз мағынасына байланысты мәселе туындаған жағдайда, алдын-ала ақылдасып, ортақ шешімге келген дұрыс.

Қазіргі уақытта халықаралық кездесулер алуан салада, түрлі тақырыпта өтеді. Техникалық, экономикалық, ғылыми, саяси, сауда, мәдени т.б. қатынастарды қамтиды. Мәселен, БҰҰ, ЮНЕСКО және Халықаралық кеден одағы, Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы т.б. жыл сайын қаншама кеңес өткізеді, әралуан мәселелер қарастырады. Мәселен бір шара Алматыда өтсе, келесісі Мәскеуде, тағы біреуі Парижде жалғасады. Мұндайда оған алдын-ала даярланған кәсіби аудармашылар қатысады. Делегациямен бірге барған басқа ел аудармашысына кеңесте қандай мәселе қарастырылатыны, талданатыны, алдағы жиында қандай мәселе күн тәртібіне қойылатынын білу өте маңызды. Өйткені, болашақ талқыланар тақырыпты ойға тоқып, оған әзірлену жұмысты жеңілдетеді.

Синхронды аудармашыға жауапкершілік, үлкен білімділік, биік мәдениеттілік аса қажет. Сөйленген сөзді мұқият қабылдап, жедел ұғыну, бірден есте сақтау, белгілі бір уақыт аралығында ойды жинақтап дереу жеткізу, күрделі жағдайда абыржымау, сабырлылық пен салқынқандылық сақтау, жағдайға шұғыл бейімделу – мамандану сипаты.

1. Алексеева И.С. Профессиональный тренинг переводоведения: Учебное пособие по устному и письменному переводу. СПб., Изд. «Союз», 2003 – 288 с.

2. Чужакин А., Палажченко. Мир перевода. 2000. Intrediction to interpreting. М.Р. Валент, 2000 – 184 с.

3. Чужакин А. Мир перевода – 2. Practucum Ир. М.Р. Валент, 2001 – 168 с.

4. Ширяев А.Ф. Синхронный перевод. Деятельность синхронного перевода и методика преподавания синхронного перевода. М., 1979 – 183 с.

* * *

В статье рассматриваются проблемы синхронного перевода и технология перевода

* * *

In article problems of simultaneous interpretation and a technology of translation are considered

***К. Б. Уразаева***

## СОВРЕМЕННЫЕ БОЛГАРСКИЕ ПЕРЕВОДЫ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И ГЛОБАЛИЗАЦИЯ

*Автор выражает глубокую благодарность за помощь за предоставление материалов сотрудникам посольства Казахстана в Болгарии и за консультации - доктору Софийского государственного университета имени Св. К. Охридского Галине Тотевой Петковой*

Сейчас модно говорить о глобализации. О глобализации говорят и в связи с экономическими и политическими объединениями стран, и в связи с трансгенной мутацией, и с принятием стандартов образования и т.д. На эту тему можно говорить бесконечно, находя все новые и новые контексты.

Как вписывается в переживаемую миром глобализацию казахская культура? Перестает ли она быть казахской или уже переживает качество казахстанской, шире – европейской культуры? Неслучайно в историю современного Казахстана вписалась программа «Путь в Европу», а Европейский клуб стал реальностью, объединившей интеллектуалов страны.

Независимость Казахстана – эта та историческая страница, которая стала началом нового этапа осознания себя частью мира и Европы. Особую и незаметную роль в культурных открытиях играют дипломатические миссии и посольства. Так, открывшееся в конце 2004 года Посольство Казахстана в Болгарии стало проводником не только в мир политики, но и искусства. Вместе с книгой Президента РК Н.А. Назарбаева «Критическое десятилетие» и известного общественного деятеля и лидера болгарской диаспоры в нашей стране О.Дымова о состоянии межнациональных отношений и деятельности Ассамблеи народа Казахстана с симптоматичным названием «Мы, народ Казахстана…» к болгарской общественности пришли лирика жырау, трилогия Ильяса Есенберлина «Кочевники», поэзия и книга Олжаса Сулейменова «Аз и Я», состоялась выставка картин известного художника Ерболата Толепбая. В июне 2008 года журнал «Европа», издаваемый каждые два месяца для знакомства болгарских читателей, главным образом, со странами Европы, впервые посвятил свой очередной выпуск Казахстану. Примечательно, что наряду с материалами о развитии политики, экономики, регионов Казахстана, культурой - классической и современной, а также обычаями и обрядами, в качестве одного из ключевых был представлен материал о поэзии жырау - поистине философской и духовной сокровищнице казахского народа.

В формировании образа страны, народа, культуры значимая роль принадлежит художественному переводу. Хронологию казахской культуры в этом временном срезе открыла трилогия И. Есенберлина. Названия книг с выходными данными: Илияс Есенберлин. Номади. Омагьосаният меч. Превод от руски Валентин Корнилев. София, 2006; Илияс Есенберлин. Номади. Отчаяние. Превод от руски Валентин Корнилев. София, 2007; Илияс Есенберлин. Номади. Хан Кене. Превод от руски Валентин Корнилев. София, 2008 – такова история перевода казахского романа в период с 2006 по 2008 годы. Каждый год – это своего рода маленькая история, когда роман выходил на болгарском языке по одной части. Презентация книги состоялась при активном содействии Фонда И. Есенберлина, возглавляемого сыном писателя - Козы-Корпешом Есенберлиным. В условиях глобализации культуры и современной подачи информации, в связи с исключительной ролью визуализации, важное значение обретает презентация, поэтому вторая часть – «Отчаяние» - сопровождалась премьерным показом в Болгарии фильма «Кочевник», экранизированного режиссером С. Бодровым, а третья часть – «Хан Кене» – с выпуском этого фильма на DVD на болгарском языке.

Широкое представление картины С. Бодрова «Кочевник» с болгарскими титрами не только способствовало знакомству с историей казахского народа и современным киноискусством, но и обогатило понимание художественного замысла известного летописца. Премьерный показ шел с закадровым голосом на казахском языке, позволившим болгарскому зрителю уловить мелодику и фонетику казахской устной речи.

Предисловие к книге И. Есенберлина «Кочевники» на болгарском языке начинается словами: «Книга классика казахской советской литературы Ильяса Есенберлина «Кочевники» является для всех казахстанцев не просто экскурсом в историю их родины, но и художественным стимулом для их национальной самоидентификации, ощущением своей причастности к формированию целого геополитического и культурного пласта на огромном пространстве, называемом Евразией. Сердце Евразии – Дешт-и-Кипчак, являвшийся одновременно империей (с историко-государственной точки зрения), субконтинентом (с географической точки зрения) и гигантским этно-культурным анклавом».

Для читателя книги и зрителя фильма о кочевниках внешний сюжетный ряд воспринимается через семиотический корпус мотивов. Это купола Туркестана и «каменные бабы», войны, христианские миссионеры и мусульманские муллы. Стиль и философия кочевника немыслимы без метафор: степной ветер, занесший песком остатки древней культуры, горькая трава полынь, восходящее солнце и закат как обещание надежды возрождающегося дня. Но постановщики картины, писатель, а вслед за ними сотрудники посольства ставили задачу, способствующую реальной интеграции казахской культуры в европейскую. В предисловии это звучит так: «Но внимательный болгарский читатель увидел еще одну важную вещь, листая страницы нашей книги. Может быть, он узнал в образах древних казахских героев – батыров (богатырей) и биев (судей), жырау (поэтов) и ханов – своих предков, живших в таких же походных домах-юртах, слагавших 7- и 8-сложные стихи-песни, носивших похожие воинские доспехи. И доблесть воинов была одинаково безмерной в битвах за свою землю, и правители народов искали для своих сородичей лучшие земли, завоевывая их силой оружия и мудростью государственника. Только изредка они оглядывались назад, пока могли еще видеть земли, которые покинули в поисках лучшей доли. А там – за их спинами – над ровной степью виднелась одна лишь заснеженная вершина Хан-Тенгри...

И ныне осколки тех народов живут по всей территории Евразии, смешиваясь с другими культурами и этносами, пестуя свой цивилизационный опыт, пытаясь найти оптимальный путь для развития всего человечества, а не только своего народа.

Так мы пришли в век 21-ый... И глазами снова ищем ту горную вершину, которая была маяком для многих народов, о которых нам рассказывает писатель Ильяс Есенберлин». Здесь надо отметить,

что предки современных болгар – протоболгары – выходцы из степей Приазовья и Прикаспия, соответственно – наши этнические родственники, и единственный европейский народ, считающий себя по линии протоболгар «тенгрианцами», что особенно сближает древних казахов с древними болгарами.

Вслед за Есенберлиным к болгарскому читателю пришел О. Сулейменов с книгой «Аз и Я». Книга «Аз и Я. Книга на благонамерения читател» пришла к болгарскому читателю благодаря армии переводчиков. Это Надя Попова, Красен Камбуров, Татьяна Балова, Маргарита Младенова, Валентин Корнилев, Емил Николов, Иван Есенски. Об этой странице в культуре Казахстана – интервью, данное автором корреспонденту газеты «Экспресс-К» Кульпаш Коныровой в №63 (16449) от 08.04.2008 «Кириллица - это тюркско-славянское наследие». Это интервью на болгарском языке «Кирилицата е тюркско-славянско наследство» вышло в 4-ом номере журнала «Европа» в 2008 году.

Современная глобализация тюркского мира привела представителей общественности некоторых тюркских народов к переходу на латинскую графику. Одна из задач такого перехода – укрепление культурного обмена через литературу. Корреспондент спрашивает мнение поэта, исследователя, политического и общественного деятеля на этот счет. Ответ Сулейменова: «Кириллица - наше общее тюркско-славянское наследие, и нам терять его нельзя. Я не хотел бы отказываться от него и говорил об этом своим коллегам из некоторых тюркских стран - Турции и Азербайджана. Считаю, что казахстанцам нельзя отказываться от кириллицы». Отсутствие в Евросоюзе объединяющего языка национального общения - того языка, каким был в Советском Союзе русский, укрепляет мыслителя в важности понимания общего наследия и его сохранении.

В условиях, когда художественный перевод перерос статус и функции культурегерской миссии и стал способом осознания единых корней и общих истоков, настало время задуматься над тем, каковы перспективы казахской нации на путях европеизации.

В настоящей статье мы хотели бы проиллюстрировать роль художественного перевода в межкультурной коммуникации на примере болгарских переводов казахской литературы. Современные исследователи, благодаря результатам развития компаративистики, пришли к пониманию роли художественного перевода как части истории литературы. Болгарские художественные переводы казахской литературы уже формируют историю казахской культуры, стали важным сегментом литературного процесса.

Болгарии была открыта поэзия жырау. Впервые она зазвучала в предисловии ко второй книге трилогии Есенберлина песнями «Бұл заманда не ғаріп» (Асан Қайғы) и «Алаң да алаң, алаң жұрт» (Қазтуған). Глубокую метафорику жырау и философскую глубину постигал известный болгарский поэт Атанас Звездинов. Позднее Звездинов продолжил поэтические переводы жырау. Песни «Тоғай, тоғай, тоғай су» (Допамбет), «Би Темірге бірінші толғау», «Қоғалы көлдер, ком сулар» (Шалкиіз) в переводах Звездинова сопроводили статью о жырау «Поезията на жърау: звънк поток от размишления» в 4-ом номере журнала «Европа» (2008). Звездинов переводил песни жырау с русских переводов К.Б.Уразаевой (статья на болгарский язык переведена со статьи, написанной на русском языке тем же автором русских переводов жырау).

Атанас Звездинов (1943) - болгарский писатель, поэт, переводчик и журналист. Работал редактором на Болгарском национальном радио и в многих издательствах. Автор более 20 поэтических и прозаических книг для детей и взрослых. Известен как автор басен.

Болгарский поэт придерживается стратегии буквального перевода. Если вспомнить историю переводоведения, то на память приходят слова М.Л.Гаспарова о предпочтительности разных стратегий для разных категорий читателей. Так, вольный перевод оправдан для читателя, в меньшей степени знакомого с культурой народа текста-источника. А буквальный предполагает наличие фоновых знаний для читателя иной культуры.

Стиль песни-притчи Асана Кайгы «Что несчастье в этой жизни»? организован параллелизмами, реконструирующими систему оппозиций. Оппозиции реализуют сакральный смысл ценностных понятий казахов. Смысл ценности в силу утилитарных представлений коррелирует со значением неполноты. Парные значения отражают закон симметрии в восприятии мира кочевником. Рефрен – «ғаріп» - ключевое в идее песни. В народном представлении, получившем развитие в фольклорно-эпической традиции, мотив сиротства, одиночества, нищеты – это разные уровни полисемии, обеспечивающие полифонию смыслов. Конфликта интерпретаций здесь нет. Сакральное знание казахов соединило в единое понятие эти значения.

Рефрен – основа смыслопорождения, основа параллелизма. Вопрос: «Без чего жизнь является неполной» (фактически: «Без чего жизнь лишена смысла»?) вызывает философскую сентенцию, которая характеризуется основными понятиями, регулирующими быт и бытие казахов. Онтологический статус этих понятий – способ сакрализации мира. Умным (достойным) недостает изящного слова, старикам – друзей-сверстников, незамужней девушке – соратницы в лице невестки (жены старшего брата), кочевью – пасущихся стад, большому озеру – гусей и уток, учителю (духовному) – учеников (послушников), батыру (богатырю) – родни, его племени.

Для иноязычного читателя безусловна обобщенность понятий. В оригинале за счет семиотической природы образов-сигналов – это номинации. Номинативность определяется семейным статусом, отношениями социальной и семейной иерархии и родства (свояченица-невестка, мужчина и племя, старики и сверстники-друзья). С точки зрения инокультурного контекста, антропные образы и локусы: гуси-утки, кочевье-стада анонимны. Для носителя казахской культуры – это концептосфера.

Это архетипы, моделирующие концепцию личности и действительности.

Со стороны переводчика с его читательской компетенцией и стратегией введение в качестве «чужого слова» понятия «несчастье» как комплексного и объединяющего названные смыслы, приводящего в движение смыслопорождения, неявные для иноязычного читателя интенции – это стремление сделать перевод аутентичным за счет воспроизведения антропологических воззрений номадов. Диалогически структурированный в оригинале текст, грамматически функционирующий как диалог, в инокультурном сознании перерабатывается и воспринимается в результате художественного осмысления как монологический с риторическими вопросами.

В оригинале вещественность метафорична, антропоморфна, зооморфна. Антропные символы реализуют художественную антропологию Асана как концепцию антимира, нарушающую иерархию ценностей. Овеществление внесловесных анонимных контекстов в оригинале – знак утраты, знак апокалиптического настроения. В переводе способом создания лирической напряженности становится введение контекстуального окружения. Отсутствующие в оригинале ковыль, усталое сердце заменили метафору «белый-белый город».

Перевод К.Уразаевой

Что несчастье в этой жизни?
Ковыль, растущий в белом городе,
Усталое сердце не трогает.
В утешенье достойным
Слов не найдена мудрость покойная.
Без друзей одинокая старость не в радость,
Не понявшей невестке и девушка в тягость,
Кочуя, народ не будет пасти -
Несчастье ковылем поросшей степи.
Несчастен и жалок наставник, когда
Лишен хоть какого-то ученика.
Обилье родни, но вдали
Не заменят счастья тебе эти дни,
Как бы ни был хорош герой-богатырь,
Он счастья не знает, когда он один!

Вот как выглядит перевод Звездинова.

Какво е нещастие в този живот?
Степната трева, растяща в белия град,
не докосва умореното сърце.
В утешение на достойните
ХХ ғасыр орыстандыру, яғни «қазақ тілінің буынына балта шабу» саясаты кезінде қазақи шешен сөйлемек түгілі жай қазақ тілінде мінберден баяндама жасаудың өзі қиын болғаны белгілі. Бірақ соған қарамастан қазақ зиялылары ағарту ісінен, сөйлеу мәдениетінен кенде болған емес. Қазақ халқының қаймақтары атанған зиялыларымыздың ұлттық рухани құндылықтарымызды бұқара халыққа, өскелең ұрпаққа дәріптеймін деп репрессия құрбандығына айналғаны тағы бар. Осындай қиынқыстау ауытқуларды бастан кешірген қазақ қоғамында ұлттық тарихи құндылықтарымыз, оның ішінде шешен сөйлеу мәдениетінің шет қалғаны рас. Қазіргі таңда студенттердің сөйлеу тіл мәдениетінің жоғары формасы ретінде шешендік сөйлеу мәдениеті кең көлемдегі мәдениеттің ажырамас бір бөлігі қалпында қатты сезілуде. Қазіргі кезде зиялы адамның сүреңсіз де мәнсіз сөйлеуі, яғни іскер маманның сөйлеу мәдениетінің төмендігі – адам баласының оқи және жаза білмеуі секілді ыңғайсыз көрінуі тиіс. Сөйлеу мәдениетіне баса мән бере аса сергектік танытқан араб халқы «сөйлемесе – кесек, сөйлесе – есек» мәтелімен шымбайға батыра айтқан.

Бүгінгі таңда баса ескеретін нәрсе – егер де адамның жалпы мәдени деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса ғана жинақталған кәсіби білімі мен біліктілігі жемісті жетістікке жеткізе алатынын студенттердің терең түсінуінің қажеттігі. Қазіргі қоғамның мәдени даму сатысы студенттерден кең тұрғыда алысты барлап, кең ауқымда, жаңаша ойлай білуді, жаңа заманның даму заңдары бойынша кәсіби қимыл-әрекетті үйлестіре білу қабілеттілігін талап етеді.

Егемендік алып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді тарих талқысына түсірген аз ғана жылдың ішінде демократиялық мемлекет құрудамыз. Мемлекет ішінде ұлттық мәдениеттің алар орны ерекше. Демократиялық қоғамдағы мәдениет – қоғамдағы барлық азаматтардың мәдени сөйлеу құралының жиынтығы. Азаматтардың кәсіби сөйлеу мәдениеті мемелекеттегі мәдениет элементтерінің көрінісін айғақтайды. Демократиялық мемлекет деп танылу үшін қоғамда мәдениет толыққанды қалыптасуға тиіс. Ұлттық мәдениет қалыптасу үшін қоғамдағы жалпы азаматтардың, оның ішінде студенттердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру қажет. Қазақ қоғамынан біздің заманымызға дейін, яғни тәуелсіздік алып демократиялық мемлекет құрғанға дейін ұлттық мәдениеттің элементтерін көре аламыз. Ұлттық мәдениеттің элементі ретінде халықтың ұлттық санасы қалыптасқан. Қазақ қоғамындағы қалыптасқан ұлттық мәдениет пен ұлттық сана қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан бастау алады. «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала», «Сыпайы сөйлегеннің сыйы басым», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады», «Аурудың халін сұрау имандылық, имандылық белгісі - тазалық» деген халық нақылдарынан қазақ халқының баланы жастайынан әдептілікке, сыпайылыққа, үлкен құрмет көрсетуге және имандылыққа баулып мәдениеттің мәнді элементтерін бойына сіңіріп қалыптастыра білгенін байқаймыз. Осындай салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа негізделген қазақ халқының мәдениеті өзінің ана тілінен нәр алады. Осы орайда Ғ.Мүсірепов: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Бүгінгі таңда ата-бабаларымыздың санғасырлық қалыптасқан мәдениетін жаңа заман талабына сай жаңғыртып, жүйелеп, мәдениеттің төл тарихы ана тілімізде сөйлеу мәдениетін жетілдіру жас мемлекетіміздің өзекті мәселелерінің біріне айналып отырғаны баршаға мәлім.

1. Қ.Б.Жарықбаев.Аталар сөзі – ақылдың көзі. Алматы: «Қазақстан», 1980. 120 б.

2. Крсйдлин Г.В. Структура афоризма // Проблемы структурной лингвистики: (1985-1987) – М., 1989 – С. 196-206 б.

3. Советский энциклопедический словарь. М., 1981-С. 617 б.

4. С.Нұрышев. Қазақтың халық мақалдары тарихынан. А., 1956

5. М.Бұлақова. Қазақтың мақал-мәтелдерінің тарихы, дүниетанымдық мәні. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 1997. № 3-4

6. Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қарым-қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негізі. Пед.ғыл-ң докторы... дисс... А.,1996

7. З.Б.Цаллагова. Теория и практика функционирования афористических средств и форм традиционного воспитания у народов Северного Кавказа. Дисс...на соискание ученой степени д.п.н., Москва – 1998

* * *

В статье рассматривается воспитательное значение афоризмов.

* * *

The article deals with the importance of kazakh aphoristic in speech culture

*А. Ж. Садуақасова*

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МОНҒОЛ ТІЛІНЕН ЕНГЕН ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тарихтың әр кезеңінде, жердің аты әр салада алуан атаумен қосылып отырады. Бұл тілдік ерекшелігі ғана емес, тарихи кезеңді, уақиғаны, әлеуметтік жағдайды білдіреді. Республикамыздың ұлан-байтақ территориясының көлемді де аумақты үлкен бөлігін Сарыарқа деп аталатын Орталық Қазақстан аймағы алып жатыр. Осы аймақтың тарихи жер атауларының көпшілігін бүгінгі зерттеу моңғол тілінен енген сөздер екенін дәлелдейді.

Орта ғасырлардағы қыпшақтар дәуірі кезінде Орталық Қазақстанда қалалар салынды. Мәселен, Торғай, Жыланшық, Кеңгір, Жезді, Сарысу өзендерінің бойынан алпыстан астам ескі қаланың орны табылды. Бірақ бұлардың бәрі моңғол шабуылы кезінде қирады, қазір тек орны ғана қалған деген деректі ала отырып, бұл жерлерде кейін қандай атаулар түскенін талдасақ та моңғол тілінен енген сөздер екенін білген болар едік. [1].

Қазақстандағы географиялық атаулардың тарихында моңғол үстемдігі дәуірі екі түрлі жағдайда өтті. Шыңғыс хан шабуылы нәтижесінде Орталық Қазақстанда қыпшақтар мекендеген қоныстар мен тұрғын жайлар, өзендер бойындағы қалалар жерменжексен етілді. Сөйтіп, осындай тарих тауқыметінің нәтижесінде ол қалалардың аты да ұмытылды. Екінші жағынан, моңғолдар үстемдігі нәтижесінде Орталық Қазақстанға да моңғол атаулары ене бастады. Біздіңше, моңғол атауларының ену тарихындағы екі нәрсенің басын ажырата білу керек. Біріншіден, мұндай топонизмдер моңғол үстемдігі кезінде енсе, екіншіден, XVIII ғасырда көршілес болған, кейін Қазақстанға шабуыл жасаған Жоңғар хандығының халқы моңғол тектес қалмақтар тілінен де кірген.

Шыңғыс хан қазақ жеріне шабуылды 1219 жылы Ертіс бойынан бастап, Жетісу арқылы Сырдарияға дейін өтті. 1219-1224 жылдардағы моңғол шабуылынан кейін Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыстың қол астына көшті.

Шыңғыс хан жаулап алған жерлерді ұлдарына бөліп берді. Үлкен ұлы Жошыға Жетісудың солтүстігі мен бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ жері тиді. Жошы өлген соң оның ұлы Батый осы жерлерге ие болды. Ол Алтайдан Дунайға дейінгі жерді жаулап алып, Алтын Орда мемлекетін құрды [1, 149-150]. Бұдан кейін Батыйдың інісі Орда-Ежен XIII ғасырда Ақ Орда ұлысын құрғанда да Орталық Қазақстан жері соған қарады. Мысалы: моңгол дәуірінде тіл қыпшақ тілі күйінде сақталғанымен, қыпшаққа да, моңғолға да ортақ ұғыммен бізге дейін жетіп, бүгінгі күні талдауға түскен жер атаулары тарихтың хаты іспеттес. Моңғол тілінен енген Орталық Қазақстанда кездесетін мынадай атауларды қарастыралық:

**Толағай** - Қарағанды облысындағы тау. Қорғалжың көлінің батыс жазығындағы шоқы, моңғолдың толғай (бас, тау басы) деген сөзінен алынған [2].

**Нарынбайсай -** Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы өзен аты. А.Әбдірахмановтың топшылауынша *Нарын* сөзі моңғолдың *наран – «күнді, күнгей»* деген сөзінен жасалған. Нарын түріне аймақтың оның нарын құмы деген тіркестегі, құм сөзіндегі *ұ* дыбысының әсерінен деп түсіндіреді.

**Нөгербек** - Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Нөгербек (Нөкербек) дейтін өзен бар. Моңғол тілінде «нөкер» деген сөз «жолдас», «дос» деген сөз қосылып, кісі есімі жасалған да, ол өзен атына ауысқан.

**Мақанжан -** Қарағанды облысындағы Жезді ауданында Мақажан деп аталатын бастау бар. Ә.Әбдірахманов Мақаншы топониміне байланысты былай дейді: Қалмақ тілінде Махн-ет деген сөз. Моңғол тілінде мох-ет. Мұнда сөз аяғындағы *ы* дыбысы түсіп қалатынын ескерсек, бұл форма да заңды. Осыған қарағанда, Мақанжан атауындағы Мақан сөзі де қалмақ моңғол тілдеріндегі «ет» мағынасын беруі мүмкін. Оған жан компоненті қосылып, антроним (кісі аты) жасалған да, ал ат гидронимге қойылған [3].

**Шерубай - Нұра** - Қарағанды облысының Мичурин ауданындағы Шерубай-Нұра деп аталатын өзен мен сондай аттас бөген бар. Ол - көне түркі тіліндегі шери, алтай тіліндегі черу - «әскер», «армия» дегенді білдіретін сөз, ал ұйғыр, өзбек тілінде шерик деп аталып, «әскер», «қолбасшы» деген мағынаны береді. Бұл сөзге қазақ тіліндегі «бай» сөзі қосылып, кісі есімі жасалған. Ал, гидронимнің екінші Нұра сыңарын зерттеушілер моңғолдың жоры дегенді білдіретін сөзі деп түсіндіреді. Жезқазған өңіріндегі Жезді мекенінде **Байжан Нұра, Түлкібай, Нұра** деген жыра бар. Бұл атаулар да Нұра сөзінің жыра деген мағына беретінін дәлелдей түседі.

**Қарғалы** - өзен атауы. Кейбір ғалымдар өзеннің бұлай аталуының «қарға» -мен (құс атауы) немесе М.Қашқари сөздерінде кездесетін бізде қазір «қойтас» мағынасын беретін - «қарға» тұлғасымен байланыстыра қарайды.

Бірақ, бізде кездескен тағы біраз деректер олардың тұжырымына қосылуға ырық бермейді. Моңғолдың ертедегі жазба тілінде «харгіл»-өзенінің тайыз (суы аз) жері дегенді білдіреді, қазіргі моңғолдардағы *«харгилаа»* тұлғасы да дәл осындай мағынаны меңзейді. Якут тілінде «харғы» - тайыз су. Дәл осы мағынадағы тұлғалас сөзді тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден де байқаймыз: «қарғалы» сөзінің төркіні - өзендегі судың аздығын білдіретін моңғол тіліндегі «жаргилла» немесе якут тіліндегі «харғы»сөздерімен тектес болуы ықтимал.

**Мұқыр** - Батыс Қазақстан, Семей, Қарағанды, Атырау облысының жеріндегі өзендер аты. Бұл өзендердің қай-қайсысы болса да, қысқа. Ең ұзын өзеннің аумағы-81 шақырым.

Өзен атаулары моңғол тобындағы тілдерде пайда болған. Ұзаққа созбай-ақ, бір ғана мысалмен дәлелдейік. Монғол тілінде «Мохоо» - доғал, ұшы жоқ, ал «мухар», «қысқа», «мұқыл», «тұйық» сөзі ұшырасады. Демек, бұл моңғол түркі тілдеріне ортақ сөз. Бұл деректер «Мұқыр» сөзінің қысқа өзен, тұйық жоталарға атау болып белгіленетінін байқатады [4].

Итальяндар сауда жасау үшін Үнді мен Қытайға апаратын қысқа жолдарды іздестірді. Осының нәтижесінде жаңа карталар жасала бастады.

Батыс және Орталық Қазақстанның елді мекендері туралы XIV-XV ғасырлардағы итальян карталарында мәліметтер бар. Бұған дүниежүзілік Каталон картасы (1375ж.), ағайынды Пицигани (1367ж.) және Фра-Маур (1459ж.) карталарын айтуымызға болады.

Бұл карталарды Итальян саудагерлері Дешті Қыпшақ, Орта Азия және Шығыс Түркістанмен сауда жасау үшін жылнама ретінде жасаған.

Каталон картасында Торғай өзенінің төменгі ағысында Кангалы-Кент қаласы көрсетілген. Мұнда Нұра өзенінің төменгі ағысында Аксикет қаласы белгіленген. Бұл жердегі ескі қаланың орны Ботығай деп аталады. Гардизи мен Рашид-ад-диннің еңбектері бойынша Сарыарқадағы ең көне қаланың аты - Жубин (Жұбанч, Анбайдж, Инандж). Бұл үш оқ деп аталатын оғуз тайпасының Ортағ, Кетағ деген жайлауларының маңында болған. Ә.Х.Марғұлан Кертаг (Кертау) тауы - Ақадыр станциясының оңтүстігінен 75 шақырым жерде орналасқан Қызылтаудың ескі аты, ал Ортаг (Ортау) - Ақадыр станциясының батыс жағында 50 шақырым қашықтықта жатыр деп көрсетеді.

Бұл арада осы екі атаудың этимологиясы туралы пікірімізді білдірелік. Бұлардың екінші компоненті *тағ* - қазіргі қазақ тілінде *тау* сөзінің көне фонетикалық түрі. Ал Кертау деген атаудың *кер* деген бөлігі көне замандарда «тау», «қыр», «шың», «жота», «тау басы» деген мағынада қолданылғанына мына деректер дәлел бола алады.

«Кәріш-басына шығуға болатын әрбір таудың басы (угуз тілінде)». Бұл тексте Қашқари *кәріш* сөзіне «тау басы» деген түсінік берген. Мұндағы сөздің *кер* түбіріне сөз тудыратын – *іш* жұрнағы қосылып жасалғанын аңғару қиын емес.

Осы мағынада *керуу* сөзі қырғыз тілінде сақталған: **«Керүү I** верх горы или склон высокой горы, покрытый травой: **керүү тартқан бел** длинный и широкий склон горы».

Топонизмдердің құрамында кездесетін алтай, үнді-еуропа, семит-хамит тілдеріндегі «тау» мәніндегі *қар//кер, гар// гер, қара //гара/гора* сөздерін алғаш салыстырған Э.М.Мурзаев болды. Орта Азия, Қазақстан, Жоңғария және Монғолияда *қара, гара, хара* –«сопка», «возвышенность», ягнобша *гар* – «гора», ауған тілінде *гар // гур* –«гора», санкритше *гири* –«гора», грузинше *гори* «гора», авестийше *гайри* -«гора», хотанша *гар,гари* -«гора», т.б. Автор бұл паралельді келтіргенімен, бір тілден екінші тіл алды деп көрсетпейді. Бұл дұрыс құптайтын жайт.

Сөз түбірі *кер* сөзінен жаңа сөздер де жасалған. Мәселен, қырғыз тіліндегі *кереч* сөзіне К.К. Юдахин мынадай түсінік береді: «кереч»-название горного лекарственного растения. Қазақ тіліндегі бұл сөздің көне мағынасы «тау» болғанымен, бұл сөз қазір «биік» деген мағынада жұмсалады. Мәселен, *кер жайлау* деген тіркестегі *кер*сөзі «биік» деген мағынада қолданылатынын Н.Уәлиханов орынды дәлелдейді.

Орта ғасырларда Ортаг аталған тау қазір Ортау делінеді. Мұндағы таг›тау

өзгерісі – қазақ тілінің тарихи дамуындағы заңды құбылыс. Атаудың Ор компоненті «биік» деген мағынада қолданылатын өр сөзіне байланысты болса керек. Ал *ө* дыбысының *о* түріне көшуі *тағ//тау* компонентінің, яғни, кейінді ықпал заңының әсерінен болса керек: Өртаг› Ортаг› Ортау.

М.Қашқари еңбегінде кездесетін *Бақырлығтығ* атауын Ә.Х.Марғұлан Жезқазған маңындағы *Милықұдық* атауымен теңестіреді. Ал, *Бақырлыг-тағ* атауының көне формасын қазіргі қазақ тіліне аударсақ, *бақыр* (жез) *лы+тау* , яғни, *Жездітау* деген сөз. Көне түркі тілдерінде *жезді бақыр* деп те атаған.

Ә.Х.Марғұлан Сарыарқадағы кейбір топономикалық атаулар мен географиялық терминдерге талдау жасап, оларды қыпшақтардың отырықшы немесе жартылай отырықшы тұрмысымен орынды байланыстырады. Мәселен, Ұлытаудан басталып, Торғай даласындағы созылып жатқан бір өзен Шығырлы деп аталады екен, өйткені, бұл өзен және Торғай, Кеңгір, Сарысу, сондай-ақ, Нұра өзендерінің бойында суармалы егістікке арналған су көтеретін шығырлы болған. Бұл өзен бойындағы ел отырықшылық тұрмыста өмір сүрген.

Бүгінгі күнге дейін көп қолданылатын *Қорық* – сөзі әуелі хандардың қоршалған жайлауы болған да. Кейін қабырғамен қоршалған үлкен алаңды осылай деп атаған.Негізінде, «Қорық» моңғол тілінен енген.

Бұл кезеңде казіргі дәуірге дейін жеткен, мәдени ескерткіштердің атымен аталған жер атауларыда өз ерекшелігімен таң қалдыруда. Соның бірі Домбауылдың, Бұланды, Келінтан, т.б елді мекендер осының айғағы. Қорыта айтқанда, Қазақстанның ұлан-байтақ даласының атамекен жерлерінің байырғы, ұмыт болған атаулары жайлы мәселелерді көрсету, оны ғылыми тұрғыда зерттеу. Келер ұрпаққа кеңінен зерделей отырып, нақты атаулардың тарихи оқиғаларға байланысын анықтап, азды-көпті мәлімет алса, біздің келешек алдындағы борышымыз орындалғаны.

1. История Казахской ССР. Алма-Ата. 1979. Т. 2 с 149-150.
2. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985. 221-222 бет.
3. Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. Алматы, 1991. 64-66 бет.
4. Ә. Нұрмағамбетұлы Жер-судың аты-тарихтың хаты. Алматы, 1994. 24-25 бет.
5. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1989.

***А. Т. Сламбекова***

# КАЗАХСТАНСКАЯ ТЮРКОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА В ГОДЫ РЕПРЕССИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР)

Годы репрессии стали самыми страшными страницами в истории многих народов и не только сломавших судьбы нескольких поколений, но и отразившихся на развитии научных исследований.

В истории, как известно, было две волны репрессии: 1929-1931, 1937-1938 годы, т.е. периоды, когда в Республику Казахстан сосланы были люди с разных точек некогда большого государства. В большей степени пострадал также казахский народ, подвергнутый жестокими репрессиями. За этот период была практически истреблена вся казахская интеллигенция. К числу репрессированных принадлежали ведущие деятели науки, в частности, лингвисты, занимающиеся вопросами языка, деятели культуры, литературы, истории, а также просветители, педагоги и политические деятели.

Причем уже начавшееся бурное развитие научных лингвистических исследований, создание учебников и пособий, развитие казахского языка, тюркологии, такого направления в лингвистике, как сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание было прервано и потом надолго остановлено в результате этих репрессий.

Интересные и важные сведения о репрессированных тюркологах содержатся в книге Ф.Д. Ашнина, В.М. Алпатова, Д.М Насилова «Репрессированная тюркология», опубликованной в 2002г., к сожалению, опубликованной небольшим тиражом и находящейся в малодоступном фонде.

Среди жертв репрессии, в первую очередь, следует выделить Ахмета Байтурсынова – видного деятеля национального просвещения. Так, в начале второго десятилетия XX века А. Байтурсынов работал в качестве главного редактора газеты на казахском языке «Казах», которая была наиболее известной и влиятельной среди национальной интеллигенции. В этой газете нашла отражение последовательная критика национальной политики царизма. В ней публиковались многие видные казахские писатели, а также сам А. Байтурсынов не только в качестве литератора, но и политика и публициста. Газета носила в большей степени просветительский характер.

Приведем отрывок из газеты «Казах»: «…Для того, чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре, для этого мы обязаны первым долгом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу…»[1].

Ахмет Байтурсынов сделал большой вклад в развитие казахской литературы и письменности. В частности, наиболее известны его басни, вошедшие в сборники «Сорок басен» и «Маса», вышедшие в 1909 и 1911 гг. А. Байтурсынов провел большую работу по собиранию и изданию образцов казахского устного народного творчества. Он написал вступительную статью и комментарии к поэме «Ер Саин», опубликованной в 1923г., выпустил книги «23 причитания» (1926) и «Литературоведение» (1926), последняя из которых является первым научным исследованием по истории казахской литературы. А. Байтурсынову принадлежат тезисы «О терминологии в тюркских языках», опубликованные в 1926г. Им был написан ряд учебников для обучения казахских детей родному языку. Среди них: «Учебное пособие» (1912), «Пособие по языку» (1914), «Азбука» (1924), «Новая азбука» (1926-1928), и методическое пособие «Баяншы» (1926).

В 1921-22гг А. Байтурсынов был председателем Академического центра при Наркомате просвещения Киргизии, в 1922-25 гг – председателем Научно-литературной комиссии при этом же Наркомате. А. Байтурсынов, как известно, занимался преподавательской деятельностью с 1921г., сначала в Оренбурге, затем с 1926г. в Ташкенте, с 1928 – в Алма-Ате. 20-е годы – период расцвета научно-педагогической деятельности Ахмета Байтурсынова. В 1912 году Ахмет Байтурсынов исключил все чисто арабские буквы, не используемые в казахском языке, и добавил буквы, специфические для казахского языка. Новый алфавит, получивший название «Жана емле» («Новая орфография»), до сих пор применяется казахами, живущими в Китае, Афганистане, Иране. При этом главное внимание уделено было разработке принципов приспособления арабского алфавита к звуковой системе казахского языка. Современное обращение к его материалам свидетельствует о том, что разработанный им алфавит был хорошо продуманный и научно-обоснованным.

На политической арене А. Байтурсынов проявил себя как идейный вдохновитель, теоретик, агитатор-пропагандист, организатор движения «Алаш», внесший весомый вклад в развитие национальной культуры и становления казахской национальной государственности.

В поле зрения профессиональных лингвистов-казахов следует выделить Тельжана Шонанова и Худайбергена Жубанова, их труды представляют огромную ценность для науки.

Т. Шонанов как и большинство образованных казахов его поколения был в числе алаш-ординцев; занимался просветительской деятельностью в Семипалатинске, Оренбурге, Алма-ате. Работал в качестве доцента на кафедре языка в Казахском педагогическом институте. Его перу принадлежат около 40

работ по различным вопросам казахского языкознания. Т. Шонанов считается одним из создателей казахской терминологии.

Х. Жубанов один из ярких представителей среди казахских языковедов того периода. Он принимал активное участие в издательстве казахского националистического журнала «Тез» и, будучи членом националистической группировки, издавал националистический журнал «Казгалдан». Х. Жубанов получил образование в Ташкенте и Ленинграде. В 1930г. он был дипломированным специалистом-языковедом, преподавал в Казахском педагогическом институте и был первым казахом, получившим звание профессора по языкознанию. Участвовал в реформе казахской письменности. В 30-е годы, когда стоял вопрос о написании грамматики казахского языка, Х. Жубанов был единственный, кто мог бы справиться с этой задачей. Для этого он начал издавать выпуски, посвященные отдельным фрагментам казахской грамматики.

Среди жертв политических репрессий представителей казахской интеллигенции необходимо отметить Алихана Букейханова. Это первый казах, который получил образование в двух российских вузах. Он внес неоценимый вклад в развитие казахской культуры. Его обучение проходило в казахско-русской школе, городском профессиональном училище с четырехлетним курсом обучения, Омском техническом училище и Лесном институте в Петербурге. А. Букейханов преподавал математику в лесном училище в Омске, работал в редакции русской газеты «Степной край», участвовал в двух научных экспедициях по изучению экономического положения крестьян Южной Сибири. С 1896г. став членом Императорского географического общества, посвятил свою жизнь исследовательской работе.

В течение пяти лет участвовал в комплексной экспедиции Министерства земледелия и государственных имуществ для исследования киргизских (казахских) областей. В 1903-04гг. Алихана Букейханова включили в состав экспедиции по экономическому обследованию прилегающих к Сибирской железной дороге районов. Материалы экспедиции были опубликованы, разделы, написанные А. Букейхановым, занимают там большое место. Он определил естественноисторические районы Казахстана, изучил родовое строение казахского общества, составил карты расположения казахских родов, собрал сведения по состоянию животноводческих хозяйств северных казахов, написал монографию о казахской овце и казахском крупном рогатом скоте. А. Букейханов был первым казахом, изучившим данные проблемы, о многих из них он писал впервые. С 1904 года он работал в качестве статистика Омского переселенческого управления. А. Букейханов также активно занимался и общественно-политической деятельностью. В 1905 году он принимал участие в составлении «Каркаралинской петиции» (первые официальные политические требования казахского народа). Активно участвовал в политической деятельности, печатался, выступал на собраниях и съездах. То, что А. Букейханов считался как специалист, свидетельствует и тот факт, что он был введен в состав редакции по подготовке «Нового энциклопедического словаря» Брокгауза и Ефрона, издававшегося в 1911-1916гг.

Во времена Февральской революции А. Букейханов возглавил партию «Алаш», а в 1919-20гг. во главе правительственной делегации, вел переговоры с В.И. Лениным об условиях казахской автономии. В августе 1920г. А. Букейханов участвовал в работе съезда, провозгласившего образование Киргизской Автономной Советской социалистической республики.

Для того, чтобы нейтрализовать его деятельность, А. Букейханов отправили в Россию для продолжения работы над исследованиями, что было равнозначно ссылки, поскольку он был востребованным специалистом и многие поддерживали в Казахстане его реформаторские начинания. Он работал литературным сотрудником казахской секции Центроиздата народов СССР, в 1925г. стал экспертом по Казахстану Особого комитета АН СССР и профессором Ленинградского государственного университета.

А. Букейханов внес значительный вклад в развитие казахской культуры. Именно он стал первым биографом великого казахского поэта Абая, он первый после смерти поэта выступил со статьями о его жизни и деятельности.

Невосполнимые потери понесла и казахская литература в годы репрессии. Преследованиям подверглись такие видные писатели и поэты как Магжан Жумабаев, Сакен Сейфуллин, Ильяс Джансугуров, Беймбет Майлин, Миржакып Дулатов и мн.др.

М. Жумабаев был первым поэтом «Алаш-орды», своими стихами поднимавший народ на борьбу. Им были переведены труды Ленина, произведения М. Горького, Мамина-Сибиряка, В. Иванова, его перу принадлежат несколько учебников для казахских школ. М. Жумабаев обучался в Москве в Литературно-художественном институте. Во время учебы он работал редактором в Центральном издательстве народов СССР в казахской секции. Магжан Жумабаев занимался и вопросами языка и языкового развития. В частности, им была издана в Оренбурге книга «Педагогика», в которой он отстаивал утопическую идею единого языка для тюркских народов.

Поэт, прозаик М. Дулатов был одним из ярких представителей казахской интеллигенции с высоким чувством национального долга, его произведения нашли отражение и на страницах газеты «Казах». Его первое собрание стихов «Оян, казак» («Пробудись, казах») вышло в 1909 году. Заголовок книги стал манифестом к национально-угнетенному народу начала XX века, неслучайно весь ее тираж был конфискован царскими властями. Перу М. Дулатова принадлежит роман «Бакыгсыз Жамал» («Несчастная Жамал»), вышедший в 1910 году, посвященный тяжкой судьбе угнетенной казахской женщины. Он также автор сборника стихов «Азамат» (1913 год), «Терме» (1915 год).

М. Дулатов участвовал в разработке программных документов партии «Алаш» и правительства «Алаш Орды» совместно с А. Байтурсыновым, в которых, по сути дела, отправляясь от основоположений гуманизма и демократии, они разработали принципы правового государства: равенство всех граждан независимо от вероисповедания, крови, пола перед законом, судебное разбирательство всех спорных дел.

Находясь в тюрьме на допросе в 1929г. в ответ на обвинение в «национализме», М. Дулатов пояснил: «***Мы хотим, чтобы наше отечество принадлежало нам».*** М. Дулатов резко выступал против реформирования арабского алфавита, считая языковую реформу средством разорвать связи народа с письменной историей народа, которая положит начало потере родного языка, отчуждению народа от собственной истории. Он остро почувствовал лицемерие тогдашних деклараций о якобы «государственном статусе» казахского языка и всячески старался отстоять права казахского языка и религии. Даже перед несправедливым судом он не склонил головы и заявил в последнем своем официальном слове: «Ради будущего своего народа я обязан делать все возможное. Если я заблуждаюсь, то вместе с народом. Рано или поздно, истина восторжествует». 5 октября 1935 года М. Дулатов был расстрелян

С. Сейфуллин и И. Джансугуров были расстреляны за свои идеологические взгляды: построение общества на новых, порывавших с традициями началах.

Жертвами репрессии также стали историки, публицисты и критики. Среди историков следует выделить Санджара Асфендиарова. Им были опубликованы книги «История Казахстана с древних времен», «Национально-освободительное восстание 1916г. в Казахстане» и статьи в таких журналах как «Новый Восток», «Большевик Казахстана» и др. Им были заложены основы исторической науки Казахстана, многие вопросы им были подняты впервые. С. Асфендиаров также занимался реформированием казахского языка и письменности.

Тогжанов Габбас, Рыскулов Турар, Кабулов Ильяс, Садвакасов Смагул. Жургенев Темирбек, Тюрякулов Назир и мн.др. деятели казахской интеллигенции пали жертвами сталинских репрессий.

Деятельность и опубликованные труды репрессированных ученых имели определенную научную ценность и не содержали никаких антипартийных или антисоветских положений и идей. Казахских деятелей, которые стали жертвами жестоких репрессий, волновали вопросы развития казахской национальной культуры, свободного использования казахского языка, освоения казахами русской и мировой культуры, мирных экономических преобразований.

За 20-50-е годы XX века более 60 тысяч представителей казахской интеллигенции подверглись репрессиями, около 25 тысяч были расстреляны.

Таким образом, обращение к лингвистическому наследию известных казахстанских тюркологов дает интереснейший и важный материал для установления этапов развития тюркологии и описания всех идей, реформаторских начинаний и исследовательских разысканий, что до сих пор остается малоизученным и перспективным.

1. Газета «Казах»/ www.nklibrary.kz.
2. Ашнин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М.. Репрессированная тюркология. – М.: Вост.лит., 2002. – 296с.

* * *

Мақалада Қазақстанның ұлан-байтақ даласының атамекен жерлерінің байырғы, ұмыт болған атаулары жайлы мәселелері және олардың пайда болу тарихы қарастырылады.

* * *

There is an analysis and research the problem of old name of lands of Great Kazakh steppe, and historical changes after which were named some lands there presented in the article.

*А. Қ. Тшанов*

# КОЛЛЕДЖДЕ СПОРТТЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША САБАҚТАРДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

**Зерттеу көкейкестілігі:** Спорттық-педагогикалық пәндер бойынша зерттеулер ауқымы кең, нәтижелер дәйекті, олай болса осы негізде колледжде осы пәндер бойынша сабақтарды ұйымдастырудың дидактикалы жүйесін түзу қажеттігі туындайды. Мұның өзі арнайы спорт колледждері негізінде пәндер бойынша жүргізілетін сабақтардың замана табына сай жаңа ғылыми-технологиялық әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді. (1)

**Мақсаты:** студенттердің бойында педагогикалық қарым-қатынас, құрастыру, оқыту-шынықтыру сабақтарын талдау және өзіндік сараптау іс-шараларын қалыптастыру.

**Зерттеу әдістері:** білім берудің бұл әдісі видеожазбаны қолданудан, сондай-ақ, арнайы түзілген талдауға үйретуге, оқыту-шынықтыру үрдісінің түрлерін жобалауға, түзетуге арналған әдістемелік жиынтық негізінде жүргізілді. Қолданылған әдістемелік жиын-

тық арнайы таңдалып алынған, әртүрлі оқу-шынықтыру сабақтар мен тәрбиелеу іс-шараларының видеожазбаларынан; аудиториялық сабақтарда сараптама жүргізуге арналған сабақтар талдануының үлгілері мен жоспарларынан, түрлі тәжірибелік іс-шаралардан, сабақ және оқыту-шынықтыру, жаппай-спорттық іс-шаралардың конспектілерінен тұрады. Бірлестікті мағына ретінде, өзгелей де мақсаттарда қолданылатын, өзінің арнайылығын жоғалтпаған күйде олармен біршама жоғары дәрежедегі жүйеге біріге алатын, спорттық-педагогикалық пікірлер, құдылыстар мен түсініктер қолданылды. Бұл факторлар жаңа бір жиынтық құра отырып, түрлі сапалы мәнді бірлестік түзеді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Кәсіби-педагогикалық дайындық тиімділігін арттыруда студенттердің белсенді оқыту-танымдылық қызметін ұйымдастыру барысында бапкердің кәсіби-педагогикалық дайындығының қызметті құрылымы қалыптасуының төмендегідей іс-әрекеттері мен операциялары меңгерілді [2]:

- дәлелдемелі іс-әрекеттер;
- алдын-ала талқылау жұмыстары;
- спорттық-педагогикалық мақсаттылық;
- кәсіби-педагогикалық міндеттерді қойып, оның шешілу жолдарын қарастыру;
- талқылау нәтижесі бойынша жүргізілетін іс-әрекеттер.

Жүргізілген зерттеулер барысында колледжде спорттық-педагогикалық пәндер бойынша сабақтарды ұйымдастырудың дидактикалы жүйесі жасалынды. Ол студенттердің бойында педагогикалық қарым-қатынас, құрастыру, оқыту-шынықтыру сабақтарын талдау және өзіндік талдау операцияларын микробілім беру негізінде қалыптастыру. Білім берудің бұл әдісі видеожазбаны қолданудан, сондай-ақ, арнайы түзілген талдауға үйретуге, оқыту-шынықтыру үрдісінің түрлерін жобалауға, түзетуге арналған әдістемелік жиынтық негізінде жүргізіледі.

Қолданылған әдістемелік жиынтық арнайы таңдалып алынған, әртүрлі оқу-шынықтыру сабақтар мен тәрбиелеу іс-шараларының видеожазбаларынан; аудиториялық сабақтарда сараптама жүргізуге арналған сабақтар талдануының үлгілері мен жоспарларынан, түрлі тәжірибелік іс-шаралардан, сабақ және оқыту-шынықтыру, жаппай-спорттық іс-шаралардың конспектілерінен тұрады.

Тәрбиелік жұмыстарды құрастыруға дайындық түрлері оқу орындарының үлгілері мен жоспарларынан тұратын арнайы түзілген әдістемелік нұсқаманың негізінде жүзеге асырылды. Олардың негізінде студенттер шұғылданушылармен болашақта жүргізетін сабақтарының конспектілерін, қажетті оқу құралдарын құрастырды. Бұл іс-шаралар жиынтығы студеттерді келешек микроүйретуге дайындау ретінде қолданылды [3].

Тәжірибелік білім берудің жасалған бағдарламасы дәріс, семинар, лабораториялық-тәжірибелік аудиториялық оқыту-шынықтыру сабақтарынан және педагогикалық практикадан тұрады. Дәрісте колледж студенттері педагогика, ДШТ теориясының негіздерімен танысады. Одан соң, теорияның негізгі жайттары семинар сабақтарында талқыланады. Лабораториялық-тәжірибелік сабақтар шынайы спорттық-педагогикалық үрдістің осы әдіспен үйрету көмегімен талқылануына, құрастырылуына және үлгі ретінде түзілуіне арналды.

Сабақ видеожазбада тіркелетін спорттық-педагогикалық жағдайларды, шынықтыру кезеңдерін, спорттық-жаппай іс-шараларды ары қарай сараптап, топтарда талдауға арналған студенттер түзген үлгілер күйінде жүргізілді. Бұл жұмыс бірнеше өзара байланысты кезеңделіп жүзеге асырылды.

Бірінші кезеңде студенттерге видеожазба көрсетіледі, бапкер-оқытушының жетекшілігімен оған талдау жүргізіледі, оның барысында жағдайдың мәні анықталады, себеп-салдарлы байланыстары, осы жағдайға қатысушылардың дәлелдемелері мен мақсатты бағдарлары анықталды, негізгі қалыптасушы педагогикалық операцияларды және олардың орындалу реттілігінің құрылымдары айқындалды.

Екінші кезеңде студенттер қалыптасқан, көрсетілгенге ұқсас іс-шараны жүзеге асырды. Бұл видеотаспада тіркеліп отырды.

Үшінші кезеңде осы видеожазбаны көріп болғаннан кейін осы қарастырылған, үлгі түзілген жағдайға талдау жасалынды. Бұл студенттердің өз іс-әрекеттерін сырттай бақылауына мүмкіндік туындатып, берілген жағдайға кәсіби көзқарас қалыптастыру бағдарын берді.

Бұл әдіс студенттердің танымдылық белсенділігін арттыруға, шартты түрде кездесетін қателіктерді жеңуді, өзіне деген сенімсіздіктен арылуына көмектесті, кәсіби бақылаудың және назардың қалыптасуына, өзіндік сараптама және өзіндік баға беруге үйретті. Спорттық-педагогикалық пәндер бойынша сабақтар жүйесіне ену студенттердің танымдылық қызметінің зерттеу сипатын қамтамасыз етуге және осы негізде кәсіби-педагогикалық дайындықтың теориялық және тәжірибелік құрамдас бөлімдерінің бірлестігін жүзеге асыру, болашақ бапкерлердің бойында кәсіби-педагогикалық білімдердің, біліктіліктердің, дағдылардың қажеттігін туындатып, оларды кәсіби қолдана білуге және күнделіктітәжірибеде қажетті құрал ретінде қолдануға мүмкіндік берді.

**Қорытынды:** студенттердің теория мен тәжірибенің жаңа салаларын меңгеруі өз беттерінше заманауи шығармашылық міндеттерді қойып, оны шешудің жаңа жолдары бойынша өз бетінше білім алуларына мүмкіндік берді.

1. Хазяинов Г.И. Формирование дидактической теории / Развитие концепций педагогической технологиив современной дидактике зарубежом.- М.: ГЦОЛИФК, 1984. – 98с.

2. Иванова М.Г. Становление и развитие системы подготовки олимпийского резерва в Казахстане: диссертация канд.пед.наук: 13.00.04.-Алматы, 1999.-136с.

3. Сазонов И.Ю. Методическое обеспечение профессиональной подготовки студентов колледжа физической культуры: автореф. дисс. канд.пед.наук: 13.00.04.- Челябинск, 2001.-21с.

***А. Қ. Тшанов***

# СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСҚАНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ

**Мәселенің өзектілігі.** Тәжірибе жүзінде үйрету барысындағы жүргізілген жұмыс ұсынылған теориялық ережелердің шынайылығын дәлелдеді (1,2,3). Болашақ бапкерлердің кәсіби-педагогикалық мәдениетін қалыптастыру педагогикалық бағыттылықтың, жеке тұлғаның субъективті ұстанымының, әдістемелік түйсінуінің, релексияның дамуына және бапкердің кәсіби-педагогикалық дайындық барысында қызметінің операционалды жақтарын меңгеруіне мүмкін беретін педагогикалық жағдайлардың жасалуымен қамтасыз етілді (4).

**Зерттеу мақсаты:** тәжірибелік және бақылау топ студенттерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейін анықтап, тәжірибелік үйреткенге дейін және кейін салыстырмалы сараптамасын беру.

**Зерттеу әдістері:** бақылаудан, сұрақ-жауап алудан, тест жүргізуден, қызмет өнімдерін талдау және т.б. кешенді зерттеу материалдары негізінде жүргізіледі.

**Зерттеу нәтижелері мен олардың сараптамасы**

Бірінші курс студенттерінде кәсіби-педагогикалық мәдениеттің бейімделулі деңгейі басым болғаны анықталды, оның негізінде психологиялық-педагогикалық және арнайы-педагогикалық пәндерді оқыту үрдісінде репродуктивті деңгейдің қалыптасуы басталды. Бұл жерде ерекше маңызға ие болған бағыт – педагогикалық үрдіс құрылымдарының (мақсатты, мазмұнды, жетілдіруші-нәтижелі, операциональды-қызметті, бағаламалы-нәтижелі) сараптамасы мен олардың өзара байланысын орнықтыруға бағдарланған педагогикалық тәжірибе. Жеке тұлғаның педагогикалық бағыттылығын және бірінші курстықтардың рефлексивті санасын қалыптастыруда жекелей кәсіби-педагогикалық бағдарламамен жұмыс жүргізудің маңызы ерекше болды. Бұл жұмыстың барысында педагогикалық құндылықтардың көкейкестілігі арта түсті, оларды жеке басылық құндылықтармен, мақсаттармен, бағдарлармен салыстыру жүзеге асты.

Бұл деңгейдің жаңалықты көрсеткіштері төмендегідей:

- педагогикалық құндылықтарды тани білу;
- педагогикалық қызметтің және бапкердің жеке басына қойылатын талаптардың ерекшеліктерін ұғыну;
- педагогиканың, ДШТ, таңдап алынған спорт түрлерінің түсініктемелі-терминологиялық аппаратымен танысу;
- кәсібилік қызмет үлгісі туралы жалпы түсінік қалыптастыру;
- ұйымдастырулы-педагогикалық міндеттерді қоя білу және оларды шешу.

Екінші және үшінші курстарда репродуктивті деңгейдің қалыптасуы аяқталды және кәсіби-педагогикалық мәдениеттің эвристикалық деңгейіне өтудің жағдайлары мен алғы шарттары түзілді.

Аудиториялық, шынықтыру сабақтары және педагогикалық тәжірибе барысында педагогикалық қызметтің талқылану операциялары, мақсаттылығы, жобалануы мен құрастырылуы, сарапталуы мен түзетулері қалыптасып, жүзеге асырылды.

Бапкердің жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің репродуктивті деңгейіне бірқатар жаңа түзілімдер тән:

- педагогикалық және дене шынықтыру құндылықтарының көптеген әлем құндылықтар ішінен жеке дараланулы;
- «бапкер-оқушы» жүйесінде субъект-субъективті қарым-қатынастың танылуы, өзіндік жүзеге асырылуыға деген сұраныс;
- педагогикалық пікірлердің ұғынылуы, кәсіби ұстанымдардың қалыптастуы;
- педагогикалық қызмет, өзіндік реттелу құрылымдарының үлгісін түзу ұстанымдары;
- құрылымды-болжамды міндеттерді қоя білу және оларды шешу.

Эвристикалық деңгейге өту үшін студенттердің әдістемелік түйсінуін дамыту, және педагогикалық теорияны танымдылық қызметіне түрлендірудің тұрақты ұстанымын құлыптастыру шешу маңызға ие болды.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің бұл деңгейі үшінші курста қалыптасты. Студенттердің бойында микроүйрету және педагогикалық практика барысында педагогикалық қызмет үлгісін түзу арқылы рефлексивті сананы дамытуға, кәсібилік қызметте өзіндік жүзеге асырылу ұстанымын бекітуге, өзіндік реттелу мен өзіндік жетілу үрдістерінің көкейкестілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді, бұл креативті деңгейге өтудің алғы шарты болды.

Педагогтың жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениеті деңгейінің эвристикалық деңгейінің жаңа түзілімдері төмендегідей:

- құндылықтарды қызмет мақсаттары ретінде қабылдау, құндылықтардың жүзеге асырылуына ұстанымдылық қалыптастыру;
- қызметте өзіндік жүзеге асу ұстанымы; педагогтың қызмет субъектісі ретінде қалыптасуы;
- психологиялық-педагогикалық және спорттық сабақтарға тұрақты қызығушылық, педагогикалық теорияны танымдылық қызметіне түрлендіру ұстанымын қалыптастыру;
- педагогикалық үрдістің мәні мен құрылымын түсіну; өзіндік реттелудің, сараптамалы түйсінуді дамыту;
- бағаламалы-ақпаратты және түзетуші-реттеуші міндеттерді қоя білу және оларды шешу.

Болашақ бапкерлердің өзіндік жетілуінің маңызды жетілдірушісі ретінде бұл сатыда олардың спорттық колледж шеңберінен тысқары (ғылыми-тәжірибелік конференция, психологиялық-педагогикалық олимпиадалар, педагогикалық шеберлік сайыстар, жарыстарға қатысу және т.б.) студенттік ғылыми-зерттеу және шығармашылық-педагогикалық қызметке қатыстырылуы қарастырылды.

Мұндай жұмыс өзіндік рефлекстің дамуын, әрбір студенттің өзін танымдылық пен шығармашылық қызмет субъектісі ретінде тани білуін, шабытын, пікірлерді жүзеге асыруын дамытуға мүмкіндік берді. Мұның мысалы ретінде студенттік педагогикалық оқылымдарды айтуға болады. Оларда дене шынықтыру мен спорттың гуманистік мәні, рухани-денелік құндылықтарды меңгеру үрдісінде жеке тұлғаны тәрбиелеп, дамыту; бапкердің қарым-қатынасының жөні; дене тәрбиесі құралдарымен педагогикалық түзетулер жүргізу және т.б. сияқты мәселелер қарастырылды.

Оқытудың аяғына қарай, студенттердің бір бөлігі кәсіби-педагогикалық мәдениеттің жетістікті деңгейіне жетті, оның ары қарайғы қалыптасуы бапкердің өзіндік кәсіби қызметінің міндеті болып табылады.

Спорттық педагогтың жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің креативті деңгейі төмендегідей жаңа түзілімдермен сипатталады:

- педагогикалық, дене шынықтыру және спорт құндылықтарын өзіндік шығармашылық қызметте жүзеге асыру;
- жеке басылық-психикалық, зияткерлікті мүмкіндіктерді өзіндік жүзеге асыру;
- психологиялық-педагогикалық және спорттық білімдерді толықтыру мен жетілдіруге деген тұрақты талпыныс, оларды педагогикалық пікірлерді жүзеге асыруда, педагогикалық қызметтің ғылыми келбетін қалыптастыруда қолдану;
- өзіндік педагогикалық қызмет үлгісін тұзу, жаңа пікірлер қалыптастырып, олардың жүзеге асырылуы;
- оқушының жеке басының қабілеттері мен қасиеттерін дамыту бойынша белсенді өзіндік жасампаздық қызмет.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижелерінің сандық және сапалы сараптамасы бапкердің жеке басының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейін (жеке тұлғаның педагогикалық бағыттылығы, субъективті ұстанымы, әдістемелік түйсінуі, рефлексия, педагогикалық іс-әрекеттер мен операцияларды меңгеруі) анықтаудың қалыптасқан көрсеткіштеріне сүйене жүргізілді. Әрбір көрсеткіш бойынша оның айқындалу деңгейін баллмен бағалау жүргізілді: 3 балл – жоғары; 2 балл – орта; 1 балл – төмен деңгейді көрсетсе, 0 балл – көрсеткіштің айқындалмағандығы болып есептелді.

Әрбір студенттің бес көрсеткіш бойынша алған баллдар жиынтығы оның кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейін (11-15 балл – жетістікті; 6-10 балл – эвристикалық; 3-5 балл – репродуктивті; 2 және одан төмен балл – бейімделу) анықтады. Алынған нәтижелер 1-кестеде келтірілген.

1 кесте – Тәжірибелік және бақылау топ студенттерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейлері

| Болжам уақыты | Топтар | Деңгейлер | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бейімделулі (%) | Репродуктивті (%) | Эвристикалық (%) | Жетістікті (%) |
| Оқытқанға дейін | ТТ | 91,7 | 8,3 | – | – |
| | БТ | 87,5 | 12,5 | – | – |
| Оқытқаннан кейін | ТТ | – | – | 33,3 | 66,7 |
| | БТ | 16,7 | 54,2 | 20,8 | 8,3 |

Тәжірибелі оқу басталғанға дейін көптеген стіденттер (91,7% тәжірибелік және 87,5% бақылау топтары) кәсіби-педагогикалық дайындықтың бейімделу деңгейінде болды. Репродуктивті деңгей спорттық колледжде оқығанға дейін бітірген (8,3% және 12,5%) бірнеше студенттерде әрбір топта айқындалады.

Тәжірибелі оқытудан кейін тәжірибелік топтардағы кәсіби-педагогикалық студенттердің 33,3% мәдениеттің қалыптасқандығының эвристикалық деңгейі анықталды, олардың 66,7% жетістікті деңгейге жетті (одан да төмен деңгейлер айқындалмады).

Дәстүрлі жүйе бойынша сабақ жүргізілген бақылау топтарында оқытудың соңына қарай студенттердің 16,7% кәсіби-педагогикалық мәдениеті қалыптасқандығының бейімделу деңгейінде қалды; 54,2% репродуктивті деңгей анықталды; 20,8% эвристикалық деңгей; 8,3% жетістікті деңгейге жетті.

**Қорытынды:** жүргізілген тәжірибелі оқыту барысында дәстүрлі әдіспен салыстырғанда бапкердің жеке басының педагогикалық бағыттылығынан, субъективті ұстанымынан, әдістемелік түйсінуінен, педагогикалық операцияларды меңгеруіне тұратын кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасқандық деңгейі бірнаша өсті. Бұл ұсынылған теориялық ережелердің шынайылығының және олардың іс-жүзінде жүзеге асырылуының ұсынылған технологиясының дәлелдемесі болып табылады.

1. Касымбекова С.И. научно-педагогические основы формирования физической культуры учащейся молодежи. Диссертация докт. пед. наук: 13.00.04.- Алматы, 2002.-282с.

2. Кузьмина Н.В. способности, одаренность, талант учителя. –Л., ЛГУ, 1985.-32с.

3. Кульназаров А.К. Физическое воспитание школьников / Народное образование от съезда к съезду.-Алма-Ата: Мектеп, 1987.-126с.

4. Андрушишин И.Ф. Комплексная система психолого-педагогической подготовки спортсмена. Диссертация докт. пед. наук: 13.00.04.- Алматы, 2008.-278с.

* * *

Сравнительный анализ уровней сформированности профессионально-педагогической культуры студентов экспериментальных и контрольных групп до и после опытного обучения проводился на основании материалов комплексного исследования, включавшего опрос, тестирование, анализ продуктов деятельности.

***М. Ә. Жүнісова***

## ҚЫПШАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ ТІЛІ ЖӨНІНДЕ

Дүниежүзілік тіл білімі тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті тұңғыш қолданған, лингвист ғалым Махмұт Қашқаридың «Диуану лұғат-ит түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі, XI ғ.) сөздігіндегі қыпшақ тайпасының тілдік қолданысы деп көрсетілген мысалдар, сөздер тағы да зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отыр. Тарихымызды, соның ішінде тіліміздің тарихын терең әрі жан-жақты қарастыру – қазақтың түбі саналатын қыпшақ тайпасының тілдік қолданысын жинақтау, зерттеу, қазіргі тілімізбен салыстыру – қашан да өзекті мәселе.

Зерттеуіміздің дереккөздері:

1. Сөздіктің қазақша нұсқасы: Махмұт Қашқари «Түрік сөздігі»,

Іт., IIт., IIIт. –А., А. Егеубай.

2. Сөздіктің өзбекше нұсқасы: М.Қошғори «Диуану луғат-ит-турк» С.Муталлибов аударған. – Тошкент, 1961-1963 ж.

3. Древне-тюркский словарь, -Л., 1969 г.

4. Түрік нұсқасы: М.Қошғори «Диуану луғат-ит турк» аударған Б.Аталай, Анкара, 1939-1941ж.

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Тіл комитеті, 2008.

Мұнда *Бұл барлық түрік тайпаларында осылайша қолданылады* деген ескертуі бар сөздер мүлде қаралмады. Бұл зерттеу жұмысымызда ескерткіш бойынан қыпшақ тайпасының сөздік қолданысындағы *қыпшақша*, *қыпшақтар осылай қолданады* деген ескертпесі барларын ғана теріп алып, оларды грамматикалық жағынан қарастыру мақсат етілді.

1. <u>Қыпшақ тіліндегі зат есімдер:</u>

<u>1.1. Қыпшақ тіліндегі түбір зат есімдер:</u>

ҚЫФШАҚ: қыпшақ. Қашқарға жақын бір мекеннің атауы [ҚН., Іт., 534б.].

Бұл - жалқы есім, топоним.

Қазір Қызылорда обылысы, Шиелі ауданында қыпшақ руы тұрақтаған елдімекен бар, бірақ ол бұлай аталмайды, дегенмен онда көбінесе қыпшақтар тұрады. Сондықтан қазір қыпшақ десе руды айтып отыр екен деп түсіну кездеседі. Бұл – жалқы есім, этноним.

ИЕМЕК: Иемек. Түріктердің бір бөлігі, бір жұрты. Біздің ұғымымызда олар қыпшақтар, ал қыпшақтардың өздері оларды басқа ата деп санайды [ҚН., IIIт., 42б.].

Бұл – жалқы есім, этноним.

БҰЛАҚ. Бір түрік тайпасының атауы. Оларды қыпшақтар басып алған еді, кейін ұлы Тәңірі оларды құтқарды да олар *Елке бұлақ – Елке бұлақ* деп аталды. Бұл сөз Бұлақ, болмаса (қысқартып, не ұзарта) жазылып, оқыла беруі мүмкін [ҚН., Іт., 437б.].

Қазіргі қазақ тілінде жалқы есім. Бұл сөздің жеке тұрғанда басқа мағынасы қазақ тілінде бар, ал тайпа атауын, яғни *Бұлақ* этнонимі әлі де іздей түсуді қажет етеді.

КЕМЕК: мақта жібінен тоқылған гүлді матаның бір түрі. Одан шапан, басқа да сырт киім тігіледі. Қыпшақтар одан жаңбырға киетін сулық істейді. [ҚН., Іт., 450б.].

Қазақ тілінің қазіргі қолданысымызда жоқ.

БАШАҚ: тобық (Шігілше). Оғыз бен қыпшақтар бір м әрпін қосып, *башмақ* дейді. [ҚН., Іт., 435б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (әрі қарай - ҚТТС): башмақ: үй ішінде киетін жеңіл, жұмсақ аяккиім [ҚТТС., 117б.] деген мағынада, ал тобық деп атау қазіргі тіліміздегі аяқ саусақтарының аты *башпай//башпақ//башмақ* деген сәйкестікте секілді.

КӨК: тек; негіз. *Көкің кім? – тегің кім?* Яғни, *қай елсің, тегің қандай?* деген мағынада. (Оғызша, қыпшақша) [ҚН., IIт., 411б.].

Не елсің? Руың кім? деп сұрау қазір де сақталған. Елін, тегін сұрау - Ұлттық бір дәстүр. Қарғыста *Көктей сол* дейді. Мұндағы *көк* сөзі сол *тек* мағынасында, яғни *тегіңмен сол* деп айтылған.

ҚАДЗЫН: қайын; қайын ата; қайын ене. Қыпшақтар бұл сөзді з әрпімен айтады. Мақалда былай деп айтады: «Қадаш теміш қаймадұқ, Қадзын теміш қаймыш». Қарындас десе қарамадық, Қайын десе қарадық. Бұл мақал туған қарындас, ағайындар арасында құдаларға, қайын ата-аналарға ерекше құрмет көрсетілетінін білдіреді [ҚН., Іт., 462-463б.].

Қазіргі қазақ тілінде бар.

СҰЛАҚ: көкбауыр. (Қыпшақша). Бұл сөздің с әрпі т әрпінің орнына ауысып түскен. Бұл арабшадағы мен сөздерінің және болып түскеніне ұқсайды. Нахб ғалымдары (сөз желісін, сөз жүйесін зерттейтін ғалымдар (синтаксис мамандары), А.Е.)... [ҚН., Іт., 471 - 472б.].

ҚТТС-інде *талақ* деген нұсқасы бар, ол қазіргі тілімізде сақталған [ҚТТС, 777б.].

БҰЛАН: Қыпшақ елдерінде өсетін ірі жабайы хайуан. Оны аулайды. Оның түбі ойық күбі секілді, іші куыс бос, ауызы жоғарыға, аспанға қарап шыққан мүйізі бар. Оған қар, жаңбыр сулары жиналады. Ұрғашысы шөгіп, оның мүйізінен – еркегі, еркегі шөгіп, оның мүйізінен ұрғашысы су ішеді [ҚН., Іт., 473б.].

ҚТТС-інде бар, қазір қолданамыз [ҚТТС, 152б.]. *Қызыл кітапқа* енген жануарлар қатарында.

ИІНЖҮ: інжу. (оғыз бен қыпшақ тілдерінде) Сөздің басындағы ж әрпі и әрпінің орнына алмасып түскен [ҚН., Іт., 477б.].

ИІНЖҮ: інжу. Кәнизәктарды да иінжү дейді. Мақалда былай келген: үтлүг иінжү жерде қалмас – Тесік інжу жерде қалмас; яғни, тесік маржан жерде қалмайды, оны алатын біреу табылады. Бұл мақал кәнизәктар қыз күйінде қалып қалмайды, оларға да үйленетін адам шығады деген мағынаны меңзейді. Оғыз бен қыпшақтар –и әрпін –ч, -ж әрпіне алмастырып: жінжү: жінжү дейді [ҚН., IIIт., 43б.].

Теңіз түбіндегі карбанит құрамды, меруерт бағалас қымбат асыл тас [ҚТТС, 777б.].

БАЛ: бал. Сувар, қыпшақ, оғыз тілдерінде [ҚН., IIIт., 217б.].

Сол күйінде сақталған [ҚТТС, 103б.].

ҚОРҰ: тікен; темір тікен. (Қыпшақша) [ҚН., IIIт., 304б.].

Қазіргі тілімізде сақталмаған, дегенмен темірді *қорыту*, *өңдеу* мағынасында *қорыт, қорылғанын қорғасын* деп атау бар.

ИАЛҢҰҚ: күң. Оғыз, қыпшақ, сувар тілдерінде [ҚН., IIIт., 513б.].

*Жалшы* дегеннің түбірі болуы мүмкін, түбірдің алғашқы буыны тілдің үнемдеу заңымен түсіп қалуы ықтимал.

КІШ: садақ. Оғыздар мен оғыздардың ағайыны қыпшақтар мұны білмейді [ҚН., IIIт., 181б.].

Жоғары Шындық шігіл, йағма, тохсы тілдерінде сөздер көбінесе зәммәлық болып айтылады. Рүмге жақын созылған оғыз, қыпшақ суварлар болса, фатхалық белгімен сөйлейді. Бұл түрктердің түйені - т теуел дегені секілді [ҚН., IIIт., 196б.].

Қазіргі тілімізде *кісе* пышақ қыны мағынасында [ҚТТС, 441б.] сақталған.

ШҰФҰА: жол бастаушы; жолбасшы. (Қыпшақша, иә оғызша). Мақалда былай делінген: «Қалың құлан жол бастаушысыз болмас». Бұл мақал біреуге басқаларға еру қажет болған бір істе, солай істеген жөн екендігіне иландыру үшін айтылады [ҚН., Іт., 484 - 485 б.].

Қазіргі тілімізде сақталмаған, дегенмен іздестіре түсуді қажет етеді.

ИАСЫҚ: оқ сауыты; жебе сауыты. (Қорамсақ. Е.А.) Өзге түріктерше. Бұл сөзді оғыз бен қыпшақтар білмейді. Олар мұны құрман дейді [ҚН., IIIт., 27б.].

Қазіргі тілімізде жоқ, дегенмен іздестіре түсуді қажет етеді.

ИАЙҒҰҚ: байтал емшегінің үрпі. Кейбірі иазғұқ дейді (Қыпшақша) [ҚН., IIIт., 39б.].

Қазіргі тілімізде сақталмаған, дегенмен іздестіре түсуді қажет етеді.

ҚҰМЛАҚ: қыпшақ елінде Өсетін шырмауыққа ұқсайтын өсімдік. Оны балға араластырып шарап жасайды. Бұл өсімдік кемеге түсіп қалса, теңіз толқындап, кеме шайқалып ішіндегілер батып кете жаздайды-мыс [ҚН., Іт., 535б.].

Бұл – фитоним.

ИЕМІШЕН: қыпшақ аймағында өсетін жемістің бір түрінің атауы [ҚН., IIIт., 52б.].

Бұл – фитоним, женшень емес пе екен?

1.2 Туынды зат есімдер немесе сын есімнің заттануы (субъективизм):

СҰУҰҚ: сұйық. Сұйық, сұйытылған нәрселердің бәрі. Мәселен, сұйылтқан айран, қатық, сүзбе, шырындар. Соның бәріне осылай айтылады. Сұйық қатық. Қашырдың құйрығы секілді қыл-қылшығы сирек, сұйық ұзын құйрық. (Жөні сұйық, тықыр құйрық. – А.Е.). Ағаш, тағы басқаларға да осылай қолданылады. (Қыпшақша) [ҚН., IIIт., 226б.].

ҚТТС-інде 1.Ағатын қасиеті бар сылдыр су, 2.Қою емес, қалың емес, селдір. 3. ауысп. Берекесіз, пәтуасыз. Екінші мағынасына сәйкес келіп тұр [ҚТТС, 745б.]

КЕТҮ: шолақ; (кетік? А.Е.) (Қыпшақша) [ҚН., IIIт., 298б.].

ҚТТС-інде КЕТІК: 1. заттың бір шетінің сынып, опырылып кеміген жері. 2. түскен тістің орны. 3. ауысп. Кемшілік, олқылық, жетімсіздік [ҚТТС, 392б.]. Қазіргі *кетуі кеткен заман* деген қолданыстағы осы *кетү* – ау, өйткені ол осы ауыспалы мағынасына дәл келеді.

2. Қыпшақ тіліндегі сын есімдер:

ИАВЛАҚ: бір нәрсенің жаманы. (оғызша және қыпшақша). Жырда былай деп келген:

| | |
|---|---|
| Келсе кіші иүзіңе, | Күлсе кісі жүзіңе, |
| Көрклүг иүзін көрүнгіл, | Көрікті жүзбен көрінгін |
| Иавлақ көдзез тылыңны | Зымияннан бақ тіліңді, |
| Езгү савығ тіленгіл – | Ізгілік, мейір тіленгін. |

Бір кісі бетііе жылы шыраймен күліп қараса, сен де көрікті нұрлы шыраймен, ашық жүзбен көрінгін; Тіліңді жаман, зымиян сөзден сақта; Жақсылық пен ізгілік, мейірім тіленгін [ҚН., IIIт., 61-62бб.].

БҮКҮМ ЕТҮК – Қатындар киетін етік (Оғызша). Оғыздардан басқа түрік жұрттары, *мүкүм немесе мүкім* дейді. Сонда, *б* әрпінің орнына *м* әрпі *м* әрпінің орнына *н* әрпі алмасып түскен. Мен бұл сөзді таза түрік сөзі деп айта алмаймын. Әйтсе де қыпшақтар мен басқа тайпалардың қарабайым адамдары бұл сөзді осылай қолданады [ҚН., Іт., 454б.].

Қазіргі тілімізде сақталмаған, дегенмен іздестіре түсуді қажет етеді.

3. Қыпшақ тіліндегі етістіктер:

3.1. Етістіктердің жасалу жолдары:

Үшінші, іс-әрекетті білдіретін сипат (есімше – А.Е.) оғыз, қыпшақ, иемек, арғу мен суварлардан бешенектерге дейінгі көшпелілер тілінде өткен шақ етістігінде жасалады. Мәселен, *барды* деген өткен

шақ етістігінен іс істеушіні білдіретін, анықтайтын *бардашы - барушы* деген сипат түзеледі. Өткен шақты білдіретін *д* әрпі мен *и* әрпінің арасына *ш,* әрпін қосу жолымен түзіледі. Сонда *барушы, баратын* сипаты пайда болады. Сол секілді, *тұрды* деген етістіктің Өткен шақ түріне *д* әрпімен *ы* әрпінің арасына *ш* әрпі қосылып, *тұрдашы- тұрушы, тұратын* деген сипат жасалады. Бұл ереже барлық етістіктерге бірдей [ҚН., IIт., 53б.].

Әуелі, етістіктерден жасалған сипаттардың әр түрлілігі жөнінде. Мысалы, *бардашы – барушы, тұрдашы – тұрушы* дегендерді алайық, бұл сипаттар өткен шақ етістігінен жасалған. Өткен шақ етістігінің қосымшасы *д* әрпі мен *ы* әрпінің арасына *–ш/-ч* әрпі қосылып барып жасалған. Оғыз, қыпшақ, йағма, оғрақ, суварлар мен рус еліне дейінгі бешенектер тілінде осылай қолданылады. Қағидаға сай. Өйткені, барды етістігіндегі *д* әрпі өткен шақ есімшесінің қосымшасы, *ы/і* етістіктің үшінші жағын білдіретін әріп. Етістік екінші жақта айтылатын болғанда, *ы/і* түсіріліп, *барды – бардың* болып шығады. Ал, егер бірінші жақтан айтылса, *бардым* деп келеді де, мұнда *ы* әрпі түсіп қалады [ҚН., IIт., 66б.].

Оғыз, қыпшақтардың кейбірі, суварлар олардан оқшаулау, бөлектенеді. Бұлар - *и* әрпінің орнына түбірде *–қ*, не *–г* әріптері келген, қатаң дауысталатын сөздерге *–қ* әрпін, түбірінде *–к, -г* әріптері келген жұмсақ, ұяң айтылатын сөздерге *-к* әрпін қосады. Бұл тілде көптік, бірлік түрлері бір-бірінен ажыратылмай, бір үлгіде келеді. Сөйтіп, *-қ* әрпі бар сөздерде: *иа құрдық* – садақ құрдық – дейді; ... [ҚН., IIт., 76-77б.].

Көптік ережесіне келсек, ол жоғарыда айтылған. Ол ереже мынадай: Оғыз, Қыпшақтарда бұйрықтың жекеше түрінің соңына ғұнналы *–і* қосылу жолымен жасалады. Мәселен, *Ет тураң – Ет тураңдар, Евге оғраң – Үйге барыңдар* дегендер секілді. Бұл дұрыс қағида, әйтсе де, түрктер құрметтеген, не жасы келген үлкен адамдарға айтқанда да бұйрықтың жекеше түрінің соңына ғұнналы –і әрпін қосып қолданады. Өзге түріктер көпше түрінде *тұғрыңлар –тураңдар, оғраңлар – барыңдар* дегенді жөн санайды. Ғұнналы *-і* қосымшасын екінші жақтағы жекеше түрде құрметтеу сыйластық лебізінде айтып, қолданады. Сөйтіп, бірі екіншісінің орнына келе қоятын екі көптік қосымшаның бірдей қолданылуы қате деп саналмайды. Дұрыс деп біледі. Оғыздар мен қыпшақтар бірінші тәсілді құп көреді. Қағидасы солай. Бұл бөлімдегі істі атқарушыны білдіретін түрі бұйрықтың соңына *-ғұшы/ -гүші* қосымшалары жалғанып жасалады. *Ет тұғрағұшы – Ет тураушы, Евге оғрағұшы – Үйге барушы* дегендер секілді. Оғыздар мен қыпшақтар, олармен бірге тіршілік ететін сахара көшпенділері мен суварлар мұны *тұғрадашы, оғрадашы* сияқты қолданады [ҚН., IIIт., 424б.].

Қазіргі тілімізде бар.

3.2. Есім сөздерден жасалған етістіктер:

ҚЫВШАҚЛАНДЫ: қыпшақтанды. Ер қывшақланды – Ер қыпшақтанды; Кісі қыпшақтар қатарына кірді (Әдеттері мен құлқы қыпшақтарға ұқсап, қыпшаққа айналып кетті. Қыпшақтанар, Қыпшақтанбақ) [ҚН., IIт., 399-400б.].

ЕР ҚЫФШАҚЛАНДЫ: Ер қыпшақтанды; Адам қыпшақ қатарына қосылды [ҚН., IIт., 405б.].

ҚЫФШАҚЛАНДЫ: қыпшақ деп санады; қыпшақ деді. Ол аны қыфшақлады – Ол оны қыпшақ деп санады; ол оны қыпшақ деді. (Қыфшақлар, қыфшақламақ – Қыпшақ санар, Қыпшақ санамақ) [ҚН., IIIт., 471б.].

Қазіргі тілімізде де қолданамыз.

ҚАТЛАНДЫ: миуаланды; (жемістенді, жемістеді. – А.Е.)

Иығаш қатланды – Ағаш жемістеді. Қыпшақ, иемек, оғыз тілдерінде. Қатланур, қатланмақ – Жемістенер, жемістенбек (Басқа тілінде бұл сөз тікенді ағаштардың жемісіне қатысты қолданылады. Қолда өсірген ағаштардың миуасына қатысты [ҚН., IIIт., 270б.].

Қазір *қат* деп жеке қолданбағанымен, *қарақат, қызылқат* деген жеміс атауларының құрамында осы *жеміс* мағынасында кездеседі.

3.3 Түбір етістіктер:

БҮТТІ: бітті. От бітті – Шөп бітт; шөп шықты. Жеміс болса да солай айтады. Оғлан бүтті – Баланың ай-күні бітті; яғни бала туды. Бірдеңе өсіп шықса, туылса, яки жаратылса бүтті дейді. (Қыпшақша). (Бітер, бітпек) [ҚН., IIт., 426б.].

ИАНДЫ: жанды; айныды, құсты. От ианды –От жанды. Бұл сөз жалды деп, -л әрпімен де айтылады. (Қыпшақша). Ер ианды – Адам құсты.

Жырда былай деп келген:

| | |
|---|---|
| Ианды ерінч оғрағы | Ниетінен қайтса керек |
| Келді берү тығрағы. | Келді бері шабарманы. |
| Өзі құйы оғрағы | Өзі дала ойында тұр |

Алплар қамұғ тіркешүр - Жиылды бар батырлары (жауын сипаттап айтқандары: Ол өз ниетінен, ойынан қайтқан секілді; өйткені, оның шабарманы, жаушысы осында келді; өзі батырлардың барлығы сап түзеп топтанып, соғысуға жиылуда) [ҚН., IIIт., 91-92бб.].

Ескерткіш тіліндегі сөздер мен қазіргі тілдік қолданысымызды салыстыру нәтижесінде қазіргі қазақ тілі қыпшақ тайпасының белгілі бір дәрежедегі мұрагері екендігіне тағы да көзіміз жетті.

* * *

The theme of this article is the peculiarities of the language of kypchak's tribes based on the materialsby M.Kashgari and its comparative analysis with the modern Kazakh language.

***М. Ә. Жүнісова***

# ӨЗГЕЛІК ЖӘНЕ ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛ МӘТІНДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Мақал-мәтелдер – халқымыздың асыл мұраларының бірі.

Мақаламыздың мақсаты – М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түркң атты ескерткіші тіліндегі мақал-мәтелдер мәтіндерінде өзгелік және ырықсыз етістің тұлғалары мен мағыналарын ашу.

Зерттеу материалдары, әлбетте, сол орта ғасырда жазылған танымал сөздіктің тілінде кездесетін мақал-мәтелдер.

Диуандағы мақал-мәтел мәтіндерінің көркем аудармасы Ә.Құрышжанұлының тәржімасы бойынша берілді [1].

*1. Өзгелік етіс тұлғасымен келетін мақал-мәтелдер жөнінде:*

Йырақ йер савын арқыш *келдүрүр* (алыс жердің хабарын керуен

келтірер) [2,22].

Алп еріг *йавыртма,* ықылач арқасын *йағрытма* (алып ерді әбіржітпе, арғымақтың арқасын жауыр қылма) [2,157].

Отуғ узғуч бірле *өчүрмес* (отты шаламен өшірмес) [2,187].

Сув *ічүрмесге* сүт бер (су татырмағанға сүт бер) [2,224].

Тешүк сувда *белгүрүр* (тесік нәрсе суға салғанда белгілі болады) [2,199].

Көз келігі йазын *белгүрүр* (көздің келері жазда белгілі болады) [2,199].

Евлік *тозғурса,* көзі йолқа болур (жолаушының қарнын тойдырса, екі

Көзі жолда болар) [2,205].

Арслан қарыса, сычған өтін *көзезүр* (арыстан қартайса, тышқанның інін аңдиды, сөзбе-сөз: *күзетер)* [2,279]. Ескерту: *көзезді* сөзі *көз етті* (көз тастады, көз қадады, көзімен атты) [2,91] сөздерінен бірігіп жасалған; *күзетті* сөзі *көз етті* (көз тігу, көз тігіп қарады) [2,354] сөздерінен бірігіп жасалған.

Теңсізде тегірмен *турғурса*, йарағсыда йар барыр (орынсыз жерге тиірмен орнатса, ойда жоқта жар пайда болады, сөзбе-сөз: тиірмен тұрғызса) [2,366].

Түнле булыт өртенсе, евлүк уры келдірмішче болур, Таңда булыт өртенсе, евге йағы кірмішче болур (кеште бұлт қызарса, әйелі ұл тапқандай болады, азанда бұлт қызарса, үйге жау кіріп келгендей болады) [2,252].

*2. Ырықсыз етіс тұлғасымен келетін мақал-мәтелдер жөнінде:*

Иккі буғра ігешур, отра көкегүн *йанчылур* (екі бура алысса, ортасында шыбын өледі, яғни шыбын жаншылып қалады) [2,198]. [2,198]. *Йанчыл-* (страд. от *йанч-* быть раздавленным).

Йалыңуқ *үрілміш* қап ол, ағзы йазылыб *алқынур* [2,204] (адам бір үрілген қарын сияқты, аузы ашылса, алқынып, яғни бүрісіп қалады). *Үріл-* (страд. от *үр-* дуть) [3,627]; *йазыл-* (страд. от *йаз-* раскрываться ) [3,251].

Қал савы қалмаз, қағыл бағы йазылмаз [2,387]. (Қарттың сөзі босқа қалмайды, жас шыбықтың түйіні (байлауы) жазылмайды). *Йазыл-* (страд.от *йаз-* быть развязанным) [3,251].

Чақса - тутінүр, чалса - *білінүр* [2,31] (шақпақ шақса - түтін түтейді, сөз айтылса - сыр ашылады, яғни көкейіндегі мақсаты білініп қалады).

Түтүшмегінче *түзүлмес*, түбірмегінче *ачылмас* [2,74-75] (ер шекіспей, түзелмес, яғни бітімге келмес, жел тұрмай күн ашылмас).

Арслан көкресе, ат азақы *тушалыр* [2,171] (арыстан ақырса, ат аяғы тұсалады).

Ердемсізден қут *чертілүр* [2,266] (жақсылығы жоқ адамнан құт қашады).

Қылыч татықса – ыш *йунчыр*, ер татықса - ет *тунчыр* [2,326] (қылышты тот басса - ісі бұзылады, ер адамды тот басса - еті бұзылады).

Қурмыш кіріш *түгүлмес*, оғрукун тағ *егілмес* [2,234] (құрылған жайдың кірісі түйілмейді, арқанмен тау йілмейді).

Буғдай қатында сафач *сувалур* [2,258] (бидай ішінде қарамық та су ішеді; қазақта: «күріш арқасында күрмек су ішеді).

Бұл келтірілген мысалдар жоғарыда айтылып өткен пікірлерге дәйекші бола алады, сонымен бірге тиісті жерінде талданған фактілерге қосымша ретінде де қызмет атқара алады.

Орта ғасыр түркілерінің тілінде қолданылған ырықсыз етістің көрсеткіштері қазіргі қазақ тілінде де бар, бірақ олардың арасындағы басты бір айырмашылық мынада: профессор А.Қалыбаеваның сөзімен айтқанда: *Етіс аффикстерінің етістік түбіріне тікелей жалғанып, кірігіп кетуі етіс мағыналарын беретін синтаксемалардың біразының лексемаға айналып кетуіне негізгі себеп болған. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі лақтыр (бросай), шомыл (купайся), тағы басқа осы сияқты туынды түбір етістіктер тұтас бір морфема ретінде қолданылады* [4,17].

Қазақ тіліндегі етіс категориясы туралы арнайы еңбек жазған А.Қалыбаева одан әрі былай дейді: «Ырықсыз етіске тән *–л (-ыл//-іл)* аффикстерінің есім мағынасында қолданылатынын анықтау үшін бірнеше мысал келтірейік: *сойыл, қамал, оралғы, бұралқы, үзіліңкі, созылыңқы, шойырылма, жайылым, жеңілдік, қысылшаң, қысылтаяң* т.б. [4,32]. Сөз болып отырған етістің аффиксі *-л* уақыт өткен сайын ескіре келе, түбір сөзден ажырата алмастай болып бірігіп кетсе де, бүгінде жалпы өлі жұрнақтың ролін атқарып, өзінің бұрынғы ырықсыз етіс мағынасын беретін грамматикалық қызметінен айырылып қалған.

М.Қашқари бұл іспетті көнерген жұрнақ туралы сөз қозғамайды.

М.Томанов «Етіс формаларының дамуың деген тақырып бойынша М.Қашқаридың айтқан кейбір пікірлерін келтіре отырып, оның жазған мысалдарына шолу жасайды. Қайсыбір етіс түрлерінің „Диуанда“ қолданылу тәсілі қазіргі қазақ тілінің говорларында да ұшыраса беретін орындарын көрсетеді: шығындық (шықты), болынды (болды). Ол: „қазақ тілінде майланды, тазаланды, әдеміленді, сыланды, безенді, т.б. етістіктер өздік етіс мәнін де, ырықсыз етіс мәнін де береді,“- деп жазады [22,250-256].

Ескі қыпшақ тілінде де осы іспеттес жұрнақтар қолданылған: а) өздік етіс- -ын//-ін//-ун//-үн; ә) ырықсыз етіс- -л//-ыл//-іл//-ул//-ұл; б) ортақ етіс- -ш//-ыш//-іш//-уш//-үш; в) өзгелік етіс- -т//-тыр//-тір //-тур//-түр, -дар//-дер//-дыр//-дір//-дур//-дүр, -қыр//-кір, -ғуз//-гүз, -ыр//-ір, -ур//-үр, -зыр//-зір [23,244].

Қорыта келгенде, ырықсыз етіс, өзгелік етіс тұлғаларының сөз түбіріне үмтейтін мәні - қимыл иесінің белгісіз болуы - XIғ. жазылған ескерткіш тіліндегі материалдардың көрсеткеніндей сол заманнан келе жатқан грамматикалық мағына екені анық. Берілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі ырықсыз етіс формаларының тарихи формант екендігіне ешбір күмән туғызбайды. Сондықтан етістік секілді күрделі сөз табындағы етістің бұл түрі түркі тайпаларының тілінде қолданысты болған, өзінің функционалдық әрі грамматикалық мағынасын әлі күнге шейін жоғалтпай, тілімізде сақталған көне категорияның жұрнағы деп танылды.

1. Құрышжанұлы Ә. Махмуд Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінің келтірілген халық өлеңдерінен үзінділер мен аталы сөздер (транскрипциясы және көркем аудармасы) //Әлем, II т. 1997.

2. Кашгорий Махмуд. Туркий сузлар девони (“Девону лугоит турк”) Таржимон ва нашрга таерловчи С.Муталлибов. Тошкент, 1960. I т., 1963. II т., 1961. III т.

3. Древнетюркский словарь. Л., Наука. 1969.

4. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі етіс категориясы. А., 1951.

5. Томанов М. Етіс формаларының дамуы. А., 1986.

* * *

Формы страдательного, побудительного залога были употреблены в пословицах и до сих пор сохранились их грамматические значения.

***Р. Г. Сейдахметова, Б. С. Каримова***

## СПЕЦИФИКА ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ НОМИНАЦИИ В КАЗАХСКОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Для современного развития терминологии большое значение приобретает осознание того, что термины – это часть языка, который, как утверждал В. фон Гумбольдт, «следует рассматривать не как мертвый продукт (Erzeugtes), но как созидающий процесс (Erzeugung) [1,с.69]. Такой подход представляется наиболее оправданным, поскольку термины образуются в соответствии с законами конкретного языка, а терминологическая номинация – творческий процесс, в котором участвуют языковой опыт и научно-профессиональные знания человека.

Терминообразование в этом смысле представляет собой сложно структурированный когнитивный процесс, включающий передачу и получение закодированной языковыми средствами информации, важную роль при котором играют условия его осуществления и среда [2, с.165-166].

Безусловно, применение положений когнитивно-дискурсивной парадигмы к определению лингвистического термина казахского языка как единицы языкового и научно-профессионального знания дает возможность раскрытия информационной емкости термина, его понятийно-семантической структуры, т.е. совокупности значений термина, фиксирующих конкретную терминологическую информацию. Современная казахская лингвистическая терминология неоднородна по своему составу и гораздо шире по своей функциональной направленности. Она представляет собой не только ядро профессиональной (лингвистической) лексики, позволяющее специалистам в области казахского языкознания оперировать информацией и использовать ее в профессиональной сфере, но и важную часть национальной языковой картины мира. При этом социальный заказ выступает необходимым элементом формирования и функционирования лингвистической терминологии.

На наш взгляд, феномен лингвистического когнитивно-вербального комплекса, соотносящегося с денотативными и сигнификативными единицами научной сферы языкознания, нельзя адекватно охарактеризовать в отрыве от пользователя этим комплексом. Очевидно, что в данном случае речь идет о профессиональном социуме как хронологически-пространственно и этнически-лингвально детерминированной общности. Ведь профессиональный социум языковедов образуют специалисты лингвистической науки конкретного государственно-этнического образования, осуществляющие коммуникацию на данном языке (родном или владеющие им как родным) и вербализующие посредством единиц этого языка концепты научно-профессиональной модели мира (термины), объединяющей специалистов этой научной сферы в социум. Это означает, что научно-профессиональная модель мира соот-

носится с научно-профессиональной картиной мира – общей для всего профессионального социума, каждый представитель которого идентифицируется как специалист языка.

Итак, единицы лингвистической терминологии нами рассматриваются как носители и хранители фрагмента информации, имеющей свою ценность в особой понятийной системе науки о языке. Именно в этом смысле термин представляет собой особую когнитивно-информационную структуру, в которой аккумулируется в конкретной языковой форме научно-профессиональное (лингвистическое) знание.

При этом особую значимость имеет то, за терминологией закрепляются специфические средства именования научных концептов. По этой причине термин должен представлять собой открытую для инноваций знаковую единицу. Этот факт объясняется тем, что термин передает знание в пространстве и во времени и тесно связан с теорией, формирующей знание. Термин и теория должны находиться в отношениях конгруэнтности, следовательно, прогрессу научного знания может отвечать только динамичный, способный меняться термин [3, с.34].

Специфика терминологической номинации раскрывается в процессе способов терминообразования.

1. ***Семантическое терминообразование,*** связанное с использованием общеупотребительных слов в функции термина. По мнению исследователей, чем больше в существующем значении слова содержится информации, совпадающей со свойствами познаваемого объекта, тем выше вероятность избрания данного слова для обозначения именуемого объекта. Использование общеупотребительных слов в функции терминов базируется на обобщающей природе слова и потенциальных возможностях, заключенных в его смысловой структуре [4].

Частным случаем семантического терминообразования является ретерминологизация, то есть перенос термина из одной научной области в другую с полным или частичным его переосмыслением. В первом случае у термина появляется новый терминологический лексико-семантический вариант (***жіктеу*** – спряжение, ***жіктеу есімдігі*** – личное местоимение; ***түбір*** – корень, ***түбір етістік*** – непроизводный глагол; ***пайымдау*** – в логико-лингвистических теориях – высказывание, ***пайымдау*** – в грамматике смысл предложения, пропозиция), во втором – образуются терминологические омонимы (***үстеу*** – прибавка, добавка, досыпка, үстеу – наречие; ***айқындауыш*** – фотокинопроявитель, ***айқындауыш*** – приложение; ***алмасу*** – чередование, ***алмасу*** – *мед.* обмен (веществ); ***бастауыш*** – начальный (класс), ***бастауыш*** – первичный (первичная организация), ***бастауыш*** – подлежащее).

2. ***Дефиниционное терминообразование***. Особенность дефиниционного способа терминологической номинации заключается в том, что термин соотносится с некоторым предложением, его заменяющим, поскольку название термина представляет собой сжатую в одно слово, простую или сложную, формулу изучаемого предмета или явления. Поэтому термин можно рассматривать как «конденсированное предложение» [5, с.104].

Превращение развернутого синтаксического целого в единое наименование называется ***номинализацией.*** Словообразовательные процессы, базирующиеся на данном явлении, Е.С. Кубрякова характеризует как дефиниционное словообразование или словообразование на синтаксической основе [6, с.26].

При номинализации образуются слова с пропозитивным значением, репрезентирующие пропозициональные ментальные модели. При этом глагол или прилагательное, преобразованное в пропозитивное имя, становится ядром, главным словом номинализированной конструкции [7]. Номинализация связана с семантической компрессией, она представляет собой определенную когнитивную модель, имеющую свои возможности в интерпретации смысла. Ср.: ***Кейінді ықпал*** (регрессивная ассимиляция) – уподобление предыдущего звука последующему; ***матасу*** (взаимоподчинение) – такая связь, при которой зависимое слово связывается с главным при помощи аффиксов принадлежности; ***кідіріс*** (пауза) – один из компонентов интонации, временная задержка, перерыв в речи, остановка в работе органов речи; ***кейіптеу*** (олицетворение) – вид тропа, при котором неодушевленным предметам приписываются свойства и признаки одушевленных; ***үндестік заңы*** (закон сингармонизма) – уподобление гласных последующих слогов гласным первого слога по твердости-мягкости; ***тіркесімділік*** (сочетаемость) – способность языковых элементов соединяться друг с другом в речи по соответствию фонологических, семантических, грамматических признаков.

Следует особо отметить, выступая языковым выражением понятия, отображающим важнейшие его признаки, термин фокусирует в краткой языковой форме «семантический инвариант» или «семантическое ядро» соответствующего предложения. Конденсируя информацию, термин обретает профессиональную память. Объективное содержание термина, являющего собой своеобразную «запись» научно-профессионального знания, характеризуется тем, что оно дается как смысл или значение специального выражения, которое представляет не только объект познания, но и мыслительный процесс, связанный с его познанием. При этом мыслительный процесс фиксируется дефиницией, которая содержит конкретное определение терминируемого объекта, находящееся в основе терминологической номинации. По мнению исследователей, определение, представляющееся автору соответствующего термина наиболее адекватным, выражается сначала 1) суждением о терминируемом предмете или явлении, затем 2) раздельнооформленным словосочетанием и после этого 3) стягивается в цельнооформленную лексическую единицу [8, с.44]. Конденсируемая в термине информация расшифровывается, декодируется дефиницией, представляющей собой научное метаязыковое высказывание.

Подобную точку зрения выражает Л.М. Алексеева, которая рассматривает процесс терминообразования

как часть сложнейшего процесса вербализации нового знания, средствами которого служат язык, интеллект и социальный опыт исследователя. Основным содержанием терминообразования является создание терминологических единиц на основе дефиниции. Под дефиницией при таком подходе понимается прямая или косвенная экспликация понятия о каком-либо явлении или объекте действительности в предшествующем термину тексте, необходимая для осуществления последующего акта коммуникации. Процесс терминообразования таким образом представляется как «свертывание» формы дефиниции и семантическое «сгущение» ее плана содержания. Порождаемый термин Л.М. Алексеева называет компрессантом, так как представляет результат процесса компрессирования. При этом формально происходит упрощение синтаксической конструкции, что сопровождается соответствующим усложнением семантики компрессанта. Все это дает исследователю основание полагать, что термины – это коды мысли, а процессы терминообразования – процессы перекодирования естественного языка. «Термин – это скорее не результат мыслительной деятельности, выраженный в строго заданном мыслительном содержании, а сама мыслительная деятельность, определяемая как творческий акт, или как терминотворчество» [9, с. 37]. Заданная в тексте дефиниция в процессе терминообразования выполняет три основные функции: 1) дефиниция является непосредственно отражающей базой термина; 2) дефиниция – семантический эквивалент термина; 3) дефиниция обеспечивает однозначное толкование термина в данном тексте [9].

3. ***Моделированное терминообразование*** – создание терминов из имеющихся в языке корневых морфем по словообразовательным моделям, типичным для данного языка.

Словообразовательные средства представляют особый интерес в том смысле, что их можно, как подчеркивает Е.С. Кубрякова, ориентировать на «поиски и обнаружение определенных корреляций между когнитивными и языковыми структурами» [10, с.24]. Более того, производные единицы можно рассматривать как «когнитивно-дискурсивные образования» [11, с.429], поскольку они формируются и создаются в определенных контекстных условиях не только как коммуникативные единицы, но и как ментальные единицы. За каждым новым термином, его словообразовательной структурой скрывается новая информация, тесно связанная с когнитивными механизмами. Словообразовательные средства, участвующие в создании терминологии той или иной отрасли знания, несут в себе концептуальное содержание, а в целом демонстрируют то, что язык располагает огромными потенциями для передачи научно-понятийной информации в ее тончайших смысловых оттенках.

Так, средства, участвующие в образовании терминов, играют важную роль в процессе познания, например, такие иноязычные префиксы, как ***архи-, макро-, гипер-, -де-, интер-, моно-, поли-, экстра*** и др. содержат семы «главный», «большой», «иной» «отделение», «между», «один», «много», «вне». Поэтому при знакомстве с терминами с помощью этих словообразовательных элементов, носитель языка уже предполагает, исходя из своего языкового опыта, возможные их значения: ***архисема, макролингвистика, гипероним, гиперфонема, деэтимологизация, интерлингвистика, моносемия, полисемия, экстралигвистикалық.***

В связи с этим словообразовательные модели можно рассматривать и как когнитивные модели, практическое значение которых состоит в том, что они помогают выявить структурную организацию многоуровневой терминосистемы, увидеть функциональную дифференциацию лексических единиц внутри этой системы. В результате словообразовательной деятельности между концептами терминосистемы устанавливаются новые, структурированные связи, которые по отношению к исходным словам выступают более конкретными, более предметными. Словообразовательные модели отражают многочисленные ассоциативные связи слов, их организацию, а также переплетение этих связей [12]. Когнитивная интерпретация словообразовательного гнезда, по мнению О.Ю. Крючковой, вскрывает такой механизм языкового моделирования мира, в основе которого лежит мотивировочный признак, запечатленный в вещественном значении вершинного слова гнезда [13, с.26].

При моделировании новых терминов, с одной стороны, сохраняется связь между производящими и производными словами и словосочетаниями. С другой – в результате когнитивной операции происходит процесс познания, то есть в целом терминология представляет собой и продукт когнитивной деятельности, и «инструментарий», при помощи которого специалисты, иногда и широкий круг носителей языка осуществляют познавательную деятельность в соответствующей научно-понятийной сфере.

Важным представляется тот факт, что в казахском словообразовании нет точного количества аффиксов. Так, по мысли А.Хасеновой, в современном казахском языке насчитывается более 80 аффиксов (с фонетическими вариантами свыше 160-ти), образующих производные корневые глаголы [14, с.40]. Ш.Курманбаев, выделяя аффиксы как одну из самых продуктивных способов терминообразования, выделяет 194 аффиксов, присущих для казахского языка и 35 международных терминообразующих аффиксов [15, с. 86-106]. Производные термины образуются путем прибавления одного и более аффиксов к корню слова.

Продуктивными аффиксами в лингвистическом терминообразовании казахского языка являются: ***-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*** (грамматикалық, көптік жалғау, болымсыздық, жалпытүркілік, компоненттік); ***- ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе*** (сипаттама, қолжазба); ***-ым, -ім, -м, -ыс, -іс, -с*** (айтылым, жазылым, сөйленім, тыңдалым, қолданыс, өнім, сөзжасам); ***-уыш, -уіш, -қыш, -кіш, -гыш, -гіш*** (бас-

тауыш, көркемдеуіш**);** ***-сыз, -сіз*** (себепті-себепсіз, өнімді-өнімсіз) и др.

К непродуктивным аффиксам в терминообразовании относятся: ***-ша, -ше*** (тырнақша, дәйекше); ***-ған, -ген, -қан, -кен*** (қысқарған, кіріккен сөздер); ***-ғар, -гер, -кер, -лы, -лі*** (сұраулы, сүзілмелі) и др.

В составе казахских лингвистических терминов можно выделить следующие аффиксы, участвующие при образовании терминологических знаков:

1) Аффиксы, образующие адъективные термины-словосочетания: ***-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*** (элиптикалық, фрикативтік); ***-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті*** (хабарлы, түбірлі, фарингалды, адъективті); ***-қы, -кі*** (бастапқы, түсінкі), ***-малы, -мелі, -палы, -пелі*** (аудармалы, түсіндірмелі, ауыспалы, күшейтпелі); ***-сыз, -сіз*** (болымсыз, өнімсіз).

2) Аффиксы причастий, выполняющие функции терминологических

прилагательных: ***-ған, -ген, -қан, -кен*** (оңашаланған, матасқан, кіріккен); ***- ушы, -уші*** (туындаушы, бөлінуші).

3) Аффиксы, образующие терминологизированные глаголы: ***-у*** (активтену,

сөйлеу, ықшамдау).

4) Аффиксы, образующие термины с предметны значением: -***лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік*** (сөздік, етістік, есімдік, эмоционалдық); ***- ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе*** (қыстырма сөз, әріптеме); -***уыш, -уіш, -қыш, -кіш, -ғыш, -гіш*** (бастауыш, танытқыш***).***

4. ***Сложение и аббревиация*** –оптимальный способ создания краткого варианта термина. Такие слова, как правило, не меняют ни содержательной структуры терминируемого понятия, ни грамматической структуры развернутого варианта термина. Ср.: *ХФА (Халықаралық фонетика ассоциясы), ФҒХҚ (фонетика ғылымдарының халықаралық қоғамы), ҚҚТ (қазіргі қазақ тілі), ТЖМ (терминдердің жиынтық мәліметі), ТТСГ (түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы), ҚТТГ (қазақ тілінің тарихи грамматикасы), ЖСҚС (жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем), ЖСС (жалғаулықсыз салалас сөйлем).*

Интересным и перспективным, на наш взгляд, является выявление когнитивных структур, представленных компрессированными языковыми единицами. Анализируя компрессированные единицы (аббревиатуры и сложносокращенные слова) в когнитивном аспекте, Э.Р. Мустафинова отмечает, что «1) процесс аббревиации является одной из форм реализации деятельности универсального ментального механизма компрессирования смысла, сущность которого заключается в способности «сворачивать» стереотипизированную деятельность, некоторые компоненты которой операционализировались, связи между ними стали стабильными; 2) аббревиатура и соответствующее устойчивое словосочетание в концептуальной системе индивида репрезентируют разные неизоморфные когнитивные структуры; 3) для адекватного восприятия компрессированной языковой единицы реципиент должен в самом знаке получить указание на способ восприятия, а также путь интерпретации сообщения; 4) ступенью, свидетельствующей об окончании формирования специфической когнитивной структуры, является формирование в ее структуре особого эстетического компонента, который контролирует создание компрессированных форм индивидом». Под когнитивной структурой понимается «репрезентированное словом реально существующее психическое образование, отражающее особый способ познания мира» [16, с.6, 18].

5. ***Заимствования,*** которые занимают особое место в терминологиях любого языка в связи с их выраженным интернациональным характером.

Различают следующие типы заимствований:

1) Оригинальное (буквальное) заимствование. Эту разновидность составляют слова, перенесенные в другой язык в том же виде, в котором они существуют в языке-источнике с необходимой фонетической адаптацией, обусловленной различием системы звуков двух языков: *ареал, ассимиляция, афоризм, архаизм, вокализм, гармония, сингармонизм, фразеология, диалект, идиома, изафет, калька, коммуникация, конверсия, корреляция, лабиализация, консонантизм, лексика, фонетика, морфология, парадигма, пунктуация, сема, семантика, синоним, синтаксис.*

2) Переводные заимствования (калькирование). Как и в оригинальных заимствованиях, здесь выделяются: а) словообразовательные кальки ***(қолжазба, ататіл, тілтаным, сөзжасам, көптілділік, мәтінтаным);*** б) трансформируемые переводные термины. Это преобразование заключается в опущении или добавлении какого-либо элемента, в замене сложного слова словосочетанием, в изменении порядка слов или конструкции: комбинаторные изменения звуков – ***дыбыстардың комбинаторлық өзгерістері***; база фонетических данных – ***фонетикалық дерекқор***, открытый монофтонг – ***ашық жалаң дауысты***.

3) Смешанные заимствования образуются в результате соединения оригинальных и переводных заимствований *(сөзжасамдық формант, денотативтік қатынастар, қарапайым лексика, дублет сөздер, идиомдық тіркес, семантикалық қатынастар, фонетикалық өзгеріс, синтетикалық тәсіл, синтаксистік байланыс, синкретикалық қосымша, парадигмалық құрылым, номинатив сөйлем, диффузды дыбыс, абстракт мағына), а также* путем сохранения основной иноязычной формы и добавления к ним казахских аффиксов (*адъективтену, адвербиаландану, прономиналдану, субъективтену, фарингалдану, болжалдық).* Как видно из примеров, термины казахского языка могут образоваться добавлением к иноязычной основе аффиксов казахского языка: ***–лану, -лену, -дану, -дену, -тану,-тену, -дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік, -дан+ған, -ден+ген, -лан+ған, -лен+ген, -тан+ған, -тен+ген.***

4) Интернационализмы, особенность которых заключается в их двояком статусе как единиц лексической системы каждого отдельного языка и как общих единиц всего языкового союза. При этом

различают общеупотребительные и специальные терминологические интернационализмы, созданные тремя путями: а) на базе конкретного национального языка; б) из греко-латинских морфем; в) посредством калькирования.

Так, термины, образованные из древнегреческих и латинских элементов, составляют один из основных источников пополнения казахской лингвистической терминологии. К наиболее продуктивным терминоэлементам можно отнести такие аффиксы, как ***-изм, -логия, -ре***: консонантизм, фразеология, реконструкция.

Более того, выявлены следующие пути передачи вариантов казахских лингвистических терминов: использование исконных терминов параллельно с международными терминами (***билингвизм – қостілдік, сингармония – дыбыс үндесуі***); использование исконных терминов в нескольких вариантах (***жалғау – қосымша, үәжділік – дәлелдеме, еліктеуіш сөздер – дыбысқа еліктеу***); смешанное использование международных терминов с исконными терминами (***абсолюттік құрылым – абсолюттік конструкция, заттық мағына – лексикалық мағына***); сокращенная передача составных терминов (***заттану – зат есімге айналу, сындану – сын есімге айналу, тұлға – сөз тұлғасы).***

Таким образом, специфика терминологической номинации заключается в создании именований особого рода как одного из важнейших элементов ориентации человека в мире. В целом термины как особые слова представляют собой продукт когнитивной деятельности, «инструментарий», при помощи которого специалисты, иногда и широкий круг носителей языка осуществляют познавательную деятельность в соответствующей научно-понятийной сфере.

Информационная емкость термина в лингвистической науке зависит главным образом не только от научного и гуманитарного знания, а также от изменений, связанных с политическим, экономическим и социальным устройством общества. Так, произошедшие процессы формирования и укоренения государственной идентичности нового Казахстана, усиление роли казахского языка как государственного и расширение его статуса в сфере официально-деловой коммуникации, развитие новых коммуникационных технологий привносят в науку о казахском литературном языке не только новые интернациональные термины, отодвигающие на задний план русские, но и термины, имеющие специфические национальные особенности. Все это свидетельствует о том, что активизация в языке новых терминов прямо зависит от социального заказа. На наш взгляд, учет не только социального заказа, но и национально-культурного фактора выступает необходимым элементом казахской лингвистической терминологии.

1. Гумбольдт В. фон О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества. Пер. с нем. // Избранные труды по языкознанию. – М.: «Наука»,1984. – С. 34-298.

2. Краткий словарь когнитивных терминов / Кубрякова Е.С., Демьянков В.З. и др. – М., 1996.

3. Сложеникина Ю.В. Термин: семантическое, формальное, функциональное варьирование: Монография. – М., 2005.

4. Прохорова В.Н. Русская терминология (лексико-семантическое образование). – М.: МГУ, 1996.

5. Лосев А.Ф. Знак. Символ, Миф. – М., 1982.

6. Кубрякова Е.С. Типы языковых значений: семантика производного слова. – М.: Наука, 1981.

7. Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка, событие факт. – М.: Наука, 1988.

8. Володина М.Н. Теория терминологической номинации. – М., 1997.

9. Алексеева Л.М. Проблемы термина и терминообразования. – Пермь, 1998

10. Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М., 1997.

11. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М.: Языки славянской культуры, 2004.

12. Барабанова И.Г.Когнитивный аспект современной русской экономической системы: Дисс. … канд. филол. наук. – Ростов н / Д., 2006.

13. Крючкова Т.Б. Когнитивный анализ словообразовательных гнёзд // Русская и сопоставительная филология: состояние и перспективы. Материалы Межд. науч. конф.- Казань: Изд-во Казанского ун-та, 2004.

14. Хасенова А. Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. –Алматы, 1959.

15. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. –Алматы: Атлас, 2006.

16. Мустафинова Э.Р. Аббревиация в русском языке: когнитивный аспект: Автореф. дисс. … к. филол.н. – Барнаул, 2001.